




Ә. Дербісәлин

ӘДЕБИЕТ
ТУРАЛЫ
ТОЛҒАНЫСТАР



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Ә. ДЕРБІСӘЛИН

ӘДЕБИЕТ
ТУРАЛЫ
ТОЛҒАНЫСТАР

(ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖИНАҒЫ)



АЛМАТЫ

Қазақ ССР інің «Ғылым» баспасы

1990

Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. — Алматы: Ғылым. 1990.— 296 б.

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Әнуар Дербісәлин — революцияға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге игі үлес қосқан белгілі ғалымдарымыздың бірі. Оның қаламынан туған «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі», «Қазақтың Октябрь алдындағы демократиялық әдебиеті», «Дәстүр және жалғастық», «Мезгіл және қаламгер» атты ғылыми монографиялар күні бүгінге дейін актуальдылығымен көңіл аударады. Сондай-ақ ол жазған XV—XIX ғасырлар бел-белесіндегі қазақ әдебиетінің жай-күйі, Пушкин, Шевченко, Горький мұраларының тағлымы, Абай, Шәкәрім, Шөже, Ақмолла творчествосы қақындағы зерттеулердің де мән-маңызы зор.

Бұл жинаққа ғалымның ұзақ жылдар бойғы ғылыми-зерттеулерінің ауқымын аңғартатын, туған әдебиетіміз жайлы ойларының тұжырымын беретін бірсыпыра еңбектері енгізіліп отыр.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен мұғалімдерге, аспиранттар мен студенттерге, әдебиет сүйер оқушы жұртшылыққа арналған.

Ж а у а п т ы р е д а к т о р ы

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
Ш. Қ. СӘТБАЕВА

Б а с п а ғ а д а й ы н д а ғ а н д а р :

филология ғылымының кандидаттары *Қ. Сыдықов, Ж. Тілепов,*
кіші ғылыми қызметкерлер *С. Қорабаев, Ж. Тәжібаев*

Д $\frac{4603010000-022}{407(05)-90}$ Дп. 89

ISBN 5—628—00638—6

©Қазақ ССР-інің
«Ғылым»
баспасы,
1990

БАЙСАЛДЫ ЗЕРТТЕУШІ

Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Әнуар Жақсығалиұлы Дербісәлин артына өшпес із қалдырып кетті. Ол қырық жылға жуық өмірін туған әдебиетіміздің көне дәуірінен бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі кезеңдердегі тарихын зерттеуге арнады, оның сан ғасырлық сырына үңіліп, негізінен тереңдеп зерттелмей келе жатқан алуан түрлі мәселелеріне байыптап карап, байсалды тұжырымдар жасай білді. Соның нәтижесінде монографиялық еңбектер, әлденеше зерттеу мақалалар жариялады.

Ә. Ж. Дербісәлин 1929 жылы 18 февральда Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы «Саралжын» совхозында мұғалім семьясында туды. Әкесі Жақсығали ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарып, көптің құрметіне бөленген азамат болатын. Соның үлгісімен бұл да оқу-білімге ерекше құштарлық көрсетеді. Әсіресе, әдебиет пәніне айырықша ықылас қойып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жаттап өседі. 1943 жылы өз ауылындағы жеті жылдық мектепті үздік бітіргеннен кейін әке жолын қуып, Ақтөбе қаласындағы Н. Байғанин атындағы мұғалімдер институтының филология факультетіне оқуға түседі. Аталған оқу орнын бітірген соң ол туған ауылы Саралжындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Өйткені, неғұрлым көп білсем деген құштар көңіл оны алға жетелеп, астанадағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтына әкеледі. 1950 жылы осы институтты ойдағыдай бітірген ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалім болып Ойыл орта мектебіне қызметке оралады.

Институт қабырғасында жүріп М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. С. Сильченко, Н. С. Смирнова, М. Ғабдуллин, Т. Нұртазин сияқты көрнекті ғалымдардан дәріс тыңдап, үлгі-өнеге алған Әну-

ар Дербісәлин студент кезінде-ақ әдебиет тарихының кейбір мәселелері төңірегінде қалам тербеп, ғылыми мақалалар жаза бастайды. Осылай өзінің ғылыми жұмысқа бейімділігін танытқан талантты жас 1951 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түсіп, 1954 жылы оны бітірген соң бір жыл осында кіші ғылыми қызметкер, ал, 1955—1958 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

Ол 1955 жылы «Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1958 жылдан республика Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып еңбек етіп, 1977 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін (1986, июнь) институттың қазақ әдебиеті тарихы бөлімін басқарды. Ә. Дербісәлин 1969 жылы көп жылғы ғылыми ізденістерінің нәтижесінде «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиетінің даму жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Әдебиетке мол теориялық даярлықпен келген ғалым әдебиеттану ғылымының есігін 1949 жылы республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Жамбыл Жабаевтың ақындық өнері туралы мақаласы арқылы ашқан болатын. Оның ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, демократ-ағартушы Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» повесіне жазған сын мақаласы да өз тұсында әдебиетші қауым назарын аудара білді. Мақалада көрнекті жазушының аталған шығармасының көркемдік-идеялық ерекшеліктері талдана отырып, кемшіліктері де батыл сыналған болатын. Жас ғалымның әділ сынына қарт қаламгер-ұстаз «Лениншіл жас» газетінің 1952 жылғы 27 июнь күнгі санында жауап мақала жазып, зерттеуші айтқан пікірлерді қостайтынын, повестің кейінгі басылымдарында аталған кемшіліктерді ескеретінін білдірген. Ә. Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсарин», «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті», «Мезгіл және қаламгер», «Дәстүр және жалғастық» атты монографиялары мен көптеген зерттеулері ғалымның ғылыми лабораториясын әр қырынан кеңінен көрсетер сүбелі еңбектер қатарынан орын алады.

«Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі» (1957), «Ыбырай Алтынсарин» (1965) атты монографиялық еңбектері арқылы ол ұлы ағартушы педагог, жазушы, ақын Ы. Алтынсариннің әдеби ағартушылық қызметін зерттеу ісіне айырықша үлес қосты. Осыған дейінгі ғылыми мақалалар мен зерттеу жинақтарында ұлы ағартушының тек қана педагогикалық идеялары мен мұғалімдік қызметі, философиялық, этикалық көзқарастары қарастырылып

келсе, Ә. Дербісәлин еңбектерінде Ы. Алтынсариннің жазушылық, ақындық, аудармашылық қызметі арнайы түрде зерттеліп, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытудағы ролі айқын ашылып, прозалық және поэзиялық шығармалары жан-жақты талданады.

Ғалым өзінің одан кейін де жазған еңбектерінде болсын, ғылыми-көпшілік мақалалары мен әдебиет оқулықтарына арнаған тарауларында болсын, Ыбырайға жиі оралып, ұлы ағартушының қазақ мәдениетіне сіңірген еңбегін кеңінен насихаттайды.

«Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» деген көлемді монографиясында Ә. Дербісәлин революцияға дейінгі демократтық бағыттағы қазақ әдебиетінің өзіне тән ерекшеліктерін, жаңашыл сипатын, негізгі даму принциптері мен қайшылықтарын терең ашып көрсетіп, авторлық ойлары мен тұжырымдарын ХХ ғасыр басында қалыптасқан басты мәселелер төңірегінде өрбітті. Оның «Мезгіл және қаламгер» атты зерттеуі қазақ әдебиеті тарихына зерделі барлау жасаған еңбек болды. Ғалым бұл жұмысында көрнекті ақын, жазушылардың шығармалары негізінде әдеби жанрлардың қалыптасу, даму ерекшеліктеріне, авторлық шеберлік сырларына үніледі.

«Дәстүр мен жалғастық» монографиясында қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихындағы басты мәселелердің бірінен саналатын дәстүр мен оның жалғастығы сөз болып, ғылыми қауымға ой саларлық тұжырымдар жасалады. Қазақ фольклорындағы ақындық дәстүр мен ХХ ғасыр басындағы демократтық ағартушылық поэзияның арақатынасын монографияда көтерілген мәселе тұрғысынан қарай келіп, ғалым озық дәстүрдің өміршендік сипатын зерделейді, дәуір мен оның идеялық-эстетикалық тың талаптары мен мүдделеріне сай жаңғырып жасарар дәстүрлік проблемасының қоғамдық, әлеуметтік және көркемдік ерекшеліктеріне, салиқалы себеп-салдарына тоқталады.

Әнуардың қалам қарымы ауқымды болатын. Ол көптеген жинақтарға, коллективтік зерттеулерге басшылық етті. Институт қызметкерлерінің қатысуымен зерттеліп, жарық көрген «ХV—ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1981), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983), «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) атты академиялық басылымдарға ғылыми жетекшілік жасады, кейбіріне алғы сөз жазды. 1988 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» атты коллективтік зерттеу — ғалымның ақырғы еңбегінің жемісі. Ол аталмыш кітапқа мазмұнды алғы сөз бен жеке ақындар творчествосы туралы портреттік зерттеу мақалалар жазғанды.

Ә. Дербісәлин ғылым үшін талмай еңбек еткен қажымас қайрат иесі еді. Ол үнемі ізденіс үстінде болды, тың ойлар төңірегінде тебіренетін. Сол игі ізденістердің бірі — 1986 жылы ғалым басшы-

лығымен дайындалып жарық көрген «Оғыз-наме—Мұхаббат-наме» кітабы.

Қазақ тілінде алғаш рет ғылыми аударма арқылы жарияланған түркі халықтарына ортақ көне жазба ескерткіштердің бұл басылымына ол таныстыру, пайымдау құралыпты мақала жазды.

Ғалым қазақ әдебиеті тарихында айтарлықтай үлесі бар, бірақ көптеген себептермен еленбей, ескерілмей келген ақындарды зерттеп, халыққа танытуда да біршама еңбек етті. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Байсалды зерттеуді қажет ететін мәселе» деген мақаласында XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шортанбай Қанайұлының творчествосы туралы сөз етіп, ол жөнінде нақтылы да ыждағатты зерттеулер қажет екендігіне тоқталып, оның есімі әдебиет тарихынан өз орнын алатын мезгіл жеткеніне баса назар аударды. Ә. Дербісәлиннің Шортанбай ақын туралы ойлары мен пікірлері әдебиет зерттеушілері арасында пікір-талас туғызып, мәселенің дұрыс шешілуіне әсерін тигізді. Зерттеуші мақаласында: «...Шортанбай өз дәуірінің негізгі ерекшелігін көре және тани білді. Халықтың тікелей саналы қайраткері болмағаны үшін Шортанбайды әдебиет тарихынан шығарып тастау орынды бола қояр ма екен? Осы жөнінде, кең ойлау керек», — деп айта келіп, — бізде кейбір ақындарды патша өкіметіне қарсылық білдіргені, сондай-ақ қазақ және орыс халқының қосылуына риза болмаған бірен-саран пікірі үшін ғана жертартпа ақындар санатына қосып жіберушілік бар. Егер мәселеге дәл осылай қарасак, тіпті әдебиет тарихында ешкім де қалмас», — деп жазды: Сөз жоқ, бұл сол кезең үшін тың да, батыл тұжырым болатын.

Ә. Дербісәлин қазақ әдебиетінің революцияға дейінгі тарихын зерттеумен қатар, оның совет дәуіріндегі өкілдері туралы, социалистік реализм дәстүрі жөнінде мерзімді баспасөз бетінде, ғылыми журналдарда мақалалар жазып, республикалық, одақтық ғылыми-теориялық конференцияларда әдебиеттер байланысы жөнінде, ақын-жазушылар творчествосындағы халықтар достығының жазылуы туралы баяндамалар жасады.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған кітап — Әнуардың әр жылдарда әртүрлі жинақтарда, баспасөз бетінде жарық көрген мақалалары мен зерттеулерінің жинағы. Сондай-ақ оның ішінде ғылыми конференцияларда сөйлеген сөздері мен кейбір баспа бетін көрмеген зерттеу мақалалары да бар. Кітапқа енгізілген зерттеулердің тақырыбы да әртүрлі.

Аз ғұмыр кешсе де, артына тағлымды мұра қалдырған көрнекті ғалым Әнуар Дербісәлиннің бейнесі әдебиеттану ғылымына жанашыр, ізденімпаз қауым мен оның қаламдас жолдастарының жадында ұзақ уақыт бойы сақталары күмәнсіз.

ШӘМШИЯБАНУ СӘТБАЕВА

В. И. ЛЕНИН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Советтік әдебиеттану ғылымы методологиялық негіздерін дүниедегі ең озық, ең революцияшыл, ең жеңімпаз ілім — марксизм-ленинизмнен алады, маркстік-лениндік эстетикаға сүйенеді. Маркстік-лениндік эстетика көне дәуірлерден келе жатқан әдебиеттану ғылымын социалистік заманда мейлінше жаңа сапаға көтеріп, оны қоғамдық өмірдің үздік, белсенді тәрбиелеуші құралы дәрежесіне жеткізді.

Данышпан К. Маркс пен Ф. Энгельс ғылыми коммунизмді теориялық жағынан негіздеумен қатар, сол жаңа қоғамдағы шаруашылық пен экономика, ғылым мен мәдениет тәрізді өзекті салалардың да басты сипаттары мен ерекшеліктерін нақты белгілеген еді. Көсеміміз В. И. Ленин адамзат тарихындағы жаңа қоғамды тұңғыш іс жүзінде құрумен бірге, К. Маркс пен Ф. Энгельс негізін қалаған революциялық ғылым-білімді онан әрі жалғастырып дамытты, жаңа қоғамның игілігіне, жетекші теориясына айналдырды. В. И. Лениннің осы саладағы революциялық істері мен еңбектері қоғамдық, әлеуметтік, ғылыми-мәдени өмірді түгелдей қамтыды. Солардың ішінен біз оның әдебиет ғылымының өсіп өркендеп, жаңа заманға лайық соны сипат алуына қосқан тарихи еңбегін қысқаша сөз етпейміз.

В. И. Ленин өз өмірінде саяси, қоғамдық, мемлекеттік, ғылыми-мәдени т. б. жұмыстарды өзара асқан шеберлікпен ұштастырған, адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ұлы теоретик әрі практик. Ол — адам үшін, қоғам үшін, қоғамның дамуы үшін қажет нәрсенің қандайына да үлкен-кіші деп қарамай, әрқайсысының өзіне сай баға беріп, барлығын тең ұстаған, тиісінше қадірлеген өзгеше сипатты ойшыл. Өзінің маркстік-лениндік эстетиканы қалыптастырып дамытқан ұлы ойларын ол социалистік қоғамды құрудан көп бұрын, сол қоғамды құрудың революциялық дайындығы жылдарында жасады. Оның 1905 жылы жазған «Партиялық

ұйым мен партиялық әдебиет» деген атақты еңбегінің мән-маңызы — тек социалистік замандағы жаңа әдебиеттің идеялық негіздері мен бағыт бағдарын айқындап бергендігінде ғана емес, жана қоғамдағы әдебиет ғылымының да принципті өзгешелігін нақты белгілеп беруінде болды. «Әдебиет партиялық болуға тиіс... Әдебиіс пролетарлық істің бір бөлігі», — дегенде ол ең алдымен көркем әдебиеттің партиялық болуын айрықша талап еткені мәлім. Бірақ, сонымен қатар осы талаптың әдебиет туралы ғылымға да қатысы өте зор еді. Философия ғылымы бұдан екі мың жыл бұрын қандай партиялық болса, қазірде дәл солай деп атап көрсеткен В. И. Лениннің «Өмір оқулығы» боп саналатын әдебиетпен қатар, оның ғылымының да партиялығы үшін күрес жүргізбеуі, оны айрықша талап, міндет етіп қоймауы мүмкін емес болатын. В. И. Лениннің басқа еңбектерін айтпағанда, бір ғана Л. Н. Толстой туралы мақалалары сол тың талап пен бітіспес күрестің айқын айғағы еді. Ол мұнда буржуазияшыл әдебиетшілер мен саясатшысымақтардың ұлы жазушыны көзі тірі кезінде қуғындап, өлгеннен кейін оны өз табының идеологы етуге тырысқан екіжүзділік әрекетін өлтіре әшкерелеп, Толстой мұрасының халықтық, революцияшыл маңызын тұңғыш та түбегейлі дәлелдеуімен советтік әдебиеттанудың партиялық негізін сонау ұлы Октябрьге дейінгі дәуірдің өзінде айқындап берген еді.

Әдебиеттанудың күнбе-күнгі әдеби өмірді ғана емес, әдебиеттің арғы-бергі тарихын кеңінен қамтитыны мәлім. Маркстік-лениндік эстетиканың бұл ретте советтік әдебиет ғылымын идеялық жағынан қаруландырып, дамытудағы ролі өте зор. Олай деуіміздің себебі, адамзат мәдениетінің өткендегі мұраларын тану, бағалау, қажеттісін іріктеп алу — маркстік-лениндік эстетикадағы негізгі мәселелердің бірі. Әдебиет ғылымының партиялық принциптілігінде В. И. Лениннің осы төңіректегі ой-пікірлерінен айқынырақ көреміз.

Ұлы көсеміміз «Жастар одақтарының міндеттері» атты әйгілі еңбегінде «Адам баласы жасап шығарған байлықтың бәрін білумен ой-өрісіңді байытқанда ғана коммунист болуға болады», — деп жазды. Бұл даналық пікірдің бар ғылымға, оның ішінде әдебиет ғылымына да тікелей қатысы бары даусыз мәселе. Дәлірек айтсақ, ол осы ғылымның өткендегі көркемдік мұраға деген позициясын бүгіндей айқындап береді. Данышпан К. Маркс ежелгі гректердің әдебиеті мен Шекспирдің трагедияларын қаншалықты сүйіп бағаласа, олардың адамзатпен мәңгі бірге жасау сырларын ашып көрсетсе, В.И. Лениннің жеке жазушылар мен олардың өлмес туындыларына берген үздік бағаларынан К. Маркс негіздеген сол эстетикалық талап-талғамдардың заңды жалғасын, даму сипатын көреміз.

В. И. Лениннің өткендегі мұраны тану, бағалау және оны өмірдің қажетіне пайдалану жайындағы тезистерінде К. Маркс туралы пікірлерінің айрықша тәрбиелік маңызы бар. Олар В. И. Лениннің жалпы мұраны, өмірді, тарихты білу, ұғыну жөніндегі революцияшыл принципін танытады. «Маркс,—деп жазды ол,—адамзат қоғамының даму заңдарын әбден зерттеп, капитализмнің коммунизмге апаратын дамуының сөзсіз болатындығын ұқты және ең бастысы осы — ол мұны дәлелдегенде, осы капиталистік қоғамды барынша дәл, барынша толық, барынша терең зерттеу негізінде ғана, бұрынғы ғылым табыстарының бәрін толық ұғып алу арқасында ғана дәлелдеп берді. Ол адамзат қоғамы жасаған нәрсенің бәрін, ...көңіл аударусыз қалдырмай, сын көзімен қайта қорытты».

В. И. Лениннің адамзат ақыл-ойы жасаған байлықты сын көзімен қарап пайдалануға шақыруы, бұл жөнінде К. Маркстің тамаша өмірі мен ісін үздік үлгі-өнеге ретінде ұсынуы кездейсоқ емес. Бұл ең алдымен арғы-бергі қоғамдық өмірді, оның сан алуан құбылыстарын зерттеп білудің нәтижесінде ғана олардың құпиясырларын, заңдылықтарын ұғынуға болатындығын көрсету мақсатынан туған. Өйткені, өткенді білмей тұрып, бүгінгіні түсіну де, болашақты болжау да мүмкін емес деп таниды марксизм-ленинизм. Бұл принциптің адамзаттың көркемдік ойы дамуындағы ұзақ эволюцияны танып, бағалауы үшін де, тандаулы үлгілерін жаңа дүниенің қажетіне жарату үшін де атқармақ ролі орасан зор.

В. И. Ленин «Пролетарлық мәдениет адам баласының капиталистік қоғамның, помещиктік қоғамның, чиновниктік қоғамның езгісінде жүріп жасап шығарған білім қорларының заңды дамуы боп табылуға тиіс», — дейді. Маркс негіздеген эстетиканы, эстетикалық талғамды байытуда, жаңа заман мәдениетін құруда бұл принциптің маңызы өлшеусіз зор. Мұнда данышпан көсем социалистік әдебиет пен мәдениеттің адамзат тарихындағы мәдени байлықпен ұштастығын ұлылықпен дәлелдейді. Алайда, В. И. Ленин әртүрлі қоғамдарда жасалған мәдени байлыққа талапсыз, талғамсыз қарауға мүлдем қарсы. Ол өзінің осы саладағы ойларын, пікірлерін маркстік-лениндік эстетиканың негізгі қағидаларының бірі ретінде ұсынды. Сондықтан да бұл советтік әдебиеттану ғылымының озық бағыт-бағдарын белгілейтін басты өлшемдерінің бірі болып отыр. «Әрбір ұлттық мәдениетте, — деп жазады В. И. Ленин, — демократиялық және социалистік мәдениеттің элементтері бар. Өйткені, әрбір ұлтта еңбекші және қанаушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды». Әдебиетіміздің тарихындағы көп құбылыстарды тану, бағалауда лениндік бұл қағиданың бағасы мейлінше зор. Атап айтқанда, ол қандай теңсіз қоғамда да бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мәдениеттің, идеологияның болу заңдылығы-

ғын ұғындырады, мәдениет пен көркем өнердің, әдебиеттің тарихын зерттегенде оларды айыра танып, ақтара тексерудің қаншалықты мән-маңызы барлығын білдіреді. Көркем әдебиет қоғамдық өмірдегі таптық, идеологиялық күрес-тартыстарды бейнелеудің бірден-бір ұтымды құралдарының бірі екені мәлім. Сол себепті де лениндік бұл қағида өткендегі әдеби мұрамызды зерттегенде ең негізгі өлшем болып табылады.

В. И. Ленин социалистік қоғамға дейінгі қоғамдарда екі түрлі мәдениеттің болуымен қатар, олардың қайсысына қалайша қарауды да мейлінше айқын көрсетіп берді. «Әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың мәдениетіне және буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз», — дейді В. И. Ленин. Әдебиеттің арғы-бергі тарихындағы халықтық туындыларды халықтың мүддесіне жат, арман-тілегіне қайшы келетін шығарма сымалдардан айырып алу үшін осы өлшем—өлшем, осы принцип—принцип. В. И. Лениннің «Пуричкеевичтердің, Гучковтардың және Струвелердің великорустық мәдениеті бар, ал, мұнымен қатар Чернышевскийдің, Плехановтың аттарымен сипатталатын великорустық мәдениет те бар», — деген сөзін де осы тұрғыда түсініп, басшылыққа алу абзал. Өйткені, мұндай екі ұдай мәдениеттің ұшқыны әр елдің тарихында да кездеседі. Мәселе — сол ұлттық, халықтық әдебиет пен мәдениетке қосылатын озық нұсқаларды, қайраткерлерді таңдап-талғап ала білуде. Бұл — советтік әдебиеттану ғылымының озық қасиеттерін, үздік эстетикалық талғамын, халықтық, демократиялық сипатын ашықтан-ашық танытатын ерекшеліктердің бірі.

В. И. Ленин «Пролетарлық мәдениет туралы» атты еңбегінде пролетарлық мәдениет пен өткендегі мәдени мұраның байланысы туралы ойлары мен ұстанған принциптерін түйіндей, қорыта кеп, былай деп жазды: «Марксизм буржуазиялық заманның аса бағалы табыстарын тіпті де керексіз етіп тастамай, қайта керісінше, адамзат ойының, мәдениетінің екі мың жылдан артық уақыттың ішінде дамуындағы бағалы нәрсенің бәрін де игеріп, қайта өндеп, революцияшыл пролетариаттың идеологиясы ретінде өзінің бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызына ие болды». Мұнда тұтас марксизмнің революциялық ғылым ретінде қалайша туып, дамығандығы В. И. Ленинге тән шыншылдықпен дәлелденген. Маркстік-лениндік эстетиканың озық сипаты мен дәстүрін де марксизмнің сол өміршен ерекшелігі белгілейді. Маркстік-лениндік эстетикаға сүйенетін әдебиет ғылымына тән негізгі сипаттар да осылар. Өйткені, өткендегі әдеби мұраға екі мәдениет туралы Лениндік қағида тұрғысынан баға беріп, аса қажеттісін бүгінгі күннің игілігіне айналдыру,

еңбекші бұқараның рухани қажетіне жұмсау — әдебиеттану ғылымының тікелей және айбынды міндеті болып табылады.

Лениндік бейнелеу теориясы (теория отражения) Маркс пен Энгельс негіздеген революциялық ілімді байытып, жана эстетиканы туғызған теориялық жаңалықтардың бірі еді. Өмір заңдылықтарын, қоғамдық құбылыстарды, тарихи процесті, олардың өзара байланыстары мен қайшылықтарын тани, бағалай білуде, оның көркем әдебиеттегі көріністерін түсіну, ұғынуда лениндік бейнелеу теориясының атқарар қызметі орасан зор, мұнсыз өмір мен өнердің қат-қабат сырларын ақиқат танып, білу мүмкін емес. Лениндік теория сол сырлардың шынын ашып, сынын берерлік бірден-бір кілт есепті үздік ғылыми теория. В. И. Ленин теориясының марксизмді байытудағы революциялық сипатын көрсете кеп, А. В. Луначарский былай деп жазады: «Бейнелеу теориясы Ленин үшін еш-уақытта тарихтан оқшау тұрған немесе кез келген тарихи ситуацияны бір ғана ашқышпен аша алатын абстрактылы схема болып көрген емес. Керісінше, ол таптық күресті бүкіл ішкі диалектикалық қайшылықтарының барша күрделілігімен нақты ашуға қызмет етті». Лениндік бейнелеу теориясын әдебиет ғылымында ұғымды қолдану — көркем мұраны дұрыс түсіне, бағалай білудің бірден-бір кепілі. В. И. Ленин бұл теориясын өзінің Л. Н. Толстой туралы мақалаларында данышпандықпен жүзеге асырды. Бейнелеу теориясын көркем өнер дүниесінде, әдебиет ғылымы үшін пайдалануда олар баға жетпес үлгі-өнеге болып табылады.

В. И. Ленин «Партиялық ұйым мен партиялық әдебиет» деген мақаласында «Қоғамда өмір сүріп, ол қоғамнан ерікті болуға болмайды», — деп жазған еді. Бұл сөздің әдебиет тарихы мен сынына тікелей қатысы бар. Атап айтқанда, әрбір жазушыны, оның белгілі бір көркем туындысын, немесе тұтас бір дәуірдің әдебиетін қоғамдық өмірден, қоғамның даму тенденциясынан сырт қарауға болмайтындығын үйретеді бұл лениндік қағида. Сондықтан да ол кез-келген әдеби құбылысты зерттегенде, бағалағанда оны белгілі бір тарихи кезеңнің, не қоғамдық өмірдің нәтижесі, жемісі ретінде қараудың қажеттігін басты шарт етіп қояды және осы ретте әдебиет ғылымы мен әдебиет зерттеушісі үшін баға жетпес идеялық-теориялық негіз қызметін атқарады. Өткен ғасырда ұлы сыншы В. Г. Белинский «Өз дәуірі мен елінен ешкім де жоғары тұрмайды. Ешбір ақын тарих арқылы әзірленіп, дайындалып келмеген мазмұнды меңгермек емес», — деп жазған еді. В. И. Ленин тамаша революционер-демократтың бұл ойына айқын революциялық мағына беріп, оны қоғам мен мәдениеттің әрбір тарихи қайраткеріне нақты өмір мен әлеуметтік орта тұрғысынан қарап, бағалау принципі дәрежесіне жеткізді. Өйткені, — дейді В. И. Ленин, — ...бірде-бір тірі жан белгілі бір таптың жағына шықпай... тұра алмайды, сол

таптың табысына шаттанбай тұра алмайды». Демек, қандайда болмасын ақын, жазушыға т. б. олардың еңбектеріне өз дәуірінің ерекшеліктері тұрғысынан қарап, лайықты бағасын беру — маркстік-лениндік эстетиканың негізгі талаптарының бірі. Сондықтан ол әдебиеттану ғылымында да сондай үлкен маңызға ие.

В. И. Лениннің Л. Н. Толстой туралы мақалалары — адамзаттың көркемдік дамуындағы аса кемеңгер жазушының ұлы еңбегін түсіну, тану үшін ғана емес, көркем әдебиет пен оның сынына байланысты лениндік қағидаларды үйрену, меңгеру үшін де айрықша бағалы теориялық еңбектер. В. И. Ленин Л. Н. Толстойды өткен ғасырдың соңғы ширегінде Россия өмірінде орын алған қоғамдық, әлеуметтік өзгерістермен диалектикалық бірлікте қарай отырып, оның дүние жүзі әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін тереңдікпен талдап көрсетеді. Әдеби мұраны қоғамдық өмірмен, оның санқилы қалтарыс-бұраланы, өсу-өрбу процесімен сабақтастыра тану, бағалаудың бұл қайталанбас үлгісінде В. И. Ленин ұлы суреткердің бүкіл қайшылықтарын да, олардың әлеуметтік сырларын да өзіне ғана тән асқан білгірлік, көрегендікпен ашып берді.

«Бір жағынан, ол орыс тұрмысын аса тамаша суреттеп берген, оның үстіне дүниежүзілік әдебиеттің де маңдайалды шығармаларын жазып берген данышпан художник. Екінші жағынан, құдайға жалбарынып диуаналық еткен помещик», — деп бағалады В. И. Ленин Л. Н. Толстойды. Адамзаттың әдеби ой-пікір тарихында мұндай әділ, мұндай батыл, салмақты тұжырымды табу өте қиын. Оның әдебиет ғылымына тигізіп келген әсер-ықпалы мен көмегі де өлшеусіз зор. Өйткені, ол осы ғылымды да, оның зерттеушісін де белгілі бір жазушы творчествосын бағалағанда оған тән негізгі сипаттарды батыл таба білуге, мейлінше объективтілікке үйретеді, тәрбиелейді.

В. И. Ленин Л. Н. Толстой творчествосының озық-кем жақтарын жалпы атап қана көрсетпей, оларды ғылыми дәйектілікпен жан-жақты дәлелдеп те берді. «Бір жағынан, капиталистік қанауды аяусыз сынау, үкімет зорлықтарын, сот пен мемлекеттік басқарманың күлкілі істерін әшкерелеу, байлықтың өсуі, цивилизацияның табыстары мен жұмысшылар бұқарасының қайыршылануының, жабайылануының, азап шегуінің өсуі арасындағы қайшылықтардың бүкіл сырын ашу; екінші жағынан, «жамандыққа» күш жұмсап «қарсыласпау» жайындағы диуаналық уағыз». Бұл жазушы творчествосының әлеуметтік күрделі сырларын айыра танып, ақиқаттықпен бағалаудың теңдесі жоқ үлгісі — Толстой мұрасының адамзатқа ауадай қымбат үздік жақтарымен бірге, зиянды идеяларын да батыл және терең ұғындырады.

В. И. Лениннің Л. Н. Толстой жайындағы еңбектерінің аса құнды қасиеттерінің бірі — суреткер творчествосындағы қайшы-

лықтардың туу төркіні мен даму ерекшелігін тап басып, дәл таба білуге үйретуінде еді. Маркстік-лениндік эстетиканың салмақты саласын белгілейтін бұл ғылыми принцип әдебиет ғылымында әрбір күрделі суреткердің мейлінше күрделі ой дүниесіндегі шытырман құбылыстарды және олардың қоғамдық өмірмен қат-қабат байланысын жеткілікті танып, тиісінше бағалауға ерекше мол мүмкіндік береді. В. И. Ленин былай деп үйретеді: «Толстойдың кезқарастарындағы қайшылықтар оның өз пікірінен ғана туған қайшылықтар емес, бұлар реформадан кейінгі, бірақ революциядан бұрынғы орыс қоғамының әралуан таптары мен әралуан топтарының психологиясын белгілеген мейлінше қат-қабат, қарама-қарсы жағдайлардың, әлеуметтік ықпалдардың, тарихи дәстүрлердің көрінісі боп табылады». Бұл пікірлердің Л. Н. Толстойдай алып суреткердің творчестволық мұрасындағы шытырман құбылыстардың алуан түрлі заңдылықтарын ашудағы ұланғайыр маңызы өз алдына мәселе.

Бірақ, осы арада біздің назарымызды аударып отырған жай— В. И. Ленин пікірлерінің методологиялық жағы. Айрықша атап өтерлік нәрсе — мұнда қоғамдық құбылыстардың көркемдік даму процесіне шешуші әсерін тигізушілігі және сонымен қатар осы процестен өзінің мән-маңызына лайық бейнесін табуы диалектикалық тұрғыдан ашылады, дәлелденеді. В. И. Ленин Л. Н. Толстой шығармаларын терең талдай отырып, бір жағынан осы телегей теңіз бай мұраның заман шындығын айна-қатесіз бейнелеудегі күдіретті күшін көрсетсе, орыс революциясының айнасы екендігін дәлелдеп танытса, екінші жағынан, сол тарихи дәуірдің шындық көріністерін танып білуде көркем туындының баға жетпес маңызын да шебер ұғындырады. «Лев Толстойдың көркем шығармаларын зерттей отырып, орыс жұмысшы табы өз дұшпандарын жақсы таниды», — дейді В. И. Ленин. Оның бұл қорытындысы Маркс пен Энгельстің Бальзак шығармаларының заман сырын кез келген тарихшы мен экономистен артық білдіретін ғажайып ерекшеліктері туралы пікірлерінің жаңа дәуірдегі творчестволық тамаша жалғасы болып табылады.

Историзм проблемасы маркстік-лениндік эстетика мен реализмнің ең өзекті мәселелерінің бірі екені мәлім. Тарихи шындыққа әділдікті, адалдықты, өмірді өсу, өрбу тұрғысынан суреттеуді, қоғамдық өмірде көріне бастаған жаңа әлеуметтік күштер мен құбылыстарды ертеңгі болашағы тұрғысынан бейнелеуді Маркс пен Энгельс көркем әдебиеттің айбынды міндеті түрінде көрсеткен еді. Олардың Эжен Сю, Ф. Лассаль, Гаркнесс т. б. шығармалары туралы революциялық ой-пікірлері әдетте историзм принципін қалыптастыру мен дамытудың өлшеусіз биігі, ескірмес үлгісі еді. Осы принцип В. И. Лениннің Л. Н. Толстой жайындағы еңбектерінде

данышпандықпен дамытылып, әдебиет ғылымымыздың идеялық-көркемдік критерийіндегі бірден-бір ұтымды әдіс-тәсіліне айналып отыр. В. И. Ленин Л. Н. Толстой мұрасының ең озық қасиетін — миллиондаған орыс қауымының революцияға, революциялық көз-қарасқа, дүниетанымға ойысу процесін асқан шыншылдықпен суреттеуіне байланысты таныды. Толстойдың идеяларындағы санкилы қайшылықтарынан осы үздік ұлы сипатын айқын аршып алып, адамзаттың көркемдік дамуына қосылған орасан зор үлес ретінде бағалады. В. И. Ленин оның мұрасын адамзат мәдениетін бір адым ілгерілеткен теңдесі жоқ құнды құбылыс есебінде сипаттағанда оның сол тек өткенді ғана емес, болашақты да ұғындырушылық ұлы қасиетін ескерген еді. Ол А. М. Горькийдің «Ана» романын да осы тұрғыдан қарап, ерекше қадірлеген болатын. Оның Горькийге роман туралы «асыққаныңыз дұрыс болған, өте қажет кітап, көптеген жұмысшылар революциялық қозғалысқа байыбына бармай стихиялы түрде қатысып келген еді, енді олар «Ана» романын оқып, өздеріне тағлым алады», — дегені мәлім. В. И. Ленин Толстой мен Горький шығармаларының арасынан орыс қоғамын өсу қарқынымен суреттеген тамаша тұтастық пен жалғастық тауып, оларды орыс жұртшылығының қанаушылық пен теңсіздікке қарсы әлсіз қарсылықтан саналы революциялық күреске келудің көркем шежіресі ретінде аса жоғары бағалады.

В. И. Лениннің В. Г. Белинский мен А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Некрасов, М. Е. Салтыков-Щедрин мен Г. И. Успенский т. б. туралы бағалары мен пікірлері әдебиет тарихындағы, қоғамдық, көркемдік ой-пікірлердің өсу жолындағы сан түрлі құбылыстарды дұрыс тани білуге орасан көп көмек жәрдемін тигізеді, халықтың әдеби-мәдени шежіресіндегі ұсақ көріністердің өздерін де лайықты көре, бағалай білуге үйретеді, еңбекші көпшіліктің саяси, рухани өмірін түзеу, жақсарту мақсатында жасалған қандай қоғамның да елеусіз қалмауын еске салады. Осы ретте оның «Некрасов өзінің жеке басының кемшілігімен Чернышевский мен либералдардың арасында ауытқыды, бірақ оның көңілі түгелімен Чернышевский жағында болды», — деген пікірінің әдебиет тарихы, ғылымы үшін маңызы ерекше. Лениндік бұл баға жазушы творчествосына оның сөздерінің түпкі тереңінде жатқан негізгі де салмақты сипатына қарап баға берудің қажеттігін үйретеді.

Немесе, данышпан көсеміміздің Герцен туралы мына бір сөзін алайық. Герценнің революциялық ой-пікірлерді таратудағы қызметін орасан зор мақтанш сезімімен атай келіп, оның еңбекші бұқара мүддесін қорғауда әрбір ұсақ нәрсені де ескеріп отырғанына айрықша мән-маңыз береді. «Крепостной шаруаның қалыңдығының абыройын төкпек болған помещикті өлтіріп тастапты деген хабар келген кезде, Герцен «Колоколында», «Өте жақсы еткен

екен» деген сөз қосқан», — деп жазады В. И. Ленин. Оның бұл төңіректегі ой-пікірлері, ескертпелері көркем өнердің идеялық-көркемдік құнын бағалауда үлкен-кіші құбылыстардың болмайтындығын, әр құбылыс өзінің мәні мен мағынасына қарай бағаланатындығын үйретеді.

В. И. Ленин «тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарай бағаланбайды, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық енгізгендігіне қарай бағаланады», — дейді. Бұл қағиданың мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің еңбектерін тарихи тұрғыдан бағалап, әділ бағасын беруге де тікелей қатысы бар. Сөз жоқ, кейінгі бір дәуірдің қайраткерін және оның еңбегін өзге бір дәуірдің қайраткерлерімен не оның еңбегімен салыстыру — ақиқатқа жетудің дұрыс ғылыми жолы емес. Әркім өз дәуірі мүмкіндік берген істерді ғана жүзеге асыра алады. Оның тарихи еңбегі де сонда болмақ. Кейінгі кезеңде ол іс қаншама дамыса да, алдыңғы адамдардың еңбегі өзінің кезеңдік қалпын, маңызын жоғалтпақ емес. Лениндік қағида әдебиет ғылымына осы принципті ұстануды жүктейді. Бұл нағыз әділ де ғылыми жай.

Марксизм-ленинизмнің үздік жеңімпаздық сипаттарының бірі — қандай құбылыстың да ішкі даму заңдылықтарын ашу. Осы ілімді басшылыққа ала отырып әдебиет ғылымы әдеби процестің тұңғыш тереңіне бойлай алады, оның алуан түрлі заңдылықтары мен сырларын аша алады. Бұл ретте В. И. Лениннің «жалпының өзі жекеде, жеке арқылы ғана болады. Жекенің қандайы болса да (қалай болғанмен) жалпы болады», — деген пікірінің әдебиетшіге берері өте-мөте зор. Осыған сүйеніп қана әдеби дүниенің даму эволюциясындағы айқын заңдылықтарды тани, таба аламыз. Әдебиет шындап келгенде, В. И. Лениннің түсіндіруінше, жеке адамдардың кездейсоқ жиынтығы емес, немесе бір ұрпақтың орнына екінші ұрпақтың жай келуі ғана емес, өзінің объективті заңдылықтарына ғана бағынатын тұтас бір көркемдік дүние.

Сондықтан жеке бір автордың творчестволық өзгешелігін, көркемдік жаңалықтарын әдебиеттің жалпы процесінен бөліп қарау да, түсіну де мүмкін емес. Әдеби процесті толық көрсету міндеті, әрине, сол әдебиеттің ірілі-ұсақты деректерін түгелдей талғаусыз тізіп шығу деген де сөз емес. Біз бұл ретте тек лениндік қағидаларға сүйенсек қана әдеби процестің ішінен сол әдебиеттің дамуына өзек болған негізгі тенденциялар мен бағыттарды таңдап, талғап ала білеміз, сөйтіп әдебиеттің тұтас тұрқын, даму себептерін аша аламыз. «Толып жатқан майда мәселелерге немесе күресіп жатқан көп пікірлерге түсіп адаспау үшін қажетті нәрсе — негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселелерге тарихта сол белгілі бір құбылыс қалай шықты, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай

басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарау болады», — дейді В. И. Ленин. Бұл данышпандық сөз әдебиет процесінің тереңіне бойлай зерттеуде, сөйтіп, оның өзіне ғана тән заңдылықтарын ашуда әдебиет ғылымы үшін айқын сара жол болып табылады.

1970.

ПУШКИН — МӘҢГІЛІК ҚҰБЫЛЫС

Әрбір ұлы ақын қашан да мәңгілік және бүкіл адамзаттық құбылыс. Оның өмірінде бір-ақ мезгіл болады. Ол — туу мезгілі. Уақыттың өзге қатал заңдары оның алдында дәрменсіз. Сондықтан да ол уақыт өткен сайын белгілі бір кезең мен жеке халықтың аясынан ұзап, әлемдік биікке самғай көтеріліп, өзінің соны сипаттарын әр кез және баршаға бірдей аша, ақтара түседі, жаңара, жа-сара береді. Ол әр адам үшін де, әр буын үшін де — қашан да ерекше жаңалық, жаңа бүтін бір дүние, өзгеше көркемдік дүниесі, шетсіз-шексіз өнер мұхиты, поэзия мұхиты. Сондықтан да ол әр-қашан қандай қауым мен халықтың да жүрегіне тікелей жол тауып, оның ең сүйер ұлы, ең сырлас замандасы боп кетеді. Оны әр ұрпақ өзінше оқиды, одан әркім керегін табады. Өйткені әрбір ұлы ақын бүкіл адамзаттық проблемаларды көтереді де, оларды мәңгі ескірмес, мәңгі жаңа тұрғыда шешеді, бейнелейді. Әлемдік поэзияның өрісін кеңейтіп, оған өлшеусіз зор үлес қосқан, адам-заттың көркемдік ойын батыл ілгері дамытқан Александр Серге-евич Пушкин осындай ұлы ақын еді.

Пушкиннің ақындық данышпандығын табиғатта тек күнмен салыстыруға болады. Ақын Пушкин әдебиет әлеміне келісімен оған дейінгі және онымен тұстас өзге ақындар екінші, үшінші қатарға ығысып, күн шыққанда өзге жарық денелердің күнгірт тартып көрінбей кететініндей, ұлы ақынға жол береді. Сонымен қатар оның тағы да бір елден ерек, қайталанбас қасиеті — арада қанша уақыт өткеніне қарамастан өзінің нұрлы сәулесін өзінен кейінгі әдебиетке заманалар бйігінен түсіріп келеді. Сол себепті де А. Луначарский: «Пушкин — орыстың көктемі, Пушкин — орыстың жар-қырап атқан таңы, Пушкин — орыстың Адам-атасы. Италияда Данте мен Петрарка, Францияда XVII ғасырдың алыптары, Гер-манияда Лессинг, Шиллер, Гете не жасаса, Пушкин біз үшін соны жасады», — дейді.

Өмірде де, өнерде де қоғамнан тыс, оның өсіп, өркендеу қада-мынан тыс ұлылық жоқ. Ұлы ақын, кемеңгер азамат Пушкин — өз дәуірінің жемісі. «Наполеон Россияға басып кірген кезде орыс халқы өз бойындағы алып күшті алғаш сезінеді, — деп жазады декабрист Бестужев, — сонда ғана әрбір жүректе тәуелсіздік сезі-

мі оянды, алғаш ол саяси тәуелсіздік сезімі түрінде көрінсе, кейін бүкіл халықтық тәуелсіздік сезіміне ұласты. Міне, Россиядағы бостандық туралы ойлардың басы қайда жатыр!» 1812 жылғы Отан соғысындағы ұлы жеңіс тек орыс солдаты қаруының ғана жеңісі боп қалған жоқ, бүкіл орыс халқының жеңісі болды, оның ұлылығын бар әлемге танытты, қоғам өмірінің әр саласында әсерін тигізді, халықтың ұлттық санасын оятып, патриоттық сезімдерін тәрбиеледі, азаттық күресіне бастады. 1815—25 жылдар арасында белең алған ел ішіндегі саяси толқулар мен жиі-жиі шаруалар көтерілісі осының тікелей нәтижесі еді. Орыс революционерлерінің алғашқы буыны — Декабристер де осы бүкілхалықтық қозғалыс толқынында туып қалыптасты.

Данышпан Пушкиннің ақындық, азаматтық өмірі, міне, осы қоғамдық, саяси әлеуметтік ортада өтті, сол өрлеу дәуірінің философиясы, азаттық рухы ақын творчествосының түбегейлі өзегін, айнымас бағыты мен ажырамас мазмұнын белгіледі, асқақ идеялармен, абзал мұраттармен, өршіл ойлармен қанаттандырды. Сол 1812 жылдан, сол Пушкин творчествосынан басталған және оның поэзиясына өшпес өмір берген азаттыққа ұмтылушылық идеялары Пушкиннен кейінгі тұста да орыстың озық мәдениеті мен әдебиетінің ұлттық, халықтық ең жоғарғы қасиеті боп сақталып қалды. Демек, «Пушкин және бір таптың емес... тұтас халықтың, ұлттың, тілдің, тарихи тағдырдың ояну көрінісі. Сол бастапқы ұрықтар ақырында кеп біздің күндей жарқыраған революциямызға ұласты» (А. Луначарский).

...Пушкин Лицейдегі шәкірт кезінің өзінен орыс пен Европа елінің өзіне дейінгі бостандық сүйгіш ойлары негізінде тәрбие ала өседі. Әсіресе, Радищевтің патшалық самодержавие мен крепостниктік правоға қарсы идеялары болашақ ұлы ақынның бойында азаттық сезімдерін ұштай, жетілдіре түседі.

Лицейдің соңғы жылдарында Пушкин әртүрлі әдеби ұйымдарға қатысады, гусар полкының үкіметке қарсы ниеттегі жас офицерлерімен танысады, басыбайлықты сынап, еркіндікті аңсаған көптеген өлеңдер жазады. Бірақ, олар баспа бетін көрмей, қолжазба күйінде тарайды. Әйтсе де ол астыртын ешбір саяси ұйымдарға қатыспайды. Себебі декабристер бүкіл Россия елі үміт артып отырған ұлы талант иесін қауып-қатерге араластырмай, ұйым құпиясын одан жасырын ұстайды. Алайда Пушкин өзінің рухани өмірімен, идеялық бағытымен олардан еш бөлектенбейді. Оның 1817—20 жылдардағы саяси өлеңдері мен эпиграммаларынан Декабристер идеологиясының бар эволюциясын көреміз. Жас ақын өзінің «Еркіндік», «Чаадаевке», «Ертегілер», «Қыстақ» тәрізді саяси лирикаларында ел ішіндегі қараңғылық пен каталдықты батыл сынап, езілуші көпшілікті құлдықтан босату идеясын асқақ жыр-

лайды, жастықтың жалын атқан отты жігерін Отанға арнауға шақырады.

Пушкин 1820 жылы азаттық жырлары үшін оңтүстікке жер аударылады. Мұнда ол декабристердің оңтүстік ұйымымен байланысады. 1824—26 жылдары туған селосы — Михайловскиге оралып, онда жергілікті әкімдердің бақылауында болады. 1826 жылы І Николай шақыртып ап «14 декабрь күні Петербургте болған болсаң, декабристер көтерілісіне қатысар ма едің», — деп сұрағанда, ол ешбір тайсалмастан: «Сөз жоқ, тақсыр, бар достарым қатысқанда, мен қатыспай қала алмас ем», — деп жауап береді. Осыған қарамастан патша оны «өз» ақыны жасамақ ниетімен, оның цензоры да болады. Бұл цензордың «қамқорлығы» сонша, тіпті ақынның әйеліне жазған хаттарын да жасырын тексеріп отырады. Еркіндік аңсаған ақынды қанша бұлқынса да, маңайынан ұзатпайды, бұғауынан босатпайды. Бірақ, декабристер көтерілісі жеңіліп, ел ішінде реакция қанша етек алса да, жаулары тарапынан қандай қорлық пен зорлық көрсе де, Карамзин мен Жуковский тәрізді ақылгөй қариялар айналасынан алыстап, жалғыз қалса да, ақын өз творчествосының негізгі өзегі — азаттық сүйгіш армандарынан бас тартпайды. Сол үшін де ол қыршын жас күйінде, талантының нағыз кемел шағында, қатал өмірдің қатыгез қыспағында, жалдамалы жау қолынан қаза табады. Ақын Пушкин осы тұстан бастап мәңгілік өмір көгіне біржолата самғайды.

Ұлы ақынның аз өмірі тендесі жоқ творчестволық ерлікке толы. Оның алғашқы лирикаларында айқын бой көрсеткен өмірге құштарлық, достық пен махаббат, сұлу табиғат пен елдік, ерлік тақырыптары бірте-бірте ақын творчествосында тамырын тереңдей жаяды. Жиырмаға жаңа шыққан жас жігіт оңтүстікте айдауда жүргеннің өзінде жалғыздығы мен жағдайының ауырлығына қарамастан «Қанжар», «Тұтқын», «В. Л. Давыдовқа» т. б. тәрізді өлеңдерін жазып, орыс өмірінің еңсесін басқан қатал тәртіптерге қарсылығын ашық жыр етеді.

Пушкин поэзиясының қай тұсында да принципті проблеманың бірі — халыққа, оның фольклорына қатынас. Туған халқы мен оның ауыз әдебиетін жанындай жақсы көрген болашақ ақын тіпті сәби кезінен, тәрбиешісі Арина Радионовна арқылы сол халық даналығының асыл маржандарын бойына сіңіре, одан тағлым ала өседі. Есейген шағында да көркемдіктің осы аналық негізінен қол үзбей, өзінің «Руслан мен Людмила», «Алтын этеш», «Балықшы мен балық туралы», «Поп пен оның қызметшісі Балда туралы», «Сұлтан хан туралы ертегі» т. б. тамаша өлең, ертегілерін жазды. Бұлар ақын талантының қайнар бұлағы халық даналығында жатқандығының баға жетпес айғағы.

Халық өмірінің тереңінде буырқанған алып күшпен тыныстаған

ақын алғашқы күрделі туындыларының көбін романтикалық сарында жазады. Романтизм ақынның асқақ көңіл күйіне, дүниетанымына, өршіл мұраттарына тікелей жауап береді. «Кавказ тұтқыны», «Бақша сарай фонтаны», «Ағайынды қарақшылар», «Цыгандар» поэмасында ол тәкаббар өр Кавказдың поэзиялық сұлу бейнесін жасаумен қатар, сол асқар тауы мен әсем табиғатына лайық өжет жандардың бойындағы өлшеусіз күш-жігерді, азаттықты аңсаушылықты асқан шеберлікпен бейнелейді, адамның жан дүниесіндегі нәзік құбылыстарды өнімді суреттейді. Адам мен қоғам арасындағы қайшылықтар алғаш осы туындыларда еркін бой көрсетіп, ақынның кейінгі шығармаларында күрделі философиялық әлеуметтік жинақтаушы ойлармен толыса, молыға түседі.

Тарих, заман, болашақ проблемалары Пушкин поэзиясында органикалық бірлікте, диалектикалық тұтастықта, бүтіндікте қойылып, шешіледі. Қоғам мен халықтың келешегіне зор үмітпен қараған ақын өз заманының көкейтесті проблемаларын терең түсіну үшін тарихқа жүгінеді. Жалпы историзм — Пушкин мұрасындағы аса жанды да үздік принциптердің бірі. Оны әр кез толғантқан ең негізгі мәселе, ақынның өз сөзімен айтсақ — «Адам мен халық. Адамзат тағдыры, халық тағдыры». Пушкиннің «Борис Годунов» трагедиясындағы ең өзекті идея — тарихты жасаушы халық, халықтың қостауы мен қолдауынсыз қашан да, қандай да үлкен тірлік жасалған да, жасалмақ та емес дегенге саяды. Тарихи тақырып ақын творчествосының өмірді және оның бұлтартпас заңдарын көркемдік құралдарымен ашудың кілті. Шығармада Годунов трагедиясы — оның өз басының жеке қасиеттеріне байланысты емес, халықтан қол үзуінде, халықты өзіне қарсы қоюында, оны менсінбеуінде, елемеуінде. «Борис Годунов» трагедиясынан бастап Пушкин поэзиясында реализм жетекші орын ала бастайды.

Оның осы тұстағы лирикаларының ішінде Анна Петровна Кернге арналған өлеңі, «Андре Шенье», «Анчар», «Сибирь рудаларының тереңінде...», «Арион» тәрізді саяси өлеңдері ақындық пен азаматтықтың шебер қиысқан меруерттей асыл үлгілері. Махаббат тақырыбындағы жырларында ол сезім тұнғыығына терендей бойлап, соған лайық құдіретті сөз бен ой үйлесімін, сұлулығын тек данышпан ақынға тән шынайы шеберлікпен табады.

Атақты «Болдино күзінде» (1830) жазылған шығармалардың қайсысы да ақын талантының кемеліне келгендігінің айғағы. Бұлардың ішінде, әсіресе, «Белкиннің повестері» шын мәніндегі орыс прозасының басы болумен қатар, әдебиетке айқын бағыт-бағдар сілтеген ерекше көркем де шынайы туынды. Мұнда орыс қауымының бар саласы, әсіресе, «Кішкентай адамның» өмірі, оның қуанышы мен қайғысы, арманы мен биік адамдық қасиеттері нақты

көркем де шыншыл бояуын таба суреттеледі. «Шағын трагедияларында» ақын адамзаттың мәңгілік проблемаларын белгілі тарихи-әлеуметтік, философиялық-этикалық мақсатта, жоспарда шешеді. Сөйтіп, ол 30-жылдардағы прозаларында сыншыл реализмнің негізін қалайды.

Декабристер көтерілісі жеңілгеннен кейін Пушкинді көп толғантқан қоғамдық мәселелердің бірі — шаруалар көтерілісі. Қазан, Орынбор сапарының нәтижесі ретінде «Пугачев тарихы» атты еңбегін жазады. Патша оны Пугачевте тарих болуы мүмкін емес деп жаратпай қайырады. Алайда, еңбектің жазылу және алғашқы вариантының өзгермеу фактысы ақынның қарапайым шаруа құл емес, оның да тарихы болғанын және болатынын дәлелдегендігінің куәсі. «Капитан қызы» повесінде де Пушкин «Емельян Пугачевтің жанды бейнесін тарихшыға тән білімділікпен жасайды» (М. Горький). «Дубровскийде» де шаруалар бойындағы алып күшті сүйсіне суреттеуі ерекше назар аударарлық.

«Мыс салт атты» — Пушкин поэзиясының асқар биігі. Поэмада ақын бір жағынан І Петрдің Россия алдындағы тарихи еңбегін мадақтай бейнелесе, екінші жағынан «кішкентай адам» мен патша арасындағы, патша мен халық арасындағы бітіспес қайшылықты суреттейді, халық пен халық өкілінің аянышты тұрмысын тебірене жырлайды.

Адамзат мәдениетінің өткен ұзақ жолында Гомердің «Илиада» мен «Одиссея», Дантенің «Тағдыр тәлкегі», Бальзактың «Адамзат комедиясы», Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясы тәрізді қадау-қадау көркемдік шындары бар. Пушкиннің «Евгений Онегині» осы қатардағы дүние. «Орыс өмірінің энциклопедиясы» аталған бұл негізгі кітабында ақын орыс қоғамының бүтін бір кезеңін әр алуан типтік бейнелер арқылы асқан шыншылдықпен суреттейді. Шығарманың бүкіл рухы жоғарғы қауым өмірінің адамды аздыру ерекшеліктерін, адамдық бақытқа қарама-қарсылығын әшкерелейді. Онегин — өз қауымының ұлы да, құлы да. Өз ортасының өмір салты оны өз кезінің «артық адамы» дәрежесіне жеткізеді, қанша бұлқынса да уысынан шығармайды. Татьяна болса, ақын гуманизмінің бүкіл жарқын сипаттары осы бір аяулы, асыл жанның бойынан көрінеді. Романда эпикалық жанр мен лирика шебер қисынын тапқан. Шығарма, Белинскийдің сөзімен айтсақ, ақынның «бүкіл өмірі, жаны, бар махаббаты, барша сезімі, түсінігі, асыл мұраттары».

Орыс әдеби тілінің негізін салу Пушкиннің үлесіне тиді. Халықтың сөйлеу тілін ол әдеби тілдің негізгі көзі ретінде пайдаланды. Халық тілі Пушкиннің ақындық даналығының арқасында не бір терең философиялық, әлеуметтік, саяси ойларды асқан көркемдікпен бейнелеудің аса күдіретті құралы дәрежесіне көтерілді.

Пушкин поэзиясының нұры баршаға бірдей жақын да жарқын. Ол алғаш қазақ арасына кеп, қазақтың поэзияға құштарлығы мен қабілеттілігінің айғағындай «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» тауып, оны аса жоғары бағаласа, кейін Абай орыстың озық мәдениетіне барғанда, алдымен Пушкинді кездестіреді, одан өзіне, өзінің өміріне таусылмас нәр алады. Абайдың Абай болуында Пушкин берген үлгі-өнегенің орны бөлек, өркеші биік. Пушкин поэзиясындағы жастық пен махаббатқа, азаттық пен адамгершілікке толы ойлар мен кемел көркемдік, сұлулық Абай үшін теңдесі жоқ өнер мектебі, парасат мектебі болды. Пушкин мен Абайдың творчестволық байланысы орыс-қазақ достығының тарихындағы алғашқы жарқын беттер, олар осы достықтың басталар жолындағы алтын дінгектер.

Пушкин тек юбилейлер тұсында ғана ауызға алынатын ақын емес. «Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпақ, тіл біткен жүрер менің атымды атап...» дегенде ол көп нәрсені болжаған. Бүгінде ол біздің тілімізде ғана емес, жүрегімізде де, ісімізде де. Ол — біздің қайнаған өміріміздің нақ ортасында. Ғылымымыздағы негізгі зерттеу объектілерінің бірі әлі де — Пушкин. Ұлы ақын — қазір де өмір мен өнерді шебер байланыстыра білуді үйретуші жалықпас ұстаз. Мектептерде ол жастарды достық пен адамгершілікке, Отанды сүйуге тәрбиелеу ісіне белсене араласуда. Сүйіскен жастардың данышпан ақылшысы да—Пушкин. Ересек адамдар үшін ол көркемдік құдіретіне бөленген жанды тарих... Демек, Пушкин өмірдің өзі тәрізді шетсіз де шексіз. Ол жер бетінде өмір, адам, поэзия тұрғанда жасай береді, ізгілік, адамдық, бақыт үшін күресе береді.

1969.

ШЕВЧЕНКО ТАЛАНТЫНЫҢ ҚЫРЛАРЫ

Адамзат мәдениетінің асыл қазынасына үлкен үлес қосқан бүгінгі советтік Отанымыздың бай азаматтық тарихын шола қарасақ, сол адамзат мәдениетіне әр кезде де тарих, не саясат, не эстетика, не ғылым тарапынан аса зор ықпал тигізген ұлы оқиғалар мен ұлы адамдарды кездестіреміз. Солардың бірі —Тарас Григорьевич Шевченко. «Тарас Шевченко, — деп жазды заманымыздың әйгілі суреткері М. Әуезов, — адамзат нәсілдерінің ішіндегі үркердей қасиетті тобына қосылатын адам. Ол өз халқының өткен тарихының жарқын қорытындысы және сол халқының болашаққа меңзеген ұлы үмітінің, шабытты қуат-қайратының жиын тұлғасы. Ол сан буын бабалар, аталар замандарының кобзарь атаулысының мұңға толы үндеріне құлақ салған, солардың ойла-

рымен сиқырланған. Ғасырлар бойындағы үн салған ішектердің күйлерін өз жанына сіңірген ақын. Туған халқының азаттық сүйген жанын құл етуші кесір-кердең шляхта атаулыға және Россия патшаларына қарсы арналған асыл арманының барлығын өзінің сезімтал, ереуілшіл жүрегіне жиған жан осы ақын болады».

Тарас Григорьевич Шевченко 1814 жылдың 9 мартында Киев губерниясындағы Моринцы селосының тұрғыны, крепостной шаруа Григорий Шевченконың семьясында дүниеге келді. Қамқор ата-анадан ерте айырылып, жетім қалған Тарас крепостнойлық өмірдің бүкіл ащы зардаптарын тікелей өз басынан өткізуге душар болды. Бірақ, күнделікті өмірдің азабы мен ауырлығы талантты жастың бойындағы абзал қасиеттерді жойып жібере алмады, қайта шындай, шамырқанта түсті. Ол бір жағынан күн көру ниетімен, екінші жағынан, аздап болса да білім алу ойымен әркімдерге жалданып, атқарар жұмысының ауырлығына қарамастан, оқып сауатын ашты. Сол кездегі бірінші ұстазы туралы ақын кейінірек былай деп жазған еді: «Бұл менің өмірімде бірінші рет кездескен рақымсыз, жауыз жан болды. Ол менің бойымда адамның адамға күш жұмсауына байланысты бүкіл өміріме жетерлік асқан жиіркеніш пен жек көру сезімін туғызды». Бала Тарас тұрмысының осыншама ауырлығына қарамастан, біріншіден, туған жердің тамаша табиғатының құшағында, екіншіден, крепостнойлық правоның бүкіл ауыр зардаптарын бастан өткізіп келе жатқан аянышты халқының арасында өсті. Бұл жағдайлар болашақ ұлы ақын, тамаша суретшінің бойында халықтық, гуманистік сезімнің қалыптасуына, дамуына жағдай жасап отырды.

18 жасына дейін деревня өмірінің бүкіл күйкі көріністерін көре, сезіне өскен Тарас Шевченко 1831 жылы жолы түсіп Петербургке келді. Орыс мәдениетінің астанасында ол өзінің міндетті жұмысынан қолы босағанда арақідік сурет салуға мүмкіндік тапты. Осы тұста ол жерлесі И. М. Сошенкомен танысып, сол арқылы орыстың суретшілер қауымымен араласа бастады. Орыстың ізгі ниетті тамаша адамдары Т. Г. Шевченкоға орыстың халқына тән бауырмалдық, қамқорлық сезіммен қарап, оның бойындағы асқан ақындық, суретшілік дарынды қуана қарсы алды. Суретші К. П. Брюллов пен ақын В. Жуковскийдің Т. Шевченконы помещик Энгельбрادتан сатып алып, азат етуі осы ұлы сезімнің бір жарқын көрінісі еді. Сөйтіп, Т. Шевченко 1838 жылы 24 жасында азат азаматтық правоға ие болды.

Шевченко отызыншы жылдардың соңғы кезінен бастап суретшілік өнер мен әдеби қызметке шындап ден қойды. Осы тұста ол бір жағынан суретшілер Академиясында оқып, Брюлловтың сүйікті шәкірттерінің бірі болса, екінші жағынан, әдебиет майданында

жемісті еңбектерімен көріне бастады. 1840 жылы ақынның атақты «Кобзары» тұңғыш рет жарық көрді.

«Менің алғашқы әдеби тәжірибелерім туралы айтарым, олар сонау айлы жарық түндерде, жазғы бақшада басталған еді», — дейді ақын өзі жазған өмірбаянында. Бірақ, оның ерте кезде жазған өлендері кейінгі ұрпақтарға жете алмады. Тек 1837 жылы жазған «Батырақ қыз» өлеңі ғана ақынның әзірге мәлім боп отырған бірінші әдеби еңбегі боп табылады.

Т. Г. Шевченконың алғашқы өлең, балладалары қатал тағдырдың қатыгез уысына түскен жетім-жесірлердің аянышты өмір күйін бейнелеуге арналды. Мұның өзі заңды да еді. Жетімдіктің ащы үлесін өз басынан кешірген ол сол қасіретті жастардың қайғылы өмір бейнесін суреттеу арқылы жалпы қоғамдық өмірдегі теңсіздікті, мейірімсіздікті әшкерелеуді көздеді. Оның осы тақырыптағы еңбектерінің түйіндісі—«Катерина» атты реалистік поэмасы болды. Поэмада патша офицері мазақ етіп кеткен шаруа қызы Катеринаның адамдық сезімі, трагедиялық өлімі асқан аянышпен суреттеледі. Автор Катерина арқылы билеуші үстем тапқа зор қарсылық білдіріп, нәлет айтты.

Ақынның өлең, поэмаларында реалистік сипат барған сайын айқындала, арта түсті. Мысалы, «Катерина» поэмасында Катерина үстем тапқа наразылығын өлімі арқылы білдірсе, «Соқыр қыз» поэмасында Оксана қолына қару алып, жауына қарсы тұрады.

Отызыншы жылдардың соңы мен қырқыншы жылдардың алғашқы кезінде ақын Украина тарихындағы елдік те ерлік мәні бар істерге әлсін-әлсін оралып, бірсыпыра құнды шығармалар жасады. Бұлардың ішінде, әсіресе, «Тарас түні», «Гамалия», «Иван Подкова» поэмалары Украина халқының тарихындағы көп оқиғаларды дұрыс бағалап, шебер суреттеген, сонымен қатар оқушысына патриоттық рухта тәрбие бере алған шығармалар болды. Ақынның «Гайдамактар» поэмасы осы тақырыптағы үлкен жетістігі еді. Ол мұнда халықтар достығын туғып көтерді, халықтардың өзара жақындасуын арман етті, олардың бірігуіне үлкен үмітпен қарады.

Қырқыншы жылдардың бас кезінде Шевченко драматургия саласында да едәуір еңбек етті. Орыс тілінде жазылып 1842—1843 жылдары жарық көрген «Назар Стодоля» пьесасы мен «Никита Гайдай» пьесасының үзіндісі автордың бұл жанрдағы үздік талантын танытумен бірге, украинаның халықтар достығы мен адамдық ар үшін күрескен абзал ұлдарының асыл бейнесін театр сахнасына шығарған қажет те құнды еңбектер болды.

Шевченко 1844 жылы «Түс» деген атақты поэмасын жазды. Ақынның қоғамдық-саяси көзқарастарының әбден қалыптасқан кезінде жазылған бұл поэмада патша үкіметі мен оның жергілікті билеушілері аяусыз әшкереленді. Бұған дейінгі шығармаларында

еркін айта алмай келген пікірлерін ол жаңа поэмасында ашық білдіріп, патша үкіметінің езушілік, қанқұйлы саясатын батыл да аяусыз сынады. Мұның барлығы көрген түс арқылы айтылса да, поэманың әшкерелеушілік күші кез келген оқушыға айқын аңғарылатын еді. Мысалы, ақын патша сарайындағы адамдарды былайша суреттейді:

Кілең ісіп, кеуіп кеткен,
Тамағынан қырылдайды.
Қара күрке тауық құсап,
Шықса есіктен қырындайды.

Бұл жолдардан ақынның патша сарайына деген жиіркеніші мен бітіспес жаулығын аңғару онша қиындыққа түспейді.

«Түс» поэмасынан кейін патша үкіметі тарапынан қатты бақылауға алынғанын біле тұра күрес пен шындықтың ақыны өзінің революциялық бағытынан ешқандай бас тартпады. 1845 жылы жазған «Кавказ» поэмасында ақын патшалық Россия қарамағындағы бірсыпыра халықтардың ауыр тағдырын ашына, аянышпен жырлады. Украин халықтары сияқты олардың да қорлық пен езгіде өмір сүріп келе жатқанын ұлы гуманистерше қарап, бағалады.

1845 жылы Суретшілер Академиясын үздік бітіріп, ерікті суретші атағын алу Шевченконың өміріндегі аса бір қуанышты оқиға болды. Бірақ, бұл ұзаққа бармады. 1846 жылы Киевте ұйымдасқан «Кирилл Мифодеев туыстығы» атты жасырын ұйымға қатысқаны үшін 1847 жылы тұтқынға алынды. Сөйтіп, азаттық алғанына тоғыз жыл толар-толмастан жалынды күрескер ақын қайтадан еркінен айырылып, саяси тұтқын ретінде жер аударылды.

Патша үкіметі тұтқын ақынға ерекше қаталдықпен қарады. Орынбор, Орск қалалары мен Арал, Қаспий теңіздерінің маңында өткен он жыл ғұмырында оның әрбір ізі есепке алынып отырды. Жазушыға сурет салуға тиым салынды. Әйтсе де патша өкіметінің қатал өмірі ақынның жүрегіне тосқауыл бола алмады. Ол өзінің туған елі мен жерін бұрынғысынша беріле сүйеден, жауына мейірімсіздіктен танбады, он жылдай дәм-тұзын татқан қазақ жерінде, елін де қалтқысыз сүйіп, оның ауыр тағдырын аянышпен бөлісті.

Айдаудағы он жыл қаншама қиындығына қарамастан, ақын, суретші Шевченко үшін босқа өткен жоқ. Дарқан дарын иесі дала өңірінде де талай тамаша туындылар туғызды. Мұның бір алуаны «Қоныш өлендері» болса, енді бір саласы суреттер мен повестер еді.

Қазақстан тақырыбы ақын, суретші Шевченконың творчествосынан өзекті орын алды. Ақын бұл тұста жалпы әлеуметтік теңсіздік туралы «Княжна», «Петрусь» тәрізді белгілі шығармалары-

мен қатар, «Қиялым менің, қиялым», «Жылдарым-ау, жылдарым», «Тәңірінің қолында еді балта», «Дайындал желкен, көкке өрлеп» деген, тағы басқа қазақтың елі мен жеріне байланысты белгілі өлеңдерін жазды. Шевченко езілуші көпшілік пен езуші азшылықты қазақ даласынан да көре білді. Сондықтан ол өз шығармаларының негізгі арқауы етіп, көбінесе, азапты өмірде келе жатқан еңбек иесін, еңбекші халықты жырлады және оны асқан ілтипат, мейірбандықпен суреттеді. «Қиялым менің, қиялым» деген өлеңінде ақын:

Қыдырайық кырғызбен,
Қайыршы о да көп халық.
Пақыр да болса, тамағы аш,
Жарлы да болса, жалаңаш.
Жүргесін байғұс басы аман,
«Медет бер, — дейді, — жасаған»,—

деп жазды. Осы бір жолдарда ауыр тұрмыстың ащы зардабын тартқан қазақ шаруасының бүкіл болмысы, қайыршылық күйі айқын берілген. Сөйтіп, дала тұрмысының бар шындығы талантты суреткердің алдында бар «құпиясын» аша, ақтара көрінеді.

Немесе, ақынның Қосаралмен қоштасуға арналған өлеңін алайық:

Қосарал, қош бол, жұпыны,
Қалпыңды сенің ұнаттым.
Екі жыл бойы мұнымды,
Ұмыт қып мені жұбаттың...
Қош, досым, сенің жеріңді,
Бөлеймін даңққа, қарғаман;
Бұл жерде тартқан шерімді,
Алыста еске ап зарланам.

Қазақ халқын жанымен ұғынған ол оның жерін де өз жерім деп сүйеді, өзін сол қасиетті топырақтың ақын ұлындай сезініп, елжірейді, еміренеді. Қосаралдан кету оған өзінің туған жерінен кетуден кем көрінбейді. Ақын творчествосынан өзекті орын алған осы бір сезімге толы көріністен украин, қазақ халықтарының арасындағы достықтың сонау қара түнек кездегі жарқын бір бейнесін көргендей боласын.

Шевченко қазақ даласында жүріп жиырмаға тарта повесть жазды. Бірақ, мұның барлығы бірдей сақталмады. Тек жартысына жуығы ғана біздің заманымызға жетті.

Шевченконың бірсыпыра повесінде қазақ жерінің әр алуан көріністері реалистік тұрғыда шебер суреттелді. Ол сол кездегі сұрқай дала өмірін бірде нәзік аяныш сезіммен бейнелесе, енді бірде Орынбор, Орск қалаларындағы әскери казармаларды жауыздық-

тың көрінісі ретінде баяндады. Мұны әсіресе, «Қашқын», «Егіз», «Бақытсыз» т. б. повестері жайында айтуға болады.

Ақынның қазақ жерінде жүріп жазған күнделігі мен хаттары өз алдына үлкен бір сала. Бұл мұраның айрықша бағалылығы сол — мұнда жалынды күрескер бүкіл кесек те кекті тұлғасымен көрінеді. Қазақ даласын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған генерал-губернатор Перовский туралы Шевченко өзінің күнделігіне былайша ашына, күйзеле жазды: «Осы бір шіріген кәрі азғын бұл жерде өлкенің жомарт та рақымды жарылқаушысы ретінде даңққа ие болып отыр. Қандай саяз, дұрысырақ айтқанда, қандай пасық бұл опасыз жандар. Сатрап өз қарамағындағы өлкені тонайды, сөйтіп, өзінің арсыз жақтастарына он мындап алқа тағады, ал олар оның жомарттығы мен рақымдылығын мадақтайды. Жауыздар!».

Дала өміріндегі мұндай жексұрын көріністер ақын жүрегінде бір мезгілде ғана емес, барлық уақытта бірдей ашу-ыза мен жалынды кек туғызып отырды. Соның нәтижесінде ол осындай оқиғаларды негізге алып, көркем шығарма да жазбақ болды. Бұл туралы ақын күнделігінен мынадай сөздерді оқимыз: «Таң атқанша отырып, осынау байыпты негізде Пушкиннің «Анджелосына» ұқсас поэманың негізін салып шықтым. Оқиға шығыста болады. Поэма ны «Сатрап пен Дәруіш» деп атаймын. Сәтті ойланып-толғанған бұл жоспарымды мен қолайлы жағдайда қайтсем де орындап шығамын. Амал не, өленді орысша жазуға олақпын, ал, мынау түбегейлі поэманы тек қана орыс тілінде жазу керек.

Орынбор атырабында болған оқиғаға негізделген тағы бір жоспарым бар. Сол бір айқын көріністі «Сатрап пен Дәруішке» қоссам ба екен. Бірақ, әйелдерді қалай суреттерімді білмеймін. Шығыста әйелдер тілсіз күң есепті. Ал, менің поэмамада олар басты роль атқаруға тиіс». Бірақ, амал не, ақын бұл шығармасын жазып үлгере алмады. Әйтсе де, қазақ өмірінен кесек туынды жасау мақсаты, оның нақты жоспарын жасап қалдыруы өте-мөте маңызды құбылыс еді. Сол жоспардың өзі ақын қиялындағы шумақ шығарманы бүкіл озық сипаттарымен танытады және оны қазақ халқының жан сүйер досы етіп көрсетеді.

Қазақ өмірінің шындығы суретші Шевченконың творчествосынан да кең орын алды. Дүние жүзілік бейнелеу өнеріне ерекше үлес боп қосылған Шевченко суреттерінің ішінде Қазақстан тақырыбы реалистік шешімін тапқан аса таңдаулы туындылардың қатарында танылады. Талантты суретшінің қаламынан туған «Бақташы», «Қайыршы балалар», «Киіз үйде», «Келі түйген қазақ әйелі», «Ақын», «Қамыс», «Билеушінің жұдырығы», «Жалғыз ағаш» т. б. суреттері — қазақтың елі мен жерін тұңғыш рет бейнелеу өнерінде реалистік тұрғыда көрсеткен еңбектер болды.

Шевченко қазақ өмірін шындық тұрғысынан бейнелеген бірінші суретші деп мамандар өте әділ бағалайды. Шевченко суреттерінің айнымас кейіпкері — қазақ шаруасы болса, айрылмас әуені — сол шаруаның ауыр тағдыры, аянышты өмірі. Бұл, сөз жоқ, революционер ақынның өршіл, өжет идеяларының нәтижесі. Тұтқында, айдауда жүрген талантты суретші азғантай суреттерінің өзін жасырып салып, жасырып сақтады, суретті ашық салуға мүмкіндігі болмады. Әйтпесе, ол қазақ халқының рухани байлығы мен ауыр тұрмысынан өзінің суретшілік өнеріне сан-алуан тақырыптар мен реалистік шешімдер тапқан болар еді. «Мұнда мен үшін жаңалық өте көп, — деп жазды ол хаттарының бірінде, — қазақтар сондай әдемі, сондай байырғы және бала тәрізді аңқау. Тек суретке түсіре бер. Мен оларды көргенде тебіренбей қала алмаймын... Сендерге қызық та соны суреттерді қаншалықты көп жіберген болар едім, бірақ амалым не? Ал, көріп тұрып сурет салмау — барып тұрған азап. Мұны нағыз суретші ғана түсіне алады».

Сөйтіп, Шевченко жазушы М. Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Қазақ халқының ауыр тағдырын, бейнетті өмірін, ұлттық тірлігін тек ауыр, қамқор оймен ойлап, танып қана қойған жоқ. Сахараның өзі мен тұрғындарының жайын бар күйкі көріністерімен өзінің әр өнері бойынша ұлы ақын боп жырлап та, тамаша суретші боп суреттеп те үлгерді.

Өзі қорлық көрген елдің ұлы бола отырып ол қазақтың көне топырағына келе, он жылдай өмір кеше жүріп, сол қазақ халқы туралы шынайы қамқор ойлар ойлай білді. Бұл елдің қазасын аза тұтты, қанаушыларына қарсы кешпес ыза-кек ойлады».

Т. Шевченко 1857 жылы тұтқыннан босап, еркіндік алды, Петербургте, Киевте болды. Россияның астанасы бұл кезде Чернышевский бастаған революционер-демократтардың күрес идеясына толы еді. Шевченко қалған өмірінің бүкіл бақытын осы күрестен тапты. Бұл кезде ол «Мария», «Неофриттер» сияқты әйгілі поэмаларымен қатар, еңбекші халықты күреске шақырған жалынды өлең, жырларын жазды. Ақын шығармаларының осы тұстағы идеялық арқауын мына бір шумақтан айқын көруге болады.

Барлық қоғам даярланып,
Қайрап балта тұс-тұстан.
Бастау керек күшті халық,
Болмақ сонда сұрағанын.

Патшалы Россияның бүкіл қатыгездігі мен кемтарлығын бірде басыбайлы шаруа, бірде саяси тұтқын болып өз басынан кешірген ұлы ақын 1861 жылдың 10 мартында мәңгі көз жұмды. Сөйтіп, тәкаббар күрес ақыны небәрі 47 жасының 12 жылын ғана аздықөпті бостандықта, қалғандарын мейірімсіз күштің қанды уысын-

да өткізді. Бірақ, тағдырдың соншалық ауырлығы асқақ ақынның ізгі ой-пікірі мен арман-тілегіне бөгет бола алмады. Сол аз өмірінің, аз мүмкіндігінің өзінде ұлы суреткер жеке бір халықтық ой-арманды ғана білдіріп қойған жоқ, бүкіл адамзаттық мұң-мүддені көтерді. Сондықтан да оның патриотизмге, гуманизмге, интернационализмге, күрес идеяларына толы жалын атқан жырлары бір халықтың ғана емес, бүкіл озық ойлы адам баласының қимас та қымбат мұрасы болып отыр. Бұл мұраның жалпы адамзатпен бірге жасау сыры, міне, осы ерекшелігінде.

Шевченко өзінің әдебиет пен өнер саласындағы өшпес мұрасымен украин, қазақ халықтарының арасындағы достық қатынастың тұңғыш пионері болды, сол достықтың алғашқы жүрек тебіренерлік беттерін өз өмірімен жасады. Сонау қаратүнек заманда патша үкіметінің қатал әмірімен келген азамат ақынның мейірбан қолымен отырғызылған украин, қазақ достығының алғашқы жас шыбығы бүгінде мәуелі баққа айналып, жемісін бүкіл халқымыз пайдаланып отыр.

Ол қазақтың еңбекші халқын қаншалықты жанымен сүйсе, қазақ елінің езілуші бұқарасы да әділдік пен адамгершілік үшін күрескен абзал жанды өз ұлындай сүйіп, құшақ жая қарсы алған еді. Оның ел аузында «Таразы ақын» аталып кетуінде де осындай үлкен махаббаттың күші мен құдіреті бар болатын.

Бір кезде азғана адамдардың арасындағы қалыптасқан сол достық уақыт өткен сайын шындалып, дамып, түбегейлі дәстүрге айналды. Шевченко негіздеген осы қасиетті дәстүр Ұлы Октябрь революциясынан кейін өзінің шырқау биігіне көтерілді, халықтар достығы деп аталатын ұлы дәстүр дәрежесіне дейін өсті. Украин, қазақ халықтарының достығы әдебиетіміз бен мәдениетімізде айқын ізін қалдырып келеді. Бүгінде өзіндік тарихы бар деп айтуға жеткен осы тамаша қазынада Шевченко тақырыбы ерекше орын алады және әр кезде де айрықша сүйіспеншілікпен жырланып келеді.

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл бауырлас украин халқының ұлы перзентін зор қасиетпен қадір тұта атап, оған өзінің бірсыпыра өлең, жырын арнады.

Естіледі еліме,
Тарас салған бұлбұл үн, —

деп ақын Шевченко мұрасының өмірлік сипатын айрықша ілтипатпен көрсетіп отырды.

Тарас Шевченко — қазақ ақыны Ә. Тәжібаевтың да сүйікті тақырыптарының бірі. «Бала Тарас», «Тараспен әңгіме» өлеңдерінде ол өзі өлсе де, рухы әрбір жаңа ұрпақ, жас қауыммен бірге жасайтын өшпес жанның бейнесін жыр етеді. Азамат, ақын Тарас

қазақ ақынының да ұлы атасы, ұстазы боп суреттеледі, оның шабытына тура да ізгі жол сілтейді.

Өткен Ұлы Отан соғысы бүкіл адамдық сезімнің қатал сынға түскен ауыр кезеңі болды. Осы сында бұрын көбінесе Шевченко төңірегінде болып келген украин, қазақ халықтарының достық тақырыбы ұлғайып, бүкіл халықтық сипатқа көтерілді. Мұның тарихи тамыры бауырлас халықтардың ортақ жауға қарсы бірігіп күш көрсетуінде, сөйтіп, достықтың мүлде шындала түсуінде жатыр еді.

Советтік Украинаның тамаша перзенті А. Довженко қазақ жауынгерлерінің жауды қуып, Днепрден өткендегі жүрек тебірен-терлік көрінісін былайша баяндаған болатын: «...Дәл сол сәтте, тәжім ет!» — деп тосын тілде команда берілді. Бұлар қазақтар екен. Командирі де қазақ. Міне, олар тізелерін бүкті.

— Сәлем саған, бауырлас Украина жері, — деп командир құлшына дауыстады. Жас қазақтардың сапы сол үнге толқып кетті. Жауынгердің бәрі бірдей Украина жеріне бас иіп, оның топырағын өпті.

Командир кеңінен құшағын жая, қасындағы жауынгерлерді көрсете тұрып, Украина, біз сені фашистердің бұғауынан босатқалы келдік. Кіндігі бір қарындас біз сен үшін қанымызды төккелі келдік... біздің жауынгерлік сәлемімізді және ата-аналарымыздың сәлемін қабыл ал!».

Міне, шынайы достықтың бұл сияқты көріністері әдебиетімізде де өзіндік бейнесін тапты. Украинаның қасиетті жері мен абзал адамы туралы сан алуан тамаша өлеңдер жазған партизан ақын Жұмағали Саин дәл осы көріністі:

Ұрыстан кейін бір солдат,
Днепрге қарады.
Сүйгісі келді құшақтап,
Өзі отырған жағаны,—

деп суреттеді. Ақын Украина жеріндегі бүкіл әдемілікті, сұлулықты, адамдарының бойындағы асыл қасиетті Шевченко жүрегіндегі ізгілік, адамгершілікпен байланысты таныды.

Жаным сүйді жарастым,
Жалпақ елім — қаным бір.
Жүрегіндей Тарастың,
Таза суың көк мөлдір, —

деп жазды ол. Ақынның Е. М. Масловаға (ақынды жаралы күйде жаудан жасырып, бірнеше жыл бағып аман алып қалған украин қызы) арналған өлеңі екі халықтың арасындағы шетсіз де шексіз таза сүйіспеншіліктің айқын куәсі тәрізді. Жалпы алғанда,

Ж. Сайынның партизан жырлары украин, қазақ достығының өзгеше бір әсем де әсерлі беттерін жасады.

С. Мәуленовтың «Шевченко Жайықта» деген өлеңінің бағалылығы сол — ақын мұнда ұлы Кобзарьдің қазақ жерінен, қазақтың еңбекші халқынан айнымас дос тапқанын шебер де ұтымды бейнелейді. Днепр, Жайық өзендерін сипаттай келіп ол:

Көзіне сонда ұқсады,
Екі өзен бірге аққандай.
Украин, қазақ құшағы,
Айқасып бірге жатқандай,—

деп жазды.

Шевченконың Қазақстанда болуынан басталатын украин, қазақ халықтарының достығы жайында қалам тартпаған қазақ ақыны кемде-кем. Олардың тақырыбы да өте бай. Әдебиетіміздің интернационалдық мазмұнын күшейте түсіп келе жатқан бұл шығармалардың барлығына бірдей тоқталуға мүмкіндік жоқ. Поэзияда осы достық тақырыбының өскені соншалық, қазақ ақыны Украина менің де Отаным деп мақтанышпен айта алатын дәрежеге көтерілді.

Тұр симай бұл өлеңге көңілдегім,
Жаныма жылы тиді сенің демің.
Киевте тумасам да, шын жүректен,
Деймін мен: Украина — менің де елім,—

деп жазды Аманжол Шамкенов.

Украин, қазақ халықтарының достығы өзге жанрларда да етек алып келеді. Қ. Қайсенов пен Ә. Шәріповтың документті повестері екі халықтың қиын кездегі достығының айқын бір белгісі болып табылады.

Украин, қазақ халықтарының достығы украин әдебиетінде де өсу, өркендеу үстінде. Украинаның белгілі жазушысы Олесь Десняк Ұлы Отан соғысының алдында «Торғай сұңқары» атты Аманкелді жайындағы повесін жазып аяқтады. Қазақ елінің елдігін, ерлігін мадақтайтын бұл повесть орыс тілінде әлденеше рет жарияланды, қазақ тіліне аударылып, үзінді күйінде басылып жүр. Жазушы Б. Вадецкий «Ақын Терези» романында Шевченконың қазақ жерінде болған кезін қазақ халқына деген үлкен достық, бауырластық сезіммен суреттеді. Бұдан басқа, балаларға арналған кішігірім повестер мен әңгімелер, өлеңдер өз алдына бір сала.

Шевченконың таңдаулы шығармалары отызыншы жылдардан бастап ана тілімізге аударылып, қазақ оқушыларының еркін игілігіне айналуда. Олар үш дүркін жарияланды және әрдайым толықтырылып келеді.

Бұл айтылғандардың қайсысы да Т. Г. Шевченко мұрасының бүкіл адамзаттық озық сипатын білдірумен қатар, ұлы ақын негізін салған украин, қазақ достығының тамыры бірте-бірте тереңге жайып үнемі өсумен келе жатқанын және әлі де өсе бермек мәңгілік құбылыс екенін танытады. Ол бүгінде халықтар достығы деп аталатын ұлы күштен таусылмас нәр алады. Мұның аты — Шевченко қазақ халқының да азамат ұлы, аяулы перзенті, сондай-ақ, Шевченко мұрасы мен Шевченко дәстүрі қашан да халықпен бірге жасайтын мәңгі жас, мәңгі мәуелі асыл қазына деген сөз.

1964.

ГОРЬКИЙ ТАҒЛЫМЫ

Горький әдебиет майданына екі ғасыр аралығында келді. Оның қоғам қайраткері ретінде әлеуметтік істерге араласа бастауы да осы тұста басталады. Бұл кездегі Россиядағы тарихи-қоғамдық жағдайлар өз дәуірінің зор талантты және прогресшіл жазушысы — Горькийдің алдына аса ірі міндеттер қойды. Ол міндеттер орыс еңбекшілерін, орыстың жұмысшы, шаруасы мен интеллигенциясын, сол арқылы жалпы дүние жүзі еңбекшілерін революциялық жолға тарту, олардың қоғамдық-саяси санасын тәрбиелеу ісімен байланысты еді. Горький өзінің әдебиет пен мәдениет саласындағы саналуан құнды еңбектері арқылы Россияның қоғамдық өмірі, даму тарихы жүктеген бұл зор міндетті тамаша орындап шықты.

Сонымен қатар, орыстың өткен ғасырдағы классикалық әдебиетінің бай дәстүрлерін ХХ ғасырда онан әрі дамыта, жаңа дәуірдің қоғамдық жағдайларына, талап-тілектеріне сай жетілдіре түсу де Горькийдің тарихи үлесіне тиген еді. Горький орыстың бүкіл демократиялық мәдениеті алдына қойған бұл аса жауапты мақсатты да лайықты сезініп, өзінің бай творчестволық мұрасы арқылы оны сәтті де табысты жүзеге асырды. Ол орыстың классикалық әдебиеті мен совет әдебиетін бір-біріне шебер ұштастырған шын мәніндегі аса ұлы тұлға. Горький екі үлкен тарихи дәуірдегі әдебиетті өзара жалғастырушы ғана болып қойған жоқ, дүние жүзіндегі ең озық, ең революцияшыл совет әдебиетінің негізін салған нағыз ұлы классик жазушы.

М. Горькийдің тұңғыш көркем шығармасы — «Макар Чудра» әңгімесі 1892 жылы жарияланған. Бұл шығармасын автор Максим Горький деген псевдониммен (лақап) ат шығарды. Ұлы жазушы кейін бүкіл дүние жүзіне осы есіммен танылды.

Горькийдің алғашқы кездегі шығармаларында-ақ революциялық романтизм ерекше орын алды. Жазушы «Макар Чудра»,

«Изергиль кемпір» әңгімелерінде бостандық мәселесін бар дауыспен көтерді, алып күш пен мол жігердің адамын асқан шабытпен суреттеді. Болашақ ұлы жазушының творчествосына тән негізгі сипаттар оның сол 90 жылдардағы шығармаларында-ақ нақты байқала бастады.

Ол Россия еңбекшілерінің өмірін реалистік тұрғыдан суреттеуге, сондай-ақ олардың революциялық санасын көркем шығарма арқылы тәрбиелеу ісіне көп ізденудің, бұқара халықтың өмірі мен арман-тілегін терең білудің, орыстың классикалық әдебиеті мұраларын жете меңгерудің нәтижесінде келді. Тоқсаныншы жылдары маркстік идеяның Россияда кеңінен тарауы, орыс жұмысшыларының таптық сана-сезімінің өсуі Горькийді пролетариат жазушысы ретінде тәрбиелеп, шынықтыра түсті.

XIX ғасырдың соңғы кезі мен XX ғасырдың бастапқы жылдарында Горький есімі әлем әдебиетінің көгінде жарық жұлдыздай жарқырады. Бұл тұста ол революциялық ой-пікірлердің бірден-бір жалынды жаршысы дәрежесіне көтерілді. Ол өзінің данқты кейіпкері — Данько арқылы өз жүрегін халыққа жарық ретінде ұсынушы, халықты жарқын өмірге бастаған тамаша ерді бүкіл дүние алдында асқақ суреттесе, кейін «Сұңқар туралы жыр» атты әйгілі шығармасында таяп келе жатқан ұлы күндерді заман суреткері ретінде шыншылдықпен, көрегендікпен бейнеледі, орыс еңбекшілеріне революция таңының жақындығын поэзия тілімен паш етті. Ұлы жазушының бұл шығармасы бұқара көпшілікті революциялық рухта тәрбиелеуде ерекше роль атқарды. Жазушының «Ана» романындағы Павел Власовтың прототипі Заломовтың бұл жөнінде былай дегені мәлім: «Сұңқар туралы жыр», — деп жазды Заломов, — біз үшін ондаған үндеулерден де бағалырақ болды. Біз оны жарыққа шығарған патша цензурасының надандығына қайран қалдық».

Горький капиталистік дүниені көркем әдебиетте тұңғыш рет өлтіре әшкерелеп, оның іріп-шіру процесін революциялық рухта бейнеледі. Ол өзінің «Емельян Пиляй», «Архив атай мен Ленька», «Қайыршы әйел», «Челкаш», «Күздің бір күнінде», «Коновалов», «Бұрынғы адамдар», «Ерлі-зайыпты Орловтар» әңгімелерінде буржуазиялық қоғамның адамды езіп, азғындық дәрежеге жеткізуін асқан шындықпен суреттеді. Өмірді әрдайым оптимистік тұрғыда таныған революционер жазушы сол қоғамның адамдық қасиетті қорлап, аштық пен жалаңаштыққа жеткізіп отырған адамдарының бойынан адамгершілікке тән асыл қасиеттерді де таба білді, олардың рухани байлығын суреттеді, алып күші мен қажымас жігерінің тамаша мүмкіндіктерін көрсетті. Сөйтіп, Горький капиталистік дүние адамды қанша қайыршылыққа ұшыратқанымен, оны мүлде езіп жібере алмайтындығын көркем әдебиетте асқан

шеберлікпен дәлелдеді. Ұлы жазушының бұл идеялық қорытындысы революцияның көп ұрпақтарына жемісті әсерін тигізді.

Горький XX ғасырдың алғашқы жылдарында драматургия саласында да көп еңбек етті. Оның қаламынан туған «Мещандар», «Шыңырау түбінде», «Жаулар» пьесалары Россиядағы қоғамдық құрылыстың бүкіл кертартпалық ерекшеліктерін мейлінше шебер көрсеткен шығармалар болды. Жазушы олардың бірінде мещандық идеялар мен теорияларға қарсы шығып, барынша әшкерелесе, екіншісінде буржуазиялық қоғамның қайшылықтарын сынады, үшіншісінде революцияның жауларын аяусыз масқаралады, большевиктер партиясы идеяларын насихаттайды. Горькийдің «Күн балалары», «Дачадағылар» пьесалары революционер жазушы творчествосында үздік орны бар туындылар болып саналады.

М. Горький «Ана» романын 1906 жылы жазды. Ол — орыс қоғамының даму процесі туғызған нағыз классикалық шығарма.

«Ана» романының негізгі кейіпкері — орыс халқы, оның революцияшыл алдыңғы қатарлы бөлігі — орыс пролетариаты. Жазушы шығарманың негізгі кейіпкерлері: Павел Власов, Пелагея Ниловна арқылы орыс пролетариатының ауыр езгіден революциялық күрес дәрежесіне дейін келу жолын суреттеді. Павел Власов маркстік идеялармен қаруланған, орыс халқының жарқын келешегін революцияның жеңісінен ғана күткен, бұқара көпшілікті ұлы істерге қарай бастай алатын қажет күштің, озық сананың адамы. Оның революциялық бетін патша өкіметінің ешбір күші жасыра алмайды, өйткені ол социалистік қоғамның таяу арада орнайтынына кәміл сеніммен қарайды. Пелагея Ниловна революцияға өзінің қарапайым жолымен келіп қосылады. Ол Павелді ұлым деп қана емес, революционер, азамат деп те сүйеді, оның күрескер достарына да аналық махаббатпен қарайды. Бұл ретте Испания Компартиясының бас секретары Долорес Ибарруидің мына бір сөзі айрықша назар аударады. «Горькийдің Анасы, — деді ол, — дүние жүзі пролетариатының анасы, барлық революционерлердің анасы».

«Ана» романында жазушы бір алуан ұнамды кейіпкерлердің образдарын жасады. Олар Павелдің революционер жолдастары Андрей Находка, Федя Мазин, Весобщикова, интеллигенциядан шыққан жолдастары Егор Иванович, Николай Иванович, Саша, София, Наташа. Бұл кейіпкерлердің әрқайсысы революция жолына өзіндік ерекшеліктерімен келіп қосылды. Жазушы олар арқылы орыс қоғамындағы революциялық күрестің өсу, өрлеу процесін терен де шебер суреттеді.

Ұлы жазушының «Ана» романы Октябрь революциясынан бұрын да, кейін де дүние жүзіне аса көп тараған және оқушыларына соншалықты зор әсерін тигізген шығарма болды. Революцияның

талай ұрпақтары одан көп тәлім-тәрбие алды. Владимир Ильич Ленин бұл шығармамен қолжазба күйінде танысып, оның орыс және жер жүзі пролетариаты үшін аса бағалы кітап екенін, олардың революциялық санасын жетілдіре түсуде ерекше маңызы барлығын көрсеткен еді.

Горький «Ана» романы арқылы социалистік реализм әдісінің берік негізін қалады. Атап айтқанда ол жананың өсуін, ескінің өшуін революциялық тұрғыда суреттеді, бостандық үшін күрескен жаңа адамдардың өшпес образдарын жасады, тарихты жасаушы халықтың қайтпас күш, сарқылмас жігерін жырлады, революциялық идеялардың жеңімпаздығын көрсетті.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Горький социалистік мәдениетті құрушылардың, ұйымдастырушылардың, жасаушылардың алдыңғы шебінде ұланғайыр еңбек етті. Осы кезден бастап ол өзінің көркем очерк, әңгіме, публицистикаларында өмірді өзі билеу дәрежесіне жеткен, қоғамның материалдық және рухани байлығын өз қолымен жасаушы озат, бақытты еңбек адамының бүгінгі қуанышты күні мен ертеңгі тамаша келешегін суреттеді. Социалистік дәуір әдебиетінің басты ерекшеліктерін өзінің революциядан бұрынғы шығармаларында айқын негіздеген Горький советтік дәуірде оны лениндік қағидалар мен Коммунистік партияның тарихи шешімдеріне сәйкес бүкіл совет әдебиеті тәжірибесінде бар жағынан дамытып кемелдендірді, өлшеусіз зор еңбек етті. Бұл жас әдебиеттің жаңа мазмұнына сай жаңа, социалистік реализм әдісін қалыптастырып, оның жан-жақты дамуына кең жол ашып берді. Сөйтіп, ол орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің сыншыл реализм әдісін жаңа тарихи дәуірде тың әдеби әдіске, социалистік реализм әдісіне ұластыруда шын мәнінде ғаламат творчестволық ерлік жасады.

Горькийдің өзіне дейінгі әдебиеттен үйренген озық дәстүрлері және оларды тарихи кезеңде онан әрі дамыту жолдары сан алуан мәселелерді қамтиды. Біз осы мәселелердің ішінен жазушының ұлт әдебиетіне, оның ішінде қазақ әдебиетіне тигізген әсерін сөз етпекпіз.

Орыстың XIX ғасырдағы демократиялық мәдениетінің көрнекті өкілдері, ірі ақын, жазушылары, ағартушы-демократтары Россия аймағындағы ұсақ ұлттардың экономикалық халі мен мәдени өміріне айрықша көңіл бөліп, оларды зерттеу, білу жөнінде мақтана айтарлықтай еңбек еткен еді. Мысал үшін А. Пушкиннің қазақ арасына келіп, әйгілі «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасын жазып алуы, оны жанымен сүйіп, сол негізде поэма жазбақ болуы, немесе, тіпті А. Пушкинге дейінгі кезде де В. Ушаков пен В. Дальдің қазақ өмірінен повестер жазуы, болмаса Ф. Достоевский мен Шоқанның шынайы достық қарым-қатынастары, Ыбырай мен

Абайдың дүниетанымы мен творчестволық өміріне әсерін тигізген орыс достары тәрізді белгілі жайларды жай атап өтудің өзі жеткілікті. Бұл фактілердің әрқайсысында қазақ халқының рухани өмірі мен орыс, қазақ халықтарының арасындағы тарихи достықтың өсе, өркендей түсуіне әр жағдайда, әр мөлшерде септігін тигізген көптеген тарихи-әлеуметтік, мәдени ағартушылық, творчестволық әр алуан сыр-сипаттардың орын алғаны мәлім.

Горький жаңа тарихи кезеңде орыс зиялыларының сол зор адамдық, ұлылық, туыстық, қамқорлық дәстүрін жаңаша мазмұнмен онан әрі дамытты. «Совет әдебиеті, — деді ол 1934 жылы СССР Жазушылар одағының бірінші съезінде, — жалғыз орыс тілінің ғана әдебиеті емес, бүкіл одақтық әдебиет. Бұған тоқтала өту өте қажет. Өйткені туысқан ұлт республикалары әдебиетінің бізден тілі ғана басқа, олар да капитализм езгісін бастан кешіріп, бүкіл еңбекшілер дүниесі құптап отырған идеядан әсер алып, сол идеяның жарық сәулесі астында еңбек етіп келеді. Сондықтан біз өзіміздің көпшілігімізді бетке ұстап аз ұлттар әдебиетін шеттете алмаймыз. Искусство санымен емес, сапасымен өлшенеді. Егер де біздің өткен замандағы алыбымыз Пушкин болса, бұдан армян, грузин, татар, украиндықтардан және басқа ұлттардан әдебиеттің, музыканың, живописьтің, сәулет өнерінің асқан дана шеберлері шықпайды деген ұғым тумайды. Социалистік Республикалар Одағының барлық жерлерінде еңбекші халық бұқарасы тегіс «адам атына лайық жаңа адал өмір» сүргені үшін, жаңа туып жасарғандай болып отыр, тарихи ерікті, жаңа творчестволы социалистік мәдениет жасау процесі дамып келеді. Біз ілгері басқан сайын бұл процесс 170 миллион халықтың бұрын жасырынып келген таланты мен қабілетін жарыққа шығарып отырғанын көрудеміз». Данышпан жазушының бұл үміті қазір қай республиканың әдебиетінде де тамаша нәтижесін көрсетіп отыр.

Горькийдің қазақ әдебиетімен байланысын негізінен екі салада тануымызға болады. Біріншіден, оның қазақ жазушыларымен тікелей кездесіп, әдебиеттің әртүрлі мәселелері туралы ақыл-кеңес беруі, екіншіден, өзіндік көркем шығармалары арқылы қазақ әдебиетіне тигізген творчестволық әсері.

Горький ескі мұраны, әсіресе, халықтың ауыз әдебиеті мұрасын тануда, бағалауда лениндік принципті шебер насихаттағаны мәлім. Ол адамзат тарихы жасаған мәдени байлықтың аса пайдалыларын менгермей тұрып, нағыз коммунист болудың мүмкін еместігін көркем шығармада, сөйлеген сөздерінде шебер дәлелдеді. Жазушыларды сөз өнерінің таусылмас қазынасы — ауыз әдебиетінен үйренуге шақырды, халықтың ауыз әдебиетін білмей тұрып, оның тарихын да білуге болмайды деді; фольклорды маркстік ілім тұрғысынан зерттеудің жолдарын көрсетіп берді. Оның бұл пікірлері-

нің қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де, көркем әдебиет үшін де маңызы орасан зор болды.

Горький қазақ ауыз әдебиетінің орасан бай әдебиет екенін жиырмасыншы жылдардың соңы, отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ жақсы білген еді. Ол ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетумен ғана сақталып келе жатқан қазақ фольклорының жиналып, жүйеленуі, зерттеліп бір арнаға салынуы жолында қазақ ақын жазушыларына тікелей кеңес берді. СССР Жазушылар одағының бірінші съезінде жасаған баяндамасында фольклорды жинау, зерттеу, үйрену мәселесін жалпыға ортақ, аса маңызды проблема етіп қойды. Қазақ халқының өлең-жырға, музыкаға өте бейімділігі Горькийдің айрықша назарын аударды. А. В. Затаевич жариялаған қазақ әндері өзінің музыкалық қасиеті жағынан оған өте-мөте ұнады, үлкен әсер қалдырды. Қазақстан жазушысы Николай Ановпен 1929 жылғы әңгімесінде Горький әнші Әміре Қашаубаев, ақын Иса Байзақовтың табиғи дарындылықтарын естіп, қазақ халқының ұлттық қабілеттілігіне жанымен сүйсінді, оның келешегіне зор сенім білдірді, Иса тәрізді ақын-әншілердің репертуарындағы әнмен айтылатын шығармаларды жазып алудың және олардың творчестволық өмірі туралы көркем шығарма жазудың ғылым мен мәдениет үшін аса пайдалы екендігін ескертті.

Жазушы өзінің еңбектерімен қазақ совет әдебиетінің, әсіресе, проза жанрының дамуына зор ықпалын тигізді. Оның бүкіл Россия өмірін терең білу нәтижесінде жазған ұлы реалистік шығармалары қазақ жазушылары үшін өмір мектебіндей қызмет атқарып, бұл жас әдебиеттің жас өкілдерін өмірден үйренуге, творчестволық ізденуге баулыды, әдебиет ісінің жалпы халықтық өнер екенін, халық өкілінің көркем әдебиеттегі орнын, суреттелу сыпаттарын белгілеп, айқындап берді. Қазақ әдебиетінің әр кездегі даму жолынан ұлы жазушының бұл мәселелер жөніндегі игі әсерін нақты байқай аламыз.

Горький творчествосындағы негізгі мәселелердің бірі еңбек адамын суреттеу жайымен байланысты. Адам тек еңбекте ғана өзінің бүкіл ұлылық қасиетін көрсете алады деп таныды жазушы. Сөйлеген сөздерінің бірінде ол: «Егер мен сыншы болып, Максим Горький туралы кітап жазған болсам, Горький бұл дүниедегі бүкіл ұлы, бүкіл сұлу, бүкіл құнды нәрсені жасаған еңбектің маңызын орыс әдебиетінде, мүмкін тіпті одан да кең көлемде бірінші болып түсінді және сол Горькийді қазіргі дәрежесіне жеткізген негізгі күш те сол еңбек деп жазған болар едім», — деген еді.

Социалистік реализм әдісінің ең бір негізгі принципін де Горький еңбек адамын суреттей білуде деп көрсеткен болатын. Қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісінің қалыптаса, дами түсуі

жолында жаңарған еңбек пен еңбек адамын жырлаудың айрықша маңызы болды. Қазақ жазушылары бұл ретте ұлы Горькийден әрдайым үйреніп келді және әлі де үйрене бермек. Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ қазақ әдебиетінде жаңарған еңбектің, еңбек адамының суреттеле бастауы Горькийдің творчестволық ықпалымен тікелей байланысты. Бұл ретте ең алдымен Майлин Бейімбеттің бірсыпыра шығармаларын атауға болады. Октябрь революциясынан кейін өзін-өзі билеу дәрежесіне жеткен қазақ шаруасының өсу жолын, творчестволық іздену қадамын суреттеуде Майлин орасан зор көп еңбек етті. Горький творчествосына тән ерекшеліктердің бірі — өмір соққысын көп көрген, кедей шаруаның өкілдерін суреттеу, олардың бойындағы асыл адамгершілік қасиеттерді көрсету болғаны мәлім. Майлин шығармаларында ұлы жазушының сол езілген халықтың жан дүниесіндегі озық адамдық белгілерді суреттеу тәсілінен көп үйренгендік байқалады. Мысалы ол Мырқымбайдың іс-әрекеттерін суреттеуге арналған шығармаларында бұрын ауыр тұрмыстың ащы азабын тартып келген қазақ кедейлерінің бойында қайрат-жігердің сарқылмағандығын, билеуші тап оларды қанша қанағанымен, ізгі адамгершілік қасиеттерін жоя алмағандығын, соның нәтижесінде олардың жаңа өмірді жасауға зор шабыт, асқан жігермен кіріскенін суреттеді. Майлиннің кейіпкерлері тікелей еңбек процесінде ғана бүкіл рухани байлығымен көрінеді, олар социалистік еңбектен шын мәніндегі тендікті, бостандықты, әділдікті сезінеді, сол еңбек қана оларды бақытты өмірге әкеледі. Майлиннің «Күлтай болыс» әңгімесіндегі «бұрын от басы, ошақ қасынан» шыға алмаған Күлтайдың Совет өкіметі тұсында оқып, білім алғандығын, әлеуметтік өмірге белсене араласқандығын, «Раушан коммунист» повесіндегі Раушанның өсу жолын, «Азамат Азаматыч» романындағы Азаматтың белсенді ұйымдастырушы дәрежесіне көтерілуін осы ретте қарауға, бағалауға болады.

С. Мұқановтың жиырмамыншы-отызыншы жылдардағы өлең, әңгімелерінде еңбек адамдары көп суреттеледі. Жазушы Шокпыт деген шаруаны қазақ еңбекшілерінің өкілі ретінде алып, оның әр кездегі өсу қадамын он-он бес жыл бойы бейнеледі. Шокпыт қазақ шаруаларының еңбекке қатысын, қоғамдық санасының өсіп, жетілуін білдіруде әдебиетіміздің бір кездегі едәуір табысы боп саналады. Қазақ ақын, жазушылары еңбек адамының кесек, сәтті образдарын жасау жолында алғашқы кезде бірсыпыра кемшіліктерге, атап айтқанда, схематизмге, жалаң суреттеушілікке ұшырағанымен, кейін тұтас образдар да, кесек шығармалар да жасай алды. Ғ Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы Шығанақтың, «Миллионер» романындағы Жомарттың, С. Мұқановтың «Сырдария» романындағы Сырбай мен Айбаршаның, тағы басқа сол

сияқты кейіпкерлердің тууы бұған айқын дәлел бола алады. Бұл кейіпкерлер тікелей еңбек романтикасы негізінде көрінеді, социалистік еңбек олардың творчестволық ізденуіне мол мүмкіндік туғызады, таланттарының дамуына, қоғамдық маңызды істерді жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Тамаша публицист Горькийдің өзгеге өнеге боларлық үлкен істерінің бірі көркем әдебиетте, публицистикада дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан көсемі Владимир Ильич Лениннің ұлы образын жасау мәселесіне байланысты еді. Осы ретте оның «В. И. Ленин» атты очеркі жалпы совет әдебиетінің аса құнды шығармалары қатарында саналады. Жазушы мұнда В. И. Ленинді ұлы адам ретінде де, шын мәніндегі мемлекет қайраткері ретінде де асқан шеберлікпен суреттеді. Әдебиет пен өнерде ұлы көсемнің образын жасау мәселесі Горькийдің әр кезде де үлкен мән-маңыз беріп келген ісінің бірі болатын. Бұл ретте оның 1920 жылғы мына бір сөзі — жүрек тебіренетерлік сөз. «Бұл адам, — деді Горький, — бүкіл еліміздің бақыты үшін өмір сүріп отыр. Оны бағалай білу керек, оны сүйе білу керек, оның бүкіл әлемдік, бүкіл дүниелік ұлы ісіне көмектесу керек. Орыс тарихы осы адам арқылы ғажайып нәрсе жасады».

Қазақ ақын, жазушылары сүйікті көсемді жырлауға өз жүректерінің әмірімен келсе де, осы үлкен тақырыпты игеру жолында Горький, Маяковский еңбектерінен көп өнеге алды. Данышпан көсемді көзі тірі кезінде жырлаған Сәкен Сейфуллиннен бастап күні бүгінге дейін бұл тақырыпта қалам тартпаған қазақ ақыны болмады десек қателеспейміз. Қай ақын да өз жүрегіндегі сезімнің ең асылын, ойындағы сөз өрнегінің ең таңдаулысын, ең көркемін алдымен ұлы көсемге арнап келеді. Ленин туралы шығармалардың ең көп жазылған тұсы — 1924—25 жылдары. Жер жүзі еңбекшілерінің көсемі Лениннің қайтыс болуы қазақ еңбекшілерінің де қабырғасын қайыстырды. Бұл оқиға әдебиетіміздің тарихында үлкен із қалдырды. Сәкен Сейфуллиннің, Мұқаметжан Серәлиннің, Илияс Жансүгіровтың, Бейімбет Майлиннің, Иса Байзақовтың, Сәбит Мұқановтың, Шолпан Иманбаеваның тағы басқалардың сол тұста жазған шығармалары қазақ халқының ұлы көсемді шексіз сүйетіндігін, оның жеңімпаз идеяларына мәңгі берілгендігін әр түрлі шеберлік тәсілдермен бейнелейді.

Сүйікті Ильичті жырлау, оның тамаша өмірі мен ісін суреттеу қазақ совет әдебиетінің қай кезде де негізгі тақырыбының бірі болып келеді. Соңғы кезде бұл мәңгі өшпес тақырып поэзия жанрына қоса, проза жанрында да көрініп жүр. Горькийдің Ленин жөніндегі баға жетпес құнды еңбектері ақындарымыз бен жазушыларымызға бұл күнде де ұлы тұлғаның әрбір асыл қасиеттерін бейнелей түсуде көп көмегін тигізуде.

Қазақ әдебиетінде ана образының жасалуына да Горькийдің творчестволық ықпалы аз болған жоқ. Ұлы гуманист жазушының әр мезгілде оралып, көп жазған тақырыптарының бірі — ана тақырыбы. Ол адамзатқа тән жоғарғы қасиеттердің негіздерін ананың бойынан көрсетіп, ана махаббатының, ана жүрегінің құдіретін романтикалық жоспарда суреттеген еді. Горький творчествосының осы ерекшелігінен үйрену, үлгі алу қазақ әдебиетінде, әсіресе, Ғ Мүсірепов творчествосында молырақ байқалады. Мүсірепов Горькийдің «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» новеллаларын қазақ тіліне шебер аударумен қатар, ана туралы өзіндік төл шығармаларын да жазды. «Ананың анасы» деген әңгімесінде жазушы тұтқын болған қызын жау қолынан босатып алған ер де өткір ананың даналығын, тапқырлығын, бір сапарда өлімді де жеңгенін айтса, «Ашынған ана» әңгімесінде қатал да қапас өмірдің қысымын көп көріп, тұрмыстың ауыр азабын басынан кешірген ананың бойында үлкен адамдық күш-қуат пен қайрат-жігердің сарқылмағанын, қайта өрши, шыңдала түскенін суреттеді. Сөйтіп бұрын өзін өмір көп сілкілеген ана — Қапия 1916 жылғы қозғалыс тұсында енді өзі өмірді сілкілей алатын дәрежеге жетеді, әділдік үшін күреседі, тек Октябрь революциясы ғана Қапияны бақытты өмірге жеткізеді. «Ананың арашасы» әңгімесінде жазушы азамат соғысы кезіндегі бір оқиғаны баяндайды. Табанды ер жүрек ана — Нағима ақбандылар тарапынан көрген қорлық-зомбылықтың қайсысын да асқан төзімділікпен қарсы алады, алған бетінен қайтпайды, ана қасиетін ардақты ұстайды, батыл да әжет сөздерімен қарапайым солдаттардың анаға деген сезімін оятады, олардың бірсыпырасының атаман Антоновты өлтіріп, Қызыл Армияға қосылуына түрткі болады.

Ғ Мүсіреповтың Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған «Ер ана», «Ақлима», әңгімелерінде де ізгілік пен адамгершілік үшін, тәуелсіздік үшін жауға қарсы тұрған үлкен жүректі аналардың аяулы бейнесі көрінеді. Жазушының ана тақырыбында жазған әңгімелерінің қайсысы да өзінің көркемдік, идеялық ерекшеліктері мен шын мәніндегі ана образын жасауы жағынан әдебиетімізге үлкен үлес боп қосылған шығармалар. Бұл еңбектерінде ол ананы өмір иесі, шынайы адамгершіліктің символы, бейбітшіліктің жаршысы етіп суреттеді, ананың жеңімпаздық күшін халық күшімен байланыстырды, оны нағыз халық өкілі ретінде суреттеді, халықтың ойы мен бүкіл асыл қасиеттерін ананың бойынан шебер көрсете алды. Ана бейнесін жасауда жазушының бұл жеткен табыстары, біріншіден, оның суреткерлік талантының нәтижесі болып саналса, екіншіден, Горький мұрасының творчестволық ықпалымен тығыз байланысты.

М. Горький — тек орыс әдебиетінде ғана емес, бүкіл дүние жүзі

әдебиетінде шын мәніндегі революционердің алғаш әдеби бейнесін жасаған жазушы. Оның әйгілі «Ана» романы көркем әдебиетте даңқты революционерлердің өлмес істерін баяндаған тұңғыш полотно боп табылатын. Бұл кітап еңбекші бұқараның бірнеше ұрпағына революциялық тәрбие берумен қатар, революционер образын жасауда өзге әдебиеттер үшін тамаша үлгі де болды. Қазақ революционерлерінің биік тұлғасын суреттеген кесек шығармаларды сөз еткенде, ең алдымен көрнекті жазушымыз С. Мұқановтың «Ботакөз» романын атау қажет. Алексей Максимович Горький Павел Власовтың образын жасағанда, осы образдың прототипі — Заломовтың ғана төңірегінде қалып қоймай, сол сияқты мыңдаған Заломовтардың бойындағы асыл қасиеттер мен революциялық күш, рухты жинақтап, бір не бірнеше кейіпкердің басына шебер топтастыра алса, Мұқановтың «Ботакөз» романында да Асқар, Амантай образдарын жасауда бір ғана Сәкен Сейфуллин, не бір ғана Әліби Жанкелдин немесе бір ғана Аманкелді тәрізді күрескер ерлердің төңірегінде қалып қоймай, солар сияқты ондаған, жүздеген ардагер саңлақтардың іс-әрекеттерін жинақтай, топтай, типтендіре суреттеу талабын ұтымды қоя білді. Жазушының бұл игі талабы шығармада көп ретте сәтті де шебер шешімін тапқанын байқаймыз. Романның негізгі кейіпкері — Асқар революционер Сәкен Сейфуллин өміріндегі бірсыпыра көріністерді қайталайды. Мысалы, ол да Сәкен сияқты Омбының оқытушылар семинариясында оқып, бітіріп шығады, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының алдында елге санақ өкілі боп келіп жұмыс істейді, патшаның июнь жарлығына қарсы шыққан қазақ еңбекшілеріне рухтандырушы ақыл, кеңес беріп отырады, ревкомның жауапты қызметінде жүріп, ақбандылардың қолына түсіп көп қорлық көреді. Қысқасы, жазушы Асқар образын жасауға Сәкен өміріндегі осы тәрізді оқиғаларды пайдалана отырып, өзге революционерлердің де көптеген іс-әрекеттерін негізгі кейіпкер төңірегіне топтастыра білген. Соның нәтижесінде Асқар бейнесі қазақ революционерлерінің көркем әдебиеттегі жинақтаушы образы дәрежесінде шыға алды. Мұқановтың бұл творчестволық жетістігін жазушының үлкен талантының нәтижесі ретінде бағалаумен қатар, Горький ықпалынан, әсіресе, оның «Ана» романының ықпалынан тыс қарау мүмкін емес. Асқар, Амантай, Ботакөз образдарының тұтас тұлға күйінде шығуына «Ана» романы кейіпкерлерінің көп әсері тиген.

Қазақ әдебиетінде көркем мемуарлық шығармалардың тууында да Горький творчасының әсерін көреміз. Ұлы гуманист жазушы өзінің «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Менің университеттерім» атты трилогиясы арқылы мемуарлық жанрдың тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы орыс әдебиетінен бастап бүкіл одақтас ұлттар әдебиетінде де кең өріс алуына мүмкіндік туғызды, үлкен

өнеге көрсетті, жаңа творчестволық бастама жасады. Бұл трилогияның алғашқы екі кітабы революциядан бұрын, үшінші кітабы революциядан кейін жазылған еді. Қазақ совет әдебиетінде мемуарлық шығарманың басы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабынан басталады. Тарих-хроникалық ерекшелігі басым болғанмен, Сәкеннің бұл шығармасында мемуарлық еңбектерге қойылатын негізгі талаптар сәтті жүзеге асырылған еді. Атап айтқанда, жазушы өзінің бастан кешірген оқиғаларының негізінде жалпы қазақ ауылының 1916—19 жылдардағы өмір көрінісінен мол дерек, көп суреттер бере алды. С. Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасы мемуарлық жанрдың қазақ әдебиетінде өсіп, кемелденгенін танытқан күрделі еңбек болды. Жазушы бұл шығармаларында Горький қолданған шеберлік тәсілді негізге алып, өз өмірі, өзі көрген оқиғалар арқылы жалпы сол тұстағы әлеуметтік кезеңді, қоғамдық өмірді, таптық күресті суреттеу мәселелерін басты міндет етіп қойды. Автор белгілі мөлшерде бұл талабын сәтті орындап та шықты. «Өмір мектебінің», әсіресе, екінші кітабында қазақ ауылының революция қарсаңындағы және совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардағы көрінісі терең де байыпты суреттелді. Сондай-ақ қазақ еңбекшілерінің ұлт-азаттық қозғалысы мен Қазақстандағы революциялық күштердің Ұлы Октябрь революциясына ұштасу процесі және совет өкіметі жауларының талқандалуы кітапта толық көркемдік шешімін тапқан деуге болады. Шығарманың негізгі кейіпкері — жазушының өзі еңбекші бұқараның қалың ортасынан шығып, Октябрь революциясына дейін ащы өмірдің ауыр азабын тартады, тек совет өкіметі ғана оның талантын жарыққа шығарады, тәрбиелейді, өсуіне мүмкіндік туғызады. Шығармада бұл жағдай біздің бүкіл қоғамдық өмірімізге тән құбылыс ретінде, реалистік сипатта, типтік жағдайда көрінеді. С. Көбеевтің «Орындалған арман» романы мен Ғ Мұстафиннің «Көз көрген» романының сәтті жақтарын да Горький трилогиясының игі әсеріне таңуымызға болады. Мұның қайсысын да, әрине, жалаң эпигондық тұрғыда емес, творчестволық үйрену, меңгеру, ықпал мағынасында кеңінен түсінуіміз, бағалауымыз қажет.

Заманымыздың көрнекті суреткері М. Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдарынан да Горький творчествосының әсерін байқаймыз. Пролетариат жазушысының жеке адам өмірін, не жеке бір семьяның бірнеше ұрпағын қоғамдық өмірмен, оның әр сатыдағы тарихи кезеңдерімен байланыстыра суреттеп, циклды романдар жазу әдісін М. Әуезов қазақ әдебиетінде шебер меңгерді. «Абай» эпопеясында ол өзіндік бетін, өзіндік стилін және қазақ әдебиетіне ғана тән көркемдік ерекшеліктерді сақтай отырып, Горькийдің адам психологиясын суреттеу арқылы заман келбетіне лайық характер жасаудағы және аз сюжеттің негізінде кесек шығарма жа-

зудағы нәзік шеберліктерінен үйренді, өткен күннің оқиғаларын бүгінгі күннің, социалистік реализм әдісінің тұрғысынан суреттеу сырларын игерді.

Горький шығармаларының көп тиражбен жиі жарияланып тұруы, оның басым көпшілігінің қазақ тіліне аударылуы жалпы қазақ оқушыларының әдеби білімі мен көркем әдебиетке ынтасын арттыра түсумен қатар, ақын, жазушыларымыз үшін де аса көп пайдасын тигізді, әдебиетшілеріміздің барлық ұрпағының да ұлы мұрамен кеңінен танысып, одан үйрене, үлгі ала түсуіне зор мүмкіндік туғызды.

Осы айтылған үлкен табыстарға қарамастан, Горькийдің творчестволық мұрасынан үйрену ісі қазақ әдебиетінде барлық уақытта бірдей және барлық жанрда қатар өріс алып келеді деу қиын. Бұл ретте, әсіресе, кейбір жас жазушыларымыздың атына аздықөпті сын айтуға болар еді. Горькийден үйрену дегеніміздің алғашқы әліппесі — өмірді терең тани білу, творчестволық іске бүкіл мүмкіншілікті жұмсау, қандай да болмасын шығарманың жеке бір бөлігі не бөлшегі үшін асықпай ойлап, қажет бола қалған жағдайда жылдап іздену, жалықпай, аянбай еңбек ету деген сөз. Жас жазушыларымыздың кейбірінде осы жағы әлі де болса тапшы, жеткіліксіз. Горький творчествосының құнды жағынан үйрену, меңгеру ісі қазақ драматургиясында да тиісті дәрежеге көтеріле алмай келеді.

Коммунистік партияның тарихи съездері мен пленумдары қабылдаған партиялық документтер творчество қызметкерлерінің алдына айбынды міндеттер қойып отыр. Олар бір сөзбен айтқанда, бүгінгі өскелең заманымыздың талап-тілегіне сай жоғары сапалы шығарма жасау талабы болып табылады. Республикамыздың қалам қайраткерлері партия мен халық жүктеп отырған бұл абыройлы міндетті орындау жолында пролетариаттың данышпан суреткері Алексей Максимович Горькийдің асыл мұраларын бұрынғыдан да көбірек оқып, үйрене, меңгере түсетініне сенім мол. Өйткені Горький дәстүрлерін меңгеру дегеніміздің өзі советтік шындықты терең біліп, өмірді реалистік сипатта нақты суреттей алу, социалистік реализм әдісіне мейлінше шеберлене түсу деген сөз. Қоғамдық өмірдің даму қарқынынан туып отырған бұл үлкен рухани тілекке ақын, жазушыларымыздың тікелей іспен жауап бере алатындығы, заманымызға лайық шығарма жасайтындығы ешбір күмән туғызбайды. Советтік өміріміздің үлкен салты, міне, осында.

1959.

ҒАСЫРЛАР БЕЛ-БЕЛЕСІНДЕ

XV—XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Халықтың азаматтық тарихы мен әдебиет тарихының арасында өзара ұқсастық та, бір-бірінен айырма да жоқ емес. Ұқсастығы — екеуі де халық жүріп өткен ұзақ жолдың шежіресі есепті. Айырмасы — сол екі түрлі шежіренің екі түрлі міндет атқарып, әр түрлі құралмен жасалуында. Азаматтық тарих халық өмірінің әрбір тұсын, бағыт-бағдарын, белгілі оқиғаларын, тұтас алғанда, жалпы қозғалысын мұқияттылықпен, бүге-шігесіне дейін қамтуға тырысса, әдебиет тарихының өзінше заңдылығы бар. Ол халық өмірін тарихтай тәптіштемесе де, оның қадау-қадау тұстарын, оқиғаларын, негізгі беталысын, т. б. көркемдік дүниетанымға лайық тәсілдермен, жолдармен жинақтай, жеке образдар, идеялар, ойлар арқылы суреттейді, басқаша айтсақ, уақытты да, қоғамды да, адамды да сол ортаға, сол тұсқа, олардың көркемдік талабы мен талғамына лайық көркемдік құралдарымен бейнелейді.

Бізде әдебиет тарихы соңғы жылдарға дейін, көбінесе XVIII ғасырдың соңғы тұсынан бастап зерттеліп келді. Бұл кезінде жеке бір адамдардың еркінен не мінезінен туған нәтиже емес, әдебиет ғылымының жанадан туып, енді ғана өріс ала бастаған ерекшелігіне, дәлірек айтсақ, жастығына байланысты орын алған. Қазақ әдебиетінің өткендегі тарихын зерттеушілердің алдында қай кезде де үлкен мәселе тұрды. Ол — әдебиеттің тарихын зерттеу үшін алдымен сол тарихқа қатысты деректерді іздеу, табу, жариялау, сонан кейін барып зерттеу жұмысын жүргізу жайы. Бұл мәселе әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Мұның өзі әдебиетіміздің, оның, әсіресе, бұрынғы тарихының негізгі ерекшелігінен де туындайтын құбылыс. Осындай жағдайлардың нәтижесінде әдебиетіміздің тарихын соңғы 10—15 жылға дейін өзімізге уақыт жағынан жақындау, сондықтан да материалдары арғы кезендерге карағанда, кейінгі дәуірге молырақ жеткен, танысырақ тұс — XVIII ғасырдың соңғы кезінен бастап зерттеп келдік. Бұл принцип қазір өзін-

өзі ақтады. Бүгінде кейбір жеке ақындардың әр түрлі себептермен өз творчествосына лайық бағасы мен әдебиет тарихынан тиісті орнын ала алмай жүргені болмаса, әдебиетіміздің ХVІІІ ғасырдың аяғынан Ұлы Октябрьге дейінгі дәуірі көп зерттеліп, оның негізгі жолдары айқындалды, тарихы жасалды, көптеген проблемалық, тарихи-теориялық монографиялық еңбектер жарық көрді. Бұлар— қазақ әдебиеті ғылымының үлкен табысы.

Кейінгі тұста әдебиет тарихын ғасырлар тереңіне, атап айтқанда ХV—ХVІІІ ғасырларға бойлай зерттеу талабы едәуір жанданып, баспа беттерінде бір алуан пікірлер жарық көрді. Газет, журналдарда жарияланған шағын мақалаларды айтпағанда, «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1970) жинақтары басылып шықты, бұл кітаптардың алғысөздерінде осы дәуірдің поэзиясы туралы пікірлер білдірілді.

Бұл орайда атап өтерлік бір жай — қазір біз ХV—ХVІІІ ғасырлар поэзиясы деп атап жүрген поэзиялық нұсқаларымыз, сондай-ақ сол нұсқаларға байланысты аталатын жыраулар, жеке авторлар әдебиетімізге, әдебиет ғылымына тек соңғы 10—15 жылдан ғана таныс, бұрын оларды ешкім білмеді десек мүлде қателесеміз. Өйткені ХV—ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясының негізгі өкілдері өткен ғасырдың орта шеніндегі Ш. Уәлиханов зерттеулерінен бастап ғылымға жақсы таныс. Асанқайғы, Тәтіқара, Марғасқа жөніндегі Шоқан бағаларын, ойларын осы салада азды-көпті ізденген адамның білмейтіні жоқ. Қазтуған, Шәлгез, Доспамбет, Шобан, Жиёмбет, т. б. жырлары 1875 жылдан 1917 жылға дейінгі кезеңде әр алуан жинақтарда, кітапшаларда жарық көрді («Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества», Оренбург, 1875, вып. ІІІ.; М. Османов, «Ноғай уа құмық шиғырлары», Спб, 1883; М. Бекмұхамедов, «Жақсы үгіт», Қазан, 1908; А. Берқалиұлы. «Ақын», Қазан, 1912; Ғ Мұштак. «Көкселдір», Орынбор, 1911; «Шайыр», Орынбор, 1911; сондай-ақ В. В. Радловтың, Ы. Алтынсариннің белгілі кітаптарында, т. б.).

Ал, біздің тұсымызда Асан қайғы туралы байсалды, ғылыми ойлар білдірген М. Әуезов пікірлері 40—50 жылдардан баршамызға жақсы белгілі. Басқа еңбектерін айтпағанда, М. Әуезов «Қазақ ССР тарихында» (1957) Сыпыра жырау, Асан қайғы, Шәлгез, т. б. туралы, олардың жыраулық өнерді дамытудағы, поэзияда суырып салма дәстүрін өркендетудегі, сондай-ақ, хан мен халық арасындағы теңсіздікті өздерінше бағалау ерекшеліктерін лайықты атап өткенін білеміз. Осындай жайларды 30—40 жылдардағы С. Сейфуллин, С. Мұқанов еңбектерінен кездестіреміз. Кейінгі жылдарда бұл кезең поэзиясы туралы Б. Кенжебаев баспасөз бетінде, «Ертедегі әдебиет нұсқаларына» жазған кіріспесінде біраз пікірлер білдірді, Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыпта-

су кезеңдері» (1967) кітабында жеке тарау көлемінде қарастырылды. М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) зерттеуі жарық көрді, «Қазақ әдебиеті тарихында» (орыс тілінде, 3-том, 1979) Н. Смирнованың еңбегі жарияланды, Ш. Сәтбаева мен Х. Әдібаевтың «Қазақ әдебиеті» (орыс тілінде, филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық, 1979) кітабында бір тарау арналды, т. т. Демек, XV—XVIII ғасырлар поэзиясы түбегейлеп, тұтас зерттелмегені болмаса, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ол жайында әр алуан пікірлер, ойлар айтылып келеді.

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет тарихы бөлімі — XV—XVIII ғасырлар поэзиясын жинау, зерттеу жұмыстарымен 1976—1980 жылдары айналысты. Соның нәтижесінде революцияға дейін жарық көрген кітапшалар мен одан кейінгі жылдарда ел арасынан жиналып, Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қоры мен институттың қолжазба қорында сақталған материалдар негізінде «XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» жинағын құрастырды. Жинаққа енген өлең, толғаулардың бұрын қандай кітаптарда жарық көргені, текстологиялық айырмашылықтары, т. б. атап көрсетілді, өзге де түсініктер берілді.

XV—XVIII ғасырлар поэзиясын жинау, зерттеу жайын сөз еткенде әрдайым атап өтуді қажет ететін өзге бір мәселе — осы поэзияның біздің дәуірімізге жету жайы төңірегінде болмақ. Аталған дәуірлер поэзиясы алғаш қағаз бетіне кем-кемдеп түсе бастағанға дейін (1875 ж.) алды 300—400 жыл, кейінгі тұсы 100—150 жыл ауызша өмір сүрді, ұрпақтан ұрпаққа тек ауызша ауысып, жетіп отырды. Бұл бүгінде айтар ауызға ғана оңай жол. Әйтпесе, жүздеген жылдардың ауыр сыны мен салмағынан ақын мен жыраудан жүйріктің жүйрігі ғана, оның өзінде олардың творчествосының болмашы үзінділері, жеке жолдары мен шумақтары ғана жетті. Оның басты себебі: қазақ сияқты халықтың өлеңді суырып салып айту өнері соншама дарынды, өнімді, ал, оны сақтау қабілеті одан да артық деп танығанның өзінде өлеңді ұмытпай, дәл бастапқы күйінде ойша, ауызша сақтау қиынның қиыны. Өлең қанша сұлу да көркем болғанмен қысқа да нұсқа, мірдің оғындай өткір, күн сайын сан рет қайталанып жатталатын, көпке тарай, ұштала түсетін мақал-мәтел емес. Оның үстіне, өлең, толғауларды жаттап алып айтушы, таратушылардың да аз-кем ақындыққа таласының болуы орындауларындағы шығармалардың жеке тұстарын кейде ұмытып, кейде тіпті ұмытпай-ақ өздерінше өндеп, жөндеп, өзгертіп айтуына мүмкіндік беріп отырған.

Осындай алуан түрлі жағдайлардың нәтижесінде арғы дәуірлерде айтылды деп жүрген өлең, толғауларымыздың көбі дерлік біздің дәуірімізге мол өзгеріске ұшырап жеткендіктен, олардың

біраз жағдайда қазіргі шығармалардан айтарлықтай айырмасы да болмай жүр. Бұл шындықты жасырып, жабуға не елемеуге ешкімнің де хақы жоқ. Бір ғана мысал келтірейік. Асан-қайғы атына байланысты өлең, толғаулардың басқа көп өзгерістерін айтпағанда, тек тілдік ерекшелігі жағынан біздің бүгінгі тілімізден қандай өзгешелігі бар? Әрине, жоқ. XV ғасырдағы қазақ тілі біздің дәл бүгінгі тіліміздей болды деп қай тілші-ғалым кепілдік бере алады? Бұдан шығатын қорытынды: XV—XVIII ғасырларда толық мағынасындағы поэзиясының өмір сүргеніне қазір ешкім шүбә келтірмесе де, ол поэзия біздің тұсымызға бастапқы қалпында толық жеткен жоқ, ал, жеткен жеке нұсқалары сан түрлі өзгерістерге ұшырап, кейінгі дәуірлердің көп қосындыларын бойына сіңіре жетті. Әдебиет зерттеушілерінің алдында осыған байланысты туатын үлкен міндет-мүмкіншілігінше, бір кездегі поэзияның өзіндік болмысын тануға, анықтауға талпыну болса керек.

Сөйтіп, әдебиеттің арғы дәуірлердегі нұсқаларын зерттеушілердің алдында қосымша бірнеше қиындықтар тұрады. Олар — ең алдымен зерттейтін әдебиетті не сол әдебиеттің жұрнақтарын іздеу, табу, тапқанды неше түрлі ой елегінен өткізу арқылы қашан және кімнен шыққанын анықтау, бұған ең әуелі өзің сену, содан кейін барып ғылым жолымен өзгені сендіру, осылардың баршасын жинақтай келгенде бүтін бір үлкен әдеби дәуірдің ұзақ әдеби процесінен аз-кем болса да нақты, асып жатса, тұтас түсінік беру қиындығы, т. т.

XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының бізге жеткен нұсқалары негізінде қандай жинақтаушы түйіндер жасауға болады? Ең алдымен, сөз болып отырған ұзақ дәуірдің поэзиясы фольклор емес, алғашқы тұстан бастап фольклордан іргесін бөлектеп, профессионал әдебиет жасауға бағыт ұстаған баяу да болса, өзгеше бір көркемдік іздену, даралану жолы (бұл әрине, саналы түрде тандалған жол емес, өмір мен өнердің даму заңдылығынан туған жол). Бірақ, ол фольклорлық көркемдік құралдар, тәсілдер, дәстүрлер негізінде өмір сүрді. Академик Д. С. Лихачев орыс халқының ортағасырлық поэзиясына тән типологиялық өзгешеліктерді сөз еткенде, поэзияның мейлінше баяу дамығанын, себебі, мұнда кейінгі дәуірлердегідей жаңалыққа ұмтылудың болмағанын, жаңалыққа тырысудың өзі қалыптасқан ұғымды бұзу үшін жасалатын теріс әрекеттей көрінгенін, ойды, идеяны нақылдай, мақалдай, афористік сөздер арқылы, бір-біріне қарама-қарсы көріністерді салыстыру негізінде бейнелеу тәсілінің орын алғанын атап көрсетеді¹.

¹ Лихачев Д. С. Развитие русской литературы X—XVII вв. Л., 1973. С. 6—58.

Осындай жайларды XV—XVIII ғасырлар қазақ поэзиясынан да көреміз. Оның себебі: бұл екі әдебиеттің өзара туысқандығынан емес, тағы да сол ғалымның айтқанындай, феодалдық өмірге тән ортақ дүниетаным мен эстетикалық талап-талғамға байланысты екенін байқаймыз. Қазақ поэзиясы XV—XVIII ғасырларда қанша шабан дамыса да, бір кездегі мол поэзиядан бізге азғана нұсқалар күйінде жетсе де, өзінің ұзақ жолында бір бағытта, яғни жазба әдебиетті қалыптастыру бағытында қызмет етті, өзінің әрбір елеулі қадамымен, кезеңімен болашақ әдебиетке жақындай және оны әзірлей түсті, барша ірілі-ұсақты табысын осы мақсатта жинағандай, жинақтағандай болды.

Айқын творчестволық даралығымен көрінген ірі жыраулар жалпы жыраулық творчествоны ілгерілетумен бірге, ауыз әдебиетінен бірте-бірте ұзап, поэзияның көркемдік қорына аз-кем үлесін қоса отырып, болашақ әдебиеттің тууын жеделдетті. Асанқайғы атымен аталатын шағын жолдардан бастап Бұқарға дейінгі поэзияны ойша шолсақ, осы қозғалысты, кем-кемдеп есеюді, сонымен бірге поэзия бойындағы жалпы тұтастықты, ортақ дүниетаным мен көркемдік ойлау, бейнелеу тәсілдерінің бірлігін барша болмысымен көреміз, танимыз. Мысал үшін мына жайды атауымызға болады. XV ғасырдағы Асанқайғының Әз-Жәнібек ханға айтқаны мен XVIII ғасырда Бұқардың Абылай ханға айтқан толғауының арасында жалпы принцип жағынан да, көркемдік тәсіл жағынан да қаншама ұқсастық, ұластық, жалғастық бар, түр мен мазмұн жағындағы туыстық өз алдына. Бұның бірі жыраулық форманың ауыз әдебиетінен алғашқы бөліну тұсын білдірсе, екіншісі — оның бірнеше ғасыр бойы дами отырып, өзінің биік белесіне көтерілгенінің белгісі. Осы тәрізді көріністердің қайсысы да сөз болып отырған кезең поэзияның бір көркемдік арнада өмір сүргенінің, сонымен қатар іштей өзара тұтастық, жалғастық, жүйелілікпен дамығандығының дәлелі.

XV—XVIII ғасырлардағы поэзияның бірден-бір жанры — толғау Шөлгез, Жиёмбет, Бұқар сияқты белгілі жыраулар творчествосы арқылы бірте-бірте толыса, молыға отырып XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Махамбетке жеткенде ауыз әдебиетінен айқын алыстап, жазба әдебиетке тура ден қойды. Бұл баршамызға аян шындық. Сөйтіп, XIX ғасырдың ортасында дүниеге келген қазақ жазба әдебиеті бір күнде, бір мезгілде туған жоқ, ұзақ көркемдік іздену негізінде, ауыз әдебиетінен бірте-бірте ұзау негізінде туды. Бұл процесс бірнеше ғасырға созылды. Қазақ поэзиясының XV—XVIII ғасырлардағы кезеңін тұтастай бағалар болсақ, ол фольклордан жеке авторлардың алғаш бөлініп шыққан кезінен бастап жазба әдебиет туғанға дейінгі екі ортадағы өткінші кезең, өзіндік туу, іздену, өрлеу жолы бар жанды әдеби процесс.

Әрбір халықтың қалыптасуы, біртұтас халық ретінде дүниеге келуі түрлі тарихи-әлеуметтік, этногеографиялық, мәдени-тілдік, т. б. факторлармен қатар, таза уақыт жағынан алғанда бірнеше ғасырдың жемісі, нәтижесі. Сондай ұзақ процестің, тарихи өсу жолының нәтижесінде белгілі бір халық дәрежесіне жеткен адамдар қоғамының азаматтық тарихы алуан түрлі оқиғаларға қандай бай болса, оның рухани немесе мәдени тарихы да өзінің алғашқы бұлақ-көздерін өте әріден, ғасырлар тереңінен бастауы заңды құбылыс. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бүгінде біз білетін көптеген халықты құраған біраз тайпалар мен рулардың өз алдына жеке-жеке тіршілік еткен сонау алыстағы дәуірлердің өзіне лайық азды-көпті мәдениеті болғаны белгілі (бұған дәлел ретінде, онша әріге бармай-ақ, XI—XIV ғасырлар арасындағы Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі жазба және сәулет өнерінің ескерткіштерін атасақ та жеткілікті).

Демек, әрбір халықтың мәдениеті мен әдебиетінің сол халықпен бірге арғы дәуірлерден бері өзінше, өз дәрежесіне лайық өмір сүріп келе жатқанына шүбәлануға болмайды. Ал, оның біздің заманымызға жету-жетпеуі, жетсе, қалайша жетуі, ғасырлар тізбегінен өту жайы, алуан түрлі жағдайларды бастан кешіруі, кейде тіпті өзгерістерге ұшырауы, т. б. екінші бір негізгі мәселе. Негізгі болатын себебі: әдебиет пен мәдениеттің арғы дәуірлерден келе жатқанын теория жүзінде дәлелдеумен іс бітпейді. Әңгіме соны айқындауда, анықтауда, ғасырлар қатпарынан іріктеп, тазартып алуда. Міне, бұл оңай міндет емес. Әсіресе, жазу-сызу мәдениеті кеш дамыған, өзі өткен ұзақ жолдағы тарихи-мәдени, әдеби дүниелері мен оқиғаларын кезінде қағаз бетіне түсіріп отырмаған қазақ халқының әріректегі әдебиетін зерттеу жағдайында өте-мөте қиын. Әрине, қиындықтан жалтару, қашу немесе соның салдарынан тоқтап қалу — ғылыми жол емес. Ғылымның міндеті — бар нәрсені, бір кезде болған нәрсені шама келгенінше анықтау, айқындау, ең болмағанда соған тырысу, ұмтылу. Бұл теңіз түбіндегі тұнып қалған інжу-маржанды іздеп, алумен бірдей қиын іс. Мұнда кейде қолға іздеген асыл тас түспей, қажетсіз, жай тас түсуі де мүмкін. Қажет дүниені іздеуге кеткен күш пен уақыттан табылған нәрсенің аз болуы да ықтимал. Бірақ, ғылым үшін мұның қайсысы да қажет. Өйткені қиындықты жеңбейінше іздеген нәрсең табылмақ та, танылмақ та емес. Сондықтан тарихтың ұмыт болған бұрыштарынан табылған, танылған аздаған дүниенің өзі ғылым саласында өзін-өзі толық ақтап, халқымыздың тарихи, мәдени, әдеби өсу жолындағы осы кезге дейін анықталмай келген жеке бір сатыларын тиісті дәрежеде танып білуімізге көп көмегін тигізбек. Бұл

принцип, сондай-ақ, маркстік-лениндік дүниетаным принципі болып табылады. Марксизм-ленинизм ілімі ғылым бір орында тұрып қалмай, үнемі ізденуге тиіс, бұл жол анық нәрседен анық емес нәрсені білуге, тануға қарай апаруға, белгіліден белгісізді ажыратуға тиіс деп үйретеді. Демек, біздің барша ғылыми қауымымыздың әдебиет, мәдениет тарихын ғасырлар тереңіне бойлай зерттеу талабы, ізденістері барлық жағынан құптарлық іс.

Осы ретте үнемі есте тұтатын өзге бір жәйт, ескі мұраны тану, бағалау, дұрыс іріктеп алу болмақ. Ескінің бәрі бірдей асыл емес, көне дәуірдің көзіндегі мұралардан асылы мен абзалын ғана таңдап, талғап ала білу қажет. Адамзат қоғамының тарихы таптар тартысының тарихы екенін бір сәт естен шығаруға болмайды. Сондықтан халық пен қоғамның даму, өсу, өрлеу талабына қайшы келмейтін, дәуір шындығын белгілі дәрежеде тануға көмегін, септігін тигізетін әдеби, мәдени нұсқаларды, құбылыстарды іріктеп ала білуге тиіспіз. «Әрбір ұлттық мәдениетте, — деп үйретеді В. И. Ленин, — демократиялық және социалистік мәдениеттің жетілмеген болса да элементтері бар, өйткені әрбір ұлтта еңбекші және қаналушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды... әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін ғана аламыз»²

Данышпан көсеміміздің бұл пікірлері кейінгі дәуірдегі буржуазиялық қоғамдар туралы айтылғанымен, бұрынырақтағы феодалдық, рулық-феодалдық қоғамдарда туған мәдени мұраларға да қатысты. Себебі: мұнда мұраға таптық тұрғыдан, халық тұрғысынан, қоғамдық прогресс тұрғысынан келу принципі қойылған. Ал, бұл принциптің қандай дәуір үшін де қажеттігі өз-өзінен түсінікті.

Көне дәуірлер құбылыстарын, оқиғаларын, фактілерін зерттеу, тану, бағалау, олардың барлығына ортақ даму, өсу сырларын айқындау, жүйелеу мәселесіне келер болсақ, мұнда да абзал ойды, теориялық нұсқауды В. И. Ленин еңбектерінен табамыз. «...мәселеге ғылыми тұрғыдан кірісу үшін ең маңызды нәрсе — негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселеге: тарихта сол белгілі бір құбылыс қалай пайда болды, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай басты-басты кезеңдерден өтті деген тұрғыдан қарау, сөйтіп, оның осы дамуы жағынан қарағанда қазір оның не нәрсеге айналғанын байқау»³

² Ленин В. И. Шығармаларының толық жинағы. 24-т. 135-б.

³ Ленин В. И. Шығармаларының толық жинағы. 39-т. 73-б.

Көне дәуір әдебиетін зерттеу барысында соңғы жылдарда бір алуан жұмыстар жасалғанын айттық. Соның ішінде «Ертедегі әдебиет нұсқалары»⁴, «Алдаспан»⁵ жинақтарының орны бөлек. Бұл екі кітаптың бағалы жағы сол, оларды жазған, құрастырған авторлар коллективі «мәселені анықтайық, шешейік» деп ұран тастаудан гөрі, тікелей іске кірісіп, осы салада біраз іс тындырды, шығармалар көлемі мен ақындар санын мөлшерледі, олар жөнінде алғаш пікір білдіріп, баға берді, т. б.

«Ертедегі әдебиет нұсқалары» негізгі екі бөлімнен құралады (V—VIII ғасырлардан XIV ғасырға дейінгі Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі жазба ескерткіштер және XV—XVIII ғасырлар поэзиясы). Бірінші бөлімде құрастырушылар тобы орхон-енисей жазбаларынан бастап Рабғузидің «Қыссасс-ул-әмбия» кітабына дейінгі жазба деректердің қазақ тіліне, мәдениетіне қатысын сөз етеді. Бұл өредегі салыстырулар мен аудармалардың, ойлар мен пікірлердің қайсысы да алғашқы іздену, барлау дәрежесіндегі шағын түйіндер. Олар кейінгі зерттеулердің басы, бастамасы болуға тиіс.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде XI—XIV ғасырларда (кей ретте одан да бұрынырақ) туған жазба ескерткіштер жөнінде қазір позициямыз едәуір айқын. Осы аймақты мекендеген ру, тайпалар жеке-жеке халық боп топтасқанға, қалыптасқанға дейінгі дәуірлерде пайда болған жазба ескерткіштерді бүгінде жеке бір халыққа телудің теріс екені, онда осы жерлерде өмір сүрген барша ру-ұлыстардың үлесі бар екені — қазір талассыз мәселе деуге болады. Сондықтан алдағы уақытта ана шығарма өзбекке, мына шығарма қазаққа тиісті деуден гөрі, сол туындыға тіл, тарих, этнография, фольклор, т. б. тұрғысынан қаншалықты ортақтығымызды айқындау қажет, сол арқылы жеке халық боп қалыптасқанға дейінгі өткен жолдарымызды, халық болуға бет алған эволюциямызды анықтай түсуіміз керек.

Әрине, бұл ретте «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» аталған ескерткіштердің баршасын түгел зерттеудің қажеттігі болмас, сондай-ақ олардың дәл осы мәселеде бағалылығы да бір дәрежеде емес. Ал, аса әйгілілерін («Диван луғат-әт-түрк», «Қутадғу біліг», «Кодекс Куманикус», т. б.) алғашқы кезекте зерттеу, жариялау алдағы уақыттың кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болуға тиіс. Бірақ, бұл жариялау мен зерттеу жазба ескерткіштердің

⁴ Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы. 1967. Құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, К. Сыдиқов.

⁵ Алдаспан. Алматы, 1971. Құрастырушы М. Мағауин.

орыс, өзбек тіліндегі кейінгі басылымдарын аударып салу тұрғысында жүзеге асырылмай, шама келгенінше сол жазбалардың көне нұсқаларынан алынуға тиіс. Сонда ғана еңбегіміз ғылыми бағалы болмақ. Бұл үшін, әрине, маман кадрлар даярлау қажет, сонымен қатар зерттеу мекемелерінің күш біріктіруі, бірлесіп еңбек етуі шарт.

XV—XVIII ғасырлар әдебиеті деп жүргендеріміз біздің дәуірімізге негізінен ауызша жетті (Шәлгездің өлеңдері XIX ғасырдың басында біраз жарияланды. Доспамбет, Жиёмбеттің жеке өлеңдері осы тұста жарық көрді, соның өзінде олар бұған дейін 200—300 жылдай ауызша өмір сүрген). Сол себепті де ғылыми қауым белгілі бір дәуірдің әдебиетін ауызша сақталған материалдардың негізінде құрастыруға көп уақыт бойы бара алмай жүрді. Мұны, әрине, түсінуге болады. Жасыратыны жоқ, қазірдің өзінде бір адамның сөзі, не бір шумақ өлеңі екінші, үшінші адамға ауызша жеткенде біраз өзгеріп, ал төртінші, бесінші адамға жеткенде бастапқы қалпынан мүлде айрылып, ішінара, сөздің кімнен, қалай шыққаны да ұмыт болады. Бұған бүгінде ешкім танданбайды. Олай болса, екі, үш жүз (кейде тіпті онан да көп) жыл ауызша өмір сүрген өлең туралы не айтуға болады. Сондықтан да ертеректегі адамдардың, ақындардың төңірегінде ақиқаттан гөрі, аңыз басым, ал аңыздан шындықты арылтып алу оңай міндет емес. Рас, жақсы өлең, тапқыр, ұтымды айтылған сөз, нақыл сөз, мақал сөз өлмейді делік. Бірақ, сол өлмейдінің де шегі бар. Ғасырлар тізбегі адамның ауызша есте сақтау қабілеті үшін оңай жүк емес. Оның үстіне ауызша сақтаушылардың тексті кейде (жеке шумактарын, үзінділерін) ұмытып қалып, өзінше, өз қоспасымен айта тындары да немесе автордың атын ұмытып, өзі білетін біреуге тели салуы да көп кездесетін жайт. Міне, осындай сан алуан жағдайлардың негізінде XV—XVIII ғасырлардың поэзиялық нұсқалары XIX—XX ғасырларға шаршап-шалдығып жетті. Сондықтан біздің де, басқаның да қолында дәл мына өлең Асандікі, не Жиёмбеттікі, не Бұқардікі (М. Көпеевтің өзі Бұқар өлеңдерін 120—150 жыл кейін жазып алды) деп кесіп, пішіп айтуға мұрындық боларлықтай арғы дәуірлерден қалған жазба дерек жоқ. Жазба дерек жоқ жерде қосалқы көп дәлелден (заман шындығы, әр автордың өмірді бейнелеу, баяндау, суреттеу тәсілдері мен құралдарының ұқсастығы мен айырмасы, басқаша айтқанда, стиль өзіндігі, өзгешелігі т. б.) басқа амал да жоқ. Бізге дейінгі «Ертедегі әдебиет нұсқаларының» да, «Алдаспанның» да, сондай-ақ ұсынылып отырған жинақты құрастырушылардың да сүйенгені, міне, негізінен осы тәсіл. Сол себепті жеке шығарма төңірегіндегі талас пікірлер (егер оңдайлар болса) әр түрлі жорамал мен қосалқы жайлардың жиынтығы негізінде болуы ғана мүмкін. Мұндайда әр құрастыру-

шының (не құрастырушылардың) өзіндік дәлелдері болатыны хақ. Бұларды, егер теріс болса, жалғыз ауыз көне жазба дерек арқылы ғана жөндеуге болады. Өзге жайдың бәрі долбар, жорамал ғана. Осыны ескеруіміз қажет.

* * *

Түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз болған ру, тайпа, ұлыстарда ақын, жырау, жыршылардың көп болғанын, тіпті ірі талант иелерінің өмір сүргенін дәлелдейтін деректер аз емес. Бұдан шығатын қорытынды — түркі тілдес рулар мен тайпаларда ауыз әдебиетімен қатар, жеке ақын, жырау поэзиясының көне замандардан бері белгілі арнамен даму шындығы, дәстүрлер аясында өмір сүру фактысы. Олардың баршасы біздің заманымызға жеткен жоқ, жетуі қиын да еді. Бұл өзге мәселе.

«Қазақстан жерін мекендеген, — деп жазады Ә. Марғұлан, — ежелгі тайпалардың қоғамдық өмірінде ақынның қандай роль атқарғанын ертедегі үйсін, қаңлы, т. б. руларда болған... жазулар айғақтай түседі.

Ақынның осы ролі Орхон, Талас бойынан табылған Бильге—Қаган мен оның інісі Кюль—Тиген (VII ғ. соңы VIII ғ. басы) ескерткіштеріндегі жазбаларда айқынырақ көрінеді. Бұларда өлеңді шығарушы ақынның өзіндік ерекшелігі, ежелгі ақындық тәсілдер мен эпикалық дәстүрлерді жасаудағы ролі байқалады. Кюль-Тегин жазбасында тұрмыс-салт поэзиясына тән мотивтердің (жоқтау) кейін эпосқа айналғанын көреміз»⁶.

Түркі тілдес халықтарға ортақ жазба ескерткіштердің ішінде ақын, жыршы (сказитель) туралы бір алуан деректі Махмұт Қашқаридің XI ғасырдың 70-жылдарында жазылған «Диван-луғат-эт-түрк» кітабынан табамыз. Мұнда бір емес, бірнеше автордың аттары аталады. Солардың ішінде ең көрнектісі — Шөже ақын.

Шамамен XV ғасырдың орта тұсында парсы тілінде жазылған «Шаджарат-ал-эт-түрік» («Түріктер шежіресі», авторы белгісіз) деп аталатын еңбекте өзге бір түркі тілдес тайпа ақынын кездестіреміз. Ол — Ұлық жыршы. Ұлық жыршы XIII ғасырдың алғашқы жарымында Орта Азия жеріндегі эмирлердің бірінің төңірегінде өмір сүрген.

Қазақ арасында сақталған ақындардың ең әрісі — Қыдан тайшы (әр жазбада әр түрлі аталады — Қутан, Қотан, Кодян, т. б.). Көне эпостардың бірі — «Қобыланды» жырынан Қыдан есімін алғаш кездестіреміз. С. Сейфуллиннің жазбаларында Қыдан — Ар-

⁶ Марғулан А. М. Ауэзов: Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959. С. 72.

ғынның Ақжол атанған биі Дайырқожаның әкесі делінеді. Дайырқожаны Қобыланды өлтіргенде «Қара қыпшақ Қобыландыда нен бар еді, құлыным?» — деген белгілі өлеңді айтыпты дейді. Кейінгі дәуірдің аңыздары да осы өреге жақындайды. Ә. Марғұланның еңбектерінде Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау округтерінің ақындары Қыдан (Құтан) ақынды өздерінің түп атасындай танып, мақтаныш етіп келген делінеді. Осының дәлелі ретінде Жанак ақынның бір ауыз өлеңін келтіреді.

Ертеде Арғын-ата болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Құтан
Өлеңге бізден ұста болса керек ⁷

Бұл деректердің біразы осы ғасырдың басында жарияланған шежірелерде жарық көрді.

Қазақ арасында аты кең жайылған (бірақ, өз атымен шығармасы сақталмаған) үлкен ақынның бірі — Сыпыра жырау. Сұрғантайұлы Сыпыра жырау ноғайлы-қазақ ақын-жырауларының атасы есепті. Оның өмір сүрген кезі XIV ғасыр деп шамаланады ⁸. Бірақ, жырау жайындағы аңыздарда оның жасы туралы сөздер әр алуан. Бірінде 180 жыл өмір сүрген десе, енді бірінде 230 жастағы қарт жырау делінеді. Үшіншісінде тағы басқаша. Ноғайлы жырларында Сыпыра жыраудың жасы шамадан тыс әсіреленеді. Жырау бұларда да ханның ақылгөй, батагөй қарты ролінде көрінеді.

Сыпыра деген жыраудың,
Атқа мінер әлі жоқ,
Мінсе түсер әлі жоқ.
Бұта білен белін будырған,
Уаламан жақларын удурған...⁹
...Алпыс екі хан көрдім,
Үзеңгісі ойма алтын,
Бір өрмісі биң алтын,
Оны көрген қартпын мен.
Үш жүз тоқсан екі жастамын,
Отрук дагіл тастаман ¹⁰.

Жыраудың жасына байланысты әсірелеудің артық-кемі өз алдына мәселе. Бірақ, қалай болғанда да осылардың барлығына ортақ

⁷ Марғұлан Ә. Аталған кітапта. 78—79-б. Зерттеуші орыс шежірелерінде Құтан есімді адамның половцы — қыпшақтарда князь болғанын, XIII ғасырда жазылған ежелгі қыпшақ жөніндегі деректерде қыпшақтардың белгілі ру басы болғанын атап өтеді.

⁸ Сонда. 74-б.

⁹ Дәл осыған ұқсас жолдар қазақ арасында да сақталған («190 жас жасаған, азу тісі босаған. Сыпыра деген қартыңыз...»).

¹⁰ Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VII. Наречия Крымского полуострова. Спб., 1896. С. 147—148.

жай — оның көп жасағандығы. Мұны жыраудың қазақ жырларындағы ұзақ монологтарынан да байқаймыз. Ол ноғайлы хандарының көбін көзімен көрген адам боп көрінеді.

Ақын, жырау, жыршы жөнінде қазір пікір қозғап жатудың қажеті жоқ. М. Әуезовтің, Қ. Жұмалиевтің, Ә. Марғұланның, Е. Ысмайыловтың зерттеулерінде бұлардың қай-қайсына да толық анықтама берілді. Дегенмен осы арада қазақ жырауларына тән кейбір жайларды топтап атай өтудің артықшылығы болмас. Жыраулар көбінесе елдік мәні үлкен, келелі мәселелердің тұсында халық пен ханға бірдей ақылшы, көпті көрген кемеңгер ойшыл ретінде көрінді, айтпақ ойларын толғау түрінде философиялық, дидактикалық түйіндер арқылы, өмір құбылыстарын, тарих пен кейінгі өмірді, жақсы мен жаманды, адамдық пен жауыздықты, өмір мен өлімді, т. б. салыстыру арқылы, психологиялық параллелизмдер негізінде, патетикалық рухта жеткізеді. Міне, осы асқақ стильдің басы түркі тілдес халықтардың поэзиясында әріден басталады. Соның бір мысалы Сыпыра жырау.

Сыпыра жырау қай жырда да халық басына ауыр іс түскен мезгілде көрініп, түбегейлі ой айтады, ол ой халықтың тыныш, бейбіт өмір туралы арман-тілегінен онша ұзап кетпейді. Жырдың бірінде Тоқтамыс пен Едігенің билікке таласы, Едігенің қашып кетуі, осы кездегі ноғайлы елінің ауыр халы сөз болады. Сонда еасқан ел кәріліктен жағы түсуге айналған Сыпыра жыраудан ақыл сұрайды ¹¹

Ноғайлының ауыр жұрт,
Абдырады айланды.
Айналып кеңес таппады,
Тіл мен жағы байланды...
Аузында отыз тісі жоқ,
Адам көрер түсі жоқ...
Сыпыра сынды сұм жырау...
Толғайды да сарнайды,
Сарнайды да жырлайды...
...Керегенді кертер-ді,
Күл қылып отқа өртер-ді,
Туырлығың тілер ол,
Тіліп тоқым қылар ол.
Тоқсан басты ақ орда,
Тонамай не болар-ды.
...Сонау бір жалғыз құбаша ұл,
Әлі де ұзап кеткен жоқ,
Еділден әрі өткен жоқ.
Тоғыз мынау еріңді,
Тобыменен жібер де,
Алдап-сулап қасыңа ал,
Қасыңа ал да басын ал!..¹²

¹¹ Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы, 1964. 6-т. 312-б.

¹² Сонда. 312—313-б.

Осы сөзді, осы ойды Сыпыра жырау шын мәнінде айтты ма, жоқ па, әлде ол кейінгі дәуірдің, тарихтың бағасы ретінде кеш туып, жырауға кейін таңылды ма — бұл араларын айыру өте қиын. Бірақ, қандай болғанда да ол өзекті ой, орынды баға. Мұнда тарихи Едігеге берілген халық бағасы бар деп түсінуге болады. Соны халық көпті көрген кәрі жыраудың уәлі аузымен айтқан тәрізді. Әдетте жырауларға өмірдің алдын болжау, көріпкелдік қасиеттер таңылады. Бұл қасиет Сыпыра жыраудан басталып, кейінгі көп жырауларға тән ерекшелік болып көрінеді.

«Ер Тарғын» жырында да Сыпыра жырау үлкен рольде көзге түседі. Ханзада хан мен Тарғынның арасын бітістіруші қызметін атқарады. Ханзада ханның опасыздығын бетіне басып, батырдың ашуын қайтарады, батырды ханға өкпелеп елінен безбеуге, елімен жауықпауға шақырады.

Аруакты ер болсан,
Не қыласың бір қызды.
Жас баладай жайдақтап,
Жас тайлақтай ойнақтап,
Шыға берме төрлерге, —

дейді жырау батырға (Ханзада қызын Тарғынға бермек боп, кейін алдап кеткенде).

Сөйтіп, Сыпыра жыраудың өз атымен сақталған шығарма болмаса да, қазақ, ноғай арасында таралған жырлар мен аңыздарда жыраудың өмір сүрген заманы мен атқарған үлкен роліне, елдік, ерлік мәселелерін алға тартып, оларды өзіне негізгі нысана, мақсат етіп отырғанына байланысты алшақтық байқалмайды. Керісінше, барлығы жинала келіп, өмірден көргені мен түйгені көп, тәжірибесі мол, уәлі ауыз, дана қарияның бейнесін жасайды.

* * *

Қазақ поэзиясының пайда болуын XV ғасырдан бері қарай іздеу, табу талабының біраз орынды жағы бар. Біріншіден, қазақ халқының XV ғасырдың орта тұсынан бастап өз алдына ел, жұрт, халық боп қалыптаса бастағаны бүгінде талас туғызбайды. Екіншіден, XV ғасырдан аты мәлім Асанқайғы сияқты адамдар кейінгі замандарда көбінесе аңыз-әңгімеге айналып кетсе де, олардың өмір сүрген кезеңі мен ісі жайындағы аңыздар едәуір тұрақты және бірін-бірі толықтыра түседі, өзара жақын. Мұны тек қазақ аңыздары жайында ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтардың қай-қайсысында да орын алып келген аңыз-әңгімелер тарапында айтуға болады. Асан туралы аңыздар ноғай, қырғыз, қарақалпақ халықтарында да сақталған. Бұларда Асанның өмір сүрген кезеңі

мен сөздеріне байланысты қазақ аңыздарынан алшақтық жоқ. Осы тараптағы деректердің қай-қайсысы да оны тарихи адам ретінде тануымызға жақындата түседі. Үшіншіден, ол XV ғасырда аз да болса ақындық ой қозғаған адам, одан бергі XVI—XVIII ғасырларда өмір сүрген бірлі-жарым ақын, жыраулардың есімдерін Асанға қарағанда нақтырақ білеміз. Демек, XV ғасырдан бастап көрініс берген поэзиямыз XVIII ғасырға дейін өзіндік шағын желісін үзбей жеткен болады, арада бір не бірнеше ғасырға созылған бос орын қалмайды. Басқаша айтсақ, кезінде өзінше өмір сүрген әдеби процестен, ақындық дәстүр мен жалғастық жүйесінен осылайша аз да болса, түсінік, ұғым алуымызға мүмкіндік туады.

Асанқайғы туралы қағаз бетіне түскен шағын жазба дерек өткен ғасырдан, Шоқан Уәлиханов еңбектерінен бастап көрінеді. Олардың өзі халық арасында кең тараған аңыздардан алынған. Алайда, Шоқан Асанның тарихи адам екеніне еш шүбә келтірмейді. «Ноғайлы мен қазақтың туысқан қос ордасын Жәнібек билеген кез қырғыз (қазақ — Ә. Д.) жырларында алтын ғасыр деп мадақталады, — дейді ғалым, — дала тұрғындарының осы күнге дейін айтып келген данышпан Жиренше шешен, Әз-Жәнібек, ноғайлы философы Асанқайғы жайындағы аңыздары мен нақыл сөздерінің көпшілігі сол Жәнібек заманына қатысты»¹³. Шоқан жазбаларында Асанның дала философы деген үлкен бағаға ие болып, көрнекті ойшыл ретінде айтылуы таңқаларлық емес. Асан тарихи болсын, болмасын, Шоқан оның аузымен айтылатын халықтық арман-тілекті, мұн-шерді аса жоғары бағалаған. Ғалымның Асанды ноғайлы философы деуіне келсек, оның мәні былай: Осы атпен белгілі болған жырау халық аңыздарының қайсысында да Жәнібек дәуірінің адамы боп көрінеді. Бұл қазақ халқының қалыптасу жолына енді ғана бет алған кезі еді, бірсыпыра рулар бұл кезде әлі ноғайлы деген атпен өмір сүрді, олардың қазақ халқына қосылуы XVI ғасырдың орта, тіпті аяқ шеніне дейін созылды. Осы сияқты жағдайларға қарағанда Асанның ноғайлы адамы болып аталуы ешкімді де таңдандырмайды, ол туралы аңыздардың ноғай халқында да сақталуы сол шындықтан елес беретін тәрізді.

Белгілі тарихшы Құрбанғали Халитовтың «Тауарих хамса» кітабында Асанқайғы туралы екі ұдай дерек беріледі. Бірінде: «Асанқайғы асылы ноғай емеш, Шыңғыс ханның мұғасары ұлан Майқы бидің алтыншы небересі дейділер»¹⁴, — делінсе, екіншісінде оның ноғайлыдан шыққандығын дәлелдейтін дерек келтіріледі. Найман Құдабай ақыннан жазып алдым деп мына өлеңді жариялайды:

¹³ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 218.

¹⁴ Халитов Қ. Тауарих хамса. Казан, 1910. 222-б.

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұ сөзге анық қанық емес едім,
Естігенім тақсыр-ау бұлай деймін.
Түбінде ноғай, қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Ормамбет хан ордадан шыққан күнде
Асан ата қайғырып айтыпты жыр¹⁵.

Құдабай бұл сөзді Құрбанғали Халитовке 1885 жылы (Қыжыра бойынша 1288 жыл) 18 жастағы жігіт кезінде әкем Қойшаннан естідім, — деп айтқан. «Қойшан Найманда бір дана, білімді адам болса керек», — дейді Халитов.

Енді осы сөздердің шындыққа қатысын сөз етер болсақ, мына жайларды байқаймыз. Асан Майқы бидің алтыншы ұрпағы болса, Майқы би — Шыңғыс ханның (1155—1227) замандасы, үйсіннің белгілі ру басы. Майқының әлеуметтік ортасы мен өмір сүрген кезі туралы Шоқаннан басқа, орыс тарихшылары да өткен ғасырда көптеген материалдарды тауып жариялады. Бұлардың араларында принципті айырма жоқ. «Түбір сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген сөз де осы кісінің атымен байланысты шығып сақталған. Орыс тарихшыларының ұрпақ бойынша уақыт мерзімін анықтау өлшемін негізге алсақ, әр ұрпаққа 25—30 жыл беріледі. Сонда алты ұрпақтың өсуіне шамамен 150 жылдай уақыт керек. Бұл тұрғыдан келгенде, Асан Жәнібек тұсында өмір сүрді деген версияға айтарлықтай қайшылық келмейді. XIII ғасырдың алғашқы жарымында өмір сүрген Майқы заманына 150—160 жылды қоссақ, XV ғасырдың орта тұсында өз алдына хандық құра бастаған Жәнібек дәуіріне біраз жақындай түседі. Асанның арғы тегін, руын дәл осы өреде сөз ететін өзге материал әзірге кездескен жоқ.

Халитов келтірген екінші дерек біраз толық күйінде Сәкен Сейфуллиннің зерттеуінде кездеседі¹⁶, ол мұны Халитовтан алдым демейді. Алматы төңірегіндегі белгілі мұғалім Сабыржан Құрмашұлынан жазып алғанын айтады. Бірақ, Сабыржан Сәкенге тапсырған материалының негізін Құдабай ақынның өз аузынан (Халитовтың кітабынан емес) жазып алғанын ескертеді. Бұл екі материалдың арасында айтарлықтай айырма жоқ. Екеуі де Асанның ноғайлыдан шыққанын және осы елдің беделді, белді адамы болғанын баса көрсетеді. Бірақ, осыған сенгеннің өзінде «Ормамбет хан ордадан шыққан күнде, Асан ата қайғырып айтыпты жыр» дегенге сену қиын. Себебі, Ормамбеттің қайтыс болуы XVI ғасырдың соңғы тұсы, яғни 1597—1598 жылдар. Асанның Жәнібек тұ-

¹⁵ Сонда. 261-б.

¹⁶ Сейфуллин С. Шығармалары. Алматы, 1964. 6-т. 323-б.

сында белгілі қайраткер ретінде өмір сүргені рас болса (демек, ол 1450 жылдарда аузы уәлі, кексе адам болса), енді оның арада 150 жылға жуық уақыт өткеннен кейін де дәл сол күйінде көрінуі шындыққа жанасынқырамайды. Біздің жобалауымызша, Асанды Ормамбет заманына жақындату—кейінгі дәуірдің қосымшасы тәрізді. Шоқаннан басталатын зерттеушілердің үлкен тобы және ауызша сақталған аңыз-әңгімелердің басым көпшілігі Асанды Жәнібек заманының адамы етіп көрсетеді. Осы версия шындыққа біраз жақын сияқты.

Асан туралы көп орнықты, түбегейлі пікір айтқан ғалым — М. Әуезов. «Бұл тарихта болған адам, — деп жазды ол алты томды «Қазақ әдебиетінің тарихында»; — бірақ тірлік еткен заманы Жәнібек тұсы дегені болмаса, дәлді кім екені, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп өтіп еді, — ол жайының ешқайсысынан дәл дерек жоқ. Тарихта болған адамдар ішінде өмір сорабы, іс еңбегі халықтың нағыз ертегісі болып, тек сол қалыпта ғана ой жадында сақталған адамның бірі осы Асан қайғы»¹⁷. М. Әуезов Асанқайғы туралы біздің заманымызға жеткен аңыздарды екі топқа бөліп қарайды: «алғашқы мол тобынан халықтық сана көрінсе, екінші тобынан — саны азырақ түрлерінде өте кертартпа, реакцияшыл хан — феодалдар санасы танылады»¹⁸, — дейді. Асан жайындағы аңыздарды бұлайша бөле, жіктей қараудың ұтымдылығы — сол аңыздардың тереңінде жатқан халықтық арман-тілекті, жақсы да жайлы өмір туралы ізденістерді айыра, ажырата тануымызға мүмкіндік береді.

XV ғасырда өмір сүрді делініп жүрген Асанқайғы мен Қазтуған атына байланысты өлең-әңгімелерге, аңыздарға ортақ өзекті ой, негізінен жайлы жер, жақсы қоныс іздеу төңірегінде. Осы жайды қалайша түсінуге және түсіндіруге болады?

Біздіңше, оның, негізінен, екі түрлі объективті себебі бар.

Біріншіден, онша әріге бармай-ақ, Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген ру, тайпалардың XV ғасырға дейінгі алты-жеті ғасырлық өмірін алсақ, бұл тұста осы өңірде сан алуан мемлекеттердің құрылып және қирап үлгергенін, үздіксіз қан төгісті, сұрапыл соғыс жорықтарын көреміз. Тарих бетін аударып қарасак, халық өмірінде бейбіт кез тіпті болмаған тәрізді. VII ғасырдың орта шенінде Орта Азияға араб шапқыншылары келіп, Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі елдердің шаруашылығы мен тұрмысын талан-таражыға салса, VIII—X ғасырларда Жетісу мен оңтүстік аудандарда Қарлұқ мемлекетінің күшпен, үлкен қантөгіспен құрылғанын білеміз. X ғасырдың орта шенінде дәл сондай жолмен

¹⁷ Қазақ әдебиетінің тарихы. Жалпы редакциясын басқарған академик М. О. Әуезов. Алматы, 1960. 1-т. 255—256-б.

¹⁸ Сонда. 256-б.

осы территорияда Қараханидтер мемлекеті құрылады, Қазақстанның батыс аудандары мен Сырдарияның төменгі жағында IX ғасырда Оғуз тайпаларының мемлекеті бас көтере бастайды. XI ғасырдың алғашқы жарымында Жетісу бойында Қидандар (тунгус-монғол тектес рулар) үстемдік құрады. Орта Азияның көптеген аудандарында Қараханидтердің орнын Сельджук династиясы басады.

XIII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап Орта Азия мен Қазақстан жерін Шыңғыстың жаулап алуы, Шыңғыс әскерлерінің осы өңірді түгелдей адам қанымен жууы, оның балалары мен ұрпақтары арасындағы үздіксіз соғыс, қантөгіс, тұтас руларды жаулап алу не жер бетінен жоқ етіп жіберу, Ақ Орда мен Көк Орда арасындағы дамылсыз соғыстар, Ақсақ Темірдің шығуы, адам қанын төгудің шектен тыс шындық жайлары, Темір мен Тоқтамыс, Тоқтамыс пен Едіге, Едіге мен Темір араларындағы дамылсыз, сұрапыл шапқыншылықтар, т. б. осы дәуірдің негізгі оқиғалары болатын. Бұларға қоса Шыңғыс эмирлерінің іштей, өзара жауласуларын, тайпа мен тайпа, үлкен ру мен ру арасындағы сансыз да жойқын қантөгістерді атасақ, XIII—XIV ғасырлардың бұл өңірдегі түсі мүлде күреңіте, қара қоюлана түседі.

Осы тәрізді сұрапыл шапқыншылықтар Алтын Орданың құлауымен, Шығыс Дешті-қыпшақтағы Әбілқайыр ордасының ішкі қайшылықтарымен ішінара толастаған кезде — 1456 жылы біраз рулардың Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жәнібектің бастауымен өз алдына ел болу, бірігу талабының үлкен бір төркіні бейбіт, тыныш өмірді өте-мөте аңсаудан туған еді. Бұл тұста өмір сүрді делінетін Асан халық өмірінің сол күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған ащы қайғы-қасіретінен, талау мен тонаудан, қыру мен жоюдан, құлдық пен күндіктен кейінгі жау көзінен таса, жау аяғынан алыс, жайлы да жақсы мекенді сағына іздеген бүкіл тілек-арманының жинақтаушы бейнесі тәрізді. Басқаша айтсақ, сол сан ғасыр бойғы өлшеусіз қырғынның тарихи сабағындай, кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиетіндей тыныш та бейбіт өмір туралы ізгі арманды халық Асанның аузымен білдіреді. Жыраудың айтуында ол елге пана мен ырыс боларлық ерекше қоныс түрінде көрінеді. Өткен сұрапыл замандардың үні мен үмітіндей сол асыл арманды тарихтың осындай бір қиын да жауапты кезінде Асан болмаса, басқа біреу айтуға тиіс еді.

Екіншіден, жанға сая, малға жай жайлы мекенді дәріптеу, поэзия тілімен, құралымен уағыздау көп елдің ауыз әдебиетінде көне заманнан келе жатқан байырғы дәстүр. Мысалы, Отукен жерін армандаған аңыздар осы өңірде орхон жазуларынан бастап XI—XII ғасырларға дейінгі кезеңде кең етек алған. Мұндай жайлар өзге елдердің әдебиеттерінде де жоқ емес. Біздің әдебиетіміздегі

Асан осы дәстүрдің кейініректе (XV ғ.) халық өміріндегі белгілі тарихи кезең мен қоғамдық тілек-мүддеге байланысты туған бір нақты көрінісі есепті.

Сөйтіп, біз атап өткен екі түрлі жай бір-бірін жоққа шығармайтыны былай тұрсын, қайта бірін-бірі қуаттай, толықтыра түседі, бір-бірінің нәтижесі есепті.

Бұлай деуіміздің себебі: Асан атынан айтылатын сөздер белгілі бір рулар мен тайпалар тарихындағы екі ұдай кезеңнің түйіскен тұсындағы өмір шындығына қай жағынан да жақын. Басқаша айтсақ, ол арғы дәуірдің ауыр да азалы тұрмысынан арылуды ашына аңсаған жұрттың арманы да. Сондай-ақ, енді оның өз алдына ел болып бірігу, тыныш, жайлы тіршілік ету сияқты ізгі тілегіне де үндеседі және осы үндестік пен жақындық, әсіресе, шығыс поэзиясында ерте заманнан орын алған жақсы қонысты жырлау, дәріптеу дәстүріне қайшы келмейтіні былай тұрсын, қайта соны тірілте, жандандыра түседі.

Демек, Асан атынан айтылатын сөздер, аңыз-әңгімелер камтитын мезгілі мен тақырыбы, мазмұны, мақсат-мүддесі жағынан, сондай-ақ сыртқы дәстүрлі түрі тарапынан да XV ғасырдың орта тұсынан бері қарай өз алдына дербес ел, халық болуды мақсат еткен рулардың өмірінен, ұстаған бағыт-бағдарынан, алдағы күнге артқан үміт-тілегінен алшақ, алыс емес. М. Әуезовтің «Қазақ халқы өзінің тарихи жолында Асан есімін өктемдікке қарсылықтың символындай сезді. Ел өз мұңын жоқтаған ақындардың ішінде Асан есімін ауызға ең алдымен алатыны да осыдан»¹⁹, — деуі де сол себепті.

Қорыта айтсақ, Асан жайындағы аңыздардың басым көпшілігі дерлік оны XV ғасырда өмір сүрген халық қамқоршысы етіп көрсетеді. Тіпті оның баласы жайында да әр жерден жиналған аңыздар арасында айтарлықтай айырма жоқ. Баласының аты — Абат делінеді, Асанның өзінің туған, өлген кезі, жері туралы аңыз-әңгіме болмаса да, Абаттың өлген жері туралы аңыз көп сақталған. Солардың бірін атайық. Ақтөбе облысындағы Қобда ауданының орталығы Ново-Алексеевка селосынан шығысқа қарай он шақырымдай қашықтықтағы Байтақ деген жерде үш қатар үйдің биіктігіне жуық көне дәуірде қолдан құйған, қызыл кірпіштен салынған мола бар. Жергілікті халық оны Абаттың моласы дейді. Абат осы жерде үлкен жиын үстінде астындағы жел маясы үркіп, содан құлап өліпті, сөйтіп, осы жерге жерленіпті делінеді.

Асанның өлең-толғаулары делініп жүрген шағын өлеңдер мен жеке шумақтар сан ғасыр бойы ауызша сақталса да, көне заманның ақындық (стиль) ерекшеліктерінен мүлде дерлік таза. Бұған

¹⁹ Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 57-б.

қарағанда Асаннан біраз кейін өмір сүрді деп танылатын Шәлгездің толғауларында көне заманның сөздік қоры, ақындық тәсілдері едәуір мол сақталған. Мұның себебін Асан толғауларының ертеректе қағаз бетіне түспей, үнемі ауызша өмір сүргенімен ғана дәлелдеуге болады. Халық ауызша сақтаған өлең, толғауларында кейінгі кез үшін түсініксіз сөздер мен ақындық тәсілдерді көп сақтай бермей, оларды жаңа заманның рухында ұстартып, көркемдік жағынан жаңғырта, ширата түсіп отырған. Асан өлеңдерінде осы жағы басым. Ал, Шәлгез толғаулары болса, олар арғы дәуірдің белгілерінен көп арылмай тұрған кезде, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қағаз бетіне түсе бастаған.

Асан толғауларында көне сөздер мен сөздік, өлеңдік формалардың сақталмағаны болмаса, жалпы өлең құрылысы, композициялық бітімі жағынан шығыс поэзиясына тән негізгі ерекшеліктерден алшақ емес. Бұл ретте осы өлеңдердегі екі нәрсені атап көрсетуге болады. Бірі — параллелизм, екіншісі — аллитерация. Бұлардың қайсысы да түркі тілдес елдердің классикалық поэзиясында Махмұт Қашқаридің «Диван луғат әт-түрк», Юсуф Баласағунның «Құтадғу біліг» заманынан бері, ал тәжік-парсы поэзиясында Рудакиден бермен қарай өнімді тәсілдер боп келе жатқаны мәлім. Асанның өлең, толғаулары бастан-аяқ параллелизм тәсілімен жасалған десек, асыра айтқандық емес. Осы көркемдік тәсілдің үлкенді-кішілі көріністерін оның әр өлеңінен, толғауынан дерлік кездестіреміз. Мысалы, Асан атымен бірге ауызға алынатын белгілі шумақты алайық:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?!

Синтаксистік параллелизмнің әдемі де қарапайым түрі. Мағына жағынан да өзара жақын. Ал, тұтас мазмұн жағынан алсақ, жалпы Асан төңірегіндегі өлең, толғаулар мен аңыз-әңгімелердің түп қазығы тәрізді. Осы жолдарды оқығаныңда не еске алғаныңда құландар асыр салған құла түзде, кең жазирада жел маямен желіп келе жатып, тоқтай қала өмір мен жалпы тіршілік атаулының өзекті мәселелеріне жауап іздеп, қиналған, Шоқанның сөзімен айтсақ, дала философын көргендей боласың.

Психологиялық, синтаксистік параллелизмдер шығыс поэзиясының дидактикалық, ғақлиялық дәстүріне, мазмұнына, жалпы тәлімдік мақсатына, өмірді бейнелеу мен білдіру ерекшеліктеріне жақын да үндес. Сол себепті де болу керек, Асаннан Абайға дейінгі қазақ поэзиясында параллелизм мен дидактиканың қатар өрбіп келгенін дәлелдейтін мысалдар көп.

Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүреді, —

деген тәрізді жолдар Асан толғауларының негізгі көркемдік арқауы. Осылайша өмір көріністерін параллелдеу, салыстыру, ұқсату арқылы суреттеу, қорытындылар жасау кейінгі тұста жыраулар творчествосында ақындық дәстүрге айналып, кең орын алды.

Дыбыс үндестігіне сүйеніп өлең жасау тәсілі де Асан толғауларында сәтті мысалдармен көрінеді. Әсіресе, жеті-сегіз буынды жыр ұйқасымен жасалған толғауларға өткір де ойнақы сипат беретін бұл тәсіл Асан өлеңдерінде дауысты, дауыссыз дыбыстардың қай-қайсысына да байланысты ұғымды қолданылған.

Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмады,
Ойылдан елді көшірді.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген...
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға.

Дала табиғатының көріністерін тізіп көрсету негізінде әлеуметтік немесе дидактикалық түйіндер жасау Асаннан басталатын жыраулар дәстүріндегі негізгі ақындық тәсілдердің бірі. Асан толғауларынан осы тәсілдің алғашқы үлгілерін кездестіреміз. Мұндай ерекшеліктерді Қазтуған толғауларынан да табамыз. Алайда бұл екеуінің атымен біздің заманымызға жеткен өлең, толғаулар мазмұны жағынан өзара жақын болғанымен, ақындық сөз қолданысы, мәнері жағынан екі басқа. Асан толғауларында толғану, өмірдің көкейкесті мәселелеріне жауап таба алмай қапалану, қайғыру жағы, басқаша айтқанда, ақындықтан гөрі ақыл басым болса, Қазтуған толғауларында шын ақындық, жыраулық төкпе сипат көзге ұрады.

Қазтуған, Асан толғаулары біздің заманымызға көп өзгерістерге ұшырап, ішінара жетті. Қолымыздағы бар шумақтар, тирадалар бір кездегі ұзақ толғаулардың үзінділері екені күмәнсіз. Мысалы, Асанның «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» деп басталатын сөзінің өмір, тіршілік туралы ұзақ толғаудың бір кішкене бөлшегі ғана екендігі ешқандай шүбә туғызбайды. Сондай-ақ, Қазтуғанның әрбір шағын толғауы жөнінде де осыны айтуға болады.

Қазтуған толғауларында суреттелетін объектіге ақынша қарап, оны ақындық жолмен тану, таныту мақсаты бірден көзге түседі. Жыраудың «Бұдырайған екі шекелі» деп басталатын шағын тол-

ғауы сырттай карағанда кейінгі тұстағы жыршы не айтыс ақындарының жырлау не айтысар алдындағы өзін-өзі таныстыруы тәрізді ғана өлең. Ал, осы шағын дүниенің көркемдік жағына назар аударсақ, бір алуан жайларды аңғарамыз. Мұнда жырау өзін таныстыру барысында адам бейнесін, ақын бейнесін, әсіресе, оның сыртқы пішінін ұтымды көрсетеді. Толғауда бұл ретте батырлар жырының әсері де жоқ емес. Әйтсе де, жыраудың өзіндік сөз өрнегін танытарлық өткір де уытты жолдар да баршылық. «Бұдырайған екі шекелі, мұздай үлкен көбелі», — деп басталатын жолдар метафоралық бөлшектерден құралып үдемелі, күрделі эпитет жасайды. Бұлардың ішінде:

Буыршының бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан, —

деген тәрізді арғы дәуірдің көркемдік сөз үлгісін танытарлықтай соны да бейнелі ұлғайған метафоралар соңғы кезге дейін өзінің көркемдік қасиетін сақтап келген. Қазтуған толғауларында батыр мен жырау бейнесі бір мезгілде бір адамның бойынан көрінеді. Оның ноғайлының батыр-жырауы аталуы да осы себепті болар.

Жалпы, мазмұны мен әлеуметтік мағынасы жағынан Қазтуған толғаулары да Асанның өлең-аңыздары тәрізді қазақ халқының халық боп құрала бастау тұсындағы жайлы қоныс, жақсы мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, поэзия өмірінде сақталған шағын ескерткіш үлгісі тәрізді кейінгі дәуірге жетті. Бұлар өз дәуірі мен шығарушысы жайында кішкентай болса да елес, ұғым бере алса, поэзия эволюциясындағы белгілі бір кезеңнің көркемдік дүниетанымы тарапында нышан таныта алса, өз міндетін артығымен орындағаны болып саналады.

Ескі әдебиет нұсқаларынан біздің дәуірімізге молырақ жеткені — Шөлгез (Шалкиіз) жыраудың өлең-толғаулары. Мұның кейбір себептерін жоғарыда атап өттік. Жырау толғауларының қағаз бетін көре бастағанына, міне, бір ғасырдан асып барады. Алғаш 1875 жылы Т. А. Сейдалин, С. А. Жантөрин сұлтандардың жинауымен, аударуымен орыс және қазақ тілдерінде жарық көрсе, XX ғасыр басында Мақаш Бекмұхамедовтың, Ғабдолла Мұштақтың кітаптарына енді. Арагідік Ы. Алтынсариннің, В. В. Радловтың, А. Харузиннің кітаптарында жарық көргені өз алдына, бұларға қосымша тағы бір атап өтерлік жай — Шөлгез ноғайлының батыр жырауы ретінде ноғай әдебиетінде де мұралары жақсы сақталды. В. В. Радлов «Образцы народной литературы тюркских племен» (СПб, 1896, 7-т.) атты еңбегінде оны ноғайлы поэзиясының көрнекті өкілі ретінде атап, шығармасын келтіреді.

1883 жылы құмық ақыны Османов Мұхамед-әпенді (1840—1904) «Ноғай уа құмық шиғырлары...» (СПб) атты кітабында Шөлгездің біраз өлеңін жариялады. Османовтың айтуынша, оның толғаулары осы кітапта жарияланған нұсқаларынан әлдеқайда көп көрінеді, бірақ жазып берушілердің түсініксіз, қате жазуы себепті олардың көпшілігі кітапқа енбей қалса керек. Өмірінің көбін Петербургте өткізген әрі ақын, әрі ауыз әдебиетін жинаушы Османов ноғай, құмық фольклорының үлгілерін негізінен өзіне таныс тілшілер арқылы жинап жариялайды. Олардың тапсыруында Шөлгез толғаулары мол болса да, дәл жариялау тұсында Османов бұл қолжазбалардың байыбына терең бара алмайды.

Міне, осы сияқты ертерек қағаз бетіне түсудің нәтижесінде белгілі жыраудың толғаулары кейінгі дәуірге бірсыдырғы толық (әрине, өзгелермен салыстыра қарағанда) және өзіндік біраз көркемдік, тілдік ерекшеліктерін сақтай жетті. Мұнда, әрине, Шөлгездің кезінде үлкен сөз шебері болғандығының да үлесі жоқ емес. Қішкентай, ұсақ құбылыстар уақыт сынына төзе алмай жоғалып кетіп жатқанда, үлкен де жақсы дүниенің аз да болса сарқыншағы қалатыны және «сыры кетсе де, сыны кетпейтіні» белгілі.

Оның өмір сүрген кезеңі туралы осы күнге дейін жазылып келген еңбектердегі уақыт мөлшері, негізінен, дұрыс²⁰ Ол XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Тіпті XVI ғасырдан гөрі XV ғасырда көбірек жасауы да ықтимал.

Шөлгездің өмір сүрген кезеңі мен өміріне байланысты кейбір мәселелерді анықтауға көмегін тигізген тарихи адамдар жыраудың өз толғауларында, жырау туралы аңыздарда кездеседі. Олар — Темір мен Мамай, т. б. Бұлар кімдер еді және қай кезде өмір сүрді?

Шығыс тарихшыларының белгілі еңбектерінде («Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Шайбани-наме», «Бахр ал-асрар фи маникаб ал ахиар») бір жүйеде атап көрсетілетін жай — Шығыс Дешті-қыпшақтың ханы Әбілқайыр 1468 жылы өлгеннен кейін оның орнына баласы Шайх-Хайдар хан боп сайланады. Шайх-Хайдардың нашарлығын пайдаланып Орданың іші мен сыртындағы ірі билер мен әскер басылар, феодалдар оған қарсы топ құрады. Бұлардың ішінде Ибак хан, Жәнібек хан, Бүреке сұлтан, Маңғыт руының белгілі билері Аббас-бек, Мұса-бек, Жаңбыршы-бек (соңғы екеуінің әкесі Оқас-бек Әбілқайырдың ірі биі, әскер басы, кейде жау жағына шығып, кейде ханға қайта оралып, үнемі екіұдай саясат ұстаумен болған), т. б. бар. Ақырында олар Шайх-Хайдар-

²⁰ Алдаспан. Алматы, 1970. 20—25-б.

ды өлтіреді. Шайх-Хайдар хан көзі тірісінде әкесі Әбілқайырдан да бұрын, жастай өлген ағасы Шах-Будаг-ханның екі баласын өздерімен сыйлас, достас Бай-Шайху деген ұйғырдың тәрбиесіне береді, Әбілқайыр өлгеннен кейін Орда ішіндегі жағдай қиындаған соң оларды Қарашын-Бахадұрдың қолына ауыстырады. Шайх-Хайдар өлгеннен кейін Қарашын-Бахадұр Әбілқайырдың немерелерін Астраханның ханы Қасымның Ордасына апарып береді. Қасым балаларды өз төңірегіндегі ірі де сенімді билердің бірі Би-Темірге тапсырады. Шайх-Хайдарды өлтірушілер Әбілқайыр немерелерінің Қасым Ордасына барғанын біліп, Астраханьды жаулауға барғанда, Қасым Би-Темірмен ақылдаса отырып, балаларды сенімді адамдармен Ордадан шығарып қашырып жібереді. Балалар жолда қырық кісі боп, Ибак ханның әскеріне тиіп, оның баласы мен інісін өлтіріп, Шайх-Хайдардың кегін алады.

Шөлгездің толғауларындағы Темір, міне, осы Темір. Оның әкесі Мансұр (Мансұрды 1436—1437 жылдары Орыс ханның баласы Барақ хан өлтіреді)²¹. Әбілқайырдың баласы Шайх-Хайдарды өлтіретін Мұса мен Жаңбыршы — Оқастың балалары. Оқас Нұрадиннің баласы. Нұрадин мен Мансұр бір кісіден туған. Бірақ, екеуінің балалары бір-біріне жаулық саясат ұстаған.

Қасым мен Темірдің Әбілқайыр немерелерін паналатуы XV ғасырдың 70—80 жылдары арасы. Темір — осы кезде Астрахань хандығының қабырғалы билерінің бірі. Маңғыт руының ірі феодалы әрі билеушісі.

Орыс жылнамаларында Темір көбінесе князь деп аталады. Оның Ахмет, Қасым хандармен бірге Уграда болуы — 1480 жыл. 1481 жылы Ахмет хан өледі. Шамамен осы тұстан бастап Темір Москва мемлекетімен жақын қарым-қатынаста болады. Ноғайлы елінің ірі билерінің бірі Мұса 1490 жылы 3 августа Москва мемлекетінің ұлы князі Иван Васильевичке жолдаған хатында: «Иван князьға Мұса мырзадан тағзым. Тағзым соңында айтарым, менің әкем сенің әкеңмен дос, туыс еді, ал ағам Темір өзіңмен туыс, дос болды», — дей келіп, Москва мемлекеті тарапынан қамқорлық сұрайды. Бұл хаттан екі жайды аңғарамыз. Бірі Темірдің Москва мемлекетімен жақын қатынасы, екіншісі, оның осы мезгілде (яғни 1490 жылы) тірілер қатарында болмауы. Орыс тіліндегі өзге деректерде де Темірдің аты 90-жылдарға дейін аталады.

Темірдің бірнеше баласы болған. Солардың ішінде белгілілері: Тәуекел (мұны Темір өлгеннен кейін, Темірдің күйеу баласы, Қырым ханы — Меңлі-Герей Темірдің орнына князь қояды), Асан мырза және қызы — Нұр-Салтан. Нұр-Салтан әуелі Қазан ханы

²¹ Кейінгі бірер еңбектерде Барақ Орыс ханның немересі, 1418 жылы өлді делінеді. Өткен ғасырдың 80-жылдарындағы зерттеулер мұны теріске шығарады

Ибрагимнің, кейін Қырым ханы Меңлі-Герейдің әйелі болады. Әсіресе, Меңлі-Герейдің әйелі кезінде Қырым елінің тізгінін еріменен бірге ұстап, Москва мемлекетімен тығыз қарым-қатынас жасайды, бұрынғы күйеуінен қалған екі ұлын (Әділ-латиф, Магмет-Әмин) Москва мемлекетінің ұлы князі Иван Васильевич арқылы Қазанға кезекпен хан тағайындатады.

Демек, Темірдің Шөлгез толғауларында сөз болатын Мекеге бару талабы, кем дегенде (XV ғ.) 80-жылдар. Шөлгез бұл кезде, сөз жоқ, едәуір жасқа келген, уәлі ауыз, атақты әрі батыр, әрі жырау. Әйтпесе, оны жұрт Темірді хажы сапарынан тоқтатуға жұмсамас еді.

80-жылдарда Шөлгездің осындай дәрежеге жетуі — Шөлгез Мұсаның қызынан туыпты деген аңызды теріске шығарады. Бұған дәлел өте көп. Олардың бәрін айтып жатудың қажеті болмас. Мұса жоғарыдағы хатында Темір ағам еді ғой дейді (шынында да немере ағасы). Олай болса, ағасы інісінің қызынан тууы мүмкін емес. Оның үстіне, 1490 жылдары Темір өлген. Ал, Мұса болса, осы кезде ғана қыздарын күйеуге беру туралы (дәлірек айтсақ, бір қызын Қазанның ханы — Магмет-Әминге беру туралы Москва мемлекетінің ұлы князі Иван Васильевичтің ұлықсатын сұрайды. Ал, бұл хан — Темірдің жиен немересі, Нұр-Салтанның баласы) келіссөз жүргізіп жатады. Бұл Мұса Темірден көп кіші деген сөз. Демек, жас шамасы жағынан Шөлгез Мұсаның немере-жиені емес, одан тіпті үлкендеу болғанға ұқсайды. XVI ғасырдың басында Шөлгез Мамайдың қол астында болса, бұл кез — қартайып, егде тартқан тұсы.

Шөлгездің «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауы Мамай мен Орақ тарапынан қуғын көргенде айтқаны делінеді. Толғаудың тарихы жайында Арыстанғали Берқалиұлы «Ақын» (1912) жинағында: «Ноғайлы Шөлгез батыр бес-алты ханның тұсында өмір сүріпті, ақырында Мамай ханның жанына келіпті, ноғайлының өзге билері Шөлгезді күндеп, өлтірмек болады. Мамай оларға: «Сендер өлтірмей-ақ қойыңдар, ертең елге жау тигенде жалғыз өзін жаман торымен жіберейік, сонда өзі-ақ жау қолынан өледі», — дейді. Айтқанындай, ертеңіне елге жау тигенде Шөлгезді жаман торымен жауға жалғыз жібереді. Жырау жекпе-жекте жаудың қолбасшы батырын өлтіріп, өзге әскерін қуып тастайды да, тау басында қызықтап қарап тұрған Мамайға келіп, осы толғауды айтып, жөніне жүре беріпті», — дейді. Шөлгез бұл тұста, сөз жоқ, бұрынғы атақ, даңқынан айрылып, қағажу көрген адамның бейнесінде. Бірақ, қайраты қайтпаған тәжірибелі қарт батыр.

Мамай XVI ғасырдың бірінші жартысында ноғайлы елінің үлкен ру басы, биі, батыры болған адам. Маңғыт руы бастаған біраз

ру, ұлыстардың (бұлардың бірсыпырасы кейін қазаққа қосылып кетеді) ноғайлы елі боп бірігуі, шамамен XV ғасырдың орта тұсы. «Ноғайлы», «Ноғайлы ордасы» терминдері Европа ғалымдарының еңбегінде XVI ғасырдың басынан, ал шығыс шежірелерінде осы ғасырдың орта кезінен бастап көрінеді²². XVI ғасырдың 20—40 жылдарында Ноғайлыда Мұса балалары үстемдік етеді. Мамай — солардың ішінде ең көрнектісі. XVI ғасырдың бірінші ширегінде Россияда екі рет болған Австрия дипломаты Герберштейн «Московия туралы жазбалар» еңбегінде ноғай елі туралы былай деп жазады: «...Қаспий теңізінің маңында, Волганың сыртында Ноғай деген татар жұрты бар. Оларда патшалар жоқ, тек князьдар билейді. Біздің тұсымызда оны ағайынды үш адам билеп тұрды. Олардың біріншісі: Сидак—Ра өзенінің сыртындағы Сарайшық қаласынан шығысқа қарай, Жайық өзеніне дейінгі елді; екіншісі: Қасым — Қама, Жайық, Ра өзендерінің арасын; ал, үшіншісі: Ших-Мамай — Сібір облысының бір бөлегін және елдің бүкіл шет аймақтарын билейді»²³.

Міне, осы Мамай 20—40 жылдарда Жайық пен Ембі арасын жайлайды, Шөлгездің Мамай төңірегінде болуы, шамамен осы тұс. Мамайдың Ноғайлы елінің саясатына зор ықпалын тигізген мезгілі де осы кезең.

Қысқасы, Шөлгез Мұсаның екі ұрпағымен замандас. Бір жағынан, Мұса мен Жаңбыршының Қасым хан мен Би-Темірдің қолындағы Әбілқайыр ұрпақтарын тартып алмақ әрекетінің тұсында ересек (Темірді сапарынан тоқтатарлықтай) адам болса, екінші жағынан, Мұсаның баласы Мамайдың да тұстасы. Бірақ, Мамай тұсында жұлдызы төмендеп, бағы қайтып, жасы ұлғайып, қуғын көре бастаған адам.

Шөлгез толғауларының ішінде «Балпаң, балпаң басқан күн» деп басталатын тирада Арыстанғали Берқалиұлының 1912 жылы жарық көрген «Ақын» жинағынан бастап жарияланып келеді. Бірақ, осы шағын толғау оның шығармасы болмауға тиіс. Өйткені мұнда Ормамбет би өлген тұстағы Ноғайлы елінің қайғысы туралы сөз болады. Ормамбет — Ысмайылдың немересі, Тінахметтің баласы — 1597—98 жылдарда өлген деп жоғарыда атап өттік. Шөлгез бұл тұсқа жетсе 150 жастан асып кетеді. Ал, бұл шындыққа онша жараспайды.

Шөлгездің ақындық өнері арнайы сөз етуге тұрарлық мұра. Мұнымен нақты таныса отырып, бір кезде жырау аузынан шыққан

²² Сафарғалиев М. Г. Распад Золотой орды. Саранск, 1960. С. 226.

²³ Бұлар Мұса (бек) балалары. Оның екі әйелінен он екі ұлы болған. Біріншісінен: Ших—Мамай, Сиғым, Ғали, Қасым, Досым, Исмағұл (орыс жазбаларында Исмайл), Жүсіп; екіншісінен: Алшағыр (Орақтың әкесі), Сидак (Сейд-Ахмед), Жанмамбет, Жауғашты, Мамай.

елдік, ерлік туралы жырлардың мол болғанына шүбә келтіре алмайсың. Оның біздің заманымызға жеткен шағын сөздері сол мол дүниенің ғасырлар салмағына шыдап жеткен бөлігі ғана. Осының өзі жырау туралы, оның өнері, заманы жайында белгілі түсінік бере алады.

Жырау толғауларының көркемдік сипаты айрықша атауға лайық. Мұнда арғы дәуірдің көркемдік бояулары мен дүниетанымы, өмірді бейнелеу тәсілдері жақсы сақталған. Ең бастысы — ойды қарадүрсін баяндау жолымен емес, бейнелі түрде, образдылықпен жеткізу жағы басым. Өмірдің әр алуан ірілі-ұсақты құбылыстарының өзіндік белгілері мен қасиеттерін салыстыра баяндаудың өзі жырау толғауларында шебер үйлесімін тауып, оның негізгі ойын жанды сипатта білдіруге қызмет етеді.

Шөлгез толғауларында табиғат пен адам егіз құбылыс ретінде суреттеледі, басқаша айтсақ, табиғаттың әр түрлі күйі, құбылысы жырау үшін адам өміріне келудің, оны бейнелеудің жолы, кілті есепті. Сондай-ақ, осы табиғат көріністері жырау толғауларында жанды да жарқын, әсерлі де сұлу, табиғаттың өзіндей кіршіксіз, «Шағырмақ бұлт жай тастар», «Жапырағы жасыл жау терек, жайқалмағы оның желден-дүр», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау», «Аспанды бұлт құрсайды, күн жауарға ұқсайды», «Қоғалы көлдер, құм сулар», «Арқаның құба жонында арыстан ойнар шарқ ұрып», т. б.

Жырау «Аспанды бұлт құрсайды» деп басталатын Би-Темірге арналған бірінші толғауында Темірге екеуіміздің ата-тегіміз бірдей еді, сен бүгінде менен артық болсаң — тәңірдің іс деген өз заманына лайық ұғымы мен сенімін дәлелдеу үшін Еділдің арғы түбі: «Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді, бүгінде жарқыраған теңіз болса тәңірі ісі», — деп салыстыру жасайды. Әрине, Еділдің Еділ болуы Шөлгез дәуірінен сан ғасыр бұрын. Бірақ, жыраудың өз ойын дәлелдеу, ақындықпен дәлелдеу жолында осы салыстырудың ешқандай ерсі көрініп тұрмағаны былай тұрсын, қайта оның сөзіне ерекше өтімді, өр сипат беріп, асқақтата түсіп тұр.

Бүкіл шығыс поэзиясына тән негізгі қасиеттің бірі — адамдық пен зұлымдықтың әрдайым қатар суреттеліп, ашық та айқын түйінмен тұжырымдалуы қазақ поэзиясына да көне заманнан жақын құбылыс. Мұның өзі жалпы шығыс поэзиясының, сондай-ақ, қазақ поэзиясының да дидактикалық, тағылымдық мақсаттарымен өзектес әрі онымен шебер үндеседі.

Қазақ поэзиясында адамдық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық арасындағы ежелгі күрестің түрлерін алғаш осы Шөлгез толғауларынан кездестіреміз. Бұл оның өмірді суреттеудегі, өмірді танытудағы, адам бейнесін жасаудағы өзінше, өзгеше бір көркемдік тәсілі. «Ақылсыз» достыдан, ақылды дұшпан артық-ты»,

«Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлкі етер, бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда, жіміле ғаламға күлкі етер», «Дұспанға белінді шешіп иланба, илантып тұрып өлтірер», «Жағаға жақын қонғанда, жайылып сулар алмас па, жаманға дос болғанда, жазымда басың қалмас па, жат туғанды өзі еткен, жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па?», «Жайыңды білген қарындас, ол қарындас әм жолдас, жайыңды білмес қарындас, өзі дұспан, өзі қас», т. б.

Сөйтіп, Шөлгездің жақсы, жаман адам туралы ұғымы біздің бүгінгі ұғымымыздан онша алыс болмаса да, оны бейнелеу тәсілі көненің көзіндей арғы тәсіл — бір ауыз жинақтаушы сөзбен берілетін ежелгі синтездік тәсіл. Мысалы, «Жайыңды білген қарындас, ол қарындас әм жолдас, жайыңды білмес қарындас, өзі дұспан, өзі қас» деген төрт жол өлеңдегі «жайыңды білер», «жайыңды білмес» деген төрт сөз арқылы дос пен қастың екі үлкен бейнесі жасалып тұр. Бұл сөздерде дос пен қасқа байланысты ұғым, түсініктің баршасы айтылған, қамтылған. Енді оны өзгеше талдай түсіндірудің де, бөлшектеудің де қажеті жоқ. Жыраудың тыңдаушысы үшін дос пен қасты тануға осы азғана эпитеттердің өзі молынан жетіп жатыр. Көркем сөздің көне дәуірдегі өкілі үшін бұдан тиімді, бұдан өзге көркемдік дәлелдің болуы мүмкін емес сияқты.

Бір не бірнеше ұтымды да бейнелі, дәл де тапқыр сөз арқылы адамның іс-әрекетіне, табиғаттың жеке көріністеріне баға беру немесе оларға тән қасиетті ашып көрсетуге тырысу — Шөлгез толғауларындағы негізгі ақындық тәсілдің бірі. «Ақ желкенді жел бастар», «Ғаділ төре ел бастар», «Батыр жігіт жау бастар», «Шешен жігіт сөз бастар», «Құсты жисаң бүркіт жи, қыс тоныңды түлкі етер», «Бидайықтан алғыр құс болмас, бұйырмаса екеу түгіл бірді алмас», «Сұңқардан сұлу құс болмас, қауырсыны қатпай ұша алмас», «Құладын жаман қу алмас» т. б. деген тәрізді әрбір құбылысқа, затқа жинақы да нақты сипаттама жасау арқылы тыңдаушысына олар жайында тиянақты ұғым беру кейінгі поэзиямызда дәстүрге айналған көркемдік тәсілдің бірі. Әрине, бұл арада біз мұның бәрінің негізін поэзиямызда Шөлгез ғана салды деген пікірден аулақпыз. Дұрысында, мұндай көркемдік тәсілінің негізі ауыз әдебиетінде, халық поэзиясында жатса керек.

Тұтас көркемөнердің, оның ішінде әдебиеттің де, дәлірек айтсақ, поэзияның да атамзаманнан бері көздейтіні бір-ақ мақсат: өмірді, табиғатты көркемдік заңымен танып, бейнелеу, сөйтіп, көрушінің де, тыңдаушының да, оқушының да дүниетануына көркемдік жолымен әсер ету. Бұл мақсаттың, әрине, адамзат мәдениетінің немесе әрбір халықтың мәдениеті мен көркемөнерінің әр сатысында әр түрлі дәрежеде іске асырылып келгені мәлім. Осы тұр-

ғыдан келгенде Шөлгездің біраз толғаулары поэзия тілімен, құра-
лымен сарқа айтылған өмір тәжірибелері, олардың нәрлері, түй-
індері сияқты, қайткенде жақсы адам болудың дайын үлгілері,
ережелері тәрізді.

Жауға кисең берен ки,
Егеулеген болат жебе өте алмас.
Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұспанның қолы жете алмас!
Бар күшінді сынамай,
Балуандармен күреспе...

немесе:

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты.
Жаманға жақыным деп сыр айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты!

яғни:

Алып, алып, ал сақын,
Аңдып жүрген дұспаныңдан жүз сақын.
Күле кіре, күңіреніп,
Шыққан дастан мың сақын.

Тәлім-тәрбиенің осы сияқты ашық түрлері, үлгілері жыраудың қай толғауында да аз емес. Мұны біз, әрине, Шөлгез шығармала-
рының кемшілігі ретінде емес, қайта өзіндік ерекшелігі ретінде атап отырмыз. Өмірді, адамды осы дәстүрде суреттеу поэзиямыз-
да ұзақ уақыт бойы өмір сүріп, Абай заманына дейін келді.

Орта ғасыр дәуірінің ақыны Шөлгездің негізгі дүниетанымы, философиясы, моралі, этикасы ислам дінінің негізінде. Бұған еш-
қандай таңдануға болмайды. Жыраудың өмір сүрген тұсы — ислам дінінің осы өңірде кең қанат жайған кезі. Сондықтан да ол тәңі-
рінің жазғанынан озбақ жоқтығын әр кез ескертіп отырады («Жа-
лаңаш барып жауға ти, тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр»,
«Мен ісімді хаққа тапсырғанмын әр жерде», «Тәңірі өзіне берме-
се, менменсіп жүрген ер жігіт, кісіден тартып алып жарымас» т. б.). Темір дәрежесінің өзінен артықтығын да ол тәңір ісі деп түсінеді. Сөйте тұра жырау Темірді хажы сапарынан тоқтату үшін айтқан толғауында құдайға құлшылық ету тек Меккеге ба-
румен ғана өлшенбейді деп түйеді. Ол:

Жығылғанды тұрғызсан,
Жылағанды уатсан,
Қисайғанды түзетсең,

Тәңірінің үйі кебені,
Сұлтан ием, қарсы алдыңнан
жасапты,—

деп осы дінді біраз кеңейтіп, «адамгершілдендіре» түседі. Сондай-ақ, жырау өмірдің бір орында тұрып қалмай, өзгеріп, жаңарып отыратындығын да өзінше танып жырлайды.

Қоғалы көлдер, құм сулар,
Кімдерге қоныс болмаған;
Саздауға біткен қара ағаш,
Кімдерге сайғақ болмаған;
Жағына жалаң жібек байлаған,
Арулар кімнен қалмаған...

Бұл дүниетанымның түпкі төркіні дінде емес, халық философиясында жатыр. «Қырық жыл байлық жоқ, қырық жыл жарлық (жарлылық) жоқ» деген халық байлық та, жарлылық та ешкімнің маңдайына жазылып қойылмақ емес, ол әркімге де ауысып отырады деп таныған. Шәлгездің айтатыны да осы. Сөйтіп, жыраудың діндарлығы қатып қалған қағидалар шеңберінде емес, тіршілік пен тұрмыс мәселелерін тәжірибе жүзінде тану, бағалау жайларымен аралас келіп отырады.

Шәлгездің толғаулары түрі, сөз қолданысы, көркемдік тәсілдері, ұйқасы мен ырғағы, т. б. жағынан ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі үлгілермен терең сабақтас. «Асқар, асқар, асқар тау», «Ор, ор қоян, ор қоян» деген тәрізді белгілі фольклорлық тәсілдер бірден көзге ұрады. Бастан-аяқ бір ұйқаспен қорғасындай шымыр да ширақ тізілген тирадалар немесе шағын толғаулар жырау творчествосының негізгі ерекшелігін танытады. Бір мысал келтірейік:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас.
Басына балапан торғай шырлап ұшып
кона алмас.
Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас.
Бидайықтан алғыр құс болмас,
Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас.
Сұңқардан сұлу құс болмас,
Қауырсыны қатпай ұша алмас.
Ағайынның ішінде,
Бір жақсысы бар болса,
Қоңқалаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас.

Осы бір жолдар сыртқы әдемі түрімен, ұйқасымен, ырғағымен қатар, ішкі мазмұнымен да жырау толғауларына ортақ сипатты танытады. Жоғарыдағы көп салыстыру, ұқсату, әрбір заттың не-

гізгі қасиетін тақпақтай көрсетудің баршасы соңғы үш жолда айтылмақ өзекті ойға келудің, оны көркемдікпен дәлелдеудің өзіндік жолы. Бұл, негізінен, толғау жанрына тән сипат. Шөлгездің осы тараптағы жақсы дәстүрі кейінгі кезеңдерде онан әрі жалғастырылып, сәтті туындылар туғызды.

Шөлгездің толғауларында жыраудың өзіндік көркемдік ізденісін танытатын бейнелі, образды сөздер, ұғымдар, теңеулер, метафоралар, әсірелеулер аз емес. Олардың кейбірі біздің заманымызға мүлде ескіре жетті, сонда да біз үшін ол қымбат. Мысалы, «Арту, арту оқ келер, оқтан қатты сөз келер», «Бұлтқа жете жазды бұл мүйіз», «Қаудыр құлақ шал қоян», «Сөйлегенде сөзі аузына сыймаған», «Көне сандықтың ішінде көбе бұзар жебе бар», «Батыр болмақ сойдан-дүр», «Түлкідей құйрық тастаған жаман пиғылың жетер басыңа-ай», т. б. Біразы бүгінде ұмытылған бұл көркемдегіш сөздердің тек Шөлгез толғауларына және оның заманына тән екендігі арнайы дәлелдеуді қажет етпейді. Сондай-ақ халықты теңізге теңеу де («теңіз еді халқымыз»), халықтың көптігін «ауыр» деген күрделі эпитет арқылы білдіру де соған тән. Бұл айтқандарымыздың қайсысы да Шөлгез шығармаларының біздің дәуірімізге аз да болса өзіндік көркем бояуларымен, нақыштарымен жеткендігінің айғағы және олардың бағасын уақыт өткен сайын арттыра түсетін белгілер. Себебі, аталған мысалдар халқымыздың көркемдік дүниетанымының өсу сатыларын, жолдарын танып білуде өлшеусіз көп көмегін тигізбек.

Шөлгез толғауларымен толығырақ танысқанымызда батыр-жырау өмірінің біраз аянышты жағын көреміз. Батыр, әсіресе, жас шағында, қайрат-жігерінің мол тұсында ру, ұлыс, тайпа иелерінің сүйіктісі, сыртқы жаудан қорғаушысы, қолқанаты болып, кейін қартая келе, тіпті қартаймай тұрып та ру басы төңірегіндегілердің үнемі қуғынында болғанға ұқсайды. Оның Би-Темірдің «Жау көрген күн жүрегінің басы едім, көз үстінде қасы едім», — деуі де содан.

Иесі би Темірдің тұсында,
Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз.
Иесі би Темірдің сонратын,
Тұқылықтан сартылдап,
Үзілер болғай сол мүйіз, —

дейтін кезі — Темірге ең қажет болған мезгілдегі өмірінің шындығы. Батырдың қажет емес кезінде Темір оны, жырау сөзімен айтқанда, «Жақсысынан кем көреді, жаманымен тең көреді». Сондықтан да ол Темір төңірегінен кетуге мәжбүр болады. Батыр-жырау өмір бойы осылай күн кешкен. Кейін ол Мамай тұсында да

сол тағдырдан құтыла алмайды. Батыр-жырау, сонымен бірге, байлық, билік құған адам емес, ру басына ренжіген күні «Ұялы берікке қос артып» ырысын «Сегіз қиыр шар тараптан іздермін» деп жүре беретін салт басты, сабау қамшылы дегендей, етек-жеңі жеңіл адам. Жырау өмірінде жалғыздықты көрген, басына қиын-қыстау іс түскенде көбіне жалғыз қалған адамға ұқсайды.

Менің достым бар-ды һәр жерде,
Іздесем табылмайды тар жерде.
Табылмаса қайтейін,
Мен ісімді хаққа тапсырғанмын
һәр жерде,—

дейді. Осы тәрізді жолдар батыр-жыраудың сонау алыс замандағы аянышты, әрі өр бейнесін көз алдыға келтіреді. Ел басына күн туғанда ру иелері оны қарындас, халық атынан деп жұмсап, пана қылса, бейбіт уақытта сыртқа тебеді. Еменге қарсы біткен бұтақтай батыр-жырау қажет болмаған кезінде ешкімнен енбегін даулап жатпайды, бақытын алдағы күннен іздеп, илікпей, именбей жүре береді. Өйткені оның ісі адал, күші адал, жүрегі адал.

Ноғай, қазақ халықтары XV—XVI ғасырлардан бермен қарай өз алдына ел боп қалыптаса бастағанымен, бұларды құраған рулар, тайпалар осы кезеңге дейін де, одан көп кейін де бір-бірімен мәдени-экономикалық араласын тоқтатқан жоқ. Қазақ пен ноғайға ортақ біраз батырдың ноғайлы жырында ноғайлының қырық батыры аталуы осының арғы дәуірден келе жатқан бір нақты мысалы болса, Асанқайғыны Шоқанның ноғайлы философы дейтінін және білеміз. Мұндай жағдайды XVI—XVII ғасырлардан да байқаймыз. Ноғайлының XVI—XVII ғасырдағы белгілі адамдары Доспамбет пен Шобан жөнінде де осыны айтқан жөн. Бұлар ноғайлы бола тұрса да, олардың аздаған өлең, жырлары ноғайлы, қазақ арасында бірдей сақталып, біздің дәуірімізге жетті. Мұндай деректер ноғай мен қазақ арасындағы әдеби байланыстың, жыраулық ортақ дәстүрдің XVII ғасырдың орта шеніне дейін үзілмей келгендігін дәлелдейді. Бұл таңданарлық құбылыс емес. XVII ғасырда ноғай мен қазақ өз алдарына ел болғанымен, олардың арасында көне байланыстарды кенет үзерліктей географиялық та, әдеби-мәдени де алшақтық болған жоқ.

Доспамбет кім? Біз ол туралы не білеміз?

Ноғайлының үлкен биі Мамай 1549 жылы өледі. 50 жылдардың орта тұсынан бастап үлкен ноғайлы елінің ішінде таққа, билікке талас күшейеді, Мұса династиясы ыдырай бастайды. Мұса балаларының арасында билік үшін кескілескен күрес өріс алады, Жүсіп пен Ысмайылдың таласында Ысмайыл жеңіп, ағасы Жүсіпті өлті-

ріп, ноғайлы елінің тізгінін өз қолына жинақтайды²⁴ Бірақ, мұнымен де күрес, талас, қырғын тынбайды. Соның нәтижесінде тек 1558 жылы осы елде 100 мыңға жақын адам қырғынға ұшырайды (бұған аштық та себепкер болады). Жүсіптің балалары мен немерелері талас, тартысты онан әрі жүргізе береді. Ысмайыл 1557 жылдан бастап Москва мемлекетіне тәуелді болады, Ысмайылдан билік ала алмаған Жүсіп ұрпақтарына Мамайдың кейбір мырзалары ұлыстарымен қосылады. Орыс жылнамаларында Мамайдың Қасым мырза, Ханмырза, Баймырза, Бимырза, Бекмырза, Ақмырза деген балаларының болғаны көрсетіледі. Олар өз руларымен Азов теңізінің маңына барып, Кіші ноғайлы елін құрай бастайды. Осы тұста үлкен ноғайлының біраз бөлігі Хақ-Назар ханның қарамағына (қазақтарға) қосылып, Жайықтан шығысқа өтіп кетеді, т. т.

Кіші ноғай ордасының негізін салушы Шидақтың немересі Қазии мырза²⁵. Қазии Ысмайылмен күреске ашық түсуге бата алмай, екінші жағынан Ысмайыл билігін мойындамай, өз сөзімен айтқанда, Қырым мен үлкен ноғайлы арасында «Қазақ сияқты кезіп күн көреді», 1577 жылы қабардылықтармен соғыста өледі. Өле-өлгенше Доспамбетпен дос болып, жорықтарға екеуі үнемі бірге аттанады. Доспамбет, міне, осы тұста (XVI ғасырдың 60 жылдарында) өз алдына ел болған Азаулының ағасы (Азов теңізінің түбіндегі ноғайлар өздерін Азаулы деп атаған). Доспамбет орыс тіліндегі материалдарда Азаулының Досмагмет-ағасы деп аталады²⁶.

Доспамбет Қазимен бірге 1593, 1594 және 1596 жылдары Москва мемлекетінің шет аймақтарына шабуыл жасайды. Кейін Азаулының тізгінін Доспамбеттің екі баласы Есақай, Қосай ұстайды. Бірақ, бұлардың шабуылдары Қырым мен үлкен ноғайлылықтардың шабуылдарына қарағанда мардымсыз еді²⁷.

1581—1596 жылдары қол бастаған батыр-жырау XVI ғасырдың аяғында онша кәрі болмауға тиіс. Көп болса, жетпісте шығар. Ал, оның «Ер Мамайдың алдында шаһид кештім, өкінбен» деген сөзіне келсек, оның Мамай қолында болғанына да шүбәлану қажетсіз. Мамай 1549 жылы өлді дедік. Демек, Доспамбет Азов маңына кетпес бұрын, яғни кіші ноғай ордасы құрылғанға дейін Мамай төңірегінде жүріп оның найзагер жігіттерінің бірі болуы ықтимал. Жыраудың осы тұстағы толғауында Есақай, Қосайдың жас бала

²⁴ Новосельский А. А. Борьба московского государства с татарами в XVII в. М.—Л., 1948. С. 13—14.

²⁵ Сонда. 15-б.

²⁶ Сонда. 43-б.

²⁷ Сонда. 43-б.

ретінде көрінуі де шындыққа сай келеді, олар XVII ғасырдың басында Азаулының тізгінін ұстайды.

Жырау Мамай қолында жүргенде, яғни XVI ғасырдың 40 жылдарында өлді деу, толғаулары өлер алдындағы сөзі деу қате. Мәселе бұл арада жараланғандардың бәрі бірдей өле бермейтіндігінде емес. Азаулының ағасы атанған ер Доспамбет сол Азаулы елі әлі тумай тұрып, өлмек емес. XVI ғасырдың 60 жылдарының басында ғана құрылған Азаулы елінде бұған дейін Доспамбеттің өмір сүруі қалай мүмкін болмаса (яғни Азаулының ер Доспамбеті аталуы мүмкін болмаса), осы ғасырдың соңына дейін Азаулы елінде Есақай, Қосай деген екі ұлы бар өзге Доспамбет болуға да мүмкін емес. Демек, белгілі тарихшы А. Новосельскийдің Доспамбеттің өмірі жайындағы деректері оның 1526—1596 жылдар шама-сында өмір сүрген тарихи адам екіндігін дәлелдейді.

Доспамбет толғауларының алғаш баспа бетін көруі өткен ғасырдың 80 жылдарынан басталады. 1883 жылы Мұхамед-әпенді Османов құрастырған «Ноғай уа құмық шиғырлары» жинағында жыраудың бірер шумақ толғауы, В. В. Радловтың жоғарыда аталған еңбегінде (СПб., 1896, VII т.) толғаудың прозалық нұсқасы, 1908 жылы Қазанда жарияланған Мақаш Бекмұхамедовтың «Жаксы үгіт» жинағында бүгінгі бізге мәлім толғаулары түгелге жуық жарық көрді. Жырау мұрасының біздің қолымызға өзіндік бедерлерімен, көркімен, бояу-нақыштарымен жетуінде аталған жинақтар мен жинаушылардың еңбектері зор.

Доспамбет жыраудың жұртқа мәлім шағын толғаулары тікелей ұрыс далаларында туған жырларға ұқсайды. Сондықтан да ол бірде өлер алдында өткен өмірдің мазмұны туралы ой қозғағандай болса, өзге бір жағдайда жас өмірімен қоштасқандай, алдағы күндердің қызығын қимағандай әсер қалдырады.

Азаулының ірі феодалдарының бірі және осы таптың өле-өлгенше жоғын жоқтап, сойылын соққан, өзгенің жеріне шабуыл жасағанда да сол таптың мүддесі үшін қару ұстаған Доспамбет жырларында рулық-феодалдық өмірдің тек рақаты мен қызығының көрінуі тегін емес. Ол осы өмірді сақтау үшін қолының күшін де, найзаның ұшын да, тілінің құдіретін де толық жұмсаған адам. Оның үшін сыртқы жаудан басқаның бәрі — кіршіксіз, бірөңкей жұмақ сияқты болып көрінеді. Сол себепті ол өмірдегі ұсақ жайларды көрмей, өзі өмір сүрген ортаның күнгеі жағын ғана асқақ жыр етеді.

Доспамбет бұл кезге дейінгі жинақтарда қазақ жырауы аталып келді. Бұл бір жақты пікір. Бірақ, оның шағын толғауларының қазақ арасында ертеден сақталатынын және ноғайлы, қазақтың жыраулық дәстүрі негізінде туғанын ескеріп, оны бірден XV—XVIII ғасырлар поэзиясынан алыстатудың реті болмас. Әйтсе де,

оның тарихта қандай адам болғанын, қандай бағыт ұстағанын ұмытпау қажет. Бұл пікірдің Шобанға да қатысы бар.

1912 жылы «Шайыр» жинағынан аты таныс, жыры таныс Ер Шобан кім? Ол туралы бүгін танда не білеміз?

Үлкен ноғайлы ордасын XVI ғасырдың орта тұсында Мұсаның баласы Ысмайыл билеп, Жүсіп тұқымын (немере, шөберелерімен) қуып жіберді дедік. 1563 жылы Ысмайыл өлген соң оның орнына баласы Тінахмет ие болады. Одан кейін де орда билігі талайлардың қолына ауысады. Үлкен ноғайлы ордасының князі Орыс 1590 жылы өліп, оның орнын Тінахметтің баласы Ормамбет басады. Сөйтіп, Ормамбет — 1590—97 жылдар арасында үлкен орданың бірден-бір билеушісі. 1597—98 жылдары Ормамбет өлгеннен кейін оның орнына 1600 жылы Тінахметтің екінші баласы Тінмамбет отырады, Тінмамбет те бұл орында ұзақ бола алмайды. Өйткені орда ішіндегі билік үшін талас, жанжал мейлінше шиеленісе түседі. Орыстың баласы — Жанарыстан мырза, оның баласы — Орақ мырза орда ішінде бітиспес бүліншілік туғызып, Тінахмет әулетін бірінен соң бірін өлтіреді. Ақырында 1600 жылы ордада Тінахметтің өзге баласы Естерек князь боп тағайындалады. Ысмайылдан кейін Москва мемлекетімен арадағы үзілген қатынас Естерек тұсында қалпына келіп, Борис патша Естерекке князь атағын береді²⁸.

1613 жылы Естерек ұлыстарымен «Черкас тауларында» көшіп жүріп, қабардылықтардан қатты соққы жейді²⁹. 1619 жылы өледі. Шобан — осы Естеректің немересі (Естеректің Мамбет, Бимырза, Саин, Оразлы деген балалары болған, Шобан—Оразлының баласы. Оразлыдан туғанмен, оны Естерек өзіне бала қылып алуы да мүмкін, қалай болғанда да, ол тарихи деректерде Естеректер қатарында аталады)³⁰. Шобан толғауында ол «Естерекұлы Ер Шобан» делінеді. Мұнда танданарлық ештеңе жоқ. Ешкім білмейтін өз әкесінен гөрі, аты үлкен ноғайлы еліне түгел таныс атасын әкем деп бетке ұстау, көлденең тарту Шобан үшін қай жағынан да пайдалы.

1634 жылы Еділ бойындағы қалмақтардан³¹ әлсін-әлсін шапқыншылыққа ұшыраған үлкен ноғайлының бірсыпыра ұлыстары (бұлардың ішінде Естеректер де бар) Қырымға қарай ойысады.

²⁸ Сонда. 38—40-б.

²⁹ Сонда. 89-б.

³⁰ Сонда. 95, 147, 283, 285, 378-б.

³¹ XVII ғасырдың бас кезінде (1627—28) Шығыс Жоңғария қалмақтарының Торғоуыт аталатын үлкен бір бөлігі (ұлысы не тайпасы, жалпы қалмақтар осындай төрт бөліктен: чорос, хошаут, торгоуыт, хойт құрылған) Хо-Урлуктың бастауымен алдымен Тюменьге, кейін Еділ бойына кеп орналасып, осы өңірдегі ноғайлы, қазақтармен жиі соғысып тұрған. Еділ қалмақтарының жеке ел болып өмір сүруі 1635 жылдан басталады.

Бірақ, 1637 жылы Қырым билеушілерінен қысым көре бастаған соң, 1638 жылы Саин, Шобан, Шайтемір Естерековтер Қырымнан бөлініп, өз ұлыстарының біраз бөлігімен Азов маңына көшіп келеді. Азовты түрік-татар әскерінің қамауы ноғай ұлыстарының көші-қонына тағы да себепкер болады. Шобан 1638 жылдың 15 январында інісі Саин мырзаны Азов қаласына жіберіп, Естереков әулетінің Москва мемлекетіне бұрынғыдай адалдығын мәлімдейді, Доннан ноғайлы жаққа өтерде Москва мемлекеті тарапынан қарсылық болмауын өтінеді.

1639 жылдың 16 декабрінде Шобанның ноғай мырзаларын Азовтан Астраханьға өтуге шақырғаны және өзінің Астраханьға өткелі жатқаны хабарланады. Сөйтіп, бір кезде Еділ бойынан көшкен ноғай ұлыстарының енді өкшесі жерге тимейді, Естереков (Саин, Шобан, Шайтемір), т. б. мырзалар Астрахань билеушілерінің өтінішімен және Еділ бойындағы қалмақтардан айтарлықтай қауіп болмағаннан кейін Астрахань маңына жақын келеді. Бірақ, қалмақтар тағы да ұрысқа дайындалып жатыр дегенді естіп, 1645 жылдың күзінде Терек өзеніне, қабардылықтарға қарай көшіп, Ақсай, Қойсу деген өзендердің бойын мекендейді, бірақ Москва мемлекетінен қатынастарын үзбейді. Міне, Шобан толғауында сөз болатын қабардыдан жылқы айдап алу тұсы — XVII ғасырдың осы жылдары.

Шобан толғауының өзге бір варианты (кейінгі дәуірдің көп қосымшаларымен) ноғай халқында сақталды. Оны түсініктемеде жариялап отырмыз.

Шобан атына байланысты шағын жыр ауыз әдебиетіндегі белгілі дәстүр негізінде туған. Фольклорда қалыптасқан бұл дәстүр — сұлу да әсерлі көркемдік формалардың бірі. Оның жақсы мысалын «Қыз Жібек» дастанынан көреміз. Жырда 13 сұлу қызға берілетін біріне-бірі ұқсамайтын көркем сипаттама сол дәстүрдің аса бір әдемі үлгісі болса, батырлар жырында да ол кең өріс алған болатын (Мысалы, Қобыландының Қараманды қуып жетіп, алдында кімдер бар деп сұрағанда Қараманның берген жауап-толғауы, т. б.). Шобанның толғауы — осы дәстүрді XVII ғасырдың орта тұсында тірілткен, өз кезінің батырларымен толықтырған кейінгі дәуір үлгісі. Батырлар жыры мен лиро-эпикалық дастандарға қарағанда (көркемдік түр жағынан оларға ұқсас болғанымен) мұнда әсірелеу аздау, көбінесе шындыққа жақын жайлар баяндалады. Бұл да осы туындының кейінгі кезде (XVII ғ.) туғандығының және соған лайық поэзияда аздап болса да шындық тенденциясының тарай бастағандығының айғағы.

XVII ғасыр батырлар жыры мен лиро-эпикалық дастандардың туған кезінен көп кейін дегенімізбен, біздің дәуірімізден үш ғасыр бұрын. Бұл әдебиет үшін де, мәдениет үшін де аз уақыт емес. Мі-

не, осы уақыт іздерін Шобан толғауынан да көреміз. Толғауда жеті-сегіз батырға сипаттама беріледі. Топтағанда «батыр» деген бір ауыз сөзге сыйып кететін сол адамдарды жеке-жеке таныстырғанда ақын олардың бір-біріне ұқсамайтын ерлік, батырлық ісі мен тұлғасын айқын да әсерлі суреттейді. Соның нәтижесінде бірінен-бірі өткен ер жүрек батырлар тобы оқушының (не тыңдаушының) көз алдынан өтіп жатады.

Түменді бұзған ер де бар,
Суын түсті жүйрік бар,
Суырылып шабар батыр бар,—

деген жалпы сипаттамадағы көркемдегіш сөздер мен ұғымдардың біразы қазір ескірген, «Түменді бұзған ер» деген эпитетті бүгінде ешкімнің қолданбайтыны былай тұрсын, көп адам түсіне де бермейді. «Суын түсті жүйрік» деген бейнелі сөздері тіпті түсініксіз. «Ақ табан ару торы ат жайлаған» дегендегі «ару» деген эпитеттің атқа қолданылуы да ескі түр. «Ат жайлаған» (мінген деген мағынада) деген тіркес те — көненің ізі. «Алдаспан ауыр қылыш байлаған» эпитеті де арғы жағы батырлар жырынан келе жатқан байырғы көркемдегіш сөздер, «Балаңқылар батпаған, байсасы тудай», «Бір ойында алпыс ала балта сындырған» деген күрделі эпитеттер мен теңеу де арғы заманның бейнелі сөздері, т. б.

Қысқасы, Шобан толғауы өз дәуіріне лайық көркемдік бояуларды сақтай жетуімен айрықша бағалы. Бұлар халқымыздың көркемдік дамуындағы, тіліндегі қозғалысты танып білуіміз үшін мейлінше пайдалы. Сондай-ақ, толғауға байланысты тағы бір атап өтерлік жай — толғау эпикалық жырлардағы көркемдік түрге байланысты туғанмен, оның негізінде өзге бір қосымша — юмор жатыр. Эпикалық жырларда елдік, ерлік мәселелері, махаббат мұңы терең әлеуметтік мазмұнмен көтерілсе, мұнда жау жағын мазақтау, әжуалау мазмұны мен мақсаты басым. Әрине, бұл да — жауды сынаудың, суреттеудің бір түрі, тәсілі болар. Бірақ, көрмеу мүмкін емес. Осы ерекшелігімен толғау ертегі, аңыздардағы халық юморын біраз еске түсіреді.

Тұтас алғанда, Шобан толғауы — батырлық жайында кейінгі дәуірдің поэзиялық үлгісі. Мұнда батырдың өзі атамзаманғы іргелі, ірі мағынасы мен мақсатында (ел қорғау, таза батырлық мағынасында) көрінбейді, ру, халық арасындағы барымта төңірегінде көрінеді. Тарихшыларымыздың көрсетуіне қарағанда мұның өзі батырлар тарихында феодалдық өмірдің үстемдік етуімен байланысты нақты орын алған шындық³² Демек, толғау бұл ерекше-

³² В. Ф. Шахматовтың мақаласы // Известия АН СССР. Серия историческая. Вып. 2 (23). 1946. С. 108.

лігімен де өз тұсының аздаған шындығын таныта алатын, реалистік негізде туған шығарма.

XVII ғасырдағы поэзиямыздың ірі өкілі — Жиёмбет жырау. Халық аузындағы аңыздарда Бортоғашұлы Жиёмбет жырау деп аталады, Кіші жүздің он екі аталы Байұлы руының Тана деген бөлігінен шыққан, Тана руының үлкен бір тобы өзін бүгінде Жиёмбет Танамыз дейді. Мұнысы — Жиёмбеттен тараған ұрпақтармыз дегені. Жыраудың өмірі туралы өзге мәлімет сақталмаған. Тек одан қалған аздаған толғаулар ғана оның қай кезде өмір сүргені туралы ішінара мағлұмат береді.

Жиёмбет жырау — Есім ханның тұстасы, замандасы. Есімге арналған бірен-саран толғауы жыраудың ханмен терезесі тең отырып сөйлесе, қажет жағдайда кінәласа да алғандығын білдіреді. Жыраудың өзін, шығармасын, заманын аздап болса да түсіну үшін Есім ханның кім екендігін, оның тұсындағы тарихи-қоғамдық, саяси-әлеуметтік жайларды қарастыра өту қажет.

Есім хан (Шығай ханның баласы, Шығай Жәдектің баласы, Жәдек Қасым ханмен бірге Жәнібек ханнан туған) — 1598—1628 жылдар³³ арасындағы қазақ жұртының ханы. Оған дейін Есімнің ағасы Тәуекел (1586—1598), оның алдында әкесі Шығай (1580—1582), Шығайға дейін Қасымның баласы Хақ-Назар (1538—1580) хандық құрады.

Тәуекел ханның тұсында көршілес хандықтармен жауласу кең өріс алады. Ол, әсіресе, Бұхара, Ташкент хандықтарымен әлсін-әлсін соғысып, көбіне жеңіспен оралады. Ойраттармен соғыста олардың біраз бөлігін өзіне қаратып, аз ғана уақыт қазақ пен қалмақтың ханы болып тұрады, 1595 жылдың мартында орыс патшасы Федор Ивановичтің Тәуекел ханды орысқа қарату жайлы грамотасында ол қазақ пен қалмақтың ханы деп аталады. Тәуекел ақырында Бұхара хандығымен соғыста өледі.

Есім ханның (халық аузында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған) тұсында да соғыс толастамайды. XVI ғасырдың соңғы жылдарында қазақ хандығының біраз күшеюі Есім ханның жеңістерге жетуіне жағдай туғызады. Ойраттарға бір кезде тұтқын боп түскен башқұрттар 1620 жылы қазақ пен қалмақтың соғысында босап шығып Уфаға барғанда: «Қазақ ордасы, Есім патша қалмақ патшаларын қыса түсуде, көп адамдарын қырды, Олтын ханды көп адамымен өлтіріп, екі тайшыны ұлысымен: қатын-балаларымен тұтқынға алды», — деген хабарды жеткізеді. Есім ханның Ойраттармен соғысы Шоқанның еңбектерінде біраз аталады, Күнгей Алатаудың шығыс жұлығында Санташ асуының бойындағы

³³ Есім ханның хандық құрған жылдары Қазақстан тарихында осылай көрсетілгенімен, орыс, қалмақ тілдеріндегі материалдарда 1645 жылға дейін ірі билеушілердің бірі болғаны баяндалады.

тас қорғанды (биіктігі 3, ауданы 35 сажын) қырғыздар Есім ханның Жоңғар қалмақтарын жеңгенінің ескерткіші ретінде атайды дейді Шоқан. Тарихи деректерге қарағанда Шығыс Жоңғарияны Батур-Хұнтайджи билеп тұрған кезде қазақ пен қалмақ арасында үш үлкен соғыс болады: бірі — осы XVII ғасырдың 30-жылдары, екіншісі — 1643 жылы, үшіншісі — 1651—1652 жылдары. Мұның алғашқы екеуі Есім ханның тұсында болады. Әсіресе, бірінші соғыс жөнінде дерек азырақ. Ал, 1643 жылғы соғыс жөнінде орыс, монғол тілдеріндегі еңбектер нақты мағлұмат береді. Осы соғыстың қарсаңында Есім ханның баласы Жәңгір (кезінде Салқам Жәңгір атанған хан, Тәуке ханның әкесі) ойраттарға тұтқын боп түсіп, қашып босанып шығады. Бұл соғыс екі жаққа да жеңіл тимейді, әсіресе, қалмақтар үшін қиынға түседі, қалмақтар осы соғыстың зардабын ұзақ тартады. Үшінші соғыстың тұсында Есім хан тірілердің қатарында жоқ.

Шоқанның жазуларында Есім қазақтың күшті хандарының бірі. «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» деген ел аузындағы ескі сөздерге қарағанда бітім билігі алғаш Қасым ханның тұсында туып, кейін оны Есім хан тұтынған соң, бірі осы билікті негіздеуші, екіншісі жалғастырушы ретінде аталса керек (кейін осы өредегі биліктер Есім ханның немересі Тәуке ханның тұсында орнығып, оның «Жеті жарғысына» еніп, ресми сипат алғанға ұқсайды). Бұл, әрине, Есім хан кезінде қазақ арасында ішкі қайшылықтар немесе көрші елдермен соғыс болмады деген сөз емес. Олар шектен тыс көп болған. Тәуекел тұсында қазаққа қараған біраз жер Есім ханның кезінде бөлек хандық құрады. Соның бірі — Ташкент хандығы. Ташкентті Тұрсын хан билейді. Шоқанның айтуына, Есім хан Тұрсын ханды қырғыздың ру басы, биі Көкем арқылы өлтіреді де, кейін қазақ пен қырғыздың одағына арнап Ташкенттен Көкемнің көк күмбезі атты күмбез салдырады.

Есім ханның замандасы, қолында ұстаған батыры Жиенбет жыраудың біздің заманымызға жеткен шағын толғаулары хан мен жырау арасындағы бірлікті емес, араздықты, алшақтықты, алауыздықты білдіреді, сол ажырасудың поэзия тілінде сақталған ескерткіші тәрізді. Толғауларда сөз болатын жайлар тарихи шындыққа қайшы келмейді, Есім ханның қалмақтармен сан рет соғысып, адамдай, заттай көп олжа түсіргенін жоғарыда атап өттік. Жыраудың інісі Жолымбет осындай олжаның бірін өз билігімен иемденгенге ұқсайды. Хан мен жыраудың (немесе оның інісінің) жаудан түскен олжаға таласып ажырасуы не араздасуы да танданарлық жай емес. Мұның екеуі де феодалдық рулар мен топтарға сүйенген ел билеушісі, ру басы. Сондықтан олардың өзге жұрттармен соғысу мақсатының өзі, көбінесе, олардағы жер байлығы мен ел байлығын өз қолына жинауды көздеуден туады. Жолымбеттің

өз бетімен жасаған о жар әрекеті мен оған ханның кешірілмес кек білдіруінің түпкі түйіні осында жатыр. Әрқайсысы сұлу мен жүйріктің, т. б. алдымен өз қолында болғанын жақсы көреді.

Шөлгезден бастап батыр-жыраулардың тағдырына ортақ жай— ірі ру басылар, билер, бектер, князьдармен арадағы қарым-қатынасы. Хандар батырларды сырттан қауіп төнген кезде қасында ұстап, пана тұтса, күш-қуатын пайдаланса, тыныш уақытта әр түрлі ірілі-ұсақты себептермен қуғындап отырған. Мұндай қуғынға, әсіресе, Шөлгез тәрізді өз қолына байлық, билік жинамаған батырлар жиі ұшыраған. Жиёмбет те — осындай батырлардың бірі. Жаугершілік кезде ол Есім ханның бірден-бір тірегі болады («Қолында болдым сүйесін; қолтығыңа болдым демесін»). Жиёмбеттің өзге батыр жыраулардан айырмасы да жоқ емес. Жыраулығымен қоса, ол — Есім ханның қабырғалы биі де. Өз сөзіне қарағанда, ол жұртты хан қарамағында ұстап тұру үшін керек кезінде келелі кеңес беру үшін ханға аз еңбек сіңірмеген тәрізді («Ертеңгі күн болғанда, елің кеңес құрғанда, айналып ақыл табарға... Мен жоқ болсам, Есім хан, ит түрткіні көресің, Жиёмбет қайда дегенде, не деп жауап бересің», «...Қалың елім жиылды, бастап келген өзге емес, Жиёмбет сынды биің-ді»). Сол себепті оның Есім ханға арналған толғауы әншейін бір өкпе-наз түріндегі (Шөлгездің Темірге айтқанындай) сөз емес, сыртында көп ел тұрған ірі ру басының күш көрсету, қорқыту сөзіндей. Сондықтан да ол қажет деп тапса ханын мазақтай да, масқаралай да алады («Қалмақтың Бөрі ханы келгенде, соқыр бурыл байталға, сонда бір жайдақ мінгенсің»), қажет деп тапса зіл көрсете, қорқыта да алады («Арқаға қарай көшермін, алашыма ұран десермін, ат құйрығын кесермін, ат сауырсын берермін, алыста дәурен сүрермін»)

Жиёмбет толғаулары көркем де өткір. Мұнда, әсіресе, халықтық нәрлі теңеулер арқылы бейнелі көріністер жасау, образды ойлар білдіру тәсілі өнімді орын алады. Батырлар жырындағы белгілі көркемдік түрді, суреттеу жолдарын қайталай отырып, жырау өзінше сыр толғайды, өзіндік көркем туынды жасайды.

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай,
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайындай.

Мұнда батырлар жырынан айырма да бар, ол — батыр өзінің күші мен мүмкіндігін жекпе-жекке түскелі тұрған жат батырға арнамайды, өзімен көп уақыт бірге жүрген сыралғы билеушісіне

арнайды. Бірақ, екеуіндегі мақсат та біреу: қарсы жақтың адамын қорқыту, оған психологиялық ықпал жасау.

Жиёмбеттің өзі туралы мақтау сөздері ауыз әдебиетіндегі (әсіресе, батырлар жырындағы) белгілі дәстүрлі түрді білмеген, оған бала кезінен құлағы қанып, үйренбеген адамға ерсі көрінер еді. Қазақ оқушысы үшін оның ерсі еместігі былай тұрсын, қайта ер жүрек батырдың өр бейнесін жасайды. Ұзақ заманалар бойы ауыз әдебиетімен ғана сусындаған қазақ қоғамында өз тыңдаушысы үшін ерліктің белгісі — жолбарыс, өрліктің белгісі — бесті асау, зорлықтың белгісі — жайын, қаттылықтың белгісі — қарағай мен қайың болып қалыптасқан. Сондықтан бұлардың атын атаудың өзі айтайын деген ойды бірден ұғындырады. Жырау осы ұғымдағы фольклорлық дәстүрді пайдалана отырып, батыр бейнесін аз сөзбен әсерлі түрде жасайды.

Ол мұны ашу үстінде айтса да, ханның халыққа деген қаталдығын, әділетсіздігін тілге тиек етеді («Мен өлсем құнсыз кетер деме сен, кешегі өзің ұрып өлтірген Тілеуберді құлындай»). Осы тәрізді және жоғарыда аталған біраз жайлар (қалмақ елін шауып олжалау, олжаға таласу, т. б.) жырау толғауларындағы жекелеген шындық, реалистік сәттерді білдіреді, сол дәуірдің өзіндік кескін-келбетін танып білуге жәрдемдеседі.

XVIII ғасыр — қазақ поэзиясының кең өріс алған тұсы, әділін айтсақ, поэзия үлгілерінің біздің дәуірімізге молырақ жеткен кезі. Мұны тек осы ғасырдың одан бұрынғы дәуірлермен салыстырғанда бізге бір табан жақындығымен ғана түсіндіруге, дәлелдеуге болады. Әйтпесе, одан ілгергі кезде поэзия аз дамыды, оның таңдаулы, дарынды өкілдері аз болды деуге ешбір негіз жоқ.

XVIII ғасыр поэзиясының бұрынғы поэзиядан өзіндік бір ерекшелігі: мұнда ерлік тақырыбы елдік мәселемен бірге, егіздің сыңарындай өзектесе көтеріледі. Оның алуан түрлі тарихи-әлеуметтік себептері болған еді. Алдымен соларға тоқталайық.

Бұған дейін атап көрсеткеніміздей, XVII ғасырдың бірінші жартысында қазақ пен қалмақ арасында орын алған сыртқы қайшылықтар, арагідік соғыс қимылдары кейінгі кезеңде толастамады. Әсіресе, Тәуке ханның (1680—1718) тұсында қазақ пен қалмақ соғысы жаңадан өрістеді. 1698 жылдың көктемінде ойраттардың ханы Цэван-Рабдан (Сенгенің баласы, Батор хунтайджидің немересі) Цин империясының императоры Сюаньға жолдаған хатында өзі тарапынан қазақтарға қарсы соғыс бастағанын хабарлай келіп, мұнысын «еріккеннен емес, төзуге болмайтын жағдайлардың орын алғандығынан» деп мәлімдейді. Соның бірі мынау: Тәуке осының алдында Цэван-Рабданмен хабарласып, Галдан тұсында қолға түсіп, кейін далай-ламаға сыйлық ретінде Ахасаға жіберілген ұлын қайтарса, бітімге келмек болады. Цэван-Рабдан Тәукенің

ұлын босатып, қасына бес жүз адам қосып еліне қайтарады. Цэван-Рабданның мәлімдеуінше, Тәуке осы адамның көбін қырып, қалғанын тұтқынға алды. Бұдан кейін Урхедей-Батұр-тайшыны өлтіріп, адамдарын тұтқындайды, Ұранқайдың жүз үйін әйелдерімен, бала-шағаларымен, мал-дүниесімен көшіріп әкетеді. Бұның бәрін қойғанда, Цэван-Рабданның Еділ бойындағы қалмақтардан қалыңдығын (Аюке ханның қызы) әкеле жатқан керуенді тонайды, т. б.

Мұның қаншасы рас, қаншасы жалған екенін бүгінде ешкім біліп болмайды. Әйтсе де, зерттеушілердің пікірінше, осы кезден бастап қазақтар үшін қалмақ тарапынан қауіп күшейе түседі. Тек Цэван-Рабданның (ол 1727 жылы өледі) тұсында 1711, 1712, 1714, 1717, 1723, 1725 жылдары қазақ пен қалмақ арасында ірі соғыстар болады. Әсіресе, 1723 жылғы соғыс («Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама») қазақ елі үшін өте қиынға түседі, қалмақтар қазақтың Ұлы жүз бен Орта жүз руларын оңтүстік-батыс аудандарға дейін шегіндіреді. Бұл соғыста қалмақ жағы жиырмадан астам зеңбірек (1716 жылы орыстармен қақтығыста қалмақ жағының қолына түскен швед офицері Ренат кұйған) қолданып, құралсыз қазақтарды есепсіз қырып, жояды. Соғыстың алдында 1716 жылы қазақтың біраз сұлтандары Сибирь губернаторы М. Гагаринге елші жолдап, орыс патшасына адалдығын білдіріп, ойраттарға қарсы көмек сұрайды. Гагарин бұл тілекке қарсы болмаса да, тікелей жәрдем көрсете алмайды.

Қазақ-қалмақ соғыстарының түпкі төркіні, сайып келгенде, осы екі елдің де ірі феодалдары мен билеуші топтарының жер мен жеке байлық үшін тойымсыз талас-тартысында жатыр еді. Бұл бір ғана соғыс емес, барша талас-тартысқа тән ерекшелік болатын.

Осы кездегі қазақ қоғамының жағдайы туралы өткен ғасырдағы орыс тарихшысы В. Витевский былай деп жазады: «...XVIII ғасырдың басында қырғыздар (қазақтар. — Ә. Д.) арасында дау-жанжал күшейе түседі. Осы жағдайды пайдаланып көршілес елдер қырғыздарды жан-жақтан қысады: түстік батыстан қалмақтар, терістіктен — башқұрттар мен Сібір қазақтары, ал шығыстан қырғыздардың негізгі жауы — жоңғар әміршісі Галдан-Церен³⁴ шабуыл жасайды. Осы ішкі-сыртқы қысымдардың салдарынан қырғыздар 1710 жылдың шамасында орыс патшасы тарапынан қамқорлық іздейді. Қырғыздың белгілі батыры және старшинасы Бөгембай Қаракұмдағы сеймде халықты қалмақтарға қарсы соғысқа шығуға көндіреді. Көтерілісшіл қырғыздарды бастау Бө-

³⁴ Бұл қате. Қалмақтардың сөз болып отырған кездегі ханы Цэван-Рабдан. Цэван-Рабдан 1727 жылы өлгеннен кейін ғана оның баласы Галдан-Церен хан болады (ол 1745 жылы өледі).

гембайға тапсырылады да, хандық билік Әбілқайырға беріледі. Қалмақтар ер жүрек батырдың айлалы да батыл қимылының нәтижесінде жеңіледі. Енді қырғыздар қарақалпақтар мен башқұрттардан қорғануға тиіс болады. Сол кезде қырғыздың (қазақтар.— Ә. Д.) хандары Тәуке, Қайып, Әбілқайыр I Петрге өздерін Россияға қосып алу жөнінде өтініш білдіреді. Бірақ, шведтермен соғысып жатқан Петр қырғыздардың ішкі талас-тартысын көре отырып, олар жөнінде нақты шешім қабылдай алмайды.

Жоңғар ханы қырғыздардың орыс патшасы тарапынан қостау таба алмағанын білгеннен кейін 1723 жылы Түркістанды жаулап алады, бүкіл қырғыз ордаларын қиратып алуды ойлайды»³⁵. Қалмақтар жүрген жерін қырып, өртеп, тігерге тұяқ мал-жан қалдырмай өтеді. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, кейбір ауылда қара қазанды төңкеріп, соның астына жасырған бірен-саран бала ғана тірі қалып, кейін содан ұрпақ өсіп-өніп ел болса керек. Ал, осы оқиғаның «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» аталуы жайында да әр алуан аңыздар бар. Қазақтар, делінеді бір аңызда, аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жығылыпты, сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жамандық көргенін де сондай ұмытпауға тиіс. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болсын депті. Оның мағынасы: табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн, — деген.

Қазақ халқының өмірінде 1723 жылғы соғыстан бұрын да талай ауыр кезеңдер болған. Бірақ, соның ешбірінен поэзиялық ескерткіш қалмағанда, осы ұлы қырғыннан «Қаратаудың басынан көш келеді» деген әйгілі халық өлеңінің туып, ел жадында ұзақ уақыт бойы сақталуы кездейсоқ емес. Бұл осы оқиғаның халық өміріне мүлде терең әсер еткендігінің салдары, нәтижесі. «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі сол оқиғаға байланысты халық өміріндегі қайғы мен қасіретті, терең жан күйзелісін білдіреді, кейінгі буын үшін ол алыстағы ұрпақтың азалы үніндей аянышты түрде естіледі, халықтың рухани дүниесіндегі терең тебіреністің көзіндей, символындай заманалар бойы сақталып келді. Біздің 1723 жыл оқиғасын осынша тәптіштегеніміздің себебі: осы кезең қазақ қоғамы өмірінде жана дәуір туғызды, қоғамдық тың мәселелерді көтеруге, қоюға түрткі болды. Мұның нақты белгілерін халықтың азаматтық тарихынан да, рухани өмірінің көзі — поэзиядан да таба аламыз.

Жоғарыда келтіріліп өткен Қаракұмдағы сеймнің бүкіл рухы-

³⁵ *Витебский В. Н.* Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Спб., 1897. Т. 1. С. 134.

нан «қазақ халқы болып бірігіп өмір сүру не жеке-жеке шашырап құру» мәселесінің өмірдің өзі тарапынан үзілді-кесілді қойылғанын түсіну қиын емес. Сол кездегі толып жатқан қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды өзге актылар да осы шындықты қуаттай, толықтыра түседі. Қоғамдық өмірдің бүкіл болмысы ел болып бірігіп сыртқы жауға қарсы тұруға, одан қорғана білуге шақырады, өзге жолдың қайсысы да халық ретінде азып-тозушылыққа апаратынын қоғамның әрбір мүшесіне дейін ұғындырады. Осы тарихи кезеңдегі поэзия да дәуірдің сол негізгі шындығының куәсі, көркем көрінісі, шежіресі тәрізді. Ханның атына, батырдың атына айтылған немесе жыраудың өзі туралы айтқан сөзінен де заманның осы үлкен шындығы естілгендей болады.

1723 жыл оқиғасының қазақ халқының бірігіп ел болу, сыртқы жауға тізе қосып, қарсы тұру мәселесін батыл қойғаны, халық санасын елдік тұрғысынан айрықша оятқаны тіпті кейінгі дәуірге дейін сөз боп келді. 1912 жылы шыққан кітаптардың бірінде:

Сар бала, қара қазан қамын ойлап,
Қосылып жұрт болатын іс қылалық.
Өлімнен деген мақал — қорлық жаман,
Өлген жөн, мұндай болып жүргенше
аман ³⁶,—

делінеді 1723 жыл оқиғасы жайында. Өлең көркемдігі жағынан қарабайыр болғанымен, тарихи кезең туғызған мәселені арада екі жүз жыл өткеннен кейін де дұрыс көрсетуімен назар аударды.

XVIII ғасыр поэзиясының үлгілерімен толық танысқанымызда екі түрлі нәрсе бірден көзге түседі. Бірі — әріден келе жатқан жырау дәстүрінің онан әрі дамуы, жаңа қырларынан көрінуі. Мұның белгілі өкілдері: Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау Екіншісі — жаңа көріне бастаған ақындар творчествосы. Оның белгілі шеберлері — Шал, Көтеш ақындар.

Бұқар жырау — XVIII ғасыр поэзиясының көрнекті өкілі, оның әдеби мұрасы жайында бұл кезге дейін көп жазылды, алуан түрлі пікірлер айтылады. Бүгінде ол туралы тиянақты ойлар, нақты баға қалыптасып үлгерді. Дегенмен, біз XV—XVIII ғасырлар поэзиясын тұтас сөз етіп отырғандықтан, жырауды осы поэзия арнасында, желісінде атап өтуге тиіспіз. Бұқар әріден келе жатқан жыраулар поэзиясының жалғасы ғана емес, бергі дәуірдегі биігі де.

³⁶ Бұл өлеңнің негізгі үш-төрт шумағын әлі күнге дейін барша қазақ біледі. Өлең әуелбаста ұзақ болғанға ұқсайды. Оның ұзақ бір вариантын Ж. Досқараев (Известия АН КазССР, серия филология и искусства, 1961. Вып. 2(18). С. 34—41), өзге бір вариантын Ы. Дүйсенбаев тобықты Тобыш ақынның өлені деп жариялады («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», 1976. 9—11-б.). Бұлардан басқа Ә. Марғұланды бір варианты бар. Ол әлі баспа бетін көрген жоқ.

Оның арғы дәуірлердегі жырауларға біраз ұқсастығы да бар, айырмашылығы да жоқ емес. Бұрынғы жыраулар көбіне ру басыларының маңында жүріп, руды, тайпаны сыртқы жаудан қорғау жөнінде тікелей қайрат жасаса, Бұқар ханның төңірегінде өмір кешіп, оның ең жақын ақылшысының, кеңесшісінің бірі болған. Демек, ол бұрынғы батыр жыраулардың ісін кейінгі тұста ақылшы, шешен жыраудың «қызметімен» жалғастырған.

Бұқар Абылайдың хандық құрған заманында оның үнемі қасында болып, ханның ішкі-сыртқы саясатына белсенді түрде араласады. Жас жағынан Абылайдан көп үлкен жырау өзінің бүкіл өмір тәжірибесі мен өнер тәжірибесін ханның ел билеу ісіне ұштастырады.

Бұқар негізінен 1723 жылғы атышулы оқиғадан кейінгі тарихи кезеңнің адамы болғандықтан сол дәуірдің өзекті проблемасын көрмей, көтермей кете алмады. Ол, ілгеріде атағанымыздай, қазақ халқының басын қосып ел болу, сыртқы жаулардан қорғану мәселесі еді. Әрине, Бұқар мұны таза халықтық мақсат, мүдде тұрғысынан көтеру мен танудан аулақ. Халық өз алдына бірігіп, ел болсын дегенде де ол мәселеге билеуші ірі феодал табының тілегі тұрғысынан келді. Өнер тарихында мұндай жайлар жиі кездеседі. Халықтың белгілі даму тарихындағы негізгі беталысты, тенденцияны сол қоғамдық өмірдің әрбір мүшесі-ақ түсіне алады, оның ішінде, әсіресе, өнер өкілі алдымен байқауға, тануға тиіс. Ал, бұған қай таптың мүддесі тұрғысынан келу, қандай позиция арқылы келу басқа мәселе. Мысал үшін тіпті әріге бармай-ақ, ХІХ ғасырдағы біраз орыс жазушыларының революцияшыл көзқарасты қолдамай тұрып-ақ, орыс халқының революцияға келген жолын шыншыл суреттей алғанын білеміз.

Бұқар творчествосының негізгі тақырыбы — Абылай болуы кездейсоқ емес. Жырау қоғамдық өмірдің даму бағыты мен 1723 жылдың тарихи сабағы ретінде туып отырған біртұтас ел болу мәселесін Абылай бейнесі арқылы шешуді көздейді. Басқаша айтсақ, халықтың бір ортаға басын қосу тақырыбының кілті, жыраудың түсінігінде және көркемдік шешімінде, Абылай бейнесі. Сондықтан ол Абылайдың жеке басындағы, саясатындағы, т. б. көптеген кемшіліктерді, қайшылықтарды қоя тұрып, оны мінсіз, әділ, көреген, жомарт билеуші етіп суреттейді.

Кырық беске келгенде,
Жаксы-жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының,
Атының басын бір кезеңге тенедің.—

дейді Бұқар. Жыраудың суреттеуінше, қазақта Абылайдан артық

билеуші болған емес. Осы мазмұнды толғаулары арқылы ол елді Абылай төңірегінде ұстау, ұйыту мақсатын көздейді. Әрине, Бұқардың заманында, жағдайында, таптық позициясында бұдан өзгеше болуы мүмкін емес еді. Жырау өзінің Абылайға деген үлкен сезімін ол өлейін деп жатқанда да анық білдіреді.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай.

Ал, Абылай өлгеннен кейінгі жоқтауында (Шоқанның жазбалары бойынша) Абылайды жауды жеңген батыр, салтанатты бай, елді аузына қаратқан би ретінде суреттейді.

Бұқар біраз толғауларында Абылайды сынайды да. Бірақ, бұл сын көбінесе жасы үлкен кісінің ақылы, بازیнасы дәрежесінде ғана. Қоғамдық өмірдің түбегейлі мәселесіне келгенде, Бұқар Абылай позициясын қостап шығады. «Садыр қайда барасын?» деген белгілі өлеңінде жырау үлкен ру — арғынның атынан найманға зіл көрсетеді. Бірақ, іс жүзінде ол арғын атынан емес, сыртында тұрған Абылай атынан күш көрсету еді.

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын,—

дейді жырау. Оның халықты Абылай төңірегіне жинаудағы негізгі құралы — күштеу, қорқыту, т. б. Бұл, әрине, өз дәуірінің өмір шындығы еді. Таза әдеби тұрғыдан алғанда Абылай бейнесі поэзиямыздағы алғашқы адам образының бірінен саналады. Бұқарға дейінгі ақын, жыраулар жеке адамдар жайында арагидік сөз қозғағаны болмаса, мәселеге бүтіндей бара алмды. Ал, Бұқар Абылай бейнесіне әркез оралып, оны образ ретінде жетілдіре, толықтыра түсіп отырды (ауыз әдебиетіндегі атам заманғы кесек образдар өз алдына мәселе, бұл арада сөз жеке ақын, жырау творчествосында адам бейнесінің көрінуі жөнінде болып отыр).

Әдебиеттің даму тарихында адам образын жасаудың, әсіресе, автор ойынан туған жинақтаушы образдың маңызы өте зор. Өйткені ол түптеп келгенде әдебиеттің негізгі мақсаты, міндеті — өмірді жанды да кесек бейне арқылы суреттеуге, білдіруге бастайды, апарады. Сондықтан бұл құбылыс әдебиеттің өркендеу барысында, не соған бет алған тұста пайда болады. Бұқар жасаған Абылай бейнесінде әсіреленген, дәріптелген, мадақталған жайлар басым. Соған қарамастан ол тек оның творчествосында ғана емес,

жалпы поэзиямызда адам образын жасаудың алғашқы елеулі тәжірибесі болып саналады.

Бөгембай батыр — Бұқар жырау творчествосындағы өзге бір үлкен тұлға, әдеби бейне. Бөгембай — жалғыз Бұқар ғана емес, осы тұстағы басқа да біраз акын, жыраудың (Үмбетей жырау, т. б.) поэзиясынан берік орын алған адам. Батыр туралы авторы мәлім емес тарихи дастандар өз алдына үлкен бір мол сала. Олар XVIII—XIX ғасырлар бойы жасалды.

Батыр бейнесі Бұқар толғауларында Абылай образының екінші жағы ретінде көрінеді. Жырау бұлардың бірін елдің билеушісі, екіншісін батыры етіп суреттейді, екеуінің атқаратын қызметі екі түрлі болғанымен, тоғысар жері біреу — ол елдің тыныштығы, тәуелсіздігі. Осы ретте Бөгембай батыр бейнесінде де артық-кем жайлар, әсірелеу аз емес.

Бөгембай батырдың тарихта кім болғанын жоғарыда атап өттік. Ол шынында да 1723 жылғы оқиғадан кейін ел басын қосып, қазақ елінің жерін, адамын қайыру жөнінде көп еңбек еткен, қол бастаған, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген адам. Ал, осы тарихи адамның әдеби бейнесіне келер болсақ, алдымен Бұқар поэзиясына байланысты мынау жайларды атау қажет.

Бұл арада қайталап айтуды қажет ететін бір нәрсе — біздің образ, бейне деп атап отырғанымыздың қайсысы да бүгінгі толық мағынасында емес. Шын мәніндегі образдың бірден, бір мезгілде туа қалмайтыны, оның жалпы әдебиеттің өсу, есеюімен байланысты бірте-бірте пайда болатыны мәлім. Біздің айтып отырғанымыз, сол образды жасауға бағытталған алғашқы талап, іздену жөнінде ғана. Сондықтан да Абылай, Бөгембай бейнелеріндегі сырттай таныстыру, мадақтау жайларына тіпті де таңырқауға болмайды.

Бөгембай бейнесі де Абылай бейнесі тәрізді фольклордағы образ жасау тәсілдері мен принциптері бойынша сомдалған. Басқаша айтсақ, бұлардың негізгі ерекшелігі ішкі психологиялық даралау тұрғысынан емес, сыртқы белгілері мен қасиеттерін тізіп көрсету арқылы берілген. Бұл арада мұны фольклорды не басқаны кемсіту тұрғысынан атаудан аулақпыз. Біздің мақсатымыз, біріншіден, нәрсені өз атымен атау, екіншіден, фольклор мен сол фольклордан бөлініп шыға бастаған жеке адамдар (яғни, жырау, ақындар) арасындағы творчестволық байланысты көрсету, соған назар аудару. Бұқардың суреттеуінде, сипаттауында, бағалауында Бөгембай «қазақтың қамал қорғаны», «қазақтың абырой-арына, сарып қылған бар күшін» батыр:

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,

Қорқып жаудан қайтпаған...
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған.

Бұл — кәдімгі батырлар жырындағы ерлік көріністері, батырлықты суреттеу тәсілі. Батырлар жырын өмір бойы тыңдап өскен қазақ жұрты үшін бұдан артық не басқаша суреттеу мүмкін емес. Өйткені осы суреттеудің өзі көпшілікке кімнің кім екенін айтпай танытады. Сондықтан да жырау өзіне дейінгі дәстүрді бұзып, портрет, пейзаждық, психологиялық суреттеулерге барып жатпайды.

Бөгембай тақырыбы Үмбетей жырауда көбірек орын алады. Екі жыраудың да суреттеу тәсілі негізінен бір болғанмен, Үмбетейде Бөгембайды халық ұғымында әбден қалыптасқан көркем теңеулер, салыстырулар, параллелдер арқылы бейнелеу талабы басым. Соның нәтижесінде батырды тікелей мадақтаудан гөрі ол жөнінде азды-көпті көркем түсінік, ұғымды береді:

Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгембай...
Темір жұмсап оқ атқан—
Қорғасындай Бөгембай.
Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай.
Жалаң қия жерлерден,
Жазбай түсіп түлкі алған,
Білегі жуан бүркіттің—
Тегеурініндей Бөгембай.

Үмбетей жыраудың Бөгембайды осынша дәріптеуінің төркіні де батырдың ел қорғаудағы жанқиярлық ерлік істерімен байланысты, бүгінгі тілмен айтсақ, патриоттық қимыл-әрекеттерімен сабақтас. Бұқардағы тәрізді мұнда да батырдың қалмақпен соғыстағы ерлігі ерекше аталады.

Үмбетейдің Бөгембай өлімін Абылайға естірту толғауы — осы көне поэзиялық түрдің (естіртудің) поэзиямыздағы ең тәуір үлгілерінің бірі. Толғаудың алдымен атап өтерлік бір ерекшелігі — Абылайдың өміріне байланысты көптеген шындық деректер осында мол қамтылады, Абылай мен Бөгембайды бірден-бір халық қамқоры, панасы етіп бір жақты суреттеу басым. Сонымен қатар автордың құдайға құлшылығы, өз заманына және билеуші тапқа лайық ұғым, түсініктері мен өмірге көзқарасы өз алдына мәселе. Жыраудың өмір сүрген кезеңінде мұнсыз болмайтыны түсінікті де. Осындай ерекшеліктеріне қоса толғаудың көркем туынды екенін атап өтпеске болмайды. Бұған көзімізді жеткізу үшін оның соңғы бірер үзіндісін келтірсек те жеткілікті:

Қазаға жақсы қасқарар,
Ойбайлап жаман бас салар.

Көріспей айтты деменіз,
Осы еді біздің келген жай.
Көзіңнің жасын тия көр,
Жақсылық бата қыла көр,
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін.
Бөгембайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгембай сынды батырдың,
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқын-ай.
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай.

Жоғарыда айтқанымыздай, Бөгембай тақырыбы Бұқар, Үмбетей толғауларымен шектелмейді. Аты мәлім және белгісіз авторлардың толып жатқан шығармалары бар. Бірақ, біз сөз етіп отырған дәуірге олардың қатысы шамалы. Сондықтан оларға тоқталмаймыз. Бұқар мен Үмбетей толғауларындағы Абылай мен Бөгембай бейнелері поэзиямызда адам образын жасаудың алғашқы тәжірибесі болумен қатар, әдебиетімізде осы саладағы ізденістің алдымен тарихи адамдар арқылы көрінгенін білдіреді. Мұның өзі өскен, кемелденген әдебиетте ғана көрінетін автор ойынан туатын кейіпкерге (вымышленный герой) келудегі бастапқы қадам еді.

Бұқар толғау жанрын тақырып жағынан едәуір байытты, әлеуметтік мазмұн жағынан біраз тереңдетті, өмір мәселелеріне араласу белсенділігін арттырды. Жырау толғауларымен таныса отырып, оның өз дәуіріндегі ірілі-уақты мәселелердің қандайына да батыл араласып, өзінің, өз табының мақсат-мүддесін айқын білдіріп отырғанын көреміз.

Жыраудың біраз толғаулары феодалдық қоғамдағы адам мен семьяның, семья мен қоғамның амандығы мен арманын, моралі мен этикасын сөз етеді. Бұл толғаулардың көркемдігін былай қойғанда, аталған мәселелер жайында Бұқар дәуіріндегі үстем көзқарастарды, ұғым-түсініктерді танып білуге көп көмегін тигізеді («Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Жал құйрығы қаба деп», т. б.).

Бұқар толғауларының көркемдігі көне дәстүрлерді онан әрі жалғастырып, дамыту саласында айқынырақ көрінеді. Адамның жасына байланысты, өмір мен өлім туралы шығармалар жасау шығыс поэзиясында атам заманнан келе жатқан дәстүр, үлкен көркемдік түр (арғы кезді айтпағанда, Рудакидің «Керілік туралы элегия» дастанынан бергі дәуірде мұндай туындылар ондап, жүздеп саналады). Осы көркемдік түрді, тәсілді Бұқар өз творчествосында көп пайдаланып, тандаулы толғауларын жасады. Ол әр жастың өзіндік қызығы мен мүмкіндігін біліп қана қоймай, олар жайында поэзия құралымен сырлы да тартымды шығармалар ту-

ғызды. Жалпы алғанда оның осы тақырыптағы толғауларын өмірдің өсуі мен өзгеруі туралы туындылар ретінде таныған жөн.

Бұқардың тікелей өмірдің өзі туралы, оның мазмұны мен өзгеріп тұруы жайында да толғауы жоқ емес:

Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Көл суалмас деменіз.
Кұрсағы құшақ байлардан,
Дәулет таймас деменіз.
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға теңеліп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз...

Жырау бірде байдың байлығы мен кедейдің жарлылығын құдайдың алдын ала әркімге бөліп қойған еншісіндей суреттесе, енді бірде («Айналасын жер тұтқан» өлеңіндегідей) өмірді өзгеру қалпында таниды, көрсетеді.

Бұқар толғау жанрына арғы дәуірлерден тән — мәңгілік ақиқаттарды тізбелеп айту арқылы белгілі бір тағлымдық мақсатты шығарма жасау дәстүрін сәтті жалғастырды:

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болар...

Немесе:

Ақшам батпай түн шықпас,
Ажал жетпей жан шықпас,
Етеккі кессе жең болмас...
Қараша торғай қаз болмас...

Жыраудың көп өлеңдері осылайша басталып, нақты түйіндермен аяқталып отырады.

Бұқар толғауларының көркемдігі өз алдына үлкен бір тақырып. Осы жанрдың көркемдігіне қатысты ерекшеліктердің қайсысы да оның творчествосында толық бой көрсетеді десек, асыра айтқандық емес. Ол толғау жанрының өзіне дейінгі көркемдік өрнектерін өз бойына сіңіріп, өзіндік қолтаңбасын жасады. Бұлардың әр біреуі толғау жанрына ғана тән абстракциялы ойлар, көркем түйіндер, қиыннан қиыстырылған салыстырулар арқылы бой түзеп, өз алдына шағын шығарма болып шыққан. Артық буын, жасық сөз, амалсыз қайталаулар кездеспейді. Жырау өмір құбылыстарына, заманның өзекті проблемаларына билеуші таптың тұрғысынан қарай отырса да, тілдік құралға келгенде, халықтың поэзиялық тіліндегі нәрлі, табиғи байлықты шеберлікпен пайдалана-

ды. Оның өзіндік ерекшелігі ретінде жырау мен шешендік өнерінің астаса келушілігін айтуға болады. Мәселен, мына жолдар соны айқын айғақтайды:

Асқар таудың өлгені —
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені —
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай менен күннің өлгені —
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені —
Мүз болып тастай қатқаны...
Өлмегенде не өлмейді —
Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді.

Бұқардың біздің дәуірімізге жеткен толғаулары жырау мұрасының үштен бірі ме, оннан бірі ме, оны ешкім біліп болмайды. Әйтеуір түгел жетпегеніне ешкім де таласа алмайды. Жырау мұрасының бізге жеткен шағын бөлігінің өзі оның өнері, заманы, поэзияның өмірді бейнелеу дәрежесі, т. б. туралы азды-көпті түсінік бере алады.

Академик Д. С. Лихачев орыстың ескі дәуірдегі әдебиетін сөз ете келіп, мынадай негізгі жағдайларға назар аударады: «Орта ғасыр әдебиеті жана дәуір әдебиетіне қарағанда шабан дамыды. Оның бір себебі, жазушы да, оқушы да жаңалық атаулыға ұмтылмады, қызықпады. Олар үшін жаңалық атаулының ХІХ—ХХ ғасырлар кезіндегідей қадірі болмады. Әдебиетке тарихтық талап қойылмады. Әрбір шығарма қашан және неге байланысты туғанын білдірмей-ақ өмір сүрді. Орта ғасыр оқушысы үшін ең қажеттісі: шығарманы кім шығарды, кімге арнады және автордың өмірдегі орны, салмағы қандай деген мәселелер төңірегінде болды. Өмірді суреттеу тәсілдерінің көп өзгермеуі де дүниенің «қозғалмайтынына» сенумен байланысты еді. Жаңа нәрсе жасау дүниенің кемшілігі көп, соны түзеймін деумен бірдей еді. Психологиялық көріністер ешқандай даралаусыз, жалпы суреттелді. Сондықтан да әрбір адам бұрынғыдай жақсы, жаман категориясына бөлініп суреттелумен тынды»³⁷, т. б. Осы айтылған жайлардың бірсыпырасы дәлме-дәл, түгелдей қайталанбаса да, қазақтың ХV—ХVІІІ ғасырлар арасындағы поэзиясынан да едәуір елес береді. Мұны жоғарыдағы талдаулардан да көреміз. Бұл заңды да. Себебі: «Адамзат тарихы біреу. Әр халықтың «өзіндік идеал» жолы өзге халықтар жолымен ұқсас. Ол жол адамзат қоғамының жалпы даму заңдарына

³⁷ Лихачев Д. С. Развитие русской литературы X—XII вв. Л., 1973. С. 6—91.

бағынады. Бұл қағида — марксизм жеңістерінің ең негізгілерінің бірі»³⁸.

Д. С. Лихачев пікірінің ертедегі қазақ әдебиетіне қатыстылығын қазақтың өз ғалымдарының ойларымен де дәлелдеуге болады. «Халық әдебиеті, — деп жазады Қ. Жұбанов, — халықпен құрдас, бірге жасасып келе жатқан кәрі нәрсе. Оның жаңалығы жартусыз, бұрынғының үстіне жаңа бояу жағу түрінде ғана болады. Жаңа шығармасы да сол ескі тамырға көктеп өседі. Мұның бәрі өмір ағымының шабандығын, ілгері басуда халықтың мандымағанын, ескінің тігісін сөгіп, ыдыратқандай, халық өмірінде ұлы өзгеріс болмағанын көрсетеді»³⁹

Қазақ поэзиясының толғау жанрына тән асқақ күйден алғаш арылып, жерге түсе бастағаны, өмір мәселелерін өмірдің өзіне ұқсас қарапайым түрлер арқылы көтере және суреттей түскені, шамамен алғанда Шал мен Көтеш, т. б. ақыннан басталады. Әрине, кейінгі тұста да жыраулар болды. Әңгіме бұл арада алғашқы ақындар турасында ғой.

Жырау мен ақынның айырмасы, біздің ойымызша, негізінен мынадай белгілерге байланысты. Жырау өмірді көбінесе тұспалдап, жанамалай, тақпақтап ашық дидактикалық ережелер арқылы көтеріңкі рухта суреттесе, ақын өмір мәселелерін нақты көтеріп, нақты бейнелейді. Әрине, ақын атаулының бәрі бірдей бұл дәрежеге бірден жете бермейді. Сөз бұл арада өмірді қалай көріп, қалай суреттеу принципінің негізгі ерекшелігі жөнінде ғана.

Оның бізге жеткен мұрасы негізінен шағын өлеңдер. Шоқанның айтуына қарағанда, Шал эпик ақын да болғанға ұқсайды. «Шал қазақтың пайда болғанына дейінгі аңыздарды көп жырлаушы еді дейді және Алаштан тараған хандар мен ру басылардың, тайпалардың генеологиясын Құдайберді батырға дейін таратып айтады екен... Бірақ, менің қолымда бұл эпос жоқ»⁴⁰, — деп жазды Шоқан.

Шалдың өмірі мен творчествосы жөнінде соңғы жылдарда біраз мақалалар жазылды. Ақындық өнеріне лайықты баға берілді. Өмірі, шыққан ортасы жайында Ғ Әбетовтың жақсы зерттеу мақаласы⁴¹ жарық көрді. Біздің бұл арадағы міндетіміз — ақын творчествосын арнай зерттеу емес. XV—XVIII ғасырлар поэзиясының арнасында сөз ету ғана.

Ақынның өлеңдері тақырыбы жағынан өте кең. Ескі қазақ аулының алуан түрлі тіршілік-тұрмысына қатысты жайлар, этика, мораль мәселелері оның өлеңдерінің негізгі объектісі. Азаматтық

³⁸ Сонда. 9-б.

³⁹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. 298-б.

⁴⁰ Уәлиханов Ш. Ш. Көрсетілген еңбегі. 1961. 1-т. 211-б.

⁴¹ Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1976.

мотив — адамдық, арлылық, адалдық, намысшылдық, т. б. ақын творчествосының өзекті желісі, жүйесі боп табылады. Өтірік пен өсек, еңбексіздік әйел үшін де, еркек үшін де арзан, азғын қасиеттердің басы ретінде сипатталады. Ақынның жігіт, әйел, қыз туралы өлеңдері осы тақырыптағы халық жырларында біраз ұқсағанымен, автордың өзіндік сөз өрнектерін де нақты танытады. Шал өлеңдеріне тән жеңіл юмор, зілсіз сықақ, әсіресе, оның аталған тақырыптағы туындыларынан сәтті байқалады. Ақын бір жағынан жырауларша жақсылық пен жамандықты, не жақсы жігіт пен жаман жігітті қатар алып салыстыра суреттей отырса да, көбіне жалаң тақпақтау, ашық дидактика жағына бармайды.

Адамдық, әділдік жайындағы өлеңдері оның өмір сүрген кезі мен әлеуметтік ортасындағы шындықты нанымды бейнелейді. Күлен биге арнаған өлеңінде ақын: «төре беріп, біреуден пара жесен, қияметте жоқ дейді биден азған», — деп биді о дүниенің қияметімен қорқытса, түзегісі келсе, өзге бір алуан өлеңінде жігіттің жақсы атанбағы малымен, байлығымен байланысты деген ұғымды қуаттайды («Қолыңнан мал кеткен соң келмес күйің», «Мал шіркін абыройынды жасырады»).

Ақынның көп жырлаған тақырыбы — кедейлік. Өзі кедей болған соң ба, әлде ақындық білгірлік, танығыштықтың әсері ме, әйтеуір осы мәселе қазақ поэзиясында тұңғыш рет Шал творчествосында жеке тақырып дәрежесіне көтеріле сөз болады. Ол кедейден гөрі кедейлікке көбірек назар аударып, шама келсе, одан алдын-ала қашуды, қайткенде оны болдырмауды насихаттайды. Кедейліктің табиғатын жақсы танып бағалаған ақын одан құтылудың бірден-бір жолы ретінде еріншектікке бой алдырмауды, демек, еңбек етуді ұсынады. Арагідік ол кедейлерді жалдап күн көретін байлардың еріншектілігін де сынайды. Бірақ, осы өредегі сынның салмақты жағы кедейдің үлесіне тиеді.

Шал ақынның әр кез орала жырлаған тақырыбының бірі — кәрілік, жастық туралы. Қазақ поэзиясындағы осы дәстүрлі көркемдік түрді пайдалануда ақын өзіне дейінгі жыраулардың көлеңкесінде қалып қоймай, өзіндік сөз кестесін, ой сонылығын таба, сөйтіп, көне көркемдік түрді өзі тарапынан жаңарта, жаңғырта жырлады. Ақын әр жастың қызығы мен қиындығын өзінше тауып, оларды жанды суреттер арқылы тыңдаушының көз алдына келтіре бейнеледі. Шал өлеңдерінің ауыз әдебиетімен, халық поэзиясымен туыстығы тек ұйқас, ырғақ мөлшерінің ұқсастығымен шектелмейді. Ол халық поэзиясының жақсы дәстүрлерін, көркемдік түрлерін пайдаланып қана қоймай, оны әрі қарай жалғастырды, дамытты. Адамның мінез-құлқындағы, қоғамдық өмірдегі әр алуан көріністерді, құбылыстарды, қылықтарды суреттеуде ол өзіне дейінгі поэзияның тәжірибесін жақсы мағынасында орнықтыра, тұ-

рактандыра түсті. Оның кәрілік, жастық, әйел мен еркектің жақсысы мен жаманы туралы өлеңдері жайында осыны айтуға болады. Ақын өлеңдерінің ішінде халық өлеңдерінің алғашқы жолдарын алып, кейінгі жолдарын жаңарту арқылы өлең жасау тәсілі де жоқ емес, т. б. Бұлардың қайсысы да оның өнерінің халық поэзиясы мен өзіне дейінгі ақын, жыраулар поэзиясы негізінде қанаттанып, кейін өзіндік көркемдік бояуларымен түрлене, кемелдене түскендігін білдіреді.

Шал — өзіне дейінгі жыраулар тәрізді импровизатор ақын. Ал, жыраулардан өзгешелігі — айтыс ақыны да. Оның ірі айтыстарға түскені жайында дерек болмаса да, кішігірім айтыстарының өзі Шалдың қазақ поэзиясы үшін осы байырғы жанрда ұсталығын, тапқырлығын байқатады. Оның, әсіресе, қыздармен сөз қақтығысы біздің заманымызға көбірек жетті. Жалпы, ақын творчествосына тән жеңіл юмор, тапқыр сықақ, өтімді әзіл оның айтыстарының да негізгі ерекшелігі.

Көтеш ақындығы да көп ретте Шалдың ақындығына ұқсайды. Оның экспромт түріндегі қысқа (бірер ауыз) өлеңдері ойлы да әсерлі. Шал тәрізді Көтеш те қыз бен жігіттің айтысына көп қатысқан. Алайда бұл тараптағы өлеңдерінің басым көпшілігі ел ішіндегі теңсіздік пен жоқшылықты нанымды бейнелейді. Әсіресе, кедей тұрмысын, оның сұрғылт өмір салтын шындық түрінде суреттейді.

Шал мен Көтеш өлеңдерінде бұған дейінгі поэзияға қарағанда әлеуметтік әуен біраз нақты сезіледі. Мұны жеке шығармалар тұрасында не белгілі тақырып төңірегіндегі (кедейлік тәрізді) өлеңдер жайында ғана емес, жалпы осы ақындардың творчествосына тән ерекшелік ретінде атауға тиіспіз. Өткендегі жыраулар творчествосында асқақ сипатта сөз болатын ерлік пен елдік, батырлық пен серілік, т. б. мәселелер енді кем-кемдеп күнделікті тұрмыстың ірілі-ұсақты жайларына ойыса бастайды. Шал мен Көтеш творчествосы осы бет бұрыстың басталуын көрсетеді. Тұтас алғанда бұл кұбылыс поэзияның ұзақ өмір жолындағы, оның өмірге қоянқолтық жақындау барысындағы, жазба әдебиетке бет бұру бағытындағы бір қадам ілгерілеу еді. Мұны жеке авторлардың саналы түрдегі әрекеті (жазба әдебиеттің ауыз әдебиетіне қарағанда өмірді тереңірек суреттеу қабілетін айыра білгендіктен қолданған шарасы) деп бағалау, сөз жоқ, дұрыс болмайды. Ол — өмірдің, поэзияның өзіне ғана лайық даму жолынан туған не туатын табиғи сатылардың бірі. Әрине, жыраулар ақындар творчествосының өзінше дамығаны, әрқайсысы бірінің орнын бірі баса алмайтындығы айқын. Қай-қайсысының да кезінде өмірді көркемдікпен тану, бейнелеу мақсатында пайда болып, сол өреде тиісті қызмет атқарғаны, басқаша айтсақ, екеуінің де поэзиямыздың даму жолында

занды түрде туып, бір-біріне әсерін тигізіп отырғаны, бірі екіншісінің табиғи жалғасы екендігі, т. б. принцип тұрғысынан алғанда, талассыз мәселе. Біз жоғарыда мүмкіндігінше осы жайларды айқындауға тырыстық.

XV—XVIII ғасырлардағы поэзиямыз өзінің барша сәбилік, баландық болмысымен, халқымыздың бай фольклорымен бірге әдебиетіміздің кейінгі кезеңдері үшін бастапқы бұлақ арнасы қызметін атқарады. Мұнда халқымыздың бірнеше ғасырлық көркемдік, поэзиялық тәжірибесі жинақталып, іріктеліп, сан ұрпақтың ақыл-ойы арқасында ауызша өмір сүріп біздің дәуірімізге жетті.

1981.

ТОЛҒАУ ЖАНРЫ ХАҚЫНДА

Қазақ поэзиясының алыстағы бұлақ-бастаулары болып саналатын алғашқы шығармалар біздің заманымызға көбіне-көп толғау арқылы жетті. Бұл оның ауыз әдебиетінен жеке авторлар творчествосының ұзақ бөлініп шығу процесі бойына бірден-бір көркемдік түр ретінде белсенді қызмет атқарғанының да белгісі.

Осы тұрғыдан алғанда толғаудың тууы мен өмір сүруі, дамуы ғылым үшін өте қызғылықты факт. Мұны зерттеу екінші жағынан қарағанда жалпы жеке авторлар творчествосының ауыз әдебиетінен бөлініп шығуы мен өзіндік өсу жолына да зер салу, содан ой қорытындылау сияқты. Бірақ, жанр жолын арнайы қарау әдебиетті таза тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарастырудан көп өзгеше. Негізгі мақсат мұнда жанр ерекшелігін аша түсуге бағытталмақ.

Жеке авторлар творчествосының ауыз әдебиетінен ұзақ бөліну процесінде туып, өлшеусіз көп қызмет атқарған толғау жанрының негізгі тәркінін оның сол шыққан арнасынан — ауыз әдебиетінен іздеуге тиіспіз. Өйткені, өмірде де, өнерде де дайын күйінде туа қалатын жаңа құбылыс болмақ емес. В. Белинскийдің айтуына қарағанда, әдебиеттің органикалық дамуында бар құбылыс бір-бірімен сабақтас өмір сүреді, олардың араларында тарихи жанды байланыс бар. Яғни, жаңаның өзі ескіден туады, кейінгі нәрсе өткендегімен танылады, еш нәрсе кездейсоқ емес.

Қазақ ауыз әдебиеті жанр жағынан мейлінше бай. Осы бай әдебиеттің ішінде толғау қай жанрға жақынырақ, ол оның қайсысынан бөлініп шығуға лайық деген мәселеге келер болсақ, ең алдымен батырлар жырын айтуымыз қажет. Мұның екі түрлі басты себебі бар. Ең алдымен толғау өзінің бүкіл тарихы бойына өлендік түрі жағынан, негізінен, жырға ұқсас болса (поэзиямыздағы ең көне түр — 7—8 буынды жыр өлшемінің әр түрлі — еркін, шұбыртпалы ұйқастары негізінде туғаны белгілі), екіншіден маз-

мұны жағынан да сол жырдан, әсіресе, батырлар жырынан алшақ кетпейді, көбіне-көп елдік, ерлік тәрізді қоғамдық, әлеуметтік маңызы зор мәселелер негізінде туып, өріс алды. Екеуінің арасындағы айырма мынау: бірінде аталған мәселелер жеке адамдарға, олардың іс-әрекеттеріне байланысты, белгілі бір сюжеттік линияда көрінсе, екіншісінде автордың өмір, дүние, адам жайындағы ойлары жан тебіреністері арқылы, тура бастапқы қалпында көрінеді. Мұның аты — батырлар жыры мен толғауға негіз болған қоғамдық үлкен мазмұн біреу ғана, тек екеуінің көркемдік жолымен дәлелденуі, тыңдаушысына жеткізілуі ғана екі түрлі деген сөз.

Өзге де алуан түрлі белгілерімен толғаудың әуелі бастағы төркіні болуға лайық, басқаша айтсақ, толғаумен іштей де, сырттай да туыстас, табиғаты бір батырлар жырының жанрлық, әлеуметтік негіздері қандай? Алдымен осы мәселеге жауап іздеуіміз қажет.

Көптеген халықтардың фольклор тарихына ой жүгіртсек, ең алдымен эпикалық жырлардың туып, ұзақ уақыт бойы өмір сүргенін және өзге ірілі-ұсақты көп жанрлардың қызметін бір өзі атқарып келгенін білеміз. Мұның тарихи және қоғамдық себептері де аз болмағанға ұқсайды. Орыс әдебиетінде алдымен осындай жанрдың пайда болғаны жөнінде Д. Лихачев былай деп жазады: «Феодализмнің алғашқы дәуіріндегі мемлекеттер өте әлсіз болды. Орталықтан шетке қарай ығысқан қоғамдық көштердің — феодалдардың арасындағы алауыздық мемлекет бірлігін үнемі бұзып отырады. Бірлікті нығайту үшін қоғамдық мықты мораль — Отанды сүю идеологиясын дамыту, ар мен адалдық, жанқиярлық пен жоғарғы дәрежедегі патриоттық сана-сезімді тәрбиелеу, құдіретті сөз өнерін өрістету керек болды: саяси публицистика мен Отанды сүюді мадақтайтын жанрлардың, лиро-эпикалық жанрлардың қажеттігі туды. Экономикалық және әскери байланыстардың нашар кезінде жеке адамдар бойында патриоттық сезімді жедел дамытпайынша мемлекет бірлігін жүзеге асыру мүмкін емес еді. Эпостарда жеке адамдар құдіретінің ерекше орын алушылығы да осыдан»¹. Д. Лихачев XI—XIII ғасырларда жанрлардың пайда болуы туралы ойларын дамыта келіп, мұның өзі көбінесе фольклор мен жазба әдебиеттің екі аралығында туып, дүниеге келгенін дәлелдейді. Орыс әдебиетінің басы болып саналатын «Игорь полкы туралы жырдың» тууын да осы өреде танып бағалайды².

Біздің бұл арада бір-бірінен алшақ, екі түрлі тілдік топқа қосылатын, мәдениеттері де әр дәрежедегі орыс, қазақ сияқты екі халықтың поэзиялық мұраларының туу, даму жолдары арасынан бірлік, заңдылық іздеуіміз жайдан жай емес. Себебі, түптеп кел-

¹ Лихачев Д. С. История жанров в русской литературе XI—XVII вв. Л., 1972. С. 72.

² Сонда. 7-б.

генде «адамзат мәдениеті» біреу, жеке бір халықтың «өзіндік мұрат» жолы өзге халықтар жолымен ұқсас. Мұның өзі адамзат қоғамының дамуындағы жалпы заңдылықтарға бағынады³. Марксизмнің басты табыстарының бірі де осы қағидада жатыр. Бұл сөзді, әрине, бір халықтың поэзиясы, болмаса мәдениеті өткен жолды екінші халық барша ірілі-ұсақты ерекшелігімен тұптура сол күйінде қайталайды деген тар мағынада емес, одан әлдеқайда кең көлемде, мәдениет пен әдебиеттің тарихындағы аса маңызды кезеңдері мен негізгі сипаттарына байланысты түсіну қажет.

Халқымыздың сан ғасыр бойы ауызша қастерлей сақтап, біздің заманымызға жеткізген поэзиялық мұрасының бастапқы тұстарына көз салсақ, алғашқы кезекте пайда болған негізгі жанрлардың бірі — күрделі эпикалық туындылар батырлар жыры болғанын, оларда, негізінен, елін, жерін сыртқы жаулардан қорғаған жеке адамдардың іс-әрекеттері мадақталғанын көреміз.

Бұл арада атап өтерлік бір мәселе — батырлар жырын немесе осы өредегі өзге де ірі эпикалық туындыларды ауыз әдебиетінің көптеген жанрларынан бұрын туды деп танып, бағалағанның өзінде, оларды бірден бізге жеткен кесек те күрделі түрінде дүниеге келді деп айту қиын. Әйтседе қазақ эпостарының тарихы мен тегін зерттеген көп ғалымдар осындай түйінге әлі күнге дейін келе алмай жүр. Керісінше, олар қазақ арасында кең тараған батырлар жырын алғаш ру, тайпалар көлеміндегі жеке адамдардың ерлік істері жөніндегі шағын өлең-жырлар мен тұрмыс салт жырларының негізінде туып, кейін ортақ сюжеттік мағынаға түскенге ұқсайды деген болжам ұсынады⁴.

Сондай-ақ, эпостарға өзек болған патриоттық идеяның, тәуелсіз ел болуға, тыныш өмір сүруге байланысты арман-тілектердің бар жырда бірдей айқын көріне алмауы да мүмкін. Бірақ, бұл өз алдына мәселе. Бойында күш-қайраты мол, ата-анасы мен ауыл-аймағын сүюі өзгеден ерек жеке адамдардың бүкіл қауымға үлгі ретінде дәріптеле, әсірелей суреттеліп отырғаны хақ. Мұның бәрі де халықтың елдік, еркіндік, тыныштық тарапындағы арманнан, жеңілу емес, жеңуді ғана аңсаған ақ тілеуінен туып жатты. Қауым боп, көпшілік боп бірігу, сол арқылы күшті, тегеуірінді топ құрып тіршілік ету арғы-бергі қай заманда да жеке адамнан бастап тұтас қоғамға дейін ең негізгі өмірлік проблема болды. Сондықтан рухани, материалдық, қоғамдық күштер мен құралдардың бұл проблемалардан тыс қалғаны болған жоқ және қалуы мүмкін емес

³ Сонда. 9-б.

⁴ Ауэзов М., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа // Литературный критик. 1940. № 1. С. 70; Жумалиев Х., Габдуллин М. Замечательный героизм // Советский Казахстан. 1958. № 6. С. 106.

еді. Поэзия туралы да осыны айтқан жөн. Поэзия алғашқы тұста сол елдік пен бірлік идеяларын насихаттауда жеке адамдардың бойындағы алып күш пен адамдық қасиеттерді жырлады. Олардың өзгеден ерек ерлігін дәріптеудің астарында халықтың сондай жеңімпаз күштерді, «күдіретті» жандарды аңсау арманы жатты.

Қазақ фольклорын былай қойғанда, тіпті сонау VI—VIII ғасырлардағы ежелгі түрік қағанаты кезіндегі жазбаларға ой жіберейікші. Осы дәуірден сақталған бірден-бір ескерткіштер — Күлтегін мен Тоньюкук жазбаларының өзінде елдік идеяларының негізгі жоспарда көрініп, өзге ұсақ жайлардың (ішкі талас-тартыстардың, таққа таласудың т. б.) түсіп қалып отырғанын байқаймыз. «Үш жазбаның үшеуі де түрік қоғамының барша қауымына арналған үндеу есепті және бұл мақсат бүркемеленбеген, ашық. Халықты соған сендіру көзделеді, жазбалар үгіт есебінде: тарихи деректер іріктеліп қана алынған»⁵.

«Қазақ халқы, — деп жазады Шоқан, — ...поэзиялық қасиеті жоғары тарихи аңыздарға өте бай»⁶. Мұның өзі ғалымның түсінуінде сол поэзияға ерекше құмарлық пен қабілеттіліктен, тарихтағы мақтанарлық нәрсенің қандайына да поэзиялық ескерткіш жасап, оны кейінгі ұрпақтар мен замандарға шебер жеткізе білу сияқты өзіндік дәстүрден өсіп, өрбіп отырған. «Қырғыз-қайсақта батырлар жыры мен ертегілер, аңыздар өте көп, қырғыздар (қазақтар — Ә. Д.) ән мен күйді өте жақсы көреді»⁷, — дей келіп ол жырдың, яғни батырлар жайындағы эпикалық туындылардың көне дәуірлерден келе жатқанына және оның себептеріне ерекше назар аударады. «Жыр дегеніміз, — дейді ол, — рапсодия. *Жырламақ* деген етістік әндетіп, әуенмен айту деген сөз. Дала жырының қайсысы да қобыздың сүйемелдеуімен әдеттегідей жырланады, әуенмен айтылады. Жырдың өзегі көбінесе көне замандағы халық батырының өмірі мен ерлігі туралы. Осы орайда ескертетін бір жай — батыр өмірінің оқиғалары, оның ерлігі, қысқасы, батыр төңірегіндегі қозғалатын әңгімелерінің қайсысы да қарасөзбен баяндалады да, өлең негізгі не өзге басты қаһармандар сөйлерде ғана қолданылады»⁸.

Тарихи жырлар мен аңыздардың бағзы замандарда туса да, біздің дәуірімізге дейін жету сырын Шоқан әр түрлі себеп-жағдайларға байланысты таниды. Солардың бірі тағы да — батырлардың ел үшін, қауым үшін жасаған ерлігін мадақтау мен мәңгі есте сақтау жайындағы халық қамқорлығы, халық сезімі екенін

⁵ Гумилев Л. Древние тюрки. М., 1967. С. 332.

⁶ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 210.

⁷ Сонда. 368-б.

⁸ Сонда. 196-б.

атап көрсетеді. Шынында да уақыт елегінен өтіп, ел жадында ғасырлап сақталатын жайлар некен-саяк, олар халық өміріне, тарихына тікелей әсерін тигізген дүниелер ғана, әйтпесе, кіші-гірім нәрсенің бәрі ойда қала бермейді, уақыт сынынан өтпей ұмыт болады. Оның үстіне ұсақ-түйек жайлардың поэзия көгіне көтеріле жырланбайтыны, биік құрметке ие бола алмайтыны және белгілі.

Шоқан тарихи жырларды осының алдыңғы тобына қосады. «Сан жылдар бойы сан ұрпақтың аузында өмір сүргеніне қарамастан ежелгі жырлар мен аңыздардың қайсысы да суырып салма ақындардың айрықша дарыны мен ұмытпаушылық қабілеті арқасында, сондай-ақ, тұтас халықтың арғы аталарының ерлігі туралы ертегі мен аңыздарды, өлең мен жырларды өте-мөте сүйінің нәтижесінде біздің заманымызға мейлінше таза күйінде жетті. Сондықтан да олардың кең байтақ дала өңірінің әр жерінен жазылып алынған әрбір нұсқалары бір-біріне өте жақын, өте ұқсас»⁹.

Шынында көне замандардағы халық жырларының ауызша сақталып, кейінгі тұстарға жетуі бір ғажайып құбылыс болса, олардың сол кең байтақ дала өмірінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай, жеке-жеке варианттарының өз алдына туынды боп кетпей, бастапқы қалпын сақтауы екінші ғажайып. Мұнда Шоқан атап көрсеткен екі түрлі жағдайдың да шешуші роль атқарғанын атап өтпеске болмайды. Оның біріншісі—тұтас халықтың, соның ішінде жеке орындаушылардың естігенін есте сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу, тарату, үйрету қабілеті де, екіншісі — халықтың ерлік істері мен ерлерге деген ерекше ықыласы, ілтипаты, оларға байланысты поэзиялық туындыларды қадірлеп, қастерлеп сақтау дәстүрі.

Біздің дәуірімізге жеткені бар, жетпегені бар, көне замандарда туған жырлардың тек батырлар төңірегінде ғана емес, шежірелік жайларды да аз көтермегенін білеміз. Сайып келгенде, бұл саладағы жырлардың төркінінде де елдің ел болу тарихын өзінше мадақтау, насихаттау талабы жатқанын аңғару қиын емес. Бұл ретте де Шоқанның зерттеулеріне соқпай өте алмаймыз. «Қазақтың шығу тегі туралы аңыздар ішінде Арғын руының Атығай жігінен, оның ішінде Құдайберді ұрпағының Бейімбет бөлігінен шыққан, біздің арғы атамыз—Абылай ханның замандасы—Шал ақынның жыры өте жақсы. Бұл эпопеяны білушілер қазір мейлінше аз, әйтеуір, мен солардың әлі күнге шейін бірде-біреуін кездестіре алмадым. Жұрттың айтуына қарағанда, Шал ақын бұл жырында қазақтың шығу тегіне байланысты барша ертегі, аңыздарды қамтып, сонымен бір-

⁹ Сонда. 210-б.

ге Алаштан бермен қарайғы ру мен тайпа басыларының және хандарының толық генологиясын берсе керек»¹⁰.

Сөйтіп, поэзиямыздың көне дәуіріне көз салсақ, онда тарихи өлең-жырдың өнік орын алғанын және өзге жырлардан гөрі ертерек пайда болғанын байқаймыз. Әрине, бұл арадағы тарихи деген сөзді өте кең мағынасында ұғу керек. Тарихи-көркем туынды қашан да тарихты қаз қалпында тірілтпейді және ондай мақсатты ешуақытта көздеген де емес. Екеуінің міндеті екі басқа, әрқайсысы өзінше қажет дүниелер. Шоқанның ұғымындағы тарихи өлең-жырлар белгілі бір тарихи оқиғалар мен адамдардың төңірегінде туып, халықтың арман-тілектерімен үндесе өмір сүрген туындылар. Бұлардағы тарихи шындық жинақталған, іріктелген, сөйтіп, белгілі бір жүйеге түсірілген, тұтас халықтың немесе белгілі бір қауымның тілек-мүддесіне жақындатылған көркемдік шындық.

Сондықтан да жалпы әдебиеттегі, оның ішінде ауыз әдебиетіндегі көркемдік шындық арқылы тарихи шындықты бастапқы қаз қалпында бар ерекшелігімен тану, түсіну мүмкін емес. Әрине, тұтас кезеңнің ортақ сипатын, негізгі кескін-кейпін, басты тенденциясын танытуда көркем шындықты ештеңе де ауыстыра алмайды.

Сонымен батырлар жырының тууы мен ондағы негізгі идеяның бір-бірімен тығыз сабақтас екенін, бірінсіз екіншісінің жоқ екенін, сондықтан оларды өзара бірлікте ала отырып қана тану, бағалау қажеттігін көреміз. Мұның басты себебі: жеке тайпалар халық боп бірігуге бет алған тұста қалың бұқара қолында күші мен құдіреті бар кесек тұлғалардың, батырлардың, қолбасылардың маңына топтаса түскен. Бұлар елдің бірлігі мен тыныштығын сақтауда қандай қызмет атқарса, оларды сол ісі мен әрекетіне байланысты тану алдымен өмірде, кейін соған лайық өнерде, поэзияда үстем орын алып отырған. Батырлар жыры осының айғағы. Демек батырлар жырының туу төркінінде халықтың аталмыш арман-тілектері мен бір кездегі өмір шындығы сақталған.

Батырлар жырының тұтас комплексі мынандай қорытынды жауауға мүмкіндік береді: патриархалдық-рулық тұрмыстан патриархалдық-феодалдық өмірге аяқ басуда туған көркем туындылар ішінде поэзия ерекше орын алса, оның басым көпшілігі үлкен оқиғаларды эпикалық жоспарда баяндау түрімен жасалды, оларда жеке адамның күші мен ерлігін дәріптеу негізгі идея, өзекті мазмұн боп қалыптасты. Азаматтық пафос, патриотизм идеялары осы жекенің көпке, көптің жекеге қатынасы негізінде, жеке бір адамның ата-анасына, ауыл-аймағына, ағайын-туғандарына қатынасы мен қамқорлығы, адал да абзал сезімдері арқылы бейнеленіп,

¹⁰ Сонда. 211-б.

элеуметтік сипат алып отырды. «Советтер Одағының ұлан-байтақ жерін мекендейтін көптеген халықтар үшін, — деп жазады А. Петросян, — эпос алғашқы және ұзақ тарихи уақыт бойына халық ойының бірден-бір трибуны боп қызмет атқарды. Онда өткен өмір мен болашақ туралы халық ұғымдары кеңінен орын алды, онда халықтың мұң-шері, арман-тілегі, дүниетанымы көрінумен бірге, ширыға, шыныға түсті»¹¹.

Ал, енді батырлар жырын өлеңдік өлшемі, түрі жағынан алатын болсақ, бұл ретте де оның, яғни «жыр өлшемінің, жеті-сегіз буынды өлең түрінің көне заманда туып¹², өмір сүріп келе жатқаны, сөйтіп, бір жағынан толғауға төркін боларлық ескілігі, екінші жағынан, толғаумен іштей туыстығы, бір-біріне ұқсастығы, өзара жақындығы көп уақыттан бері айтылып, дәлелденіп келеді. Сондықтан біз бұл мәселеге арнайы тоқтап жатпаймыз. Тек осы арада еске сала кетерлік бір нәрсе, жоғарыда біраз зертеушілердің эпос әуел баста жеке, ұсақ шығармалар негізінде туып, кейін белгілі сюжет көлемінде біріккенге ұқсайды деген болжамын келтірдік. Бұл болжам сол ұсақ та жеке шығармалардың көбінесе толғау тәріздес немесе соған ұқсас туындылар болғанын аңғартады. Батырлар жырындағы ұзақ монолог түріндегі толғаулар, сол тәрізді өзге де толғау дәрежесіндегі кесек-кесек суреттемелер соның белгісі тәрізді.

Қазақ арасында кең тараған эпикалық жырлардың біразы XIII—XIV ғасырларда туса немесе сол тұстағы оқиғаларға байланысты бола тұрып, сәл кейін дүниеге келсе (ғылымда мұндай жорамалдың екеуі де бар), толғау жанрының алғашқы нұсқалары XV ғасырдың орта тұсынан бермен қарай (яғни, Асан қайғы атына байланысты өлең, аңыздардан бастап) белгілі бола түскені мәлім. Демек, хронологиялық жағынан алғанда да батырлар жырының толғауға негіз болуында айтарлықтай қайшылық жоқ. Бұл арада ескеретін тағы бір мәселе — толғаудың Асаннан да бұрын өмір сүруі және сол ежелгі үлгілердің біздің заманымызға жетпеуі ықтимал. Біздің топшылауларымыз бүгінгі таңда қолда бар шағын әдеби деректердің негізінде жасалып отыр.

«Толғау» деген сөз қайдан шыққан? Бұл атау әуел баста «толға» (немесе «толғап жібер») деген бұйрық рай түріндегі етістіктен шыққан (мұның өзі екі түрлі компоненттен — «тол», «ға» — құралған). Түрі жағынан да, атқарған қызметі жағынан да мұның кәдімгі «сөйле» деген бұйрық рай етістігінен ешбір айырмасы жоқ. Айырма тек оның ақындық өнері бар адамға арналуында. «Толға» (не «толғап жібер») дегенде, «жырла» не «жырлап жібер»

¹¹ Героический эпос народов СССР Л., 1975. Т. 1. С. 5—6.

¹² Ахметов З. А. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973. 30-б.

деген ұғым туады. Яғни, «толға» дегенде қара сөзбен сөйлеу мүлде ұғылмайды. Сол толғаған тұста айтылып, кейін жатталып кеткен жырларды атау үшін оны заттандыру (зат есімге айналдыру) қажет болғанда «толғаға» «у» қосу арқылы жаңа сөз жасалған. Тіліміз үшін атау сөз жасаудың бұл түрі табиғи құбылыс (мысалы, «ата» (бұйрық рай) + «у» — «атау», «еге» + «у» — «егеу», т. б. Проф. Қ. Жұбанов та «толғау» атаулының «толға» дегеннен шыққанын көрсете келіп: «тол» деген түбірден «толқын» сөзі жасалған, түрікмендерде толқынды «толға» дейді¹³ «Түрікмендер жырламақ, толғамақ дегенді «доломақ» дейді, «доло» қазақшалап айтқанда «толғау» деген сөз»¹⁴, — дейді. Осының қайсысы да «толғау» атауының ауызша шығарылған өлең туындыны алғаш орындағанда да, кейін жаттап ап сақтағанда белгілі әуен арқылы жүзеге асу заңдылығын айқындай түседі. Толғау өлеңді ауызша әуенмен шығарып, әндетіп айтатын елде ғана туып, дамыған жанр деуге болады. Оның сахналық сипатының молдығы да содан. Жазба әдебиеті өріс алған елде мұндай өнер түрінің (соған лайық оның аталуының да) болуы мүмкін емес (үстіміздегі ғасырда бізде біраз жазба толғаудың пайда болуы өз алдына мәселе, ол өткендегі дәстүрді жалғастыру мақсатында туды).

Толғау дегеніміз қандай көркем түр? Оның негізгі ерекшеліктері неде?

«Толғау — қазақ әдебиетіндегі сюжетсіз поэзиялық туындының халықтық түрі, белгілі тақырып бойынша ойлар түйю, философиялық пікірлер білдіру пішіні», — делінеді поэзиялық сөздікте¹⁵. «Қысқаша әдеби энциклопедияда» мұндай да анықтама жоқ, мүлде ұмыт қалдырылған. Қазақ әдебиетін зерттеушілердің (С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, т. б.) толғау туралы пікірлері де негізінен жоғарыдағы анықтамаға саяды.

Толғау жанрының табиғаты З. А. Ахметовтың еңбегінде едәуір тереңдей ашылды. «Толғау»... шындап келгенде ән емес, бірақ әуенмен айтуға лайықталып шығарылған халықтық лириканың бір түрі, — деп жазады ғалым, — өлеңдердің тирада-тирада боп бөлінуі әсіресе толғауға тән... Толғау халық нақылдарының афористік стиліне жақын және жұтынған, жарқын афоризмдерге бай. Дыбыстық қайталау мен безендірудің өзгешелігі мен молдығы да содан, толғау термедей әзіл-оспаққа бара бермейді: мәнді-маңызды мәселелерді сөз етеді... толғау — өлең түріндегі ой қозғау, толғану. Толғау деген атынан көрініп тұрғандай-ақ, шығарманың ойлану, толғану түрінде туатындығын байқатады.

¹³ Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. Алматы, 1966. 317-б.

¹⁴ Сонда. 310-б.; Абылқасымов Б. Ш. Толғау туралы // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. 1977. № 2.

¹⁵ Квятковский А. Политический словарь. М., 1966. С. 305.

Толғау деген сөз эпикалық туындыларда («Ер Тарғын», т. б.) сөйлеу, монолог мағынасында қолданылады. Бұл әдетте эпосқа тән ұзақ та тұтас сөз. Толғау — ақындық поэзияның түрі, мұнда әр ақынның творчестволық ерекшелігі молырақ көрінеді... Сөздің әлеуметтік, азаматтық әуенінің артуы — толғау ерекшеліктерінің бірі. Толғау үшін айтылмақ жайдың өзара байланысты болуы шарт емес, шығарманың тұтастығы мұнда суреттелмек құбылысқа автор қатынасының бүтіндігі арқылы, сондай-ақ, кейбір тұрақты композициялы тәсілдерді қолдану нәтижесінде қамтамасыз етіледі. Ойдың өрістілігі, тақырыптың тереңдей ашылуы, лирикалық және эпикалық бастаулардың біте қайнасуы, өмір құбылыстарын мол қамту сияқты қасиеттерінің арқасында толғау халық арасында кең қанат жайып, ең өнімді жанрдың қатарына жетті... Толғаудың жанрлық түр ретінде қалыптасуы халықтың дидактикалық поэзия дәстүрімен байланысты болса керек»¹⁶. Әсіресе, көне дәуірден келе жатқан толғаудың сипаттары осы сөздерде мол және білгірлікпен қамтылған. Толғау жанрының өлең табиғатына байланысты ерекшеліктері мен әр алуан құбылыстары, жалпы қозғалысы нақты және жан-жақты ашып көрсетілген.

Толғау жанрын іштей жіктеу жайында С. Мұқанов былай деп жазады: «Бүкіл дүние жүзі фольклоры (ауыз әдебиеті) лирикалық және эпикалық болып екіге бөлінеді. Лирикасы — жан сырын шертетін өлең-жырлар, эпикасы — ұзақ өлең жырлар. Қазақ фольклорында осының екі түрі де бар... Ол қазақта: толғау, айтыс, жорық жырлары және қисса деп төртке бөлінеді. Толғау нақыл толғауы, ереуіл толғауы және тіршілік толғауы боп үшке бөлінеді. Нақыл толғауында бұрын-сонды болған өнегелі істерді жырлау арқылы замандастарына өсиет айтады»¹⁷. Бұл жіктеуді толығымен қостау, әрине, қиын. Алайда автордың толғаудағы ерлік сипат пен дидактикалық қасиетті атап көрсетуі орынды. Толғау жанрын зерттегендердің қай-қайсысы да оның осы белгілерін әрдайым атап айтып келеді¹⁸.

Аты мәлім алғашқы авторлардың толғаулары біздің заманымызға бастапқы күйінде жетпегені белгілі. Сондықтан XV не XVI ғасырлардағы толғаудың өзіндік сипатын арада бірнеше ғасырлар өткеннен кейін дәл мынандай еді деп кесіп айту өте қиын. Біздің жеке түйіндеріміз, топшылауларымыз бізге әр алуан өзгерістерге ұшырап жеткен шағын поэзиялық деректердің негізінде болмақ.

Асанқайғының атына байланысты өлең, аңыздарды сөз еткенде ең алдымен ауызға алынатын шығарма «Құйрығы жоқ, жалы

¹⁶ Ахметов З. А. Казахское стихосложение. Алма-Ата, 1964. С. 254—256.

¹⁷ Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы, 1974. 188-б.

¹⁸ Абылкасымов Б. Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. Алма-Ата, 1984.

жоқ...» деп басталатын поэзиялық жолдар. Бұл өзі үлкен бір дүниенің кішкене ғана сынығындай мейлінше аз нәрсе. Оның біз үшін бағалылығы — қазақ жерінің қай түкпірінде де Асанның атымен сақталуы, айтылуы, өзге авторларға телінбеуі. Екіншіден, ұзақ шығарманың шағын үзiгi бола отырып, оның бастапқы мазмұны мен түрi жайынан аз да болса, түсiнiк беруi, демек, әуелгi сыры мен сипатын бiздiң дәуiрiмiзге азды-көптi сақтай жетуi. Осы төрт тармақ өлең жолдарына байыптай қарасаң, оның өмiр құбылыстарында, тiршiлiк аясында үйлесiмiн таппаған кереғар жайлардың көптiгiн көрiп, күйзеле, күңiрене сыр шерткенi, бұл сөз соның ғана аузынан шығуға лайықтылығы бiрден көңiлiне ұялайды. Одан дала перзентi өзiндiк өмiр салтымен, өзiне тән дүниетаным, көркемдiк, түсiнiгiмен көрiнедi. Оның iсi де, сөзi де, тiрлiгi де өзге елдiң, әсiресе, отырықшы елдiң тiрлiгiне, арманына ұқсамайды. Көп үшiн қажет жайлы жер, жақсы қоныс iздеп, желмаямен күн-түн қатып, сағым қуа жортқан Асанның көз алдына алдымен даланың тағы құланы мен жыланы келедi. Ақын олардың өмiрiндегi жетiмсiздiктi көрiп қиналып, күңiренгендей болады. Бiрақ, бұл адам өмiрi үшiн қажет мәселенi толғауға әкелудiң өзiндiк бiр көркем жолы, тәсiлi ғана.

Басқаша айтсақ, бұл — адам өмiрiн бейнелеуге табиғатты суреттеу арқылы келудiң алғашқы нұсқасы iспеттес көрiнiс және ол халқымыздың ауыз әдебиетiнде арғы замандардан келе жатқан көркемдiк дүниетанымға жат емес, қайта жақын. Автор өмiрлiк мәселелердi сөз етпес бұрын, алдымен төңiрегiндегi көзiне түсiп келе жатқан дала тұрғындарының өмiрiндегi «үйлесiмдiктердi» тiзбелеп айтып-айтып алып, кейiн дәл сондай тәсiлмен негiзгi тақырыптарына ауысқандай сыңай бiлдiредi. Түптеп келгенде, оның жанын қинайтын мәселе құлан мен жыланның күнкөрiсiндегi дәрменсiздiктер емес, адам өмiрiндегi осылайша ашық көрiнiп тұрған кереғар жайлар. Өлеңнiң әрбiр екiншi жолында қайталанып келетiн «қайтiп күн көрер» деген тiркес бүкiл шығарманың тақырыбы да, идеясы да, мазмұны да. Бұлай дейтiнiмiз, осы тәрiздес шығарма бiр немесе бiрнеше тирада бойынша бiр ұйқаспен (тиiстi сөздердiң не буындардың қайталауымен болмаса осындай риторикалық сұрақтардың қайталауымен) аяқталып отырады. Поэзиямыз үшiн бұл да байырғы дәстүр. Оның нақты мысалдары эпикалық туындыларда өте көп. Ұйқасқан жеке сөздердiң немесе сөз тiркестерiнiң қайталауы толғау тирадаларында әрi мазмұн үшiн, әрi түр үшiн қажет. Осы арқылы шығарма алдымен көркемдiк түрiн, пiшiнiн айқындаса (яғни, сол негiзде өз алдына жеке туынды боп қалыптаса), оның мазмұнын да көбiне-көп сол ұйқасқан сөздер ашықтан-ашық бiлдiрiп тұрады. Әрине, бұл арадағы әңгiме риторикалық сұрақ не белгiлi бiр сөз тiркестерi түрiнде

жасалған толғаулар жайында... Сөз болып отырған шығарма осының нақты мысалы. Мұндағы түбегейлі мәселе — қайткенде қауымның, халықтың «күн көруіне» («...қайтіп күн көрер») қиындық туғызып отырған қайшылықтарға жауап іздеу, одан құтылудың жолдарын табу жөнінде.

Біздің заманымызға жеткен осы төрт жол өлең Асан жайындағы аңыздардың негізгі түйіні болумен қатар, ол туралы сөздердің түпкі мазмұнын, бағытын да білдіреді. Шумақтан көбіне-көп өмірдің қиын да көлеңкелі жайларын көріп, олардан шығу жолын білмей, үнемі тығырыққа тығылып, қапаланумен болған қайғылы қарттың бейнесі көз алдына келеді. Асанның атына қайғы эпитетінің қосылып айтылуына осындай бір топ өлең-толғау мен олардағы мәселенің қиындығы себепші болғандай.

Оның философиялық, патетикалық мәндегі бұл ұзақ жырының бізге жеткен шағын үзіндісі толғаудың жеке авторлар творчествосымен жедеқабыл көріне түскен тұсынан бастап қоғамдық маңызы жоғары мәселелерге байланысты туғанын дәлелдейді. Яғни, толғау әуелі баста ерлік, елдік жайлар деңгейінде, белгілі әлеуметтік міндет арқалай пайда болды деген тезисімізді нақтылай түседі.

Асанның Әз-Жәнібек ханға айтқаны делінетін жыр жолдары арнау толғаулардың бізге мәлім алғашқы нұсқалары қатарынан саналады. Жеке адамдардың атына арналып айтылған мұндай толғаулар ертеректе хан мен жырау арасында қауым үшін, ру үшін немесе қоғам үшін маңызды мәселелерге байланысты талас, екі ұдай пікір туған жағдайда пайда болғанын атау қажет. Мазмұнға қатысты өзгешелігін сөз еткенде әрбір арнау толғауы осы көркем түрдің өз мүмкіндігі көлемінде әлеуметтік жүк көтеріп, көбіне-көп қауым атынан айтылғандай және сол көптің мүддесін қорғаушының аузынан шыққандай әсер қалдырады. Ал, түр жағынан алсақ, бұл жалпы заман жайын қозғайтын дидактикалық толғауларға мүлде ұқсамайды. Тәлім-тәрбиелік мақсатта туған толғаулар өмір құбылыстарындағы ортақ жайларды салыстыру негізінде тыңдаушысына нақты тағлым беруді көздесе, арнау толғауларында жырау хан ісінің терістігін тура өз атынан сынап, әшкерелей отырып, өзіндік ой-түйіндерінің, қорытындыларының қауым үшін дұрыстығын дәлелдеуге тырысады. Сондықтан мұнда ою түюден гөрі, шығармаға арқау боп отырған мәселені ашуға, айқындауға, оның көпшілік үшін немесе автор үшін пайда-зияны мен артық-кемін көрсетуге баса назар аударылады.

Асанның Жәнібекке айтқан толғауларын оқи отырып қазақ поэзиясының кейінгі біраз кезеңіне ортақ өзге жайларды да байқаймыз. Мұнда, әсіресе, жыраудың ханға не өзге билеушіге көпшілік атынан тура сөз айта, ашық пікір білдіре алушылық үлкен әлеуметтік салмағымен бірге, толғау жанрының әуелі баста осын-

дай биік өреде пайда болып, кейін біраз уақыт бойы қауым мен билеуші арасындағы бірден-бір поэзиялық құрал ретінде қызмет атқарғанын атау қажет.

Ей, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымға көнбейсің.
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,—

деген жолдар өзінің бүкіл асқақ та жоғары үнімен, екпінімен автордың осы тақырыптағы толғауларының негізгі қасиеттерін білдіреді. Асан хан болмаса да, ханға биіктен сөйлейді, тұщы етіне ащы таяқтай тиетін сөздермен оның ісінің терістігін қауым алдында әшкерелейді, көбіне-көп бұл сөздер дос-жаран адамдардың арасында айтылатын ашық пікірден гөрі, бір-біріне қарсы топтардың бітпес үні мен үкіміндей естіледі.

Әдебиеттің қандай дәуірде, қандай деңгейде дамығанына қарамастан негізгі объектісі — адам, адамзат қоғамының проблемалары болғанын білеміз. Адам концепциясының қойылу, шешілу сипатына қарап, әдебиеттің көркемдік деңгейін тануға да болады. Көптеген әдебиеттер адам бейнесінің алғашқы нышанынан бастап автор ойынан туған типтендірілген жинақтаушы образдар жасауға дейін бірнеше ғасырды бастан өткізген. Қазақ поэзиясы жөнінде де осыны айтуға болады (әрине, сөз бұл арада фольклор туралы емес).

Аздаған өлең-толғаулары біздің заманымызға өз атымен жеткен бастапқы ақын, жыраулардың жекелеген туындыларына осы тұрғыдан келсек, ең алдымен арнау толғаулары көзге түседі. Мұнда, әрине, алыс замандағы сөз иелерінің адам бейнесін жасау мақсатын көздемегенін, тіпті ондай ниеттің мүлдем болмағанын атап айту қажет. Бұл заңды да. Өйткені адам образын жасау дегеніміз өскен, өркендеген әдебиеттің тұсында ғана туатын көркемдік ұғым. Бірақ, соған қарамастан көне дәуірде туған арнау толғауларын осы саладағы алғашқы көркемдік талпыныс ретінде қарауға негіз жоқ емес. Себебі, арнау толғаулардың авторлары өз туындыларында адам бейнесін жасауды көздемегенімен, жеке адамның іс-әрекетін, мінез-құлқын, оның қауымға қатысын өз кезеңінің көркемдік құралымен (поэзия, оның ішінде толғау) бейнелеп берді ғой. Біз арғы дәуірдің көптеген тарихи адамдарын көбінесе осы сияқты шығармалар негізінде танып білеміз. Сондықтан да бұл толғаулардың көркем туынды ретіндегі маңызы арта түседі. Асанның Жәнібек жайындағы толғаулары жөнінде де осыны айтуға болады.

Кейінгі ғасырларда кең қанат жайған толғау түрінің бірі —

заман, өмір жайындағы толғау болса, мұның да әуелгі кіші-гірім нұсқаларын Асан атына байланысты кездестіреміз. Олар — «Бұ заманда не ғаріп», «Көлде жүрген қоңыр қаз», т. б. Толғау үшін дәстүрлі суреттеу тәсілдері, әсіресе, замана тақырыбындағы толғауларда толық орын алып отырды. Мұны тек Асан толғаулары ғана емес, кейінгі тұстағы өзге авторлардың толғаулары жайында да айтуға болады.

Заман жайын қозғайтын толғаулардың өзіндік ерекшелігі сол, олар нақты бір тақырыптың көлемінде қалып қоймай, өмірдің, табиғаттың, адам мінез-құлқының әр алуан құбылыстарын тізбелеп баяндай, жақсылық-жамандығын саралай, әр түрлі параллельдер арқылы суреттей отырып, тыңдаушысының белгілі мөлшерде тәлім-тәрбие, тағлым алуын көздейді. Толғаудың әрбір компоненті немесе поэзиялық әрбір сөйлемі автордың, халықтың өмір тәжірибесі негізінде анықталған кішігірім түйінді мәлімдеу арқылы өзінше бір шағын шындықты, ақиқатты білдіріп, шығармадағы негізгі ойға үн қосып, оны қуаттандыра түседі. Осындай жеке де шағын бөліктер мен шындықтардан құралған әрбір тирада немесе толғау сырттай қарағанда өмір мен адам мінезінің поэзия түріндегі жалғыз ережелері, нормалары сияқты боп көрінеді. Бірақ, бұл алғашқы әсер ғана. Мәселенің ішкі сырына үніле қарасақ, бұл көрініс толғаудың жанрлық табиғатынан туатын, оның өмірді әрі көру, әрі бейнелеу ерекшелігін білдіретін негізгі қыры боп табылады.

Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп...

немесе:

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін.
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!—

деген жолдар мысал үшін іріктеліп алынған жеке тармақтар емес, осы толғаулардың көркемдік құрылысын барша болмысымен танытатын үзінділер. Толғаулардың бұл арада келтірілмеген өзге бөліктері де осындай. Оның біріншісінде автор дала тұрғынының түсінігіндегі сәнді, салтанатты өмір туралы ойды білдіреді. Бетегелі белдің көркі — жағалай қонған ел, айдын шалқар көлдің көркі — қатарласа ұшқан қаз-үйрегі, қария көркі — замандасы, қыз көркі — қадір білер жеңгесі, т. т. — дейді автор. Бұларсыз және осылар тәрізді өзге де толып жатқан қажет компоненттерсіз өмір өмір емес дегенге саяды шығарма арқауы. Өмір суретін осы-

лайша беру, оның қызығы мен қиындығын да осындай сәйкестіктің болу, болмауына байланысты тану ауыз әдебиетімізден келе жатқан көркемдік дүние танымымызға тән көрініс. Жеке авторлар ауыз әдебиетінен бөлініп шыға бастаған кезде осы көркемдік өлшем, суреттеу ерекшелігі, әсіресе, толғау жырларда ерекше берік орын тауып, оның жанрлық бетін айқындау дәрежесіне дейін қызмет етті.

Бетегелі белдің көркі ел, елдің көркі ер деп осылайша толғамаған авторды арғы-бергі заманнан кездестіре алмайсың. Сол ел мен ердің қандай болмағы олар үшін басқа мәселе және өзге толғаудың үлесі. Қажет болған жағдайда ел мен ер де осындай көркемдік тәсілдер негізінде ашылады, бейнеленеді. Бұл толғау өлеңінің кемшілігі емес, өзіндік көркемдік бітімімен сабақтас өзгешелігі. Мысал үшін алысқа барудың қажеті жоқ, «Көлде жүрген қоныр қаз» деп басталатын екінші толғауға тоқталсақ та жеткілікті. Автор мұнда өмірде әр нәрсенің қадірін өзі көрмеген адам түсінбейді деген ойды дәлелдеу үшін табиғат пен адам өміріндегі біркелкі ұқсас жайлардың біразын салыстыра қамтиды, сөйтіп барып өз түйінінің бірден-бір дұрыстығын бұлтартпас шындықтай ұсынады. Бұл үшін оған қыр қадірін көлде жүзген қаз білмейді, көл қадірін шөлде жүрген дуадақ білмейді, жер қадірін көшіп-қонып көрмеген адам білмейді, т. т. деген параллельдер әбден жетіп жатыр. Басқаша дәлелдеудің мүлдем қажеті жоқ. Бұл тараптағы жыр жолдарының көбінесе етістіктің шартты рай және көсемше түріндегі қосымшалары (-са, -се, -ған, -ген т. б.) арқылы жасалуы, әсіресе, осы заман, өмір жайындағы толғауларға тән құбылыс.

Толғау жанрының туып, қалыптасуына көрнекті үлес қосқан әдебиет өкілдерінің бірі — Қазтуған жырау. Оның туындылары көлемі жағынан шағын болса да, ішкі мазмұны жағынан толғау түрін өзге бір қырынан танытады. Қазтуғанның ел аузындағы аңыздарда ноғайлы-қазақтың батыр жырауы аталуы кездейсоқ емес. Оның толғауларынан ерлік рухы, батырлық лебі еседі. Асан сөздеріндегі елдік мәселесіне Қазтуған толғаулары ерлік мазмұнымен қосылып, бірін-бірі толықтыра түскендей болады. Демек, ерлік толғауларының алғашқы нұсқаларының тууы соның творчествосымен байланысты.

Сонымен қатар Қазтуғанның бізге жеткен екі қысқа толғауы өзіндік көркемдік бедерлерімен, сөз нақыштарымен ерекшелінеді.

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті.
Айдаса қойдың көсемі,

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,—

деп келетін төкпе жыр үлгісіндегі толғау сыртқы пішіні жағынан айтарлықтай өзгешелігі болмаса да (ерікті, аралас ұйқастар). көркемдік бітімі жағынан бөлек. Автор өзін таныстыру барысында қолына қару ұстап жауға аттанған батырдың, ел бастаған басшының, аузына сөз дарыған шешеннің бейнесін бір адамның басына жинақтай суреттейді. Сондай-ақ бұл таныстыру аса асқақ стильде берілген. Осы негізде ол өз дәуірінің ұғымындағы бір сырлы, сегіз қырлы адамның тұлғасын көркемдік құралдарды емін-еркін, жете пайдалану арқылы жасайды. Ауыз әдебиетінде өзін бұлайша таныстырудың да, мадақтаудың да ерсілігі жоқ. Әсіресе, батырлар жырындағы монологтар (жекпе-жек алдындағы) осының кепілі. Толғаудағы көркемдік құралдар (теңеу, метафора, эпитет т. б.) ауыз әдебиетіндегі байырғы дәстүрлер аясында көрінсе де, жыраудың сөзге ұсталығын танытарлық дәрежеде. Мысалы, «Мұздай үлкен көбелі» деген теңеу де арғы-бергі әдебиетімізде онша көп көріне бермеген көркем сөздер. Мұны бүгінде көтеріңкіреп айтуға құмар адам «ол өзін айсбергке теңеп отыр» деуіне болар еді. Бірақ, оған барудың қажеті жоқ. Жырау айсбергті көрген де, білген де емес. Оның өзін ірі мұзға теңеуі көне дәуірдегі көркем сөз іздеу мен табудың бір сәтті мысалы. Ал, «Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті, адырнасы шайы жібек оққа кірісті» деген тармақтардағы суреттеулердің ескіргені соншалық, қазір тіпті түсініксіздене, бастапқы көркемдік мәнін жоғалта бастаған. Соған қарамастан, бұл сияқты жеке сөздер ескінің сілемі ретінде кейбір лексикалық, семантикалық ерекшеліктерін сақтағаны күмәнсіз. Осы жағынан олар ескі сөздер мен тіркестердің мән-мағыналарын, көркемдік құнын салыстыра тексеру, анықтау, білу барысында біраз пайдасын тигізбек.

Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын екінші толғауы тікелей ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде туған. Әсіресе:

Ботташағы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған..,—

тәрізді жолдар батырлар жырындағы дәстүрлі суреттеу тәсілдерімен сабақтас. Табиғат дүниесіндегі белгілі бір құбылыстарды төрт түлік мал арқылы суреттеу ауыз әдебиетінде тұрақтанған көркемдік тәсілдің бірі болса, оның жеке авторлар творчествосында да табиғи орын алғанын, толғау жанрының бұл ретте белсенді қызмет атқарғанын көреміз.

Қазтуған толғаулары сыртқы пішіні, түрі, ұйқасымен ғана емес, бүкіл рухымен осы жанрдың жалынды сипатын мол танытады. Оларда толғауға тән елдік, ерлік мәселелері ерекше асқақ шабытпен нәсерлей жырланады. Поэзиямыздың төл қасиеттерінің бірі боп табылатын суырып салма (импровизация) дәстүрінің алғашқы нұсқалары осы Қазтуған толғаулары немесе осылар тәрізді жігерлі, жалынды жырлар болмады ма екен деген ой келеді. Бұлай деуіміздің негізгі бір себебі: екі толғау да ұйқас жағынан біртекті емес, артық-кем буындары толып жатыр, мұндай жайлар көбіне-көп бір сәтте, бір демде суырып салып айтылған туындыларда кездеспек және ол ұйқастан гөрі, ой өрелілігіне баса көңіл бөлуден, т. б. туады. Қалай болғанда да Қазтуған толғаулары арғы дәуірден бүгінге осы жанрдың біраз жанды, отты сипаттарын бойына сақтай жеткен ақындық нұсқалар боп табылады.

Толғау жанрында ел болу мәселесінің ерлік, батырлық әуенмен толыға түсуі Қазтуғаннан басталса, кейінгі кезендерде бұл үлкен ақындық дәстүрге айналып, әркім оған өзіндік азды-көпті үлесін қосып отырды, оның арнасын барған сайын кеңейте, күшейте түсті. Бұл ретте Қазтуғанға уақыт жағынан да, шығармаларының рухы жағынан да жақын жырау — Шәлгез.

Шәлгез толғауларының әлеуметтік мазмұнын өзге еңбегімізде¹⁹ бірсыдырғы айтқандықтан, бұл арада ол жағына тоқтамай, жанрлық ерекшеліктері негізінде сөз етпекпіз.

Шәлгез толғауларының негізі — Би Темірге арналған екі толғау боп табылады. Оның бірін — жыраудың Темір айналасындағылардан қуғын көргенде шығарса, екіншісі — Темірді хажы сапарынан тоқтату үшін айтқаны.

«Аспанды бұлт құрсайды» деп басталатын бірінші толғау бірнеше тирададан тұрады. Осында жырау Темір мен оның төңірегіндегілерден қуғын көріп жүргенін әр түрлі көркем шындықтар негізінде дәлелдейді. Автор аспанды бұл құрсағанын бейнелеу арқылы өз көңілін қайғы бұлты торлағанын білдірсе, көлде қулардың таласып шулағанын суреттеу арқылы өзінің қуғындалуын ұтымды ұғындырады. Толғау жанрының өрістеу кезінде мұндай нақты көркем салыстырулар мен ұқсатулардың жеке адамдар творчествосында орын алу фактісі өмірді көркемдікпен тану және бейнелеу барысындағы елеулі іздену қадамы еді. Шәлгез Темірді өз ұғымындағы ең жақсы нәрселерге (арабы торыға, жазылы алтын алдаспанға, т. т.) теңейді. Ауыз әдебиеті дәстүрлерінен нәр алып өскен жырау үшін алғырлық пен өткірлікті дәлелдеуге бұдан артық теңеудің болуы мүмкін де емес еді. Ол Темірді бір жа-

¹⁹ XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982.

ғынан осылайша асыра мақтаса, екінші жағынан оның ешкімнен артық еместігін де көре білді.

Еділден аққан сызашық,
Мен көргенде тебінгіге жетер
жетпес су еді.
Телегейдей шайқалтып,
Жарқыраған беренді,
Теңіз етсе, тәңірі етті.
Жағасына қыршын біткен тал еді,
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе, тәңірі етті.
Тебінгінің астынан,
Ала балта суырысып,
Тепсінсіп келгенде,
Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе, тәңірі
етті.

Сөйтіп, ол шындап келгенде, оның қатардағы көптің бірі екенін жасырып жаппайды. Ал, осы шындықты айту тәсіліне келсек, мұнда автордың өмірдегі өзгеру, өсу «диалектикасын» өзінше пайымдауы сезіледі. Ол осылардың бәрін де құдай ісі деп таниды, арасынан бір-біріне ұқсастық табады. Бұл реттегі өз ойының «айнымас ақиқат» екеніне сенеді және соны ұғындыруға тырысады. Біздің бұл арада назар аудармағымыз, осы автор «философиясы» төңірегінде, сол «философияның» толғау жанрына ене бастауы туралы. Ең алдымен жыраудың өмірді өзгерту тұрғысынан танымақ талабы, осы ретте табиғат пен адам өмірі арасынан ортақ сипат табуы, сондай-ақ осы көрген-білгендерін поэзия құралымен жеткізе айта білуі толғау жанрын өзге бір өсу қырынан тануымызға мүмкіндік береді. Табиғат көріністері жырау үшін адам өмірін суреттеудің өзінше бір кілті, тәсілі қызметін атқарған.

Толғауда екі адамның өмірі жайында сөз болады: жырау және оның иесі — Темір. Мұның екеуін де біз көне поэзиямызда адам бейнесі жасалуының алғашқы көріністері ретінде танып, бағалауымызға болады. Оның біреуі — билеуші, екіншісі — оның қарамағындағы адам. Екіншісінің тағдыры біріншісінің қолында, ол керек кезінде батыр-жыраудың күшін де, сөзін де өз қажетіне пайдаланады, басқа уақытта қуғындайды. Осы шындықты автор толғау жанрының мүмкіндігімен дәлелдейді.

«Би Темірді хажы сапарынан тоқтату үшін айтқаны» деп аталатын екінші толғаудың ең алдымен туу фактісі назар аударарлық. Темірдің хажылыққа бармақ сапарын айналасындағы қауым мақұлдамайды, бірақ бұл ойды оған айта алмайды. Көпшілік оны тоқтату тек Шөлгездің қолынан ғана келеді деген тоқтамға бекиді де, Темірге ренжіп елден кетіп қалған жырауды іздеп табады.

Сонда ол осы толғауды айтқан көрінеді. Бұл оқиға арғы дәуірдегі жыраудың қоғамдық өмірдегі орны мен қызметін, әлеуметтік салмағын, көпшіліктің оған деген сенімін, оның хан алдындағы беделін, сондай-ақ осы ретте поэзияның атқарған үлкен ролін тағы да дәлелдей, нақтылай түседі.

Толғау жанрында адам бейнесін жасауға талпынудың өзге бір түрін Шәлгездің «Ау, бөрілер, бөрілер» деп басталатын тирадасынан көреміз.

Ау, бөрілер, бөрілер;
Бөрімін деп жүрерлер.
Әрбіреудің баласы,
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар.
Абаданнан айырылса,
Олардың әрбіреуі,
Әрбір итке жем болар.

Адамның бәрі бірдей емес, тіпті бірге туған жандардың өзі де әртүрлі, олардың ішінде біреуі ғана өзгеге пана бола алады деген негізгі ойын жырау өзіне де, өзгеге де жақсы таныс тәсіл—айналасындағы дүниені көрсету және онымен салыстыру арқылы дәлелдейді. Екінші бір нәрсе — жырау тек осы арада ғана емес, өзге де көп толғауларында (мұны басқа жыраулардан да байқаймыз) жақсы адамды немесе оның ең жақсы қасиетін өзгеге қамқорлығынан таниды. Бұл толассыз, тынымсыз жаугершілік заманның тілек-мүддесі ретінде алдымен өмірде, кейін поэзияда орын алып, қалыптасқан жақсы адам жайындағы негізгі өлшем, ұғым, түсінік ретінде көрінеді.

Шәлгез туындыларының бір ерекшелігі — жырау өмірінің әр түрлі бел-белестерін бірсыдырғы толық танытуында. Мұны тек Темірге арналған толғаулар жайында емес, өзге өлеңдері жөнінде де айтуға болады. Жалпы, жырау творчествосы өмірде көп әділетсіздік көріп, жан күйзелісін тартқан адал, ардагер адамның бейнесін көз алдына келтіреді.

Шәлгез өлеңдерінің көркемдік шеберлігі толғау жанрының мүмкіндіктерін ұтымды танытады. Қазтуған толғауларынан байқалған ақындық пен батырлықтың өзара сәтті үйлесім табуы Шәлгез творчествосында біраз жалғаса, өрістей түсті. Жырау толғауларының осындай өткірлік сипаттарына қоса, көркем сөздің көне үлгілерін біраз сақтай жеткенін де атау қажет. Мысалы, «Күпшек санды тіл жалмаған күренді» деген тармақты алайық. Осында жырау ауыздығын қарш-қарш шайнаған тұлпар бейнесін өзінше және жанды түрде көрсетеді. «Тіл жалмаған» — ауыз әдебиетінде де кездеспеген эпитет. Соған қарамастан ол әрі түсінікті, әрі ұтымды. Түсініктілігі — жасау принципінде, дәстүрлі эпитеттерден

айырмашылығы жоқ. Біз үшін ол өз кезінің бейнелі жана сөз жасау нұсқасы ретінде бағалы. «Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз», «Тебіренсе ауыр жұртын тындырмас», т. т. тармақтар да осындай көркемдік пішіндерімен назар аударады.

Толғау барлық уақытта бірдей елдік мән-маңызы бар мәселелердің деңгейінде ғана көрініп, өзге жайға бара алмады десек, бір жақты қорытынды жасаған болар едік. Ол өзінің шабытты, асқақ сипатын сақтай отырып, жеке адамның сезім күйлерін әсерлі, нәрлі жеткізетін лирика қызметін де жаман атқарған жоқ. Лирика өз алдына жанр ретінде қалыптасып үлгермей тұрған кезде толғаудың лирика жүгін қоса көтеруі өз-өзінен түсінікті. Мұндай туындылар қатарында Доспамбет толғауларын атауға болады.

XVI ғасырдың аяқ шеніне дейін өмір сүрген батыр-жыраудың өлең-жырлары жалпы аз болмауға тиіс. Бірақ, ғасырлар тізбегінен өткені санаулы ғана. Осы азғантай толғаулардың өзі оның өзіндік сөз өнерін, толғау жанрына өзге бір леп әкеліп, оны жаңа қырынан ұстарта түскенін танытады.

Доспамбеттің жыраулық өнерінде өзіне дейінгі және кейінгі жыраулардан өзгешелік жоқ. Оның толғаулары жырау өмірінің белгілі бір тұсын, әсіресе, ауыр жараланып, басына қиын іс түскен кезін қамтитындықтан, бір жағынан ішкі қайғы мен мұнның сыртқа шыққан зарлы көрінісі сияқты болса, екінші жағынан, өтіп бара жатқан өмірін поэзия тілімен соңғы рет көз алдына келтіруі және онымен қоштасуы тәрізді (бірақ, ол бұл жолы өлмейді, бұдан кейін де ұзақ өмір жасайды). Сөйтіп, оның толғауларында лириканың өзге көп жайларымен қатар, элегиялық сипаттары да аралас келіп отырады. Сондай-ақ осы толғаулардан жыраудың үлкен ру басы, ел тұтқасы боп, рулық-феодалдық қоғамның бүкіл «қызығы» мен «жақсылығын» да өз қолынан өткізіп отырғанын байқаймыз. Бұл жағынан ол Шәлгезге қарама-қарсы өмір салтын кешкен адам. Мысалы, мына жолдар соны айқын дәлелдейді:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Қол бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кідім, өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде,
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен.

Ол үшін бұдан артық сәнді де салтанатты өмір болуы мүмкін емес. Өзгеге бұл өмір дәл сондай рақымын көрсетіп жатыр ма, жоқ па, онда мұның жұмысы шамалы, жырау өмірдің қызығын тек өзі көрген рақатымен ғана өлшейді, бағалайды. XVI ғасырдағы ру басы, батыр-жырау үшін бұл, әрине, табиғи түсінік, дүниетаным.

Доспамбеттің әрбір толғауы немесе оның жеке үзінділері, тирадалары белгілі бір ұйқас көлеміндегі жігерлі жырлар. Мұны, мүмкін, жырау толғауларының көбіне-көп жеке сөз не сөздер арқылы (мысалы: «өкінбен», «күн қайда?») ұйқасу ерекшелігіне байланысты тануға да болар. Әйтсе де нәсер термелік, төкпе сипат оның бар толғауларына тән ерекшеліктің бірі. Ол өзін мақтауға, өзінің қоғамдық ролін жоғары қоюға құмар. Осы орайда ол небір көркем сөздерді, соны эпитеттерді тауып қолданады («Азаудың ер Доспамбет ағасы, Азаудың бір бұрышындай нарты екен!», «Хан ұлынан артық еді несібем», «Азаулыға аға болған ерлер көп еді, әйтсе де алмағат ат байлағаны жоқ еді», «Күңіреніп күн түбіне жортқанмын», т. т.). Сөйткенмен де мұнда біраз әсірелеудің салқыны жоқ емес. Таза жыраулық, ақындық тұрғыдан алғанда Доспамбет толғаулары осы көне жанрдың өмірді көркейте, көріктендіре бейнелеудегі мол мүмкіндіктерін танытты. Толғауда ел болу, елдің тірлігі мен болашағы хақындағы ірі мәселелер көтерілуімен қатар, автор билеуші қауымның салтанатты өмір жайындағы бір кездегі арманы мен мұраттарын бойына еркін сіңіріп, оларды жанды суреттеу икемдігін де көрсетті.

Жиёмбет жырау атымен жеткен бірен-саран толғау осы жанрдың XVII ғасырға дейінгі сипаттарын біраз толықтырумен қатар, жаңа қырларын да айқындай түсті. Сырттай карағанда оның «Еңсегей бойлы ер Есім» деп басталатын өлеңінің осыған дейінгі арнау толғауларынан айырмасы жоқ, ол хан мен жыраудың арасындағы қатынастың бірден-бір поэзиялық пішіні ретінде көрінеді.

Жиёмбет толғауының өзіндік ерекшелігі — батыр-жыраудың хан төңірегіндегі көрнекті тұлға екендігін көрсетуінде ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы қайшылықтарды суреттеу, бейнелеу болмысында. Мүмкін, бұл өзара келіспеушіліктен туған нәтиже болар. Әйтсе де шығарманың өз дәуіріне және жанр мүмкіндігіне лайық шағын сыншылдық сипатын елемеуге болмайды. Жырау ханның қол астындағы жазықсыз жандарға деген аяусыздығын, сыртқы жауға қарсы жеке өзі тұрғысынан күш-қайрат көрсете алмаған дәрменсіздігін т. б. бетіне басып әшкерелейді, жалғыз тұрғанда оның түк те еместігін, тек көптің күшімен, өзі сияқты батырлардың қолдауымен ғана хан болып отырғанын айтады. Қандай себеппен айтылса да бұл өмір шындығы еді. Оның толғау

арқылы жеткізілуі, оның бойына сіңе бастауы бұл жанрдың өмір болмыстарымен тыныстау беталысын байқататын, қоғамдық қайшылықтарға назар аудару ыңғайын білдіретін алғашқы нышан еді.

Біз бұл арада, әрине, Жиёмбет жырау бұқара көпшіліктің жоғын жоқтады, ханға сол таптың мұң-мүддесін қорғау тұрғысынан қарсы шықты деген пікірден аулақпыз. Керісінше, Жиёмбет те ханның өзі сияқты билеуші таптың өкілі, көп жылдар бойы ханның сойылын соққан адам. Бірақ, олжаға таласу үстінде екеуі ажырасып, бір-бірінің бетін, сырын ашады. Бізге қажеті — толғаудың осы ретте әшкерелеушілік маңызға ие болуы.

XVIII ғасыр толғау жанрының онан әрі дамып, көркемдік қуатының арта түскен, мазмұн жағынан байыған тұсы болды. Сонан соң сол кезеңнің нұсқалары бүгінгіге молырақ сақталып жетті. Толғаудың қоғамдық мазмұнының толығырақ түсуі оның күнделікті өмір мәселелеріне етене араласып, әр алуан құбылыстарды жіті бейнелеу ерекшеліктеріне байланысты көрінсе, көркемдік дамуы дәстүрлі тақырыптарды әрбір автордың өзінше толғап, суреттеу шеберліктеріне орай мүмкін болды. Осы дәуірдің ірі жыраулары Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар т. б. негізінен толғау жанрында еңбектенсе де, әрқайсысы әр түрлі творчестволық дарын мен көркемдік нақыштың өкілдері екенін білдірді.

XVIII ғасыр қазақ қоғамының тарихында аса бір қиын да күрделі кезең болғаны мәлім. Әсіресе, Жоңғар қалмақтарымен жиі соғыс, 1723 жылғы әйгілі «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» оқиғасы, т. т. қазақ қоғамының алдына үлкен-үлкен проблемалар қойды. Солардың ішінде ең негізгісі — бірігіп күш жинау, ел болу, сөйтіп, сыртқы жауға тойтарыс беру мәселесі еді. Әйтпесе, тоз-тоз боп, әр жаққа босып кету қаупі туды. Өмір ағымынан туған осы жайды қоғамның әр мүшесі дерлік түсінді. XVIII ғасырда өмір сүрген жыраулардың қайсысы да бұл мәселеге өз шамасынша ат салысып, ірілі-ұсақты туындылар жасады. Олардың біразы біздің заманымызға жетті, көбі жеткен жоқ, әсіресе, Марғаска, Тәтіқара толғаулары ауызша сақталудың ұзақ та қиын жолында ұмыт болды. Сөз болып отырған тарихи кезеңде атақты батырлар мен Абылай туралы көптеген өлең-жырлардың, толғаулардың тууы да сол дәуірдің көрсетіліп өткен тарихи-әлеуметтік ішкі-сыртқы жағдайларымен, ерекшеліктерімен тікелей байланысты еді. Мұның өзі, екінші жағынан толғаудың қоғамдық, әлеуметтік талап-тілекке лайық белсенді қызмет атқарғандығының белгісі болатын.

XVIII ғасыр жырауларының творчествосындағы көрнекті тұлғаның бірі — Бөгембай батыр. Оның есімі бүгінде оқушы қауымға тарихтан жақсы таныс, ол 1710, 1729 жылдардағы бүкіл қазақ бас қосқан белгілі жиындарды ұйымдастыруға белсенді атсалысып,

жоңғар қалмақтарына қарсы күресте қол бастаған батыр. Бөгембай туралы халықтық шығарма боп кеткен авторы белгісіз көптеген жырларды айтпағанда, XVIII ғасырдың Бұқар мен Үмбетей тәрізді көрнекті сөз шеберлері бірнеше толғаулар қалдырды.

Жасының үлкендігімен Абылайға да кейде ауыр сөздер айта білген ақылгөй қария Бұқар жырау Бөгембайды да қажетті кезінде сөз найзасының тезіне алып отырды. Бірде Бөгембайға ол: «Сен, қанжығалы Бөгембай, тоқымы кеппес ұры едің», — десе, кейін оған арналған жоқтау-толғауында күнделікті өмірдегі кішігірім жайлардың төңірегінде көрініп қалатын өкпе-наздан биіктеп, елдік тұрғыдан негізгі бағасын беруге ұмтылады, «қазақтың қамал қорғаны» деп бағалайды, батырдың ерлігін егіле жыр етеді.

Қиядан қику төгілсе,
Лттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған.
Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай.

Бөгембайдың ерлігін жырау өзінің алдындағы сарқылмас сөз өнері — ауыз әдебиеті дәстүрлері негізінде суреттейді, батырдың батырлық қимылын тануда да, бейнелеуде де сол көркемдік тәсілдерге сүйенеді. Соған қарамастан, толғауда батырлар жырындағыдай асыра әсірелеу байқалмайды. Керісінше, өмірде болған адамның ісі оны тікелей көрген адамның көзімен өлшеніп бағаланады, суреттеледі. Соның нәтижесінде толғаудан елін жаудан қорғаған қайсар ер, қайтпас батырдың өр бейнесін көргендей боласын. Үмбетейдің «Бөгембай батыр өлімін Абылай ханға естіртуі» де осы деңгейдегі толғау. Жырау Бөгембай сияқты батырлардың Абылай тұсында өмір сүруі Абылайға «Тәңірім берген үлкен сый» деп бағалайды, суреттейді. Бұқар толғауы сияқты, мұнда да Бөгембай ел қорғаны ретінде көрінеді. Сөйте тұра осы екі толғауға тән ортақ сипат — адамдық жылылық пен сыршылдық. Бұл кейіпкер басынан емес, автордың кейіпкерге қатысынан көрінеді.

Абылай бейнесін жасау — XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясында елеулі орын алды. Мұның себебі оның жеке басының артықшылығында емес, жоғарыда айтқанымыздай, осы тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Жоңғар қалмақтарына тойтарыс беріп қана қоймай, оған кеткен жерді қайтару үшін қазақ баласының басын бір жерге біріктіріп ел болу, күш жинау қажеттігі туған шақта Абылай ел ішіндегі көрнекті билеушілердің бірі болды, хан төңірегіндегі жыраулар елді оның айналасына топтасты-

руға тырысты. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында Абылай жайында әр алуан өлең, толғаулар туды. Мұнда, әсіресе, Бұқар толғаулары салмақты орын алды. «XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» деген монографиялық көлемдегі еңбегімізде ол жайында кең қамтып айтқандықтан, біз бұл ретте осы оймен ғана шектелгенді жөн көрдік.

Ақтамберді, Марғасқа, Тәтіқара, Бұқар, Үмбетей жыраулар творчествосында толғау таза ерлік, елдік мәні жоғары қоғамдық мәселелермен қатар, адам өмірінің күнделікті жайларын сүреттеуге де батыл ойысты. Мұның өзі толғаудың тақырып шеңберін кеңейтіп, өмірге араласу белсенділігін арттыра түсті. Жер дауы, жесір дауы, барымта, рулар арасындағы қақтығыстар, ұрлық-қарлық жайлары, адамның мінез-құлқындағы жақсы-жаман қылықтар т. б. толғау жанрының негізгі тақырыбына айналып, оның қоғамдық мазмұны мен мәнін жетілдіріп отырды. Бұдан, әрине, толғау еңбекші бұқара өмірінің бірден-бір жоқтаушысы болды деген ұғым тумайды, сондай-ақ оның байырғы көркемдік пішіні, түрі өзгерді деген түсінік және шықпайды. Жыраулар көбіне-көп үстем идеяны жақтады, езуші, езілуші дегенді білмеді, халықтың бәрін бір бүтін дүние деп түсінді.

Толғауларда көрінетін дәуір шындығының іздері әралуан және ол осы жанрдың көркемдік ерекшеліктерімен тікелей байланысты.

Мұнда, әсіресе, феодалдық қоғамдағы өмір жайында, оның мән-мағынасы туралы түсініктер мен дүниетанымды нақты білдіре алу қасиеті басым екенін атау абзал.

Адам өмірінің әрбір тұсындағы қызығы мен қиындығын көрсету негізінде көркем шығарма жасау дәстүрі шығыс поэзиясында көне замандардан келе жатқан құбылыс. Арғы жағын айтпағанда, Рудакиден («Кәрілік туралы элегия») бері бұл дәстүр үзілмей келеді. XVIII ғасырдағы жыраулар творчествосында, толғау жанрында осы көркемдік пішінінің едәуір орын алғанын көреміз. Басы Бұқар боп көптеген жыраулар адам өмірінің әрбір кезені жайында тамаша толғап берді. Бұл біздің поэзиямызда, оның толғау жанрында адам өмірінің жақсы, жаман мағынасын тану мен бейнелей білудің өзіндік түрі ретінде өнімді қызмет атқарды.

Атам болған жиырма бес,
Қызықты күні қыздырған,
Асуды талқан бұздырған.
Қызды ауылды көргенде,
Бұландатқан жиырма бес.
Төстен түлкі қашқандай,
Сыландатқан жиырма бес...

Осында арғы замандағы көшпелі ауыл өмірінің тіршілік күйі, қызығы мен арманы бірсыдырғы мол көрінген. Жиырманың ішіндегі

жас жігіттің барлығы бірдей «асуды талқан бұзбаса» да, қызды ауылға жақсы ат мініп қырындамағаны кемде-кем болған. Олар жастықтың бір кездегі бар қызығы тек осы төңіректе деп түсінген. Жырау толғауы бізге осыны ұғындырады.

Толғау жанрының басты қасиеті — дидактикалық сипат XVIII ғасырға дейін қалай өмір сүріп келсе, бұл кезеңде де жалғасын тапты. Бірақ, бұл даму оның табиғатына төтенше бір өзгерістер енгізген жоқ. Дидактикалық толғаулардың дамуы, негізінен, әрбір жыраудың талантына қарай, сөз құдіретіне лайық стильдік өзешеліктер аясында түрлене көрініп отырды.

Бұл жанр өзінің әуелі бастағы сюжетсіздік қалыбы мен дидактикалық сипатын жалғастыра отырып, XVIII ғасырда адам өмірінің мағынасы, оның құбылмалы жай-күйі туралы шығармалармен молыға түсті. Бұлардың бағалылығы — ең алдымен жыраудың өмірді тану, оны бір-екі ауыз сөзбен жинақтай бейнелеу ерекшелігі мен одан дайын қорытынды шығару тәсілін білдіруінде еді. Мысалы: «Ерлер жұртын қорғайды, өлімге жүрміз бас байлап», «Қайырлы болса бай адам, дария шалқар көлмен тең» (Ақтамберді); «Кетеген болса, түйең жау, тебеген болса, биең жау, ұрысқақ болса, ұлың жау, керіскек болса, келінің жау» (Үмбетей); «Айналасын жер тұтқан, айды батпас деменіз, айнала ішсе азайып, көл суалмас деменіз, құрсағы құшақ байлардан, дәулет кетпес деменіз, жарлыны жарлы деменіз, жарлы байға теңеліп, жайлауға көшпес деменіз» (Бұқар) т. т.

Толғауда жинақтаушы түйін жасау үшін объектінің бір ғана негізгі белгісі жетіп жатыр. Мәселен, «ұрысқақ болса, ұлың жау». Осы арада баланың ата-ана үшін жамандығын көрсетуде жалғыз ұрысқақтығы жеткілікті. Өзге мың түрлі жақсы қасиеті есеп емес. Сондай-ақ, байлық, жарлылықтың да өзгеретінін дәлелдеу үшін көлдің суалуы мен айдың батуы сияқты әдеттегі құбылыстармен салыстыру жетіп жатыр. Бай мен кедей арасындағы теңсіздік, қоғамдық қатынастар т. б. алуан түрлі өзге саяси, әлеуметтік жайлар жыраулар үшін шарт емес. Бұл тәрізді көріністер толғау жанрындағы көркемдік ойдың балаңдығын ғана көрсетіп қоймайды, қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірдің баяу дамығанын да аңғартады. Өйткені, белгілі бір дәуірдің көркемдік ескерткіші сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, эстетикалық дүниетаным дәрежесінің де өзінше бір көрсеткіші.

Сонымен, поэзияның төрт ғасырға жуық (XV—XVIII ғғ.) үлкен кезеңінен жеткен шағын үлгілерін шолып өткенімізде, толғау жанрының заман мен қоғам алдында тұрған көп мәселені ұзақ уақыт бір өзі көтеріп келгенін көреміз. Осы орайда Шоқанның мына бір пікірі ерекше назар аударарлық. Ол өзіне дейінгі поэзияны — эпостар, мақтау одалары, жоктаулар, — деп небәрі үш түрге бөле-

ді²⁰. Эпостар дегенде ғалымның батырлар және ғашықтық жырларды айтып отырғаны, ал жоқтау дегені бір тақырып көлеміндегі аз ғана дүниелер екені белгілі. Сонда қалатыны — мақтау одалары. Бұл кәдімгі біз айтып отырған толғау. Демек, эпостарды халық шығарды десек, жеке авторлардың үлесіне қалатыны жалғыз толғау ғана. Шоқанның айтып отырғаны да осы.

XV ғасырдың екінші жартысында туған Асан сөздерінен бастап, XVIII ғасырдағы Бұқар толғауларына дейін қарастырғанымызда, бұл жанрдың сыртқы түр жағынан аса көп өзгеріске ұшырамағанын байқаймыз. Өмір мен адамды, адам мен табиғатты (тұтас не жеке құбылыстарын аз сөзбен бір-біріне салыстыра, ұқсата, кейіптей) суреттеу арқылы белгілі бір ой түйінін ұсыну толғау жанрына ғана тән тәсілмен әуелі баста қалай көрінсе, кейінгі дәуірлерде де сол қалпын бұзған жоқ. Негізгі ойды ешбір сюжетсіз, өзге құбылыстардың көмегімен (не ұқсастық, не айырмашылық) дәлелдеу тәсілін толғау қай кезде де бетке ұстады, өнімді әдіс ретінде қолданды. Жеті-сегіз буынды (толғау ішінде арагидік тоғыз-он буынды тармақтар да кездеседі, бірақ олар шығарманың көркемдігіне нұқсан келтірмейді) жыр ұйқасына (ерікті, шұбыртпалы) еш уақытта ауытқыған емес. Біздің дәуірімізге жақындаған сайын толғау нұсқалары да көбірек сақталды. Мұның өзі әр автордың ауыз әдебиетінен үйрену, оның тұрақты көркемдік құралдарын творчестволықпен пайдалану ерекшеліктері мен шеберліктерін білдірумен қатар, олардың сөз өнерін жасаудағы өзіндік ізденулері мен табыстарын да нақты танытып отырды.

Соған қарамастан толғау ауыз әдебиетіндегі басты көркемдік тәсіл — қоғам мен табиғаттағы бір-біріне ұқсас жайларды тізбелей баяндау, өзара салыстыру, қажет болса тұспалдау жолдары арқылы айтып-айтып кеп, негізгі ойды көбінесе соңғы бір-екі жолда беруден қол үзген жоқ. Бұл тәсілдің кейде аз сөзбен толымды мағына беріп, кейде көп сөзділікке соғуы әр жыраудың шеберлік дәрежесіне сай орын алып отырды. Ауыз әдебиетінде осы тәсілдің мол кездесу заңдылығын Қ. Жұбанов былайша дәлелдейді: «Қазақтың халық әдебиеті де сахна әдебиеті болатын, көпшіліктің тыңдауына бейімделген шығарма болатын. Тыңдалатын шығарма мағынаның артық қоюлығын көтермейді. Ондай болса тыңдаушының миын шаршатады. Сондықтан халық шығармасында шығарманың тақырыбына қатысты сөздердің аралығына тыңдаушының миына гимнастика болғандай «басы артық» сөздер енгізілетін. Мұндай қыстырма сөздер шығарушының шеберлігіне қарай, бірде тақырыптан өте алыс кетіп тек ұйқасым үшін тұрады да, бірде

²⁰ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-ти т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 202.

алыстан орағытып келіп, тақырыптың бір жерінен жанасатын»²¹. Халық поэзиясынан жеке ақындар бөлініп шығу процесінде осы тәсілді мол пайдаланды. Мұның әсіресе, XV—XVIII ғасырдағы жыраулар творчествосына қатысы тіптен басым.

Біз шартты түрде толғауларды арнау, дидактикалық т. б. бір-неше салаға бөлдік. Мұндағы ойымыз — толғаудың тақырыптық шеңбері кеңіп, қоғамдық міндеттерінің көбейгенін, соған лайық көркемдік бейнелеу тәсілдерінің де маңызы арта түскендігін көрсету. Жанрдың ұзақ эволюциясындағы елеулі кадамның бірі ретінде алғаш арнау толғауларынан басталған нышанның кейін бірте-бірте адам бейнесін жасауға бағыт алғанын атаған жөн. Біз қарастырып өткен дәуірде кесек әдеби тұлға кездеспесе де, осы жолға бетбұрыс жасалды. Әдебиеттің кейінгі дәуірлері үшін бұл аса маңызды құбылыс болды және соған келудегі алғашқы соқпақ қызметін атқарды. Өйткені сайып келгенде, әрбір әдебиеттің қандай көркемдік сатыда екендігі адам образын жасаудағы тәжірибесімен, дәстүрімен, дәрежесімен өлшенеді.

Толғау, әсіресе XVIII ғасырда жаңа даму жолына түсіп, өз бойынан көптеген жанрлардың белгілерін көрсете бастады. Бұл қатарда эпикалық туындыдан бастап (мысалы, Бөгембай, Абылай туралы толғаулар т. б.) лирикаға дейінгі біраз көркемдік түрлер өмірге келді. Дегенмен, шындықты өз атымен айтсақ, толғау сол көп жанрдың қызметін бір өзі атқарды.

Бұл жанрдың бүкіл табиғаты ұлттық поэзиямыздың импровизациялық дәстүрімен сабақтас және мұның өзі оның тамырлары ғасырлар тереңіне кетіп жатқандығын білдіреді. Өленді жазып шығару мүмкіндігі жоқ кезде ақындық қуаты күшті сөз шеберлерінің шабыт келгенде көкейдегі ойларын нәсердей төгіп-төгіп айтуына жыр үлгісіндегі толғау барлық жағынан ұтымды болған. Шоқанның «өлең» (11 буынды) соңғы елу жылда ғана пайда бола бастады²². «Осы өлең түрін қазір поэма саласында да, импровизация саласында да барлық жаңа ақындар қолданып жүр»²³, — деуі кездейсоқ емес. Бұл 11 буынды өлеңнің 7—8 буынды өлеңге қарағанда тіпті кеш туғандығының дәлелі, 11 буынды өлеңнен гөрі 7—8 буынды өлең суырып салып айтуға да, тыңдауға да, жаттауға да және сактауға да жеңіл әрі ыңғайлы. Әрине, кейінгі кезеңдерде 11 буынды өлеңнің де айтыстарда тамаша үлгілері жасалғаны белгілі. Бірақ, бұл өз алдына мәселе.

Толғау авторының ақындық қуаты неғұрлым күшті болған сайын оның жыр жолдары да солғұрлым өткір боп отырған. Әрбір сәтті толғау шынайы шабыт пен тегеуірінді күштің нәтижесі сияқ-

²¹ Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. 298—299-б.

²² Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. В 5-ти томах. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 200.

²³ Бұл да сонда. 119-б.

ты. Махамбетке дейінгі ақын, жыраулардың не әйгілі батыр боп, не билеуші төңірегіндегі аузы уәлі адам боп келуі тегін емес. Мұның қайсысы да жанр табиғатына асқақ үн, әр сипат беріп отырған, осы арқылы толғаудың жоғары стилін қалыптастыра түскен.

Толғаудың дамуы XVIII ғасырмен аяқталған жоқ, XIX ғасырда, әсіресе, Махамбет творчествосында ол идеялық-көркемдік дәрежесі жағынан ұсынса қол жеткісіз биік белеске көтерілді, шаруалар көтерілісінің жалынды рухымен суарылып, жауына «қайрауын тапса жетілген» ақ семсер боп тиді. Шынын айтқанда, толғау жауынгер ақынның творчествосында жазба әдебиетке көп жақындады. Толғау өзінің ұзақ жолында әрбір үлкен де күрделі кезеңдерді өткен сайын бізге уақыт жағынан ғана жақындап қоймай, кейінгі дәуірлердің әдебиетін де дайындап, арнасын бірте-бірте кеңейтіп, өмірмен байланысын арттырып отырды. XIX ғасырдағы және онан кейінгі поэзиямыз ұлттық, көркемдік дәстүрлердің негізін халықтың бай ауыз әдебиеті мен XV—XVIII ғасырлардағы поэзиядан, оның негізгі саласын — толғау жанрынан алады. Өнердің даму жолындағы дәстүрдің жалғасуы мен жаңаруы дегеніміз осындай көркемдік заңдылықтан туады.

1984.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

Халқымыздың көркем сөз өнерінің даму жолы ұзақ та күрделі. Бірде жырау, бірде ақын аталып келген жеке өнер иесінің ауыз әдебиетінен бөлініп шығу процесі бірнеше ғасырға созылды. Алғашқы аты мәлім ақын, жыраулар XIV—XV ғасырлардан бастап көрінсе де, олар ұзақ уақыт бойы ауыз әдебиеті аясында еңбектніп, өз туындыларын сол арнада жасады, көбінесе үлкен бір оқиғалар мен тарихи адамдар төңірегінде толғанудан әрі бара алмады. Соның нәтижесінде көркемдік қуаты өзгеше күшті, ескіrmес, өшпес сөз туғызған немесе сөз өнерімен бірге ірі қимыл-әрекетімен халық жадында сақталған бірен-саранынан басқасы сол алыс заманның өзінде ұмыт боп, азды-көпті шығармалары ауыз әдебиеті сияқты телегей теңіз коллективтік көркемдік дүниесіне сіңіп кетіп отырды.

Бұл процесс XVIII ғасырдың аяғына дейін келді, тіпті XIX ғасырда да біржолата ұмыт бола қойған жоқ. Әйтпесе, қазіргі қолда бар үзік-үзік, жұпыны деректер арқылы білетініміздей әр жүз жылда бір не екі ақын не жырау болды десек, сондай-ақ, олардың шығармалары да бірер толғаудан артпады десек, мұнымыз шындыққа үлкен қиянат болар еді. Шындығында ақын, жыраулар ол тұстарда да аз болмаған, бірақ шығармалары өз аттарымен сақ-

талмаған. Мұның бірден-бір себебі: әдебиеттің ауызша туып, сақталуы, кейінгі ұрпақтарға ауызша жетуі, соның салдарынан көпшілігі уақыт сынына шыдай алмай, одан тек «жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» дегендей, айрықша талантты ақындар туындыларының ғана сараланып сақталып, некен-саяқтап өтуі т. б. XVIII ғасырдағы атақты батырлар Қабанбай, Бөгенбай т. б. туралы көп жырлардың, тіпті, XIX ғасырдың бірінші жартысында туған «Айман-Шолпан» сияқты аса көркем жырдың халық туындысына айналып кетуі — ауыз әдебиеті мен ақындар творчествосының жақындығы кейінгі тұсқа дейін тізе қосып келгенін және олардың шығармалары ауыз әдебиеті мұрасына айналу мүмкіндігі көп уақытқа дейін басым болғанын көрсетеді. Мұнда, әрине, көркем туындылардың тек ауызша тарап, сақталып, кезінде қағаз бетіне түспегендігінен басқа да себептер жоқ емес еді. Солардың бірі ретінде мынадай жайды атауға болады. Қазақ қоғамында сөзді айтушысына қарап емес (оны алты жасар бала айтсын мейлі, алпыстан асқан, өмір көрген, тәжірибелі қария айтсын мейлі), айтқанына, яғни сөздің құндылығына, көркемдік, тапқырлық, өткірлік күшіне, құдіретіне қарап қабылдау, қадірлеу, сақтау дәстүрінің ұзақ замандар бойы қалыптасып келгенін көреміз (бұл принциптің тіпті Абай дәуіріне дейін келгені де белгілі. Ұлы ақын «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал, — деген ғой).

Мұның мәнісі белгілі бір кезеңдерде (бұған XIX ғасыр да кіреді) әңгіме шығарманы кім шығарғандығы жайлы болмай, шығарманың таза өз басында, өзіндік қадір-қасиетінде болды деген сөз. Демек, көркем туындының авторынан гөрі, оның өзіне, яғни туындыға көбірек мән берілген, қамқорлық жасалған. Содан әрі жол-жөнекей автор ұмыт болса да, шығарма ұмытылмай, кейінгі ұрпақтарға жетіп отырған. Бұл — қазақ әдебиетінің тәжірибесі мен тарихында қалыптасқан көркем сөзді табиғи іріктеу мен сақтаудың өмір туғызған өзіндік тәсілі, ой елегінен өткізу өлшемі, жолы дерлік құбылыс. Сондықтан мұны тек ауыз әдебиеті поэтикасы ғана емес, әріректегі ақындар өнері поэтикасының да елеулі ерекшеліктерінің бірі ретінде тануға, бағалауға тиіспіз. Алыс дәуірлердегі ақындар туындыларының кейінгі тұсқа авторлығын сақтай аз жетіп, көпшілігінің ауыз әдебиеті мұрасына айналып кетуінде осы көне поэтикалық принциптің, талғамның да үлесі аз болмаса керек.

Соған қарамастан XIX ғасыр поэзиясының ерекшелік белгілері айқын сезіле бастады. Бұған дейінгі ақын, жыраулар көбіне-көп ауыз әдебиетіндегі сөз қолдану, ой түзеу, бейнелеу, суреттеу, образдар жасау тәсілдерін сол күйінде алып, яғни қалыптасқан халықтық поэтикаға өз тараптарынан ештеңе дерлік қоспай, ізденбей (академик Д. С. Лихачевтің пікірінше, орта ғасыр поэзия-

сының поэтикалық бір ерекшелігі де осында) келсе, енді әрбір өнер иесінің аз да болса, өз ойын білдіру, өмірді өзінше көріп, тану талабы нақты орын алып, әдебиет өмірінде бұл тың талап пен талғам аз-аздап, күн санап есейе, етек ала түсті. Бұл көркем сөзді өсірмей, ондағы іздену, ілгерілеу жолдарын көбейтпей, түрлентпей қоймады. Соның нәтижесінде әдебиетке қаншама көп адам келсе, солармен бірге соншама талап нышандары, талғам талпыныстары, сан түрлі тақырыптар келді. Мұның өзі ақындар поэзиясының ауыз әдебиетінен біраз ұзап, профессионал әдебиетке қарай бет алуындағы шешуші қадам болды. Сондай-ақ, ХІХ ғасыр әдебиетінің бізге осылайша алуан түрлі дауыс ырғағымен, көркемдік бояу-нақыштарымен көп ескірмей, ұмыт боп үлгермей (өткен дәуірлермен салыстырғанда, әрине), молырақ жетуінің сырын — біздің заманымызға бір табан жақындығы мен рухани мұрамыздың кешікпей қағаз, жазу атаулымызға ілігуімізден деп те тануымыз керек.

XVIII ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың алғашқы тұсынан бастап қазақ поэзиясында қоғамдық тұрмысты, оның көзге ашық көрініп тұрған кемшіліктері мен қайшылықтарын, адам мінезіндегі артық-кем сипаттар мен олардың арасындағы теңсіздік, әділетсіздік жайларын суреттеуге нақты бетбұрыс жасалды. Бір ғасыр поэзиясын осы бағыт тұрғысынан жинақтай, топтай қарасак, жалпы қоғамдық өмір кескіні, салты поэзиядан өзіндік шындық кейпін тапты деуге болады.

Поэзияның бұл дәуірде шарықтап өскені соншалық: Атырау, Орал, Ойыл өңірі, Сыр, Есіл, Нұра, Ертіс, Жетісу бойы, Қаратау, Ұлытау, Алатау, Тарбағатай, Шыңғыс баурайынан және тағы басқа жерлерден көрінген белгілі ақындардың өзі ондап саналады. Олар әр алуан ақындық өнер, шеберлік мектебін жасады. Осы таланты мен дүниетанымы әр дәрежедегі ақындардың тұтас еңбегі поэзияны өнер биігіне қарай көтере, есейте түсті, оның көркемдік сапасын жаңа сатыға жеткізді, шын мәніндегі жазба әдебиет туып, дамыды. Осының бәрі әдебиеттің қоғамдық орны мен ролін, салмағы мен күш-қуатын әрдайым арттырып отырды.

ХІХ ғасыр поэзиясын ірі-ірі оқиғаларына орай үш кезеңге бөліп қарауға болар еді. Мұның біріншісі — алғашқы 30—40 жылды қамтиды. Бұл тұста осы ғасыр әдебиетінің аса биік тұлғасы — Махамбет жырлары туып, аяқталды. Елдің, көпшілік бұқараның билеуші атаулыға бағытталған ыза мен кек жалынында өмірге келген өршіл, күресшіл поэзия көтерілістен кейін де көркем сөз дамуы жолында өзінің озық идеясымен, халықтық мазмұнымен белгілі белес болып қалды және кейінгі дәуірлерде де өзгеше жалғасын тапты.

Екіншісі — 40 жылдардың екінші жартысынан жазба әдебиет

туғанға, яғни 70 жылдарға дейінгі тұс. Бұл кезде поэзияда Махамбет толғауларындағы жалынды, күресшіл рух айқын көзге түспесе де, адамды суреттеудің шыншылдық тәсілі онан әрі жалғасып, жандана, тамырлана түсті (кейін жазба әдебиетке ұласып, жаңаша өрбіді). Мұның белгілі өкілдері: Шернияз, Жанак, Шөже, Сүйінбай, Алмажан т. б. Сонымен қатар осы кезде өмірдің даму беталысын жете түсіне алмай, ескі өмірді аңсаған ақындар да болды. Олар: Дулат, Шортанбай т. б.

Үшіншісі — Ыбырай, Абай есімдерімен аталатын демократияшыл бағыттағы жазба әдебиет. Бұл 70 жылдардан басталды. Осы орайда атап өтерлік бір жай — негізінен ауыз әдебиеті дәстүріне сүйенген, сонымен қатар өзіндік творчестволық бетін едәуір танытып, шығармаларын өз аттарымен сақтаған ақындар поэзиясы осы ғасыр бойы мол дамыды, оның жаңа буындары жазба әдебиет туғаннан кейін де қатарға қосылып отырды. Екінші бір мәселе — әдебиеттегі негізгі де жетекші тенденция реалистік болғанымен, әдеби процесс жазба әдебиетке қарай айқын бет бұрғанымен, осы құбылыстардың қайсысы да қиындықсыз, тартыссыз, қайшылықсыз өрбіген емес. Бұл заңды да еді. Өйткені әдебиет шындап келгенде өмірге, қоғамға, адамға деген көзқарас пен қатынастың, талғам мен танымның көрінісі. Ал, олардың бәрі бірдей барлық ақында егіздің сыңарындай ұқсас болуы мүмкін емес. Сондықтан да тұтас әдеби процесс өзінің бір ғасырлық жолында күрделі дамуды бастан өткізді.

XIX ғасыр поэзиясы ақындардың көптігімен ғана емес, олардың өнер майданында бір-біріне ұқсамайтын әртүрлілігімен де бағалы. Неше алуан майталман эпик ақындар, ақын-жыршылар (сказители), суырып салма ақындық өнерінің өрен жүйріктері, айтыс ақындары, хиссашы ақындар, әнші-ақындардың болуы осының айқын дәлелі. Бұған әрбір ақынның өзіндік көркемдік тәсілін, өмірді бейнелеу шеберлігін, стильдік ерекшелігін қоссақ, тұтас әдеби процестің байлығы мен ою-өрнектерінің молдығын тану қиын емес.

Осы орайда ең алдымен жыршы, жырау ақындардың еңбегін арнайы атаған жөн. Бұлар көне дәуірлердің келе жатқан ақындық дәстүрлерді кейінгі кезеңге жеткізу, ұластырумен қатар, халықтың сан ғасырлық көркемдік мұрасын, тәжірибесін ауызша сақтаушы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші болды. Көркем сөз мұрасының алыс замандағы асыл үлгілерінің өшіп, тарих тозаңына айналып кетпей, сақталуында бұлардың орнын ешкім, ешнәрсе баса алған жоқ. Абыл, Марабай, Нұрым, Мұрат, Қашаған, Ақтан, Ығылман т. б. ақын, жыраулар ноғайлы, қазақ батырлар жыры циклын арғы дәуір жыршыларынан үйреніп, кейінгі тұсқа жеткізсе, Шал, Жанак, Шөже, Орынбай, Сүйінбай, Базар, Құлтума

т. б. сан алуан лиро-эпикалық, батырлық дастандарды жаңа ұрпақтарға табыс етті, өздері көптеген өлең, жырлар тудырды.

Дәуір поэзиясы ерекшелігінің бір саласы—айтыс өнеріне байланысты. Суырып салма ақындық өнер қазақ поэзиясында атамзаманнан сақталып, дамытылып келе жатқан дәстүр. Ол өленді жазып шығару салты өріс алмаған тұста қалыптасты да, импровизаторлыққа кең жол ашты. Ақындар айтысы да осы орайда туды, бірақ оның көне нұсқалары бізге жеткен жоқ. Халық таныған ақын атағын алу үшін атақты бір не бірнеше ақынды жеңу шарт болды. Мұнсыз ақын атану мүмкін емес еді. Осы дәстүр ХІХ ғасырда өзгеше өрлеу тауып, айтыстың не бір шеберлерін өмірге әкелді. Жанак, Шөже, Шортанбай, Түбек, Орынбай, Шернияз, Сүйінбай, Сақау, Тоқжан, Біржан, Сара, Бақтыбай, Сабырбай, Абыл, Нұрым, Қашаған, Жылқышы, Жаскілен, Кемпірбай, Кеншімбай, Қабан, Құлтума, Қубала, Құлмамбет, Жамбыл, Бала Ораз, Әсет, Ырысжан, Жібек, Ажар, Ақбала, Ұлбике, Тәбия т. б. айтыс өнерін ойын-тойдың ермегінен, діни не ру айтысынан қоғамдық, әлеуметтік мәселелер деңгейіне, қайым айтыстан шын мәніндегі өнер сайысына, ақындықты шыңдауға, ұштауға қарай бұрды. Әр қайсысы соған әр дәрежеде үлес қосты. Олардың азды-көпті еңбегі жинала келіп, поэзияны молайта, көркемдік сырларын байыта, түрленте түсті.

Өнер көзін қашан да өмірден алады. Өмірдегі елеулі құбылыстың өнерден өзіне лайық орын алмайтыны кемде-кем. Осы тұрғыдан келгенде ХІХ ғасыр поэзиясы өз дәуірінің шындық жайларын біраз жинақтай қамтыған көркемдік шежіресі есепті. Хиуа, Қоқан хандықтарының қазақ ауылдарына жасаған зорлық зомбылығы, айуандық істері Жанкісі, Мәделі жырларында нақты көрінісін тауып, езушілерге қарсы бүкіл халықтық наразылықты, жеккөрушілікті білдірсе, Абылдың Қайыпқали сияқты сатқын сұлтандардың Хиуа билеушілерімен бірге қазақ жұртын талауы мен тонауын суреттеуі де өмірдің ащы шындығынан туған еді.

Өнердің сыншыл, шыншыл табиғатын өзге арнаға бұрып, өзінің күйкі күнкөріс мақсатымен туыстырған ақындар да болды. Мысалы, Байтоқ пен Жанұзақ, Нысамбай мен Досқожа хандардың сән-салтанатын, мәртебесі мен саясатын үнемі беріле жырлады, өнерге лайық өмірде өзге нәрсе бар деп білмеді.

ХІХ ғасырдың І жарымындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік қайшылықтары Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісін туғызды. Махамбет поэзиясы осы көтерілістің туы, ұраны, айнасы дерлік дүние.

Ақын поэзиясы өзіне дейінгі өлең, жыр, толғау ұғымының еш біріне сыймайды, солардың қай-қайсысына да мейлінше жаңа сапалық мағына, мазмұн беріп, ең жоғарғы көркемдік сатыға көтер-

ді. Сыртқы түріне қарағанда 7—8 буынды толғаудан айырмасыз ақын жырларының әрбіреуі жауға атылған сұр жебедей сұсты, отжалын шашқан өжет, саяси, әлеуметтік, азаматтық өлеңдер. Ақын поэзиясы көтерілістің бұйра толқынында туса да, сол көтерілісті сан жылдар дайындаған ақыл-ой, ар-намыс, ыза-кектің найзағайдай жарқ еткен бір жарқын көрінісі іспетті. Ақын әрбір толғауға ғана емес, өлеңнің әрбір сөзіне айқын әлеуметтік жүк артып, салмақ, мағына беріп, оның поэзиялық қуаты мен нәрлілігін арттырды, әсерлілігін, өткірлігін күшейтті. Жиёмбет жырындағы ханға қарсылықты Махамбет таптық ыза мен кек дәрежесіне көтерді, поэзияны қазақ жағдайында тұңғыш рет найзаға теңеді. Мұның алдындағы ғасырда Сырым батыр қазақты хан тұқымының билеп-төстеуіне қарсы күрессе, Махамбет оны жаңа кезеңде өмірге де, өнерге де қайта әкеліп, хан ордасының «керегесін қиратып, туырлығын тілу» мәселесін поэзияның ең негізгі проблемасы қатарына қойды.

Махамбет толғауларының тепсе темір үзерліктей күші түптеп келгенде халықпен, өмір шындығымен терең тамырлы байланысында, өмірдің ащы шындығын өзекті арқау етуінде. Сондықтан да оның поэзиясы өмірден туа отырып, ілезде қайтадан өмір құралы, күрес құралы дәрежесінде көтерілді, қалың бұқараны әділетсіздікпен теңсіздікке қарсы тәрбиеледі, күреске, қимылға шақырды.

Поэзиямыздың ұзақ тарихында шын мәніндегі адам образын, оның ішінде халық өкілін, ұнамды герой бейнесін жасау сияқты көркем әдебиет үшін ең негізгі істің басы да Махамбеттен басталады. Ол өзінің жорықтас серігі, көтерілістің бірден бір басшысы Исатай жайындағы толғауларында халық мүддесі мен әділдік, теңдік үшін күрескен, сол ізгі жолда жанын да, жарын да, аяулы ұлын да құрбан етуге илікпей барған тәкаббар батырдың асқақ бейнесін жасады.

Исатай — Махамбет көтерілісі жеңілсе де, Махамбет поэзиясы жеңілген жоқ, ол халықпен бірге жасап, жаңа өмір бастады, халық бойында күресшілдік рухын сақтап, көтеріліске тілеулес ақындар тобын өсірді. Абылдың «Баймағамбетке айтқаны», Шернияздың «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», Алмажанның «Жетім қыз» өлең, толғаулары өмір шындығын Махамбетше аша, әшкерелей суреттеудің кейінгі тұстағы сәтті үлгілері. Шернияздың азаматтық мұраты Исатай болса, ақындық мұраты Махамбет болып, Исатай, Махамбетті өле-өлгенше жырлады, олардың жауларын сынаудан, халықтың қас дұшпаны етіп көрсетуден еш уақытта бас тартқан емес.

Теңсіздік үстемдік еткен заманда өнер теңдік таппады, шындықты айтқан өнер иесі билеуші топқа да, тапқа да жақпады. Олар шамасы келгенінше талантты адамды өз қолында, өзіне

тәуелді етіп ұстауға, өзін мақтаудың құралы етуге тырысты. Алыс заманнан келе жатқан осы теңсіздік салты XIX ғасырда өспесе, өшкен емес. Бірақ, шын талант қашан да шындыққа көзжұмбай жасаған емес. Үш жүзге аты мәлім Жанақ, Шөже сияқты от ауызды, орақ тісті ақындарды қолына қондырғысы келмеген бай мен бек, би мен төре болған жоқ. Бірақ аталған ақындар оларды аракідік мақтағаны болмаса, ақындық талантының негізгі күшін билеушілерді сынауға арнады. Жанақ Рүстем төреге арнаған белгілі жырында «Ұрлап, тартып, қазақтың алдың малын, хан емессің, қарадан алдың алым. Ұлықпандай әкімді жерге көмген, сен секілді бір кезде патша залым», — десе, Шөженің Дәукей мен Ноғайбайға, Сүйінбай мен Бақтыбайдың Тезекке айтқандары да осындай әшкерелеуші, шыншыл жырлар. Ақындар әлеуметтік жағдайларының әлсіздігіне қарамастан, тура сөзде туған бар деп ешкімнің бетіне қараған емес, өздері қанша қиындық көрсе де, ретті жерінде шын сөз бен шындықты іркіп қалған жоқ. Соның нәтижесінде әдебиеттің сыншылдық сипаты артып, өмірге әсері күшейе, ұлғая түсті.

Қоғамдық өмірдің дамуы көптеген қайшылықтар туғызды. XIX ғасырдың орта кезінде Қазақстанның Россияға қосылуының бір-жолата аяқталуы екі түрлі Россияның дала өміріне екі ұдай жолмен келіп орныға, беки түсуіне жол ашты. Патшалық Россия алдымен қазақтың шұрайлы жері мен суын алса, кейін мал мен басын есепке алып, қатал тәртіп орната бастады. Бұл әсіресе, қазақ жері мен елін бұрын жеке билеп-төстеп келген феодал табы мен хан тұқымдары үшін заманның азғаны, тозғаны болып көрінді. Олар өзге Россияны көрмеді, білгісі де келмеді. Осы жай әдебиетте де өзінің ізін қалдырды. Мәселен, Дулат, Шортанбайлар отаршылық саясаттың билеу жүйесіндегі қаталдығын көріп, қайғырды. «Заманның түрі бұзылды, текеметтің түріндей», «Құрттай нәрсе қалсайшы, бұрынғыдан ырымға» деп қапаланды. «Ақша деген мал шықты, сауып ішер сүті жоқ, мініп-түсер күші жоқ», — деп жаңалық атаулыны ұнатпай, құбыжық қып көрсетті.

Олар белгілі бір кездегі бір қауым жұртқа тән қоғамдық мүддені, көңіл-күйді осылайша бейнелеумен қатар, сол өмірдің түп негізінде болып жатқан процесті де байқамай қалған жоқ. Әсіресе, Шортанбай қазақ ауылындағы таптық жіктелушілікті, еңбекші қауымның өз бетімен тіршілік етуге талаптануын, қазақ әйелінің сүю, сүймеу туралы мәселені қоя бастауын т. б. өзгеден бұрын көріп, оларды өз жырына арқау етті. Бірақ, қуанып емес, жамандықты көргендей қорқып жырлады. Ақын поэзиясының ескішілдігін сынай отырып, оның шығармаларындағы мұндай шындық жайларды лайықты көру де, бағалау да міндет. Дулат, Шортанбай шығармалары 80-жылдарда кітап болып жарық көрді. XIX ғасырдың

сонғы ширегінде пессимистік рух Мұрат толғауларында біраз орын алды, нәсерлетіп жыр төккен ақын жаңалықты жөнді тани алмай, кейде өткенді аңсады. Жаңа мен ескінің арасын лайықты бағалай, түсіне алмау, өмірге дін жолымен қарау Әбубәкір өлендерінде бірқатар бой көрсетті.

Қазақ халқының не бір заманнан аңсай күткен қоғамдық даму мұраттары 60—70 жылдарда орыс қоғамымен, әсіресе, орыстың озық мәдениетімен қоян-қолтық араласа түскен кезден бермен қарай нақты жүзеге аса бастады. Қоғамдық өмірдің өсу талабы мен халықтың рухани мұқтаждығы сол арнадан іздегенін тауып, одан өзіне жаңа нәр, бағыт алды. Көп кешікпей бұл өмірдің біраз саласын — ғылым-білімді, мәдениет пен әдебиетті қамтыды. Қазақ мәдениетінің жарық жұлдыздары — Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың осы тұста өмірге келуі бір жағынан сол қоғамдық дамуға аса ділгәрліктің, екінші жағынан, орыс мәдениеті игі әсерінің қоғамдық қажеттілікпен ұштасып, өзара үндестік, үйлесім табуының нәтижесі еді.

Шоқан қазақ ғылымының негізін берік қалаумен қатар, ел арасына өмір мен өнер, тарих пен заман, болашақ туралы жаңа көзқарас әкелді. Оның ғылыми қызметі арқылы дала өмірінде ағартушылық идеология қанат жайды. Шоқанның ағартушылық идеяларын Ыбырай мен Абай онан әрі дамытты.

Ыбырайдың сөз өнеріне әкелген үлкен жаңалығы — әдебиетке қоғамдық, эстетикалық қатынасты, көзқарасты өзгертті. Бұрын әдеби туынды асып кеткенде белгілі бір оқиғаға, құбылысқа не адамға қатысты авторлық пікірді, қатынасты білдірсе, көбінесе көпшіліктің көңіл көтерер құралы қызметін атқарса, Ыбырайдан бастап қазақ топырағында өзгеше таным туды. Ол өмірді жазушы, ақын көзімен қарап терең зерттеуді өнердің күн тәртібіне қойды, яғни өмірдің өсу, өрлеу ағымы аса ділгәр боп отырған проблемалар ғана әдеби шығармадан өзіне лайықты орын алып, нақты көркемдік жауабын табуға тиіс, сонда ғана шығарма шыншыл және оқушысының рухани талабына тиісті жауап береді деп санады. Оның «Оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек» дегенде көздеген көркемдік принципі осы. Ағартушының төл шығармалары сол жаңа талап пен талғамның тәжірибе жүзіндегі көрінісі.

Сөз өнерінің өсіп, кемелденуі көптеген көркемдік шарттарымен, принциптерімен, көрсеткіштерімен өлшенеді. Солардың ішінде ең негізгісі—әдебиеттің өзіндік көркемдік әдіс жасау дәрежесіне көтерілуі. Қазақ әдебиеті алғаш осындай үлкен кемелдік биігіне ХІХ ғасырда және Абай творчествосы арқылы жетті. Халқымыздың көркемдік танымы мен талғамында үрдіс ілгерілеу туғызған Абай поэзиясының бүкіл жаңа сипаты, баға жетпес маңызы ең

алдымен оның реализмінде, өмірді шыншылдықпен бейнелеу ерекшелігінде десек, қателеспейміз.

Әрине, әрбір жаңа да жақсы дән құнарлы топырақта ғана өсіп, өзінің лайықты нәтижесін береді. Табиғаттың осы бір заңы өнер үшін де жат емес. Абай поэзиясы өзінің барша озық сипатымен бір мезгілде көктен түсе қалған жоқ, халықтың сан ғасырлық көркемдік тәжірибесінде пісіп, жетіліп, қоғамдық дамудың жаңа бетбұрысында және де қоғамдық, рухани өсудің айрықша қажеттілігі нәтижесінде дүниеге келді. Абайдан көп бұрын да, сәл алдында да, кезінде де өрен жүйрік ақындар болды. Олардың ақындық тәжірибесі Абайға, сөз жоқ, пайдалы әсерін тигізеді. Оның өзіне дейінгі поэзияны тануы да, одан үйренуі де өзгеге ұқсамайды, өзінше бөлек. Ол бұрынғы поэзияны үйреніп, менгеріп қоймай, оны мүлде жаңа сапада қайтадан жасады. Абайдың ұлылығы да осында.

Абайдың реализмге келу жолы да өзгеше. Ол «реализмді» біз түсінгендей мағынада түсінген жоқ, оның қажеті де болған жоқ. Өйткені «реализм» жалаң мақсаттан тумайды. Есесіне Абай өзге жайды, реализмге келтірмей қоймайтын жайды терең сезінді, бүкіл ақындық таланты мен азаматтық қайрат-жігерін сол жолға арнады. Ол әдебиетті, поэзияны, өмірді, өмір құбылыстарын, адам мен қоғамды көркемдік құралымен зерттеудің, танудың және өзгеге де солайша танытудың құралы дәрежесіне жеткізді. Бұл өте маңызды жаңалық. Ғылымда оны адамдар түсінігін түбірімен өзгерткен ұлы жаңалықтармен ғана салыстыруға болады.

Абай реалистік жолға, әрине, бір күнде, бір мезгілде келе қалған жоқ, өмірді де, өнерді де терең танып, түсінудің, бірінің шындығы мен екіншісінің мүмкіндігін жете біліп, менгерудің нәтижесінде келді. Абай мұрасының тамаша білгірі М. Әуезов оның ақындық өнеріндегі алғашқы аса көркем туындыларын («Қан сонарда», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» т. т.) шебер талдай және жоғары бағалай отырып «Абай көбінше сұлулықты, жарастық келісімді жырлайтын эстет ақын боп көрінеді. Әлі әлеуметтік шындықты жырлайтын қоғам қайраткері Абай бұл өлеңдерде көрінбейді»¹, — дейді. Бұл әйтеуір айтыла салған сөз емес, тап басып, лайықты берілген баға.

Ақындық өнерді алғашқы өлеңдерінің өзінде толық менгерген, шәкірттіктен гөрі ұстаздығын басым танытқан Абайдың реализмге келу жолы әуелгі тұста өмір құбылысының сыртқы көрінісін әсерлі де нәрлі суреттеуден басталғанымен, кешікпей ішкі проблемаларды қозғауға ойысады, өмір талабынан, ағымынан туып отырған мәселелерді көтеру мен шешуге ден қояды. Россияға бір-

¹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 85-б.

жолата қосылғаннан кейін озық мәдениет пен өнер-білімге ұмтылған қоғамдық өмірдің даму бағытын, жүрек тынысын орынды танып, лайықты қорытынды жасай білген ақын сол жаңа беталысқа, қоғамдық қозғалысқа әдебиет өмірінен де дәл сондай өзекті орынберу үшін күресті. Бұл өредегі таудай талап пен толассыз іздену ақынды А. С. Пушкиннің сөзімен айтқанда, «Ағарту ісінде заманмен үзенгілес болуға» әкелді, ағартушылық идеяны, халықты озық мәдениетке шақыруды ол әдебиеттің идеялық, көркемдік биігіне көтерді.

Абайдан бастап әдебиетіміз адамды негізгі кейіпкері дәрежесіне көтеріп қана қойған жоқ, оны көркемдікпен бейнелеуді толық меңгерді. Абай әрбір адамды, адамдар тобын, мінез-құлқын қоғамдық құбылыс деп танып, олардың әлеуметтік сыр-сипатын ашуды, зерттеу мен бейнелеуді көркем сөздің негізгі міндеті етіп қойды. Мұны әдебиетке саналы түрде әкеліп, оның шыншылдық бағытын күшейтумен бірге, сыншылдық әдісін де қалыптастырды. Адам психологиясын тереңдей ашу арқылы қоғамдық, әлеуметтік шындықтарды түбегейлеп суреттеуге жол ашты. Сөйтіп, ақын өзін қоршаған, өз сөзімен айтқанда, қиянатшыл дүниенің ұнамсыз бейнесін жасады, қоғамдық өмірдің барша көленкелі көріністерін аяусыз сынап, ендігі жерде мұндай өмір салтының тозығы жеткенін көркемдікпен дәлелдеді.

Ұлы ақын қашан да халықпен, қоғаммен бірге, бөлінбес біртұтас құбылыс. Сондықтан қоғам өмірінің терең қатпарларында жүріп жатқан күрделі процестер, қозғалыс пен тың тенденция ақынның жан дүниесінде де жүріп жатады. Абай өмірдің жедел қарқынмен ілгерілеу процесін, тұрмыс пен санада, билеу тәртібі мен әдет-ғұрыпта, адамдық қатынастарда көп жайлардың ескіріп, етектен тарта бастағанын, енді олардың жаңаруы, өзгеруі өмірдің өзінен, даму қарқынынан туып отырғанын елден бұрын таныды. Сондықтан жаңаның қандай боларын нақты білмесе де, ескі атаулының алдағы күнде өмір үшін де, адам үшін де кедергі бөгет бола бастағанын шындық күйінде, өмірдегі қалпында суреттеді және мұны әдебиеттің негізгі бағыты мен әдісіне айналдырды. Ұлы революциялар заманына жақындаған сайын көненің кейін тартып, жаңаның қанат жаюы Абай шығармаларының сыншылдық ерекшелігін арттырып, бекіте түсті.

Халқымыздың ХІХ ғасырдағы әдебиетінің негізгі ерекшелігін, даму жолдарын, қоғамды, өмірді, адамды бейнелеуде жеткен биіктерін сөз еткенде осы сияқты қадау-қадау жайларды атауға болар еді. Әдеби процеске қатысқан, ақындық өнерде өз мүмкіндігін танытқан немесе танытуға ұмтылған ондаған, кейде жүздеп саналатын адамдардың әдеби арнаны толтырып, өмірді өзінше көру, жырлау ниеттерін білдіргені ақиқат. Әйтсе де олардың барлығы

бірдей творчестволық ерлік жасай берген жоқ. Бұл да заңды. Сондықтан біз шағын шолуда ол ақындарды түгел қамтып, сөз етуді міндет етпедік.

1986.

ШӨЖЕ ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ

XIX ғасырда өмір сүрген өрен жүйрік айтыс ақындарының бірі — Шөже Қаржаубайұлының анық қай жылы туып, қашан өлгенін дәлелдейтін нақты дерек жоқ. Ақын творчествосын жинау, зерттеумен әркезде айналысқандардың бұл саладағы мәліметтері бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысы әр жылды көрсетеді. Алайда, солардың барлығын біріктіретін бір жайт: Шөженің XIX ғасырдың басында туып, соңғы тұсына дейін өмір кешуі. Сондықтан шындықты біз де осы төңіректен іздеуге тиіспіз.

Академик Ә. Марғұлан Шөженің туған — өлген жылдарын 1803—1895 деп көрсетсе¹, зерттеуші Ғ Әбетов 1805—1891², ал, «Қазақ совет энциклопедиясы» 1808—1895 жылдар деп көрсетеді т. т. Біздіңше, осылардың ішінен ақынның туған жылын 1803 деп алған орынды тәрізді. Мәселе — оны Ә. Марғұлан айтқандықтан ғана емес, басқада. Ақынмен көп кездесіп, көп айтысқан және бір-бірін өмір бойы сыйлап өткен, өнерде бір өңірдің жүйріктері саналатын Орынбайдың бәйбішесі Бибатпа, балалары Омар, Оспанның айтулары арқылы жеткен дерекке қарағанда Шөже Орынбайдан бір мүшелдей үлкен³.

Орынбайдың 1846 жылы А. Янушкевичпен кездескенде отыз жаста екенін білеміз. Сонда 1816 жылы туған Орынбайдан Шөже бір мүшелдей үлкен болса, оны 1803 жылы туды деу шындыққа жақын. Ал, ақынның өлген жылын анықтауға келсек, бұл ретте әркімнің әр жылды көрсеткені болмаса, ауыз толтырып айтарлықтай сүйеніш дерек аз. Сол себепті ұзақ өмір кешкен белгілі халық ақыны — Доскей Әлімбаевтың айтуынан жазылып алынған материалда Шөже осыдан (яғни, 1940 жылдан) дәл 56 жыл бұрын Ақмоланың түбінде Қырауқамыс деген жерде Зауқара ауылында қайтыс болды делінеді⁴.

Сонда ол 1884 жылы қайтқан болып шығады. Ақындық өнер мен ақын жайын өзгелерден артық білмесе, кем соқпайтын көненің көзінде қарт ақынның мұндай дәлдікпен айтуы тегін болмауға

¹ Қазақ әдебиеті. 1981. 10 июль.

² М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. Ғ Әбетов қоры.

³ Сонда. 633-қор. 32—34-б.

⁴ Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы. 738-қор. 4-дәпт. 1-б.

тиіс. Біріншіден, 1850 жылы туған Доскейдің 34 жасында өзі сол қаралы оқиғаның қалың ортасында болуы әбден мүмкін, екіншіден, оған өзі қатынаса алмаған жағдайда, ақынды қолымен жерлеген адамдарды кездестіріп, олардан оның өлімі мен жерленуінің бүге-шігесіне дейін естіп білу мүмкіндігіне шек келтіруге болмайды. Оның үстіне Шөже жай адам емес, қалың елге аты мәшһүр әйгілі ақын. Сондықтан оның өлімі, жерленуі бір Доскей емес, үлкен бір қауым елдің есінде ұзақ уақыт сақталуға тиіс. Бұл бір алуан жай. Сондай-ақ, 1803 жылы туған мүгедек (соқыр), кедей-кемтар, көмектесер жақын-жуығы жоқ адамның 1884 жылға дейін өмір сүріп, сексеннен асып өлуі сол заман үшін аз уақыт емес, одан көп жасап, 90-шы жылдарға келді деу тым әсірелеу тәрізді. Демек, оның туған-өлген жылдарын 1803—1884 деп тану қай жағынан да орынды демекпіз.

Ақынның туған жері, өмір сүрген ортасы, қайтыс болған жері, бейітінің қайда екені туралы да бірауызды түйін-дерек жоқ. Біреулер туып, өскен жері деп Көкшетау облысының Қызылту ауданына қарасты жерді атаса, екінші біреулер Солтүстік Қазақстан облысы деп көрсетеді. Ә. Марғұлан: «Шөже отыз жасқа келгенде Көкшетау аймағынан қоныс аударып, Ақмола жеріне келеді», — дейді. Қалай болғанда да даусыз бір мәселе — ақынның Орталық Қазақстанда туып, өмір сүруі. Өлеңдерінде, айтыстарында Ақмола, Кереку, Көкшетау, Қарқаралы т. б. аталуы кездейсоқ емес. «Аралап Сарыарқаны өлең қуып», — жүрдім дейді ғой оның өзі де. Ол осы үлкен өңірде туған, ұзақ өмір кешкен. Ал, ақын бейітінің қайда екені туралы бір ұдай пікір жоғарыда Доскей көрсеткен жерге байланысты болса, екіншісі — Шәймерден Торайғыровтың айтуынша, Желтау сыртындағы Абылай жартас деген жерде⁵. Осы екеуінің қайсысы дұрыстығын айқындайтын дерек әзірге қолда жоқ.

Шөженің тегі, қоғамдық ортасы, өмірі жайлы материалдар да әрқилы. «Қуандық Алтай, Қарпықты араладым, тындадым ел жақсысын, сараладым», «Сүйіндік туған елдей жақындатқан» деп ақынның өз айтуы («аралауы», «жақындатуы») жай сөз болмаса керек. Оның үстіне:

Әкем аты — Қаржаубай, Шөже — атым,
Алатау ар жағында қырғыз затым.
Анадан туа болған жүйрік едім,
Атанған жеті жаста Шөже ақын⁶,—

⁵ ОҒК. 738-қор. 5-дәпт.

⁶ Шөже ақынның әр кезде ел аузынан жазылып алынған өлеңдері бүгінде Қазақ ССР Ғылым академиясының екі қолжазба қорында (ОҒК және М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты) сақтаулы. Өлең үзінділері осы қорлардан алынды.

деуі де оның арғы тегі қырғыз екеніне ешбір шүбә туғызбайды. Ақын биографтарының айтуынша қырғыз-қазақ ұрыстарының бірінде Шөженің арғы аталарының біреуі қазақтар қолына түсіп, сіңіп кетеді. Ол өзі ес біліп, ақындық даңқы алысқа жеткен шағында көбіне-көп аталған ел-жұрт арасында көп өмірін өткізеді. Шоқанның ақынды «Атығай руының жаңа қырғыз бөлігінен»⁷, — дегенін осы өреде түсіну керек.

Шөженің соқырлығы жайында да деректер біркелкі емес. Туа соқыр екен, 7—8 жасында шешектен соқыр бопты деген версиялар бар. Осының екеуі де ақын өлеңдерінде кездеседі. Бұған таңдануға болмайды. Оның өз аузынан мұның біреуі ғана шыкса да, өлеңнің ауызша тарап, өмір сүруі, сақталуы нәтижесінде варианттар көбейіп, шындық пен аңыздың арасын ажыратуға мүмкіндік қалдырмайды. Дегенмен, «Жасымнан қорасаннан көзім кетіп» деген сөзі шындыққа жақын ба дейміз.

Ақынның әкесі Қаржаубай мейлінше кедей адам болған көрінеді. Кемпірбай мен Шөженің айтысында Кемпірбайдың «Жайықтың әкең Қаржау құлы емес пе, қазының шешең Жамал күні емес пе?» — деуі оның тегінің жарлылығын жанға тие айту мақсатынан туған. Әкесінің кедейлігі, әлсіздігі Шөженің әркез алдынан шығып отырыпты. Ол шабытты алғыр ақын шағында Найманның он үш жасар бір ақын қызынан жеңілдім депті. Қыз ақын сөзінің бастапқы жолын қайталап:

Тағы, тағы дегенде тағы, тағы.
Тағының сыртылдайды тіл мен жағы.
Әкенді бура шайнап, суыр жеген,
Тұрады қай жерде аруағы,—

дегенде, Шөже жауап қайтара алмапты. Оқиғаның мынадай тарихы бар деседі: Қаржаубай бір ауылға жақындап келе бергенде артынан бір тентек бура қуып жетіп, тістеп лақтырып жібереді, сол кезде Қаржаубайдың қолы бураның өркешіне тиіп, жабысып, айырылмай, эзер дегенде бураға мініп алады. Ашулы бура оны үстінен сілкіп түсіре алмай, жүріп-жүріп ақыры суыр інінің үстіне кеп шөгеді, аунайды. Осы кезде құлап түскен Қаржаубай інінің ішінде жатып кездік пышақпен бураның ішін жарады, сол жерде қозғалмай бура да өледі, оның қаны-жынына тұншығып Қаржаубай да өледі. Қыз осыны ақынның бетіне басса керек⁸.

Әуелі шешесінен, көп кешікпей әкесінен ерте айырылған Шөже жетімдіктің ащы қасіретін тарта өседі. Осы жас кезінде шешек-

⁷ Валиханов Ч. Ч. Сочинения в 5-ти томах. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 199.

⁸ ОҒҚ қолжазба қоры. 256-папка.

тен көзінің кетуі де сол жетімдік пен жоқшылықтың тікелей әсері, нәтижесі болар.

Шөже ақын есейіп, кемеліне келген шағында да жоқшылық пен кедейліктен құтылмайды, бірақ сонда да ақындық өнерімен күн көреді, өз тұсының билікті, білекті Әбілхайыр Ғаббасов, Құсбек, Жамантай, Шоң, Мұса, Секербай, Ерден т. б. сияқты сұлтан, қазыларын сағалап, солардың маңайынан көп ұзамайды. Оның «Жасымнан жақсыларға болдым жуық» дейтіні де негізінен осылар. Бұдан тек Шөже тағдырының тайғақтығын, тұрлаусыздығын көріп қана қоймай, жалпы сол сияқтылардың баршасына ортақ бақытсыздық пен тәуелсіздікті, өнер атаулының сол заманда бостандық таппай, тығырыққа тірелумен күн кешкен күйзеліс күйін көреміз. Сондай-ақ бұл көріністен бүкіл шығыс, батыс ақындарының көбіне сан ғасыр бойы қыл бұраудай түсіп, қылғындырып, тұншықтырып келген (сарай төңірегінен ұзаса өнері түгіл, өміріне де дұрыс жол таба алмай сандалған) қатыгез тұрмысы көз алдына келеді. Бірақ, қандай атакты билеушілерді жағаласа да, Шөже өмір бойы жоқтықтан арылмайды, ел аралап тіршілік етеді.

Балықшы байымайды көлден алған,
Өлеңшіге жұқпайды елден алған.
Ошақтың үш бұтындай болмайды екен,
Бет бетімен кетеді желден алған,—

деп оның өзі айтқандай, талай «мырзаларды» жұрт көзінше асырамақтап, мақтанқұмарлық сезімін қоздырып алған нар мен қалы кілем бастатқан тоғыздар ақынның қолын байлыққа жеткізбейді, ол ел аралауын тоқтатпайды да. Оның ел аралап, не бір асқан ақындармен кездесіп, өнер сынасуын, сол үшін сый-сияпат демеуін, алуын тек кедейшілікке байланысты түсінбеу керек. Мұнда таза өнер қуушылықтың да үлесі аз емес. Ақын боп туған, өлеңнен өзге кәсібі де, қызығы да, тірлігі де жоқ Шөже үйде қамалып отыра алмайды, өзіндей өнершіні, өнерге толы және құмар қалың ортаны, ойын-тойды, көпшілік бас қосқан жиынды іздейді. Бұл нағыз өнер иесінің тірлігі және қай заманға да ортақ шындық. Шын мәніндегі өнер иесі қай кезде де, қандай қиындыққа да қарамастан өзін тыңдайтын, қадірлейтін қауымға талпынған, өз «аудиториясын» іздеген, тапқан.

Әрбір ірі ақынның төңірегінде ақиқатпен бірге аңыздың да мол өріс алатыны белгілі. Сондай аңыздардың бірінде Шөже әншейін де көп сөйлемейтін, сөйлей қалса, тұттығып, кекештеніп қалатын, әсіресе, біреудің сөзі тисе, оған жауап беру орнына, ымдап, босағада сүйеулі домбырасын көрсететін де, домбырасы қолына тиісімен, оны қағып-қағып жіберіп, айқайға басатын, содан соң ғана көкейіндегі жауап сөзі жыр боп төгілетін деседі. Шындық дәл

және үнемі осы күйде болды деу қиын. Бұл ақынның суырып салма өнеріне мейлінше шеберлігі мен тапқырлығына ризашылық пен таңдану сезімінен туған болуы мүмкін.

Қалай дегенмен де, Шөженің нәсер, төкпе, суырып салма өнер иесі ретінде арғы замандардың ақындық ірі дәстүрін біздің дәуірімізге бір ғасырға жуық жақындата түскенінде және сол дәстүрді бәсеңсітпей, солғындатпай, бүкіл сұлу да сырлы қасиетін сақтап, дамыта жеткізгенінде дау жоқ. Ақындықты сирек өнер деп танып, оған зор үлес қосқан майталман жүйріктердің бірі Кемпірбайдың:

Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп,—

деуі кездейсоқ емес. Бұл сөз білген, ақындық өнердің маңызын терең түсініп, қадірлеген адамның берген бағасы, қызғаныштан емес, өнерге, өнер иесіне деген құрметтен туған баға.

Шөже соқырлығына өмір бойы намыстанып, қорланған екен. Осыны айтысқан ақындардың бәрі біледі де, оның бетіне басады екен. Бірақ, соған қарамастан Шөжені жеңу көп ақынның қолынан келмесе керек. Оның:

Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Білем сен бұған амал таппасыңды-ай,—

деп айтуы (Кемпірбайға) сол үлкен таланттың куәсі, көрінісі, шындығы тәрізді. Әйтпесе, Шөжемен айтысқан он жеті ақынның ішінде осалы жоқ, бәрі де алқалы топта оза шауып жүлде алған жүйріктер. Олар мұны аяп жеңілмеген, амалсыздан жеңілген. Шөже өзінің де, өзгенің де көркем сөз жасаудағы еңбегін дұрыс түсініп, жоғары бағалаған.

Кызыл тілге келтірсе бір құдайым,
Жұмаққа да барармыз дәм бұйырса,—

деуіне қарағанда, ол өзін замандас ақындарының алдыңғы қатарында таныған. Мұнысы негізсіз де емес еді. Ақын творчествосын талдау бұған көзімізді жеткізе түседі.

Шөженің көрнекті ақын ретінде танылып, қалың қауымның назарын өзіне мол аударғанына, сөйтіп, шығармаларының қағаз бетіне түсе бастағанына 130 жылдай уақыт болды. Шөжені алғаш «ашқан» — Шоқан Уәлиханов. Оның пікірін жоғарыда келтірдік⁹.

XIX ғасырдағы көптеген ірі айтыс ақындарының тамаша бір ерекшелігі — көне эпикалық жырларды ауызша орындап, ауызша

⁹ Уәлиханов Ш. Ш. Аталған еңбегі.

сақтап, кейінгі ұрпақтарға ауызша жеткізуінде. Шөженің осы саладағы еңбегінің өзі оның атын әдебиетіміз бен мәдениетіміз тарихында мәңгі сақтап, әркез мақтанышпен атауымызға толық мүмкіндік береді. Шоқанның айтуынша, Шөже жыршылық өнерін де көп дамытқан. Ол шығыстан келген діни және махаббат дастандарымен қатар, қазақтың қолтума жырларын да шебер орындап, кейінгі дәуірге мейлінше толық та көркем дәрежеде жеткізіп отырған. Соның бір дәлелі «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының атақты Шөже варианты¹⁰. Шығыстың «Ромео-Джюльеттасы» атанған дастанның көркем сөз тарихымыздағы мәні мен орынын тәптіштеп жатпай-ақ, сол жырдың негізгі бір вариантының Шөже есімімен, оның асқан дарынды орындаушылық дәстүрімен байланысты аталуын айтсақ та жеткілікті.

Ә. Марғұланның айтуынша, Шөже «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырын Шоқанның өтінішімен Махмут Қалихановқа 1864 жылдың март айында жаздырады. Жырдың соңында оның Шоқанға арнаған мынадай бір ауыз өлеңі бар дейді:

Кұдай берді сұлтанды кәміл қылып,
Дәнішпан, мәртебелі, әділ қылып.
Бұрын жазған жоқ едім дәл осылай,
Әділ сұлтан жаздырды сапалы ғып.

Советтік жылдарда Шөженің бір айтысы мен бір топ өлеңдері 1931 жылы «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында (Сәкен Сейфуллин құрастырған. 1958), сондай-ақ «XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «Бес ғасыр жырлайды» (1984), «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) кітаптарында жарық көрді. Ақынның Кемпірбаймен, Тезекбаймен, Жамшыбаймен, Балтамен айтысы 1964 жылы «Айтыстың» бірінші томында басылып шықты. Шөженің аса көрнекті айтыс ақыны екендігі М. Әуезов еңбектерінде әркез аталып, жоғары бағаланып келді, кейінгі жылдарда Ә. Марғұлан, Х. Сүйіншәлиев ақын творчествосы туралы бір-бір мақала жариялады. Шөже творчествосын жинау, жариялау, бағалау, тану барысында әзірге тындырылған істер осы төңіректе. Ал, Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында кейінгі 50—60 жыл бойы жиналған материалға қарасақ, ақын творчествосының жаңадан жариялануға, бағалауға лайық әлі де көптеген тың беттері, тұстары бар екенін көреміз. Бұл саладағы жұмыстар енді-енді шындап қолға алына бастады.

¹⁰ Бұл вариантқа берілген толық талдау мен бағаны М. Әуезов еңбектерінен табамыз («Әр жылдар ойлары». Алматы, 1959. 272—300-б.).

Шөженің жыршылық өнерін ақын мұрасының жұртшылыққа алғаш танылып, бастапқы ғылыми бағасын ала бастауына байланысты атап өттік. Алайда, жыршылық, орындаушылық, халық қазынасын ауызша ұзақ жылдар бойы сақтау және тарату — Шөже талантының бір қыры ғана. Оның ақындығының салмақты салалары айтыстары мен арнау өлеңдерінде, толғауларында, табан аузында тап басып айтқан өткір шумақтарында, т. т.

Айтыс өнері көбіне-көп қазақ поэзиясында өріс алып, дамыды, тілі, тарихы, тағдыры, әдебиеті, мәдениеті қазақпен туыстас өзге халықтарда айтыс дәл біздегідей биік өнер дәрежесіне көтеріле алған жоқ деген пікір көптен айтылып келеді. Сөйте тұра, сол айтыстың қазақта ғана болуы, даму сыры неде деген мәселеге әлі күнге жауап тапқанмыз да, іздегеніміз де жоқ. Біз осы орайдағы пікірімізді бұрын да бір білдіргенбіз¹¹ Енді Шөжеге орай тағы да нақтылай түспекпіз.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының ең бай да күрделі саласы — айтыс. Айтыс осы ғасырда өзінің даму жолындағы шырқау биігіне көтерілді. Тегі, айтыс тек кейінгі дәуірдің ғана нәтижесі болмасқа тиіс. Оның алыс үлгілері бізге жетпеген болар. Айтыс поэзияда суырып салма өнермен жедеқабыл туып, бір-бірінің дамуына ықпалын тигізген тәрізді. Өйткені, импровизациясыз айтыс жоқ, ал, айтыссыз импровизация да аз және оған қажеттілік те шамалы.

XIX ғасыр айтысы бізге көп жетті және осы өнердің бүкіл дәстүрлі нәрлерін өз бойына сақтай жетті. Соны, әсіресе, Шөже сияқты ірі айтыс ақындарының мұрасынан айқынырақ көреміз.

Шөже, Жанак сияқты аса көрнекті айтыс ақындарының саналуан эпикалық туындыларды жатқа білген дарынды жыршы болулары кездейсоқ емес. Оның үстіне өз туындыларын ауызша шығарып, ауызша сақтау, бұған қоса айтысқан ақындарының сөздерін түгел есте ұстау, үнемі айтып жүру т. т. айтыс өнерінің тек сақталуы ғана емес, тууына да орасан көп жәрдемін тигізгенге ұқсайды. Өйткені осынша мол көркем сөз қорын баста, ойда, көкіректе ұстауға қабілеті жеткен адамның айтыс тұсында да сол бай ақындық қазынадан іркілмей өзіндік сөз жүйесін, ой жүйесін, үйлесімін іріктеуіне де, қиыстыруына да мүмкіндік өлшеусіз зор.

Түптеп келгенде, айтыстың шығу төркінінде өлеңді ауызша шығарып, ауызша сақтау өнерінің шешуші роль атқарғанын баса айту орынды. Оның бергі жағында әрісі шығыс, берісі қазақ поэзиясына тән ерекшелік — ақын өнерінің шаршы топта сыналып, өзінен бұрын аты шыққан атақты қарсыласын жеңу арқылы ғана ақын атағына ие болу салтының, дәстүрінің де айтыстың туып, қалыптасуына қосқан үлесі аз болған жоқ.

¹¹ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы // Алғы сөз. Алматы, 1985.

Шөже 15—16 жасынан бастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін айтыс саласынан бір сәт қол үзбеген, сөз сайысына әркез дайын тұрған ақын. Осыған қарағанда оның XIX ғасырдағы ірі айтыс ақындарынан айтыспағаны, кездеспегені кемде-кем. Бірақ, бізге оның бәрі бірдей жеткен жоқ. Дегенмен, қолда барының өзі ақын айтыстарының негізгі сипаттарын танытарлық дәрежеде. Шөженің ел аузында сақталған Тезекбаймен, Нүркеймен, Жамшыбаймен, Қалдыбаймен, Таз баламен, Байдалымен, Байдалы қыздарымен, Орынбаймен, Данамен, Балтамен, Кемпірбаймен, Шортанбаймен, Баубекпен, Біржанмен, Айсамен, т. б. айтыстары оның бұл өнердегі артық-кем жақтарын толық білдіреді. Қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздік ортасында өмір сүрген, әлді қауымға тәуелді ақынның жалпы творчествосында, оның ішінде айтыстарында қайшылықты ойлар, пікірлер, түсініктер қат-қабат кездеседі. «Шөжемен қарсы айтысқан ақындардың және Шөженің өзінің де көп сөздерінде ру таласы, бәсекесі, рушылдық, феодалдық санның теріс мақтаны да кездесетін мысалдар бар, — деп жазады М. Әуезов осы ретте, — бірақ, сондай қоғамдық жағынан қайшылықтары болумен қатар, Шөженің үстем тап өкілдеріне қарсы айтқан қатты сын сөздері де көп болады. Халықтың жадында сақталатын, түрлі әкімдерді масқаралап шенейтін сөздері Шөженің атын әсіресе көпшілікке қадірлі еткен»¹².

Шөже айтыстарында бірде қолында билігі бар, әлді қауымды паналай отырып, оның «мырзалығы» мен «әділдігін» мадақтаса, енді бірде дәл сондай ел тізгінін қаталдықпен, байлығымен ұстаған адамдардың сараңдығы мен парақорлығын, әлсізге жасаған зорлығы мен қорлығын жұрт алдында әшкерелейді. Оның әлеуметтік ортасында, заманында мұнан өзгені күту қиын. Дегенмен, ол жеке басының қамын ойлап өнерді кейде лайықсыз адамдарды мақтау құралына айналдыру тәрізді қайшылығы болғанымен, тағы да сол сөз өнерін қоғамдық өмірдегі өзі танып-білген кесірлі, керітартпа жайларды жұрт көзінше өлтіре сынау, масқаралау құралы дәрежесіне дейін көтереді. Шөже творчествосының салмақты жағы да, біз үшін бағалысы да, айтысты шын мәніндегі биік өнер таласына жеткізудегі еңбегі де осында.

Оның бізге жеткен айтыстарының ішіндегі ең таңдаулысы Балтамен айтысы. Мұнда әлеуметтік теңсіздік, парақорлық, рушылдық мәселелері мейлінше өткір қойылып, батыл әшкереленеді. Сондықтан да болуы керек, өзге көп айтыстың ішінен Сәкен осы айтысты алып (1931 жылы) жариялады. Айтыстың тарихы мынадай: Қаракесек — Шанжар ішінде Алшынбайдың әкесі Тіленшіге ас беріледі, осы асқа үш жүздің байлары мен билері, әкімдері мен

¹² Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 340-б.

төрелері жиылады. Женгеніне бәйгі бермек боп Құнанбай ақындарды айтыстырады. Сонда асты ұйымдастырушылардың бірі Жолшора қазы Шөженің сөзін ұнатпай, «бір мақтайды, бір боқтайды, мынаны шығарып жіберу керек» дегенде Шөже:

Жолшора өзің қазы, әкең Анай,
Параны бұрып беріп, жедің талай.
Алдыңда жеті тамұқ, сегіз жұмақ,
Қайсысына кіруің екі талай.
Қазылықпен дүниеде жедің пара,
Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай,—

деп бастап, Алшынбай, Балтаны бірінен соң бірін көп алдында сойып салады.

Не жамандық көріп ең Құсбек,
Жамантайдан,
Әр қайда бар салуым бір құдайдан.
Жалғыз соқыр халқыңа тынышсыз болса,
Құтылсаңшы мына отырған
Құнанбайдан..,—

деп Құнанбайды бір сыпырып тастаса, Балтаға: «Сен соқырсың, дегенде, мен айтамын ұры Балта, ұрлық қылып тұқымың құрыр Балта», — дей келіп:

Ұры шіркін қорқама бір құдайдан,
Кісі өтпес пара жеуге Алшынбайдан.
Ұрлықпен тұқымыңды құртқан мұндар,
Күн көрдің Ақпанбай мен Наушабайдан,—

деп Балтаны Алшынбайға қосақтап әшкере етеді, «ұры мен паракордың тілеуі бір», — деп екеуінің арасынан арамзалық ұқсастық тауып, екеуін бір оқпен атады.

Құсбектің төрт атын параға алған,
Алшынбайың не айтар ақыретте,—

деп Алшынбайдың паракорлығын «о дүниедегі жауаппен» деп ықтыра, қорқыта сөйлейді. Дінге сенген, діндәр ақын үшін бұл да онай дәлел емес еді.

Шөже Құнанбай мен Алшынбайдың елден алдап та, арбап та, тартып та алу арқылы тіршілік ету характерін бейнелей, мысалдай айтқанда тіпті сүмірейтеді.

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр..,—

дейді. Бірақ, ақынның негізгі көркемдік тәсілі — нәрсені өзінің

атымен атау, ұрыны — ұры, паракорды — паракор, зорлықшыны — зорлықшы деу. Бұл тек Шөже творчествосының ерекшелігі емес, онымен тұстас, замандас көп ақынға, тұтас әдебиетімізге тән ерекшелік.

Тобықты Семей жақтың ел ортасы,
Бірғызбай Қазыбектің бір жолдасы.
Алшынбай жақындықпен
қолдағаннан,
Құнанбай үш жыл болды дуан басы.

Шөже паракорлықты не басқа қоғамдық залал құбылыстарды тікелей бірауыз сөзбен атын атап қана әшкерелегені болмаса, жазба әдебиетке тән сан алуан тәсілдерді көрген, білген жоқ. Мысалы, кейінгі дәуір әдебиетін алсақ, сол Алшынбай, Құнанбайдың паракорлық істері сан түрлі айла-әрекеттер, көптеген адамдармен қатынастары арқылы, бірнеше кітап бойына ашылғанын, ашылатынын білеміз. Шөже тәрізді ақындар мұндай көркемдік әдіс-тәсілдерден қашық жатты, бірақ олардың бір-бір ауыз сөзбен айтқан мірдің оғындай айыптаулары, әшкерелеулері сол кейінгі жолға келудегі батыл іздену, ұнамсыз бейне жасаудағы үлкен қадам еді. Қай әдебиет болмасын, жинақтаушы, типтік, автор ойынан туатын кесек бейнелерге көркем сөздің кемелденген шағында жетті, ал, оған дейінгі ізденулер тарихи, нақты адамдарды мақтау, не сынау, таныстыру, не жоқтау төңірегінде жүріп жатты. Сол ізденулердің бай тәжірибесі негізінде «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» тәрізді бүкіл қоғамдық шындықты жеке адамдардың бойына сіңірген ірі әлеуметтік туындылар туды.

Шөженің айтыстағы тәсілдері сан алуан. Айтыс өнерінің бүкіл сырын жете меңгерген жүйрік қай ақынға қай жағынан келуді күні бұрын ойлап, пішіп қояды, қарсыласының, не өз басының, не ру қауымының көп алдында абырой әпермес әлсіз жақтарын көкейіне құя, көкірегінде сақтай жүреді. Сөйтіп, табан аузында, жұрт көзінше бұлтартпас сөзбен жауырынын жерге бір-ақ тигізеді. Он жеті ірі ақынды ол осылайша женеді.

Шөженің айтыстағы шешендігін, өткірлігін, тапқырлығын жеке адамдарға арнаған толғау, өлеңдерінен де көреміз. Мақтауы мен сынауы аралас келетін бұл шығармалардың да көркемдік мәні мен шыншыл сипаттары көбінесе сынау жағында көрінеді.

Тегінде, Абайға дейінгі қазақ ақындарының, оның ішінде айтыс ақындарының творчествосына тән бір ерекшелік (мұның өзі біздің поэзиямыздың ұлттық табиғатынан туып, оның өзіндік сипатын да білдірсе керек) — қоғамдық болмысты, өмірді, шындықты көбіне-көп жеке адамдардың мінез-құлқы, әрекеті, өзгеге қатысы арқылы көру, суреттеу, бағалау тәсілі шешуші орын алғанын, мұның өзі басты көркемдік тәсіл болғанын атау қажет. Шөже

сияқты ірі ақын творчествосы осындай шындықты баса көрсетуімізге мүмкіндік береді.

Оның әсіресе, Ноғайбайға, Дәуекенге, қырғыз Бәйтікке арнаған өлеңдері ақынның жеке бір адамдарды мінез-құлқы, адамдығы тұрғысынан (мақтау не сынау жоспарында) суреттеу арқылы өмірді бейнелеу талабын ашық танытады. Басқаша айтсақ, жеке адам не оның жеке бір қасиеті ақын үшін өмірді, дүниені бейнелеудің бірден-бір кілті есепті. Ол өзінің адамдық, ақындық міндетін осы өреде түсінеді, поэзияны сол жолдағы құрал ретінде пайдаланады. Дәуекен бір түйе, сегіз жылқы сыйлағанда ренжіген Шөже былай дейді:

Ай қасында туады шолпан жұлдыз,
Айдын көлде түнде ойнар кәмшат құндыз.
Сыйлайды деп Арқадан келіп едім,
Іренжіп қайтар болды соқыр қырғыз.
Ай, Дәке, осы ма енді бергеніңіз,
Ақынды осы ма еді көргеніңіз.
Дәуекеннің бергенінен ұялғаннан
Бәрінен артық боп тұр өлгеніміз...

Ноғайбайға арнаған өлеңінде «Ноғайбай ақ болатсын тас кескендей, жанымай сілтегенде бас кескендей», «Ноғайбай артық тұған аруағың, тең құрбыңнан ілгері тіл мен жағың» деп оны жеркөкке сыйғызбай мақтап келіп, «отқа жуық, жалынға жақын дейді, Ноғайжан бұл мінезің енді таста», — деп тағы да сабырлыққа, төзімділікке шақырады, ақыл айту арқылы түзеуді көздейді. Шөже типтес ақындардың адамгершілік туралы түйіндері көбінесе осындай ғақлиялық тұрғыда көрінеді.

Ол Ноғайбайды жалаң мақтаумен тынбайды, оның ең басты қасиетін тап басып, дәл көрсету арқылы оңдырмай сынайды да, «Сені жемқор дейді ғой елдің бәрі, жегенмен бұл халықты тауысбайсың», — деу арқылы оның негізгі өмір салтын, жұртты қанау арқылы тіршілік ету характерін ашады. Сөйтіп, ақынның бүкіл мақтауы бір төбе де, жалғыз ауыз болса да, даттауы бір төбе. Аз болғанымен, салмақ осы жағында. Өйткені, бұл шындық сөз, бір Ноғайбай емес, ел билеп отырған әлденеше Ноғайбайлардың негізгі тұрмыс шындығы, қоғамдық, әлеуметтік бетін, орнын айқындайтын шындық.

Творчествосында, өміртанымында үлкенді-кішілі қайшылықтары орасан мол Шөже үстем тап өкілдерін сынау арқылы түзетуге, сараңдығын айту арқылы мырзалықты үйретуге, қаталдығын жазғыру арқылы адамгершілікке, әділдікке, ізгілікке тәрбиелемек болады. Бұнысын аса оңды тәсіл дей алмаймыз. Өйткені бай-манаптар үгіттегенге көнген бе?.. Ақын осындай қате-кемшіліктеріне қарамастан ұнамсыз қылықтар мен бейнелерді тек үстем тап өкілде-

рінен көреді, қоғамдағы бар залалды соларға байланысты таниды, жауыздық пен озбырлықтың негізгі көзі деп біледі, қайта әншейінде безеп, дайындап жүрген уытты сөздерін үстемелей, үдете қолданады. Мұны ақын творчествосының ең бір ұнамды да шыншыл ерекшелігі ретінде баса айтуға тиіспіз.

Осы ретте Шөженің әркез оралып, мен-мендігі мен паракорлығын әрдайым аша түскен тұрақты кейіпкері — Алшынбай. Алшынбай ауылына шекаралық комиссияның адамдары келіп тексеру жүргізіп жатқан кезде (Марғұланның айтуынша бұл 1849 жыл.) Шөже Алшынбайдың «Соқырды үйге кіргізбей, әкет», — деген сөзіне ренжіп:

Тіленшінің баласы Алшынбай таз,
Мал мен бағың болмаса, ақылың аз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсін,
Қасиетің бар болса басыңды жаз,—

дейді (Марғұланды бұл шумақ өзгешелеу)

Шөже тек Алшынбай, Құнанбай ғана емес, өзге билеушілердің де өзі білген міндерін бетіне басудан тайынбаған. Солардың бірі — Шорманның Мұсасы. Секербай қазы Өленді өзенінің жағасындағы қорықты жайлап отырғанда Шөже келіп, оны мақтай отырып:

Арғы атаң Төлебайға қыдыр жолдас,
Бітіпті Едігеге мал менен бас.
Мұсаға айтқанменен не береді,
Асықтың Қаржауынан келген Қаржас,—

депті. Сонда Секербай осыны ертең Мұсаның үйіне барғанда, көзінше айта алмайсың ғой дегенде, Шөже: «Енші алла, осы сөзімді айтамын-ақ, алдымда екі Мұса тұрса-дағы», — депті. Шынында да ертеңіне Мұсаның үйіне барғанда, өзінің оған арнаған атақты өлеңін айтыпты. Сын мен шындыққа толы осы өлеңде Мұсаны мақтаудан гөрі, жазғыру, кінәлау, кесірлі мінездерін тізбелей айту басым.

Мен келдім сәлем бере Мұса мырза,
Көргенде ақ жүзінді көңілім риза.
Шөже келсе басыңды көтермейсің,
Біз келген кісі жейтін қасқырмыз ба?
...Өзің патша болсаң да, Мұса мырза,
Шынын айтсам, атыңа көңілім толмас,—

дейді Шөже. Ақын тек Мұса емес, оның әкесіндей Шоңның өзінен тілін тартпаған. Бірде Токаның байлары: Шоң, Әлсен, Асқар үстеріне келе қалған Шөжені келемеждеп, үшеуімізге жамандап үш ауыздан тоғыз ауыз өлең шығаршы, ол үшін біз сені жазғыр-

май, сыйлап қайтарайық, — депті дейді. Әлсен мен-мен, мансап-кор, Асқар семіздіктен бойын көтере алмастай жуан, ал Шоң патшашыл ұлық екен. Осыны білген Шөже «Өлең удан уытты, оттан ыстық болушы еді, үшеуінді тоғыз ауыз өлең етсем, бүкіл Тоқа күйіп кетер, бір-ақ аузын айтайын», — депті де:

Содырлы Әлсенді мылтықпен атар ма еді,
Асқарды шошқадай сойып сатар ма еді.
Арбаға шоқынды Шонды байлап
тастап,
Қойнына Айымның Шөже жатар ма еді,—

дегенде, Шоң сасқанынан: «апырмай, мына соқыр біздің Айым-гүлдің сұлу екенін қалай көріп қойған», — деп жағасын ұстапты,— дейді.

Шөженің тапқырлығы, өткірлігі, суырып салмалығы әр жайда, әркімдерге байланысты көрінеді. Біреуді сынауға, мінеп айтуға келгенде ол ешкімнен де именбеген. Аға сұлтан Ыбырай Шөжеге: «Құдай беріп тұрғанда әркім мақтайды, менің мінімді айтшы», — депті. Сонда ақын:

Қошқарбайдың құлы едің қайқы төстек,
Қолағаштай мұрының мұндар естек,—

дегенде Ыбырай шыдай алмай жөтеліп жіберіпті. Әрі қарай ақын:

Құл болсаң да құдайға жаққан құлсың,
Бас-басына айдадың мың-мың мәстек,—

дегенде Ыбырай: «мақтағаныңа бір ат, жамандағаныңа бір ат», — депті.

Шөже Шандыбас сияқты не бір тас сараң байларды, Ерден тәрізді тәккәббар, менменшіл ірі феодалдарды жібітіп, «мырза» дәрежесіне жеткізгенде олардың адамгершілігіне қозғау салмайды, сөзбен таптап жеңеді, ел ішінде, жұрт алдында масқаралаумен қорқытады. Сондықтан да олар Шөжеден «аман» құтылудың жолын іздейді, сұрағанын береді, бірақ ақын сөзін құрметтер, елге жаяр елгезек жандар оны іліп әкетіп, көпке таратады, сақтайды.

Шөже тек қазақтың байлары мен билері, не бектерінің ғана емес, патша чиновниктерінің де озбырлық істерін аракідік көре және сынап білген, ең болмағанда оларға өзіндік ренішін білдіріп отырған.

Жандарал ақырады «пошел — кет» деп,
Сөзіңді болысыңа тапсырғам деп.
Білмеген заң-закүнді қазақ сорлы,
Қақпадан шыға алмайды төңіректен,—

дейді ақын қазақтардың дау-жанжалын қараған әкімшіл чиновниктер туралы. Болыспен өзара ауыз жаласқан әкімнің жалтарма, жылтыр сөзі мен қылығын ақын ұрымтал да ұтымды көре де, көрсете де біледі.

Ол айтыс ақыны болып үнемі жеке бір рулардың атынан сөйлемейді, сондай-ақ белгілі бір руларға да үнемі қарсылық көрсете бермейді. Шөженің тұсында, онымен замандас біраз ақындардың жеке ру сойылын соғудан ұзай алмағанын білеміз. Рас, Шөжеде де сөз ыңғайы келгенде кей руды сынап өту жоқ емес. Күшік аталатын елге кез болып, қонақасыз аттанғанда:

Бұдан бұрын бірнеше кеткем түсіп,
Көңілдегі сөзді айтпай ішім пысып.
Сонда үйшікте шәуілдеп жатушы еді,
Көтермейтін бауырын неткен күшік,—

депті ол. Бірақ, мұндай жеке сөздер Шөже творчествосының негізгі сипатын білдірмейді. Керісінше, ақын бірнеше қауым елдің татулығын, бірлігін көп жырлады.

Шөжеге барлық қазақ бірдей еді,
Шалқыған ортасында күндей еді.
Қарауыл, Шабар—Шаншар екі құтым,
Сақтаулы әбдірамда сүрдей еді,—

дегенде, Шөже тек жеке рулар ғана емес, қатар, көршілес отырған ұлттардың да достықта, татулықта болуын тілейді, бір-бірін дұрыс түсіне білуіне жәрдемдеседі.

Қапым бар деп келдің ғой Орынбайым,
Қашан болсын айтарлық сөзім дайын.
Қырғыз, қазақ, өзбекте алалық жоқ,
Бәрін бірдей жаратқан бір құдайым.

Шөженің елді аузына қаратқан ірі айтыскер екендігін, шындықты бетке айтуға келгенде ешкімнен де именбегенін, бұл жолда қандай пәлеге ұшыраса да көнгенін, көтергенін (Алшынбайды таз дегенде, ақынды сабатқаны тәрізді т. т.) бүгінде біз оның ел аузында сақталған сөздері арқылы білсек, кезінде көптеген үлкен ақындар өз көздерімен көріп, жоғары бағалаған. Ақын қауымы өзінің әріптесін артық бағалауға сараң болса да, Кеншімбай, Орынбай сияқты аты әйгілі жүйріктер Шөжені өздерінен артық санаған. Кемпірбайдың сөзін жоғарыда келтірдік. Орынбайдың бәйбішесі Бибатша, балалары Омар, Оспан арқылы жеткен сөздерге қарағанда, Орынбай Шөжені үнемі алға ұстай, құрметтей сөйлейді екен. «Ақындыққа одан асқан шебер, шешен көрмедім»,— деп өзінің әр кез одан жеңілген жерлерін айтып отыратын көрінеді.

Өз сөзінің өткірлігі мен нәрлілігін, көбіне-көп шыншылдығын ақынның өзі де творчествосының ерекше белгісі ретінде атайды.

Өлеңімді үш жүзге тындатқанмын,
Жағынбаймын, қашан да шынды
айтқанмын.
Ылтипатқа алмаған талайларды,
Жездей қақтап өлеңмен шындатқанмын,—

деген ол өз ақындығының негізгі бағасы мен бағытын орынды көрсетеді. Тағы бірде осы ойын жалғастырып:

Өлең айтсам кетемін желдей есіп,
Ерегісте кетеді жыным түсіп.
Шолақ намыс, шырт мінез, сырт етпені,
Шөкең сөзбен сүйретер мұрнын тесіп,—

деп айқындай, нақтылай түседі. Адам мінезіндегі кемшіліктерді айту арқылы қоғамдық өмір қайшылықтарын түзеуге, жөндеуге тырысу көп ақынға ортақ мақсат, міндет деп танысақ, осы негізгі мақсатына Шөже де әркез адал болуды көздегенін, өзінің ақындық өнерін негізінен осы жолға арнағанын әр өлеңінде байқатып отырады.

Шөже ақын қоғамдық, әлеуметтік өмір қайшылықтарын жете түсінбесе де, олардың себеп-салдарын танып-білуге мүмкіндігі болмаса да, дүниетанымында көптеген қайшылықтар бола тұрса да, өзі әділ деп, шындық деп, адалдық, адамдық деп таныған жайларға творчествосының төрінен орын беріп, оларды асқақ жыр етті. Сөйтіп, ол поэзиямызда өз түсінігіндегі адамгершілік идеяларын көтеріп, шын жайларды, шындықты батыл көрсету арқылы оның реалистік мазмұнын молайта түсуге едәуір үлес қосты. Әншейінде көп жұрт көріп тұрса да, айта алмайтын кесапат көріністерді жыр семсерімен әшкерелеу арқылы шыншылдық сипатын арттырумен қатар, қоғамдық құрал дәрежесіне айналуына өзіндік қолқабысын тигізді. Бұл бір ақын үшін аз қызмет емес.

«Мен соқыр қызыл тілден өрім өрген» деген Шөже сөзінде өзін асыра мақтау көрінбейді. Ол өзіне дейінгі поэзияның озық дәстүрлерін шебер меңгерген ақын. Сондықтан суырып салма өнерінің майталманы қандай қиын жағдайда да, өзінің тағдыры мен абыройы таразыға түскен жайда да қысылып, қымтырылмай, ұрымтал сөз, ұтқыр ой жүйесін табу арқылы айтысқанын жеңеді, өлең арнағанын ондырмай мұқатады, кімді болса да аяғына жығады. Бұл оның ақын деген атына емес, ақындық құдыретіне жығылу мен табыну, одан қатты қаймығу еді. Шөже табиғат берген дарынымен өлеңді осындай құрмет дәрежесіне жеткізеді.

Ол аз сөзбен алғыр ой айтуға шебер. Бұл ой көбіне не сынау,

не мадақтау түрінде көрінеді. Әсіресе ақынның сынға арналған шумақтары зілді, өткір келеді. Шағын сөзбен әдемі көрініс («Айдын көлде түнде ойнар кәмшат, құндыз»), сұлу портрет («Алғаның айдай жүз, алтын қабақ, сүйгенің түн болғанда ақша тамақ»), ұтымды қимыл-әрекет жасау да Шөже творчествосына тән жайлар. Ақын көбіне 11 буынды өлеңді пайдаланады. Мұның айтыста көп ұтымды жағы болуы мүмкін. Әрбір шумақ арасындағы пауза ақынның ой түйіне мүмкіндік береді, қайым өлеңдегі сияқты бастапқы 2 дайын жолды пайдалануына болады т. т. Бірақ, 7—8 буынды жыр ұйқасты өлең де оған жат емес.

Көрмеген бағың қалмады,
Жайдың атқан тасындай.
Ерегескен дұспанның,
Еңсесін үздің жасылдай.

Келбеті келген сұңқарсын,
Болатты кескен асылдай.
Арқадан келген Шөженің,
Айтар сөзі осындай..—

деп келетін жыр жолдары ақынның бұл ұйқасты да еркін меңгергендігінің куәсі есепті.

Шөже көрнекті ақын ғана емес, үлкен әнші де болған. Оның біздің дәуірімізге жеткен аздаған әндері осы өнерін дәлелдей түседі. А. В. Затаевич 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың 500 әні мен күйі» кітабында Шөженің 4 әнін жариялады. Мұны Мұқатай Ержанов, Қаныш Сәтбаев, Хасен Табиннің айтуы бойынша жазып алып нотаға түсірген. Мамандардың айтуынша, Шөженің әндері әрі толық жиналып болмаса керек.

Қорыта айтқанда, Шөже Қаржаубайұлы — XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі. Ол Абайға дейінгі поэзияның қоғамдық өмірге батыл араласып, шыншылдық мазмұнының молая түсуіне едәуір еңбек сіңірді. Ақынның барша озықкем ерекшеліктері сол поэзияның жеткен биігімен қоса, осал, балаң жақтарын өз бойынан толық танытады. Шөже творчествосы алдағы уақытта жеке зерттеуге тұрарлық үлкен де күрделі мұра. Оның бағалылығы, оны зерттеп білудің қажеттігі соншалық — М. Әуезов ол туралы былай деп жазады: «Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен Абай жалғыз ғана Марабай мен Шөжені ғана» «нағыз ақын» дейді екен¹³.

1985.

¹³ Әуезов М. Аталған еңбегі. 63-б.

АҚМОЛЛА МҰХАММЕДҲЯРҰЛЫ

«Правда» газеті 1981 жылдың 13 декабріндегі «Ақмолла деп атады...» деген мақаласында (авторы М. Шакиров) «Ақмолла— езілгендерді ояту идеясының жалынды күрескері, жарлы атаулының досы, қорғаушысы, надандық пен зұлымдықтың қас жауы, бүкіл өмірін халықтар арасындағы достықтың нығая түсуіне жұмсады», — деп жазды. Сол тұста Ақмолланың туғанына жүз елу жыл толу мерекесі қазақ, татар, башқұрт халықтарының әдебиет, мәдениет тарихындағы ірі оқиға ретінде кеңінен атап өтілді, мерекелік конференция материалдары кейін жеке кітап боп жарияланды¹. «Правда» мен қатар «Известия», «Литературная газетада», басқа да газет, журналдарда, республикалық баспасөз беттерінде Ақмолланың творчестволық өмір жолына арналған көптеген мақалалар жарық көрді, ақын шығармаларының жаңа басылымдары басылып шықты², ақындық мұрасы жайындағы тың зерттеулер пайда болды³.

Ақмолла — түркі тілдес халықтардың ХІХ ғасыр поэзиясындағы сирек құбылыс. Ол өлеңдерін қазақ, башқұрт, татар тілдерінде шығарған, осы үш тілді бірдей жетік білген. Ақмолланың Ш. Мәржани қазасына арналған ұзақ өлеңі алғаш автордың көзі тірісінде, 1892 жылы «Дамелла Шипабетдин хәзрәтнен мәрсиясе» деген атпен Қазанда жарияланды, 1904 жылы осында ақын өлеңдерінің шағын жинағы жарық көрді, 1907 жылғы жинақта негізінен алдыңғы екі кітапшада қамтылған шығармалар қайтадан басылып шықты. Ақын мұрасын жинау, зерттеу ісі ХХ ғасырдың 10 жылдарынан бермен қарай қолға алына бастады. Ж. Бәлидидің 1912 жылы жарық көрген «Татар әдебиетінің барысы» кітабында оның творчествосына татар әдебиетінің тарихынан жоғары орын берілді. Татар тарихшысы, Р. Фахрединовтің «Әбер» атты қолжазба шежіресінің 3—4 томдарында Ақмолла туралы естеліктер, ақынның ел аузынан жиналған шығармалары, өзге де деректер қамтылып, кейінгі жылдарда жарияланды («Қазан ұтлары», 1966. № 7). Қазақ арасында Ақмолланың шәкірті Досмаил Қашқынбаев 1913 жылдан бастап оның өмірі мен творчествосына қатысты біраз деректер жинап қалдырды (олар Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы, РМ 429). Қашқынбаев

¹ Поэт — просветитель Акмулла. Казань. 1983.

² Акмулла. Шигырьлер. Төзуче, текстларны гыйльми эзэрлэучи, кереш мәкале эм искирмэлэрнэ язучы Миркасыйм Госманов. Казан, 1981; Акмулла. Шигырдар. Тодоусе е, аңлатмалар эм баш үз авторы Эхэт Вилданов. Өфә, 1981.

³ Вилданов Э. Акмулла — яктылык йырсышы. Өфә, 1981; Рашит Шакур. Звезда поэзии // Муфтахетдин Акмулла. Жизнь, творчество, мировоззрение. Уфа, 1981.

материалдары ақынның өмір жолын танудағы ең арғы және шындыққа ең жақын дүние болып табылады.

Советтік жылдарда (20 жылдардан бастап) Ақмолла татар, башқұрт, қазақ әдебиеттерінің тарихында әр кез аталып (бірде аз, бірде көп дегендей) келеді. Ақын творчествосын кейде құлдырата төмендете бағалау фактілерімен қатар, кейде асыра мадақтау жайлары да болмай қалған жоқ. Оның творчествосын жинау, жариялау, бағалауда Татар АССР-ында: Ж. Валиди, Х. Гали, М. Гали, М. Файнуллин, М. Госманов т. б.; Башқұрт АССР-ында: С. Құдаш, Ә. Харисов, Ә. Вилданов, Рашит Шакур, Ғ. Хусаинов т. б.; Қазақстанда, әсіресе, С. Сейфуллин көп еңбек сіңірді, Б. Кенжебаев, Б. Ысқақовтың, У. Қалижановтың т. б. мақалалары оқушы қауымға жақсы таныс.

С. Сейфуллиннің советтік дәуірде Ақмолланы тану мен бағалауда, шығармаларын халыққа жеткізуде еткен еңбегі бөле-жара атауға тұрарлық. Ақынның бірнеше әдебиетке ортақ құбылыс екенін алғаш дұрыс та жоғары бағалап, оның қазақ әдебиетінен де өзіне лайық орын алуға тиістілігін алдымен орынды таныған Сәкен Сейфуллин. Ол башқұрт ағайындар: Уәли Хангельдин, Ысмағұл Омаровтың көмегімен 1935 жылы Алматыда Ақмолланың «Өлең жинағын» қазақ тілінде шығарды. Бұл ақын шығармаларының советтік заманымызда тұңғыш рет жарық көруі еді. Осы игілікті істі қазақ совет әдебиеті классиктерінің бірі Сәкен Сейфуллиннің жүзеге асыруы — оның жаңа дәуірде әдебиеттер достығы мен халықтар достығының жалынды жаршысы болғандығын таныта түседі.

Ақмолланың өмір жолына келсек, бұл өредегі деректердің әр түрлілігін көреміз. Ақынның өлген мезгілі туралы (1895 ж.) талас болмаса да, туған кезі туралы түрліше мағлұматтар бар. С. Сейфуллин аталған кітапта Д. Қашқынбаевтың материалдарына сүйеніп, Ақмолла 1839 жылы туған дейді, қазақ ғалымдарының біразында осы мезгіл кейінгі кезге дейін көрсетіліп келді. Алайда, татар, башқұрт ғалымдарының бұрынғы, соңғы тапқан деректері бұл мезгілдің 1831 жылдың декабрь айы екенін дәлелдеді. Қазір осыған ақын творчествосын зерттеушілердің баршасы тоқтады.

Талас туғызып жүрген бір мәселе — ақынның ата-тегі төңірегінде. Сәкен Сейфуллин осыған орай былай деп жазады: «Бұл кісінің әкесі — қазақ, шешесі — татар, аты — Муфтахетдин. «Ақмолла» деп қазақтар атап кеткен. Ақмолланың әкесі Мұхаммедьяр Сырдария өзенінің бойындағы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) аймағының қазағы. Мұхаммедьяр жас күнінде Нығметолла қазірет деген молдамен Башқұртстанның Істерлібаш деген қаласына еріп кеткен. Сол қазіреттің қолындағы асыранды қызын Мұхаммедьяр алып, содан Ақмолла туады. Ақмолланың әкесі өліп, анасын

Қамалетдин деген бір татар алады. Ұзамай анасы да өледі. Сөйтіп, ақын өгей ата, өгей ананың қолында жастайынан жетім қалады»⁴. Осындағы сөздердің ешқандай күмән туғызбайтынына бірнеше дәлел келтіруге болады. Біріншіден, басқа емес, Ақмолланың өзі әкесінен ерте айрылып, шешесінің өзге адамға тұрмысқа шыққанын, кейін одан да (шешесінен де) айрылғанын мәлімдейді.

Ақмолла алты жаста жетім қалған,
Әкесі өліп, шешесін естек алған...
Өгей ана қолында жетім қалдым,
Онан да бекірек кетіп қалдым,—

дейді ол балалық өмірі және жас шағында көрген жетімдік қиындығы жайында. Екіншіден, ақынның өмірін оның өз аузынан естіген шәкірті Досмаил Қашқынбаев «Муфтахетдин Ақмолла Мұхаммедьярұлы» деп жазады. Үшінші дерек — соңғы кезде татар ғалымдары тапқан ақын қабірінің басына қойылған құлпытастағы жазу. Мұнда оның неден, қашан өлгені көрсетіле келіп, аты-жөнінен кейін «Нәсіл бойынша атасы Мұхаммедьяр, тәрбие бойынша атасы молла Қамалетдин»⁵, — делінген.

Осы фактілердің әрқайсысының дәлелділігі, сенімділігі соншалықты, тіпті үшеуіне емес, біреуіне ғана сеніп, тоқтауға болады. Әйтсе де, біраз зерттеушілер сол деректерді бұрмалап, Ақмолланы тумысынан башқұрт жасауға әрекеттеніп жүр. Мысалы, Рашид Шакур өзінің «Поэзия жұлдызы» кітабында жоғарыда біз атаған деректердің бір де біреуін көзге ілмей, 1928 жылы, яғни Ақмолла өлгеннен 33 жыл кейін, оның өмірі туралы материал жинаған Фатих Қаримнің ел аузынан теріп жазғандарына сүйеніп, Ақмолланың әкесі Қамалетдин молда, шешесі — Бибігүльсүм Салимьян қызы дейді. Шешесі туралы талас жоқ. Әңгіме әкесі туралы. Автор Мұхаммедьярды тіпті де ауызға алмайды, оның есесіне Қамалетдинді әкесі деп көрсетеді. Сондағы сүйенер дәлелі Ақмолланың жерлесі Шайхетдин Дінмұхаммедиев Фатих Қаримге ақынның туу туралы куәлігін көрсеткен дейді⁶. Біріншіден, 1830 жылдары Башкирияның алыстағы шағын селосында жаңа туған нәрестеге туу туралы куәлік бере қою дәстүрі бола қойды ма екен? Екіншіден, ол болды-ақ делік. Бірақ, оның Ақмолланың өз қолында емес, басқаның қолында жүруі қалай? Үшіншіден, ақын арбасы толған тентең қолжазбаның бір парағы да сақталмай, біздің кезімізге жетпегенде, жалғыз туу туралы куәліктің кейінгі кезге «жеткені» сенімді ме? Әрине, жоқ. Мұның қай-қайсысы да Ақмолланың өз

⁴ Ақмолла. Өлең жинағы. Шығарушы С. Сейфуллин. Алматы, 1935. 3-б.

⁵ Ақмолла. Алғысөз // Шигырьлер. Казан, 1981. 14-б.

⁶ Рашид Шакур. Звезда поэзии... Уфа, 1981. С. 19.

сөзі мен тастағы жазбаны теріске шығара алмайды. Тастағы жазуды Зейнулла ишан деген дін өкілі жазды деп елемеуге тырысу немесе Ақмолланың мұрагер інісінің аты-жөні Ахмеди Камалетдинов болып еді деу де⁷ (кейінгі әкеден туған, шешесі бір інісі өз әкесінің атына жазылмай, баяғы да өліп қалған Ақмолланың әкесіне жазылмақ емес қой) ақын әкесінің Мұхаммедьяр болғанын теріске шығара алмайды. Соған қарамастан осындай қисынсыз «жаңалық» баспасөз, кітап беттерінен орын алып, оқушыға тарап жүр⁸.

Әрине, әңгіме көркем сөз иесі туралы, оның кейінгіге қалдырған әдеби мұрасы туралы болғанда әкесінің кім екені, шешесінің кім болғаны айтарлықтай маңызды, шешуші мәселе емес. Өйткені бұлардың творчестволық жайларға тікелей қатысы жоқ, не шамалы. Әйтсе де әрбір ірілі-ұсақты шындық қашанда өз атымен аталуға тиіс. Бұл зерттелуші адамның өнеріне де, өміріне де бірдей қойылар талап. Әсіресе, көнеде қалыптасқан ұғымдарды, танымдарды кейінгі бір жасанды да нанымсыз дәлелдермен жоққа шығармақ болу онша жақсы нәтижеге жеткізе бермейді. Ақынды жеке бір әдебиетке теліп, тұмшалаудан гөрі, оның әр әдебиетіне қосқан үлесін аша, айқындай түссек, сол дұрыс болмақ.

Сонымен Ақмолла Уфа губерниясы, Бөлебай уезі, Күлелмен болысының Токсанбай аулында дүниеге келеді. Алдымен әкеден, кейін шешеден жетім қалған Муфтахетдин өмір қиындығын жастайынан көре өседі, өгей әке-шешенің қамқорлығы жетіспейді. Туған ұяда жетімдік пен жалғыздықты ерте сезінген жас өспірім бала өнер-білімге күштарлығы мен зеректігін ерте танытады. Алдымен ауылдық мектептерде ескіше сауатын ашқан ол кейін Істерлібаш медресесінде оқиды. Бұл кезде Ақмолла 24—25-ке келеді, сол тұстағы жастардың көбіне тән әдетпен Бұхараға барып оқуды арман етеді. Осы арман жетегімен көп кешікпей Орынборға келеді. Троицкіде Шарафетдин қазіреттің медресесінде оқиды, осында баска да ескіше көп оқыған адамдармен, олардың шәкірттерімен танысады.

Медреседегі оқуын тамамдағаннан кейін қазақ ішіне біржолата кетіп, пар ат, жәшікті арбасымен жыл он екі ай бойы ел аралауды өзінің өмір бойғы тіршілік салтына айналдырады, кейде байлардың қолдарында тұрып бала оқытады. «Ақмолла, — деп жазады Сәкен, — жасынан ғылым-білімге құмар болған. Ғылым мәселелерімен таныс адамдармен сөйлесуден жалықпаған. Ылғи кітап қараудан, мәселе зерттеуден жалықпаған. Ғалыммын деп, молда-

⁷ Сонда. 44—45-б.

⁸ Сонда. 33—68-б.; *Ақмолла. Шиғырдар*. Өфе, 1981. 207—211-б.; *Вилданов Ә. Ақмолла — яқтылық йырсышы*. Өфе, 1981. 42—51-б.

мын деп басқа өнерден бой тартпаған. Балта ұстап, ағаш ісін жақсы білген, арба істейтін болған. Молда болып жүргенде өз қолымен істеген арбасына мініп жүрген. Арбаның күймесін үш бөлімді ғып жасап, бір бөліміне балта, шалғы, бұрғы, балға сияқты аспаптарын салып, екінші бөліміне кітаптарын салып, үшінші бөлмесіне өзі отырып жүрген»⁹.

Сөйтіп, Ақмолла Көкшетау, Ақмола, Қостанай, Сырдария уездерінің бірде қадірлі қонағы, бірде бала оқытатын молдасы болып, жылдап ел аралайды. Осы тұста ол қазақтың өмірі мен тұрмысын ғана біліп қоймайды, поэзиялық қазынасынан сусындайды, ел арасында өзі білген ғылым-білімін таратумен қатар, ақындық туындыларын да жая жүреді, адалдық пен әділдік үшін, әлсіздердің мүддесі мен намысы үшін күреседі. Сөйтіп, поэзиялық талантын адамдық пен ақиқат жолына арнайды, қазақ қауымы оны «Ақмолла» деп атайды. Осы атымен ол тек қазақ әдебиетінің тарихында ғана емес, татар, башқұрт халықтарының әдебиет, мәдениет тарихында да қалады.

Ақмолланың қазақ арасында қаумалаған, әркез жолы түсіп, келуін сағына күткен көп досы, жанашыр жақындары болумен бірге, дұшпаны да аз болмайды. Сондай дұшпандардың бірі — Троицкіден жүз шақырымдай жердегі Қарабалақ, Қарасор деген жердің ірі байы Есенгелді оның соңына түсіп, өшігіп, ақырында оған «патша үкіметіне қарсы, солдаттан қашқан ноғай» деп жала жауып тұтқынға алдырады. Бұл өшігудің басы мынадан басталады: бір әйелдің жаназасында Есенгелді жұрт көзінше таяғымен Ақмолланы көрсетіп, «мына молланы қараңыздар... қазақта бір мақал бар еді, «өленді жерде өгіз семіреді, өлікті жерде молла семіреді» деген, сондай-ақ, молланың семіргенін қараңыздар», — дейді. Сонда бұл жұлып алғандай: «рас айтасыз бай, өленді жерде өгіз семіреді, өлікті жерде молла семіреді, молласыз жерде сіздей надандардың басын ит кеміреді», — дейді. Жұрт ақынның тапқырлығына риза болып, күліседі»¹⁰.

Ақмолла Троицкі түрмесінде төрт жылдай жатып, 1871 жылдың көктемінде Ахтембек Бакиров деген адамның кепілдігімен босанып шығады. Қалған екі жылғы «арестант ротасынан» босану үшін күзде қуынып, Петербургке барады, сондағы Ғалиолла Жәңгіровтың көмегімен үкімнен біржолата босанады. Орынборға қайта келген кезде генерал-губернатор Крыжановский оны мұсылман мектебіне мұғалімдікке қалдырмақ болады, бірақ Ақмолла келісімін бермей, өзінің үйренген жері — қазақ арасына кетеді. Қазақ ішінде ескі достарын аралап, кейбіреуінің медресесінде бірер жыл

⁹ Ақмолла. Өлең жинағы. Алматы, 1935. 4-б.

¹⁰ Сонда. 4—5-б.

ұстаздық қызметін атқарып жүрген ол 1895 жылдың ноябрінде өзінің туған жері Тоқсанбай аулына келе жатқанда Миас қаласының жанында қаза табады. Оны артынан аңдып келген Ғафия-толла Баймұратов пен Дәулетше Недіршахов деген ұрылар белгісіз себептермен өлтіріп, аты мен арбасын алып кетеді. Ақынның сүйегі сол Миас қаласының маңында жерленеді.

Ақмолладан қалған әдеби мұра онша көп емес. Бірақ, сөз көркемдік дүниесі туралы болғанда, оның мән-маңызы жалаң көлемімен өлшенбейтіні мәлім.

«Аз ғана дәрісім бар қыс уақытта, кітап қарау әдетіміз бос уақытта»¹¹, — деп ақынның өзі айтқандай, саналы өмірін қазақ арасында оқу, ұстаздық ету, білім алу жолында өздігінен іздену, ел аралаумен өткізген Ақмолла творчествосының негізгі объектісі — қазақ арасындағы қоғамдық қатынастар т. т. Ол соларды өзінің ақындық ой елегінен өткізе отырып жыр етеді, өмірден өзі көріп-білген әр түрлі құбылыстарға өзіндік қатынасын білдіреді, бағасын береді. Бұл ретте ол өзімен замандас көп ақындарға ұқсас, өмір құбылыстары мен адамдарды тікелей жақсы, жаман категориясымен көреді, таниды, өлшейді, бағалайды. Ақын көңіліне түйгенін іркіп қалмайды, жүрек сезімінің сырын жыр жолдарымен сыртқа шығарады, сол арқылы тындаушысына жалпы өмір туралы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, нағандық пен өнер-білім т. б. туралы өзінің түйгендерін ақындық құралымен баяндайды. Сөйтіп, поэзияға өз талантының дәрежесінде қоғамдық міндет, жүк артады. «Әсері асыл сөздің балдай татыр» — деген ол ұтымды да көркем айтылған поэзиялық сөздің қадір-қасиетін жоғары бағалаумен қатар, оның атқармақ қоғамдық ролін де лайықты түсініп, оған үмітпен қарайды.

Өмір құбылыстарын тану мен байқауда, бағалау мен бейнелеуде ауыз әдебиеті дәстүрлерінен үйренген өзге әріптестері тәрізді Ақмолла да күрделі жинақтаушы көркем қорытындылар, түйіндер, типтік характерлер жасау тәсіліне бара алған жоқ. Өмірден өзі көрген жақсы, жаман мінез-құлықтарды, әрекеттерді сол қалпында аз сөзбен әсерлі айтуға тырысты, ақыл-нақыл түрінде, неден қашу, неден үйрену формасында, жақсы, жаман қасиеттерді, дау туғызбайтын құбылыстарды салыстыру арқылы бейнелеу тәсілін қолданды. Мұның қайсысы да, әрине, поэзиямызда ұзақ уақыттар орын тепкен, сыналған, үйреншікті көркемдік жолдар, әдіс-тәсілдер болатын. Ақмолланың ақындық таланты осы көркемдік мектебінің әсер-ықпалы негізінде туып, қалыптасып, өріс алды, өзіндік өнер белгісін, ескерткішін қалдыру дәрежесіне дейін жетті.

¹¹ Ақмолла. Өлең жинағы. Алматы, 1935. 41-б. Алда әрбір үзіндіден кейін осы жинақтың тек бетін көрсетіп отырамыз.

Ақынның қазақ тілінде жазған өлеңдерінен ең алдымен өз тұлғасын көреміз. Оның шығармалары өз өмірінің поэзия тілімен жазылған шежіресі дерлік. Басқаша айтсақ, ақын өлеңдерінен оның қызығы мен рақатынан гөрі, қуғыны мен жәбір-жапасы көп, аянышты, сыбай-сылтаң өмірінің айқын іздерін танимыз. Сондықтан да оның көптеген туындыларында қайғы мен қасірет күйлері молырақ естіледі. Өзі адамға да, құдайға да ақпын, адалмын деп түсінген, шамасы келгенінше халыққа пайдамды тигізем деген ақын: «Тура айтып халыққа жазған хақ молла», «Дұшпанның жаласынан пәк молла», «Ақ жаны нақақ бейшара» жан болып көрінеді, «Кемшілігім белгілі қаламымнан, жөнсіздігім белгілі кәләмімнен» деп турашылдығы мен әділеттігінен жапа шегіп жүргеніне қайғырып, қапа болады.

Бар ма екен бұл дүниеде мендей жаман,
Ешбір ісім бармады алға таман.
Мұң болып қырық бестен басым өтті,
Бір ісім түзелген жоқ әлі әмен.

Ақын «жамандығын» туысынан емес, өмір сүрген ортасынан, өмірдегі әділетсіз, қара күштің зорлығынан көреді, «Жазылды қайғы менен айып етпеніз, қасқырлар жүрегімді жаралаған», — дейді. Әйтпесе, ол «Арықты аса басқан арғымақ ем», — деп, ал, ілім-білімге келгенде көптің алдында жүргенін («Ғылымдық майданында қатар келген, төртінші, бесіншіге талас едік») мәлімдейді. Сол үшін қуғын мен сергелденге түскенін айтады. Сөйтсе де ақын досы мен дұшпанының кім екенін саралай танып, әділдіктен аяғын алшақ баспайды. Өзін түрмеге жаламен жапқан Есенгелдіге жазған ызалы хатында тұтас елге назаланбайды («Бар шығар жақсыңыз да араңызда»), тек Есенгелді сияқты ақты қараға шығара алатын күштілерге нәлет айтады, қарғысын аямайды. «Көп еді мені дұшпан табалаған, шығарған түрлі өсек жала-жаман» дегенде тек Есенгелдіні, Бәтеш сияқты билеушілерді меңзейді, тағдырың солардың ыңғайында тұрғанда «Жоқ айып бар болады жаза келсе», «Дұшпанның пәле аударған қайғысымен, кетілген болат қылыш, мерует саптар», — дейді.

Ақмолла қазақ қоғамындағы әділетсіздік пен теңсіздіктің, жалпы әлеуметтік залалдың басы Есенгелді сияқты бай, манаптардан басталады десе, ақынның одан кейінгі үлкен жауы — надандық. Творчествосының тұтас тұрқымен ағартушылыққа бейім Ақмолла әр өлеңінде дерлік надандық пен қараңғылықты өлтіре сынап, өнер-білімге өзгеше мән-мағына береді, оның қоғамдық маңызын асыра бағаламаса да, кемітіп көрген емес. «Қарамас ғылым қадірін қара надан», «Жақсыны көре алмайды надан адам», «Жүзеді өнерлі адам өрге таман», — деп ХІХ ғасырдың екінші жарымында

қазақ қоғамында ерекше орын алып, әдебиеттің жаңа арнада дамуына зор ықпалын тигізген ағартушылық бағытқа өз жөнімен кеп қосылып, оның әлеуметтік үнін арттыра түсті. Ақынның татар ғалымы, исламды фанатизмнен арылтуға тырысқан белгілі жәйтшілердің бірі Шаһабетдин Мәржаниге (1818—1889) шығарма арнап («Молла Шаһабетдин қазіреттің мәрсиясы»), оны өзгеше дәріптеуі сол ағартушылық идеяларымен тығыз байланысты еді. Осы бір тарихи кезеңде Россияның түстік шығысындағы ұсақ халықтар арасында қоғамдық даму айқын белгі беріп, жұртшылықтың өнер-білім дәмін тата және оған құмарлығының арта түсуі көп ақынға әсерін тигізді. Ақмолла — солардың бірі.

Ақмолланың Мәржаниге арнаған жоқтау түріндегі (мәрсие— жоқтау деген мағынада) өлені ақын творчествосында белгілі дәрежеде адам бейнесін, оның ішінде өз заманының жетекші ұғымы, өлшемі бойынша өнер-білім майданында танылған ұнамды кейіпкердің бейнесін көрсетуге бағытталған шығарма. Оның идеялық-көркемдік маңызы ең алдымен осы жағында.

Сөз қозғар ол асыл ер керек жерден,
Құдайым парасатты жүрек берген.
Муһандистер сезбеген жерден қазып,
Шығарды тәтті сулар терең жерден,—

деп ақын Мәржаниді жерден су іздеген инженер геологтармен салыстырады, жүрегі халық деп соққан азаматтық бейнесін көрсетуге ұмтылады. «Ғылымға сардар болып ту алғандай», «Ол бір фазыл (әйгілі) ғұлама озған топтан», «Бұл заманда туған жоқ оған назир» (ұқсас), — деп Ақмолла оны ғылым-білімнің асқар шыңындай бейнелейді. «Ах, дариға бара алмадым қасына оның, сөзіне артықша мен ғашық оның», — деп опық жейді, қанша оқыса да, ізденсе де, Мәржани сияқты адамдардың маңайына жете алмағанын өз басының бақытсыздығындай сезінеді. Ісі мен сөзі жұрт назарын аударған («Қай ісі ол фазылдың таң қалмастай, қай сөзі ол кәмілдің көз салмастай») Мәржаниді ақын «Алыстан шақшағасы (нұры) балқып тұрар, жауардай қондырылған алтын тасқа» деп өз түсінігіндегі ең қымбат бұйымдармен теңестіреді. Татар буржуазиясы идеологтарының бірі Мәржанидің кезінде татар ғылымы мен мәдениетіне едәуір еңбек сіңіргені кәміл. Дегенмен, Ақмолланың оны тануы мен суреттеуінде асыра дәріптеушілік те жоқ емес. Бұл арада, бірақ, тарихи Мәржани мен Ақмолланың бейнелеуіндегі Мәржанидің арасындағы алшақтықтан гөрі, ақынның өнер білім майданында жүрген адамды айырықша сүйіспеншілікпен суреттеуіне, сол арқылы өнерді, ғылымды насихаттауына, оны өз заманының ең озық, ең ұнамды геройы етіп көрсетуіне назар аударған жөн. Шығарма кезінде оқушысына осы қасиетімен

ұнаса, жақсы әсерін тигізсе, бүгінде біз үшін де сол ағартушылық сипатымен мәнді.

Ақынның өмірдегі жағымды құбылыстарды осылайша тануы мен бейнелеуінің қазақ поэзиясымен егіздің сыңарындай ұқсастығы, сол дәстүрде туып, қанаттанғаны артық дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Адамға көз, шөлдегенге сусын боп көмектесу және ондай адамды қымбат тастармен салыстыру, тенеу т. т. қазақ поэтикасының алыстағы бұлақ бастауларынан келе жатқан тәсілдер екені белгілі.

Ақмолла шығармаларының қазақ поэзиясымен туыстығын басқа жайларда да нақты байқаймыз. Әсіресе, ол этика, мораль, адамгершілік принциптерін сөз еткенде өзіне дейінгі және өз тұсындағы біраз ақындардың тәжірибесін шебер жалғастырады.

Ең әуел тазалау керек іштің кірін,
Іште толып жатпасын сасық ірің.
А, дариға іш тазарсын, іш тазарсын,
Болмаса, пайда бермес құры білім,—

дейді ақын. Биік адамгершілікті, басқаша айтсақ, адам ішінің сұлулығын осы тұрғыдан уағыздау үлгілерін ақындар поэзиясында XVIII ғасырдан бастап көрсек, ауыз әдебиетінде тіпті әріден келе жатқанын білеміз. Ел ішіндегі дау-жанжалдың өріс алуын («Дау десе, жауыр атын кетер сатып, қалмады жұрт ішінде ұят, ардан»), алдамшы достықты сынауда да («Сақтансын данышпандар жаман достан, надан дос — бір айлық дос, надан дұшпан, жұпардың пұшық исін сезбес, гүл исін қайдан түйсін тұмсығы ұшқан») ақын қазақ поэзиясындағы заманалар бойы қалыптасқан көркемдік тәсілді — өмірдегі жаман мінез-құлықтарды сол күйінде алып суреттеу арқылы одан бездіру, тыңдаушысының оған жиіркенішін туғызу тәсілін қолданады. Әсіресе, сынға арналған өлеңдерінде ақын нысапсыздық пен пәлеқорлықты, біреуді көре алмаушылықты қазақ ақынының көзімен көріп, сөзімен әшкерелейді, сөйтіп, тыңдаушысының да көңілінен шығады.

Сөзінен әр адамның адам сынар,
Біреуін кемітуге адам құмар.
Қара шыбын сау жерге көз салмайды,
Бар болса жауыр, қотыр сонда қонар...
Тиіп кетсең қарамай шелегіндей,
Қарайтып даттауға бар, ақтауға жоқ.
Қатеден аяқ тайып, құлап кетсең,
Басыңнан аттауға бар, тоқтауға жоқ.

Феодалдық қоғамдағы адамдар қатынасын осылайша көру және оның барша сорақы сипаттарын аз сөзбен аша, ақтара бейнелеу, ақын творчествосын озық белгілермен танытады.

Оның қоғамдық теңсіздікті көруі мен бағалауы да адамгершілік идеяларымен сабақтас. «Қақпаға бір бай келсе, қош келдің деп, мүсәпір, ғаріп келсе, үркіп қашу» сияқты өмір салтын ақын бар жанымен жек көреді, өзінің «мүсәпір, ғаріп» жағында екенін жасырмайды, қайткенде оған жақсы болу жағын ойлайды, аяушылықпен қараудың жоқтығына күйзеледі.

Ақмолланың дінге көзқарасы мейлінше күрделі. Ең алдымен ол адам тағдырын жазмышқа байланысты таниды, оны адам да, қоғам да өзгерте алмақ емес деп түйеді («Бендені рыздық деген қимылдатар, шашылған дәмі болса жүріп татар; әр адам көресіні көрмей қалмас, керек сұлтан болсын, керек император»). Адамның «жақсылық», «жамандығы» да өмір бойы өзгермейтін, адам бойына біржолата дарыған қасиет күйінде суреттеледі («Асылды сөккенменен аты кетпес, көңілден жаман сөздің таты кетпес, нәжіске саф алтынды бояуменен, нәжіс кетер, алтынның заты кетпес» немесе «Қисық оқ атқанменен тура кетпес, құтырған ит әуеге қарап үргенменен, аспанда тұрған айдың нұры кетпес»).

Ақын бір алуан өлеңдерінде дінді адам өміріне ең қажет шарттардың бірі ретінде дәлелдемек болады. Адам үшін «Ең әуелі керек нәрсе иман деген, ақырет істеріне илан деген», «Білмеген қазақ та бар, ноғай да бар, ең әуелі иман ғылымын ыңғайлап ал», — дейді. Тіпті адамгершілік принциптерінің өзін ол: «иман, көңіл, ақыл, шүкір, әдеп, сабыр», — деп алдымен иманнан бастайды. Адамның жақсы, жаманын да ақын құдайға қатысымен өлшейді («Жақсылар хақтан көңіл аудармаған, жаманға құдай рахмет жаудырмаған», «Жаманды дұшпан көрмек дін сүннеті»). Құдайға, дінге адал болу үшін ол «Он бір жастан бері іске тәубе қылып, мешітте жалғыз қалып жыласақ біз... аяғына ишанның құласақ біз», «Молдалық сонда бізге пайда берер, нәпсі иттің құлағынан бұрасақ біз», — деп өзінше күнәдан арылу жолдарына дейін ұсынады. Ақынның қазақ қауымына айтқан үлкен сынының бірі — дінге немқұрайды қарауға байланысты. «Айтамын үгіт қылып қазақ халқын, көңілсіз дін жағына сонша салқын», — деді ол.

Қазақ ағартушылары халқының діншіл еместігінен өнер-білімге, қоғамдық дамуға негіз тапса, Ақмолла «Дін жағына артық көңіл қоя алмайды, дүниеге зеректігі Аплатондай болса да», — деп реніш, кейіс білдіреді.

Осы орайда атап өтерлік бір жай — Ақмолла жалпы дінге емес, діни схоластикаға, фанатизмге қарсы. Діннің атын сатып, «аңқау елге арамза молла» болып жүргендерді мейлінше жек көреді, «Шарифатты көңіл үшін бұрып салған», «Әркімді молла дейміз алдағанға, шон молла аз табылар тандағанда», «Біз саттық моллалықтың құры атын, бізден артық жаулықты дұрыс қатын», — деп күйінеді ақын. Өзіне қастық, әділетсіздік жасап, түр-

меге жапқан байлардың «Істері дінге зиян, заңға дұрыс» деп, шын дін жолымен жүрген адам мұндай зорлыққа бармас еді дегендей сынай білдіреді, жауларын о дүниемен қорқытып қоятыны да жоқ емес («Баршамыз тәңір алдына барамыздар»). Ақын көңіліндегі нағыз молдалар: «Түрлі пәнді» білетін, «Дін жолында жортак», «Дін үшін жанын қиған» жандар. Оның «Сіз бекер бір молласыз отырмаңыз, үйренбей парыз, уәжіп тек тұрмаңыз», — деп жұртқа үлгі етіп ұсынары да осындай әр ғылымнан хабары бар молдалар. Бұл тұрғыдан келгенде ақынның Мәржаниді ерекше мақтап, оған бөлек шығарма арнауының себебін түсіну қиын емес. Ақмолла да Мәржани сияқты діни оқуды өмірге жақындатып, дүниәи оқумен қатар жүргізуді, діннің «адамгершілік негіздерін» арши, тазалай түсуді насихаттады. Мәржанидің қадімге көзқарасын, жадитшілік идеяларын ХІХ ғасырдың аяғына таман қазақ қоғамында Ақмолла біраз тарата түсті.

Ақынның дінге көзқарасы, қатысы — оның творчествосындағы үлкен қайшылықтардың бірі. Ол «кұдай бар, құран шын» деп таныған адам. Мәржани идеяларын қолдағанда да сол түсінігінен алыстаған жоқ. Бұған таңдануға болмайды. Бар білімін медреселер қабырғасында алған, шәкірттеріне де сол негізде сабақ берген, саналы өмірін қараңғы ортада өткізген Ақмолланың атеистік не соған таяу жүйелі ғылыми дүниетанымға, көзқарасқа келе қоюы мүлде қиын еді. Сол үшін біз оны, әрине, жазғыру ниетінен аулақпыз. Біздің мақсатымыз — шындықты өз атымен атау, шындық күйінде баяндау, талдау, таныстыру ғана. Өйткені шындап келгенде, әр адам — өз ортасының, тәрбиесінің, заманының жемісі. Сондықтан оған басқаша болмадың деп талап қоюға болмайды.

Ақынның қоғамдық, әлеуметтік көзқарастары да өзімен тұстас, құралыптас өзге әріптестерінен алшақ кеткен жоқ. «Ақмолла еңбекші халық өмірінің қаратүнектік сырларын білуге өмір бойы тырысса да, теңсіз қоғамның әлеуметтік-экономикалық тамырларын танып, білу дәрежесіне келе алмады»¹².

Ақмолланың махаббат тақырыбындағы өлеңдері көп емес. Кезінде қағаз бетіне түспегендіктен жөнді сақталмауы да мүмкін. Әйтсе де Сақыпжамал қызға жазған тәрізді бірлі-жарым өлеңінде ақын шын сүйген жүрек әмірін, дауыс дірілін сөз құдіретімен әсерлі жеткізеді. «Гәзәлсін алтын алмадай, жамалың көңіл алдады-ай», — деп шығыстың ғашықтық дастандарын жақсы білетіндігін аңғартумен қатар, өзі де сол дәстүр аясында махаббат сырын шертеді.

Оны жақсы лирик ретінде танытатын туындылары — табиғат тақырыбындағы өлеңдері. Тілінің мейлінше тазалығымен, поэзия-

¹² Правда. 1981. 13 декаб.

лық қуатының күштілігімен бұл шығармалар озық дәстүрі бар жазба әдебиеттің сәтті туындыларымен қатар тұра алады. Ақын, әсіресе, «Көктем», «Жаз», «Күз» атты өлеңдерінде табиғаттың осы бір тұстарын жанды бейнелеп, оқушының көз алдына тұтас көрініс түрінде әкеледі, әр мезгілдің өзіндік ерекшелігін өзіне ғана тән түр-түсімен, қызығымен бірге суреттейді.

Көк маужырап, көтеріліп жерден бу,
Қыз, бозбала ән шырқасып, гу де гу.
Жылқы кісінеп, түйе боздап, қой маңырап,
Иттер үріп, балалар да у да шу,—

деген жолдардан көктемге сағынып жетіп, мәре-сәре боп жатқан көшпелі ауыл өмірінің дағдылы тіршілігін бар үнімен, алуан бояумен көрсек:

Тербетіліп айдын көлдер шалқиды,
Түрлі құстар бауырын төсеп қалқиды.
Көк орай шөп көлді айнала көмкеріп,
Мас қылады, күшті жас иіс аңқиды.

Сұлу кербез қыздай құрақ сылдырлап,
Көз ұшында сағым жүріп бұлдырлап.
Торғай шырлап, бұлбұл жырлап сайрайды,
Тілі шыққан жас баладай былдырлап,—

деген шумақтарда жанды дүние жаңаруымен, жасаруымен, түлеу, түрлену сипатымен, бір сөзбен айтқанда, бүкіл өміршен қасиетімен жігерлі жырға бөленеді. Шығарманың оптимистік рухы оның әр сөзінен, әр жолынан айқын белгі береді, әрбір тармақ белгілі бір сурет тәрізді дала тіршілігінің нақты көрінісін тірілтіп, көз алдына елестетеді («Түрлі құстар баурын төсеп қалқиды», «Жан рахатта, тамылжыған айнала, сулар ағып гүрілдейді сай-сала. Аяғандай аяғыңмен басуға, кесте кілем төсегендей айнала» т. т.). Сұлу да кербез қызды бал құраққа теңеу, торғайдың шырылы мен бұлбұлдың жырын тілі шыққан жас баланың былдырына теңеу, ұқсату — ақындық тапқырлық пен байқағыштықтың, өмір құбылыстарын образбен, бейнемен танудың нәтижесі. Ақмолла поэтикасының осы тәрізді жанды да суреткерлік құдіретін «Күз» өлеңінен де көреміз.

Сұрланып жер, көкте бұлттар көшеді,
Суық желдер жерді жалап еседі.
Жұрт бүрісіп: «Кәрі қылышын сүйреткен,
Сықырлаған қыстың демі-ау», — деседі.

Жазғы жасыл жердің түсі оңғанын,
Суық ұрып, ормандардың тоңғанын.

Көріп көңілің жабырқайды, сарғайып,
Жапырақтар ұшып жерде солғанын.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында табиғат туралы өлеңдер Ыбырай, Абай шығармаларында жеке тақырып дәрежесіне көтеріліп, жазба әдебиетіміздің өрісін едәуір кеңейткені белгілі. Ақмолла аталған шығармаларымен осы дәстүрді ұлғайта, молайта түсуге өзіндік үлесін қосты.

Ақмолла жырларының нәрлілігі мен бейнелілігі халық поэзиясымен терең байланысында, оның көркемдік құралдарын шебер пайдалану арқылы өзіндік сөз кестесін жасау ерекшелігінде. Ол көркем сөз майталмандарының сан ғасырлық бай тәжірибесін, аз сөзбен өмір мен табиғаттың жеке бір көрінісін ұтымды бейнелеу тәсілін, әсіресе, пейзаждық лирикаларында ұтымды таныта алды. Мұны оның халық мақалдарына мейлінше құмарлығынан да, мақалдарда қалыптасқан дайын көркем ұғымды өз шығармасымен, өз ойымен сәтті қиыстыру арқылы оқушысына оны аз сөзбен әсерлі де айшықты жеткізу шеберлігінен де көреміз. «Табақтан иттің басы шоршып түсер, жаманды төре қылсаң жұртын бұзар» («Иттің басын сар табаққа салсаң, шоршып түседі» — мақал), «Сары май ит қарнына ұнамаған» («Иттің ішіне сарымай жақпас»), «Зер қадірін зергер білер» деген сөз бар, гауһарды ит мойнына тақсаң кетер» т. т. жолдар ұлттық бояуымен де, поэзиялық ұтымды да бейнелілігімен де тыңдаушыға ақын ойын халықтық көркем синтездеу тәсілі негізінде әдемі ұғындырады.

Ақмолла бір алуан өлеңдерін башқұрт тілдерінде жазып шығарса да, туындыларының басым көпшілігін қазақ тілінде әуелі ауызша, импровизаторлық жолмен шығарып, кейін қағазға түсіріп отырғанға ұқсайды (кейінгісі, көбіне Ақмолланың өзіне тән тәсілі). Башқұрт зерттеушілерінің айтуына қарағанда, ол ақындар айтысына да қатысқан. Бірақ, айтыстары кейінгі тұсқа жеткен жоқ. Қазақ поэзиясы топырағында өскен Ақмолланың айтысқа қатысуы, айтыс дәстүрін меңгеруі әбден ықтимал.

Үш әдебиеттің өкілі Ақмолланың туындыларында қай тілдің де ізі бар, көркемдік, сөздік тәсілдері мен белгілері заңды түрде қатысады. Сонымен қатар діни сөздер мен ұғымдар да аз емес. Осының бәрі ақын шығармаларын оқуда біраз қиындық тудыратыны да шындық. Әйтсе де оның шығармалары қай тілде жазылса, сол тілдегі оқушыға рухы жағынан өте жақын, түсінікті де.

Ақмолла ақындығының қазақ поэзиясы топырағында туып өскені, оның көркемдік қуатынан нәр алып биікке көтерілгені тек қазақ зерттеушілері емес, өзге ұлт өкілдерінің де көптен айтып келе жатқан шындығы. Татар әдебиетінің классигі Ғ. Тоқай Ақ-

молла өлеңдерінен көшпелі қазақ өмірінің лебі еседі¹³ десе, башқұрт ғалымдары К. Аманжолов пен Рашит Шакур ақын өлеңдерінің 11 буынды қазақтың қара өлеңі ұйқасымен жазылғанын, башқұрт поэзиясына бұл ұйқастың Ақмолла арқылы келіп, қазірде «Ақмолла өлеңі» деп аталатынын жасырмайды¹⁴. Шындықты осылайша өз атымен атағаннан шындық көркеймесе, кемімейді. Және ол қашан да болсын, өзін таппай қоймайды.

Ол қазақ ақындарының шығармаларын жинау, сақтау тарапында да едәуір еңбек етті. Бұл ретте қазақ ағартушыларының озық дәстүрін жемісті жалғастырып, бірқыдыру поэзиялық үлгілердің біздің заманымызға жетуіне жағдай жасады. Ауыз әдебиетінен үйреніп өскен өнер иелерінің бірі бола отырып, оның өзге көп ақындардан үлкен бір өзгешелігі—өзінің де, өзгенің де шығармаларын хатқа түсіріп, сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында еңбектенуі. Ақынның трагедиялық өлімімен байланысты том-том қолжазбалары басқа мүліктерімен бірге жоғалып кетті. Бұл өз алдына мәселе. Жалпы, Ақмолланың поэзиялық туынды жайына келгенде, өзімдікі не өзгені деп бөліп қарамай, қай-қайсысын да көпшілік қауымның игілігіне айналдыруға белсенді атсалысқанын көреміз.

Абайдан басқа ешбір ақынды жоғары бағалап көрмеген Сұлтанмахмұт Торайғыров «Ердің халі білінер лебіз айтса, кімнің халі білінер қарап жатса» деп атақты Ақмолла шағыр (ақын) айтыпты ғой»¹⁵, — деп оны өзгеше бір ілтипатпен, құрметпен еске алады. Мұның өзі қазақ поэзиясындағы жарық жұлдыздардың бірі — Сұлтанмахмұттың Ақмоллаға берген ірі бағасы еді.

«Ақмолланың ел әдебиетінен жинаған сөздері» деген атпен С. Сейфуллин 1935 жылғы жинақта бөлек жариялаған өлеңдері тақырыбы жағынан әр алуан. Тұтас алғанда олардың барлығына тән ерекшелік — идеялық-тақырыптық үндестік пен ұқсастық деуге болады. Қоғам өміріндегі әділетсіздік пен теңсіздікті сынауда болсын, өнер-білімге шақыруда болсын, алдағы арман-мұраттарды бейнелеуде болсын, Ақмолла көбіне-көп өзінің ақындық, адамгершілік идеяларына сәйкес шығармаларды жинауға, сақтауға баса назар аударған. Мысалы, «Қарсы бұтақ болмасын қарындас көп, қарындаспен татудың көңілі тоқ», — деген жолдар ағайынның татулығын ойлаған ізгілікпен астасып жатса, «Асылдарға мұңыңды қанша айтсаң да, асылы жоқ жаманға қылма өкпе», — деген сөздер оның жоғарыда аталып өткен жақсы, жаман туралы ойларына егіздің сыңарындай ұқсап жатыр:

¹³ Тоқай *Ғ* Шығармаларының 4 томдығы. Қазан, 1956. 3-т. 145-б.

¹⁴ Ахмедьянов *К.* Әдебиет теориясы. Уфа, 1971. 243-б.; Рашит Шакур. Звезда поэзии. Уфа, 1981. С. 108.

¹⁵ Торайғыров *С.* Шығармалар. Екі томдық. Алматы, 1967. 2-т. 165-б.

Ұмытпа адамдықты болғаннан соң,
Балқиды ойдың нұры толғаннан соң.
Ашу пышақ болғанда, ақыл таяқ,
Кемиді сол таяғың жонғаннан соң.

Немесе, оқу-білім тақырыбындағы шумақтарды алайық:

Болмайық төрт аяқты мал секілді,
Қуарған жапырақсыз тал секілді.
Бақшадай жігіт адам көркейеді,
Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді.

Көшпелі қазақпыз ғой күрке астында,
Өнер жок, ұйықтаған тек көрпе астында.
Бейқам боп жата берсең қор боларсың
Жау жоқ деп ойламаңыз, бөрік астында...
Тұрмысы басқа елдердің күн секілді,
Тұрмысы надан елдің түн секілді...

Қысқасы, Ақмолланың ел аузынан жинаған өлең, жырлары оның творчествосын танып, білуге, ақындық ой-пікірлерін, көзқарасын, көркемдік өлшемдері мен талғамдарын анықтай, нақтылай түсуге көмектесетін қосымша бағалы дүниелер болып табылады. Сондай-ақ, осы авторсыз нұсқалар ХІХ ғасырдың екінші жарымындағы қазақ поэзиясына тән идеялық-көркемдік, тақырыптық іздену мен ілгерілеудің өзіндік бір көрсеткіші, дәлелі екені даусыз. Алдағы уақытта олардың стиль, сөз қолдану, көркемдік ерекшеліктерін т. б. ескере отырып, авторларын айқындау тарапында да зерттеулер жүргізуіміз қажет. Мысалы, «Еділ бол да, Жайық бол» деп басталатын толғау кейінгі жылдарда Бұқар атымен жарияланып жүр, т. т.

ХІХ ғасырда бір емес, бірнеше әдебиеттің дамуына өзінің салмақты үлесін қосқан санаулы санлақтардың бірі — Ақмолла сол әдебиеттердің қай-қайсысының тарихында да өшпес ізін қалдырды. Теңсіздік пен әділетсіздік үстемдік еткен тар заманда бар өмірі қорлық-зорлықпен, қуғынмен, түрмемен, ақыр аяғында кісі қолынан өлумен аяқталған, сөйтсе де бүкіл таланты мен күш-жігерін, тұтас өмірін өнерге, халыққа қызмет етуге қалтқысыз жұмсаған интернационалист ақынның мұрасы, осы мұраның биік рухы бүгінгі көп ұлтты әдебиетіміздің арғы тарихындағы ең бір жарқын көркем ескерткіштің бірі.

1985.

АБАЙДЫ ҚАЙТАЛАЙ ОҚЫҒАНДА

Біз Ұлы Абайды қайталап қанша оқысақ, оның асыл мұрасына терендеп үңілсек, сонша сыры мол, шындығы мол, шеберлігі мол

бұл үздік поэзияның әлі сөз болмаған, зерттеуші нысанасына ілікпеген қырларының аз емес екенін көреміз. Солардың бірі — ұлы ақынның ұнамды образ жасаудағы өзіндік әдіс-тәсілі, эстетикалық принципі, көзқарасы. Біз осы жөнінде өзіміздің жеке байқауларымызды ортаға салмақпыз.

Ақынның ұнамды образ жасаудағы өзіндік тәжірибелерінің, ұстанған тәсілдерінің осы уақытқа дейін арнайы сөз болмауын, зерттеу объектісінен тыс қалып келу себебін немен түсіндіреміз? Бұған, әрине, Абайдың ұнамды бейне жасау мәселесінде мүлде қалам тартпағандығынан деп қараудың ешқандай қисыны жоқ. Өйткені ол тұтас әдебиеттің табиғатына, оның идеялық, эстетикалық талап-тілегіне қайшы келмек. Себебі, әдебиет, шындап келгенде, адам туралы, адам қоғамы туралы көркемдік шежіресі. Қай халықтың да әдебиетінің арғы-бергі тарихына көз салсақ, адам өмірінің, адам тағдырының, оның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің, арманы мен болашағының тұтас әдебиетте де, оның жеке-жеке өкілдерінің творчествосында да шешуші орын алып келгенін көреміз. Бірақ, мәселенің бастысы бұл да емес. Оның ең мәнді жері: жалпы әдебиеттің, не оның жеке бір өкілінің сол адамға, оның тағдырына қатысында, көзқарасында, ұстаған позициясында, эстетикалық принципі мен мұрадында. Осыдан келіп ақын, жазушы бағытының жаңалығы мен ескілігі, озықтығы мен қалықтығы, нақты халықтық сипаты мен ел мүддесіне қарсылығы айдан анық көрінетіні мәлім. Көркем әдебиеттің бұл аксиомасын ұлы Абай жақсы білді. Бұл — бір. Екіншіден, Абай ақын-ағартушы болды. Әрбір ағартушының әдебиетке тікелей тәрбиелік тұрғыдан, қоғамға тигізер пайдасы тұрғысынан, жас өспірімдерді өнегелі іске бастау, баулу тұрғысынан қарағаны мәлім. Абай да әдебиетке дәл осы мақсатпен келді. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін... Жаздым үлгі жастарға бермек үшін», — деу арқылы ол өз творчествосының бүкіл мақсатын айқындап берумен қатар, тұтас әдебиеттен де сондай үлгіні күтетіндігін білдірді. Бұл да оның ұнамды образ жасау мәселесіне соқпай өтуінің мүмкін еместігін танытатын жағдайлардың бірі еді.

Осы айтылған екі түрлі жайдың қайсысы да мәселенің принципті және тікелей эстетикалық жағы. Бұған ешкім таласпаса керек. Ал, сөйте тұра, Абайдың ұнамды образ жасаудағы ақындық ерекшелігін осы кезге дейін арнайы сөз етпеуіміздің азды-көпті себебін оның творчестволық мұрасының жалпы сипаты мен өмір сүрген заманынан және ол екеуінің өзара байланысынан, арақатынасынан іздеп табуға тиіспіз.

Абайдың ақындық өмірі өткен ғасырдың соңғы жиырма бесотыз жылын қамтиды. Бұл тұста қазақ қоғамы мәдени-экономикалық тұралаушылықтан аз да болса қозғалып, тарихи даму жо-

лына бет бұра бастады. Өзгені былай қойғанда, Шоқан, Ыбырай, Абайлардың қоғамдық өмір сахнасына ХІХ ғасырдың екінші жартысында келу фактысының өзі осының үлкен айғағы еді. Әлеуметтік өмірдің осындай тарихи сипаты, жаңаша тенденциясы, озық кескін-кейпі қоғамдық өмірдегі әрбір адамнан бастап, тұтас тіршілік қауымының алдына даму, ілгері басу, алға ұмтылу талабын қойды. Дәуір туғызған мұндай ұлы талапқа әр ағартушы өздерінің таланты мен дүниетанымы тұрғысынан келіп, өз мүмкіндіктерінен қызмет етті. Шоқан творчествосы қоғамдық өмірдің даму жолына өзінің ғылым-білім, мәдениет пен өнер саласындағы ұланғайыр еңбегі арқылы қолқабысын тигізіп, үлесін қосуды мақсат етсе, Ыбырай тікелей халық ағарту майданындағы теңдесі жоқ еңбектерімен қазақ елін өнерлі, мәдениетті елдердің қатарына жеткізуді арман етті. Ал, Абай болса, ол өзге ағартушылардан сәл кейінірек, аздап болса да өзгеше жағдайда, тарихи-әлеуметтік қайшылықтар айқын белгі бере бастаған тұста өмір сүріп, өзінің шыншыл да өткір поэзиясын сол қайшылықтарды шешу мақсатына арнады. Осы арқылы қоғамдық дамуды жеделдетуді көздеді, туысқан халқына болашаққа қарай дұрыс жөн сілтеуді өзінің ақындық та, азаматтық та борышы санады.

Абай дәуірінің мұндай ерекшелігі ұлы ақынға тікелей ғақлиялық сипаттағы шығармалар жасаумен қатар, әлеуметтік тұрмысқа белсене араласып, қоғамдық теңсіздікті, әділетсіздікті батыл сынауға, өткір үкім айтуға көбірек тізгін берді. Сондықтан да ол өмірді сынай отырып, түзеу үшін күресті, кемшілікті көрсете отырып, жақсыдан үйренуге шақырды. Оның шығармаларының ішінде шыншыл реализм элементтерінің басым орын алуы да, ақынның қоғамдағы, адам өміріндегі кесір-кердең көріністерді өлтіре сынайтын шыншыл сатиралық шығармалармен қатар, мысалдарды да көптеп жазып, И. А. Крыловтан бірсыпыра шығармалар аударуына да сол дәуірдің осындай шыншыл ерекшелігі себеп болған еді.

Осыған қарап, әрине, ұлы Абай қоғамдық тұрмыстан үнемі жағымсыз жағдайды ғана көрді, халықтың бойындағы зор күшті, адамгершілік қасиеттерді байқамады, бағаламады, өз халқын мүлде жек көрді деуге әсте болмайды. Ол «Қалың елін, қазағын, қайран жұртын» жанымен сүйді, оның жарқын келешегіне де сенді. Халықты сүю, әдетте, халық өмірінің теріс жақтарын сынауды, не жалпы сол өмірдегі керітартпа құбылыстарды әшкерелеуді мүлде жоққа шығармайды. Қайта халықтың келешегіне ақынның төзгісіздікпен қарап, жаны ашығандығын білдіреді.

Осы сияқты жағдайды орыс жазушыларынан да байқаймыз.

Мысалы, Гоголь мен Салтыков-Шедрин сияқты ұлы реалист суреткерлердің еңбектерін алайық. Олар, көбінесе, ескі Россия өмірінің жиіркенішті, көлеңкелі жақтарын өлтіре сынауды өз творче-

ствосының басты мақсаты етті. Бірақ, бұл — сол жазушылардың өз халқы мен Отанын жек көруінен емес, қайта оның ауыр тұрмысына шексіз қынжылудан, зор аяушылық сезімнен туған-ды. Отанның жарқын келешегі үшін күрескендердің айқын белгісі еді.

Бұл жерде біз, әрине, Абай мен орыс жазушыларының қоғамдық өмірден керітартпалықты сынауы мен өз халқының тағдыры үшін күресін бір тұрғыда қарау мақсатынан аулақпыз. Әртүрлі саяси және мәдени ортада өмір сүрген Абай мен орыс жазушыларының қоғам өмірін тануы да, бағалауы да әр сатыда, әр дәрежеде болғаны сөзсіз. Мәселе — бұл арада олардың өз таланттарын негізінен өмірдегі зұлымдық істерді әшкерелеуге арнай отырып, халқын айрықша құрметтей білуінде.

Осы айтылғандардың қайсысы да Абай шығармаларында сыншылдық, әшкерелеушілік сипаттың басым екендігін және оның өзі қоғамдық өмірдің үздік талап-тілегіне байланысты туғандығын білдіреді. Бұдан, әрине, ұлы гуманист ақын өз творчествосында ұнамды бейне, тартымды тұлға, көркем кейіпкер жасамады деген ұғым тумайды. Олар да бар, жетерлік. Мәселе — тек соларды айыра танып, өзіндік өсу, есею, эстетикалық талап-талғам дәрежесіне жету жолын анықтауда.

Абай 90-жылдарға дейін өзінің жаңа адам, жақсы адам, қоғамдық өмірдің белсенді мүшесі туралы ойларын әр шығармасында, жеке жағдайларға байланысты айтып келді. Осы пікірлердің жалпы жиыны ақын өлшемінің сол тұсқа дейін-ақ айқын қалыптасып, белгілі бір озық жүйеге түскенін танытады.

Ақынның жас кезіндегі, толысқан кезіндегі, кемелденген кезіндегі творчествосына ортақ, барлық тұста бірдей көрінетін ұнамды бейнесі — шын мәніндегі Адам. Ақын адам боп туғаннан кейін осы қасиетті, ұлы атақты ақтауды ең абзал да асыл міндет деп танып, оны барлық уақытта қадірлеп, қастерлеп жырлап отырды. Оның «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» — деген сөзі де осы негізден туған еді.

Абайдың ең сүйікті, ең жақын адамы — «Көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адам. Оның сыры да, жыры да осыған арналған. Ақын бар үмітін де осы жаны сүйген адамына арта отырып, оны үнемі ізгілікке шақырады, өнегелі істерге баули түсуді көздейді. Осы тұрғыдан кеп ол өзінің эстетикалық нормаларын ұсынады. Оның бұл саладағы пікірлері жалпы гуманистік ой-пікірімен шынайы ұштасып жатады.

«Ғылым таппай мақтанба» деген әйгілі өлеңінде ол адамдық пен адалдыққа жат мінез-құлық, іс-әрекеттерді қазақ оқушысының ұғымына, тұрмысына лайық шеберлікпен, нақтылықпен атап көрсетеді. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым — ақынның ең жақсы адамнан күткен тілек-арманы. Оның түсінігінде, халыққа қыз-

мет ететін де, қоғамдық дамуға септігін тигізетін де осындай адамдар. Сондықтан ақын бар шығармасында дерлік сондай жан-дардың ізгі қасиеттерін даралай сипаттауға әр кез жиі оралып отырды. Арлы болмай, адамдық жоқ деп таниды ұлы ақын. Бұл ой оның бүкіл творчествосын айқын жарып өтіп жатыр. «Пайда ойлама, ар ойла», «Ақыл таппақ, мал таппақ — адал жүрмек», «Еңбекті сат, ар сатып неге керек», — дейді ол. Ұлы ойшыл әр кезде айтқан бұл пікірлер бірін-бірі толықтырып, оның осы саладағы негізгі талабы мен өлшемін, идеясын айқындай да, салмақтандыра да түседі. Ақынның «Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», «Ақыл керек, іс керек, мінез керек, ер ұялар іс қылмас, болса зерек», «Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек» деген нақыл сөздері де оның сол адамгершілік туралы үлкен идеясынан туып жатыр.

Қоғамның дамуын, адамның белсенді қимыл-әрекеті мен зор мүмкіндігін озық тұрғыда түсініп, бағалаған ақын нағыз адамдықтың алғы шарттарының бірі ретінде — талапкерлікті, еңбек сүйгіштікті ұсынады. «Керек іс бозбалаға талаптылық, әртүрлі өнермінез, жақсы қылық», «Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, ең болмаса еңбек қып мал табалық», — дейді ақын көңіл көзі бар жастарға. Осындай сөздерінің босқа кетпей, өз оқушысын, қостаушысын тауып, өмірге өзіндік әсерін тигізуін арман етеді. Оның:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз,—

деуі сол арманның көрінісі, нәтижесі болатын.

Абайдың адамгершілік идеялары халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан гуманистік ой-түйіндерімен, принциптерімен, тәжірибелерімен шебер үндеседі. Абай жаңа дәуірде оларды онан әрі дамытушы, жалғастырушы, жаңғыртушы, оларға поэзиялық өң беруші болды. Бұл ретте оның халықтың нақыл сөздері негізінде жасаған афористік ғақлиялары ерекше өткір де ұтымды. Халықтың әділдікті аңсаудан туған «қара қылды қақ жару» туралы тілегі, еңбек жөнінде білдірген «Еңбек етсең емерсің» деген өнегелі сөзі Абай поэзиясында аса зор динамикалық сипатқа ие болды. «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, әр нәрсеге өзіндей баға бермек», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», — деп құлпыртты ақын оларды. Мұндай мысалдар Абай поэзиясының халық әдебиетімен, халықтың данышпандық ой-түйіндерімен творчестволық байланысын ғана білдіріп қоймайды, оның осы саладағы батыл жаңашылдығын да, алып ақындық қуатын да, шынайы шеберлігін де нақты танытады.

Абайдың махаббат лирикалары — оның адамгершілік идеяларының жарқын да жемісті арналарының бірі. Сондай-ақ мұнда ақынның ұнамды бейне туралы көркемдік талап-талғамдары да әрі айқын, әрі жүйелі түрде көрінеді. Қазақ қызының абзал адамдық қасиеттері, «Қара көз, имек қас, қараса жан тоймас» сыртқы сұлу пішіні, «Сөйлесе сөзі әдепті әм мағыналы» ақыл-парасаты алғаш үлкен поэзияның уытты көркемдік құралдарымен шынайы да шебер түрде бейнеленуі Абайдан басталады. Абай қазақ қызын профессионалды поэзияның төріне шығарып қана қойған жоқ, оның асыл сырларын, ардақты сезімдерін өзінің алып ақындық қуатының барша құдіретімен аша, ақтара суреттеу арқылы қазақ қоғамына мүлде жаңа адам ретінде танытты. Мұндай жанның қамауда, күндікте, сауда-саттықта жүре бермегі мүмкін еместігін және ондай теңсіздік, қапас өмір қоғамның даму талабына да жат екендігін дәлелдейді. Сөйтіп, оған бас бостандығын, сезім еркіндігін беру идеясын бірінші боп бар дауыспен жырлады.

Абайдың «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңі көлемі жағынан қысқа болса да, мазмұны жағынан ескі қазақ ауылындағы осы ежелгі атышулы проблеманы тікелей көтеруге арналған. Шығарманың бірден-бір кейіпкері — қазақ қызы адамдық қасиетін, ар-намысын жоғары ұстауға ұмтылады, қайткенде феодалдық көне әдет-салттардың қорлық-зорлығына көнбеуге тырысады. Оның бойында тән сұлулығымен қатар, осы тәрізді жан сұлулығы да бар және ол айқын көрінеді. Алайда, қара түнек өмірмен етек басқан ескілік оны өз айтқанына көндіріп, әміріне жүргізеді. Сөйтіп, ол шектен асқан әділетсіздік пен зорлыққа душар болып ақырында өзін-өзі құрбан етеді. Ол үшін бұдан өзге тыныш та тиімді жол қалмайды. Мұндай талай жас қыршынның қазақ қоғамы тәрізді ортада ғасырлар бойы билеуші таптың үнсіз мазағы боп келгені өз-өзінен түсінікті. Абайдың кейіпкері сол қалыпты «тыныштықты» бұзып, өзгеше қимыл жасайды. Ол қасіретті өмірден өлімнің өзін артық көріп, «Етімді шал сипаған құрт жесін», — деп жартастан терең суға құлайды. Оның бұл қимылы әзірге жартымсыз, шамалы. Ол қоғамдық тәртіпке әлсіз қарсылық қана. Алайда оның осы қадамы өз дәуірінің шеңберіне сыймды еді, бастапқы ізденіс жолына лайықты әрекет еді. Ақынның кейіпкері өзінің осы тағдырымен заманалар бойы күндікте келген қазақ қыздарын азат ету мәселесін күн тәртібіне қою қажеттігін білдірді, олардың да санасы оянып, өз өмірлерінің қорлық екенін сезіне бастағанын, одан шығудың жолдарын іздеп, талпына түскенін байқатты. Сөйтіп, ХХ ғасырдың басындағы Гүлқашима, Қамар, Шұға сияқты қыздардың көрінуіне таяу келіп тұрған ұнамды әдеби кейіпкер болды.

«Адамшылдықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім», — дейді

Абай «Қырық бесінші сөзінде». Ақынның прозалық ғақлиясында бұл сөз кездейсоқ айтылмаған. Махаббат оның поэзиясының ерекше өміршен, озық сипаттарының бірін белгілейді. Адам бойындағы ең абзал сезім — махаббаттың кіршіксіз, тазалығын Абай жас жігіт боп та, ересек азамат боп та, данышпан ақын боп та жырлады. Қай кезде де ол адал махаббатты, адамдық махаббатты қадірлей, қастерлей паш етті. «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар», — деген сөз кемеңгер ақынның бұл саладағы ең соңғы түйіні, ақырғы шешімі. Ұлы ойшыл осы тұрғыдан келіп жастарға моральдық тәрбие берерлік неше алуан шығармалар да жасады. «Қызды сүйсең, бірді сүй, тандап тауып. Көрсө қызар, күнде асық — диуаналық», «Ер жігіт тандап тауып бірмен жүрсін», — дейді ол. Бұл ретте де ақын ұғымындағы ұнамды жанның ақтық, адалдық қасиетін көру қиын емес. Абай семья мәселесіне де осы көзқарасы тұрғысынан келді. «Кім де кім үлкен болса, екі мүшел, Мал беріп алған менен қатын емес», — дейді ол, өйткені «Ортасында бұлардың махаббат жоқ», «Қатының сүйсе, сен де оны сүй», — дейді. Махаббатқа негізделген, өзара сый-құрметке құрылған семья ғана ақын ойындағы ең абзал семья. Адам өмірінің, семья өмірінің бақытын ол осыған байланысты таниды. Оның «Ері ақылды, қатыны мінезді боп, тату болса, райыс үстіндегі үй», — деуі де осы себепті.

Сөйтіп, Абайдың алғашқы он бес, жиырма жылдық творчестволық мұрасын қарастырып өткенімізде, ақынның бұл тұста кесек ұнамды бейне жасамағанымен, моральдық-этикалық нормаларының толық қалыптасқанын, жастардан, жақсы адамнан нені күткенін және оларға қандай үміт-тілек артқанын айқын көреміз. Бұл — оның творчестволық эволюциясындағы идеялық-көркемдік үлкен кадамдардың бірі. Рас, мұнда ақынның ағартушылық ой-пікірлері мен мақсат-мүдделерінің іздері мен рухы нақты да мол байқалады. Көп шығармалардың тікелей ғақлиялық, тәрбиелік сипаты да соған байланысты.

Токсаныншы жылдарда Абай дүниеге, өмірге кемеңгер, ойшыл ақынның көзімен қарайтын, сезімімен баға беретін биікке көтерілді. Осы тұста оның аяулы, ардақты інісі Оспан мен бүкіл үміт-тірегі, ертеңгі болашағы тәрізді азамат ұлы Әбдірахманның қайтыс болуы ақынның бүкіл жан сезімін жаралап, жүрек қанымен жазылған жалынды жырларын туғызды.

Әңгіме бұл арада Оспан мен Әбдірахманның Абайға туыстық жақындығында емес. Сондай-ақ өмірде қандай адам болғандықтарында да емес. Ұлы ақын оларды адамдықтары үшін сүйеді, бағалайды, адамша сүюдің, қадірлеудің тамаша үлгісін көрсетеді. Осы арқылы өшпес адамның өнегелі бейнесін жасайды. Бізге қажеті де осы.

Ақынның Оспанға арналған «Жайнаған туың жығылмай», «Кешегі Оспан» деген екі өлеңі адалдығымен, адамдығымен, көпке қамқорлығымен елді аузына қаратқан абзал жанға көркем өнердің киын түрі — поэзияда данышпан ақынның құдіретімен жасалған өшпес ескерткіш дерлік шығармалар. Ақын Оспанды туысымен, бауырым деп емес, «Жасқанып жаудан жығылмай», «Жайдары жүзі жабылмай, жайдақтап қашып сабылмай, жан біткенге жалынбай» өткен өр де өжет мінезі үшін ардақтайды, «Үйі базар, түзі той», «Жауға мылтық, досқа ынтық», «Досына дәл жаз, жауға аяз» адамгершілігін мадақтайды, сондықтан да «Ел тамағын, жұрт азабын, жеке тартқан кетті гүл», — деп мұңаяды. Қазақтың даласындай дарқан да жомарт жүрегі мен мінезі бар Оспанның әрбір ісін, қылығын, өзгеге қатысын егіле жыр етеді. Сөйтіп, жеке бір туысының өмір жолын аяқтағанына емес, адам деген үлкен атаққа лайық жанның көз жұмғанына кемеңгер ақын азамат боп күйініп, реніш сезімін білдіреді. Абай қаламынан туған Оспан бейнесінің құндылық сипаты осында. Оның ұнамды бейне ретіндегі озық ерекшеліктері бұдан артық дәлелдеуді қажет етпейді. Олар аталған өлеңдерде оқушы көзіне бірден шалынады, оқушысын «мен мұңдалап» шақырып та тұр.

Әбдірахман туралы өлеңдер циклі — ақын творчествосындағы ең бір көркем де салмақты сала. Бұл да, сондай-ақ Оспанға арналған өлеңдер де сыртқы формасы мен туу себебі жағынан халық әдебиетінде ежелден бар дәстүрлі жоқтау өлеңдерге ұқсағанымен, ішкі мазмұны мен поэзиялық күші жағынан олардан мүлде бөлек, жана. Абай халық өнеріндегі байырғы жанрға жана да соны сипат беру арқылы оны поэзияның асқар биігіне көтерді, оған зор гуманистік мазмұн берді.

Ақынның Әбдірахман туралы өлеңдерін оқи отырып, қазақ даласында өткен ғасырдың соңғы жылдарында жаңа көріне бастаған жас ұрпақ, жаңа қауымның алғашқы өкілімен танысқандай боламыз. Ақын сүйікті ұлының қоғамдық өмірдегі сол озық қасиеттерін өзгелерге үлгі боларлық түрде қадағалай атап көрсетеді. «Мал түгіл жанға мырза еді», «Тентекті тиып жерлепті»,

«Ағайынға бауырмал, такаппар, жалған онда жоқ», «Ғылым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған», — дейді ақын Әбдірахман туралы. Осы кезге дейін қоғамның жана да жас, белсенді де әрекетті адамы туралы ой-арманын, моральдық-этикалық нормаларын жеке шығармаларында айтып келген Абай, енді оларды Әбдірахман бойынан көреді, таниды. Ақынның өзегін өртеген нәрсе де сондай адамның халқына, қауымына қызмет ете алмай, ерте сөнуге болады. «Тұла бойың ұят — ар едің» деп басталатын өлең — осы ретте ақын шығармаларының қорытындысы есепті.

Тұла бойың ұят — ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған.

Қаншама мұң мен зар, арман мен махаббат бар осы бір он жол өленде. Ақын халықтың азамат ұлына деген терең сезімін бүкіл ауыр күйзеліс салмағымен осы қысқа өлеңге шебер сиғызған. Ол «Құйрықты жұлдыз секілді туды да көп тұрмады; көрген, білген өкінді», «Жаңа жылдың басшысы ол, мен ескінің арты едім»,— дегенде сол халықтық тілек, өкінішті білдірген еді.

Абайдың Оспан мен Әбдірахман туралы өлендері оның адамгершілік идеялары мен ұнамды бейне жасаудағы тәжірибелерін әрі шебер, әрі нақты танытумен қатар, оның қоғамдық көзқарасындағы ағартушылық сипат пен жекелеген әлсіздіктерін де айқын аңғартады. Мысалы, ақынның қоғамдық өмірдегі көп кеселдерді әділ билеуші мен оқу-ағарту арқылы түземек ниеті жоғарыдағы өлендерінің бірсыпырасынан орын алады. Мұны ұлы ойшылдың жалпы творчествосындағы, сондай-ақ ұнамды образ жасаудағы ерекшелігі, өзіндік принципі деп тануымыз, бағалауымыз қажет.

Ұлы Абай көлемді, сюжетті шығармалар жасауға көп бармады, аз ғана поэмаларының өзін өзге елдердің аңыз-әңгімелері, хикаялары негізінде жазды. Ұсақ лирикалық өлендерге қарағанда көлемді көркем туындыларда қандай да кейіпкердің бар болмысымен толыққанды көрінетіні кім-кімге де аян. Абайдың бұл жанрға бойлап бармауы оның өмір сүрген кезі мен қазақ оқушысының, жалпы жазба әдебиетіміздің әлі аяғынан тік тұрып кете алмағандығына байланысты еді. Оның өзі айтқандай, «Қызды айтып қызықтауға», «ел шапқан батырдың» оқиғаларын баяндауға (яғни, сюжетті күрделі шығармалар жасауға) бармауы және оқушысына тәлім-тәрбиелік қасиеті мол, қысқа да әсерлі шығармалар ұсыну ниеті осыны аңғартады.

Әйтсе де ақынның шығыс аңыздары негізінде жазылған поэмаларында оның сөз болып отырған мәселе жайындағы шеберлігін айқындай, нақтылай түсетін кейіпкерлер жоқ емес. Солардың кейбіріне тоқтап өтейік.

Абайдың «Ескендір» поэмасын сөз етпей тұрып, атап өтерлік бір факті — Ескендір туралы өлең қазақ әдебиетінде алғаш 1879 жылы жарық көрді. Оның авторы — Ыбырай Алтынсарин, жария-

ланған кітабы — «Қазақ хрестоматиясы». Бізге осы кезге дейін Ескендір туралы шығарма жазған тек Абай делініп, оның шығармасы жеке талданып жүр. Ал, бұл мәселеге шындық пен ғылым тұрғысынан келсек, оның Абайдың бұрын Ыбырай шығармаларында пайда болғанын, бұл екі ақынның Ескендір оқиғасына бір тұрғыдан қарағанын, сондай-ақ бір вариантты негізге алғанын көреміз. Бұл өте қызық жағдай. Абайдың «Ескендір» поэмасын жазуына Ыбырайдың осы тақырыптағы өлеңінің 1879 жылы хрестоматияда басылып шыққаны ой салғанға, түрткі болғанға ұқсайды. Ал, Абайдың бұл кітаппен дәл сол тұста таныс болғанын көп деректер растайды. Мұның үстіне Абайдың да, Ыбырайдың да Низами жырын негізге алуы және ол екеуінде де Ескендірдің қанішер, бүлікші, жазықсыз жанды қырушы ретінде бейнеленіп, өлімге лайық адам боп суреттелуі (Низамиде ол халықтың басын қосушысы, бастаушысы, ірі қолбасшы күйінде бейнеленеді) біздің жоғарыдағы пікірімізді дәлелдей түседі.

1905 жылы «Қазан университетінің археология, тарих және этнография қоғамының хабаршысында» (XXI т. 4 шығуы) Н. Саркин дегеннің «Александр Македонский туралы қырғыз өлеңі» деген атпен мақаласы жарияланды, Ыбырай өлеңінің тексі басылып шықты. Бірақ, автор бұл өлеңінің кімдікі екенін білмейді, тек Орынбор губерниясының Торғай облысында тараған ән деп қана көрсетеді, текстегі жеке сөздерге өзінше түсініктеме береді. Бұл мақаланың бағалылығы — Ескендір туралы өлеңнің қалай тараса да, өткен ғасырдың соңғы жылдарында қазақ даласының кей жерінде орын алуын көрсетуінде еді.

«Ескендір» поэмасында Абай соғысқұмар, қантөккіш Ескендірге атакты ғалым Аристотельді қарсы қояды. Мұнда Ыбырайдың «Ескендіріндегі» Қыдыр — Ілиястан Аристотельдің атқарып тұрған ролі артық және айқын. Ыбырайда Қыдыр — Ілияс әкеліп берген мәңгілік суы Ескендірдің аузына бармай, ол өлімге душар болса, Абайда бұл идея Аристотель арқылы мүлде өзгеше түрде шешіледі. Аристотель поэманың Низами вариантында жоқ — оны Абай Ескендірге қарсы қою үшін алған. Ақын осы арқылы зұлымдық пен ақыл-ойды тепе-тең ала отырып, зұлымдық қаншама күшті, қаншама қаһарлы болғанымен ақыл-ойды жеңе алмайтынын дәлелдеуді көздеген. Дүниені қанға бөлеген Ескендірдің Аристотель алдында жеңілісі, күш пен зорлық қаншама тегеурінді болғанымен, олардың да жетер жері, таусылар тұсы бар екені Аристотельдің ауызымен айтылуы осының нәтижесі. Ақынның Ескендірді «Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен», «Көп елді күтінбеген қырды, жойды», «Жазасыз жақын елдің бәрін шапты», «Араны барған сайын қатты ашылып, жердің жүзін алуға ой ойлады», — деп суреттесе, Аристотельді «Жолдасы — Аристотель ақылы мол»,

«Сол күнде Аристотель жеке дара, ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара», — деп сүйсіне бейнелеуі де сол ойдың, мақсаттың көрінісі. Сөз жоқ, Аристотель бейнесінде де ақынның ақыл-ойға ерекше үміт артқаны, оның қоғамдық маңызын асыра бағалағаны байқалады. Алайда, оның әділетсіздік пен зорлықшыл күштің аңызға айналып кеткен символы — Ескендірге қарсы қойылып, адамдық биік қасиеттерінің ашылуы ұнамды факт. Оның кезінде оқушысы үшін де, жалпы әдебиетіміз үшін де үлкен маңызы осында.

Шығыс аңыздарының бірі негізінде жазылған «Масғұт» поэмасы да Абайдың қоғамдық, эстетикалық ой-пікірлерімен тікелей ұштасқандықта туған. Осы поэманың кейіпкері — Масғұт арқылы ол өзіндік көзқарасын, өмірден түйген түйіндерін білдіреді. Адамға жақындығына, жағдайына қарамастан қолдан келгенінше көмектесу, жәрдем беру адамдық қасиет деп танитын Масғұт көшеде ұрылар жабылып сабап жатқан «бишара шал байғұсты» құтқарып алады, осы жолда көрген қорлығына да, ауыр жаралағанына да өкінбейді, өйткені әділдік, адамдық үшін өлуге де болады деп түсінеді. Сондықтан да ол «Ұрыға жібермедім мен намысты, кім пұлдар мұндай-мұндай қылған істі», — деп өз ісін асқақ мақтанышпен еске алады. Поэманың екінші бөлімінде жәбірленуші шал оған үш түрлі қасиеті бар үш алманы ұсынғанда ол ақылдылық пен байлықтан безіп, әйел қауымының досы, жан сүйері болуды қалайды. Ақылдылықтан қашқанда ол надан, қараңғы жұрттың арасында жалғыз ақылды болудың трагедиялық жайын лайықты бағалап қарсы шықса, байлықты жек көргенде, өзге жұрт қайыршы боп жүргенде, ала-бөле байлықтың өзіне ешқандай рахат әкелмек еместігін біліп ұнатпайды. Ал, оның әйел қауымын жақсы көруі ұсақ тоғышарлық нәпсінің құлы болушылық ниеттен әсте аулақ. Әйелді ол халықтың жартысы деп ұғады, биік адамдық қасиеттері үшін сүйеді, қадірлейді, одан өзіне рухани сүйініш, тірек таппақ болады. Бұл жағдайлардың қайсысы да Масғұтты ұнамды образ ретінде ұстарта, даралай, сомдай түседі.

Ұлы ақынның ұнамды образ жасаудағы тәжірибелеріне шолу жасағанда, оның бұл проблемаға өзінің идеялық-эстетикалық принциптері тұрғысынан келгенін және біралуан еңбек еткенін көреміз. Оның осы еңбегі әлі де арнайы зерттеуді, өзіндік сырларын, заңдылықтарын аша түсуді талап етеді. Мұның өзі ақын мұрасының соны қырларын қазіргіден де молырақ тануымызға көп көмегін тигізері сөзсіз.

1956.

ҚУАТЫ КҮШТІ НӘРЛІ СӨЗ

Абайды тану, зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымымен, сынымен бірге туып, бірге өсіп келеді. Осы ғылым мен сынға қазір қанша

жыл болса, Абайды тани, біле бастағанмызға да шамамен сонша жыл. Бұл заңды да. Өйткені Абай революцияға дейінгі көркем сөз өнеріміздің тарихы мен тәжірибесі туғызған асқаралы биік шыңы, бір адамға тоғысқан көркемдік синтезі, үздік сапасы, жинақталған жетістігі. Сондықтан әдебиет ғылымы мен сыны алғашқы әліппесін Абайды зерттеп, білуден бастап, сонымен бірге есейіп, кемелденіп келеді. Ғылым мен сын қандай қиындықтарды, ізденулерді бастан өткізсе, Абайды тану да қазіргі деңгейіне қиындықсыз, пікірлер таласынсыз жеткен жоқ. Ғылым мен сынның бүгінгі дәрежесін абайтанудың жеткен биігімен өлшеп, тануға, бағалауға болады.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихында Абайдан көп зерттелген ақын жоқ, соның нәтижесінде ақын мұрасының негізгі проблемалары бүгінге дейін едәуір шешілді де. Абайды М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, М. Сильченко т. б. тәрізді көрнекті ғалымдар, жазушылар ұзақ жылдар бойы жемісті зерттеді. Бұған қоса, әдебиет пен көркемдік ой-пікір саласында кейінгі 50—60 жыл ішінде еңбек еткен адамдардың Абай туралы жазбағаны, өзіндік ойларын ортаға салмағаны кемде-кем. Соның нәтижесінде әдебиеттану ғылымының іргелі салаларының бірі — абайтану бүгінгі үлкен биігіне көтеріліп отыр.

Соған қарамастан Абайды тану, зерттеу өмірдің өзі сияқты толассыз, тоқтаусыз құбылыс және солай болуға тиіс те. Өйткені мәселеге шындап, бүгінгі интеллектуал оқушының көзімен қарасақ, Абайды тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып, үйрену өзін мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың азаматтық парызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеу мен өсірудің бірден-бір құралы. Сондықтан Абайды оқу мен зерттеу қашан да қажет, қашан да актуалды мәселе. Ұлы ақынның мұрасы көп оқығаннан, көпшілік боп оқығаннан азаймайды, қайта оқыған сайын асылын аша, ақтара түседі. Әр ұрпақ түгіл, ол — әр оқушыға замандас, сырлас, жақын қимас құрбы. Әр оқушы оны өзінше ашып, одан өзінің рухани көркемдік тілектеріне жауап табады, нәр алады, эстетикалық талабы мен талғамын есейтеді, өсіреді, өмір мен өнердің шебер үйлесу, үндесу үлгісін тауып, тағлым, сабақ алады. Сөйтіп, Абайдың біздің бүгінгі өміріміз бен болашаққа тигізер әсері мен ықпалы өлшеусіз зор.

Абайды оқып үйрену, тереңдей зерттеу дегенді дұрыс түсінуіміз қажет. Кемеңгер ақынның мұрасы көпіртіп көп жазғаннан көркеймейді, аз да болса мәз жазылған, бұрынғы жақсы еңбектердің дәрежесінен төмендемеген, қайта соларға қосылып, ақын поэзиясының соны сырларын аша, ақтара түсетін азды-көпті зерттеулер арқылы ғана көркемдік даналығын таныта түспек. Академик Д. С. Лихачев кейінгі кезде бір маңызды мәселені көтеріп жүр.

Мәдени ескерткіштерді қорғайтын қоғамдар құрғанымыздай, «мәдени құбылыстардың орыс тілі, әдебиет классиктерінің шығармалары тәрізді түрлерін де қорғау қажет. Дилетантизмнің полигоны сияқты бірдемеге айналып кеткен «Игорь полкы туралы жырға» өзгеше көңіл бөлу керек», — деп жазды ол («ЛГ», 11.7.84). Бұл принципті мәселенің бізге де қатысы жоқ емес. Әсіресе, Абай мұрасы төңірегіндегі сөз жеңіл-желпі, қалай болса, солай айтыла салмауы қажет. Біле білсек, қазір біздің әдебиетімізде, көркем сөз өнерімізде, көркемдік тарихымызда Абай туралы жазудан қиын нәрсе жоқ. Бұл ол жайында осы кезге дейін көп және жақсы жазылғандықтан ғана емес, Абай поэзиясының теңдесі жоқ тұңғыш тереңдігінен, оның тереңдегі көркемдік ойлар мен сырлардың, шындық пен шеберлік жайларының оңайшылықпен көріне, таныла бермейтіндігінен. Осылардың бірде-біріне байыптап бара алмай, мәселенің көзге ұрып тұрған бетін қалқып жазғаннан, яғни, ақын өлеңдерін жалаң мазмұндап, тізбелеуден Абайға да, ғылымға да қосылар мәнді қосымша жоқ.

Абаймен алғаш танысқан немесе оны қайталай оқыған сәтте оқушының ойына қашанда бір ой келеді. Ол осынша ұлы ақынның дала өмірінде туып, дүниеге келуімен байланысты. Абайдай ақынның қоғамдық өмірге келуін алуан түрлі тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, көркемдік жайлармен бірлікте түсінуге, түсіндіруге, дәлелдеуге болатыны белгілі. Ал, осы жайды жалаң факты ретінде алып қарастырсақ, бұл — мейлінше жарқын да мейлінше алып құбылыс. Өмірде мұндай құбылыс аса сирек кездеседі. Табиғатта оны айсыз қараңғы түнде жарқ етіп, жер мен көкті бірдей жарық нұрға бөлейтін найжағаймен ғана салыстыруға болар еді. Сан ғасыр бойы ауыз әдебиеті дәстүрі негізінде, шағын ғана жыр формасында жалғасып келген көшпелі елдің ақындық өнерін дүние жүзіндегі ең озық, ең өрелі, өнегелі, мәдениетті деген классикалық поэзияның дәрежесіне бір өзі аз ғана жылдар ішінде жеткізген адамның өлшеусіз еңбегіне басқаша теңеу табу қиын. Абай поэзиясының табиғаттағы найжағайдан өзгешелігі — найжағай бір жарқ етіп жоқ болса, Абай поэзиясы халықтың арына, санасына, көркемдік тәжірибесіне, поэзиясының табиғатына сіңіп, онан әрі тіршілік жүйесін тапты, дамыды, үздік дәстүріне айналды.

Сонымен қатар Абай поэзиясы соншалықты жоғары сападағы жаңа поэзия болғанымен, көктен түскен жоқ. Ол қазақ топырағында туды, қазақ халқының бойында заманалар бойы жиналған ақындық қуат пен дарын туғызды. Сөз өнерін алыс дәуірлерден қадір тұтып, қастерлеген, аталы сөзді көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған халықтың бай көркемдік тәжірибесі қоғамдық дамудың жаңа бір бұрылысында, орыстың озық мәдениетімен, классикалық поэзиясымен жаңа байланыс

жасаған шақта Абай поэзиясын аса зор күш-қуатпен сыртқа шығарды.

Абайдың ақындық өмірінде де шәкірттік кезең мейлінше аз, қысқа немесе оның шәкірттік туындылары біздің дәуірімізге жеткен жоқ. Ақын мұрасының басы ретінде саналып жүрген шығыс поэзиясы үлгіінде жазған екі-үш өлеңінің өзі шын мағынасындағы шәкірттік туындылардан гөрі, шығыс поэзиясын жақсы білетін, оның озық жақтарынан толық хабардар, көркемдік әдісін едәуір меңгерген, сол поэзиямен иық тірескен өнерлі жастың өлең әлемінде еркін сезінуін молырақ танытады. Бұлардан бала шәкірттің аяғын аңдап, сенімсіз басуынан гөрі, өлеңнің қандай түрі болса да қиналмай, қысылмай, таусылмай шығара алатын ақындықтың қуатты беталысын көреміз. Осы өлеңдерде, бір жағынан, шәкірттік тағлым мен тағзым бой көрсетсе, екінші жағынан, шығыстың қазақ арасында қалыптасқан өлең түзеу тәсілін келемеждеу талабы да жоқ емес. Өлеңдерін араб, парсы, шағатай үлгісінде жазса да, Абай сол тілдегі оқушылар үшін емес, қазақ оқушыларына арнап жазды, қазақ ақындарының, әсіресе, кітаби аталған дәстүр шеңберінен шыға алмай, шығуға да ұмтылмай, араб, парсы, түркі сөздерін неғұрлым үйіп-төгіп көп қолданса, өлеңнің өлеңдік қасиеті солғұрлым арта түседі деп таныған түсінігін сынады.

Абайдың шәкірттік кезеңі мейлінше аз, өлең өнерін бірден ұлағаттық қасиеті мол туындылардан, жас та болса ұстаздықтан бастады деген пікірімізді жандандыра түсу үшін өзге бір жайды да еске алуға болады. Ақын өлеңдерінің алғашқы тобынан саналатын «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін алайық. Бұл өлеңді өнермен енді ғана шұғылдануға бет қойған жастың шығармасы деу мүмкін емес. Өлең табиғат пен өмірді, адамды шын суреткердің көзімен көріп, жүрегімен сезінуден туған өте шебер шығарма: мәселе мұндай өлеңдердің бұрынғы қазақ ақындарында болмағандығында емес, оның өзгеше көркем күшінде, сөз құдіретімен жанды көріністер жасауында, табиғат пен адам қызығының қиылысқан тұстарын суреттеу парасатының жаңалығында, соған лайық сөз бояуын тауып, өмірдің шындық сәттерін өнердің өрісі кең шындық биігіне көтеруінде.

Өлең өнеріндегі осы биігін Абай өмірінің соңғы минутына дейін өсірмесе, бір төмендеткен емес. Сондықтан ол тірі кезінде ғана емес, өлгеннен кейін де ұлы ұстаз ақын, ойшыл ақын, дана ақын боп қалды. Абай ақындығының ұлылығы — өлеңнің сыртқы сұлулығында ғана емес, өлең түрінің әртүрлілігі мен шеберлік шыңына көтерілгенінде де емес, өмірмен тыныстаған, өмірдің өзекті проблемалармен астасып жатқан, оның өзгеру, өсу талабымен үндескен, озық идеяларының көзін өмірден алған ойшыл, шыншыл, сыншыл поэзия болуында. Соның нәтижесінде ғана ол өзінің

ақындық өнерімен қазақ өмірінде жалпы ақын туралы түсінікке, өлең туралы ұғымға, поэзияның қоғамдық орны, қызметі туралы түсінікке мүлдем жаңа мазмұн, сапалық мазмұн, мағына, міндет әкелді, жүктеді. Ақын сөзімен айтқанда «көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап», «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» жүрген ақындардың арқасында «Қазақта өлең деген бір қадірсіз» қалыптан өнерді, өнер иесін де қазақта бұрын болып көрмеген абырой мен атақ дәрежесіне шығарды, Н. Г. Чернышевский сөзімен айтсақ: «әдебиетті ұлттық қызмет құрметіне дейін көтерді». Бұл қазақтың ескі ұғымындағы ақынның емес, ақындықты Абайдай ұғынған ғана адамның ісі, үлесі еді. Ол осы тарихи миссиясын тамаша орындады. Қазақ жағдайында поэзия толық мағынасында «өмір оқулығы» дәрежесіне алғаш Абай творчествосы арқылы жетіп, өмірдің белсенді құралы қызметін атқара бастады, адамдық үшін, әділдік үшін, теңдік үшін, озық мәдениет үшін күресуді негізгі идеялық-көркемдік мақсатына айналдырды.

Абай қазақ қоғамында феодалдық өмір салтының іргесі сөгіліп, оның орнына капиталистік қатынастар келе бастаған тұста өмір сүрді. Оның реализмінде осы екі түрлі қоғамдық қатынастың да ізі жоқ емес. Біздіңше Абай сыншыл реализмге ағартушылық реализмнен келді (Ғалымдардың дүние жүзі әдебиетінің тарихы мен тәжірибесіне сүйеніп жасаған қорытындысын еске алсақ, ағартушылық іс идеология ретінде де, әдіс ретінде де феодалдық қоғам тұсында туып, оның құлауына, кейінгі қоғамдық формацияның тууына көмектеседі, қызмет етеді). Дала өміріне Шокан, Ыбыраймен келген ағартушылық идеология халықты өнер-білімге, озық мәдениетке үндеу, шақыру т. б. Абай творчествосында алдымен ағартушылық реализмді туғызды. Ағартушылық реализмнің адам туралы концепциясында адам тағдыры негізінен алғанда оның жеке басының мінез-құлқына, білімді-білімсіздігіне қарай қойылып, шешілгені белгілі, әдебиеттің ең алдымен тәрбиелік, педагогтік мақсатта туып, қызмет атқарғаны мәлім. Абай творчествосының алғашқы тұсында осындай көркемдік тәсілдің біраз орын алғанын білеміз. Басқаны айтпағанда, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» т. б. сияқты хрестоматиялық өлеңдерінің өзінде поэзияны тікелей тәрбиелік мақсатта пайдалану, адам мінезінің кемшілігін сын арқылы түзеу, өмірге осы негізде әсер ету талабы мен тәсілін аңғару қиын емес.

Бірақ, Абай бұл тәсіл төңірегінде ұзақ қала алмады, қоғамдық өмірмен бірге өсіп, оның тереңінде жүріп жатқан процестерді білуге, тануға ден қойды, біржолата ойысты, кешікпей адамды қоғамдық, әлеуметтік өмірдің көрінісі, жемісі, нәтижесі, әлеуметтік тип ретінде тану, бейнелеу биігіне көтерілді. Адам психология-

сындағы мың сан құбылыстарды терең зерттеп білудің, шебер суреттеудің нәтижесінде қоғамдық өмір шындығының үлкен панорамасын жасады. Белгілі сатиралық туындыларында ол екіжүзді, алаяқ, сұм-сұрқия болыс, старшын ауылнайларды; арамза, пасық, тоғышар қожа, молдаларды; еріншек бекер мал шашпа даңғой, мақтаншақтарды; бәсеке мен ру араздығын, таласын қоздырушыларды; қызды ауылға қырындауды өнер көретін желөкпе, жалқау, бойкүйездерді; арсыз, малсыз, ақылсыз шаруасыздарды, «күнде өзімшіл ептіні», «ұрлық пен қулықты қызық көрер» жандарды т. т. өлтіре сынау арқылы қазақ ауылындағы ескі өмір салтының билік пен билеу тағандарын, тәртіптерін, әлеуметтік негіздерін, күн көріс характерін, адамдар арасындағы қатынасын іске алғысыз етті. Творчествосының бүкіл мазмұнымен, рухымен ендігі жерде мұндай өмірдің тозығы жеткенін, басқаша, жаңаша өмірді іздеу қажеттігін көркемдік тәсілімен, құралымен дәлелді, «нанымы жоқ, салты бар, ел нұсқасы кетті ғой», — деп түйді ақын. Бұл оның өзі өмір сүрген қоғамдық, әлеуметтік өмірге, ортаға шығарған қатал үкімі еді. Ақынның қоғамдық өмірді, адамдардың қоғамдық қатынастарын сынаған, әшкерелеген өлеңдері қатты зіл, қатал үкім, ащы сын, сатиралық әшкерелеу түрінде көрінсе, «Күлембайға», «Болыс болдым мінеки» т. б. өлеңдерінде сын мазақтау, масқаралау, күлкі ету түрінде көрінеді. Осы орайда орыстың ұлы реалист жазушысы Н. В. Гогольдің «Ревизор» комедиясы туралы «Автор сырында» айтқан мына бір сөзі еске түседі: «Күледі екенсің, бүкіл қауым боп күлкі, мазақ етуге тұрарлық нәрсеге аяусыз күлу керек: «Ревизорда» мен Россияда сол кезге дейін өзім білетін жамандықтың бәрін, адамнан ең әділдік күткен жерде, жағдайда орын алып жүрген барша әділетсіздікті бір жерге жинап көрсетуге тырыстым».

Абайдың би, болыстарына осы тұрғыдан қарап отырсақ, Гоголь мен Абайдың ұнамсыз типтерді тану, суреттеу, жинақтау принциптерінде үлкен айырманың жоқ екені былай тұрсын, көп жақындықтың барын байқаймыз. Атап айтсақ, қазақ ақыны дала өмірінің билеу жүйесіндегі бүкіл екіжүзділік пен жауыздықты, алдамшылық пен арамзалықты қолында билігі бар, былай қарағанда әділетті болуға-ақ тиісті біреу адамның басына іріктей, типтей жинастырып өлтіре күлкі етеді, әлдінің алдында шыбындап, әлсізге келгенде қырындап қалатын іші жалаң, сырты далаң билеушіні қоғамдық өмірдегі ең басты әлеуметтік кесапат, зиян кейпінде суреттейді, мұндай билеушілермен елдің оңбағы қиын екенін бейнелейді. Сөйтіп, кемел әдебиеттің негізгі белгілерінің бірі — автор ойынан туған кесек, іріленген, дараланған әдеби бейне болса, Абай оны жай көрсетіп қана қойған жоқ, жинақтаушы әлеуметтік типтік тұлға дәрежесіне жеткізді. Оның болысы, ауыл-

найы, би, молдасы, алаяқ атқамінері, ел пысығы т. т. иісі қазақтың бар дәуіріне ортақ емес, белгілі бір тарихи кезеңнің, яғни, Абай заманының әлеуметтік топтарының жинақтаушы өкілдері, сол өмірдің өзі туғызған, өз бойларынан өмір шындығын мол танытатын көркем тұлғалар. Осы образдардың жинақтаушылық күшінің қуаттылығы соншалық — тіпті өзге қоғамдық өмірдегі оқушының өзін арамдық атаулыдан сақтандырып, адамдық, ізгілікке тәрбиелейді, ақын поэзиясының өміршең сипатын ұғындыра түседі. М. Әуезовтің сөзімен айтсақ, «Қазақ халқының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық өмірін кең де нақты, жан-жақты әрі сыншылдықпен суреттеу үшін тек сыншыл реализм құралдары қажет еді. Абай реализмі сондай реализм болды». Ақын өмір сүрген заманның тұтас қозғалысы мен қажеттілік туғызған әлеуметтік-қоғамдық проблемаларының оның творчествосынан өзіне лайық орын алмағаны жоқ және осы жайлардың қайсысы да өмірдің өзіндегідей өсу, ілгерілеу тұрғысында суреттеліп, үлкен көркемдік шешімін табады.

Абай ақындық өмірі бойына қоғам мен адам тағдырын суреткер көзімен қарап, зерттеуден жалыққан емес. Қоғам мен адам және адам мен адам арасындағы қайшылық пен теңсіздік сырларын ашқан сайын ақын творчествосының тақырып шеңбері кеңейіп, қоғамдық көзқарастары тереңдеп, мол өріс алып отырды. Өмір шындығын, оның көлеңкелі жақтарын көбіне-көп адам мінезіндегі, ара-қатынасындағы иірімдер, қылықтар, әртүрлі есеп-қисаптар, пысық та пасық мінездер арқылы ашқан ақын сол өмірден соншама сүренсіз, сұрғылт жайларды көп көрсе де, «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» деп ауық-ауық жабықса да, өмірден түңілген жоқ. Кейбір замандас ақындар тәрізді, өмір қызығын өткен дәуірден іздеп, артына да қарайлаған емес, қайта алға ұмтылды, болашақ ұрпаққа, бізге жетуге асықты, ақындық еңбегінің бар рухымен, гуманистік мән-мағынасымен, өлмес идеяларымен ілгері талпынды, алдағы өмірдің әділдігіне, ізгілігіне үміт артып, зор сеніммен қарады. Ақын творчествосының өшпес, өлмес сипаты осында.

Шын поэзиядағы азаматтық үн, әуен дегеніміз ақынның әлеуметтік позициясы, халқына, еліне деген шексіз махаббаты, оған қызмет ету құралы деп қарасақ, осы азаматтық сезімді қазақ поэзиясының бойына алғаш толық сіңірген Абай. Үлкен поэзия үшін ауадай қажет осы қасиетті Абай поэзияның бойына дарытып қана қойған жоқ, оның айнымас, ажырамас сипаты мен өнегелі дәстүрінің біріне айналдырды.

Абай қазақ өлеңінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси өрісін өлшеусіз кеңейтумен бірге, философиялық, жинақтаушылық, синтездік сипаттарын зор белеске көтерді. Ақынның кез-келген өлеңі фило-

соф суреткердің өмір мен адам туралы ойшылдықпен толғауы, толғанысы, өмір құбылысының мән-маңызын тереңнен тербеп бейнелеуі десек, асыра айтқандық болмайды. Абай философиясы дала тұрғынының тұрмыс философиясы ғана емес, тұрмыс философиясының әлемдік философиямен табысып, үйлесім табуы, сол арқылы қазақ өлеңінің табиғатына еніп, жаңа өмір мен оқушысын, тыңдаушысын табуы.

Ол қазақ өлеңін көркемдік жағынан да түрлентіп, түлетті. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» жасауды поэзияның өзекті программасы етіп қойған ақын өлеңнің терең мазмұнына лайық түрін де байытып, жаңартты. Қазақ өлеңі шын мәніндегі өнер, шеберлік үлгісі дәрежесіне Абай поэзиясынан бастап көтерілді. Қазақ өлеңінің бай мүмкіндігін шартарапта ашқан, танытқан Абай осы өлең арқылы өмір мен адамның барша проблемасын, кеңірек алсақ, бүкіл адамзаттық проблемаларды шеберлік шыңына көтере қоюмен шешуге болатынын өз творчествосы арқылы дәлелдеді. Бұл арада Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жаңа түрлерін санап жатудың қажеті болмас, өйткені ол талай айтылып, жазылып жүрген жай. Әңгіме поэзия туралы болғанда негізгі мәселе оның түрінің көптігінен гөрі, сол түрлердің мазмұнымен үйлесімі туралы болуы қажет. Осы жағынан алғанда Абай қазақ поэзиясында, жалпы көркемсөз тәжірибесінде шығарманың мазмұн мен түр бірлігінің тамаша үлгісін жасаған тұңғыш суреткер. Оның әр өлеңі дерлік сол бірліктің, әдемі тұтастықтың жеке-жеке қайталанбас үлгісі десек, тіпті, дұрысырақ болар. Ақынның махаббат лирикаларынан бастап әлеуметтік өлеңдеріне дейін, табиғат лирикаларынан жеке арнау өлеңдеріне дейін поэзиялық, көркемдік кемелдену үлгісін көреміз.

Кеменгер ақын орыстың классикалық поэзиясынан үйрене отырып, орыс және Европа елдері әдебиетінің заңғар биігіне көтерілді. Абайдың ұлылығы сол — жеке бір халық әдебиетінің томағатұйық, жалқы тірлікпен жөнді дами алмақ еместігін қазақ топырағында бірінші боп тани білді, әдебиеттер байланысының, әсіресе, орыс-қазақ әдебиеті байланысының интернационалдық негізін берік қалады. Бұл қазақ мәдениеті үшін жалпы дүниежүзілік озық мәдениетке қарай салынған алғашқы жол, достық, ынтымақтастық жолы еді.

Абай поэзиясының тілі — ғажап құбылыстың бірі. Халықтың ауыз-екі тілін, ауыз әдебиеті мен ақындар поэзиясы тілін осыншама құбылту, түрленту, жан бітіру, адам таңданарлықтай жаңа да кемел дәрежеге жеткізу, өлеңнің әр жолы ғана емес, әр сөзіне ауыр салмақ беріп, әлеуметтік және көркемдік үлкен қызмет арту тек ұлы ақынның ғана үлесіне тиер іс. Абай сол істі жүзеге асырды. Оның осы еңбегін ертеден кешке дейін алтын жатқан жердің

топырағын жалғыз қазып, соның арасынан ерінбей-жалықпай қасиетті металл іздеген және сол іздегенін тапқан ең бақытты адамға салыстыруға болар еді. Абай поэзиясының тілі — халық тілін таза ұстаудың, қадірлеудің, оның асыл маржандарын тауып, таңдап, талғап ала білудің үлгісі, дүниенің қандай шындығы мен проблемасын да көтеру мен бейнелеуге құдіреті жетерлік тіл екенін дәлелдеді. Абай әдеби тілімізді жаңа сапаға көтеріп, ұлттық мақтан тұтуға тұрарлық дәрежеге жеткізді.

Абай — адам рухы ұлы шындарының бірі. Ол ақын, азамат, ақылшы ретінде қашан да біздің арамызда. Оның мұрасы халқымыздың мәңгі ескіrmес рухани серігі, сүйікті кітабы.

1985.

ҒҰЛАМА

Қазақ халқының тұңғыш демократ ғалымы, ағартушысы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына жүз елу жыл¹ Жалпы тарих тұрғысынан қарағанда бұл онша көп уақыт емес, ал, белгілі бір адамның өмірі мен еңбегі, оған тарих пен қоғам, халықтың саралай берген бағасы тұрғысынан алғанда аз да емес. Сөйтсе де кейінгі буынның, әрбір жаңа ұрпақтың тұңғыш ғалымға деген ыстық ықыласы мен разылық сезімі азаймақ емес. Уақыт бұдан да алға озып, Шоқан негіздеген, алғашқы бетін өз қолымен жасаған ғылым да жаңа шындарға биіктей түспек, ғылыми-техникалық революция дәуірінде оқушы жұртшылық та, оның мәдени, ғылыми дәрежесі де жаңа сатыларға көтеріле бермек. Бірақ, Шоқан әрбір жаңа қауымның көзі мен көңілінде әрқашан баяғы тірі кезіндегідей, толассыз, тоқтаусыз творчестволық іздену, өрлеу үстінде, жаңа ғылымдар жасау жолында, ғылыми жаңалықтар ашу өрінде, әділетсіздік пен надандыққа қарсы қатал күресте, адамдық пен әділдік үшін табан тірескен тартыста, 25—30 жастағы жалын атқан жас күйінде көрінеді.

Иә, қазақ мәдениетінің көгіндегі аса ірі жарық жұлдыздың бірі — Шоқанды уақыт ұмыттыра алмайды, ол бізден қанша алыстаса да, жарығы мен сәулесін бәрімізге бірдей түсіреді. Уақыт өткен сайын халықтың ғылыми, қоғамдық санасы өсуімен бірге, сол санада Шоқан да өсіп, биіктей түседі, оның азаматтық тарихымыздағы баға жетпес еңбегі мен ролін тануымыз бен бағалауымыз да, қадір тұтуымыз да арта, терендей береді. Айталық, Шоқанды бүгінгі тануымыз бұдан 70—80 жыл, тіпті, 30—40 жылғы бұрынғыдай да емес. Әлдеқайда кең, терең. Алдағы буындар оны бізден

¹ Бұл мақала Ш. Уәлихановтың 150 жылдығына орай жазылған еді. — Редколлегия алқасы.

де тереңірек танитынына сенім мол. Мұның аты — халқының ұлы перзенті — Шоқан сол халқымен қашан да бірге жасайды, өсуде де, өрлеуде де, күресте де деген сөз.

Шоқан қазақ қоғамының жаңа бетбұрыс кезеңінде әлеуметтік өмірге келді. XVIII ғасырдың 30-жылдарынан басталған Қазақстанның Россияға қосылу процесі XIX ғасырдың 60-жылдарында біржолата аяқталды. Қазақ қоғамы бірте-бірте Россияның шаруашылық-экономикалық жүйесіне қосылып, өзгеше даму жолына түсті. Патша үкіметінің отарлаушылық саясаты жергілікті халықты езіп, жаншып, екіжақты қанаушылыққа душар еткенімен, орыстың демократиялық мәдениеті дала өміріне өз жолы, өз жөнімен келіп, озық ғылым мен өнерге сусап, шөлдеп отырған халық арасына тез сіңіп, терең тарай бастады, кешікпей алғашқы жемістерін де берді. Соның бірі Шоқан еді.

Ұлы ғалымның Омбы кадет корпусында оқыған жылдары (1847—1853) оның болашақ өмірінің мәні мен мағынасын, мақсатын айқындады. Кадет корпусында бұл тұста орыстың қоғамдық, әлеуметтік, саяси ой-пікірлерімен әр дәрежеде байланысты бірқатар аса білімді, өзге халық өкілдеріне өгейсітпей қарайтын парасатты жандар жұмыс жасады. Олардың ішінен, әсіресе, жан-жақты және терең білімді жас офицер, корпусстың инспекторы И. В. Ждан-Пушкинді, шәкірттеріне шығыс тілдерін үйреткен, Шоқанды өзгеше жақсы көріп, корпус қабырғасында жүргенде-ақ оны ғылыми жұмыстарға баулыған, белгілі шығыстанушылармен таныстырған, өзі В. Г. Белинский идеяларының негізінде өсіп, тәрбиеленген, тілші, әдебиетші Н. Ф. Костылецкийді, студенттер қозғалысына қатысқаны үшін Омбыға жер аударылып келген өте білгір тарихшы, шәкірттеріне оқу программасынан тыс саяси білімдер де беріп отырған Г. В. Гонсевскийді, Н. Г. Чернышевскийдің жас кезіндегі досы В. П. Лобадовскийді, басқа да көптеген адамдарды атауға болады. Бұлар жас та зерек Шоқанға білім беріп, ғылым-білімге құштарлығын арттырып, бірнеше тіл үйренуіне көмектесумен бірге, саяси, қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына зор ықпал жасайды. Омбыда бұл кезде әртүрлі қызметте жүрген саяси көзі ашық, ғылым мен мәдениеттен, орталық Россиядағы өмір жайларынан хабардар өзге де адамдар аз емес еді. Осындай Гутковский мен Капустин семьялары шәкірт Шоқанды әрдайым құшақ жайып қарсы алып, өздерінің құрметті қонағындай күтіп, сыйлайды, қаланың осы үйлерде жиі бас қосып тұратын зиялы қауымымен таныстырады, табыстырады.

Шоқан кадет корпусындағы оқуын аяқтап, «атты әскер армиясының» көрнекті (офицерлік чин) атағын алып шыққаннан кейін де, орыстың озық мәдениетімен, ғылым-білімімен байланысын үзбейді, қайта тереңдете түседі, адамдарымен де достық, творчест-

волық қарым-қатынасын жалғастыра, өрбіте түседі. Осы орайда ең алдымен Шоқанның жастығына, тәжірибесіздігіне, жалғыздығына қарамай, оның жеке басындағы асқан дарыны мен сирек адамгершілігін жоғары бағалап, онымен достық қатынасын өмір бойы кіршіксіз сақтаған орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевскийді, әйгілі ғалымы П. П. Семенов—Тянь-Шанскийді, революционер-демократ ақын С. Ф. Дуровты атау абзал. Өмір мен өнердің, ғылым мен мәдениеттің осындай әртүрлі тағдыр иелері Шоқанмен әркезде кезігіп, оның тарих пен өзі өмір сүріп отырған ортаға, дүниеге, болашаққа қатысы мен көзқарасын, жалпы дүниетанымын есейте, кемелдендіре түседі, адамзат мәдениетінің тарихын түсініп, біліп қана қоймай, оның көптеген түбегейлі мәселелерін өз бетімен пайымдау, бағалау деңгейіне дейін жеткізеді.

Бұларға қоса, орыс мәдениеті мен ғылымының астанасы — Петербургте болып, көптеген озық ойлы адамдармен кездесіп, танысу, әңгімелесу, пікір алысу, П. П. Семенов—Тянь-Шанскийдің көмегімен Петербург университетінен лекциялар тыңдау т. б. жас, албырт Шоқанды ірі ғалым, тамаша азамат ретінде тәрбиелей, шындай, биіктете түседі. Сондықтан да оның ізгі ниетті орыс адамдарымен, әсіресе, орыс және дүниежүзі әдебиеті мен ғылымында өшпес із қалдырған Ф. М. Достоевский, П. П. Семенов—Тянь-Шанский тәрізді аса көрнекті ғалым, өнер қайраткерлерімен достығын жеке адамдардың арасындағы бір-біріне жай көмек, шағын қамқорлық, ішінара ілтипат деп қарау әлдеқайда аздық еткен болар еді. Бұл осы жеке адамдық сезімдердің қайсысынан да жоғары тұрған қасиетті құбылыс, тарихи мәнді, маңызды шындықтардың көрінісі. Мұны бір жағынан орыс халқының демократиялық мәдениетінің ұсақ халықтар мен ұлттарға деген таза гуманистік, шынайы интернационалистік, туысқандық, бауырмалдық кеңдігі мен көмегінің нақты бір көрінісі деп бағаласак, екінші жағынан, Шоқанның қазақ қоғамының даму беталысы мен бағытын көргендікпен танып, соған лайық ғылыми, саяси дұрыс қорытынды жасай алғандығының куәсі, туған халқының жарқын болашағын орыс халқымен достықтан көрген, таныған қоғамдық көзқарастарының белгісі десек, әділін айтқан боламыз.

Шоқан қазақ қоғамының арғы-бергі тарихындағы көптеген негізгі мәселелерді дұрыс түсініп, өте орынды бағалады. Әсіресе, қазақ қоғамын Россиямен қосылуға әкелген ішкі-сыртқы жағдайлар мен осы қосылу процесінің ел тарапынан еріктілікпен жүзеге асырылғанын алғаш ғылыми әдебиетте айтқан, жазған, дәлелдеген — Шоқан. «Азаматтық тарихы күдіксіз үміттер күттіретін, орыстарды өздерінің отандас туысы санайтын, орыстарға өз еркімен қосылған адамдардың тағдыры шешуші мәселелерде айрық-

ша назар аударуды, үлкен қамқорлықты қажет етеді», — деп жазды ол туған халқы жайында.

Шоқан оқып, тәрбие алған орыстың озық мәдениетінің, Пушкин мен Лермонтов, Белинский мен Чернышевскийдің шығармалары арқылы оның бойына сіңген өрісі мол, өресі биік мәдениеттің ұлылығы осы талантты да алғыр жасты Россия ғылымының үлкен қайраткері дәрежесіне жеткізумен қатар, туған халқының патриоты, оған шын берілген, бүкіл саналы өмірін халқына қызмет етуге қалтқысыз жұмсаған азамат етіп шығаруында еді. Осы ретте Ф. М. Достоевскийдің Шоқанға айтқан мына бір ақыл-кеңесі оның өмір мен білімнен алған өнегесіне тура да дұрыс жөн сілтегендей болды. «Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз, — деп жазды болашақ ұлы суреткер сүйікті жас досына, — ...Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, сахараның не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екенін Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе... Европаша толық білім алған тұңғыш қырғыз (қазақ) екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның үстіне тағдыр сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратты. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды».

Шоқанның қысқа өмірі мен творчестволық еңбегі оның дәл осындай азамат боп шыққанын, тарих, заман, қоғам жүктеген парызды аса зор абыроймен атқарғандығын танытады.

* * *

Жан-жақты талант иесі — Шоқан қоғамдық ғылымдардың көптеген саласында жемісті еңбек етіп, бағалы мұра қалдырды. Солардың бірі — әдебиет. Оның әдеби еңбектерін шартты түрде екі салаға бөліп қарауға болады. Бірі — әдеби нұсқалар мен туындыларды жинау, екіншісі — оларды жүйелеу, ғылым тұрғысынан бағалау.

Шоқанның тікелей әдебиетке қатысты еңбегі: «Қазақтың халық өлеңінің түрлері», «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары туралы деректер» атты екі мақаласы болса да, жалпы әдебиетке, көркемсөз өнеріне, халықтың көркемдік дүниетанымы мен тәжірибесіне қатысты терең ой-пікірлерді әр еңбегінен дерлік мол табамыз. Ғалымның әрбір еңбегі шын мәніндегі көркем шығарма деуге лайық туындылар.

Ш. Уәлиханов ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін, өлең, жырларды, ертегі, аңыздарды жинағанда оларды таза көркем туынды ретінде бағалап қана қойған жоқ, қоғам мен адам өмірінің көркемдік шежіресі, тарихи оқиғалар мен адамдарға көркем сөз

құралдарымен жасалған ескерткіш деп қарады, көшпелі елдердің тарихы осындай өлең, жырларда сақталып қалды деп жазды.

Эпостық жырлардың бірнеше ғасыр бойы ауызша сақталса да, бөлініп, бөлшектеліп, өз алдына жеке шығармаларға айналып кетпей, бастапқы қалпында тұтас сақталу себебін Шоқан ең алдымен халықтың сол эпостағы оқиғалар мен адамдарға деген ерекше сүйіспеншілігінен деп таныса, екінші жағынан, халықтың көркем сөзге өзгеше зеректігі мен қабілетінен, ақындардың эпостық жырларды есте сақтау мен кейінгі ұрпаққа жеткізудегі дарындылығы мен дәстүрінің құдыреттілігінен көреді.

Шоқан ауыз әдебиетінен жеке ақындар творчествосының бөлініп шығу процесін дұрыс байқап, оның көрнекті өкілдері туралы өзінің тамаша ойларын қалдырды. Асан-қайғыны осы процестің басында көрсе, XVII—XIX ғасырлардың аса ірі (суырып салма) ақын, жыраулары — Марғасқа, Тәтіғара, Бұқар, Шал, Жанақ, Арыстанбай, Шөже туралы олардың творчестволық тұлғасын дәл танытатын нақты да терең ойлар түйді.

Ғалым кейінгі елу жылда қазақ арасында жыр үлгісі ескіріп, оның орнына өлең келе бастады дегенде, осы жеке ақындар творчествосының өмір мен өнерде кеңінен орын алу жайын, атамзаманғы жыраулық дәстүрдің орнына ақындық өнердің келу шындығын меңзеді.

Шоқан қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан зерттеу мәселесін ғылымның күн тәртібіне қойды. Ол қазақ поэзиясын: жыр, жоқтау, қайымдасу, қара өлең, өлең деп бес түрге бөлді. Бұл, әрине, поэзияны толық мағынасында түрі мен тегіне қарай жіктеу емес еді, мән-мағынасына, мазмұнына қарай жіктеу еді. Бірақ, Шоқан талабының бағалылығы сол — қазақтың поэзиялық өнерін теориялық тұрғыдан зерттеу қажеттігін жеке проблема етіп қойды.

Бүгінде әдебиет ғылымындағы үлкен бағыттың бірі — әдебиеттердің байланысын зерттеу болса, осыны қазақ топырағында алғаш негіздеген Шоқан. Ол қазақ поэзиясын, оның ауыз әдебиеті үлгілерін терең біле, сүйе отырып, оларды туысқан, көршілес халықтардың әдебиеттерімен байланыстыра отырып зерттеді. Осы орайда оның орыс пен қазақ эпостарының арасындағы ұқсас, ортақ жайлар, қазақ—түркмен, ноғайлы — қазақ эпостарына тән ортақ сипаттар туралы түбегейлі пікірлері Шоқанның тарихи-салыстырмалы принципті ғылымда бұдан бір ғасырдан астам бұрын ұтымды қолданып, типологиялық жайларды анықтай білгенін танытады.

Интернационалист ғалымның әдебиет саласындағы үлкен еңбегінің бірі — туысқан қырғыз халқының «Манас» эпосын тану мен табуға байланысты. Шоқан «Манасты» тұңғыш ашып, оны әлемдік ғылымның мұрасына көтерді. Эпостың «Көкетай ханның

ертегісі» бөлімін орыс тіліне аударды. «Манасты» — халық даналығының туындысы, бір мезгілге, бір адамға топтастырылған халық өмірінің энциклопедиялық жинағы, дала Илиадасы деп бағалады. Сөйтіп, оны адамзаттың көркемдік ақыл-ойы тудырған ұлы ескерткіштердің қатарына қойды.

Шоқанның әдебиет жайындағы еңбегін аз сөзбен түгел қамту мүмкін емес. Өйткені бұл жайында бірнеше кітаптар жазылды, әлі де жазылмақ. Шоқанның әдеби еңбегі, әдебиетке көзқарасы халқымыздың көркемдік дүниетаным қозғалысындағы өзгеше биік белес, сапалық өсу белесі, бүгінгі кемелденген қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы негізі, бұлақ-бастауы болып табылады.

1985.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ

Ыбырай Алтынсариннің аса көрнекті қоғам және мәдениет қайраткері дәрежесіне көтерілуіне халық творчествосының, көне замандардан келе жатқан бай ауыз әдебиетінің тигізген көмегі, әсер-ықпалы ерекше зор.

Өмір есігін аттаған сәби шағынан бастап ол халықтың сөз өнерін, жетелі сөзді тәңірдей тұтынып, қадірлейді, сөздің күші мен құдіретін көре, сөзіне өседі. Әкесі Алтынсарыдан ерте айрылып, атасы Балғожаның қолында тәрбиеленіп, ер жетеді. Балғожа Жаңбыршыұлы ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы әйгілі қазақ билерінің бірі. Би болғанда ол ескінің сойылын соғып, етегіне жармасқан, жаңалық атаулыға қарсы шығып, қасарысқан қарадүрсін би емес, өмірдің, қоғамның даму ағымын терең түсініп, соның ынғайына орай бұрыла білген, одан өзі мен өз табының мүддесіне лайық қорытынды жасай білген ойлы, тапқыр би. Кенесары отрядымен келіп, ауылын шауып, малы-жанын талан-таражға салғанда, оған көнбей, қарсылық білдірген Балғожа қазақ қоғамының тыныштығы мен тұтастығын Россиямен бірліктен көреді, Орта жүздің Россияға қосылуына көп септігін тигізеді.

«Торғай қазақтарын Россиямен жақындату жолында көп еңбек сіңірген аса қадірлі әм даңқты Балғожа»¹ алдағы өмірдің өнермен, біліммен байланыстылығын да алдын-ала аңғарып, танып, 5 жасар немересі Ыбырайды бірнеше жыл кейін ашылмақ бірінші қазақ мектебіне кандидат етіп тіркетіп, кейін сонда жеті жыл үзбей оқытады. Ол «Балғожа немересін шоқынатын оқуға бергелі жатыр не беріпті» деген ел-жұрттың өсек-аяңына айылын жимайды, құлақ аспайды.

Міне, осы Балғожа қазақтың арғы-бергі сөз өнерін, мәдениетін

¹ Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті. 1964. 11 декабрь.

терең біліп, оның асыл байлығын көңіліне түйіп, көкірегіне жинаған және сол сөз өнерін өзінің ұзақ жылғы би, билік қызметінде, тәжірибесінде бірден-бір құрал етіп тұтынған адам. Ол шешен де тапқыр, ақылды, ойлы би ретінде көптің құрметіне бөленіпті. Балғожа айтып, тындырыпты деген неше түрлі билік шешімдерді, даулы үлкен істердің түйіндерін орыс ғалымдарының еңбектерінен жиі кездестіреміз. ХІХ ғасырдағы көрнекті шығыстанушы ғалымдардың бірі В. В. Григорьев Балғожаны, Н. И. Ильминскийдің айтуына қарағанда, айрықша бағалаған.

Бұл бағалау оның қолында үлкен билік тізгіні болғандықтан ғана емес, жеке басындағы көптеген қасиеттеріне де байланысты еді. Шешен де өткір, қазақтың тарихы мен кейінгі өмірін, ауыз әдебиеті мен этнографиясын жақсы білген, орыс, қазақ тілдерінде бірдей алғыр, ұтымды сөйлеген Балғожа Григорьев үшін жай әңгімешіл қарт қана емес, қазақ өмірі мен өнерінің жанды шежіресіндей қымбат та қадірлі болғанға ұқсайды. Петербургтың көп ғалымдары Шоқанның әкесі Шыңғыстан қазақ тарихы мен мәдениетіне, әдебиетіне байланысты көптеген қызықты деректер жинатып алдырса, Григорьев те Балғожамен сыйлас, қадірлес жылдарында одан қазақ өміріне байланысты аз мәлімет алмаған. Ал, Н. И. Ильминский болса, ол Балғожаны көрмесе де (Балғожа 1859 жылдың көктемінде, Ильминский Орынборға келуден біраз бұрын қайтыс болады), Григорьев арқылы жақсы біліп, өте жоғары бағалайды.

Балғожа шешендігіне, халықтың сөз байлығын жетік білуіне қоса, өлең де шығарған. Оның бірнеше өлеңі халық жадында сақталып, біздің дәуірімізге жетті. Мысалы, Қенесарыға қарсылығын білдіріп жолдаған жауап хаты. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясында» жариялаған «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сияқты өлеңдер, т. т.

Сөйтіп, Ыбырай қазақ қауымында, оның, әсіресе, ел тізгінін ұстаған Балғожа сияқты үлкен биінің әлеуметтік ортасында дүниеге келіп, қоғамда, өмірде көп тірліктің түйіні, тетігі сөз арқылы жүзеге асып отырғанын қаршадайынан көзімен көріп, көңілімен ұғына есейеді. Ол осы сөздің орнын тауып, орнықты оймен айтылып, ел мен ердің тағдырын дұрыс шешкен, сол жолдан тайып, теріс кеткен тұстарына да сан рет куә болады. Мұның қайсысы да болашақ ағартушының дүниетанымына әсерін тигізбей қалған жоқ. Ыбырайдың бала жігіт кезінде түйген негізгі түйіні — қазақ сөз өнерінің күші мен құдіреті, көркемдігі мен байлығы болды. Осы бай мұрадан ол өмір бойы үйренеді, үлгі алады.

1857 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған мектепті алғашқы бітіргендердің бірі Ыбырай күз айларында (август—сентябрь) Тобыл бойындағы туған ауылына, атасының қолына келеді. Балғожамен еріп жүріп, ел көреді, жер көреді, ерді, елді аузы-

на қаратар сөз нерін үйренуге ұмтылады, билік пен шешендіктің ескі жөн-жоралғысымен, жазусыз заңдарымен, тәртібімен танысады, атасының ел ішіндегі жеңіл-желпі тапсырмаларын қазақ жолымен шешуге қатынасады. Ыбырайдың сөз қадірін терең түсініп, оны үлкен өнер дәрежесінде тануы мен бағалауында және тікелей тәжірибе жүзінде қолданып, іске асыра бастауында осы бір қысқа кезең (1857—1859) шешуші роль атқарады.

1859 жылдың көктемінде сүйікті атасы қайтыс боп, көп қиындықты бастан кешіріп, июнь—июль айларында оның басына үй тұрғызып, адамдық, азаматтық, перзенттік міндетін атқарысымен, август айында Орынборға қызметке ауысқан Ыбырай артта қимас ағайын жұртымен бірге, халқы, оның бай көркем сөз өнері қалғанын жақсы сезінеді. Елден, жерден қанша алысқа кетсе де, халқымен, оның әдебиет, мәдениетімен, тарихымен ажырамас, алыстамас бірлігін сонда түсініп, кешікпей сол ортаға қайта ораларын болжағандай сезіммен аттанады.

1859 жылдың күзінен 1860 жылдың май айына дейін Орынборда әртүрлі қызметтерде (облыстық басқармада) болған Ыбырай туған, өскен ортасынан, оның тұрмысы мен өзіндік мәдениетінен біраз алыстап, өзге бір ортаға кезігеді. Ол В. В. Григорьев пен Н. И. Ильминский сияқты сол заманның көрнекті шығыстанушыларының ортасы еді.

Василий Васильевич Григорьев туралы біздің заманымыздағы ресми еңбектерде оның өмірі мен қызметі негізінен патша өкіметінің шет аймақтарды отарлау саясатын жүргізуші өкілі ретінде бағаланады. Бұл дұрыс. Алайда, шығысты зерттеуші белгілі ғалымның — Петербург университетінің профессоры В. В. Григорьевтің жалпы шығыс, оның ішінде Россиялық шығыс жөніндегі зерттеулері патша үкіметінің отарлаушылық саясатының тар шеңберінде қалып қойған жоқ. Оның кейбір еңбектері әлі күнге дейін маңызын жоймай келеді. Мысал үшін бір ғана қазақ тілі жөніндегі еңбегін алуға болады. Бұл туралы профессор, шығыс зерттеушісі Н. И. Веселовский былай деп жазады. «Оған (Григорьевке—Ә. Д.) дейін біздің әкімшілік орындарымыз Орынбор өлкесіндегі қазақтардың өз тілі бар деп ойлап та көрген жоқ болатын. Біздер татар чиновниктерінің қазақтар татарша таза сөйлейді дегеніне сеніп келдік»²

Осындай әрі үлкен әкім, әрі ғалым адамның жас Ыбырайға адал көмегі жайында Н. И. Ильминскийдің естеліктері ерекше қызғылықты. «Алтынсарин, — деп жазады ол, — күн сайын сағат 9-дан 3-ке дейін басқарманың (облыстық — Ә. Д.) қабылдау бөл-

² *Веселовский Н. И.* «Василий Васильевич Григорьев хаттары мен еңбектері бойынша, 1816—1881». СПб., 1887. 217-б.

месінде болады. Бұл бөлменің қасында В. В. Григорьевтің көп кітап жинаған полкаларға толы кең кабинеті орналасқан еді. Оның кітапханасы өте бай, орыс тіліндегі кітаптары да аз емес болатын. Григорьев Алтынсаринге кітап беріп тұрады, ол қазақтар мен орыс чиновниктері келгенде ғана, оқта-текте басын көтермесе, үнемі кітап оқып отырады. Алтынсарин орыс кітаптарын оқып, В. В. Григорьевтің айтуы бойынша, өзіне түсініксіз сөздерді басқа бір дәптерге жазып жүреді, сөйтіп, ол дәптерді В. В.-ке береді, ол әрбір сөздің мағынасын қысқаша және дәл түсіндіреді. Көп күндер осылай өткен. Алтынсарин әдебиет журналдарын алдырып, оларды да күні-түні оқып, өзіне түсініксіз сөздерді жазып алып, қалың дәптерді толтырып, бір аптадан соң В. В.-ке әкеледі». Мұндай шынайы достық пен қамқорлықты Ыбырай өмір бойы ризашылық сезіммен еске алып жүрді. Осының дәлелі ретінде оның 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясының» бір данасын В. В. Григорьевке жолдай отырып жазған хатынан бір ауыз сөз келтіре өтейік: «...Сіздің қайырымды шапағатыңыз біздің бойымызға терең сінді және сіз көрсеткен бағытпен жүре отырып, біз, ақырында, қазір жұрттың танып отырғанындай, өзіміздің туған халқымыз үшін пайдасыз адам болмай шықтық».

Ыбырайдың осы тұста (1859—60) орысша, европаша терең білім алуына, өз бетімен қажымай-талмай білімін көтеруіне В. В. Григорьевпен қатар зор еңбек сіңірген адам — Николай Иванович Ильминский (1822—1891). Қазан университетінің профессоры, шығыстың белгілі зерттеушісі, миссионер Н. И. Ильминский 1858—1861 жылдары Орынбор шекара комиссиясында тілмаш боп қызмет істей жүріп, қазақ тілі мен этнографиясын, фольклорын көп зерттеді. Олардың ішінен 1862 жылы ол жариялаған «Ер Тарғын» жыры — қазақ тіліндегі тұңғыш кітаптардың бірі және қазақ фольклорының алғаш баспа бетін көруі боп табылады. Сондай-ақ 1862 жылы Н. И. Ильминский «Қазақ тілін өздігінен оқып үйренушілерге көмекші құрал» атты кітапшасын жариялады. Бұл да біздің ана тілімізді зерттеу мен оның өзіндік грамматикасын жасаудағы тырнақ алды еңбек. Әйгілі миссионердің қызметі бүтіндей алғанда патшаның отарлаушылық саясатына бағынғанымен, оның қазақ фольклоры мен тілі жөніндегі еңбегі, ең маныздысы — Ыбырайға жасаған әкелік қамқорлығы оның есімін қашан да зор ілтипатпен атауымызды қажет етеді.

«Мен оны (Алтынсаринді — Ә. Д.) қашан да шын көңіліммен жақсы көрдім, — деп жазады Н. И. Ильминский, — оның, әсіресе, орыс тіліне деген тынымсыз құмарлығы мен қазақ халқына сол білімнің қажеттігі туралы ой-арманын жоғары бағалаушы едім». Ол өзінің естеліктерінде Ыбырайдың жастық шағы, алғашқы қызмет істеген кездері туралы не бір қызық та өнегелі жайларды тар-

тымды әңгімелейді. «Бірде, — дейді ол, — Россия туралы, білімнің сол тұстағы шамшырағы Петербург туралы, жалпы білім құралдарының байлығы жөнінде әңгімелескенімізден кейін бұл жас жігіт түнімен ұйқы көрмей шықты. Мұнда оны, әсіресе, осы орыс мәдениетінің кереметтері өріс алған жерде болудың қиындығы, тіпті мүмкін еместігі мазасыздандырған еді».

В. В. Григорьев тәрізді Н. И. Ильминский де жас Ыбырайдың білімін көтеру талабына іс жүзінде өлшеусіз көп жәрдем берді, түсінбеген мәселелері мен сұрақтарына ерінбей-жалықпай жауап беріп отырды. Бұл ретте оның өзін сынап айтқан мына бір сөзі ерекше ескерерлік. «Шындықты айтпауға болмайды, — дейді ол, — Алтынсарин менің көп сөзділігіме асқан төзімділік білдіруші еді. Аса сүйкімді жігіт Алтынсарин сөйтіп, менің семьямның тұрақты да қадірлі қонағы боп сіңісіп кетті». Ыбырайдың орыс тілін толық меңгеруіне де мұның өзімен әйелі Екатерина Степанованың тигізген көмегі көп.

Ыбырай Алтынсариннің Н. И. Ильминскиймен, В. В. Григорьевпен достығын сол кездің өзінде көп жұрт танып, лайықты бағалаған еді. «Алтынсариннің бар білімі, — деп жазады А. Е. Алекторов өзінің «Торғай облысындағы халық ағарту ісінің очеркінде» (1900 ж. 1 шығуы), — Орынбор шекара комиссиясының жанындағы бастауыш орыс-қазақ училищесін бітіру болса да, ол өзінің тамаша алғырлығымен, дарындылығымен және В. В. Григорьев, А. А. Бобровников, Н. И. Ильминский сияқты үздік білімді орыс адамдарының әсерімен өздігінен көп білім алған еді».

Н. И. Ильминский мен Ыбырайдың достығы 1859—60 жылдарда бірге қызметтес болу кезеңімен тынған жоқ. Осы тұста басталған олардың жылы қарым-қатынасы отыз жыл бойы, яғни Ыбырай қайтыс болғанға дейін, тіпті онан кейін де риясыз созылды. Сөйтіп, екі-ақ жыл бірге қызметтес болған бұл екі адам жас шамалары (Ильминский Ыбырайдан 19 жас үлкен) мен білім дәрежесінің және саяси сенімдерінің әртүрлілігіне қарамастан өмір бойы достасып өтті.

Ыбырай өз басы үшін ғылым-білім үйренуде ғана емес, халық ағарту жұмысының қиын-қыстау кездерінің қайсысында да Н. И. Ильминскиймен хат арқылы хабарласып, оның ақыл-кеңесін, көмегін алып отырды. Тіпті мектептер мен училищелер ашу ісінде де, кітаптарын жазу мен жариялауда да оның беделі мен жәрдемін пайдаланғаны мәлім. Ол екеуінің арасындағы хат жазысу отыз жыл бойы үзілген жоқ. Ыбырайдың бұл хаттары оның ұлы еңбегін танып білуге өлшеусіз зор көмегін тигізіп келгені өзі алдына, сонымен бірге халқымыздың рухани өсу жолындағы өте-мөте бағалы мұра болып табылады.

Н. И. Ильминский — Россия шығысындағы көп халықтардың

белгілі адамдарымен танысып, достасқан ғалым. Оның Шоқан Уәлихановпен жақын қарым-қатынаста болғаны да соңғы жылдарда анықталды. Татардың көптеген мәдени қайраткерлері Н. И. Ильминскиймен ұзақ уақыт бойы достық байланысын үзбеген. Осы ретте Н. И. Ильминскийдің татар ғалымдарына қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсаринді таныстырып, олардың достасуына себепкер болуы өте қызғылықты жай. Татардың XIX ғасырдағы белгілі ағартушысы, ғалымы Хұсайын Фаизханов 1860 жылы Орынборға келген сапарында Н. И. Ильминский арқылы Ыбыраймен достасып, өле-өлгенше оның өмірі мен қызметіне алыста жүріп-ақ үнемі назар аударып отырды.

Н. И. Ильминский Ыбырай өлгеннен кейін де араларында ұзақ жыл бойы жалғасқан шынайы достыққа адал қызмет етті. Өзінің жасы келіп қартайғанына, жұмысының көптігіне және денсаулығының нашарлығына қарамастан ол Ыбырайдың хаттары мен іс қағаздарын, көптеген өзге хабарларын Орынбор, Торғай облыстары бойынша жалықпай іздеп, белгілі адамдарға хат жазу арқылы сұрастырып, табу мен жинаудың негізінде (Ыбырай өлгеннен екі жыл кейін) 1891 жылы Қазанда «Алтынсарин туралы естеліктер» кітабын шығарды және өзі сол жылы қайтыс болды. Бүгінде ұлы ағартушымызды танып, білу ісінде бұл кітаптың тигізген пайдасы өлшеусіз зор.

* * *

1860 жылдың жазында туған өлкесі — Торғай бойына ағартушылық мақсатпен біржолата оралған Ыбырай ел ішінде оқу, ағарту ісін жолға қою, қалың жұртты өнер-білімге тарту шараларымен шұғылданып жүргенде халық өмірімен мүлде қоян-қолтық араласып, оның тұрмыс жағдайын, мұң-мұқтажын, аса ділгер боп отырған мәселелерін тереңдей зерттеп білуге бүкіл күш-жігерін, ықлас-ниетін жұмсайды. Мұнсыз халықты да, оның арғы-бергі өмірін де, қажеттілігін де жеткілікті танып, білу, әсіресе, сол тарапта күресу мен белгілі іс тындыру мүмкін еместігін жете аңғарады. Бұл орайда екі түрлі жайды атап айту қажет. Ол қазақтың ауыз әдебиетін таза көркемдік дүниесі тұрғысынан ғана бағалап, қадірлеп, қастерлеп қойған жоқ, одан халық жүріп өткен ұзақ өмір жолының ақиқат іздерін, шындық көріністерін, тарих тереңінен өзімен бірге әкеле жатқан мұны мен зарын, алдағы күнге деген арман-тілектерін көруге тырысты.

19 жасар Ыбырай Торғай бойына келісімен ел өміріне белсенді араласады, күндіз-түні қалың көпшіліктің, бұқараның арасында болады. Ағартушылық идеяларын халық арасында кеңінен жая түсу үшін, халықты қайткенде өнер-білімге, озық мәдениетке тар-

та түсу үшін өзінің өмірімен де, өнегесімен де, мінез-құлқымен де жұртқа әсер етуді, сөйтіп, оларды өзінің соңынан ертуді көздейді. Сол жылы жазған хаттарының бірінде: «Қазақтар мені құшақ жая қарсы алды... Шығыс жақтың (ол кезде Орынбор губерниясының бүкіл шығысы осылайша аталған — Ә. Д.) барлық жастары менің соңымда. Зерігер емеспін. Олар мені өте жақсы көреді», — деуінің сыры осында еді.

Ыбырай халықтың әні мен күйін, жыры мен аңыз-әңгімесін сүйіп тыңдаумен қатар, әнші, күйші, жыршы, әңгімеші кәрі құлақ ақсақалдарды зор құрмет тұтады. Олардың бірсыпырасын ел аралаған тұстарда қасына ертіп жүрсе, біразына өзі іздеп барып, тыңдайды, аса қажет деп тапқан жыр, өлең үлгілерін хатқа түсіріп алады. Оның қасында жүріп ән салып, өлең шығарған, жыр айтқан белгілі адамдардың өзі бірнешеу. Олар: Нұржан, Сейтахмет т. б. Сондай-ақ, Ыбырай 1860 жылдан бастап Т. Сейдалиинмен танысып, одан көп нәрсе үйренеді. Жас жағынан да, білім жағынан да одан біраз егде, тәжірибелі Сейдалииндер қазақтың арғы-бергі тарихы мен тұрмысын, этнографиясы мен фольклорын көп жинап, зерттеді, жариялады. Олар осы саладағы еңбектерімен жаңа өсіп келе жатқан, бар тілегі балғын жігіт Ыбырайға да көп ұстаздық жасады. «Осы айдың 15 күні, — деп жазады 1860 жылдың ноябрінде ол, — кешке таман, үйім толы қонақ, Сейдалиин сұлтан екеуміз әңгімелесіп, бір қазақ әншісінің әнін тыңдап отыр едік».

Сөйтіп, Торғай өңіріне, сол арқылы жалпы дала өміріне білім шырағын жағуды арман етіп келген Ыбырайдың ендігі өмірі түгелімен қайнаған халық тірлігінің ортасында өтеді. Ол халық тұрмысының ауырлығы мен азабын, аздаған қызығы мен мол қасіретін көзімен көріп, көңіліне түйеді. Қызығы дегенде, ән мен күй, өлең, жыр, қысса-хикаяларын халықтың өзімен бірге тыңдап, емін-еркін сусындайды, сол арқылы ел өмірінің тереңіндегі сырларды ұғына, біле түсуге ұмтылады. Осылайша ол халықтың бай көркемдік мұрасы — ауыз әдебиетінен, бір жағынан, өз бетімен, өзі үшін, өзіне қажеттіліктен үнемі үйреніп, өмірлік, өнерлік тағлым алса, екінші жағынан, Орынбор, Қазандағы достарына, олардың шығыс филологиясы саласындағы еңбектеріне материал жинап, жіберу тұрғысынан айрықша көңіл бөледі, зерттеушілік, жинаушылық мақсатта назар аударады. Н. И. Ильминскийге 1862 жылдың январында жазған хатында: «мен қазақтың ескі өмірінен ол-пұл жинап алдым және әлі де жинап жатырмын, оларды кезінде өзіңізге жіберемін. Орақ—Мамай әңгімесінен сіз қызығарлық ешнәрсе табылмас. Сондықтан мен ондайларды қойып, қазір енді қазақтың әртүрлі әдет-ғұрыптары жөніндегі мәселелермен шұғылданып жүрмін. Енді реті келсе, оларды да жазып, сізге жібермекшімін», — деп жазды. Бұл — Ыбырай 1860—1861 жылдардан бас-

тап қазақтың ауыз әдебиеті мен тұрмыс-салттарын зерттеу, олар жайында материал жинау ісімен шындап, ғылыми тұрғыда айналысты деген сөз.

1862 жылы «Ер Тарғын» жырының жеке кітап боп басылып шығуы жас фольклористің өміріне ерекше әсерін тигізеді. Қазақ жырының, қазақ сөзінің кітап бетінен көрінуі Ыбырайға өзгеше күшқуат қосып, оны алдағы үлкен үміттерге қарай қанаттандыра, құлшынуы мен құмарын арттыра түседі. Осы жыр жайындағы алғашқы әсерін ол былайша жазады: «Менің әрі жолдасым, әрі шәкіртім Дәуренбек «Тарғын» жырына ерекше бір сүйіспеншілікпен қарап, орысша «қалай әдемі басылған» дей берді. Қазақ тілінде бірде-бір кітап әлі бұлайша басылып шыққан жоқ қой. Сондықтан да болар, қазақ сөзінің осылайша баспа бетін көруі қазақтар үшін әрі таңданарлық, әрі қуанышты болды». Сөйтіп, қазақ эпосының тұңғыш рет жарық көруі Ыбырайға көп ой салды, ауыз әдебиеті саласындағы ізденулеріне нақты жол көрсетті, сенімін арттырды.

Ыбырайдың фольклор мен этнография тарапындағы талапниеттерінің ғылыми бағыт-бағдар алып, лайықты нәтижелерге жетуіне көп септігін, көмегін тигізген шаралардың бірі — географиялық қоғамның Орынбор бөлімшесінің ашылуы. Бөлімшені ашу туралы рұқсатқа 1867 жылдың 16 май күні қол қойылса да, бірінші ұйымдастыру жиналысы 1868 жылдың январында болды. Ыбырай 1874 жылы осы географиялық қоғамның қызметкер-мүшесі (членсотрудник) боп сайланды. Бұл жас ағартушының осы кезге дейін өлкетану жұмысы саласында тындырған үлкен еңбегін тану мен бағдарлаудың белгісі, нәтижесі еді.

Орынбор бөлімшесі алғаш жұмысқа кіріскенде, бөлімшеге түскен бастапқы еңбектердің бірі—Ыбырайдың қазақ этнографиясы жайлы зерттеу очерктері. Ағартушының 1862 жылғы бір хатында халықтың әдет-ғұрпын зерттеп жүрмін деуі тегін емес еді. Ол кейінгі 4—5 жылдың ішінде осы ізденістерін тиянақтап, екі еңбек жазды. Олар: «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі». Орынбор бөлімшесі өз жұмысын осы еңбектерді қарау мен талқылаудан, жариялау туралы шешім қабылдаудан бастады. Бөлімшенің 23 марттағы (1868) мәжіліс хатында былай деп жазылды. «...Мәжіліс соңында Орынбор бекінісінің тілмашы Алтынсарин мырзаның «Қазақтың қыз ұзату тойы» мақаласы оқылды... Көшпелі қазақ өміріндегі некенің жай-жағдайы толық қамтылып, өмір шындығына сәйкес әсерлі әңгімеленуі, сондай-ақ, тілінің әдеби көркемдігі, жалпы жиналыстың пікірінше, Алтынсарин мырзаның мақаласын тұрмыс жайы күні бүгінге дейін аз зерттеліп келген қазақ этнографиясы саласында бағалы еңбек етіп көрсетеді.

Алтынсарин мырзаның очеркінің осы бағалы жағын ескеріп жалпы жиналыс оның мақаласын мерзімді баспасөзде басып шығару үшін географиялық қоғамға жолдау туралы шешім қабылдады»³. Бөлімшенің 28 сентябрьдегі (1868) мәжілісінде Алтынсариннің аталған мақаласы жөнінде В. Н. Плотниковтың рецензиясы оқылды. «Алтынсарин мырзаның мақаласы, — делінеді мұнда, — қазақ өмірінің тұрмыс ерекшелігін сипаттауда ірілі-ұсақты деректерге толы, осы халықтың этнографиясы жайлы бай материалды қамтиды, сондықтан да аса тартымды еңбек. Еңбекте байқалған жеке кемшіліктерді авторға кінә ретінде қоймаймын»⁴.

Осындай жан-жақты талқылаудан, мамандардың ұйғарымынан кейін Ыбырайдың екі очеркі 1870 жылы бөлімше «Запискаларының» I санында жарық көрді. Бұл қазақ өмірінің тұрмыс ерекшеліктерін терең біліп, зерттеп жазған және қазақ авторының қолымен жазылған алғашқы этнографиялық еңбек болды.

Ыбырайдың этнографиялық еңбектерінің бағалылығы, аталған мәселелер бойынша халықтың көне заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарын бүге-шігесіне дейін қамтып, кеңінен көрсетуінде ғана емес, сонымен бірге кейбір жайлардың сыртында тұрған, шығу төркінінде жатқан әлеуметтік негіздерін де ашып көрсетуінде еді. Мұны, әсіресе, екінші очеркі туралы айтуға болады. Құда болудың, құданы іздеп, таңдап, талғаудың себебін Ыбырай былайша түсіндіреді: «Қазақтардың, — дейді ол, — өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде өздерінің достығын жегжат боп нығайтқысы келген адамдар бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді». Демек, құдандаласу арғы замандарда қалай болса, солай жүргенін, жастардың бір-бірін біліп, жарасуының негізінде емес, ата-ананың, әсіресе, әкенің өзіне өзі теңдес дос іздеуінен немесе ескі досымен ынтымағын «сүйек» жақындығы арқылы нығайта түсу тілегінен, кеңірек алсақ, патриархалдық семьялардың туыстық одағы мен бірлігін қамтамасыз ету мақсатынан туғанын көреміз. Ыбырайдың мақаласы осындай үлкен әлеуметтік түйін түйеге мүмкіндік береді. Ол құдалықтың көп ретте жеке семьялар бірлігінен биіктеп, рулар, тайпалар бірлігін, достығын нығайтудан туғанына да, сол арқылы жалпы халықтың бейбіт, тыныш өміріне септігін тигізу мақсатын көздегеніне де орынды назар аударады және оның түбі қайдан, қалай, қашан шыққанына жауап беруге тырысады.

Шынында да тыным-тыныштықсыз, қанкешті, жаугершілік замандарда мұның маңызы жоқ емес еді. Мұндай достық пен қарым-

³ Записки Оренбургского отдела ИРГО. Вып. I. 1870. С. 44.

⁴ Сонда. 122-б.

қатынасты тыныштық аңсаған халық өмірінің мұң-мұқтажы, арман-тілегі туғызған-ды. Сондықтан да Ыбырай бұл достықтың тарихына ерекше мән береді. «Даңқты қазақтар, — дейді ол, — өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпте алысты болжағандық бар екенін, өйткені қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының өте күштілігіне қарағанда (би деген атақ қазірде де бар), жауласып отырған рулардың басты адамдарының бір-бірімен құдандаласуы жеке рулардың өзара татуласуына себеп болды деуге негіз бар. Қазақ арасында қазір берік орын теуіп отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туысқандарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін, осы себептен енгізілген болар. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхамбеттің заңы тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұқсат етеді. Бұл қазақтан басқа мұсылмандардың бәрінде бар».

Осындағы пікірлердің салмақтылығы құдалықтың төркініндегі саяси-әлеуметтік тілек-мақсаттарды көрсетумен қатар, ғылым, білім берушілік ерекшелігінде, тарих тереңіне ой жіберіп, әрбір құбылыстың туу себебін байыпты ізденуінде, тіпті болжамына дейін ойландырарлық дәрежесінде. Автор қандай да болмасын мәселені өзім білемге салып, үзілді-кесілді айтпайды, ой тастайды, дәлелдер келтіреді, тарихқа жүгінеді, шындыққа сүйенеді. Мұның қайсысы да ағартушы ғалымның еңбектерін тек сәтті жақтарынан танытады.

Ыбырайдың қазақтың қыз ұзату тойындағы соншама көп те күрделі ритуалын, жүздеп мал, мыңдап ақша т. б. шығарып, шығынданып той жасағанда, мұның бәрі сайып келгенде, «ата-ананың өз даңқы үшін» жасалатынын (яғни «пәленше солай жасапты, бәленнен қызын артық қып ұзатыпты, түгеншеден байлығын асырыпты» дегізу үшін жасалатынын), жас ерлі-зайыптыларға осындағы шығынның оннан біріндей де пайда тимейтінін көрсетуі ерекше назар аударарлық. Осы арқылы ол тойдың алдағы кезде жас жұбайлар өмірін экономикалық жағынан нығайтудан гөрі, әлсірету жағына қызмет ету ерекшелігіне, көбіне-көп атақ, даңқ мақсатын көздеушілік тәрізді мақтанқұмарлық, надандық сипатына ой жүгіртеді. Сөйтіп, ол қыз ұзату тойының басқа көп қызығын әсірелей, әдемілей, құмарта жазса да, осы бір тұсына реалистік тұрғыдан сын көзімен қарамай кете алмайды.

Ыбырайдың этнографиялық зерттеулерін оқи отырып, автордың ғалым, қайраткер ретінде мейлінше қарапайымдылығы мен

кішіпейілділігіне назар аудармау мүмкін емес. Оның жағдайында, заманында өзге біраз адамдар бүкіл қазақ атынан сөйлеп, барша қоғамдық шындықты білдірмекке әрекеттенер еді. Ыбырай өйтпейді, өзі білетін, өзі көзімен көріп жүрген ел мен жердің тұрмыс жағдайын асырмай да, жасырмай да, дәріптемей де, даңғазаламай да, шындық болмысымен баяндайды. Соның өзінде сол айтқандарында жалпы қазақ қоғамының көп шындығының беті ашылады. Ыбырай еңбектерінің ең озық қасиеті, міне, осы жағында.

Ол ауыз әдебиеті нұсқаларын 60 жылдардың басынан жинаса да, жариялауға асықпайды. Алғаш жинағандарының бірсыпырасын Н. И. Ильминскийге т. б. шығыс зерттеушілеріне жібереді.

70 жылдардың орта кезінен бастап қазақ мектептері үшін ана тілінен оқулық жасау мәселесінің көтерілуі Ыбырайдың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, іріктеу жұмыстарын жандандыра, жеделдете түседі. 1876 декабріндегі бір хатында ол оқулықты жазуға кіріскенін айта кеп, «Өлең жағын, мүмкін болғанша, қазақ өлеңдерінің ішінен іріктеп аламын», — дейді. Ағартушының мұндағы айтып отырғаны оқулық үшін поэзиялық үлгілерді ауыз әдебиетінен алу жайында еді.

Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы жарық көрді. Бұл жайында кең түрде әңгімелеуді кейінгі мақаланың үлесіне қалдырдық...

1979.

ҚЫМБАТ МҰРА

«Қазақ хрестоматиясы» өткен бір ғасырдай уақытты (1879—1979) ескерсек, оның орыны мүлде бөлек. Оқиғаларының ұлылығы мен байлығы жағынан оны өткендегі ешбір ғасырмен де, қазіргі бар ғасырмен де салыстыруға болмайды. Бұл — тұңғыш қазақ авторының қолымен жазылған қазақ тіліндегі алғашқы кітап. Сондықтан да, ең алдымен, оның дүниеге келу фактісінің өзі ұлы оқиға. Ол тек қазақ тіліндегі кітаптардың беташары ғана емес, халқымыздың азаматтық тарихындағы, мәдениет шежіресіндегі, рухани қазынасындағы жаңа бетбұрыс, жаңа дүниетаным, тың көркемдік әдістің бастамасы.

Хрестоматия 1879 жылдың жазында жарық көрген бірінші күнінен бастап жарты ғасыр уақыт бойы (Октябрьге дейін) халқымыздың бірнеше ұрпағы үшін бірден-бір оқулық, өмір оқулығы, өнер оқулығы болды. Советтік дәуірде де өзінің озық қасиетін жоғалтпай, жаңа қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу ісіне белсенді атсалысып келеді. Басқаша айтсақ, ол — әрі алғашқы әліппе, әрі халықтық алғашқы энциклопедия. Дұрысында ол осы абыройлы екі қызметтің екеуін де бір мезгілде қатар атқарды, мектептегі

шәкіртке қалай қызмет етсе, жалпы халыққа да сондай пайдасы тиді. Ол дала тұрмысына тұңғыш рет дүниелік ғылым-білімді әкеп, насихаттап қойған жоқ, шын мәніндегі адамгершілікті, гуманизмді, достықты, еңбекті, бостандықты алғаш және ашық мадақтаған жаңа мазмұнды кітап болды.

Надандық пен қараңғылықтың шырмауында келген қазақ қоғамында бұрын кітап туралы ұғым көбіне дінмен, «құдайдың өмірімен» байланысты танылып келсе, хрестоматия дала өмірінде алғаш осы ұғымға соққы берді, жоққа шығарды, кітап туралы тың, соны ұғым әкелді. Жұртшылық осыдан бастап кітаптың о дүниедегі, қиялдағы кесәпат, кертартпа наным-сенімдер емес, кәдімгі жердегі проблемаларды, қоғамдық өмірдегі, тіпті, адамдардың күнделікті тіршілігіне қатысты да қажетті мәселелерді көтеру, шешу қабілетін көре білді. Қорлық пен зорлықта өткен сан ғасырдың ескерткішіндей сақталған ескі ұғымды түбірімен терең теңселтіп, тұтас бір халықтың өмірі мен ұғымына жаңа түсінік әкелген бұл кітапты бүкіл жаңа да соны бастаулардың басы десек, асыра айтқандық болмайды.

Хрестоматияның авторы да, құрастырушысы да — Ыбырай Алтынсарин. Осы алғашқы қазақ авторы, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсаринды бейнелей айтсақ, дала Прометейі деуге болады. Ол көршілес мәдениетті елден алғаш ғылым-білім отын әкеліп, өзінің туған өлкесіне, «қараңғылық көгіне» өз қолымен тұтандырды, жақты. Оның тұңғыш ашқан мектептері де, қаламынан туған еңбектері де осы ұлы мақсатқа — дала өмірінде ғылым-білім жарығын жағуға, жаюға арналды.

Бүгінде жүз жылдан астам бай тарихы бар және халқымызбен неше алуан мәдени-ағарту кезеңдер мен оқиғаларды бірге өткізіп келе жатқан хрестоматияның қоғамдық өмірде пайда болуы кездейсоқ емес. Оның сан түрлі тарихи-әлеуметтік себептері мен жағдайларына тарих куә.

Өмірде кездейсоқ құбылыс болмайды, тіпті кездейсоқ нәрсе дегеннің өзі заңдылықтан туады дейді философия. «Қазақ хрестоматиясының» арғы ғасырларда, немесе ХІХ ғасырдың алғашқы жарымында жарық көрмей, осы ғасырдың нақ 70 жылдарында пайда болуы өте-мөте заңды еді.

Қазақстанның Россияға қосылу процесі бір жарым ғасырға созылып, ақырында, ХІХ ғасырдың 60 жылдарында аяқталды, қазақ халқы өзінің тарихи тағдырын орыс халқымен, орыс қоғамымен бір жолата қосты. Мұндай ұлы оқиғаның қазақ қоғамы сияқты мәдени-экономикалық жағынан мешеу, артта қалған, томағатұйық шаруашылық өлкесіне әсер етпеуі мүмкін емес еді. Бұл әсер, ықпал көп кешікпей әр тарапта, әр салада көріне бастады. Қазақ қоғамы бірте-бірте бүкілроссиялық әлеуметтік-экономика-

лық жүйеге тартыла түсті. Мәдениет саласында да қозғалыс нышаны көзге түсіп үлгірді. Мұның бәрі, әрине, патша үкіметінің қазақ халқына деген ерекше ықыласы мен рахымы тұрғысынан жүзеге асырылған жоқ, қазақ даласын шикі зат қорына айналдырып, Россияның ішкі-сыртқы саяси-экономикалық проблемаларын шешу тұрғысынан жүзеге асырылып жатты. Осының нәтижесінде Қазақстанда сан ғасыр бойы тыныш өмір сүріп келген феодалдық-патриархалдық өмір салтының іргесі сөгіліп, оның орнына бірте-бірте капиталистік қарым-қатынастар келіп, орын тебе бастады. Капитализмнің феодализмге қарағанда бір қадам ілгерілігі және еңбекші қауымды қанаудың жаңа формаларын таба, молайта отырып, қоғамдық дамуды бар салада жеделдете түсетіні мәлім. XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап қазақ қоғамы феодалдық-патриархалдық өмір салтынан бір жолата қол үзіп кете алмаса да, атам-заманғы тұралаушылықтан тарихи даму бағытына ойысты.

Қазақстанның Россияға қосылуы Россияның В. И. Ленин көрсеткен екі түрлі мәдениетінің де қазақ қоғамында терең тамыр жаюына жағдай жасады. Біріншісі қазақ билеушілерінің айлакер, сұм-сұрқия жаңа топтарын дайындаса, екіншісі қазақтың демократиялық бағыттағы мәдениетінің тууын жеделдетті. Мұның біріншісі патша үкіметінің тікелей отарлаушылық саясатының нәтижесі ретінде өсіп, өрбісе, екіншісі екі халықтың өзара достығы мен бауырластығының жемісі ретінде дүниеге келді. Қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ағартушылары: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың тарихи-мәдени қайраткерлер ретінде нақ осы тұста қоғамдық өмірге келуі бір жағынан ұлы орыс халқының демократиялық мәдениетінің игі ықпалының нәтижесі еді.

Әрине, озық мәдениеттің озық ықпалы бар да, оны қабылдау бар. Құнарлы дәнді құнарлы жер ғана қабылдай алады. Қазақстанның Россияға қосылуы қазақ халқының сан ғасыр бойында булыққан асыл таланттарының озық өреде тууына, жарық көруіне себепші болды. Қоғамдық дамуды алыс замандардан ансай күткен қазақ халқы дамудың жаңа сатысына бет бұрғаннан кейін өзінің рухани ізденістеріне тың жауаптар күтті, соны ойлар мен идеяларға айрықша мұқтаждық білдіре бастады, өнер-білімді аңсады, мұнсыз қоғамдық дамудың мүмкін еместігін сезінді. Халықтың рухани дүниесіндегі осы тәрізді буырқанғыш зор талап пен қажеттілік алдымен ағартушылардың өздерін өмірге келтірсе, сәл кейін олардың сан-салалы істерін әкелді. Бұл екеуінің қайсысы да дәл осы кезде ғана өмірдің өз талабы мен ағымынан туған мұқтаждықтар еді. Өйткені «өз дәуірі мен жұртынан ешкім жоғары тұрмайды. Ешбір ақын тарих арқылы әзірленіп, дайындалып келмеген мазмұнды меңгермек емес» (Белинский). Қазақ ағартушы-

ларының ұлылығы сол — олар өз заманының рухани мұқтаждықтарын терең де дәл тани біліп, өздерінің бүкіл ақыл-ойлары мен күш-жігерлерін сол ұлы мақсаттарға жұмсады.

Ыбырай Алтынсариннің қаламынан туған «Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуі де осы тұстағы қоғамдық талап-тілектермен, ұлы ағартушының қоғамдық, эстетикалық ой-пікірлерімен, көзқарасымен тікелей байланысты, дәлірек айтсақ, осы объективті жағдайлардың нәтижесі.

XIX ғасырдың 60 жылдарында қазақ қоғамына енді ғана келе бастаған озық ағартушылық идеялар жастарды оқытудың ескі тәртіптері мен дәстүрлері негізінде қала алмады. Мұның негізгі себебі: дала тұрмысында бұл кезге дейін өмір сүріп келген мектептер мен оқу, оқу әдісі мен оқу құралдары түгелге жуық діни мазмұнда болды. Алтынсарин ашқан алғашқы мектептер мен дүниелік пәндер өздерінің бүкіл болмысымен, мақсат-мүддесімен осы бұрынғы оқу атаулыға қарама-қарсы бағыт ұстады. Сондықтан ол өзінің ағартушылық бағыттағы алғашқы қадамында-ақ діни оқу мен мектептерден іргесін аулақ салып, қазақ жастарына өмірді үйрететін, таныстыратын білім беруге талаптанды, мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарын осы негізде ұйымдастырды. Бастапқы жылдарда орыс ағартушылары мен педагогтерінің еңбектерін ауызша, ара-кідік жол-жөнекей аударып пайдаланып жүрген Алтынсарин ендігі жерде тұрақты оқулықсыз жаңа мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын тың негізде жолға қоюдың мүмкін еместігін сезінді. Оның үстіне мұндай мектептің болашақта бірен-саран болып қалмай, көбейе бермегі, өміршендігі сөзсіз еді. Ол соған лайық оқулық жасауды айрықша талап етті. Өйткені өзіндік оқулықсыз халықтық жаңа мектептердің өмір сүруі де, қоғамдық өмірге әсері де мүмкін емес еді. Оқулық, шындап келгенде, мектептің мазмұны. Мектептің алдына қойған мақсат-мүддесін жүзеге асыратын—оқулық немесе оқулықтар ғана, мектеп программасы да оқулықтармен тығыз байланысты. Өз заманының озық қоғам қайраткері, ағартушысы Алтынсаринге бұл жағдайлардың қайсысы да мейлінше қанық болатын.

Ыбырай 1860 жылдың май айында ұстаздық жолдама алып Торғай бекінісіне ауысысымен тікелей ағартушылық қызметке кірісіп кете алмады, әр түрлі жұмыстарда бола жүріп, тек 1864 жылдың январь айында ғана алғашқы мектебінің негізін қалады. Осы кезден бастап ол жаңа оқулықтар жасаудың принциптерін іздестірді. 60 жылдардағы ағартушылық, педагогтік, қоғамдық жұмыстарының негізінде Алтынсариннің өзі үшін ашқан үлкен жаңалықтарының бірі — өзіне дейінгі оқу мен оқулықтардың айқын кертартпалық, діншілдік сипаты. 1862 жылғы хаттарының бірінде ол: «молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптары-

ның бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрінен адастырады, кері кетіреді», — деп жазды. Осы пікірді хрестоматияның өзіне жазған алғысөзінен де көреміз. «...ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттер амалсыздан татар тілінен еш кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілінде оқып жүр... бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де дін туралы жазылған кітаптар. Сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да, дүнияуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін... қолайсыз». Демек, Алтынсарин өзінің жаңа оқулығын жасамас бұрын өзіне дейінгі оқу құралдарының сыр-сипатын, мән-маңызын жақсы аңғарумен бірге, өзі жазбақ жаңа оқулықтардың да принципті өзгешеліктерін толық анықтады.

Мұның үстіне, ағартушының 1876 жылғы Петербург сапары болашақ оқулықтың туу мезгілін жақындатумен бірге, оның негізгі бағыт-бағдарын нақтылай түсті. Алтынсарин Петербургте ұлы орыс халқының мәдениетімен кеңінен танысуға мүмкіндік тапты. Бұл ретте оған әсіресе Петербург университетінің профессоры, белгілі шығыстанушы ғалым, Орынбор Шекара комиссиясының бұрынғы председатели В. В. Григорьевтің тигізген қолқабысы өте-мөте зор. Ол алыс жерден ғылым-білім аңсап келген аяулы шәкіртінің ұлы қаладан өзі қалаған үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие ала білуіне көмектесті, жеке ғалымдармен кездестірді, таныстырды, лекциялар тыңдауына жағдай жасады. Қысқасы, Алтынсарин Петербургте болған кезінде халыққа қалай қызмет етуді, қайткенде өзінің озық ойларын халыққа тиімді жеткізуді, оның жолдарын үйренді, патриоттық, гуманистік, ағартушылық көзқарастары терендей, жүйелене түсті.

Осы сапарынан оралысымен ол көп кешікпей-ақ хрестоматияны жазуға кірісті. 1876 жылдың 3 декабрінде ағартушы өзінің сүйікті ұстазы Н. И. Ильминскийге жазған хатында хрестоматияны: «Бір құдайға сиынып, кел балалар оқылық. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық», — деп бастағанын зор қуанышпен хабарлады. Сөйтіп, Алтынсарин өзі ашқан халықтық мектептерге арнап оқулық жасау жөніндегі көп жылғы ойларын іске асыруға 1876 жылдың декабрь айында шындап кірісті. 1877—78 жылдар бірінші қазақ оқулығының жазылу, жасалу кезі боп саналады.

Сонымен Алтынсарин 1876 жылы хрестоматияның бірінші кітабын бастап жазғанға дейін озық қоғам қайраткері, ағартушы, жазушы, педагог, фольклорист, тіл маманы, этнограф ретінде өзінің негізгі бағыты мен көзқарастарын толық қалыптастырып үлгереді. Соның нәтижесінде өзінің және туған халқының тұңғыш жазба еңбегін жасауға идеялық, эстетикалық зор дайындықпен келеді. Хрестоматияны жазудағы негізгі мақсатын: «татар тіліндегі кітаптардан (дін кітаптарды ол осылай атайды — Ә. Д.) құтылу үшін»

деп санаса, міндетін «қазір өткінші жағдайда тұрған халқымыз рухани нәр тілеп отыр», «Қазақтарға, осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа қазір кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін бағыт беру, қалай дегенмен, аса қажет болып отыр», соған лайықты жауап беру деп түсінеді.

Хрестоматия алғаш 1879 жылы Орынборда И. И. Евфимовский-Мировицкийдің баспаханасында басылды. Бұл оқиғаның қазақ қоғамы үшін қаншалықты мән-маңызы болғанын жоғарыда атап өттік. Алғаш ол «Киргизская хрестоматия» деген атпен жарияланды. Патша үкіметінің ол кезде қазақтарды «киргиз» деп атағаны мәлім. Сондықтан әсіресе сол тұста ресми қағаздардың қайсысында да халқымызды басқаша атау мүмкін емес болатын.

Хрестоматияның осы бірінші кітабы кейін біраз қысқартылып араб әрпімен «Махтұбат» (араб тілінде хаттар деген мағынада) деген атпен 1889, 1899 жылдары Орынбор, Қазан баспаларында басылып шықты. 1906 жылы Торғай облысының Ы. Алтынсариннен кейінгі инспекторы А. Васильевтің редакциялық басқаруымен едәуір толықтырылып орыс алфавитімен Октябрь революциясына дейін соңғы рет жарияланды. Хрестоматияның революциядан кейінгі басылымдары жұртшылыққа тегіс аян. Бұл кезде жеке кітаптар мен жинақтарға, оқу құралдарына т. б. енгенін айтпағанда, балалар мен үлкендерге арналып әлде-неше рет басылып шықты. Бұлардың ішіндегі ең толығы және алғашқы басылымына біраз жақыны 1955 жылы Б. С. Сүлейменов құрастырып жариялаған «Таңдамалы шығармалар» (Алматы, «Ғылым» баспасы).

Алтынсариннің алғашқы жобалауы бойынша хрестоматия екі кітаптан құралуға тиіс еді. 1879 жылы ағартушының корректура-сына дейін өзі қарап жариялағаны соның бірінші кітабы болатын. Хрестоматияның екінші кітабында Алтынсарин «Қазақтың төл аңыз-әңгімелерінен басқа, табиғат сыры мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілерінен мақалалар» беруді көздеген еді. Бірақ мезгілсіз ажал оның бұл еңбегін толық аяқтауға мүмкіндік бермеді. Кітаптың жазылып біткен бөлімдері ол қайтыс болғаннан кейін қолжазба күйінде жоғалып кетті. Алтынсарин бұл кітапқа ерекше үміт артқан болатын. «Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті, — деп жазды ол 1880 жылы, — ойдағыдай орындап шығуым құдай тек өмір мен күш беретін болсын, мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді».

«Қазақ хрестоматиясы» тұңғыш жариялануында орыс алфавиті негізінде жарық көрді. Осы таза қазақ тіліндегі тұңғыш оқу кітабының орыс әрпі арқылы дүниеге келуінің өзіндік ұзақ тарихы

бар¹. Оның баршасын бұл арада айтып жатудың реті жоқ. Тек айрықша ескеретін және ескертетін бір ғана нәрсе — Алтынсарин хрестоматияның жаңаша мазмұнына түрі де (яғни әрпі де) лайық болуын қадағалады. «Жалпы бастауыш оқу құралдары, — деп жазды ол осы ретте, — хрестоматиялар сияқты кітаптардың шын білім, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына қарай бағыт сілтейтіндігін, ал, мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық. Сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беруі үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық».

Ана тіліндегі бірінші оқу кітабын жасау үлесіне тиген Алтынсарин бұл жұмыстың барша қиындығын әрі біле және әрі оны жеңе отырып, мұндай кітаптың шағын мектеп көлемінде ғана қалып қоймай, тұтас қауым үшін де, тіпті жалпы халық үшін де қажет құрал болуын көздеді. Сондықтан оған энциклопедиялық кеңдік, тереңдік беруді мақсат етті. Осы мақсатын хрестоматияға берген алғысөзінде оның өзі де нақты атап көрсетті. «Бұл хрестоматияны құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім».

Ұлы ағартушының әдеби мұрасының бірден-бір көзі боп саналатын «Қазақ хрестоматиясының» ішкі мазмұнын сөз етпес бұрын атап өтерлік бір жай — оның әдеби көзқарасы, әдебиетке қатынасы жайында. Алтынсарин бұл салада да қазақ қоғамындағы мейлінше жаңа адам, жаңа бағытты негіздеуші. Оған дейінгі әдебиетіміз әлі де ауыз әдебиетінен бөліну дәуірін бастан кешіруде болатын. Өмір құбылыстарын бірыңғай дерлік ауыз әдебиеті құралдарымен бейнеледі, поэзияда өмір шындығы мен қоғамдық проблемалардан гөрі, жалаң дидактикалық ережелер мен гақлиялар негізгі орын алды. Алтынсарин әдебиетті осы сипаттан едәуір арылтып, тікелей өмір мәселелеріне, қоғамдық тіршілікке әкелді, әдебиеттің, поэзияның міндеті өлең құрастырып, ойын тойда айту ғана емес, оқушы мен тыңдаушыға рухани, эстетикалық тәлім-тәрбие беруде, қоғамның жаңа адамын тәрбиелей білуде деп түсінді. Осы

¹ Қазақ тілі үшін орыс алфавитін қолдану мәселесі төңірегіндегі айтыс, ұсыныс, жобалардың тарихы Ә. Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсарин» атты монографиясында (Алматы, 1965) толық қамтылған. — Редколлегия.

принципті жаңа көзқарасын ол көпшілікке «...түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек», — деп түйіндеді.

Хрестоматия төрт тараудан тұрады: 1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер; 2. Әртүрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер; 3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең жырларынан үзінді; 4. Қазақтың мақал-мәтелдері. Ұлы ағартушының қолымен тізілген осы төрт тараудың атымен танысқанның өзінде оның дидактикалық, педагогикалық принциптерді қатал да шебер ұстанғанын, оқушы мен жалпы қауымға ана тіліндегі жақсы үлгілерді көбірек ұсыну талабын, халқының бай поэзиясын тереңірек таныту мақсатын т. б. көреміз. Мұның қай-қайсысы да оқу құралын жасау барысында күні бүгінге дейін ескірмеген принциптер.

«Қазақ хрестоматиясы» алғашқы басылымында Алтынсариннің айқын ағартушылық мақсатта жазылған әйгілі екі өлеңімен ашылды. Бүгінде көпшілік ұғымына «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» деген атаулармен сіңісіп кеткен бұл өлеңдерді автор «Сөзбасы» деген ортақ атпен жариялады. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Бүкіл өмірін ағартушылық қызметіне арнаған Алтынсарин көркем туындыларын да түгелдей сол идеяға бағындырды, хрестоматияның өзін тікелей ағартушылық мақсатта жазды. Сондықтан қысқа да тартымды поэзиялық туындыда өз өмірінің өзекті мұратын білдіруді басты міндеті санады. Хрестоматияны аталған өлеңдермен ашу арқылы оқушысына да кітаптың мақсат-мүддесін бірден білдірді, танытуды көздеді, бұл ретте сөз болып отырған өлеңдер лайықты сөзбасы бола алады деп есептеді. Мұнысы өте орынды да еді.

«Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерінің құндылығы ағартушылық мақсатта жазылғандығында немесе ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттауында ғана емес. Ең алдымен, бұл туындылар көркем шығарма ретінде барша мазмұнымен, сапасымен жаңа. Олар өлең түрінде өлеңнің бар мүмкіндігін пайдаланып халыққа, қауымға арналып жазылған зор үндеу. Үндеу болғанда сол кездің жас буындарын білім алуға, озық мәдениетті меңгеруге шақыру арқылы тұтас қоғамдық өмірді даму процесіне тарту, оның өркендеуіне жол ашу мақсатын көздейтін, заман талабымен, өмір талабымен тыныстаған үндеу.

Көркемдік ерекшеліктері жағынан да айтылмыш өлеңдер айрықша назар аударарлық. Әсіресе, «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде қазақ поэзиясындағы көне көркемдік тәсілдердің бірі — өмір құбылыстарын салыстыра суреттеу жолы шебер де өнімді қолданылады. Ақын надандық пен қараңғылықтың зиянды көріністерін ғылым-білімнің құдіретіне қарсы қоя суреттей отырып, оқушысына неден қашық, неге асық болу жайын ұтымды ұғындырады, өзі-

нің негізгі идеясын ашық та айқын дәлелдей жеткізеді. Өлеңнің осылайша байырғы көркемдік тәсіл мен халықтық дүниетаным негізінде жазылғандығы оның кезінде ел арасына тез тарап, халықтық туынды боп кетуіне, сөйтіп, автор идеясын жалынды насихаттауына зор мүмкіндік туғызды.

«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің өте-мөте бағалылығы — ғылымның сол заманғы құдіретін қазақ оқушысының ұғымына жеңіл, жанына жақын бейнелеу құдіретінде. «Кел, балалар оқылық» өлеңіндегі тәрізді мұнда да парраллелдеу тәсілі бар. Бірақ, сәл басқаша сипатта. Мұнда ақын алғашқы туындысындағыдай бір-біріне қарама-қарсы екі ұдай дүниені салыстыру арқылы қорытынды жасамайды, халықтың ұғымында ертеден қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерді ғылымның жаңа табыстарымен теңестіру, теңдестіру арқылы («Теңізде жүзді балықтай», «Адамды құстай ұшырды» т. б.) адам өмірінің өзгеру, өсу құдіретін нанымды суреттейді, оқушысын сол кереметтерді өз көздерімен көруге, білуге, меңгеруге шақырады.

«Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері өздерінің идеялық-көркемдік қасиеттерімен тек Алтынсарин творчествосында ғана емес, жалпы қазақ поэзиясындағы — соны құбылыс, жаңа бағыттағы жазба әдебиеттің төл басы, алғашқы беташары.

Алтынсариннің бір алуан өлеңдері моральдық, этикалық проблемаларды көтереді. Ағартушының тікелей тәрбиелік мақсатта жазған кітабында мұндай мәселелерді қалыс қалдыруы мүмкін емес еді. Оның үстіне ол көркем әдебиеттің негізгі міндеттерінің бірі — адамға тәрбие беру деп түсінді. Осы жағдайлардың жалпы жиынтығы ағартушының «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен», «Әділдік көрмегені үшін бір төреге айтылған сөз» т. т. сияқты өлеңдерін туғызды. Бұл шығармалардың қай-қайсысы да автордың гуманистік ой-пікірлерінен өсіп өрбиді. Олардың түпкі тереңінде ағартушының адамгершілік өлшемдері мен принциптері жатыр. Атап айтсақ, әділдік, адамдық, адалдық, адал еңбекпен өмір сүру т. б. принциптері.

Қазақ поэзиясының идеялық-тақырыптық шеңберінің кеңеюі Алтынсариннен басталады. Ағартушының табиғат лирикалары осының айқын бір айғағы. Алтынсарин мен Абайға дейін қазыналы қазақ жерінің әсем табиғаты поэзияның арнаулы объектісі бола алмады. Оның себебі: табиғат көріністері шындап келгенде жазба әдебиеттің үлесі.

Алтынсарин мен Абайдың табиғат тақырыбын поэзияның негізіне көтере, асқан шабытпен жырлауы, әсте, кездейсоқ емес. Олар жаңа бағыттағы жазба әдебиетімізді негіздей отырып, поэзияның өзіндей сұлу да сырлы табиғатты поэзия әлемінен тыс қалдыра

алмады. Бұл ретте қазақ ақындарына орыстың классикалық поэзиясының, әсіресе, Пушкин мен Лермонтов творчестволарының тигізген игі әсерін ұмытуға болмайды. «Екеуінің қазақ ауылындағы көктем жайында жазғандарын оқып отырсаңыз, — дейді М. Әуезов осы орайда, — шынында бір ақындық мектептің, бір түрлі ақындық дәстүрдің үлгісін көресіз және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өленді жазған... Кейін аңғарсақ, табиғат суретінің үлкен мастері болған ұлы Пушкин үлгісінде туған өлеңдер екен».

Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» өлеңдерін байыптай оқығаныңда қазақ ақынының көзімен көрген, жүрегімен сезінген дала табиғатының әсем де әсерлі көрінісін көз алдыға келтіресін, жаның жадырайды, ерекше ләззат аласың. Алайда ақынның табиғатқа қатынасынан, оны тану, бағалау өлшемінен орыс поэзиясының озық дәстүрін байқау қиын емес. Екі өлеңінде де ол табиғаттың ең бір сұлу кезеңін алып, оны халық өмірімен байланыстыра бейнелейді. Табиғат сұлулығын жалаң қызықтау, «әдемілікті әдемілік үшін» тану не суреттеу ақын творчествосына мүлдем жат. Алтынсариннің табиғат тақырыбындағы өлеңдерінің лирикалық кейіпкері — жайдары, жалынды жас. Ол автордың оптимистік ойларының тікелей көрінісі.

Алтынсарин демократияшыл бағыттағы қазақ жазба әдебиетінің негізін салуда қандай ұлы қызмет атқарса, қазақ прозасын дүниеге келтіруде де сондай еңбек сіңірді. Сан ғасыр бойы жалғыз ғана поэзия саласында өмір сүріп келген әдебиетіміз алғаш соның творчествосында өзге жанрлық түрмен көрінді. Ол — бүгінде әдебиетіміздің жетекші жанры дәрежесіне жетіп отырған проза. Проза дамымаған жерде әдебиет шын мәнінде өріс ала алмайды. Дүние жүзі әдебиетінің тәжірибесі туғызған осы теориялық тұжырымды қазақ әдебиетінің тарихы үшін қолдансақ, ағартушының халқымыздың әдебиеті мен мәдениеті алдындағы еңбегі мүлде айқын да анық көрінеді.

Әрине, Алтынсариннің прозалық туындылары бүгінгі өскелең, кемелденген прозаның деңгейінен біраз төмен тұруы мүмкін. Бірақ, «екіге екіні қосқанда төрт болатынын дәлелдеген адамның ұлылығы қашан да ескірмейді». Ағартушының прозалық миниатюралары — кейінгі кезеңдерде профессионал жанр дәрежесіне жеткен жетекші жанрымыздың алғашқы қайнар бұлағы, өріс алған көзі.

Ағартушы прозасының негізгі сипаттарын сөз еткенде, ең алдымен, осы прозалық дүниелер арқылы әдебиетімізге алғаш «кішкентай адамның» келгенін айту абзал. Әдебиетке «кішкентай адамның» келуі — әдебиетке тарихты жасаушы халықтың келуі деген сөз. «Кішкентай адам» — халықтың өкілі. Ол теңсіз, әділетсіз қоғамда еңбекші бұқараның басындағы ауыр өмірді: аянышты

жағдайды барша болмысымен бейнелейді, халықтың алдағы күнге арманын білдіреді. Көркем әдебиеттің негізгі объектісі қай кезде де халық. Еңбекші бұқарасы басты кейіпкері, геройы дәрежесіне жетпеген әдебиет есейген әдебиет қатарына қосыла алмайды. Бұл тұжырым тұрғысынан қарағанда да Алтынсариннің әдебиетіміз алдындағы ұланғайыр еңбегін көреміз.

Хрестоматияның алғашқы басылымында оның бірсыпыра әңгімелері жарияланады. Олардың ішінде аса негізгілері: «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» т. б. Тақырыбы жағынан әртүрлі және тікелей тәрбиелік мақсатқа жазылған осы әңгімелердің барлығына ортақ қасиет — өз кезінің өмір шындығы мен өзекті проблемаларын бейнелеу. Әр шығармадағы авторлық идея үлкен оқушының да, кіші оқушының да жүрегіне бірдей жол табады, айқын өнегелік, тәрбиелік тұжырымдармен аяқталып отырады. Бұл идеялық қорытындылар мысал жанрындағыдай тікелей ғақлия түрінде емес, шығарманың бүкіл болмысымен қоса өрілген. Сондықтан олар көзге бірден көрініп тұрмайды, туындының барша мазмұнынан, бағыт-бағдарынан аңғарылады. Көркем шығарма үшін бұл абзал қасиет.

«Бай мен жарлы баласы» атты қысқа әңгіме — ағартушы творчествосының биік сатысы, жазушының педагогтік ойларының көркемдік құралдарымен бейнеленген көрінісі. Шығарма оқушысын адал еңбекке, өмір сырын үйрене, меңгере білуге шақырады, табиғаттың өздігінен адамға ештеңе бермейтінін, мәселе одан қажет нәрсені таба және ала білуде екенін үйретеді. Сондай-ақ, шығарманың атап өтерлік тағы бір ерекшелігі — жазушының таптық түсінігі мен позициясын, тенденциясын айқын аңғартады. Оны оқи отырып, автордың қай тапқа тілектестігін, қай таптың болашағына жарқын үмітпен қарағанын аңғару қиын емес.

Әңгімені көркемдік, өмір шындығын бейнелеу ерекшелігі тұрғысынан бағалайтын болсақ, оның өз кезіндегі ауыл өмірін негізгі сипаттарымен шебер де нақты таныта алғандығын атау қажет. Мұнда, әсіресе, көшпелі қазақ ауылының жазғытұрғы тұрмысы, жайлауға көшудің қызығымен бірге қарбалас жайлары, малшылардың өмірі әрі шыншыл, әрі әсерлі көрінісін табады.

Шығармада негізгі екі кейіпкердің іс-әрекеті бір-біріне қарама-қарсы жоспарда суреттеледі. Әңгіменің тақырыбынан байқалып тұрғанындай-ақ, ол екеуі жастығына қарамастан қанаушы және қаналушы таптың өкілдері ретінде көрініп, әр қайсысы өзінің өмірге қатысымен, өмір туралы түсінігімен өз табының тұрмыс салтын, тіршілік характерін шебер бейнелейді. Әңгіме жазушының, сондай-ақ жалпы әдебиетіміздің тырнақалды прозалық туындыларының бірі болса да, көркем шығармаға тән негізгі шарттар мен

заңдылықтарды толық сақтайды. Мұнда, әсіресе, жазушының кейіпкерлеріне сырттай бейтарап бола отырып, олардың образдық ерекшеліктерін ісі, мінезі, характері, адамға, өмірге, табиғатқа қатысы арқылы ашу талабын, өзі тарапынан дайын мінездеме беруден тартынуын т. б. атау қажет.

Билеуші таптың жас өкілі — Асан көрген тәрбиесі мен өскен ортасының өмірге, еңбекке бейімсіздігін аттаған адымы сайын танытады. Жазушы оның тумысынан ешкімнен кем емес екендігін ұғындыра отырып, тек алған өнегесі арқылы бұзылып, азғындық дәрежеге жеткендігін суреттейді. Алғашқы кездескен кішкентай қиындықтың өзі Асанды дәрменсіздікке ұшыратып, тұншықтыра жаздайды. Жазушы ол туралы: «Асан қарным ашты деп жылады», «Тамағы тойған соң, Асан көңілінен уайымы шығып, су жағалап жүгіріп кетті», — деп суреттейді. Бұл көріністер Асанның туғаннан бергі өмір дағдысын, яғни өмірдің жақсылығы мен жамандығын қарнының тою, тоймауымен ғана өлшеу тәрізді күйлі күйін аса әдемі білдіреді.

Кедей баласы — Үсен Асанға мүлдем қарама-қарсы. Екеуі ел көшіп кетіп, жұртта адасып қалғанда, ол Асан сияқты бостан-бос жылай бермейді. Алған тәрбиесі мен өскен ортасы арқылы жастайынан еңбек етуге, айналасындағы дүниеден өзіне қажет нәрсені таңдап, тауып алып, қажетіне пайдалана білуге үйренген Үсен үшін тіршілік ету, күн көру онша қиындыққа түспейді. Ол өзін ғана асырап қоймай, қасындағы жолдасын да бағады, бірнеше күннен кейін оны ертіп, аман-есен еліне қосылады. Осы бірнеше күндік жол Асан үшін қаншама қиын да қатерлі болса, Үсен үшін дағдылы, күнделікті тіршілік. Бала Үсен өмір тізгіні өз қолына тиген сәтте өзінің кішкентай ақылы мен тәжірибесін, әкесінен естігендері мен көргенін творчестволықпен пайдалану, қолдану арқылы қиыннан жол табады. Емшек сүті аузынан кетпеген жарлы баласының өмірге осы бейімділігі, ақылы мен тапқырлығы өсе келе оның үлкен адам болатынының, өмірден өзіне қажет нәрсені ала білетіндігінің кепілі іспетті. Шығарманың бар идеясы, автордың негізгі нысанасы осыған саяды.

Әңгіменің тәрбиелік үлкен маңызы автордың кейіпкерлер жасаудағы негізгі өлшемінен айқын көрінеді. Асан мен Үсеннің адамдық қасиеттерін жазушы олардың еңбекке қатынасына қарай бағалайды. Еңбектің қоғамдық, тарихи, әлеуметтік ролін жоғары бағалау ХІХ ғасырдағы орыс революционерлері жеткен үлкен идеялық биіктердің бірі. «Еңбек — біздің дұғамыз», — деп жазды А. Герцен. Алтынсариннің бар шығармасында және осы әңгімесінде еңбекті сол өреде тану бар. «Бай мен жарлы баласы» бұл ретте қазақ даласындағы жаңа кұбылыс, соны леп.

Алтынсарин «Бай мен жарлы баласында» екі жастың еңбекке

екі түрлі қатынасын көрсетсе, «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінде толысқан еңбек адамының жеңісті сәтін суреттейді. Сейтқұл — өз дәуірінің жаңа адамы, творчестволық еңбек иесі. Өмір сүру — ол үшін күрес пен іздену. Осы жолда ол адал еңбекке қарсы топтан — барымтамен, ұрлықпен айналысқан туған ағасынан да бөлініп, өзі сияқтыларды жинап отырықшылықпен, жер шаруашылығымен айналысады. Адал еңбек пен жомарт жер өз жемісін береді.

Ағартушының көп әңгімелерінде отырықшылық мәселесін көтеруі кездейсоқ емес еді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Россияға бір жолата қосылу нәтижесінде қоғамдық даму процесіне тартыла бастаған қазақ қоғамында отырықшылық, жер шаруашылығы проблемасы айрықша өткірлікпен қойылды. Мұнсыз экономикалық, мәдени дамудың мүмкін еместігін күнделікті өмірдің өзі көрсете, үйрете бастады. Өз заманының озық қоғам қайраткері осы дәуір талабын, қоғамдық тілекті өз шығармаларына шебер арқау етті. Ол ағартушылық қызметінде де отырықшылық мәселесіне айрықша көңіл бөліп, ағарту-оқу жұмыстарының көшпелі тұрмыста жөнді нәтижеге жеткізе алмақ еместігін әркез дәлелдеп, түсіндіруден жалыққан жоқ. «...Қазақ халқы, — деп жазды ол бір мақаласында, — орыс мемлекетімен тез арада-ақ араласып кетеді, бұл араласудан ол өз бақытын өзі де көретін болады және ол тек малшы боп қана қоймайды, сонымен қатар жер шаруашылығымен де айналысатын болады».

«Қазақ хрестоматиясының» қадір-қасиетін сөз еткен айрықша назар аударарлық мәселелердің бірі — осында ауыз әдебиеті нұсқаларының жарық көруі. Халқын шексіз сүйіп, өзінің аз өмірін елге қызмет етуге бөле-жармай арнаған шын мәніндегі патриот, азамат Алтынсарин халқының ауыз әдебиетін де беріле сүйді, оның асыл маржандарын жоғары бағалады. Сөйтіп, ол ауыз әдебиетінің бірер нұсқаларына ана тіліміздегі тұңғыш оқу құралынан лайықты орын берді. Ағартушы түсінігінде фольклор — халық өмірінің көркем шежіресі, көркемдік дүниетанымының көзі, алдағы өмірге арманы мен тілегінің көрінісі. Өз елінің ғасырлар бойы қанаушылық пен қараңғылықтың езгісінде жүріп жасаған және жоғалтпай сақтай білген фольклорлық туындыларынан Алтынсарин өзінің гуманистік, ағартушылық, педагогтік идеяларына зор үндестік тапты. Осы арқылы өзінің озық ой-пікірлерін халықтың сан ғасырлық арман-тілектерімен ұластырып, оларға жаңа қоғамдық кезеңде жаңаша өмір берді. Ағартушының қаламына іліккен аңыз-әңгімелер мен ертегілердің, эпостық жырлар мен толғаулардың, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің қай-қайсысы да шынайы мағынасындағы «Халықтық рухымен» (Белинский) көрінеді. Мысал үшін «Қобыланды» жырынан берілген шағын ғана үзіндіні алайық. Ең алдымен ағартушының «Қобыланды» жырын

таңдауының өзі тамаша. Бұл — халық эпостарының ішіндегі атасы тәрізді ең көркем, ең көне жырлардың бірі. Ал, осындағы Тайбурылдың шабысы туралы үзіндіні жариялау арқылы ағартушы-педагог жас өспірімдерді тәрбиелеу ісінің біраз мәселесін қоя білген. Атап айтсақ, оқушысын ана тіліндегі аса таңдаулы поэзиялық үлгімен таныстыра отырып, оның ұлттық мәдени, әдеби мұраны тани және сүйе білу сезімін жетілдіре түсуге мүмкіндік тапқан, сондай-ақ, шын поэзияның да бейнелеу өнері тәрізді объектіні оқушының көз алдына келтіру құдіретін таныта білген. Жырдағы Тайбурылдың шабысына арналған үзінді қазақ оқушысына түсінікті ғана емес, оның көз алдынан өтетін қайталанбас көркем сурет, асқақ сезімін оятарлық аса әдемі көрініс.

Сонымен, «Қазақ хрестоматиясының» негізгі бөлігі ағартушының төл шығармаларынан, өзге бір саласы ауыз әдебиеті нұсқаларынан, басқа ақындардың бірен-саран туындыларынан құралғанын көрдік. Осы екеуіне қоса хрестоматиядағы үшінші бір мол сала — орыс тіліндегі шығармалардан аударма. Мұның тарихи әлеуметтік себептерін жоғарыда атап өттік.

Алтынсарин тек хрестоматиясымен белгілі жан емес, жалпы қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, жазушы, фольклорист ретінде өзінің озық ойларымен орыстың демократияшыл мәдениетіне де үлес қосты. Осындай үлкен биікке орыс қауымының алдыңғы қатарлы ақыл-ойы арқылы жеткен ол өзінің туған халқының да жарқын болашағы мен тағдырын сол халықпен бірліктен, оның мәдениетін меңгере білуден көрді. Сондықтан оның хрестоматияны осы мақсаттағы ұтымды құрал ретінде пайдалануы өте заңды еді.

Алтынсарин аудармаларының авторлары: Л. Толстой мен И. Крылов, К. Ушинский мен И. Паульсон (өткен ғасырдағы белгілі орыс педагогы). Бұлардың қай-қайсысы да орыстың XIX ғасырдағы педагогтік ой-пікірінде салмақты орын алды. И. Крылов мысалдарының, әсіресе, осы ғасырда тәрбие ісіне орасан зор қызмет еткені мәлім.

Алтынсарин аудармалары орыс авторларының шығармаларын қазақ тілінде таныстырудың тұңғыш тәжірибесі болды. Сол себепті ол бірінші кезекте орыстың классикалық үлкен туындыларын аударуға бара алмай, тікелей педагогикалық, дидактикалық мәнді шығармаларды аударды. Бұл хрестоматия үшін де, тіпті тұтас халық үшін де дұрыс еді.

Аудармашы қашан да өзінің идеялық-эстетикалық мақсатына сай келген шығарманы ғана аударады. Бұл пікірдің, әсіресе, Алтынсаринге қатысы мол. Өзінің күнделікті ұстаздық ісінде, кейін хрестоматияны жазу үстінде де ол орыс педагогтерінің оқу құралдарын кеңінен пайдаланды, қазақ шәкірттерін оқыту-тәрбиелеу ісіне тікелей жәрдемін тигізеді деген өлең, әңгімелерді ғана аударып,

кітабына енгізді. Бұл шығармалардың әрбірі тәрбиенің жеке бір мәселесін көтерді және жастардың білімі мен санасына қонымды қорытындылармен аяқталып отырады. Атап айтсақ, осы әңгімелер арқылы Алтынсарин өз шәкірттерінің бойында әділдік пен адалдық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, әдептілік пен тазалық, тапқырлық пен талаптылық, мейірімділік пен үлкенді сыйлаушылық, еңбеккерлік пен ізденгіштік мінез-құлықтары мен сезімдерін тәрбиелеуге жақсы мүмкіндік жасады.

Ағартушы аудармаларының негізгілері ретінде «Силинчи ханым», «Жамандыққа жақсылық», «Мұңсыз адам», «Данышпан қазы», «Үш ұры» (Л. Толстойдан), «Қарға мен түлкі», «Ақмақ дос» (И. Крыловтан), «Үнді», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт» (К. Ушинскийден), «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік», «Аурудан аяған күштірек», «Тәкаппаршылық», «Әдеп», «Дүние қалай етсең табылады», «Тышқанның өсиеті» (И. Паульсоннан) т. б. атауға болады. Алтынсариннің аудармаларында басқа тілдегі шығармаларды әдейі қазақыландыру принципі байқалмайды. Ол орыс жазушылары шығармаларының мазмұны мен рухын толық сақтай отырып, қазақ оқушысына түсінікті туынды жасауды көздеді және осы мақсатына толық жетті де.

Ұлы ағартушының әдеби мұрасының бірден-бір көзі боп саналатын «Қазақ хрестоматиясын» сөз еткенде, оның ана тілімізді сақтау, дамыту жөніндегі зор еңбегін лайықты атамасқа болмайды. Халық тілін ұлттық байлық деп танып, оның тазалығы мен бүтіндігі үшін қазақ топырағында алғаш аянбай күрес жүргізген адам — Алтынсарин. Бұл ретте ол, әсіресе, ислам діні мен оның таратушыларына батыл қарсы шықты. «Қазақтың табиғи тілін бұзатын тараризм» дегенде, ол осы дінді, оның өлшеусіз зиянын ескертті. Немесе, «Молдалар, өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр», — деп жазды. Оның заманында бұлайша мыңмен жалғыз алысу тендесі жоқ ерлік еді. Алтынсарин халқымыздың ұлттық тілін таза сақтаудың бірден-бір шарасы ретінде оны, әсіресе, діни сөздермен шұбарлаудан сақтауды атап көрсетті. Ол орыс алфавитін қолданғанда да оның осы салада азды-көпті көмегі, септігі бола ма деп үміттенді (араб, парсы сөздері орыс алфавитімен жазуға қиын деп санады).

Алтынсариннің қазақ тілі саласындағы ең үлкен еңбегі — халық тілі негізінде әдеби тілдің негізін салды. Ағартушының төл өлең, әңгімелерінде халқымыздың ана тілі, сөйлеу тілі бар асыл да әсем қасиеттерімен, меруерттей таза сипатымен, еш қоспасыз таза қалпында қолданылды. Жазушының бұл озық қадамы теориялық жағынан мейлінше дұрыс еді. Ұлттық әдеби тілдің негізін халық арасынан, оның сөйлеу тілінен іздеп табу мәдениетті елдердің көне заманнан бергі дәстүрі. «Альфьери (Италияның XVIII

ғасырдағы ұлы драматургы — Ә. Д.) итальян тілін Флорентин базарынан үйренген екен, — деп жазады А. С. Пушкин, — бізге де кейде Москваның нан пісіруші әйелдерін тындау теріс болмас еді. Олар ғажайып та дұрыс сөйлейді». Алтынсариннің халық тілі арнасында негіздеген әдеби тіліміз бүгінде әрі бай, әрі көркем, мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп отыр.

Қорыта айтқанда, «Қазақ хрестоматиясы» халқымыздың Октябрьге дейінгі тарихында надандық пен қараңғылыққа, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы қалай күрессе, Ұлы Октябрьден бері қарай жаңа қоғам адамын тәрбиелеу ісіне де қалтқысыз ат салысып келеді. Демек, әрбір туынды тәрізді «Қазақ хрестоматиясының» өмірінде де бір-ақ мезгіл бар. Ол туу мезгілі. Қалған уақытта ол халқымен бірге жасай береді, гуманизм үшін, білім мен мәдениет үшін, әділдік пен адамдық үшін мәңгі күресе береді.

1979.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТУРАЛЫ СЫР

Қазақ қоғамының өмір шындығына арналып қазақ топырағында туған алғашқы роман, повестер мен поэмалардың ХХ ғасырдың бас кезінде көріне бастауы, әсте, кездейсоқ жағдай емес. Мұның негізгі себептерін қоғамдық өмірдің өзіндік ерекшелігінен, рухани талап-тілегі мен мұқтаждығынан іздеп табуға тиіспіз.

1901 жылдың январь айында, басқаша айтқанда, ХХ ғасырдың табалдырығын алғаш аттаған күндердің бірінде пролетариаттың данышпан жазушысы М. Горький «...Жаңа ғасыр — шын мәнінде рухани түлеудің, жаңарудың ғасыры болады», — деп асқан көрегендік пікір білдірген еді. Россиямен, орыс халқымен өзінің бүкіл өмірі мен болашағын біржолата қосқан қазақ халқы үшін де бұл данышпандық пікірдің қатысы болмай қалған жоқ. Қазақ халқы кем-кемдеп ояна, ойлана, өмір құбылыстарын түсіне, тани бастады. Осы тарихи құбылысты кезінде көзімен көріп, жанымен ұғынған бір адам «Айқап» журналының 1913 жылғы 18 санында былай деп жазды: «1905 жылы Россияның әр жағында ескен самал жел (орталық Россиядан дегені ғой — Ә. Д.) көрпені жылы жамылып, ұйықтап жатқан қазақ жұртының етіне де тиіп кеткен еді. Жұрт ақырын-ақырын көзін уқалап, былшығын сүртіп, төсектен басын көтеріп, біраз ойға қалды». Айтылу түрінің аздаған қарадүрсіндігіне қарамастан бұл сөз сол кездің шындығын дәл де ұтымды жеткізіп отыр.

ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ қоғамы — Ұлы Октябрь заманының қарсаңында тұрды, тарихи қайшылықтардың

шешілер дәуірі күннен күнге жақындай түсті. Бұл жағдай қазақ қоғамында көптеген проблемалардың үзілді-кесілді қойылып, олардың аз уақыт ішінде әлеуметтік салмағы артып, терең ой-пікірлер дәрежесіне пісіп жетілуіне орасан зор мүмкіншіліктер туғызды. ХІХ ғасырда бірен-саран ғана баспасөз орны болған қазақ жұртының осы тарихи кезеңде ондаған газет, журналға ие болуы, мектептер мен кітапханалар санының едәуір артуы, жұмысшы табының қалыптаса, өсе түсуі, шаруалар наразылығының бой көрсете бастауы, қазақ қыздарының ғылым-білім пайдасын сезіну талаптары, орыс, қазақ шаруаларының арасындағы достықтың кең етек алу фактілері, тағысын тағылар, біріншіден, ХХ ғасыр басындағы қысқа мезгілде қазақ қоғамының мәдени-экономика тарапында бастан кешірген даму процесінің айғағы болса, екінші жағынан, осы айтылған жағдайлардың өзі сол процесті барған сайын жеделдетіп, тездетіп, халық санасында, оның рухани өмірінде есею мен талап-тілектің арта түсуіне себепкер болды. Мұның айқын мысалын сол кездегі көркем әдебиеттен де нақты көреміз.

Тарихи қысқа мерзім ішінде толғағы жетіп, әлеуметтік өмірдің күн тәртібіне қойылған аса елеулі мәселелер көркем әдебиеттің алдына да үлкен-үлкен міндеттер қойып, олардың үзілді-кесілді бейнеленуін талап етті. Мінеки, осындай өзгеше жағдайда әдебиетіміздің ескі түрмен, ертеректегі сұрлеумен жүре беруі мүмкін емес еді, жетекші бір ғана жанр — поэзияда сол кезге дейін орын алып келген негізгі түр — қысқа лирикалық өлең түрі қоғамдық өмір ұсынып отырған түбегейлі мәселелерді көтеруге де, бейнелеуге де тарлық, тапшылық ете бастады. Өмірдің даму, өсу процесінен туған талаптар мен тілек-мүдделер жаңаша түрді, өзгеше бейнелеуді қажет етті, яғни жаңа үлкен мазмұнға лайық жаңаша түрдің қажеттігі әркімге аян шындыққа айналды. Әдебиет пен өмірдің бір-бірімен өзектесе, қанаттаса, бір-біріне әсер ете келіп туғызған осы үлкен талабына алғаш үн қосып, жемісті еңбек еткен таланттардың бірі — Сұлтанмахмұт Торайғыров еді.

Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің қысқа да болса шытырман әдеби оқиғаларға бай, соқпағынан гөрі соқтықпасы мол және әдебиет алдындағы үлкен-үлкен міндеттердің пісіп жетілген кезінде небәрі 6—7 жыл еңбек етті. Соның өзінде өмір тәжірибесі мен өнер-білімі саяз бұл қыршын талант жалт етіп көзге түсіп, жарық жұлдыздай жарқын із қалдырды. Ауыр ауру мен жоқшылықта, білім-өнер іздеген толассыз күрес жолында өткізген жиырма жеті жасының саналы тұсын әдебиет майданына сарқа жұмсаған Сұлтанмахмұт әдебиетіміз тарихында өзіне өшпес белгі, ескерткіш боларлықтай мұра жасап үлгерді. Ол мұраның басым саласы қазақ көркем әдебиетінде роман, поэма тәрізді бұрын онша көзге түс-

пеген тың жанрлардың пайда болып, даму процесімен тікелей байланысты еді. Біз бұл мақалада ақынның осы саладағы еңбектеріне тоқтап өтпекпіз.

Қазақ поэзиясы тарихында өмір шындығынан алынып жазылған тұңғыш күрделі, сюжетті көркем шығармалар Мұхаметжан Серәлин мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтан басталады. Поэзияның өткен ғасырдағы өсу жолына көз салсақ та бұл тарапта үлкен туындының жасала қоймағанын байқаймыз. Ұлы Абайдың өзі де мұндай қадамға жөнді бара алмады. Ақынның өмір сүрген дәуірі, оқушының мәдени дәрежесі, жазба әдебиеттің әлі де балаңдығы, күрделі талаптар биігіне көтеріліп жетпегендігі оның кесек шығармалар жасауына айрықша мұқтаждық туғызбады, сөйтіп, ол бірен-саран поэмаларының өзін ертек, аңыздар мен белгілі сюжеттердің негізінде жазудан аса алмады. «Абайдың оригиналдық поэмасы үш шығарма: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім», — деп жазады Абай мұрасының әйгілі білімпазы Мұхтар Әуезов өзінің «Әр жылдар ойлары» еңбегінде, — бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрынғы шығармаларындай өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес, үшеуі де шығыстық дастан, аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады. Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізденеді... Әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін. Өз басының ұзақ ақындық еңбегі бойында, Абай поэма жанрына анықтап зер салған жоқ». Абайдың поэма жанрына қатысын бұдан терең, бұдан дәлелді айтамыз дей алмаймыз. Ал, Ақылбай, Мағауия Құнанбаевтардың поэмаларына келетін болсақ, бұлардың да басым көпшілігі аңыз әңгімелердің негізінде, тіпті, кейбіреулерінің өзге халықтардың аңыздарының желісімен жазылғанын көреміз. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: қоғамдық өмірдің белгілі бір проблемасына арналып, күрделі сюжеттік оқиғалармен кесек шындықты бейнелейтін поэзиялық ірі туындылар әдебиетімізде ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында ғана пайда бола бастады.

Рас, Сұлтанмахмұт та, онымен тұстас, замандас өзге ақындар да поэзияның күрделі жанрына бірден және өз беттерімен келе салған жоқ. Олар ақындық мектебін едәуір өткеннен кейін, әдебиетіміздің, оның ішінде поэзияның осы саладағы бұрынғы аздықөпті тәжірибесінен үйренудің, үлгі алудың, оның жақсы ерекшеліктерін шебер менгерудің нәтижелерінде келді. Бұл ретте оларға, әсіресе, халықтың ауыз әдебиетіндегі жыр, дастандардың көптенкөп ықпалы болып, шеберліктерін арттыра, баули түскені күмәнсіз жағдай. Сұлтанмахмұттың да, басқа ақындардың да поэма, романдарында әр жанрға тән сипаттардың кездесуімен қатар, ауыз

әдебиетіне тән өзгешеліктердің де орын алу себептерін осындай жағдайларға байланысты тануымыз қажет.

«Қамар сұлу». Қоғамдық өмірдің сан-алуан салмақты шындығын өз тақырыбының төңірегіне шебер топтастырып, ұтымды көрсете алатын осы бір кесек туындыны көп жұрт роман деп атайды. Бұл атау, тегінде сөз болып отырған шығарманың реалистік сипатына тереңірек мән бергендіктен туған болуға тиіс. Әйтпесе, мұнда романнан гөрі поэмаға тән асқақ поэтикалық суреттеулер өте-мөте мол кездеседі. Әрине, мәселе шығарманы атауда ғана емес, оның түпкі мәні мен маңызында ғой. Енді соған оралайық.

Бір жағынан ғашықтар жөніндегі поэмаға ұқсаған, екінші жағынан, эпистолярлық шығармалардың ерекшеліктерін мол танытатын бұл кесек еңбегін Сұлтанмахмұт 1914 жылы жазды. Шығармада көп мәселенің ашына, ащы үн мен қатал үкім тұрғысынан суреттелуі оның сол туу кезіне де байланысты тәрізді. Табиғатынан талантты, өткір, шыншыл, сезімтал ақын осы күрделі еңбегін жазу үстінде таяу тұрған ұлы күнді сезініп, одан өзіне күш-жігер, ақындық қуат алып отырғандай көрінеді.

«Қамар сұлу» романы Октябрь алдындағы қазақ қоғамы және соған лайық қазақ әдебиеті аса кең жоспарда көтерген түбегейлі үлкен тақырыптардың бірі — әйел тендігі мәселесіне байланысты жазылды. Ғасырлар бойы күндікте, қорлықта келген қазақ әйелдерінің тендік алу мәселесі ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында айрықша өткірлікпен, батылдықпен қойылған еді. Аздықөпті даму жолына түскен қоғамдық өмірдің өзі осыны ерекше талап етіп, мұны белгілі дәрежеде шешпей, жолға қоймай тұрып, дамудың өзі мүмкін емес боп көрінді. Сондықтан да қазақ ақындарының сол тұста бұл тақырыпқа арнап қалам тартпағаны жоқ. Әйел тендігі мәселесі әдебиетте өзекті тақырып болып қана қоймай, сол кезеңнің даму сатысына сәйкес бірсыпыра демократиялық ой-пікірлердің де осы төңіректе көрініп, айқын әлеуметтік сипат алуына себепкер болды. Сұлтанмахмұт өз кезінің осы күрделі тақырыбына ең алдымен лирикалық өлеңдер арқылы көп замандастарынан бұрын барып, үлкен ой-пікірлер білдірді, көркемдік шешімдер жасады. Қазақ әйелдерінің правосыздығын, әлеуметтік өмір сахнасына тартылмай отырғанын ол мейлінше қынжыла жырлады. «Қай қыз бар бұл қазақта теңге жеткен, бәрі де жылай-жылай кемге кеткен», — деп күйзеледі, қазақ қоғамындағы феодалдық салт-сананы батыл сынады. Ақын «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Маңайымнан әрмен кет», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам» тәрізді өлеңдерінде қазақ қыздарының басындағы трагедиялық халдың әлеуметтік сырын терең аша түсті. Сұлтанмахмұттың әйел тендігі мәселесінде озық позиция ұстағандығының бір себебі — оның жалпы семья, махаббат туралы көзқарасының дұрысты-

ғында еді. Әсіресе, «Жан қалқам» өлеңінде ол семья туралы көзқарасын нақты көрсеткен болатын. Әйтсе де Сұлтанмахмұттың әйел теңдігі тақырыбын айқын реалистік сипатқа жеткізе, шын суреткерлікпен бейнелеген саласы — поэма, роман тәрізді күрделі жанр саласы. Бұл ретте ең алдымен «Қамар сұлу» романын атау абзал.

«Қамар сұлу» тәрізді түрі мен мазмұны ұтымды астасқан, қоғамдық өмірдің керітартпа сипатын өткір әшкерелейтін уытты реалистік шығарманы бір ғана әйел теңдігі мәселесінің төңірегінде ғана тану, әрине, сыпайы айтқанда, жеткіліксіз болар еді. Өз заманының үлкен шындығын бар дауыспен байыпты баяндайтын осы бір ірі туындыда әйел теңдігі тақырыбы қоғамдық өмірді кеңінен суреттеудің кілті, соған апаратын жол есепті қызмет атқарады, тарихи кезеңнің қат-қабат сырлары осы тақырыптың айналасында түгелдей өрбіп, өздерінің әрқилы жайларын бар ерекшеліктерімен терең айқындай, аша түседі.

Романда революция алдындағы қазақ ауылының бүкіл жайкүйі, тіршілік харекеті, өмір салты, негізгі қайшылықтары бір-біріне қарама-қарсы екі дүниенің, өмірге екі түрлі көзқарастың адамдары арқылы суреттеледі. Ақын бұларды екі ұрпақтың да ішінен таба біледі. Бірінші ұрпақтың өкілдері романда Омар, Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділда ишан арқылы бейнеленсе, екінші жаңа да жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендермен қатар, ауыл өмірінде ас ішіп, аяқ босатқан, еріншек, бойкүйез, қызқұмар бозбалалар арқылы көрсетіледі. Алғашқы ұрпақ өкілдерінің негізгі ерекшелігін автор ескінің етегіне жармасу сияқты дәрменсіз әрекет пен алдау, арбау, жалған атақ, абырой үшін тырысу тәрізді тоғышарлық, қанаушылық мінез-құлық, айла-тәсілдерден деп таниды. Ал екінші ұрпақтың саналы, озық өкілдерінің бойынан ақын өз заманының жаңа адамдарын көреді, олардың жаңаша көзқарасы мен тың түсінігін сезінеді, сол арқылы бұл ұнамды кейіпкерлерін әділдік пен адам бостандығы, махаббат бостандығы жолында күресте сүйсіне суреттейді.

Романның негізгі кейіпкері — Қамар төңірегінде бір алуан ұтымды да шыншыл, ұнамды, ұнамсыз образдар тобын көреміз. Қоғамдық өмірді кеңінен таныту ерекшеліктеріне сүйеніп, бұларды типтік жағдайда дәл және тапқыр жасалған бейне деп айтуымызға әбден болатын тәрізді.

Қамар — шығармадағы бүкіл оқиғаның түйіні, тұтқасы есепті негізгі тұлға. Ақын қазақ қоғамында орын алып келген алуан түрлі керітартпалық құбылыстардың бірсыпырасына осы кейіпкерінің әрекеті, түсінігі, ұғымы арқылы өзіндік пікірін білдіреді. Қамар Абай заманындағы қазақ қызы емес. Сондықтан ол «Етімді шал сипаған құрт жесін» деп терең суға құлай кетпейді, өмірінің

соңғы минутына дейін күресіп, әрекет жасап өтеді. Ол өзінің жауларына жалғыз қарсы тұрады да, көбінесе оларды сөз жүзінде әшкерелеумен тынады. Мұны Қамар образының кемшілігі деп қарамауымыз қажет, керісінше, бұл образдың өз заманындағы қоғамдық шындықты бейнелей алатын ерекшелігі ретінде тануымыз керек. Қазақ қоғамының сол бір тар кезеңіне көз салсақ, қазақ қыздарының әлі де қорлық пен езгіден құтыла алмай отырғанын көру қиын емес.

Қамар шығарманың басында қоғамдық өмірге әлі араласпаған қыршын жас, түз гүліндей балғын күйінде көрінеді. Ақын оның бұл бақытты кезеңін былайша суреттейді.

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Балауыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сәні қандай!
Еріткен іші-баурыңды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жаутаңдап жан күйдірген көзі қандай.

Ақын осылайша таңдана, сүйсіне суреттеген жас Қамарды, сұлу Қамарды, ақылды Қамарды жұрттың барлығы да сыйлайды, қадір тұтады, оның бойынан адамдық ізгі қасиеттерді таба да, көре де біледі.

Автор Қамарды ақылына көркі сай, қазақ ұғымындағы ең таңдаулы, сүйкімді қыздың бейнесінде суреттегенде оның сол парасатты ақыл-ой, биік адамгершілік қасиетінің негізгі көзін оқып білім алуымен, өз кезінің озық түсінігінен хабардар болғандығының нәтижесінен деп дәлелдейді.

Қамар қыз оқымаса нетер еді,
Әуелі бұлтаң-сұлтан етер еді.
Көзсіз болса, алды-артын болжау қайда,
Әркімнің жетегінде кетер еді, —

дейді Сұлтанмахмұт. Сөйтіп, Қамардың алды-артын болжау дәрежесіне жетіп, «көзді» адам қатарында көрінушілігі — білім мен тәрбиенің озық жемісі есебінде суреттеледі. Ақын қазақ қыздарының бұрын сауда-саттықтың, рушылдық қарым-қатынастың құралы мен құрбаны болып келгендігін де олардың сол оқымағандығы мен надандық жайларынан деп таниды. Соның нәтижесінде бұл бишара жандар әркімнің жетегінде кетті, алдағы өмірін болжай алмады, өз бостандықтары үшін күреспек түгіл, ол туралы ойлай да алмады дейді. Оқыған Қамарды барлық жағынан оларға қарсы қояды. Бұл сияқты білімді, парасатты қыздардың көбейе келе өз бостандықтарын жеңіп алу жолында батыл қимыл жасай алаты-

нына зор сенім білдіреді. Қамар образының автор көксеген тәрбиелік мәні, міне, осында.

Сұлтанмахмұт Қамарды саналы, оқыған қыз деп сырттай суреттеп қана қоймай, оның сол саналылығын әрбір сөзі, пікір, түсінігі, өзгелермен қарым-қатынасы арқылы да нақтылай, аша түседі. Бұлар Қамар образының озықтық, өзіндік сипатын айқын байқатумен қатар, ақынның да қоғамдық мәселелерді көтеру, тану, бейнелеу тарапындағы позициясы мен шеберлік тәсілдерін айыра білуімізге мол мүмкіндік береді.

Қамар Ахметке жазған хаттарында өзінің қоғамдық өмір туралы түсініктерін ерекше терең білдіреді.

...Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,
Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның;
Біреуге Аплатондай білім беріп,
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның;
Қыздарын теңге бермей, малға беріп,
Қазақты кара көңіл аң қылғаның,—

дейді ол. Оның бұл сөзінде сол кезеңдегі қазақ қоғамының негізгі сыры, керітартпалық ерекшеліктері, қанаушылық сипаты, теңсіздігі, білімнің де, биліктің де малмен шешілетіні нақты айтылған. Қамар, сөйтіп шегінен асқан әділетсіздікті, озбырлықты тани да, жек көре де біледі. Әйтсе де бұл күшке қарсы тұра алмай, сырттай қорқумен болады. Бұл да сол кезеңнің шындығы. Қамар Ахметтен жақсыны таба алмасын біле тұра «Сүйсем де сол сөзіне жарамаймын», «Сілтей бер маған жетер қолың болса, даңы жоқ, даңғыл жатқан жолың болса», — дейді. Байлығы жоқ Ахметтің өзіне қолы жетпейтіндігін есіне алып қынжылады да, толғанады. «Ашық жол, асулы қол болар еді-ау, бірақ жоқ, әттең, дүние соның болса», — деп Ахметтей білімді, өнерлі жастың қолында күші мен құдіреті жоғына күйзеледі, бай адамды адам етіп отырған заманға нәлет айтады.

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің,
Шыбыным, шын сүйгенім — жалғыз сенсің.
Ту бие, кара саба болмаған соң,
Икемге менің елім қайдан көнсің,—

дей келіп теңіне, сүйгеніне қосыла алмауының негізгі себебін қоғамдық өмірде өріс алып отырған теріс салттан, әлеуметтік теңсіздіктен көреді. Бірақ, бұған ашық қарсы шығып, қимыл жасауға шамасы келмейді, өзінің жалғыздығын, дәрменсіздігін сезінеді, өзіне таяныш боларлық берік сүйеніш, рухани жәрдем таба алмайды. Сондықтан «Арманды арылтатын дәрменім жоқ», — деп түніледі. Ахметпен хат жазысқанының өзін ешкімге білдірмеуге, сездірмеуге тырысады. Оның мұндағы ойы өзі мен Ахметті тоңмойын

кара күштің қолына ұстап бермеу және оқыған адамның атына кір келтірмеу сияқты озық түсініктен туады.

Қамар өз өмірінің бүгіні мен ертеңін байыптап ойлай, өлшей келіп, ақырында: «Бес-он күндік ойын үшін әрі өзімді, әрі оны қаралап, жұртыма, құдайға да ұятты болмайын, жанған жаным жана берсін; обалымыз қиюы жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға баспай солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын», — деп түйеді. Оның нәзік қарсылықпен тынған осы бір сөзінің өзінен біраз нәрсені аңғарамыз. Алды-артын болжай білген, көзі ашық, көңілі ояу Қамар Ахметке шын қосыла алмасын ашықтан-ашық біледі, бұған кінәлі заман және сол заманда үстемдік етіп тұрған феодалдық салт деп таниды. Сондықтан, ол адамдық арын таза сақтауды өзінің азаматтық борышы ретінде зор қасиетпен түсінеді, қате жолға аяқ баспайды.

Сөйтіп, шығарманың бірінші бөлімінде Қамар өзі өмір сүрген орта туралы өзіндік пікірлерін аса байсалдылықпен, тапқырлықпен, ақылдылықпен білдіру арқылы ақылы мен адамгершілігі, білімі мен парасаты мол аяулы да адал жастың бейнесінде көрінеді. Шығарманың орта шенінде «Данқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісі бетіне карап көрмеген, ибалы, атакты, асыл Қамарымыз жоқ жерден жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткеніне қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар», — адам күйінде көз алдына келеді. Бұл оның әлеуметтік өмірде үстем боп тұрған катал, кара ниет күштің алғаш уысына түсуі еді. Өмірге енді келген Қамарды ол күш осылайша қарсы алып, бірден-ақ жұтып жібере жаздайды. Бұдан кейінгі көріністерде жағдай мүлде ауырлай түседі — оны Нұрымға зорлап қоспақ болады. Бұл оқиға қызды шексіз ашындырады, әділетсіздікке қарсы азды-көпті күрес жолына әкеледі. Шығарманың кейінгі бөлімдерінде Қамар үстемдік етуші дін иелері мен дінге негізделген ескі салттарды, озбырлықты әшкерелейді.

Қамардың Нұрымға, молдаға айтқан сөздерінде көп шындықтың сыры ашылады. Нұрым сияқты топас, тоғышар билеушілердің өктемдігін қыз олардың байлығына байланысты танып: «Малы көп, мал сияқты, пасық-қақпас», — деп шенейді. Өз заманының жана адамы Қамар ескілікпен айқын бетпе-бет келген жерде өзінің махаббат, семья жөніндегі озық ойын батыл айтып, оны барынша қорғай да алады.

Сүю — сүю бола ма зорлауменен,
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен.
Көңіл болса, қосылмай токтала ма?
Оқ атып, қылыш шауып, қорлауменен,—

дейді ол. Ескілікті сынау барысында «Ұстап сату әдетін қоймай-

мысың», «Жүретін сойып, сатып жасы-қарты, мал емес төрт аяқты әйел халқы», — деген сияқты үлкен сөздердің Қамардың аузынан шығуы шындығында Оспан, Нұрым бастап отырған әдет-салтқа, ескілікке, шарифат атаулыға алғаш әдеби кейіпкер аузымен айтылған қатты қарсылық, қатал үкім еді. Қамардың бұл мәселені осылайша өз атымен атап, үзілді-кесілді қоюының өзі — қазақ қоғамының сол кездегі ілгерілеу талабының нәтижесі.

Қамардың молдамен айтысы шығармада ескі мен жаңаның арасындағы тартысты тартымды да әсерлі бейнелейді. Бәйтiк молданың барлық айтқандарына шебер тойтарыс беру, ұтымды әжуалау, әшкерелеу, қисынсыздығын табан астында дәлелдеу, бетке басу арқылы Қамар жалпы мұсылман дінінің бар керітартпалық сипатын барша қауым алдында жария етеді. Ақырында Бәйтiк молда жеңіледі. Оның бұл жеңілісі діннің құпия сырларының батыл әшкереленуімен байланысты еді. Түпкі мәні өтірікке, жұртты алдауға, езушілікке негізделген діннің өкілі Бәйтiк Қамар сияқты өзіне қарсы адамды кездестіргенде оған төтеп бере алмайды, тайқып шыға келеді. Бұдан мұсылман дінінің революция қарсаңындағы мүсәпірлік халін көру қиын емес. Әділдік, шындық, адамгершілік бағытын қалтқысыз ұстаған Қамарға ақын молданы жығып беру арқылы бұл діннің де сол бір тұста үміті үзіле бастағанын суреттеді. Мұның өзі жаңаның ескіні жеңіп, оны әшкерелей бастағанын білдіретін әдебиетіміздегі алғашқы сәтті көріністердің бірі.

Қамардың ерекше бір қасиеті — ақылдылығына сай шешендігі, тапқырлығы. Ахметті жанымен сүйе отырып, оның бетін қайырып, үмітін үздіру үшін оған лайықты сөздер тауып ренжи де, жан күйер сүйгенін тоқтата да біледі (екінші және үшінші хаттары). Оның жауап хаттарындағы Ахметке қатты, батыра айтқан сөздерінің өзінде осы бейкүнә, аяулы, абзал жанды аяушылығы мен сүйюі де, феодалдық әдет-ғұрыптарға жиіркене караушылығы да айқын көрінеді. Бұл, сөз жоқ, Қамар образын шыңдай, мүсіндей түскен.

Шығарма Қамардың феодалдық әдет-ғұрыптардың құрбаны болуымен аяқталады. Ол өлім аузында жатқанда да адамгершілік жолынан таймайды, адалдықпен өлуді артық көреді. Өзі сияқты қыршын жастардың өмірін қиған қоғамдық құрылысқа барынша нәлет айтып, кейінгілердің бақытты болуын тілейді. Ол «Тіріде обалымыз қазаққа ғой», «Тоқтау бер, мұнан былай қазағына; шалдардың қызды салмай мазағына», «Сонан соң жұртты аздырған ишанын ал», — дейді.

Қорыта келгенде, Қамар өзінің бүкіл ақыл-ой, озық түсінігімен революция қарсаңындағы қазақ қызының бейнесін көз алдына әкеледі. Оның көптеген әрекеттері кейінгі тұста әдебиетімізде Ботакөздің тууын дайындады. Ботакөзге дейінгі қазақ қыздарының жаңа ұрпағын бейнелейтін Қамар образы шығарманың өн бойын-

да сезіліп отырады. Ол өлім алдында жатқанда әкесі — Омардың көзінше Ахметке: «Жан достым, Ахметпісің, жанымбысың, қайдан... қайдан келдің?.. Қайда жүрсің? Қарағым дейтін Қамарыңды көргелі келдің бе?», — дейді. Әкесінің алдында Ахметке осылай деуінің өзі оның XVIII не XIX ғасырдағы Қамар емес, XX ғасырдың басындағы оқыған, мәдениетті Қамар екендігін тағы айқындай түседі. Демек, Қамар — қара түнек заманда өз бостандығын қорғау, арашалау жолында құрбан болған қазақ қыздарының аянышты, қорлық өмірін шебер бейнелей алған кесек тұлға.

Шығармадағы негізгі тұлғалардың бірі — Ахмет. Ол — «аузы асқа, ауы атқа тимеген» кедейдің баласы. Ақын оны осы езілген таптың ортасынан шығара отырып, сол кездің алдыңғы қатардағы адамы ретінде суреттейді. Автордың мұндай тенденциясы көптеген мәселенің сырын аңғартады. Бұл — ең алдымен сол бір тарихи кезеңнің азды-көпті шындығы болатын. XX ғасырдың бас кезінде бірен-сараң кедей балаларының оқып, білім алғандығы қоғам өмірінде аздап бой көрсете бастаған құбылыс еді. Сұлтанмахмұт типтік жағдайға, әлеуметтік сипатқа онша көтеріле алмаған осы кішкене ұнамды көріністің келешегі мен маңызына ерекше мән беріп, жанымен ұнатқандықтан оны өз шығармасының өзекті арқауы еткен. Ахмет бейнесі — осының нәтижесі. Бұл — бір. Екіншіден, автор әлсіз, нашар қауымның арасынан шыққан Ахметтің бойынан адамгершілікке байланысты бар ізгі қадір-қасиеттерді табады және мұны өз талантының бүкіл құдіретімен беріле суреттейді. Мұнда да автордың қай тапқа үміт артып, оны адамгершілік пен ізгіліктің көзі ретінде танығанын аңғару қиын емес.

Демек, Ахмет — өз дәуірінің аз болса да шындығы мен прогресшілдік ерекшеліктері негізінде жасалған жинақтаушы образ. Сұлтанмахмұт осы ұнамды кейіпкерінің іс-әрекеттерін сүйсіне суреттеу барысында, оны өз кезінің шындығынан алыстатып алмауды айырықша қадағалайды, мүмкіндігінше, оны уақыт, заман шындығы негізінде бейнелеуге өте-мөте зер салады. Оның «...ауылнай школда оқып, тамамдаған соң, Қасенді әкесі гимназияға енгізіп, Ахмет қолының қысқалығынан онша артық ұзай алмай қалғандығына бірсыпыра жыл болып еді», — деп суреттеуі сол реалистік ниеттің айғағы боп табылады. Ахмет қанша оқыса да, жоқшылықты жеңе алмайды. Мұның өзі оның тегі үшін де, дәуірі үшін де ащы шындық еді. Автор бұл кейіпкерін шыққан тегіне қарай мадақтай беру мақсатынан мүлде аулақ.

Ахметтің адамдық қасиеті мен өнері ғана оны өзіне тәнті еткен. Сонымен бірге шалыс басқан жерін де дәл көрсеткен. Мәселен, Қамарды сүйген Ахмет оның өзіне қосыла алмау себебін біле тұрса да, күнәсіз жасқа «ойнайық азғана күн дәурен өтпей, тұрғанда басымыздан билік кетпей», — дейді. Бірақ, өмірді өз беті-

мен түсіне, бағалай білетін саналы жан бұл пікірінен тез қайтады, адамдық жолына оралады. Осы шешімнің өзінен оның адамгершілігі, озық көзқарасы нақты елес береді. Әйтпесе, ол Қамардың жанын, қамаудағы халін, айналасындағы озбырлықты түсінбеген болар еді. Шектен тыс әділетсіздік пен қараңғылық Ахметтің жүрегін қан жылатады. Ол ең алдымен Қамар тағдыры үшін қиналады, «қолының қысқа, заманының азғындығына» назаланады, «Діңкемді құрттың, міне, әттең жоқтық», — деп налиды. Адамгершіліктің, махаббаттың малмен, байлықпен шешілуі оның шектен тыс ызасын туғызады. Қазақ даласында етек алған теңсіздік пен әділетсіздік өз кезеңінің озық адамы Ахметтің рухани дүниесінде жиреніш туғызып қана қоймайды, көп ұзамай оның басына ауыр қайғы да салады, өзін айыптап мал-жанынан айырады. Сондай-ақ, қазақ тұрмысындағы ескі салттардың керітартпалығын аңғара білген оған дұрыс күрес жолын көрсетерлік, бағыт сілтерлік, дем беріп, таяныш боларлық күштің айқын пісіп жетпегендігі де оның өрісін тарылтып, адымын аштырмайды. Сол себепті ол жалғыз өзі қаптаған қара күшке қарсы тұра алмай, «Мынау залымдықты көргенше қаңғып өлейін», — деп ауылдан, елден безеді. Қасен сияқты оқыған жастар аз. Және олардың әзірге бастары бірігіп, қоғамдық күшке айнала алмайды. Ахметтің дәрменсіздігі де, жалғыздығы да осындай элеуметтік себептерге байланысты.

Шығарманың соңында Ахмет ашынған, өмір тезінен өткен, енді күрестен өзге жолы жоқ адам күйінде көрінеді. Шектен асқан айуандыққа оның бұдан былайғы жерде күш көрсетуден басқа амалы қалмайды. Қамармен қоштасарында: «Көрсеткен саған қорлық жауыздардан, кетермін тым құрғанда өшімді алып», — деген сөзін ол бұлжытпай орындап, молданы өлтіреді, Нұрымды жаралайды. Шығарма оның осы тұткиыл қимылымен аяқталады. Автордың бұл қорытындысынан мына бір жайларды аңғарамыз: сөйтіп, Ахмет стихиялық жолмен болса да әділетсіздікке күш жұмсау дәрежесіне келді, билеуші таптың адамдарын өлтіріп, алдына қойған бір мақсатын орындайды. Оның ендігі өмірі билеуші таппен бітіспес күреске арналған тәрізді. Шығарманың соңғы түйіні осыған мензейді.

Тұтас алғанда Ахмет өмір сүрген кезең мен қоғамдық ортада ол сияқты кедей жастарының күш жинап Октябрь революциясына келіп ұласу дәуірі онша қашық емес болатын. Ахмет образы осы ұлы оқиғаның қарсаңындағы қазақ қоғамының шындық өмірін бейнелейтін тұлға.

Қамардың ағасы — Қасен шығармада негізгі кейіпкер болып көрінбейді. Алайда аз көріністің өзінен-ақ оның әділдікті, адамгершілікті жақтайтын жас екенін тану қиын емес. Қасеннің келешегіне жазушы үлкен сеніммен қарайды, оқушы да зор үміт арта-

ды. Оқуын бітіріп келсе, оның қазақ даласында бірсыпыра істер тындыруға мүмкіндігі бар тәрізді. Жазушының айтпағы да, аңғартпағы да осы ма деген ой келеді. Қасеннің адамгершілік қасиеті Ахметті кедей деп қорламай, адам деп қадірлеу қадамынан, ол екеуінің тең екендігін мойындап, оларға тілектестік білдіру ниетінен айқын көрінеді. Ал, Ахметтің хатын тауып алған ауыл жігіттеріне: «Жігіттер, бұл хатта біздің жүрегімізді мұздататындай нәрсе жоқ. Қамар болса, маған да, сіздерге де бірдей қарындас. Күнәсі болсын, болмасын, жабулы қазанды жабуымен қоя қояйық», — деп үлкен байсалдылық танытады, жалған намысқа тырысып кеуіп-пісіп, қарындасының арын қорғағансымайды. Бірақ, соның өзінде Қамарды қаншалықты қадірлейтіні, сыйлайтыны ерекше көрінеді. «Теңіне тегін бер», — деген халық мақалы түседі оның аузына дәл осы бір қиын сәтте. Мұның дұрыстығына ол кәміл сенеді, бас иеді. Ол үшін қалың мал қымбат емес, Ахмет сияқты нағыз адам қымбат.

Қасен образының кем-кетік жақтары да жоқ емес. Ол қалада оқып, білім алғанмен, кейбір жағдайларда қазақ даласының өмірін жете білмейді. Қамарға: «Қарағым, сонша жүдеп немене? Ит үрді, керуен көшті. Мен тірі тұрғанда, сені жылатып қор қылар дейсің бе?» — деуі соны айқын байқатады. Әйтсе де осы сөз екі түрлі шындықты аңғартады. Ең алдымен, ол мұнда Қамарды сүйе, қадірлей білген туыс, бауырластығымен адал ниет, абзал адамгершілігін білдірсе, екінші жағынан оның өмірде кең етек алып тұрған ескі күшке төтеп бере алмай, жеңіліс тапқан сипатын танытады. Сондықтан да Қамар туралы ізгі ойы тек туысқандық сезім төңірегінде қалады. Мұның өзі сол дәуір үшін нанымды құбылыс, сиымды әрекет болатын. Қасен образын ақын бұдан әрі тереңдете түссе, дәуір шындығынан алыстап кетер ме еді, қайтер еді.

Поэмадағы назар аударарлық және әдебиетімізде бұрын көрінбеген ұнамды образдардың бірі — Омар. Ол Қамардай сүйікті қызын жанындай жақсы көріп, оның өмірде қорлық, бейнет көрмеуін тілейді, бақытты болуын арман етеді. Сол ниеттегі Омар Қамардың басына қауіп төнгенде оны арашалап, қорғап қалу үшін бүкіл амал-әрекетін, қолдан келген күш-қуатын жұмсайды. Оның мұндай нағыз әкелік, биік адамгершілік қасиеттерге ие болуының негізгі себебін ақын Омардың «турашыл, сәулелі кісі», «қанша айтқанмен оқыған» адам екендігінен іздейді. Сұлтанмахмұттың бұл суреттеуінен де оның әділдік пен турашылдықты оқыған адамнан күткен ағартушылық идеясын нақты байқаймыз.

Омардың психологиялық күйін автор былайша аша, айқындай түседі. Нұрымның Қамарды әйелдікке сұрағанын естігенде ол: «Қайтерін білмей, түсі бұзылып кетіп, бір жеріне біз тығып алғандай ыршып-ыршып, сыпыра бұзылған иттер, дендердің сау ма?

Мәжнүн болмасаңдар, қара жүрек болмасаңдар, апырым-ай, ұялмай, қызармай, періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар. Неден қысылдыңдар? Неден жүректерің үзілді?...» дейді Оспан, Қалтан бастаған топқа. Омардың бұл сөзінен оның ескілікті әдетке қаншалықты жиіркенішпен қарап, Қамарды қалайша жақсы көргені шебер аңғарылады.

Ол Қамарды сыртынан сатқан жендеттерге қанша қарсы шыққанымен, зорлығы жүріп тұрған қара күшке тойтарыс бере алмайды, көп кешікпей-ақ, бұл күй оны өз дегеніне көндіріп, ықтырып әкетеді. «Қамар секілді асып туған қарашығым, сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ қара тоқты болғаны-ау. Көз жасы, обалы мойындарыңа. Ылайым көздерің ашылмасын. Мейлің құсыңа бер... Ай, бағы ашылмаған қарағым-ай... Надандық-ай-ай...», — деп еңіреп жылаумен ғана тынады ақырында. Жазушының Омар әрекетін осылайша суреттеуінің өзі дәуір шындығы. Өйткені, жалғыз адам қаншама күшті болғанымен, әкімшілік қолында тұрған «көпке топырақ шаша алмақ» емес. Сөйтіп ол қандай қимыл көрсетсе де барлығы бірдей сәтсіздікпен аяқталады. Шығарманың соңында Омар қатал заманның соққысынан еңсесі түскен, ессіз адамның бейнесінде көрінеді.

«Қамар сұлу» поэмасындағы кесек образдардың бір саласы ұнамсыз кейіпкерлердің төңірегінде байқалады дедік. Жазушы ескі қазақ ауылындағы керітартпалық әдет ғұрыптар мен заң шешімдерін билеуші таптың әр өкілі арқылы шебер де ұтымды әшке-релейді. Мысалы, дін иелерін Қалтан қажы, Бәйтік молда, Әбділда ишан, Көңілбай бақсы арқылы әжуаласа, ру таласын қоздырушыларды Оспан би, Нұрым арқылы мазақ етеді, масқаралайды.

Бір көңіл аударарлық нәрсе — жазушы дін иелерінің әртүрлі атақ-мансапта (қажы, ишан, молда, бақсы) бола отырып, әр дәрежедегі істерді жүргізгендерімен, олардың бір негізгі мақсатқа келгенде тоғысып, топтала түсетінін ұтымды бейнелейді. Ол — мұсылман дінінің ережелері мен уағыздауларына сүйеніп, халықты надандықтан шығармау, дінді—бұқараны езудің құралы ретінде пайдалану, сөйтіп, феодалдық үстемдікті мәңгі баянды ету, қоғамдық өмірдің дамуына бөгет жасау мақсаты еді. Бұл сырды жоғарыда аталған дін иелерінің қайсысының да қимыл-әрекетінен еркін байқаймыз.

Қалтан қажы шығармада көп еске алынбағанмен, бір көріністің өзінде-ақ кім екенін, қандай идеологияның адамы екенін айқын білдіреді. «Әншейінде таспшығын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан қажының» осы сыртқы пішіннің өзінен мұсылман дініне қайткенде шаң жұқтырмаудың жолын іздеген қараниет сұрқия кейпі көрінеді. Дінге және феодалдық ескі салттарға бай-

ланысты әралуан ғұрыптарды қорғауға келгенде ол жанын салады, кішкентай болса да жаңалық атаулыны басып тұншықтыруды көздейді, осы жолда дінді күшті құрал ретінде пайдаланды. Омардың Қамарды Нұрымға беруге қарсы болғандығын естігенде ол қатты тітіркенеді, мұсылман дінін біреу қолдан көмгендей көреді. «Бұларға өзі секілді қаражүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді сып борбай шала қазақ болмаса, басқа мұсылман кісі жаға ма?— дейді ол, — сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен пайғамбар жасынан асқанда, қажы басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасенінді қайда шоқындырсан, онда шоқындыр. Қамарды тағы да орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге таңба қыла алмаспыз. Қазаққа берсек, қазақта мұнан артық кім бар? Соған барып та обал болатын болса, қияметте мен арқалайын, куә болындар. Нұрымнан артық пайғамбарға береміз бе? Босқа былшыл сөзді қой. Келер сәтке құда түсір. Ендігі сұм заманның адамы да бір түрлі, «бала бармайды» дегенді тауып алыпты. Әке берсе, қыз қайда бармаушы еді. Сені көріп отырып, бала қалай оңсын? Қақбастан салып жіберейін бе? Әлде жас деп отырсың ба? Молдалар «балыға толған әйел баланы күйеуге бермеген қатты обал» дейді. Былтыр Қарбай ишан айтты».

Бұл сөз — нағыз дін иесінің сөзі. Мұнда көптеген шындықтың беті ашылған. Ұлы төңкеріс жылдарының қарсаңында тұрған қажы өнердің де, мәдениеттің де, жаңалықтың да қазақ даласына орыс өмірінен келетінін аздап болса да сезеді, олардың дінмен сыйыса алмайтынын да аңғарады. Сондықтан ол орыстың мәдениеті мен салтына иек артқан адамды өзінің қас жауы есепті көреді. Оның Омарды «қаражүрек орыс», Ахметті «сып борбай», Қасенді «шоқынды» деп, оларға асқан жиіркенішпен қарауы тек қана осы себепті. Нұрымға бару-бармауды қыздың өз билігіне беруді Қалтан мұсылман дініне түскен зор ауыртпалықтай көреді. Қамардың Ахметке қосылуынан ол, өзі айтқандай, «сүйегімізге таңба» болады деп қорықпайды, Ахмет сияқты жаңа, оқыған адамның көбейіп жеңіске жете беруін көргісі келмейді.

Қалтан қажы мен Оспан бидің шығармада Қамардың жақын туыстары болып суреттелуі кездейсоқ емес. Жазушы бұл арқылы ол екеуінің дін мен өз үстемдіктерін қорғау жолында жақын қарындасы — Қамарды құрбан етуге дейін барған мейірімсіздік, айуандық қасиеттерін арнайы аша көрсетуді мақсат еткен. Осы негізде ол кейіпкерлерінің таптық мүддесін жоғары қойып, туыстық жақындықты бұл жолда құрбан еткізеді. Мұндай көріністер де жазушының қоғамдық көзқарастарының біркелкі озықтығының айғағы тәрізді.

Жазушы Оспан образын қазақ ауылындағы ру басы бейнесінде алып, оны осы тақырыптағы жинақтаушы тұлға ретінде шығаруды

көздейді. Оспанның Нұрымнан айырмасы — ол бұқара халық пен ел әкімдерінің арасындағы делдал есепті. Мұның өзі оның сонау өткен ғасырлардағы үлкен биліктен айырылып, заман ілгерілеген сайын қолында мөрі мен билігі бар жаңа әкімдерге жағына, жалбарына өмір кешкен мүсәпір халінен нақты белгі берерліктей. Оспанның қазіргі бар мақсаты — Нұрым болыстың көңілін табу ғана, өзге тілегі де, арманы да азған, таусылған. Оның ендігі әлеуметтік міндеті де осы төңіректе қалған ба деп ойлайсың. Ол Нұрымның ары мен намысын қорғай отырып, жалпы өз табының үстемдігін баянды ете беру үшін күреседі. Осы мақсатқа қарсы келетін кішкентай нәрсенің өзі оның айрықша өшпенділігін туғызады. Омар, Қамар, Қасеннің өз шешіміне қарсы болуы, бас бостандығын тілеуі оның үстемдік етіп отырған заманына үлкен дақ түсіргендей болып көрінеді. Сондықтан ол туысым деп аямай, оларды айнала бытыратып, қаңғыртып жіберуге дейін барады.

Бұл қимыл Оспанның Омарларға ғана қарсылығы емес, қоғамдық өмірде бой көрсетіп келе жатқан жаңалық атаулыға қарсылығы еді. Жазушы осы кейіпкерінің амал-айласы төңірегінде жалпы қазақ билерінің сайқалдық, екіжүзділік, мейірімсіздік әрекеттерін шебер суреттейді. «Жорға Нұрым секілді кісінің күйеу боламын деуі құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы» боп көрінеді Оспанға. Сол себепті ол Қамар тағдырын мүлде ұмытып, көз алдынан үнемі Нұрым бейнесін елестетеді: «Қамаржан бала сияқты бала еді, бақытына қарай жайлы орын кез келді. Тек құдай ұзағынан сүйіндірсін. Жылы суға қолын малып, ақ бөкендей ордаға кіре түседі. Жасау... пәлен-түген дейтін емес, тек кешіктірмей берсек, разы болатын көрінеді. «Теңі келсе, тегін бер», — деп көлгірсиді Омарға.

Омардың қатты қарсылығын көргеннен кейін айлалы би үгіт-тәсілін кенет өзгертіп, оны қорқыту әдісіне көшеді, мұның өзін астарлап шебер жеткізеді: «Кәне, сен бермегенде, Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің? Малды десең малды, әлді десең әлді, атағы тегі анау, жеті атадан үзілмей келе жатқан бақдәулеті — мынау... Егер алдадың деп өштесіп кетсе, кім біледі, іс басында тұрған кісі ғой...»

Оспан осы бір тұспалды, бұлдыр сезіммен Омарды біраз ықтырып алғаннан кейін, оның ең осал жері осы екенін біліп, қорқыту тәсілін тереңдете береді. «Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерін де, көметін жерің де осы. Қияметке дейін көріспей, азып-тозып, әр кімнің аузында кететін жеріміз де осы. Бар, қай таңдағаныңды ал», — деп Омардың ой дүниесіне қиян-кескі от салып шығып кетеді. Оның дәл осы жерде одан жауап күтпей, оны жан күйзелісіне душар етіп кетіп қалуының өзі асқан зымияндық, сайқалдық еді. Ол «Қатыныңа кеңес» деген сөзін де жайдан-жай айтқан жоқ бо-

латын. Бұл жерде Оспан тағы да оның алдын орап, әйелінің Қамарды Нұрымға беру жағында екенін білгендіктен айтқан еді. Мұндағы ойы Омарды қандай тәсілмен болса да тойтара, жеңе беру.

Осындай көріністер арқылы жазушы Оспан образын біраз сүміртейте түседі. Омарды кейде қорқытып, кейде алдап, кейде аяғансып, ақырында икеміне еріксіз көндіріп алған ол оның үстінен дереу өзінің үкімін жүргізе бастайды. «Жынды неме, — деп ұрысады ол, — жыны ұстап отыр да. Әйтпесе, онаң басқа кісі бала өсірмеп пе еді? Бар, маймөкелейтін дәнненесі жоқ. Жұмыс бітті. Келер сенбі — бабаларымыздың сәті, келіп құда түссін». Омарды осылайша алақанында ойнатуға амал-айласы жеткен Оспан Нұрымға жібергелі жатқан кісінің тап жүрерде құлағына сыбырлап: — «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен икемге келтіргенімді Нұрекеңе сездіргейсің, жарай ма?» — деп бастапқы «ірі» қалпынан кенет өзгере қалады. Бұдан оның Абай айтқандай, әлсіздің сөзін «қырындап естімейтін, әлдінің алдында шыбындап бас изейтін» ру басы, би екендігін көреміз.

Нұрым шығармада негізінен күйеу бейнесінде көрінеді, болыс ролінде мүлде аз суреттеледі. Автор Оспанды жалпы ел билеушілерінің бірі ретінде бейнелегендіктен, Нұрымды күйеу есебінде сипаттаудың өзі жеткілікті деп есептеп, осы арқылы-ақ оның кім екенін ашу, айқындау мақсатына көңіл бөлді ме деген ой келеді.

Нұрым — феодалдық заң мен әдет-ғұрыпты дала жағдайында күшпен, билікпен қорғаушының қызметін атқарады. Бұл жолда ол ірі қимыл жасауға дейін барады. Оның әлеуметтік орны да, қызметі де мұны көтереді. Жазушы осы құдірет иесін былайша таныстырады: «Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, біржақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған біржауыз еді... Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай формасының өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір нысаналы жануар еді».

Бұл таныстыру Нұрымды ішкі дүниесімен де, сыртқы тұлғасымен де, адамдық қасиеттермен де, өмірдегі салмағымен де оқушының көз алдына әкеледі. Мұндай адамнан ешқандай жақсылық күтуге болмайтыны айдан-анық. Ескі қазақ ауылында бұдан күшті де, бұдан құдіретті де ешкім жоқ. Жазушы Нұрымның қатыгездігін, озбырлығын, біріншіден, оның тегіне, кәсібіне байланысты

таныса, екіншіден «әліпті таяқ деп білмейтін» надандығынан деп көрсетеді. Нұрым елді талап жинаған байлығының арқасында адам атағына ие болады, оның Қамарға қолының жетіп жүргені де осы байлықтың нәтижесі. Сондықтан ол адамдықты да, әділдікті де, махаббатты да айлықпен өлшеп шешеді. Оның қыз тілегімен санаспай-ақ, оны баса-көктеп тартып алуының өзі осы себепті.

Қамардың өлтіре сынауы, жанына тие кемшілігін көрсетуі оған ешқандай әсер етпейді, намысын оятпайды. Нұрымның аса жиіркенішті надандығы оның Қамарды бірнеше молдаға емдетіп, «жазылады» деп өлтіре сабаттыруы, төбесін шапқымен тестіруі тәрізді әрекеттерінен айқын көрінеді. Осындай «қимылға» барған одан ешқандай адамдық күтуге, әрине, болмайды. Жазушы бұл бейне арқылы қазақ даласындағы билеушілердің озбырлығы мен шектен асқан айуандығын, қараңғылығын жинақтап көрсетеді. Шығарманың соңында Нұрым Ахметтің қолынан жараланады. Бұл әзірге аз да әлсіз соққы болғанымен, әлеуметтік мәні зор еді. Ол қазақ даласында бой көрсете бастаған таптық шайқасулардан нақты елес беретін ұтымды көрініс болып табылады.

Поэмада не өнері мен кәсібі жоқ, не білімі мен адамгершілігі жоқ бір топ жастар сипатталады. Жазушы олардың тіршілік қарекетін өлтіре сынайды. Ауылдың осы бір бозбалалары Қамар өздерінің теңі болмаса да, жақсыға жаңашырлық ниеттерін білдіре жүреді, оны пысық Нұрымға қимайды. Қамар бұған көнбеген соң олар Ахмет пен екеуінің абыройын төгуге, Ахметті елден қудыруға әрекеттенеді. Үстемдік етіп тұрған озбыр күш бұлардың тілегімен тез үндеседі де, ақыры олар мақсаттарына жетеді. Осы жүргенде бұлар өздерін намысшыл адамдар қатарындамыз деп түсінеді. Қамар мен Ахметтің хат жазысуына онша көп мән бергісі келмеген Қасенді сол «намысшыл» жігіттер: «Қара жүрек шоқынды болмасаң, осыған жаны бар кісі шыдарлық па?», — деп өздерінің надандығы мен қараңғылығын танытады. Сөйтіп, ақын қазақ жастарының бұл тобының бишаралығын олардың білімсіздігімен байланыстырады, соның нәтижесінде бойларына сіңіп кеткен өзімшілдік, талаптанбаушылық, ізденбеушілік қасиеттерін атап көрсетеді.

Өткен дәуірлерде адамды қорлаудың тағылық дәрежеге дейін жетуінің бір себебі: сол кездегі негізгі дерт — надандыққа байланысты деп ой түйген жазушы. Мына бір үзінді бұған айқын дәлел: «Ойбай, доктор былшылдайды, түкті де білмейді, чеходка дейтін мүнікі жөтел емес қой. Қашан да болса, иелі дертке нанбайтын доктордың әдеті емес пе? Өзгесін қойшы, сөйлеп шатасатыны, қорыққандық дегені кәпірдің кәпірлігі ғой. Мүнікі иелі дерт. Әбділда ишанға бақтыру керек. Сол кісіге қаратып, Иманбай, Жаман-

тайлар жазылып кетті ғой», — дейді жұрт. Жазушы осы арқылы ғылым-білімнің тікелей пайдасын көре алмай, сезіне алмай, қапаста тіршілік етуші қалың бұқараның қайшылықты түсінігін тапқыр бейнелейді.

Сонымен Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» поэмасында революция қарсаңындағы қазақ ауылының негізгі өмір ерекшелігі көптеген қырларымен ұтымды көрінеді. Жазушы жеке адамның махаббат сезімінің бостандығы мәселесін бұл шығармасында әлдеқайда батыл қояды. М. Серәлиннің «Гүлқашима», Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» сияқты осы кезеңде жазылған шығармаларда таптық қақтығыстар мен көзқарастардан гөрі, адам сезімінің құбылыстарын суреттеу молырақ орын алса, Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлуында» мәселенің қойылысы мүлдем басқаша. Оның ұнамды кейіпкерлері оқыған саналы адамдар болып келеді де, өздерінің ой-түсініктері мен қимыл-әрекеттерін мүмкіндігінше байқатып отырады. Жазушы Омар семьясының ауыр трагедиясын суреттей отырып, ендігі үмітін оқуда жүрген Қасен мен озбырларға қол күшін көрсеткен Ахметке артады. Ел әкімдері, дін иелері Қамарды қорлықпен өлтірсе де, Қасен мен Ахметке оны істей алмайды. Соңғы топ енді біржолата ашынып Оспан, Нұрымдарға қарсы шықпақ. Шығарманың бүкіл идеялық қорытындысы осыған саяды.

«Қамар сұлу» романының көркемдік ерекшеліктері де назар аударарлық. Мұнда алдымен көзге түсетін нәрсе — жазушының шығарма композициясын құрудағы шеберлігі. Алған тақырыбына лайық автор оның композициялық құрылысын тапқыр да шебер өрбіте түседі. Әрбір көрініс өзінен кейінгі туынды көріністерді табиғи түрде дайындап отырады. Бұлардың оқушы көңіліне қонымдылығы сонша — әр оқиға өмірдің өз ағымынан туып, жазушы соны тек баяндаушының ғана ролін атқарған тәрізді. Шығарма Қамар мен Ахметтің хат жазысуынан бастап дамып, Қамардың Нұрымға берілмек болған жерінен кейін шиеленіседі, оқиға қыздың өлімімен барып аяқталады. Жазушының композиция құрудағы шеберлігін айқындай түсу үшін бір мысал келтірейік. Ол Қамардың Нұрымға берілуін мынадай себептерге байланыстырады: «біріншіден, Қасеннің оқуға кетуі (елде болса, ол әлде қайтер еді деген ой туғызады), екіншіден, «Шығасына иесі басшы» деп, бұл жолы Қамарды да қара басты» жөнді қарсылық көрсете алмады, үшіншіден, Омарға ақыл беріп, жөн сілтер адам болмады, — дейді. Бұл ұсақ көріністер Қамардың өліміне себепкер болған жағдайлар ретінде көрініп, романның композициялық желісін қоюландыра, тартымды сипат бере түскен. Әйтпесе, Қамардың Нұрымға кетпеуге шарасы жоқ екендігін жазушы аңғармай, не байқамай отырған жоқ. Шығарманың алуан түрлі кейіпкерлері негізгі мәсе-

леге тікелей қатысты қимыл-әрекеттерімен сәтті көрініп отырады. Бұл да, сөз жоқ, жазушының шеберлігін танытатын жәйт.

«Қамар сұлу» романы тіл көркемдігі жағынан да Сұлтанмахмұт творчествосында ерекше орын алатын шығарма. Кесек туындыдағы прозалық баяндаулардың өзі поэзиялық нақышта, әсерлі, әрлі сипатта келіп отырады. Мысал үшін мына бір жолдарды келтірейік: «Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді», немесе «Данқы жер жарған, шешендігі ел жарған, күліп кісіге қарап көрмеген, ибалы, атақты, асыл Қамар»... Мұндай поэзиялық сөз тіркестерін шығарманың әр бетінен-ақ кездестіруге болады.

Жазушы әр кейіпкерді өзіне лайық тілмен сөйлету арқылы да олардың образдық ерекшеліктерін нақтылай, мүсіндей түседі. Қамар, Ахмет, Қасендердің сөздерінде албырт ой, озық парасатпен қатар, ара-кідік орыс сөздерінің кездесуі, әділдік, адамгершілік әрдайым әңгіме болуы олардың жаңа да саналы жандар екенін танытса, Қалтан мен Бәйділданың, Әбділданың дінге байланысты сөздерді жиі қолданып, өлі схоластиканы үнемі көлденең тартуы бұлардың реакциялық бағыттағы адамдар екенін білдіреді. Автор сол сияқты Оспан мен Нұрымды қатал да сұрқия билеушілердің тілімен сөйлетеді.

Шығармада мақал-мәтелдердің аса орынды және жиі қолданылуы, біріншіден, осы туындының халықтық ерекшелігінің айғағы болса, екіншіден, оның айқын тіл көркемдігін байқатады. Жазушы мақал-мәтелдерді образдарды даралай, тереңдей түсу, белгілі бір жағдайды аз сөзбен дәл және көркем түрде бейнелеу үшін қолданады. Мысалы, Бәйтiк молданың бар мақсат-мүддесiн — ат-шапанынан айрылып қалу жағдайын «Iлем деп жүрiп, iлiгiп кеттi» деген мақалды келтiру арқылы дәл де ұтымды ашады. Демек, автор халықтың ғасырлар бойы жасаған сөз өнерi — мақал-мәтелдердi «сөзге сараң, ойға бай» шығарма жасау мақсатында шебер, творчестволық жолмен пайдаланады. Романда негiзгi мәселе төңiрегiнде кездесетiн мақал-мәтелдер мыналар: «Қыз қылығынан», «Жақсыдан жаман туса, емi болмас, жаманнан жақсы туса, тегi болмас», «Теңi келсе текке бер», «Соқыр тауыққа бәрi бидай», «Ит үрдi, керуен көштi», «Байтал тұрсын, бас қайғы», «Бастан құлақ садаға», «Өлмегенге қара жер», «Соқырдың қолына, саңыраудың астына түспе», «Жалғыздың үнi, жаяудың шаңы шықпас», «Құлындаған даусы құрақта шықты», «Қасқырдан қайрат кетсе, ешкiнi апа қылады» т. б.

Ақын қоғам өмiрiндегi ұнамды, ұнамсыз құбылыстарды өз творчествосына тән өткiрлiк, турашылдықпен суреттейдi, жақсыға қуанышын, жаманға жиренiшiн дәл ұғындыру үшiн бүкiл сөз өне-

рін жұмсайды. Мысалы, «А, құдай той тезінен болса екен, битімді салар едім», — деп пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген ақсақалдар да аз емес», деген жалғыз сөйлемнің өзімен жазушы тамақтан басқа кәсібі жоқ, «Бір тойған шала байыған» деп санайтын, адам тағдыры туралы ойлағысы да келмейтін, оған қабілеті де жоқ, «Сақалын сатқан кәрілерді» бүкіл ой дүниесімен, кескін-кейпімен аса тапқыр бейнелейді.

«Қамар сұлу» романының тағы да бір көркемдік құндылығы — оның этнографиялық көріністерге байлығы. Шығармада ескі қазақ ауылындағы той-топыр, әсіресе, қыз ұзату тойы бүкіл әдет-салттарымен суреттеледі, қызды зорлап алып қашу «өнері» де кем сипатталмайды. Ақын тіпті той үстінде кейбір жарамсақ жыршылардың алым үшін болыс, билерді мадақтап өлең айтуына дейін өз назарынан тыс қалдырмайды. Сондай-ақ жар-жар өлеңдері, айттыс, қыз бен жігіттің арасындағы өлеңмен хат жазысу сияқты ауыз әдебиетінің әр алуан түрлерін де негізгі тақырыпқа сай, шебер қолданған.

Қорыта айтқанда, «Қамар сұлу» романы — өзінің көркемдігі жағынан да, мазмұны жағынан да тек Сұлтанмахмұт творчествосында ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы кесек туынды. Автор Қамар трагедиясын әлеуметтік дәрежеге көтере отырып, шығармасының бүкіл мазмұнында «Қыздың байы мал екен-ау», — деген үлкен қорытындыға келеді, мұның барлығы да «қоғамның азғындығынан» болып отыр деп өз аузынан үкім шығарады. Сөйтіп ендігі бағыттың қандай болмағын оқушының өз қалауына қалдырады. Оның бұл жерде ұсынып отырған идеясы, сөз жоқ, «қазақтың қара ғұрпын» жойып, «қисыны қашқан дүниені» өзгерту. Бірақ, ол осы өзгертудің нақты жолын көрсетпеді. Бұл оның революциялық көзқарасқа келе алмағандығының нәтижесі еді.

«Кім жазықты?» романы — Сұлтанмахмұттың күрделі, көп жоспарлы шығармаларының бірі. Екі ғасыр аралығындағы қазақ қоғамы өзінің көптеген тарихи, әлеуметтік қайшылықтарымен осы туындыда едәуір көркемдік көрінісін тапты. Дауыл мен күрес заманының ақыны — Сұлтанмахмұттың қоғамдық өмірді даму тұрғысынан таныған озық көзқарасы мен оны тарихи кезең ерекшелігіне сәйкес суреттеу шеберлігі де мұнда салмақты сипат алады.

Заманалар бойы дала тағдырын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келген бір феодалдық семьяның үш ұрпағын әрқилы өмір жолымен, әралуан қимыл-әрекеттерімен көрсету арқылы Сұлтанмахмұт қазақ қоғамының соңғы ширек ғасырдағы өзгерістері мен өсу бағытын реалистікпен байсалды түрде бейнелейді. Шығарманың алғашқы бетін ашқанда-ақ дала байлығын өз қолына жинап, халық ырысын өзінің жеке меншігіндей билеп-төстеген шынжыр балақ шұбар төс қазақ байының бейқам да самарқау

өмір салты көз алдына келеді. Ақын оны әуелі сырттай таныстырмақ боп: «Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап, жатқаны қор-қор ұйықтап көңілі жай», — деп атап өтеді. Осы бір аз ғана көріністің өзінен Тасболат сияқты байлардың қанаушылық, арамтамақтық, өзгеге масыл болушылық тұрмыс күйі бар болмысымен ашық бояуын тапқан.

Шығарма сюжетінің шыншылдықпен шебер өрілуі барысында Тасболат қоғамдық өмір фонында барша қырымен танылады. «Топтан озған әлді кісі, сол үшін өз тобының алдыңғысы», «Он бес жыл болыс болған, Мекке барған», «Үкімі жүріп тұрған оң мен солға», — деп бейнелейтін Тасболат өзін дала тәңірісіндей сезінеді. Сондықтан да ол дүниеде байлықтан басқа күш те, құдірет те жоқ деп түсінеді. Қазақ байының бар ерекшелігін бойына сіңірген Тасболаттың ең жақын досы да, ең қатал жауы да — надандық, қараңғылық. Бұл оның әрбір аттаған адымы сайын көрініп, туа біткен қасиетіндей бір адым қалмайды. Сондықтан ол ғылым-білім атаулыға жанымен қас. Ақын мұны «Бай кісі бала оқытып підие ала ма, дейтұғын Тасболаттай байлар салты», — деп ұрымтал ұғындырады.

Бірақ, мұндайлар қанша күшті болғанымен, өмір олардан да күшті. Ол өз заңымен дамиды, өрбиді. Тасболат тәрізділердің айтқанына көніп, айдауына жүре бермейді. Міне, осы күш қазақ қоғамы жағдайында өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап билік пен билеу жүйесіне біраз өзгерістер енгізіп, бұрынғы жуан тұқымдардың артықшылықтарын, билеу праволарын азайтып, билікті не байлығымен, не шамалы сауатымен сайлауда жеңіп алушылардың қолдарына ауыстырады. Реалист ақын қазақ феодалдарының рухани өмірінде зор жүдеушілік туғызып, оларды таптық ыдыраушылыққа қарай бұра түскен осы қоғамдық шындықты дала өміріне әкелген ауыр зардаптары мен енгізген өзгерістеріне дейін қадағалай бейнелейді.

Тасболат қимаса да болыстықты,
Тіл білмесе қоймайтын закон шықты.
Не баласы, не өзі оқымаған,
Болғанмен кара күшке сондай мықты.

Ал, енді қыларыңды қыл заманға,
Бір білген, ауысылмас мың наданға.
Байболды амалсыздан қоя салды,
Кететін болғаннан соң басқа адамға.

Тасболаттың атам-заманнан бері бауыр басып, иемденіп, еншісіне тигендей көріп келген билігіне балта шабылудың жайын ақын осылайша баяндайды, олардың заман ағымы алдындағы том мойын, доғал қимылын, бишаралығын танытады. Сонымен бірге

осы Тасболаттардың әлі де өз ортасында билік, мансаптан айырылғысы келмейтін (атап айтқанда өздерінің тілін алатын, айтқанынан шықпайтын туыстарын әкім сайлау арқылы билікті өз қолдарынан шығармауы, т. б.) ниетін де ол орынды шенейді. Қоғамдық өмірдің шындығы да бұдан қашық емес еді. Тасболат сияқтылар тікелей биліктен қол үзгенмен, байлық әлі солардың қолында болатын. Олар Ұлы Октябрь заманына дейін бар күш-құдіретін сақтап келгені мәлім.

Тасболат үшін Байболдың болыс сайлауы — амалы таусылғандықтың, сасқандықтың белгісі. Есін жинағаннан кейін ол билікті өз қолына алмай тынбақ емес. Өйткені, оның табиғатында, дүниетанымында, қоғамдық жағдайында бұдан өзге шешімнің болуы мүмкін емес. Ақын мұны әдейі аша көрсетеді. Осы жолда Тасболат баласы — Әжібайды орысша оқуға береді. Оның мұндағы ниеті белгілі — Әжібайды оқытып алып, болыс сайламақ, сөйтіп «ата салтын» қолына қайта қайырып алу еді.

Дүрбелең, қиын кезге кезіккен Тасболаттың бойында осындай аз ғана жаңалық та бар. Оның аты — заманның ағымына ілесу, талабына үндесу. Бірақ, даланың надан байының бұрын бойында жоқ бұл қасиет ақыры оған дарымай, туғанда қанымен сіңген ескілік жаңа «қондырманы» жеңіп кетеді. Соның нәтижесінде ол оқуға жіберген Әжібайын көп кешікпей қаладан қайтарып алғызады. Себебі, «алатұғын жесірі бар, қазақтың жесір деген кесірі бар», — дейді ақын. Тасболаттың ұғымы, көзқарасы тұрғысынан қарағанда, Әжібайдың оқып, аздап білім алғанынан гөрі, ауылдағы жесірін иемденгені көп артық. Өйткені, жесірдің «елден кетпегі» Тасболаттың өлгенде сүйегімен бірге кетерлік таңба. Сондықтан ол Әжібай оқымай кетсе де, оған жесірін әпермей тынбақ емес. Міне, ақынның суреттеуінде Тасболат — дәл осындай адам.

Тасболат әулетінің келесі буыны — Әжібай. Автор оны шыққан тегіне қарап жамандай бермейді. Кейіпкерін көркем әдебиетке тән заңдылықпен өмірге әкеледі, адамдармен, қоғаммен қатысын көрсету арқылы өзіндік өсу, өрбу жолын жасайды. Әжібай туысында ешкімнен кем емес, көп жұрттан артық. «Әлпеті алмас қылыш жайнап тұрды», «Жасынан зейіні алғыр, тілге шешен, қазақша қара сөзге ағып тұрған» аяулы жан ол автордың суреттеуінде. Ақын осы кейіпкерінің құлау, құлдырау сипатын оның туып-өскен ортасы мен алған тәрбиесінен, қоғамдық өмірден деп біледі де, сол азған ортаны, тозған тәрбиені өз талантының бүкіл әшкерелеушілік күшімен аяусыз сынады. «Жан-жағы тәрбиесіз надан болып, солардың жұға-жұға кебін киді», — деп ашықтан-ашық мәлімдейді. «Осындай әттең дүние зеректігін, оқытпай қараңғыға байлап қойды», — деп қынжылады. Әжібайдың туа біткен талантының ескі ауыл жағдайында билікке таласу мен көп әйел алушы-

лыққа жұмсалуды өткенін барша жиренішті, кесепат сипаттарымен суреттейді. Өзінен алты жас үлкен және бұрын түрін де көрмеген Жәмиланы әке-шешесі оған жесірің деп зорлап алып берсе, бұдан кейін ол ескі салтқа кектене жүріп, өзі сүйгенін іздейді — Злихаға үйленеді, Злиха Әжібайға ерегісіп көлденең жүріске түскен соң Ырыстыға қосылады, Жаңылды тағы да алады. Бұлардың арасында Аппақайға қызығып, әуре болуы, күйеуі өлген келіншекті алмақ болып аландауы өз алдына бір жай. Мұның барлығы жиналып келгенде тек Әжібай ғана емес, бүкіл Әжібай ортасына тән құбылыстарды олардың ескілік, кертартпалық кескін-кейпін айна қатесіз танытады, моральдық азғындау бағытын аңғартады.

Әжібайдың қоғамдық өмірдегі істері бұдан да сорақы. Ол қайткенде билікті өз қолына алу мақсатымен сұрқиялық амал-айланың қайсысынан да тартынбайды, адамдығын, арын сатқанымен тынбай, баласы Күлтайды да осы жолда құрбан етеді. Бұл Әжібай үшін таңырқарлық, таңданарлық жағдай емес. Оның жағдайында мұндай сорақылыққа қазақ байының бәрі-ақ барған. Әжібай бейнесінің озықтығы мен тартымдылығы сол — автор сол билік құмар байлардың қимыл-әрекеттерін жинақтай отырып жасаған бұл кейіпкерін. Оны жинақтаушы образ деп тануымыздың мәні осында.

Сұлтанмахмұт Әжібай мен Байболдың болыстыққа таласушығын суреттеу арқылы осы бір билеу жүйесінің дала өміріне әкелген ауыр зардаптарын шынайы бейнелейді. Бірде Әжібайдан жеңіліп қалған Байбол өткен сайлауда өзін болыс сайлаған ақсақал, қажыларды шақыртып, тай сойып, қонақасы береді. Бұған шақырылғандардың бірсыпырасы әр нәрсені сылтау етіп келмей қалады. Ал, келгендерінің өзі амалсыздан бас сұққанын байқатады. Байбол оларға: «ағайын, талас дедің таластырдың, жолына партияның мал шаштырдың», — сөйтсек те, жеңілдік беретін көмектерінді енді беріндер дейді. Осы кезде қонақтардың алдына табақ-табақ ет келе бастайды. Шығып кетуге «сыныққа сылтау таба алмай» отырған ақсақал, қажылардың бірі «табақта маған лайық сүйек жоқ» деп, Байболды балағаттап шыға жөнеледі, өзгелері де соның ізімен кетеді. Бұл көрініс қазақ арасындағы билік тәртібінің надандыққа, екіжүзділікке, парақорлыққа негізделген өзіндік ерекшелігін аса ұтымды танытады. Шынында да болыс сайлаушы асақалдар мен билер, қажылар үшін Байболдың енді қажеті жоқ еді. Одан алатын алымдары мен сый-құрметін олар өткен сайлаудың тұсында алып болды. Енді оларға мұның берері жоқ, қайта сол «қамқоршылардың» өздерінен дәметуі мүмкін. Сондықтан бұлар үшін Байболдың зиянынан басқа ешбір пайдасы көрінбейді. Мұны олар жақсы біліп отыр. Сол себепті Байбол маңынан тезірек кетіп, жаңадан болыс сайлаушының қасына неғұрлым ертерек барса, солғұрлым ұтпақ. Осы кезде оларға сыбағаға сүйексіз табактың тар-

тылуы «құланның қасуына, мылтықтың басуы» дегендей қызмет атқарады. Адамдық қатынастың осылайша арзандауы, азғындауы еріксіз езу тартқызады.

Бұл таластың өзге де сорақылығы жоқ емес. Ақсақал, билер Байболға «өкпелеп» кетіп қалғанда, Байбол ауылының бір жігіті ат үстінде тұрып, қазаннан ет алып жеймін дегенде құлап талып қалады. Мұны көрген Байболдың «жанашырлары» қуанып, оған «шотпен бір ұрып өлтір де, Әжібай өлтірді деп қалаға кісі шапқыз, — көрдің бе, міне, орнауын бақтың», — деп ақыл береді. Бұл да өмір шындығынан алшақ көрініс емес еді. Болыстыққа таласқан қазақ байларының одан да сорақы қылықтарға барғанын тарих жақсы біледі.

Бірақ, Байбол адам өлтіруге қарсы болады. Оның осы қадамы арқылы автор байлар арасындағы тартыс сипатын бәсеңдету, болмаса адамгершілікке жақындату ниетін көздемейді. Байбол, автор түсінігінде, азды-көпті ұнамды бейне. Оқыған, көзі ашық, көңілі ояу ерекшелігіне сүйеніп автор оны әділдіктен, адамдықтан құралақан етіп суреттемейді. Әжібайға қарағанда ол өмірге де бейім. Әжібайдың малы жұтта қырылып жатқанда, жазды күні шөп жинап, ерте қамданған бұның малы аман қалады. Қысқасы, Байбол ақынның ағартушылық идеялары мен жақсы әкімдер де болады-ау деп күткен қиялынан туған образ. Оның Әжібайға қарағанда өмірге бейімділігі де, дүниетанымындағы аз ғана сонылық та осының нәтижесі.

Әжібай өмірде бірде жеңіліп, бірде жеңіп күн кешсе, оның баласы Қабышта мұның бірі де жоқ. Ол арақ пен картаның құлы боп әбден азғынданған жан. Сөйтіп, Тасболат ұрпағының үшінші буыны құлау, жойылу сипатында көрінеді. Бұдан ақынның қазақ феодалдарының ыдырау, тап ретінде құлдырау ерекшелігін қоғамдық дамуға және әлеуметтік шындыққа лайық суреттеп, ұлы Октябрь заманына таяу әкеле алғанын көреміз. Реалистік шығармаға қойылар үлкен талап та осы — тарихилық (историзм). Ақын мұны қатаң ұстанған.

Қоғамдық өмірді өзгерту, өсу тұрғысынан алып, белгілі бір адамдар мен қауымның моральдық-этикалық жағынан іріп-шіру процесін байыптылықпен, көркемдікпен суреттеген ақын сол тұста жана біліне бастаған озық құбылыстарды, оның қаншама әлсіз болғанына қарамастан, үлкен болашақтың алғашқы көріністері ретінде бейнеледі. Осы ретте, әсіресе, Аппақай мен Күлтайдың, Петька мен фельдшер жігіттің үстінен «Үкіметті жамандап жүр» деп арыз түсіріп приставқа ұстаттырып жіберген Әнуардың бейнелері ерекше назар аударарлық. Бұлар шөл далада жана бой көрсете түскен жас жауқазындар тәрізді, әрқайсысы әр тарапта әр дәрежеде қимыл-әрекеттер жасайды. Әзірге әлсіз де, әсерсіз де сол

қадамдарымен олар дала тұрмысына жаңаша әдет-салттар мен өмір туралы озық түсініктердің келе, орныға бастағанын, соны самалдың пайда болу күйін танытады.

«Кім жазықты?» романы толық аяқталмаған шығарма. Оның соңғы бөлімі бізге жетпей, жоғалып кетті. Ізгіліктің жаршысы болған ақынның жоғарыдағы жаңа да жас кейіпкерлерін шығарманың аяқталған вариантында әлі де сомдай, толыстыра түспегі күмәнсіз жағдай еді. Бірақ, амал жоқ, ол жайында нақты пікір айту қиын.

Бұдан, әрине, «Кім жазықты?» романының қолда бар негізгі бөлегі оны біртұтас шығарма ретінде қарауға мүмкіндік бермейді деген қорытынды тумайды. Сұлтанмахмұттың бұл романы — қоғамдық өмір проблемаларын батыл да нақты көтеруге ең жақын келген негізгі шығармаларының бірі. Ол мұнда қазақ өміріндегі кесір-керден, керітартпа қоғамдық құбылыстарды бар жиіркенішті ерекшеліктерімен өткір бейнелей отырып, Әжібайды азғындыққа түсіруші де, оның әйелдерін бақытсыздыққа душар етуші де, билік-мансапқа таласуды тағылық дәрежеге жеткізуші де қоғамдық өмірдің өзі, оның қараңғылық пен надандыққа, байлыққа, күшке негізделген сипаты деп көрсетеді. Ақын өмірді қалай өзгертудің, жанартудың жолын білмесе де, бұл мәселені күн тәртібіне өткір қояды. Бар бақытсыздыққа жазықты осы тәртіптің өзі деп, ендігі таңдауды оқушыға қалдырады. Бұл оның заман тынысын, қоғамның даму сырын тану арқылы жеткен биігі.

«Кім жазықты?» романын Сұлтанмахмұт асығыс және сырқат кезінде жазды, кейін оны қарап түзетуге, жетілдіруге мүмкіндігі болмады. Соның нәтижесінде шығарма кемшіліксіз емес. Даланың сұлу көріністерін әсерлі суреттеп келе жатып ақын кейде прозалық қарадүрсін баяндауға ауысып кетеді, кейіпкерлерінің ара қатынасын, тартысын, таласын өткір өрбітуімен қатар, кейде олардың сезім сырларын ашуға салақтықпен қарайтыны байқалады. Толық аяқталмаған (не аяқталған варианты бізге жетпеген) шығарма үшін мұның қайсысы да таңқаларлық емес.

Шығарманың тұтас қалпын сөз етсек, бұл — Сұлтанмахмұттың поэзияның күрделі жанрындағы мол мүмкіндігін танытқан аса елеулі туындыларының бірі. Ол мұнда қоғамдық өмірді сырттай шолушы ғана емес, оның ішкі пластыларына терең бойлай білген белсенді мүшесі, катал сыншысы ретінде де көрінеді. Романнан Ұлы Октябрь заманына жақын кеп тұрған қазақ ауылын аса негізгі қайшылықтарымен, проблемаларымен көреміз. Шығармадағы көп кейіпкерлер осы ретте ұтымды да шебер бейнеленіп, туынды тағдырын шешуге батыл араласып, ат салысып тұр. Олар әдебиетіміздің тарихында да сол ерекшеліктерін сақтап, халқымыз-

дың көркемдік эволюциясындағы белгілі бір сатысын, кезеңін білдірмек. «Кім жазықты?» романының бағалылығы — осында.

Өз заманының өрен жүйрік ақыны Сұлтанмахмұт лирикалық өлеңдерімен, кесек романдарымен қатар, сюжетсіз поэмалар жасауда да жемісті еңбек етті. Оның «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары сырттай алғанда қазақтың ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан толғау жанрына аздап ұқсағанымен, іштей одан мүлде өзгеше. Сұлтанмахмұт жаңа кезеңде әдебиеттің бұл көне, байырғы жанрына соны мазмұн беріп, оны жетекші, айбынды жанрдың қатарына жеткізді. Осы жанр оның ақындық темпераментіне өте мөте сәйкес келді, осы жанрда ол өзін еркін сезінді, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерін көтеріп, олар жайында өзінің өжет үнін, өршіл ой-түйіндерін бүкпей, өз атымен, публицистке тән өткірлікпен білдіре алды, қоғамдық, әлеуметтік, философиялық пікір-түсініктерін анық та жүйелі түрде поэзия құралдарымен ұтымды дәлелдеп берді.

«Адасқан өмір» поэмасы 1918—19 жылдары жазылды. Ақынның толассыз творчестволық жолына көз салсақ, оның бұл кезге дейін біраз қате-кемшіліктерді де басынан өткізгенін білеміз. «Адасқан өмір» поэмасы сол өмірдің сабағы, сонан алған тәлімі есепті туынды. Оның аты да, заты да соны ұғындырады.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір» поэмасының «Мен бала», «Мен жігіт» бөлімінде адам баласы туысынан адамдық қасиеттерге мейлінше бай, бірақ оның келешегі, мінез-құлқы, тағдыры алған тәрбиесі мен өскен ортасына байланысты деген пікірді дәлелдейді. «Жалыны бойға сыймай сырттан көрініп» тұратын жастық шақты жақсы іске бұрып, қоғамға пайдалы адам етіп шығаратын да, теріс іске бағыттап, өмірден қор ететін де сол қоғамдық орта дейді ақын. Осы тұрғыдан келіп ол өзінің әлеуметтік ортасын бар жағынан сынайды, жеке басының қателікке ұшыраушылығын да сол өмірдің ірі қайшылықтарымен байланысты баяндайды.

«Адасқан өмір» поэмасының авторы, ең алдымен, байлықты қатал сынайды. Мұнда ол жалпы байлық атаулыны емес, қазақ даласында өріс алған байлықты ғана әшкерелейді. Бұл байлықтың өзгені езу, қанаумен жиналуы ақынды айрықша жиіркендіреді. Қазақ байларының күн көру тәсілі — «Ит едім, байлық мені кісі қыл деу», — дейді ақын. «Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек, біреу байыса, біреулер кедейленбек» деген үлкен қорытынды шығарады ол бұдан. Сұлтанмахмұттың бұл тұжырымы айрықша назар аударарлық. Ол теңсіздік үстем болған қоғамдық өмірде адал еңбектің қызығын басқа біреудің көретіндігін, кедей адамның есебінен өзгенің байи түсу мүмкіндігін орынды таниды.

Сұлтанмахмұттың бұл шығармасында қатал сынға ұшырайтын әлеуметтік құбылыстардың бірі — қазақ даласындағы билеу жүйе-

сі. Ақын ел әкімдерінің әділетсіздік, озбырлық ерекшеліктерін ба-
тыл әшкерелей келіп:

Өмірдің бұл түрінде ешбір хакім,
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.
Себебі: тастап хакім бола алмайды,
Байлар мен молдалардың сөзін жерге.
Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ...
Хакім деген күштіге шокпар деген,
Зорлығын істегенде күшсіздерге...
«Әділдік», «ар», «адамдық» деген сөздер,
Күшсіздерді алдауға қылған амал,—

дейді.

Бұл поэзиялық жолдар Сұлтанмахмұттың таптар тенсіздігінен
азды-көпті хабардар екендігінің айқын айғағы. Ақын аузынан
«тап» деген сөздің шығуы; «күшті таптың» «күшсіздерге» қарсы
қойылуы дәл соған мүмкіндік береді.

Сұлтанмахмұт ел әкімдерінің кемшіліктерін дұрыс аңғарып:
оларды сынаумен ғана тынбады, өзінің ұнамды басқарушы туралы
арманын да білдірді.

«Күн көзіндей баршаға бұл ортақ жан,
Пайда алу керек мұның ақылынан.
Ел пайдасын табуға өзгемізден,
Артығырақ ақылы, зейіні бар»,—
Деп билеткен ел бар ма мұндай ерге?

Мұндай басқарушы бұл күнге дейін қазақ қауымында болмай
отыр, қазіргі қоғамдық өмір баршаға ортақ ондай басшыны сүй-
мейді де, сондықтан әзірге «Түрме бар, дар ағаш бар ондай ер-
ге», — деп қорытынды жасайды ақын. Алайда, автор ел пайдасын
өзгеден артық ойлайтын басшының таяу арада келу мүмкіндігіне
ешқандай шүбәланбайды.

Сұлтанмахмұт бұл поэмасында өз кезіндегі ғылым, білімнің де
билеуші таптың мүддесіне қызмет етіп отырғандығы туралы тама-
ша пікірлер айтты.

Бірақ, бүгін ғылымның тапқандары,
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі,
Азусыз қасқырларға азу болып,
Қой халін ауырлатты онан әрі,—

деп қынжылды ол. Бұл сөзден де ақынның бүкіл қоғамдық құбы-
лыстарды еңбекші бұқараның рухани немесе материалдық өмірін
өзгертуге тигізген пайда, зиянымен өлшейтін озық түсінігін көру
қиын емес. «Бай жағы жүз, мың болса, кедей жалғыз, қорықпай
жалғыз жақта қалар едім» деген ақын, әр мәселенің тұсында да
өзінің халықтық өлшемінен қол үзген жоқ, өмірдің қандай құбы-

лысына да сол тұрғыдан қарап, баға беруді творчестволық міндетіне айналдырды.

Таң қаламын, кедейге оқы дейді,
Оқуға келтірместік қылып халім.
Атақты чиновниктің баласынан,
Аз көрдім стипендия артылғанын,—

деп жазды ол. Осы бір жалғыз шумақ арқылы ақын патшалық Россиядағы халық ағарту жүйесінің сиқын дәл береді.

Сұлтанмахмұт қазақ даласындағы ел басқару жайында айта келіп, «Ақылдың өскен сайын айтатыны: «Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек» дейді. Оның маркстік іліммен қарулана алмағаны мәлім. Дегенмен осы келіп отырған қорытындысының мәні ерекше зор еді. Бұл жерде ақын мәңгілік құлдықтың да, озбырлықтың да, төрешілдіктің де жоқ екендігін толық түсіне білгенін поэзия тілімен жеткізіп отыр. Осы арқылы ерте ме, кеш пе, әділдіктің орнауы да болмай қоймайтын құбылыс дегенді білдіреді. Мұның өзін ол қоғамның даму заңдылығынан табиғи түрде туатын нәтиже ретінде сипаттайды. Бұдан дәлел ретінде мына бір сөзін келтіруге болады:

Ертең биттей сықпай ма халық мені,
Қышытсам бүгін сорып қанын ептеп.
Кім қарсы тұра алады бұл ағынға,
Өмір түрі барады солай беттеп.

Сұлтанмахмұт мұнда өз кезіндегі әкімдердің халықтың «қанын сорып» отырғанын үзілді-кесілді, ақиқат шындық күйінде айтумен қатар, халықтың да күні ертең оларды сондай күйге ұшырататынына ешбір күмән келтірмейді. Өйткені өмірдің өзі «барады солай беттеп», оған ешкім қарсы тұра алмайды деп түсінеді. Оның «Дүние өзен ағысын кім тоқтатар?» деп өз аузынан мәлімдеуі де осы себепті. «Ұқпаймын қол жетпейтін бақыт бар деп» дегенді ақын адам күшінің жеңімпаздығы мен өмірді көпшіліктің тілегіне қарай бұра алатындығына қалтқысыз сенгендіктен айтты.

...Сондықтан адам біткен ертең әлі,
Бас иіп әділетке келер бәрі...
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қараймын әділдіктен басқа жолды.

Сұлтанмахмұт өз кезіндегі және оған дейінгі қоғамдық өмірдің негізгі ерекшелігі «Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жеу», «Адамзатты қырған індет — «сенікі», «менікілік» принциптерінде болып отыр деп дұрыс таныды. Сондықтан да ол «әділдік орнамасқа көзім жетті, дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай» деп күрес-

шілдік пікірге келді. Осы жолда ақын «Бишараны шын досқа сарна едім, сол үшін оқ астына барар едім», «Істелер мұнан былай менің ісім, жұмсалсын сол ниетке барлық күшім» деген түйінді, түбегейлі пікірін ұсынды.

Бірақ, оның күрес туралы ойы тек жақсы ниет түрінде қалды. Ақын қазақ қоғамынан өзіне сүйеніш боларлық рухани күшті көре білмеді. Соның нәтижесінде ол айналасындағы озбырлықты, әділетсіздікті көріп, күйреушілікке салынды, торығушылыққа түсті. «Бұл күнде бақытсыздық дүние толған, нақақ қан, нақақ көз жас дария болған», — деп өзі өмір сүрген ортаға жиіркенішпен қарады. Сұлтанмахмұттың адасушылығы да өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы осындай жан түршігерлік ауыр халді көріп қана қойып, одан шығудың жолын таба білмеуіне байланысты туған еді.

Сұлтанмахмұт күреске, әрекетке шақыру жағынан дәрменсіздік жасап, ара-кідік идеялық қателіктерге ұшыраса да, таяу уақытта қалың бұқара үшін қолайлы, жақсы өмірдің орнайтындығы туралы («мен аз деймін көруге осы өмірді», — деген ол) ешқандай шүбәланған жоқ.

«Мен ғашықпын көруге әділдікті,
Тегіс қылып көркейткен өмір түсін»,—

деп басталатын ұзақ монологында ақын социалистік өмірдің барша озық қасиеттерін көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай (адал еңбек, еңбектің абырой-атаққа жеткізуі, елдің түгелдей еңбекпен айналысуы, кәріліктің қасірет болмай, құрметке бөленуі, ертеңгі күнге сеніммен қарау, адамға адамның сенуі, дос тұтуы, өмірден торығушылықтың жоғалуы, т. т.) баяндайды. Оның осы тараптағы пікірлерінен ғылыми социализмді жете танып білмегенімен, одан сырттай хабардар болғанын көреміз. Ақынның бар трагедиясы — сол өзі айтқан жаңа да жақсы өмірге жетудің жолын нақты көре және көрсете алмауына ғана байланысты.

Тұтас алғанда, Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасы оның қоғамдық өмірді түсіну, алдағы күнге деген арманын айыра тану, қай таптың жоқшысы болғанын нақтылау, анықтау мәселелерінде ерекше мәні бар шығарма. Ақын мұнда оқушысымен тікелей сырласып, өзінің ішкі дүниесін бүкіл ойы-қырымен, өзіне тән шыншылдық, өткірлікпен толық ашып береді. Сөйтіп, бұл шығарманың негізгі құндылығы — азамат Сұлтанмахмұтты, демократ Сұлтанмахмұтты, ақын Сұлтанмахмұтты бүкіл өзіндік бойымен, алып тұлғасымен, патриоттық сезімі, озық ой-түйіндерімен көрсету ерекшелігінде.

Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінде кедей тақырыбын алғаш бар дауыспен жырлаған ақындардың бірі. Ол лирикалық өлеңдерінде де, поэмаларында да қазақ кедейлерінің тұрмысына айрықша на-

зар аударып, оларға бар аяушылық сезімдерін білдіріп отырды. Оның бір шығармасында бұл мәселенің аз, енді бірінде көп болуы мүмкін. Бірақ, ақынның әр уақытта да кедей тақырыбына зор ілтипатпен оралып, жаңа шығармалар, тың пікірлер ұсынып отырғаны анық.

Ол әуел баста кедей тұрмысын әр шығармасында жол-жөнекей, негізгі тақырыпқа қатысы бар жағдайда ғана суреттеп келсе, 1919 жылы бұл мәселеге айрықша тоқталып, өзінің атақты «Кедей» поэмасын жазды.

Сұлтанмахмұттың «Кедей» поэмасының негізгі кейіпкері — аты-жөні мәлім емес кедей деген адам. Ол өзі бастан өткізген қорлық өмірін айту арқылы жалпы қазақ еңбекшілерінің езгіде келген ауыр тұрмысын баяндайды. Оның барлығын бір сөзбен айтқанда былайша тұжырымдауға болатын сияқты: қазақ даласындағы материалдық байлық осы кедейдің қолымен жасалса да ол еңбегінің қызығын өзі көрмейді, қайта басқаға масыл болған бай мен мырзаларға, би мен молдаларға қызмет етеді. «Кедей» поэмасының идеялық негізі, міне, осы қорытындының төңірегінде. Ақын қазақтың байы мен билері кедейге масыл болып отыр деп суреттесе, молдаларды, жалпы дін иелерін тағы да сол кедейдің «рухани қысымшысы» ретінде бейнелейді.

Сонымен «Кедей» поэмасынан ата-бабасымен жалшылықта, езгіде болып, жарып ас ішпеген, бүтін киім кимеген қазақ шаруасының аянышты шындық бейнесін көреміз.

Сұлтанмахмұттан бұрын да, оның өмір сүрген кезінде де кедей шаруаға мойнын бұрмаған, оларды тіпті сөз етуге арланған, сөз еткеннің өзінде адамдық қасиеттерін көрмеген және көргісі келмеген ақын, жазушылар қазақта да, басқа елдерде де аз болған жоқ. Мұның себебі: олар өмірдің дамуынан гөрі, тарих дөңгелегінің кері айналуын, езуші таптың мәңгі үстемдік етуін тіледі, сол үшін күресті. Ал, Сұлтанмахмұт сияқты демократ ақындар мұндай идеологияға барынша қарсы тұрды, «бишараны шын досқа санады», «ол үшін оқ астына баруды» өзінің адамдық борышы ретінде таныды, сонымен оның бойындағы асыл қасиеттерді көре де, мадақтай да білді.

Сұлтанмахмұттың тұрмыстың ащы азабын тартқан кедей шаруаның бойынан нағыз адамдық қасиеттерді таба білуі оның өмірді прогресшілдік тұрғыда таныған озық көзқарасының нәтижесі. Керітартпалық бағыт ұстаған ақын кедейдің бойынан мұндай ізгі белгілерді көре де, көрсете де алмаған болар еді. Демек, ол қазақ кедейінің бойынан абзал қасиеттерді тани білу арқылы оның әлі де қайрат, жігері мұқалмаған тың күш екенін суреттей отырып, алдағы уақытта өмір сүруге де қабілеті мол, өнерлі, өміршең жан екендігіне айрықша үміт артады. Бұдан Сұлтанмахмұттың жалпы

халық өміріне және оның келешегіне қандай тұрғыда қарағанын байқау қиын емес.

Поэманың соңында кедейдің:

Бұған тынып жүргеннен өлген артық,
Іштен тынып жанғаннан сөнген артық.
Текке өлмей тауға, тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе, көрген артық,—

деп мәселені барынша ашық және үзілді-кесілді қоюының өзі автордың озық түсінігінің нәтижесі. Кедей өзі мен Жақыптың арасындағы жер мен көктей айырмашылықтың негізгі сырын әлеуметтік теңсіздіктен деп танып, енді оған көніп жүргенше не өлу, не бар күшті әділдік іздеудің жолына сарп ету керек деген тоқтамға келеді. Қоғамдық өмірдегі шектен асқан озбырлық кедейге осы екі жолдан басқа таңдау қалдырмайды. Осындай ерекшеліктері жағынан «Кедей» поэмасының бұл кейіпкері революция қарсаңындағы біраз шындықтың бетін ашатын тәрізді.

Алайда автор осы ашынған, ізденген кедейінің тұсында да ағартушылық көзқарастан асып кете алмады. Поэма кедейдің:

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін осы жері маған арман.
Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,
Мақсатым — оқу, оқу көңіліме алған,—

деген сөзімен аяқталады. Кедей күрестің, өз өмірін өзгертудің, жақсартудың жолын білмейді. Сонымен, Сұлтанмахмұт кейіпкерін өмірдегі теңсіздікті тану жолына лайықты даму жүйесімен әкеле алса да, кейінгі шақта оны тиісті күрес, тартыс, таптық кек дәрежесіне көтере алмады.

Осы сияқты елеулі кемшіліктің орын алғанына қарамастан «Кедей» поэмасы — қазақ еңбекшілерінің революциядан бұрынғы аянышты өмірін көрсетуде және оны жақсарту мақсатымен іздену жолына келуін суреттеуде айрықша роль атқарған құнды шығарма. Оның қазақ әдебиеті тарихындағы орны да осындай қасиеттеріне байланысты аталады.

XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің үлкен суреткері Сұлтанмахмұт Торайғыровтың роман, поэмаларын қарастырып өткенде олардың сол дәуір қажеттілігіне байланысты туып, қоғамның даму тенденциясы ұсынған елеулі-елеулі проблемаларға дереу үн қосу нәтижесінде пайда болғанын көреміз. Бұлардың қай-қайсысы да революция қарсаңындағы қазақ ауылының бар шындығын терең суреткерлік тәсілдермен тапқыр да ұтымды аша, айқындай түскен кесек туындылар болды. Қазақ қызының аяулы кейпі мен аяққа басылған абзал адамдық қасиеттері, кедейдің ащы тұрмысы мен

аянышты тағдыры, бай мен болыстың айуандық істері мен атақ, даңқ жолындағы абыройсыз, азғындық әрекеттері алғаш рет ірі туынды ретінде Сұлтанмахмұттың ақындық талантымен суреттеледі. Осының нәтижесінде автор неше алуан ұнамды, ұнамсыз образдар галереясын жасады. Олар өздерінің көркемдік, әдеби мән-маңызын әлі күнге дейін жоғалтпай келеді.

Оның әрбір роман, поэмасына ортақ бір үлкен қасиет — талантты ақын ескі ауыл өмірінің бүкіл күйкі көріністерін шындық тұрғысынан шебер суреттей келіп, сол өмір салтының әбден тозығы жетіп құлау, құлдырау, аяқталу сатысында тұрғанын, жаңа дүниенің жақын араға таяу келгенін бейнелейді. Бұл жайды әрбір шығарманың тынысынан, оқиғалар қақтығысынан, кейіпкерлердің ісі мен әрекетінен, сөздері мен ой дүниесінен, авторлық баяндаулардан нақты көреміз. Осындай үлкен шындықтың, замана шындығының не бәрі демократ, ағартушы Сұлтанмахмұт творчествосында орын алып, айрықша бой көрсетуін суреткердің дәуір тынысын, уақыт айналымын жанымен түсініп, жүрегімен ұғынған ақындық таланты мен патриоттық сезімінің жемісі деп тануға, бағалауға тура келеді.

1957.

ШӘКӘРІМНІҢ ПОЭМАЛАРЫ

Шәкәрім Құдайбердиев поэмалары асса қазақ әдебиеті тарихында, қала берді халқымыздың поэзиялық шежіресінде әрі тың, әрі кесек құбылыс. Бұл поэмалар әдебиет әлеміне белгілі бір уақыттың, қоғамдық дамудың, есеюдін, эстетикалық соны талап-тілектердің нәтижесі, көрінісі ретінде келді. Әдетте, жеке бір көркем туындының, не жанрлық формалардың, әйтпесе, тіпті жарық жұлдыздай некен-саяқ сирек таланттардың да, не тұтас бір әдебиеттің де сан алуан қоғамдық, әлеуметтік жағдайларда, олардың бірлігі мен қайшылықтарына байланысты, дамудың жалпы заңдылықтарына сәйкес өмірге келетіні мәлім.. Жалпы әдебиет те, оның жеке құбылыстары да нақты тарихи кезеңнің туындысы ретінде осылайша өзіне ғана тән өсу, өрбу жолымен жүріп отырады. Бұл көркемдік жолда кездейсоқ құбылыстарға орын жоқ, болса жоққа тән. Біз Шәкәрім поэмаларына да осы тұрғыда қарап, баға беруге тиіспіз.

Ш. Құдайбердиев поэмалары ақынның жеке басының кесек көркем туынды жасау тәрізді ынта-жігерінен, ықлас-ниетінен немесе ерекше бір таланты мен тапқырлығынан туа салмаған. Әрине, бұл фактілердің де тиісті дәрежеде қызмет атқарғаны басы ашық мәселе. Оларды ескермеске де, елемеске де болмайды. Бірақ,

түптеп келсек, мәселенің кілті басқада. Ш. Құдайбердиевке дейін де қазақ топырағында неше алуан майталман жүйрік ақындар болды, бірақ олардың барлығы бірдей күрделі жанр жасауға емін-еркін бара берген жоқ (оларда толғау түріндегі шығармалар бар десек, мұның өзі халық поэзиясымен ұштасып, содан тікелей нәр алып жатқан құбылыс. Толғауда жазба әдебиетке тән проблемалық, өмірді кең де байыпты түрде қамтудан туатын шыншылдық, өмір құбылыстарын адамдар қатынасы, характерлер арқылы ашу т. б. негізгі жайлар жөнді орын ала бермейді және бұлардың қайсысы да фольклорлық түрде шешіледі). Оның бірден-бір себебі, күрделі жанрды жасауға қоғамдық, әлеуметтік мұқтаждық пен эстетикалық негіздердің, дайындықтардың әлі пісіп жетіспеушілігі еді. Жазба әдебиеттің кеш туып, жаңа жолға қойыла бастауы, эстетикалық принциптердің енді-енді (Ыбырай, Абайдан бастап) қанаттана түсуі, оқушы қауымның әлі де балаңдығы, көркемдік талап талғамын анықтауға енді ғана бет алуы кесек жанрдың тууына көп қиындықтар туғызған болатын. Бұл айтылғандар мәселенің бір ғана жағы, яғни әдеби, эстетикалық жағы еді.

Ал, енді оның қоғамдық, әлеуметтік жағына келетін болсақ, мына жайларды ескермеске болмайды. ХІХ ғасырдың екінші жарымынан бастап қазақ қоғамы өзінің даму тарихындағы жаңа кезеңге аяқ басты. Бүкіл Россиялық саяси-экономикалық өмірге араласу қазақ қауымының алдына мәдени-экономикалық тың да күрделі проблемаларды қойды. Бұл проблемалар барған сайын күрделеніп өткірленіп отырды. Шоқан, Ыбырай, Абайлар осы проблемаларды алғаш рет орынды танып, бағалап қана қоймай, олардың тиісті жаңа арнада, салада қойылуы мен шешілуіне, дамуына қолайлы негіздер жасады. Оларға қоғамдық өмірдің даму барысы жүктеген тарихи міндет те осы тұрғыда еді. Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген, негіздеген проблемалар мен мәдени-ағартушылық, әдеби-эстетикалық істерді онан әрі, жаңа кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайлары мен эстетикалық талаптарын сәйкес жалғастыру, дамыту — кейінгі ұрпақтардың үлесі еді.

Мұның үстіне, ХХ ғасыр басында Россияда империализмнің дамуы, қоғамдық қайшылықтардың мейлінше шиеленісуі, таптық сананың өсуі, азаттық идеялардың өріс алуы т. б. қазақ қоғамын да мұндай ұлы құбылыстардан шет қалдыра алмады, азды-көпті әсерін, ықпалын тигізіп жатты. Қоғам өміріндегі бұл тәрізді дүр сілкініс пен астан-кестен жайлар, ойлар мен мүдделер тартысы, ізденулер т. б. бүкіл қауымды ойлантып, толғантып қана қоймай, жаңа қанат жайып келе жатқан әдебиеттің алдына да сол үлкен жүкті, көп проблемаларды тартты, оларды көркем өнерге тән заңдылықпен баяндауды, бейнелеуді, шешуді талап етті. Тарихи жаңа кезеңнің осы тәрізді тың да күрделі проблемаларын әдебиеттің, мә-

дениеттің, өнер-білімнің аздап болса да өріс ала бастаған кейінгі тұсында ескі көркемдік құралдармен шешудің мүмкін еместігі айрықша сезілді. Сондықтан да қоғамдық дамудың қадамына сай туып, өзінің алғашқы қадамынан-ақ соған лайықты қызмет етумен көзге түскен, Ыбырай, Абай негіздеген халықтық әдебиетіміз кесек жанрлық формалар тапты, алғашқы роман, повесть, поэмалар дүниеге келді.

Мұның өзі заңды да еді. В. Г. Белинскийдің айтуынша, «ақын өмір идеяларын терең танумен қатар, оларға сай форма да таба білуге тиіс; реализмнің көркемдік формалары, әсіресе, композициялық-жанрлық формалар түптеп келгенде өмірдегі шыншылдық көріністердің белгілі тарихи мазмұн арқылы жазушы түсінігінде өзіне сәйкес сәулесін табуы боп саналады». В. Г. Белинскийдің осы пікірін негізге алсақ, екі ғасыр аралығында жасалған алғашқы кесек туындылар өмірдің өзі ұсынып отырған күрделі ойлардың, идеялардың, проблемалардың әдебиет дүниесінен өз бойына лайық орнын табуы боп танылады. Тегінде «Әдеби жанрлар көркем өнер дамуының белгілі сатысында пайда болады және үнемі өзгеріп отырады. Әдеби жанр категориясы — тарихи категория»¹

Әрине, күрделі жанр саласындағы алғашқы тәжірибенің барлығы бірдей сәтті бола берген жоқ. Бірақ, сол барлау, байқау түріндегі тұңғыш роман, повесть, поэмалардың қайсысы да осы әдеби жанрлық түрлердің төл әдебиетімізде туып, орныға, түрлене түсуіне ерекше көп көмегін тигізді. Біздіңше, олардың баға жетпес құндылығы, ең алдымен, осы жағында болуға тиіс.

Әдебиеттің күрделі жанрларын тарихи дәуір, оның айрықша рухани мұқтаждығы және әдебиеттің өрлеу қадамы туғызады деген пікірімізді сақтай түсу үшін бір жайды ескере өткеніміз жөн тәрізді. Ақындық таланты, дүние танымы, өмірге көзқарасы қазақ қоғамының арғы-бергі тарихында ешкімге ұқсамайтын ұлы Абайдың қоғамның өміріне арнап күрделі әдеби шығарма жасауға бармағанын немен дәлелдеуге болады? Бұл ретте М. О. Әуезов былай деп жазады: «Тегінде, Абай (бірнеше өлеңдерінде) поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізді. Әзіреті Әлі, айдаһарды жазғаным жоқ, сарала қазды жырлағам жоқ — деп бір кезек айтса, тағы бір уақытта ел шапқан батырды, қызықты қыздырмалап айтсам, қызығын тыңдар едің, — деп оқушыны шеней түседі. Жай, бос уақыт өткізетін қызшыл; қызықшыл, қысыркенесті құмарланып тыңдар едің дейді. Ондай әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін. Өз басының ұзақ ақындық еңбегі бойынша, Абай поэма жанрына анықтап зер салған жоқ. Тек кейін, тәрбиесінен

¹ Лихачев Д. С. Поэтика древнерусской литературы. Л., 1967. С. 40.

шыққан шәкірт ақындарына ғана әралуан тақырыптар беріп, поэма дерлік, күрделі сюжеті бар шығармаларды жазғызады... Өзі көп дәстүрлерін қабылдаған орыс классиктері: Пушкин, Лермонтовтың, не Байрон сияқты Европа классигінің анық үлкен поэма жазудағы өрнектеріне Абай бой ұрмайды. Олардың поэмалары кең өмірді мол қамтитын, кейде роман—поэма, кейде қалың оқиғалы шығарма шебер тартысы бар романтикалық поэма боп, көркем шебер қалыптасса да, Абай сол жанрға қызықпайды»².

Бұл пікірдің бағалылығы — Абайдың өнерлі елдердің өнегелі әдебиеттерінен үйрене, үлгі ала отырып, поэма жанрын жасауға шындап кіріспегенін әділ де орынды атап көрсетуінде дер едік. В. Г. Белинский айтқандай, қандай ұлы ақын да өз дәуірінен биік тұрмақ емес, сол дәуірдің дамуы дайындап әкелген мазмұнды ғана меңгермек. Абай да — өз заманының перзенті. Ол өз творчествосында лирикалық жанрдан әрі бара алмаса, оның тұсындағы қазақ қоғамы, қазақ оқушысы, қазақ әдебиеті одан бұдан артықты күтпеген еді. Абай өз заманының осындай эстетикалық талабына, ерекшелігіне сай қызмет етті. Данышпан ақынның ұлылығы сол — ол байырғы лирика жанрында еңбек еткенмен, оны бұрын-соңды болмаған жаңа көркемдік сапаға көтерді, әдеби жаңа дәуірді туғызды.

Ш. Құдайбердиев — кейінгі тарихи кезеңде, яғни ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде көркем өнер алдындағы ауыр жүктің салмақты бөлігін көтеріп, оны тиісті көркемдік-идеялық дәрежеде, мөлшерде бейнелеген үлкен суреткер, жанашыл, ізденгіш ақын. Ш. Құдайбердиев те С. Торайғыров сияқты, өз заманының әдебиетке деген жаңаша талап-тілегін және әдебиеттің алдына дәуір қойып отырған күрделі мәселелерді ұсақтатпай, оны кесек ойлар, суреттеулер, көркем туындылар арқылы шешудің қажеттігін жетік түсінген, ақындық мәдениеті мол, ойшыл қаламгер. Кезінде әдебиетімізге үлкен үлес боп қосылған оның поэмалары, міне, осы өреде туған. Бұл айтылғандардан, әрине, Ш. Құдайбердиевтің ақындық өнерінде, қоғамдық, көркемдік ой-пікірлерінде қайшылық, кемшіліктер жоқ екен деген пікір тумасқа тиіс. Өмірі өте күрделі бұл суреткердің аяғын шалыс басқан кездері де мол. Ол өзінің халқымен, қауымымен бірге өсіп, солардың әр қайсысы көрген, кездестірген қайшылықтарды, қиыншылықтарды бірге өткізіскен адам. Оның жеке өз басына, творчествосына тән қате-кемшіліктердің өзі де осы үлкен мақсатқа жету жолдағы ізденуден, әрбір қадамын заманмен, халықпен бірге алу талабынан туған. Ізденудің барлық уақытта бірдей сәтті, нәтижелі бола бермейтіні

² Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 144—145-б.

белгілі. «Ақиқатты іздемеген адам қателеспейді де. Бірақ, бұл ешкімді қызықтырмақ та емес» (Белинский).

Ш. Құдайбердиев қазақ қоғамының өмірінен алып, үш поэма жазды. Олардың алғашқы екеуі («Қалқаман — Мамыр», «Еңлік—Кебек») 1912 жылы Семейдің «Жәрдем» баспасында басылып шықты да, үшіншісі («Нартайлақ — Айсұлу») бізге қолжазба күйінде жетті. Ақынның бастапқы екі поэмасын 1912 жылы жарық көргеніне қарап, дәл сол жылдары жазылған дүние екен деп кесіп айту қиын. Шамамен алғанда, олар екі ғасыр аралығында, дәлірек айтсақ, Ақылбай, Мағауия Құнанбаевтың романтикалық поэмаларына жалғас жасалған туындыларға ұқсайды. Ақындық өнердің үлкен өріс алған өнегелі ұясында қазақтың арғы-бергі тарихындағы үлкенді-кішілі оқиғалар талай рет жырға арқау болды. Көкбай Жанатаев пен Мағауияның кейбір кесек еңбектері бұған айқын дәлел. Еңлік—Кебек оқиғасына арнап Мағауияның да поэма жазғаны белгілі, т. б. Міне, Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек», «Нартайлақ—Айсұлу» поэмалары осы ақындық ортада туды. Алайда, оның поэмаларының туу, жасалу ерекшеліктерін тек осы айтылған жағдайларға ғана байланысты тану өте жеткіліксіз. Олардың сыры мен шыны әлдеқайда тереңге меңзейді.

Ш. Құдайбердиев поэмалары түгелге дерлік махаббат тақырыбына байланысты. Бұл жағынан алғанда олар шығыс классиктерінің шығармаларына көбірек ұқсайды. Осыған қарап, әрине, өзге елдердің ақындары махаббат тақырыбына арнап тамаша туындылар жасамады деген ұғым тұмауға тиіс. Дүние жүзі әдебиетінде ондай шығармалар ондап, жүздеп саналады. Бұл арадағы әңгіме Шәкәрімнің шығыс поэзиясымен етене байланыс жасап, оның көптеген туындылары мен дәстүрлерін меңгеруі және қабылдауы жөнінде болып отыр. Ең алдымен Ш. Құдайбердиев поэмаларының шығыстың ғашықтық дастандарымен бірөңкей тақырыптық үндестігі басым екенін айтқан жөн. Әйтседе ол сол тақырыпты қою, шығармалардың сюжетін шешу жайларында өзіндік, реалистік стилін, дүниетанымын бастан-аяқ сақтап, сабақтап отырған.

Ш. Құдайбердиев поэмаларында (тек поэмаларында ғана емес-ау, бүкіл творчествосында, жалпы дүниетанымында) махаббат мәселесі оның жалпы гуманистік көзқарастарының бөлінбес бір саласы ретінде көрініп, жаңа ғасыр басындағы бостандық идеяларына, адамдық право туралы ойларға шебер үндеседі. Ақынның өзі де аталған поэманы жазғанда осындай мақсатты көздегенін былайша атап көрсетеді: «Қалқаман—Мамырдың» ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазықсыз екенін біліп дұға қылса керек. Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл

болып ұмтылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме аксақалдар аузынан да қалып бара жатыр. Сол ғашықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім»³.

Демек, оның өлгенді тірілтуіне себеп болған жай, бір кезде мансұқ етіліп, қоғам өмірінен аластатылған адамдар ісінің соңғы тұста өзгеше танылып, өзге бағасын алу керектігі. Автордың бұл арада айтып отырғаны және соны айтуға мүмкіндік беріп отырған нәрсе: ХХ ғасыр басында қазақ қоғамында адам бостандығы туралы идеялардың берік орын ала бастауы. Осы тарихи кезеңде әйел тендігі, махаббат еркіндігі, сезім еріктілігі мәселелерінің жалпы адамдық правоның, гуманизмнің жарқын белгісі ретінде бой көрсеткені көпке аян шындық. Міне, осы жайлар ақынның өз сөзімен айтқанда «өлгенді тірілтпесе де, өшкенді жаңғыртуына» мұрындық болған.

Сөйтіп, ескі кездің ісіне жаңаша мазмұн, соны сипат бере алған автор өзінің дәуір көтеріп отырған проблемаларға қатынасын шебер де салмақты түрде танытқан. ХVІІІ ғасырдың оқиғасына ХХ ғасыр басындағы идеялар биігінен баға беріп, оны кейінгі кезеңнің қажетіне ұтымды асыра білген.

Мәселенің түйіні — шығармаға арқау болған оқиғаның қай дәуірде орын алғандығында емес, оның қай кездің шындығы, талабы мен талғамы, арманы мен мақсатына лайық бейнеленуінде. Шын мәніндегі көркем шығармаға қойылатын үлкен талап та осы. Сондықтан қай кезең болса да шығарма төркінінің өмірмен ұштасып, өзінің негізгі болмысын қоғамдық шындықтан алуы — реалистік шығарманың сәтті беталысын алдын-ала белгілейтін алғы шарттардың бірі. «Менің өсиетім, — деп жазады орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевский, — фабуланы да, тартысты да ойдан шығармаңыздар. Өмірдің өзі бергенді ғана алыңыздар. Өмір біздің ойымыздан әлдеқайда бай. Ең қарапайым, ең жұпыны өмірдің бергенін ең жүйрік қиялдың өзі де бере алмайды. Өмірді құрметтеңіздер».

Немесе ұлы драматург А. Островскийдің мына бір пікірін алайық. Ол да Ф. М. Достоевский пікірін онан әрі сабақтай, жалғастыра түседі. «Жалған тартысты ойлап табу қиын, — деп жазады ол, — өйткені, жалған нәрсе қашан да жалған. Ал, ақын үшін қажеттісі — шындық. Дайын аңыздарды пайдаланған Шекспир өте бақытты. Ол өтірікті ойлап тапқан жоқ, қайта өтіріктің бойына шындықты екті. Ақынның міндеті ғажайып тартысты ойдан шығару емес, сол адам нанғысыз оқиғаны өмір заңдарымен дәлелдей білуде». Бұл айтылған пікірлердің қайсысы да шығарма шындығының төркіні өмірдің өз ағымынан туатынын қуаттайды.

³ Құдайбердиев Ш. Қалқаман—Мамыр. Семей, 1912. 1-б.

Ш. Құдайбердиевтің адам бостандығы туралы заман идеясына үн қосу қадамынан туған ғашықтық тақырыбындағы поэмалары осы махаббат деген ұлы сезімнің барлық уақыттарда бірдей, бір қалыпты, бір мөлшерде таныла, бағалана бермегенін білдіреді. Қоғамдық қатынастар мен өмір салтына, мәдениеттің әралуан дәрежеде болуына т. б. байланысты, шындығында, махаббат туралы түсініктер де үлкенді-кішілі өзгерістерге ұшырап, тың түсінік, талғамдарға ие болып, соған сәйкес өмірден де өзінше бағалар алып отырған. Мұның өзі заңды да. Адамның тіршілік харакеті, санасы өскен сайын оның жалпы өмірді, ондағы құбылыстарды, өзімен бірге басқаларды тануы, білуі, бағалауы да тереңдей түспек. Біз Ш. Құдайбердиевтің поэмаларынан осы жайды байқаймыз. Атап айтсақ, олардан біз, махаббат деген асыл сезімнің қазақ жағдайында, қазақтың екі-үш ұрпағының өмірі тұсында ру таласын қоздыра түскен қатал да қатыгез кектің құралы дәрежесінен адамдық абзал қасиетті білдіретін үлкен сезім қалпына дейін өсу жолын көреміз. ХХ ғасырдың бас кезі үшін, ұлы өзгеріс заманының қарсаңы үшін бұл махаббатты асыра бағалағандық, өмірді теріс түсінушілік емес еді, керісінше, адамдық байырғы абзал сезімге тың сипат, соны мазмұн берушілік еді.

Махаббат сезімінің әр кезде, әр ортада әртүрлі танылып, әралуан бағалар алып келгенін біз тек Ш. Құдайбердиев поэмаларынан ғана емес, әдебиеті мен мәдениеті көне кездерден дамып келе жатқан өзге елдердің өмірінен де көреміз. «Үлкен әдебиеті мен мәдениеті бар Жапонияға Толстойдың «Воскресенье» романы алғаш келгенде, — деп жазады В. Шкловский, — халық Катюша Маслованың жезөкшелігіне танданбапты. Өйткені, жезөкшелік туралы ұғым мұнда біздегідей масқара мінез-құлықты білдірмейді. Жұртты тандандырған нәрсе — Катюшаның Нехлюдовты сүйе тұрып, оған тұрмысқа шықпауы, басқа адаммен кетуі бопты. Махаббаттың осы бір жаңа қасиеті бүкіл елде күндей күлімдеп, мұхиттың асыл жағалауларындағы кіші-гірім ауылдарға дейін неше алуан әндер туғызыпты, ал Катюшаның есімі адамдық жаңа сезімдердің символындай ұғылып кетіпті. Тіпті сөздіктерде «Махаббат» деген сөзге түсінік бергенде де осы есім бірге аталды дегенді айтады»⁴

Бұл сияқты деректерге қарағанда, бір кезде ел бұзар, жұрт аздырар кесепаттай көрініп, керітартпа әдет-ғұрыптардың құрбаны боп кеткен Қалқаман мен Мамыр, Еңлік пен Кебек махаббатының кейінгі кезеңдерде үлкен адамдық қасиет, аса қадірлі сезім ретінде ашықтан-ашық жырлануы, қоғамдық, әлеуметтік сипат, салмақ

⁴ Шкловский В. Художественная проза: размышления и разборы. М., 1961. С. 110.

алуы тіпті де кездейсоқ жағдай емес. Мұның өзі, сайып келгенде, махаббатты тану, бағалау дәрежесінің адамның өзімен бірге өсіп, адамдық, қоғамдық маңызды құбылыс ретінде қадір-қасиетінің үнемі артып, тиісті бағасын алып келе жатқандығының айғағы боп табылады.

Сонымен Ш. Құдайбердиев поэмаларының белгілі аңыздар негізінде туу мысалын, автордың сол аңыздарды жаңа заман талабына лайық суреттеу мақсатын көрсетіп өттік. Мұның қайсысы да уақыт рухына сай көркем шығарма жасау үшін қажетті шарттар, бірақ олар әлі де шығарманың өзі емес. Шығарманың өзін жасау үшін өшкенді тірілтіп, өлгенге жан берерліктей үлкен суреткердің қолы керек. Тарихтың дерегі — жеке нәрсе. Ол қаз қалпында өзгермей көрінсе, оқушыға көп әсер ете де бермейді. Сол тарихи жеке нәрсені жинақтау, көпке ортақ үлкен көркем дүниеге айналдыру және оған тартымды, жанды сипат беру — көркемөнер ісі. Өнер табиғаты осыны талап етеді.

«Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» аңызы жұрттың бәріне белгілі. Сол көпке мәлім аңызды уақыт пен адамдардың өзара қатынасымен, өткен өмір, алдағы болашақпен, жалпы адамгершілік идеялармен тығыз байланысты түрде бейнелегенде ғана жұрт құптарлықтай көркем дүние жасауға болады. «Ақынның міндеті, — дейді данышпан Аристотель («Поэтика», IV тарау), — болған нәрсені айту емес, анық болу мүмкіндігін, болуға ықтимал мүмкіндіктері мен қажеттілігін айту... Геродоттың шығармаларын да өлеңге аударуға болады. Бірақ, бірі метрсіз (өлең өлшемі), бірі метрге түсірілген тарих боп қалар еді». Сондықтан көркем шығармаға баға бергенде, оның тарихи шындықпен арасындағы айырмасын тексеріп жатудың онша қажеттілігі жоқ. Мәселе сол көркем дүниенің көркемдік құнын, құдіретін аша, айқындай білуде. Осы әңгіменің үлкен түйіні осында.

Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмалары әдебиетімізде өмір құбылыстарын адам тағдыры арқылы ашудың, оны мұқият зерттеуге батыл бетбұрыстың алғашқы тәжірибелерінен саналады. Олардағы сюжеттік арналар бір-біріне ұқсас болғанымен, қоғамдық өмір қайшылықтарын бейнелеудегі негізгі көркемдік тәсіл ретінде тартымды да тапқыр тартылған. Қазақ қоғамын сан ғасыр бойы жегідей жеп, тежеп, өзара атыстырып, шабыстырумен келген ру таласы, ру тартысы поэмалардық негізгі арқауын белгілеп, автордың қоғамдық өмірдегі көп кесір, сан сұрапыл зорлық-зомбылықтың сырларын ашуына мүмкіндік береді, адалдық, әділдік, теңдік іздеген аяулы жандардың мойнына қыл арқан боп түскен кесапат сиқын бейнелейді.

Ру таласы, семьялар тартысы — дүние жүзі әдебиетіне неше алуан ғашықтық дастандардың, трагедиялардың тууына себепкер

болған белгілі сюжеттік желі. Зұлымдық пен махаббатты суреттегенде бірсыпыра ұлы жазушылар осы тартысты негізге алып, өз дәуірінің, өз қоғамының кескін-кейпін терең, сындарлы аша білген. Мысал үшін алысқа бармай-ақ әлемге әйгілі «Ромео—Жульетта» трагедиясындағы (В. Белинский бұл шығарманы лирикалық трагедия деп атайды) Монтекки мен Капулетти семьяларының арасындағы қарым-қатынасты және оның белгілі нәтижесін айтсақ та жеткілікті. Тағы басқа осындай ұқсас жайттар көбінесе бір жазушының екінші бір жазушыдан үйренуінен, үлгі алуынан туа бермеген. Қоғамның өсу, өрлеу жолындағы ортақ, ұқсас жағдайлардан, талас-тартыстардан туып, ақын, жазушылардың творчествосынан өзіне лайық орын алып отырған. Мысалы, Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман—Мамыр» поэмасындағы негізгі түйін—Мәжетай мен Олжай арасындағы тартыс Қалқаман—Мамыр оқиғасына немесе «Еңлік—Кебек» поэмасындағы Матай мен Тобықты руларының тартысы Еңлік—Кебек трагедиясына әкеледі. Бірақ, бұл жәйтті автордың Шекспир тағлымынан үйренуінен немесе соған еліктеуінен туған нәтиже деп бағалау қиын. Бұлардың арасы жер мен көктей қашық. Сондай-ақ, Шәкәрім қаншама оқымысты, білімді адам болғанмен, оның тап сол тұста алыстағы Шекспирді біле қою да ақылға онша сия бермейді.

Дүние жүзі көркем өнерінде бірін-бірі білмеген автордың да, тіпті әдебиеттердің де арасында ұқсас жайттар өте көп ұшырайды. Мұның басты себебі — өмірдегі кейбір ұқсастық пен ортақ жайлар болуға тиіс. Мысалы, «Одиссея» мен «Алпамыс» эпостарының арасындағы кейбір көріністердің дәлме-дәл қайталануын басқаша дәлелдеу мүмкін емес. Алпамыс сияқты, Одиссей де жау қолынан босанып, еліне қайыршы боп келеді, алдымен шошқа бақташысымен кездеседі, ол Одиссейді танымайды. Үйіне келсе, әйелі Пенелонаға үйленбекші болып жатқан өңкей жауларының үстінен шығады, олар мұны мазақтап күледі, налып жылап отырған Пенелонаны көріп, оның мұңаю сырын сұрайды, күйеуің келер деп жұбатады, келесі күні күш, мергендік сынасу үстінде Пенелонаға үйленбекшілердің бәрін жеңіп өлтіреді. «Алпамыс» жырында да осындай көріністер бар емес пе?

Немесе мынадай бір мысал келтірейік. Қазақтың «Атың шықпаса жер өрте» деген мақалын Орта Азиядағы біздің жыл санауымыздан бұрын, IV ғасырда орын алған әйгілі оқиғадан шықты деп кім айта алады. Ұлы архитектор Харсифрон өз атын тарихта мәңгі қалдыру мақсатымен Эфес қаласында «Алтынайдай» ару құдай Артемидаға арнап «дүниедегі жеті кереметтің бірі» аталған сәулетті сарай салғанда, арада жүз жыл өтпей-ақ Герострот деген адам да өз атының мәңгілігін ойлап осы сарайды өртеген ғой. Сөйтп, оның аты да тарихта Харсифронмен бірге қалды. Ал, осыған

қарап, қазақ мақалының бұл оқиғаға пәлендей қатысы бар деп айтпақ түгіл, ойлаудың өзі үлкен қате сияқты. Феодализмнің алғашқы сатысында, — деп жазады академик Н. И. Конрад, — әртүрлі халықтардың мәдениеті мен қоғамдық өмірінде тек мазмұн жағынан ғана емес, тіпті түрі жағынан да бір-біріне ортақ жағдайлар болады. Сондықтан әдебиетте мұндай ұқсастықтардың көп кездесуіне ешқандай таңдануға болмайды»⁵.

Демек, Қалқаман — Мамыр, Еңлік—Кебек трагедияларын туғызған ру таласы қазақ қоғамының шындық өмірінен туған қолтума құбылыс, белгілі әлеуметтік залал. Жас жауқазындай тіршілік дүниесіне жаңа ғана келіп, бір-біріне құмартқан бейкүнә, жарқын жастардың өміріне мейірімсіз оқ атқан Көкенай, Кеңгірбай тәрізді ру басы билер де, батырлар да дала өмірінің қанды шенгел мейірімсіз билеушілерінің бейнесін береді. Демек, поэмалардағы оқиға да, уақыт да бірігіп, қазақ өмірінің келмеске кеткен сонау ескі күндерін оқушының көз алдына бар жанды сипатымен әкеледі.

Екі поэмадан да халық қамқоршысы сияқты, адасқанға жөн сілтеп, алысқанға қол ұшын берерліктей аяулы, абзал қарттардың бейнелерін көреміз. «Қалқаман—Мамырдағы» Әнет бабаң ақынның суреттеуінде дәл осындай адам:

Әнет бабаң — арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молда, ғұламасы.
Орта жерге үлгі айтқан, әділ екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Бұл жолдарда оның әділ билігі де, асқан молдалығы да көрінбейді. Әнет заманында бүкіл елге билік айтқан әділ бидің болуы да көңілге қона қоятын шындық емес. Бірақ, мәселе бұл арада осы адамның атқарып отырған ролінде. Ол көне тарих бейнесіндегі қамқор жаң, халық өкілі, әділдік жаршысы. Сондықтан да сүйіскен жастардың игі тілектеріне бүкіл жанымен, арымен арашашы болады, қайтсе де ынтық жүректердің қосылуына көмектесуді көздейді. Бірақ, тоңмойын есер топ абзал атаның ақыл-кеңесімен есептеспейді, ақырында Қалқаманды өлімге қияды.

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,
Не қылсын көп наданға жалғыз кәрі.
Келесі көпке болып жүрмеген деп,
Бабаңның шын кейткен шықты зары,—

дейді ақын. Осы шумақта Әнеттің билеуші топқа қатынасы және автордың оларға көзқарасы айна-қатесіз танылады. Ақын Әнет сөзін аяққа басып, Қалқамандай қыршын жасты оққа байлап берген көп наданға қарғыс айтады.

⁵ Конрад Н. И. Запад и восток. М., 1966. С. 335.

«Еңлік—Кебектегі» Нысан Абыз да Әнет тәрізді жастар жағындағы, адамгершілік, елдік жағындағы жан. Бірақ, оның Әнеттен айырмасы — көріпкел, сәуегей⁶. Бұл жағынан алғанда ол ертедегі грек, рим, көне шығыс әдебиеттеріндегі сәуегелейлерді, қала берді қазақ арасында да шаман дінінің қалдығы ретінде аздықөпті тараған бақсы-балгерлерді еске түсіреді. Бұлардың қайсысы да діннен, діни уағыздаулардан, қайда қашсаң да, құдайдың күні бұрын жазып қойғанынан құтылмайсың деген ұғымнан туған. Қай жолмен келсе де, Нысан Абыз — Шәкәрім поэмасындағы шешуші тұлғалардың бірі. Шәкәрімге шығыстың көне классикасы да жат емес, қазақ арасындағы дін жайын да ол ешкімнен кем білмеген. Сондықтан қай тараптан алса да автор Абыз образын романтикалық жоспарда жасауға ұмтылған. Бұларға қоса, Шәкәрімнің дін туралы көзқарасын да ескермеске болмайды. Ол дінге өзінше келіп, оны адамгершілік рухында пайдалануды көздеген адам. Бұл туралы кейінірек те арнайы тоқталамыз.

Абыз бейнесін ақын былайша асқақ баяндайды.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырап.
Ындын қойып тындасаң, сарнағанын,
Сақтанбасаң, алғандай ақылды ұрлап.
Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.
А, дейді де, тындайды, анда-санда,
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.
Екі көзін қан басып, өңі қашып,
Сүп-сүр болып алартып көзін ашып,
Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,
Өзін-өзі тоқтатты азар басып.

Осы бір портреттің құндылығы — Абыздың кім екендігін, кәсібі не және оның мәні мен мақсатын көрсетуінде емес, сол Абызды бүкіл болмысымен, бар өнерімен, өнерінің бүкіл ерекшелігімен тұтастай оқушының көз алдына келтіру құдіретінде⁷ Шәкәрім сөз іздеп, ұйқас қуалап, мүдіріп, қайталап, ұсақтаған ақын емес, оның әр өлең жолы мазмұнға толып, кемерінен асып тұрады, әр

⁶ Нысан Абыздың бұл қасиеті Еңлік—Кебек аңыздарының және осы туралы жазылған көркем шығармалардың қайсысында да бір мөлшерде сөз болады. 1892, 1900 жылдары «Дала уалаяты газетінде» жарияланған әңгіме түріндегі «Қазақ халқының есінен кетпей жүрген сөз», «Қазақ тұрмысындағы хикая» атты хабарларда да, Мағауния вариантында да кездесетін осы бір Абыз. Тек М. Әуезовтің «Еңлік—Кебек» пьесасының соңғы вариантында ғана Абыз кейін сәуегей жаннан гөрі, үлкен философ, дана халық қамқоры дәрежесіне көтерілген. Бұл заңды да. М. Әуезов пен оған дейінгі ақын-жазушылардың арасы жермен көктей қашық дүние.

⁷ Мағаунияда Абыз портреті тым солғын, романтикалық бояуы да әрсіз, әсерсіз.

сөз өз орнында үлкен қызмет атқарып, шығарманы тек мазмұн жағынан ғана еселендіріп, нәрлендіре түседі, сөйтіп, тұтас бір суреттің жасалуына септігін тигізеді. Ақын ойды бейнелей айту арқылы тың тенеулер, соны сөз қолданыстарын жасайды. Олар қаншама жаңа болғанымен, оқушы құлағына түрпідей естілер мағынасыз, ұнамсыз түрде емес, баурап әкелетерліктей әрлі, әсерлі түрде. Мысалы, «Сақтанбасаң, алғандай ақылды ұрлап» деген өлең жолды алайық. Осындағы пікір қандай салмақты және ол қандай жарасымды, ұтымды айтылған.

Дәл осы пікірді Кебекке берілген портрет туралы да айтуға болады.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Токан да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да, жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.
Онбесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы тапалдау, кең иықты.
Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батыл, жақынға және әдепті,
Кішіні — іні, үлкенді — ағатайлап.

Бұл портреттің сом суретке толы көрікті, көркем жағын айтпағанда, оның ұлттық, халықтық ерекшелігіне назар аудармасқа болмайды. Автор психологиялық мінездеме мен портреттік сипаттаманы шебер ұштастыра, тұтастыра отырып, қазақ ұғымындағы елгезек, есті, ер жүрек жастың шебер тұлғасын жасайды. Кебек бейнесіне дейін әдебиетімізде (фольклор өз алдына мәселе) ауыз толтырып айтарлық бірде-бір кесек тұлғаның портреті жасалмады десек, асыра айтқандық емес. Адам портретін жасау, әсіресе, оны кесек жанрда ұтымды көркемдік тәсіл ретінде қолдану алғаш поэзияның күрделі саласында осы «Еңлік—Кебек» поэмасынан басталады. Шәкәрім бұған дейін жазған «Қалқаман—Мамыр» поэмасында да кейіпкерді ішкі, сыртқы мінездеу тәсілдерін жеткілікті пайдалана алмаған еді.

Ш. Құдайбердиев поэмаларының қайсысына да тән үлкен бір ерекшелік — тұрмыстық, әдет-ғұрыптық көріністердің көп те тапқыр суреттелуі. Бұл жағынан алғанда, ақынның поэмалары этнографиялық мол деректер берушілігімен қатар, қоғамдық өмірді кең қамтып, тереңірек аша түседі. Өйткені, көркемдік үшін алынған әрбір детальдің үлкен-кішісі болмайды. Орнын тауып қолданса, олардың әрқайсысы тұтас көркем дүниенің әр жерінен кетігін тауып қаланып, сүбелі көріністер жасауға көп көмегін тигізеді. Шәкәрім поэмаларындағы этнографиялық детальдар осы өреде

қызмет атқарып, ескі қазақ ауылының бүкіл тіршілік дүниесін реалистік тұрғыда бейнелеуге едәуір септігін тигізген. Мысалы, «Қалқаман—Мамырдағы» байдың еркек шора қызы Мамырдың балалық, жастық өмірі, Қалқаманмен жылқыда жүріп кездесуі, жұмбақ айтыстары, бастаңғы (үлкендер жоқта бірөнкей жастар боп тамақтану, сауық жасау) ойыны, немесе «Еңлік—Кебектегі» Кебектің салқын түсе аңға шығуы, аңның қызығымен алыстап, ат маңдайын Еңлік ауылына бір-ақ тіреуі, алған түлкісінің бірін қыз әкесіне байлауы, кейін Еңлікті алып қашқанда, осы түлкі арқылы Кебек атының әшкере болуы т. б. Міне, осы айтылған ұсақ көріністердің қайсысы да ауыл өмірінің шындығын бейнелеуге әр тарапта жәрдемін тигізетін қажет детальдар. Оларды орнымен ұтымды пайдаланудың нәтижесінде автор әрбір шығармасының басталу, өрбу, шешілу моменттеріне жанды динамикалық сипат берген, олардың сюжеттік, композициялық жинақылығын, тұтастығын, тартымдылығын қамтамасыз еткен.

Мамыр, Еңлік бейнелерінің бар күші мен құдіреті олардың бойындағы ең абзал қасиеті — махаббат сезіміне байланысты көрінеді. Өз тағдырларын сүйген жігіттерімен біржолата қосқан абзал арулар, дүние жүзі әдебиетінде бейнеленетін аяулы жарлар тәрізді, өмірдің ащысын да, тұщысын да солармен бірге көруге, әр кез бөлісуге қашан да даяр және дән риза. Қатал өмірдің қатыгез үкіміне душар болғанда да олар осы шешімінен танбайды, алған бетінен қайтпайды, қайта адамдық асыл сезімдердің құрбаны болуды тірліктің бар ләззатынан артық көреді. Сөйтіп, тәкаббар махаббаттың мәңгілік асқақ мұң-зарын именбей, илікпей шертеді. Мамыр өлер алдында:

Тілегім келді орнына арманым жоқ,
Артында Қалқаманның қалғаным жоқ.
Мені сен өлтіргенмен жасырмайсың,
Сөйткенмен жас жанымды алғаның жоқ,—

десе, Еңлік былайша тілек сұрайды:

Ей жұртым, бір-екі ауыз сөз айтайын,
Әйтеуір өлтіруің тұр ғой дайын.
«Өлерде үш тілек бар деуші» еді ғой.
Құдай үшін берсеңдер мен сұрайын.
Кебекпен мені аз ғана арыздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.

Бұл сөздерде өлімнен қорқып егілген әлсіз жанның бейнесі көрінбейді. Қайта ол өмірді қандай сүйсе, өлімді де ерлікпен қарсы алады. Өмір үшін, асыл сезім үшін жалынбай, жалбарынбай өледі.

Мұның аты шындап келгенде — өмір, мәңгілік өмір еді. Поэмада моральдық жеңіс Қалқаман мен Мамыр, Еңлік пен Кебек жағында қалады. Олар ру таласы, ру араздығы билеген жұпыны, күйкі тұрмыстан, тағы өмір салтынан әлдеқайда жоғары тұр, адамдық, абзал, асыл қасиеттерімен өздері өмір сүрген қоғамдық ортадан шырқай, биіктей түсуде.

Қалқаман мен Мамырдың, Еңлік пен Кебектің бойындағы махаббат сезімі жастық, албырттықтан немесе көрсе қызар қызылшылдықтан туған жалт беріп жанып, жалп етіп сөне қоятын арзан, аз уақыттың махаббаты емес, адамдық асыл қасиеттерді терең сезінуден туған маржандай таза, мөлдір сезім. Осы сезімнің құрбаны болады олар. Бірақ, бұл олардың қатесі емес, бақытсыздығы ғана еді. Осы бақытсыздығымен де олар әдебиетімізде мәңгі жас, мәңгі ғашық жандар боп қалды.

«Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмаларында адамгершіліктің, адамдық асыл сезімдердің, ізгі-арман тілектердің қас жауы, дала өміріне зұлымдықты ғана егуші жандар ретінде ру басылар, билер көрінеді. Нақ осы адамдар Мамырды оққа ұшырып, Қалқаманды қаптаған қалың ел алдында құрбандыққа шалуды мақсат етсе, Еңлік пен Кебектей аяулы боздақтарды ат соңына салып өлтіреді, адамдық пен ізгіліктің жолымен жүрмей, тағылық, қанішерліктің сойылын соғады, соның мерейін үстем етеді. Сөйтіп, адаммен туа бітетін асыл қасиеттерге қарсы шығып, оларды өмірден жоймақ, аластамақ болады. Еңлік пен Кебекті жау қолына ұстап беруге билік айтқан Кеңгірбай бидің үкімін ақын былайша суреттейді:

Бұл сөзі бабаң айтқан сөздің сөзі,
Өзі өлтірмей амалсыз атқызды өзі.
«Жеңілсең енді барар орының жоқ,
Көрсетпеуге шама жоқ», — деген сөзі.

Мұнда Кеңгірбайдың «амалсыздығы» туралы айтылса да, Еңлік пен Кебектің өміріне осы адамның билігі себеп болғаны ашықтан ашық көрсетіледі. Поэманың Мағауия вариантында Кеңгірбайдың зұлымдығы бұдан әлдеқайда нақты да батыл әшкереленеді.

Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый,
Айтады қыз қайнына бітім жерде,
Әуелі ұстап алып қызыңды тый...
Қылжырлықтан атандым биім «Қабан»,
Қабан түбі надан ғой, білсең надан.
Үлкен билік алдында сөйлесерміз,
Жазасы не болады бидің арам.

Мағауияның Кеңгірбай туралы осы суреттемесіне М. Әуезов:

«бұрынғы ру авторитетіне мұншалық батылдықпен өкім айтуға жеткен ақындық сана Абай мектебіндегі жас талапкерлердің ойлары, ізденулері қаншалық өріске, үлкен озықтыққа жеткенін көрсетеді»⁸, — деп баға береді. Шәкәрімнің Кеңгірбай жайындағы суреттемесі туралы да осыны айтуға болады. Бір ақынның өткір, өжет айтқан ойларын екінші бір ақынның емеурінмен, тұспалмен жеткізетіні, әсіресе, поэзияда жиі кездесетін құбылыс. Бұл — ақындық тәсілдің, өнер даралығының ісі. Ал, мәселенің мәніне, мазмұнына келсек, бұл екі ортада қарама-қарсылықты айтпағанда, елеулі айырманы да көре алмаймыз. Шәкәрім де Кеңгірбай бастаған билерге Абай мектебінің үлкен қайраткері ретінде, сол мектепке лайық озық дәстүр, игі принциптер тұрғысынан баға береді.

Ш. Құдайбердиев дінге өзінше келіп, өз бетімен түсінген, ұстаған өзіндік жолы бар ақын дедік. Бұл жолды оның лирикалық мұрасынан қалай көрсек, поэмаларынан да сондай мол күйде байқаймыз. Шындығына келгенде, Шәкәрімнің адамгершілік идеяларын діннен бөлу өте қиын. Ақын әділдікті, теңдікті, еріктілікті, талап етушілікті, ғылым-білімді жақтағанда, оларға сеніммен қарағанда өзінің діни көзқарастарын қоса-қабат жүргізіп отырды. Нағыз дін осының қайсысына да қарсы емес, жат емес, қайта етене тілеулес, сыбайлас деп таныды. Сондықтан да осы талаптарға сай келмеген дінді де, дін иелерін де аяусыз сынап, әшкерелеп, дінді адамгершілік жағынан жетілдіре, дамыта түсу үшін өмір бойы еңбек етті. Осы тұтас, өмірлік концепциясын ол поэмаларында да толық ұстанды. «Қалқаман—Мамыр» поэмасында ақын достық, жолдас-тық, махаббат туралы көзқарасын Мамыр атынан былайша мәлімдейді:

Ей, Қалқаман, тегі жоқ, құдай жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа, тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз,
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.
Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің.
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты алла,
Бұл туралы білгенім осы менің.

Мұнда ақынның құдай жалғыз, жалғыздық құдайға ғана жарасымды, ал адам болса, ол бір-бірін сүйге, бір-біріне көмектесуге тиіс деген түсінігін Мамыр аузымен айтып отырғаны ешқандай күдік туғызбайды. Демек, ақын өзге дін иелеріндей жастардың сүйіп қосылуына қарсы емес, қайта жақтас, оның есесіне көрмей-білмей құда болушылыққа, қызды теңіне бермеу сияқты әдет-ғұ-

⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы. II бөлім, I кітап. Алматы, 1961. 491-б.

рыптарға қарсы. Дінді осы соңғы жолда құрал етіп пайдаланушыларды ол дін бұзар деп атайды. Ақын махаббат, достық туралы жоғарыдағы ой-түйінін Қалқаманның сөзімен мүлде айқындай, нақтылай түседі.

Ей, Мамыр, бұл іс оңай алдамасаң,
Зорлық жоқ, өзің сүйіп таңдамасаң,
Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер,
Молдалардан есіттім әлде қашан.

Мамыр-ау мені сүйсең, кетпө жатқа.
Басы бабан, аяғы шала молда,
Бәріне анық, оқыған жамағатқа.

Демек, ақынның білетін, ұнататын діні де, молдасы да «Сүйіскен жастарды қате етпейді» (Абай), дәл сол жастар махаббатты қалай түсініп бағаласа, олар да солайша түсініп, бағалайды. Сондықтан да, ақынның ұғымынша, Қалқаман, Мамыр, Еңлік, Кебек трагедияларына «дұрыс» дін де, дін иелері де кінәлі емес, осы діннен бейхабар, немесе оны дұрыс ұстанбаған көп надан, мейірімсіз билер, ру таласы кінәлі. Сол себепті де ол:

Надан жұрттың болады діні қатты,
Қабекене тапсырмай аманатты.
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала,
Шырқырап күн батқанша жылап жатты,—

деп түйеді. «Надан жұрттың болады діні қатты», — дегені — соны сөз, кесек тұжырым. Ақын надандықтың тұрпайы доғалдығын, адал-арамды, жақсы-жаманды көбіне айырмай, бір тұрғыда тану ерекшелігін тап басып, дәл айтқан. Бірақ, бұл арада да оның дінді жақсарту талабын байқау қиын емес. Ақынның ойында жұрт надан болмай, дін жолымен жүрсе, мұндай жауыздық өмірден орын алмас еді-ау деген пікір сайрап тұр. Баланың Шеткі Ақшоқы басында ұзақ жатып қалуы туралы шумақ Мағауияда да бар.

Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты.
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,
Деседі күні бойы жылап жатты.

Бірақ, мұндағы дін туралы пікір жалпылама түрде емес, конкретті. Сондықтан да ол дін хақында айтылған үлкен ой, соны тұжырым ретінде көрінбей, Тобықтының атына айтылған жай бір сын, тіпті асып кеткенде, айып тәрізді ғана ұғынылады.

Демек, Шәкәрім Құдайбердиевтің лирикасында болсын, поэмаларында болсын, дінге көзқарасы — әркез мұқият тексеріп, зерттейтін және өз тұрқына лайық ортақ-кем жақтарын объективті

түрде көрсетіп отыруды қажет ететін күрделі, шытырман құбылыс. Бұл үшін оны жамандаудың да, жазғырудың да реті жоқ. Ақынның дінге келу жолың, мақсатың, оны түсіну, меңгеру, пайдалану өзгешеліктерін айыра танып, бағалау — зор міндет.

Тақырыбы жағынан өте ұқсас, жанрлық тегі мен көркемдік шешімі тұрғысынан да бір-біріне тым жақын екі туындының әр қайсысының өзіне тән ерекшеліктерін сөз етер болсақ, «Қалқаман—Мамыр» поэмасын тұрмыстық-реалистік шығарма деп бағалаған жөн. Мұнда поэзияның кесек туындысына тән ұтымды суреттер, тапқыр көріністер, психологиялық, пейзаждық не портреттік сипаттамалардан гөрі, тұрмыстық мәні бар ұсақ көріністер тәптіштей баяндалады. Мұның өзі поэмаға үлкен серпін, ерекше поэзиялық күш-қүдірет бермесе де, оның реалистік бітіміне еркін жарасып, шығарманы тартымды, жинақы қалыпқа келтіріп тұр.

Ал, «Еңлік—Кебек» поэмасының бітімі бұдан басқаша. Ақын бұл еңбегіне біраз ысылып, тәжірибеленіп келгендей. Мұнда поэзиялық кесек көркем туындыға лайық нәрселердің барлығы дерлік өз орнында, өз қалпында тұр. Шығарма алғашқы шумағынан соңғы тұсына дейін әлсіремей, әсерлі күйін еселей, өрби, өрістей жетеді. Поэмада реализм мен романтизм астасып, аралас келіп отырады. Шығарма төркіні реалистік негізде туса да, ақын оны романтикалық тұрғыда жыр етеді. Еңлік пен Кебек арасындағы патетикалық диалогтарда үлкен поэзияға тән өткірлік, тапқырлық бар. Махаббатты дала қызы қалай түсінеді, қалай таниды, бағалайды және қалай қорғайды, сондай-ақ осы жолдағы бар дайындығы, алған беті ше деген сан-алуан ірілі-ұсақты мәселелерге жауап табады оқушы осы монологтардан, диалогтардан.

Бұл жауап күнделікті айтылатын күйкі, жұпыны көздермен емес, үлкен сезімнен туған салмақты, салиқалы ойлар арқылы өткір, уытты тілмен жеткізілген. Сондықтан да поэмадағы Еңліктің түнде Кебекті өзі оятуы сияқты қазақ қызының арғы-бергі өмірінде болмаған өрескелдеу мінезі шығарманың романтикалық табиғатына жарастықта шығып, өз артық-кемін онша білдірмей тұр. «Еңлік—Кебектің» Мағауия вариантында бұл көрініс сәл басқаша түрде суреттеледі, Кебек Еңлікті өзі тауып жолығады. Бірақ, мәселе мұнда тұрған жоқ. Жалпы, Мағауия вариантында серпінді, үлкен, ойлы поэзия көрінбейді, шалқыған мол сезім де, сурет те жоқ дерлік. Қысқасы мұнда, оқиғаны қарадүрсін өлеңмен өз күйінде баяндау ғана бар. Сондықтан ол кесек көркем туындыдан гөрі, оқиғаның өлең түріндегі тарихына көбірек ұқсайды.

Шәкәрімнің «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмаларындағы махаббат алыстағы бір арманнан не тіршілікке ешбір қатысы жоқ қиял дүниесінен туған жоқ, өмірдің өз болмысынан туған махаббат. Сондықтан да ол қазақ қоғамының көп шындығын,

мол көрінісін қамтыды, ұзақ тарихындағы белгілі бір кезеңін бүкіл характері, өмір салтымен танытады. Ақын поэмалары жеке адамдар тағдыры арқылы қоғам өмірін көрсетуге алғаш батыл қадам жасаған, ескі мен жаңаның, өсу мен керітартпалықтың арасалмағын ойшылдықпен, суреткерлікпен бейнелеген туындылар екенін жоғарыда да айтқанбыз. Қайталарымыз да сол.

«Еңлік—Кебек», «Қалқаман—Мамыр» поэмаларының көркемдік ерекшеліктері де айрықша тоқталуды қажет етеді. Шығармалардың сюжеттік, композициялық құрылысында айта қаларлық өзгеріс байқалмайды. Реалистік шығарма жасау мақсатымен автор әрбір поэмасының сюжеттік, композициялық бітіміне қалыпты, қарапайым, өмірлік түр-сипат береді. Ал, сол өмір шындығына лайық құрылған көркем түрлерді ішкі терең мазмұнға сай бейнелеу үшін көптеген көркемдік тәсілдердің қажеттігі мәлім. Ақынның ақындық шеберлігі де, стильдік даралығы да осы тәсілдерге және олардың орнымен, лайығымен пайдаланылуына байланысты. Бұл ретте алдымен айтарымыз, Шәкәрім Құдайбердиев — философ ақын. Ол лирикасында да, поэмаларында да философиялық түйін жасауға өте шебер. Сол шеберлікті дәлелдеу үшін бірер үзінді келтірейік:

Өткен іс — ойға күңгірт, көзге танық,
Көрмесе де, білгенге бәрі қанық...

Немесе:

Өткен адам болады көзден таса,
Өшті — өлді, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп ұмытпаса.
Ақыл деген — денеге егулі дән,
Суғарылса, кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп, өніп зораймағы,
Көрген-білген нәрседен ғибрат алған.

Естіп біліп, көз көріп, ойға салмақ,
Өткен істен адамзат үлгі алмақ.
Қызықпақ, не жеккөрмек, жиіркенбек,
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.
Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,
Бұл екі істен болмайды өмір босы.
Досынды — жау, дұшпанды дос көрсетіп,
Көзді байлап нәпсінің қылған ісі.

Поэзияға тән көркемдікті сақтай, сабақтай отырып, әрбір сөзге осыншама терең мазмұн, мағына жүктеу Шәкәрімдей әрі талантты ақын, әрі ойшыл, философ адамның ғана қолынан келетін іс. Ақынның сол аз сөзге сиғызған мол мағынасын қарасөзге айналдырғанның өзінде, айтып жеткізу өте қиын. Ол қазақ сөзін

үлкен ой, салмақты түйіндер жасауға орнымен, лайығымен жұмсайды, сөйтіп, ұлы Абайдың осы саладағы игі дәстүрін онан әрі жалғастырып, жандандыра түседі. Қазақтың өлең сөзіне Абай енгізген терендік, ойлылық Шәкәрім шығармаларында өзгеше мағынасын тауып, философиялық бояуын едәуір қоюландырды.

Шәкәрім поэмаларында поэзиялық көркемдік құралдар ішінен метафора және оның ұлғайған түрі шебер қолданылады. Сәнімен, сәтімен қолданылған метафоралар шығарманың әрбір жолына жанды сипат берумен қатар, поэзиялық соны суреттер, әдемі көріністер де жасайды. Адам портреті, психологиялық мінездеме т. б. көркемдік тәсілдер, әсіресе, «Еңлік—Кебек» поэмасында шығарманың бүкіл табиғатына жарасып, авторлық идеяны дәлелдеуге, аша түсуге шебер қызмет етіп тұр. Ақын поэмаларының үнділік тұтастығына, басқаша айтқанда, эвфониялық бірлігіне де ерекше назар аударған. Поэма қандай биік үн, асқақ шабытпен басталса, өне бойына сол қарқынынан танбай, соңғы жолына дейін әлгі алғашқы тынысынан әлсіремей, әрлі, әсерлі күйін жоғалтпай, өзгертпей жетеді. Бұл ақынның, әсіресе, «Еңлік—Кебек» поэмасына тән қасиет. Поэманың күрделі жанрындағы мұндай тұтастық шалқыған дарынды, асқан ақындық күдіреті мол эпик ақынның қолынан ғана келеді. Шәкәрімнің поэмалары осыны дәлелдейді.

Шәкәрім өлеңді жолдардың ішінде белгілі бір дыбысты жиі қайталау арқылы бірнеше шумақ бойы үзілмейтін үнділік, ерекше екпін, тапқыр үйлесім жасайды. Мысалға Еңлік монологындағы мына бір жолдарды атасақ та жеткілікті:

Бүгін мұнда кез келдің құдай айдап,
Атыңды естіп жүруші ем, сырттан сайлап.
Тасыр болса, талғамай тап берер деп,
Түні бойы сынадым сізді абайлап.
Мен танысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәде Кебек батыр.

Осы екі шумақтағы он бір сөзде он үш рет «т» дыбысының үстемелене қолданылуы авторлық ойды барған сайын үдетіп, асқақ сипатта жеткізіп тұр. Мұндай шумақтар ақынның өзіндік көркемдік тәсілі ретінде жалпы поэманың көтеріңкі рухына да лайықты үндесіп, толық жарасымын табуда.

«Қалқаман—Мамыр» мен «Еңлік—Кебек» поэмаларының арасында ұқсастық, ортақ жайлар қандай көп болса, айырма мен өзгешелік те соншалықты көп. Қалқаман мен Кебек бір адам болмаса, Еңлік пен Мамыр да бір-біріне ұқсамайды, әр қайсысы өз жүректерінің қалаулысын өзінше сүйіп, өзінше қадірлейді, оны табуы да, тануы да өзгеден ерекше. Бұл заңды да. Махаббат — қы-

ры да, сыры да мол терең сезім дүниесі. Сондықтан оның әр жанда ұқсастығынан да өзгешелігі мол болуға тиіс. Ал, көркем шығармада оны даралап суреттеп, әр адамдағы өзіндік сыры мен шынын бейнелеу деген сөз асқан абыройлы да ауыр міндет. Шәкәрім сол қос ғашық жандарды қосарлай суреттей отырып, әр қайсысын өз алдына кесек тұлға дәрежесінде бейнелей алған, әр шығармасын бір-біріне ұқсамайтын, тың туынды түріне жеткізген. Бұл құптарлық, мадақтарлық іс. «Махаббат — бүкіл адамдық сезім, — дейді В. Г. Белинский, — ол әр адамда өз сипатын, өзгеше болуын табады. Ал, осы өзгешелік ақындар еңбегінде бұдан да мол болмақ»⁹

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмалары — надандық пен қараңғылық, зұлымдық пен тағылық өріс алған қара түнек замандағы қатыгез әдет-салттардың сойылын соғушы қара жүрек адамдардың қолынан жазықсыз қаза тапқан аяулы жандар туралы туындылар. Бар күнәсі өзіне тең адамды біржолата беріле сүйген, бар қылмысы сол жанға өз еркімен барған сүйіскен жүректердің өлім жазасына кесіліп, қоғамдық өмірден аластатылғаны шыншылдықпен суреттеледі поэмаларда. Осыған қарап бұл шығармаларды трагедия немесе лирикалық трагедия деуден гөрі, махаббат сезімінің мәңгілігі, ешқашан өлмейтіндігі туралы шығарма деп таныған жөн тәрізді. Поэмалардың бүкіл болмысы махаббаттың қашан да адаммен бірге жасап, мәңгі жас, мәңгі таза, мәңгі қасиетті күйінен өзгермейтінін паш етеді, махаббаттың қайғы-қасірет тартпауын, ешкімді құрбандыққа шалмауын жырлайды. Қысқасы, бұл шығармаларды өлім туралы деуден де, өмір туралы, махаббатты өмір туралы туындылар деп бағалаған абзал.

Шәкәрім Құдайбердиевтің үшінші поэмасы — «Нартайлақ — Айсұлу» біз сөз етіп өткен «Қалқаман—Мамыр» мен «Еңлік—Кебектен» біраз кейінірек жазылған¹⁰. Тақырыбы жағынан бұл екеуімен жақын болғанмен, «Нартайлақ — Айсұлу» поэмасының көркемдік сапасы мен құрылысында көптеген өзгешелік бар. Біздің оны бөле қарауымыздың себебі де осыдан.

Тегінде, Шәкәрім поэмаға арқау боларлық оқиғалардың негізі тікелей өмірден, өмірдегі болған оқиғалардан алынуы шарт деп ұғынған ақын (бұл саладағы қадамының озық мүмкіндіктерін жоғарыда көрсетіп өттік. Олар басы ашық, даусыз мәселе). Сол түсінігін, принципін ақын «Нартайлақ—Айсұлу» поэмасында да қатаң ұстанған. Бірақ, тарихи шындық негіз бар да, оның көркем шығармада өзіне лайық көркемдік кескін-келбетін, келісті сәулесін

⁹ Белинский В. Г. Собрание сочинений в трех томах. М., 1948. Т. 3. С. 255.

¹⁰ Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің айтуынша ақын бұл поэмасын 1929 жылы жазған.

табуы бар. Осы жағынан келгенде «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмаларының көп жақсы жақтарын көрсетіп, оларды автордың творчестволық табысы ретінде атап өттік. Ал, бұл бағаны «Нартайлақ—Айсұлуға» беру қиын. Оның мынадай себептері бар.

Поэманың алғашқы жолдарынан бастап ақын оқиғаның тарихын баяндайды. Әмір Темір заманында болған жайды сөз етпегін мәлімдейді. Сөйтіп, оқиғаның қалың ортасына түсіп кетеді де, ешқайда бұрыла, бұлтара алмай, шытырман талас-тартысты шығарманың аяғына дейін жүйе-жүйесімен баяндап шығады. Оқиғаның, оған қатысушы адамдардың шектен тыс көптігі автордың көркем көріністер, ірі суреттеулер, сом тұлғалар жасауына ешқандай мүмкіндік бермеген. Шығармаға өзек болған оқиғаны жай сөзбен шатастырмай қайталап шығудың өзі қиын. Әйтсе де қысқаша таныстырып өтейік.

Әмір Темір заманында Арқаны Арғын, Найман жайлайды. Арғынның Бозша деген «момындық, әділдікпен ел билеген» ұлынан туған Жәнібек ерте өліп, артында Құр, Балға, Қаранай атты үш ұлы қалады. Құрдан—Самсы, Балғадан—Айсұлу, Күнсұлу, Тай, Қаранайдан—Нартайлақ туады. Айсұлу, Күнсұлу, Тайдың шешесі өліп, Балғаның кейінгі алған тоқалынан Барғана туады. Бұл да көзі тірісінде Балқыбек байдың баласы Барлыға Айсұлуды бермек болады да, Барлы жаман деген сөзді естіген соң, сөзінен айналып, құдалықтан бас тартады. Сөйтіп жүріп өзі де, баласы Тай да өліп кетеді. Тайдан қалған Жесірді (Былқылдақ) әменгершілік жолымен Барғана алады.

Айсұлу мен Нартайлақ бір-біріне ғашық боп, жасырын ойнап күліп жүреді. Арада жарты жылдай уақыт өткенде Барғана мұны естіп қалып, Балқыбекке астыртын хабар беріп, қалың малын алып, еріксіз Айсұлуды аттандырып жібереді. Мұның алдында ол Айсұлуды Самсыға да бермек болады. Бірақ, Самсы сүйгенмен, қыз сүймеген соң, ол екеуін зорлап қоса алмайды да, Айсұлуды бұрынғы атастырған жеріне тезірек жөнелтудің жолдарын қарастырады, ақырында дегеніне жетеді. Сүйгенін алып қашуға Ақтас басына келген Нартайлақты Самсы жасырынып келіп, қылыштап, ауыр жаралайды.

Айсұлу Барлыға Нартайлақтан жүкті боп барады да, оның адуын бәйбішесі бұған тендік бермей, күнде сабайды, күйеуін де маңына жолатпайды. Бір күндерде Айсұлу босанып ұл табады, оны Томан деген жалшы кемпір кіндігін кесіп, бауырына басады. Баланы өлтіру үшін келген бәйбіше Айсұлуды басқа-көзге төпеп сабай бастағанда, Айсұлу көсеумен ұрып, бәйбішені талдырып тастайды. Кейін бұлардың тірі қоймасына көзі жеткен Айсұлу баланы Нартайлаққа жеткізуді Томан кемпірге тапсырады да, өсиетін айтып, ағаш үйдің желбауына асылып өледі. Іздеп келген Нар-

тайлақ ғашығының моласын тауып, денесін еліне апарып, арулап көмеді. Томан мен баланы еліне әкеп, Томанды шеше, баланы бала қылады. Темірдің шешімімен Нартайлақ Айсұлудың сіңлісі — Күнсұлуға үйленеді, Барғана Айсұлуды зорлап ұзатқаны үшін айып тартады, Балқыбек жағы оны өлтіргені үшін күн төлейді. Самсы айыптан бас тартып, елден қашып кетеді. Қырық қарақшы атанып, ел тонап, күн көріп жүрген жерінде Нартайлақ ұстап алып, бір бетін кеседі. Содан да «бір бет» атанып, ақырында қорлықпен өледі. Күндердің күнінде Күнсұлу да, Нартайлақ та өледі. Олардың әр қайсысының атына, ісіне, моласына сай жер аты ғана қалады. Поэма осылайша аяқталады.

Міне, осы толық емес шолудың өзі поэмада үлкен романға жүк боларлық қат-қабат оқиғалар жүйесі барын танытады. Бұлардың әр қайсысының көркем бейнесін жасамақ түгіл, өлең тілімен айтып берудің өзі аз жұмыс емес. Ақын осы айтып беру, баяндау міндетін ғана атқарған. Поэмадағы айтылмыш оқиғалардың көптігі жеке адамдардың іс-әрекетіне, қимылына сай көркем көріністер жасап, поэзиялық жағынан ұтымды ой-пікірлер білдіруге зиянын тигізген. Ондағы негізгі кейіпкерлер Нартайлақ пен Айсұлу туралы да осыны айтуға болады. Автордың айтқанына сенгеніміз болмаса, ғашық жандардың сезімдерінде жүрек тебіренерлік ерекше жылылық, үлкен толғаныс байқалмайды, терең сезім өзіне сай терең суреттеуін, уытты, өткір өрбуін таппай, қырау соққан тұз гүліндей ерте солады, сөйтіп, өзінің көркемдік дәлеліне жете алмай, орта жолда қалады.

«Еңлік—Кебек» поэмасындағы асқақ романтика, негізгі кейіпкерлердің қайталанбас тәкаббар тұлғалары, олардың қалыптағыдан тыс сөздері, тапқыр ой, ұтымды істері «Нартайлақ—Айсұлуда» атымен жоқ десек, асыра айтқандық емес. Ақын егер жоғарыдағы қат-қабат оқиғаның бір ғана көрінісін алып, соны поэзия құралдарымен бейнелесе, тартымды шығарма жасаған болар еді. Алайда, ол поэзиялық туындыға шектен тыс жүк арту арқылы оның көркемдік мәнін азайтып, әлсіретіп алған. Мұны Аристотель сөзімен айтқанда, «метрге түсірілген тарих» деуге ғана болады.

Ақынның ілгерідегі поэмаларында өріс алған кейбір ой ұшқынын «Нартайлақ—Айсұлу» поэмасынан да көреміз. Солардың ішінде айрықша назар аударарлығы — оның көзқарасындағы махаббат пен діннің қатысы туралы мәселе. Бұл мәселе ақын творчествосында ерекше орын алып, үнемі өзгеге ұқсамас өзіндік сипатымен көрінетіндіктен, оның әрбір шығармада жана бір қырымен байқалу жайын қадағалаудың ғылымдық үлкен мәні бар. Сондықтан поэмадағы бұл көріністі арнайы сөз етіп отырмыз. Бұл жөнінде айта келіп ақын:

Рас, қазақ қыз алмайды жеті атадан,
Мұны айтқан дінсіз кезде өткен адам.
Қосады немерені шарифатта,
Ақтығы Нартайлақтың осы арадан.
Айсұлу күйеуіне көнбей кеткен,
Басы бос қыз есепті сол себептен.
Еркімен ер жеткен қыз байға тиер,
Ондайға жарамайды зорлық еткен,—

дейді. Демек, оның түсінігінде бірін-бірі сүйген немере жандарды да шарифат қосады, күйеуін менсінбеген қыз шарифат жолымен қарағанда басы бос адам, оны зорлап қосуға болмайды. Шарифат оның кімді қалауына ерік береді. Сөйтіп, ақын Нартайлақ пен Айсұлу трагедиясының да бір ұшығын дін бұзар шала молдалардан көреді, адамдыққа, адамгершілікке негізделген дінге сүйенгенде мұндай қан төгіс, қайғы-қасірет болмас еді деп ұғынады, өзгені де солай иландыруға тырысады. Бұл жағынан алғанда автордың алдыңғы поэмаларындағы осы тараптағы принципті көзқарасының аталған шығармасында біраз нақтылана, айқындала түскенін көреміз.

Шәкәрім Құдайбердиевтің поэмаларына ортақ қасиеттерді сөз еткенде, алдымен олардың адам бойындағы ең қымбат, ең абзал қасиет — махаббат тақырыбына байланысты екенін айту қажет. Бірақ, бұл махаббат ақын ұзақ уақыт бойы творчестволық байланыс жасаған шығыстың классикалық әдебиетіндегі арманмен, қиялмен, мистикамен ұштасып жатқан көктегі махаббат емес, кәдімгі жұрттың көбіне тән, қоғамдық өмірдің қатпар-қатпар шындығын ашуға негізделген махаббат. Бұл жағынан алғанда махаббат ақын үшін қоғамдық тұрмысты зерттеуге, білуге батыл қадам жасаған көркемдік құралы, тәсілі ретінде жемісті қызмет еткен. Ол махаббат бостандығын дін жолымен байланыстырса да, бұл оның аса салмақты саласы ретінде көрінеді, танылады. Адамды сүюді, әділдікті, адамдықты ардақтауды өмір бойы уағыздаған ақын, сөйтіп, махаббат сияқты мәңгі жас, мәңгі жаңа тақырыпқа өзінше келіп, өзінше жырлады. Бұл үшін оны жазғыруға болмайды. Керісінше, оның сыры мен сипатын айыра танып, ұғына білу, тиісінше бағалау ғылым үшін абыройлы міндет.

«Поэма өмірді, адамдарды білуді, характерлер жасауда шығарманың драмалық қасиетінің басым болуын қажет етеді»¹¹, — дейді В. Г. Белинский. Шәкәрім Құдайбердиевтің «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек» поэмалары ұлы сыншының поэмаға қойған негізгі талаптарына лайықты жауап береді.

Ақын поэмаларының қайсысы да халқымыздың арғы-бергі тарихындағы белгілі аңыз-әнгімелердің негізінде туған. Бірақ, бұл

¹¹ Белинский В. Г. Собрание сочинений в трех томах. М., 1948. Т. 3. С. 387.

оның сәтті шығармаларында қоғамдық шындықты мол қамтып, өмір, болашақ туралы өз идеяларын нақты білдіруіне, кесек-кесек әдеби тұлғалар жасауына кедергі келтірмеген. Өмірде болған жеке оқиғаның төңірегінен алыстап, ақындық қиялдың өріне өрлегенде, ол қоғамдық шындықты, өмір ақиқатын шебер білдіретін жинақтаушы келелі ойлар, көркем бейнелер жасау биігіне сәтті көтеріледі. Ақын поэмаларына ойшылдық пен шешендік тән. Тапқыр айтылған аз сөздерден мол мағыналар орын тауып, шығарма мазмұнын тереңдетіп, күрделендіре түсіп отырады.

Әдебиетіміздің күрделі жанрына, оның ішінде поэма саласына көптеген көркемдік тәсілдер Шәкәрімнің осы шығармалары арқылы келіп, кейінгі тұста орныға, канат жая түсті. Бұл ретте, әсіресе, адам портретін жасау, психологиялық мінездемелер беру, диалог, монолог арқылы кейіпкерлерді даралау, ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлер жасау, шығарманың сюжеттік, композициялық желісін өмір шындығына лайықтап, тартымды түрде құра білу т. т. айтуға болады.

Шәкәрім шығармаларының архитектуралық біркелкі және қарапайым. Алдымен автор шығарма прологында ұстанған принципі мен оқиғаның тарихын таныстырады, кейін эпилог ретінде берген қысқаша қорытындысында өзі айтпақ болған идеяны айқындап, нақтылай түседі. Бұл байырғы, көне тәсіл өз тұсындағы оқушысының әдеби талап-талғамына толық үндесумен, жауап берумен қатар, ақынның ақындық шабытына да ешқандай салмақ салып, кедергі келтірмегенге ұқсайды.

Ақынның поэма негіздерін халық тарихындағы аңыз-әңгімеден алуын — оның «Өткен істен адамзат үлгі алмақ» деген ағартушылық идеяларымен байланысты тану қажет. Поэмалары арқылы ол оқушысына өткенді білдіру, өз тұсын таныту, болашағын аңғарту сияқты мақсаттарын жеткізуді көздеген. Бұл, басқаша айтқанда, талантты ақынның «Өмір оқулығын» жасауға өз жолы, өз бетімен келуі еді. Осы айтылғандардың түйіні Шәкәрім поэмаларының үлкен әдебиет жасау тәрізді игі тілек-мақсаттан туғанын білдіреді.

ҮШІНШІ БӨЛІМ
УАҚЫТ ЖҮГІН АРҚАЛАП...

**ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ
ТАҚЫРЫБЫ**

Көп ұлтты совет елінің мызғымас бірлігі мен алып қуатының негізгі бір себебі кең байтақ Отанымызды мекендеген алуан ұлттардың өзара достық, туысқандық қарым-қатынастарына байланысты. Лениндік ұлт саясатының тамаша салтанат құруының нәтижесінде өсіп, шындалған совет халықтарының арасындағы осы достық пен туысқандық дәстүр өмірді социалистік реализм әдісі тұрғысынан суреттейтін көп ұлтты совет әдебиетінің қай кезеңде де негізгі және игілікті тақырыптарының бірі болып келеді. Бауырлас совет халықтарының семьясындағы қазақ халқының әдебиеті жөнінде де осыны айтуға болады.

Қазақ совет әдебиеті қазіргі кезеңде өсіп, өркендеп, кемелденген іргелі әдебиеттердің қатарынан танылады. Оның қай саласын, қай жанрын алсақ та бүкіл совет әдебиеті көтеріп отырған елеулі мәселелерді өзінше толғап, өзіндік ерекшеліктері негізінде бүкіл халықтық мәдениетімізге, әдебиетімізге лайықты үлес қосып отырғанын көреміз. Қазақ совет әдебиетінің бар жанрында әр алуан сипатта, әр алуан көркемдік нақышта суреттеліп келе жатқан халықтар достығы тақырыбын бір мақаланың көлемінде толық шолып өту мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселенің әдебиетіміздегі негізгі жанрлардың бірі — проза жанрындағы жайына ғана тоқталып өтпекпіз.

Осы ретте бір ескере өтетін жағдай — халықтар достығы мәселесі қазақ әдебиетінде тек Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде ғана туған деп қарауға болмайды. Орыс және қазақ халықтарының арасындағы тарихи достықтың түпкі тамыры тым әріден келе жатқан құбылыс. Мұны елемеу де, бағаламау да тарихи шындықты бұрмалағандық болып табылады. Орыс және қазақ шаруалары революциядан бұрын талай азапты тағдырларын бірге өт-

кізді, ұлы революцияға үні де, үміті де бір, бауырлас, тілек-мүдесі әбден қабысқан халықтар дәрежесінде келеді. Ал, революциядан кейінгі кезеңдерде бұл достық шындалып өсе түсті, бүкіл халықтық зор маңызға ие болды.

Революциядан бұрынғы дәуірлердегі қазақ әдебиетінде халықтар достығы мәселесінің көтерілуін сөз еткенде, қазақ ағартушыларының творчестволық мұралары айрықша тоқталып өтуді қажет етеді. Халқымыздың мақтанышы болып саналатын Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев тәрізді патриот ұлдар байтақ қазақ елінің әр түкпірінде еңбек етіп, әр мезгілде өмір сүрсе де, негізгі бір буынды мәселенің тұсында берік топтасып, ортақ үн көтерген еді. Атап айтқанда, олар Қазақстаннан Россияға біржолата қосылу оқиғасын алғаш рет нақты танып дұрыс бағалай білген аса ірі мәдени қайраткерлер болды. Сондықтан да олар Россияның қазақ қоғамы үшін прогресшіл жақтарын халыққа кеңінен түсіндіру жолында аянбай еңбек етті, қазақ халқының жарқын келешегін орыс халқымен достасудан, орыс халқының демократиялық мәдениетін меңгеруден көрді. Сөйтіп, өз Отандастарын орыстың тілі мен білімін үйренуге шақырды. Осы негізгі идеяны насихаттау жолында олардың әрқайсысы өздерінің таланты мен дүниетанушылық дәрежесіне сәйкес мәдениеттің әр алуан саласында жемісті еңбек етті. Шоқан Уәлиханов ғылым майданында жазған аса құнды еңбектерінде орыс және қазақ халықтарының өзара ынтымақтастығын, қайшылықсыз достасу мүмкіншілігін терең дәлелдесе, Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын орыстың озық мәдениетіне тарту мақсатымен тікелей педагогтік қызметпен шұғылданды. Ыбырайдың дала тұрмысында ашқан мектептері қазақтар арасында орыстың тілі мен білімін ғана таратушы орындар болып қойған жоқ, екі халықтың достасып, жақындай түсуіне де ерекше әсерін тигізді. «Қазақ арасында орыс білімінің ықпалын дамыта түсіп, — деп жазған еді ол өзінің бір мақаласында, — бұл дарынды да ақындай әсерлі жас халыққа адамгершілігі жағынан (орыс халқына — Ә. Д.) жақындай түсудің шарасын жасау керек. Қазақ халқы таяу арада орыс мемлекетімен бүтіндей қоянқолтық араласатын болады. Бұл жақындықтан ол өзіне бақыт таба алатын болады және тек малшы болып қана қоймайды, сонымен қатар диханшы да және қазірдің өзінде өзі мақтаныш ететін Россияның қасиетті туы астындағы жақсы жауынгері де болады». Үлкен оптимистікпен, көрегендікпен, бауырмалдық сезіммен айтылған бұл тамаша тілек-пікірлер кейінгі тұста да сан рет қайталанып айтылып, әлеуметтік өмірде зор салмақ алып отырды. Ұлы гуманист ақын Абай қазақ жұртшылығын орыс мәдениетінің асыл мұраларымен таныстырды, сөйтіп, екі елдің мәдени байланысының даму процесіне тамаша үлес қосты. «Орысша оқу керек... өңір де,

ғылым да — бәрі орыста», — деп жазды ұлы Абай. Бұл идея Абай шығармаларындағы өзекті мәселелердің бірі болып қалды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде де орыс және қазақ халықтарының арасындағы достық мәселесі ағартушылық жоспарда көтерілді. Талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінен бұрынғы ағартушылардың өнер-білім, мәдениет жөніндегі ой-пікірлерін жаңа кезеңде онан әрі дамыта түсті, орыстың озық ғылымы мен мәдениетін батыл насихаттады, халқының зор болашағын сол озық өнерден көрді.

Халықтар достығы мәселесінің қазақ әдебиетінде, оның ішінде проза жанрында айрықша көрініс беріп, саяси әлеуметтік сипат алу дәрежесіне дейін көтерілуі Ұлы Октябрь революциясының тамаша жемістерінің бірінен саналады. Халықтар арасындағы достықты суреттеу тақырыбы қазақ совет жазушыларының шығармаларында әр алуан оқиғаларға байланысты әртүрлі сипатта, әр-тектес көркемдік бейнелерде көрініп келеді. Проза саласында халықтар достығы мәселесін алғаш шебер де өнімді көтере алған жазушылардың бірі Майлин Бейімбет болды. Бейімбет бұл тақырыпты кішігірім әңгіме, повестерінің төңірегінде ғана суреттеп қойған жоқ, жұртшылыққа мәлім ірі шығармаларында да кеңінен сөз етті. «Азамат Азаматыч» романында жазушы ұнамды кейіпкерлерінің бірі Алексеев арқылы орыс халқының адал ұлының бейнесін жасады. Коммунист Алексеев қазақ еңбекшілерімен ынтымақтаса отырып Қазақстанда Октябрь революциясының жеңісін баянды ету үшін бүкіл күш-жігерін жұмсайды. Оның Азамат Азаматычпен достасуы, Азаматты советтік құрылысқа жат топтардың құрбаны болудан аман сақтап, ақырында дұрыс бағытқа әкелуі — екі халықтың арасындағы үлкен достықтың бір жарқын көрінісі ретінде танылады.

Өмірге асқақ сезіммен қараған, талантты жазушы Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романы тұтасымен дерлік халықтар достығы тақырыбын жырлауға арналған шығарма десек, асыра бағалаған болмаймыз. Романның негізгі кейіпкері Рахмет Дәуірұлының байға жалшы болған жетімдік күйден, жоғарғы дәрежелі білімі бар инженер дәрежесіне дейін көтерілуі шығармада халықтар достығының нақты нәтижесі ретінде суреттеледі. Рахметтің Дәуірұлы болып аталуы да автордың осы шешімімен ұштасып жатыр. Жазушы оны жаңа дәуір туғызған өнер мен білімнің өкілі, экономика мен мәдениет жағынан қарыштай өсу заманының, халықтар достығы нығая түскен кездің перзенті есебінде суреттейді. Рахметтің өзгеге қатысында да, ой дүниесінде де, іс-әрекеттерінде де жаңа заманның лебі еседі. Ол Ленинградтың тау-кен институтында оқып жүргенде өзін туып-өскен ортасынан әлдеқайда артықша, еркін сезінеді, орыстың озық ой-пікірінің астанасы Рахметті

туған анасындай еркелетеді, терең білім береді, шын мәніндегі азамат етіп тәрбиелейді.

Рахмет пен Лизаның арасындағы достық анағұрлым терең сипатта көрінеді. Ол Лизаның бойынан орыстың адал жанды, ақ жарқын, аяулы жасының бейнесін көрсе, Лиза да Рахметтің бойынан алғыр ойлы, қайрат-жігері мол, жаңа заман адамын табады. Романда орыс, қазақ жұмысшыларының достығы да тартымды суреттер арқылы бейнеленеді. Илья мен Бейсендердің арасындағы достық революциядан бұрынғы ащы өмірдің ауыр азаптарын бірге тартып жүрген кезде қалыптасып, нығаяды. Шахтаны билеушілердің айуандық озбырлығы, тұрмыстағы жетімсіздік олардың өзара ынтымақтастығын жақындата түсумен қатар, ортақ жауға бірігіп қарсы тұруына да жағдай жасайды. Ұлы Октябрь революциясы ғана бұл жандарға бақытты өмір әкеледі. Тұтас алғанда, С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романы халықтар достығының екі дәуірдегі сипатын өзіндік реалистік тұрғыдан суреттеген қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардың қатарынан саналады.

Маркстік-лениндік идеялардың шұғыла шаша келуін және қазақ еңбекшілерін революциялық рухта тәрбиелеуін нанымды да шебер көрсете алған шығармалардың ішінде С. Мұқановтың «Ботагөз» романы айрықша орын алады. Шығармада орыс большевиктерінің қазақ даласындағы стихиялық қозғалысқа лайықты әсерін тигізіп, оны таптық күрес дәрежесіне жеткізудегі ролі тартымды суреттер арқылы баяндалады. Кузнецов пен Булатов орыс большевиктерінің таңдаулы өкілдері ретінде Асқарға тиісті, уақыт өресіне лайық көмек көрсету, революциялық бағыт сілтеу арқылы жалпы қазақ еңбекшілерінің мүддесіне сай қызмет етеді. Бұдан ұлы орыс халқының озық идеялары мен революциялық дәстүрлерінің басқа халықтарға тигізіп келген туыскандық, бауырмалдық көмегін көру қиын емес.

Кузнецов Қазақстан жерінде жүргенде де орталық Россияда жүргізген жұмыстарын жасырын жүзеге асыруға мүмкіндік табады, бұл жерді де Отаным деп сүйеді, қадірлейді, айналасына саналы да ойлы жастарды тарта, тәрбиелей түседі. Ақырында, ол Асқар, Ботагөз сияқты адамдарды тәрбиелеп, қанаттандырып күреске қосады, оларға жауымен қалай алысудың және жеңудің жолдарын үйретеді, сөйтіп, марксизм идеясын қазақ даласында шебер тарата алған адамның бейнесінде көрінеді. Асқарды Петербургтағы большевиктер ұйымымен таныстырып, үлкен істерге жұмсайтын да — осы Кузнецов. Ботагөзді партия, совет мекемелерінде тәрбиелеп, жаңа өмірді құрушылардың дәрежесіне жеткізген де сол. Ол Амантайдың жақсы жолдасы, білгір ақылшысы. Қорыта айтқанда, Кузнецов — нағыз саяси басшы, ысылған революционер, тәжірибелі ұйымдастырушы бейнесінде шыққан сәтті образ-

дардың бірі. Ол өте қарапайым мінезімен, биік адамгершілік қасиеттерімен, тамаша іскерлігімен көрінеді. Әрбір іске революциялық табандылықпен, ерлікпен, алғыр ақылмен кіріседі, бүгінгі оқиғаларды нақты бағалайды, ертеңгі күндерін дұрыс тани біледі. Оның әр кезде жеңіске жетіп отыруы да осы ерекшеліктеріне байланысты. Жазушы С. Мұқанов Кузнецов образы арқылы қазақ прозасында орыс революционерінің сәтті бейнесін жасады. Бұл образдың өзге жазушылар үшін үйренерлік те, үлгі аларлық та жақтары мол.

Хамза Есенжановтың соңғы жылдарда шыққан «Ақ Жайық» романында да орыс большевиктерінің Қазақстанда совет өкіметін орнату ісіндегі жанқиярлық істері суреттеледі. Мұнда, әсіресе, Дмитриев пен Червяковты атауға болады. Бұл екеуінің қайсысы да революция ісіне шын берілгендігімен көрінеді. Әйтсе де, бірінші кітапта бұл кейіпкерлер үлкен әрекеттің, қимылдың адамдары ретінде өз ерекшеліктерін онша таныта алмайды. Соның нәтижесінде Дмитриев пен Червяков әзірше жақсы идеялар мен игі тілек-мақсаттардың аясында ғана көрініп, революционерлерге тән үлкен істерге бара алмайды. Бұл «Ақ Жайық» романының өзге кітапта-рында өзіне лайық көркемдік шешімін тапты деуге болады.

Орыстың аса көрнекті жазушыларының бірі Алексей Толстой XIX ғасырдағы «Орыс әдебиеті Россия халықтарының ұлттық интеллигенциясының қоғамдық санасының қалыптасуына прогресшілдік ықпалын тигізді», — деген еді. М. Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдарында осы пікірдің тамаша көркемдікпен дәлелденгенін көреміз. Абайдың ұлы ақын, әйгілі гуманист дәрежесіне көтерілу жолын суреттеу барысында жазушы орыстың демократиялық бағыттағы мәдениетінің озық сипаттарын да, оның Абайға тигізген әсерін де ұтымды, әсерлі көріністер арқылы суреттеді. Олардың қайсысы да орыс және қазақ халықтарының арасындағы тарихи достықты бейнелеудің сәтті қадамдарынан саңалады. Өз дәуірінің озық ой-пікірлерімен қаруланған Михайлов романда Абайға екі түрлі Россияның барын танытады, қоғамдық көзқарастарының прогресшілдік сипатта дамуына бағыт сілтейді, Чернышевскийдің идеяларымен таныстырады. Михайлов образы оқушының көз алдына шын мәніндегі гуманист адамның бейнесін елестетеді. Ол қазақ халқының тағдыры мен келешегін көп ойлап, көп толғанады, оның алдағы күніне үлкен үміт те артады. Эпопеяның «Абай жолы» романында жазушы екі халықтың арасындағы достықтың жеке адамдардың төңірегінен асып, халықтық дәрежеге көтеріле бастағанын суреттейді. Абай мен Павловтың арасындағы достық пен тілеуестік осы үлкен көріністің бір бөлшегі ретінде ғана көрінеді. Романда қазақ жатақтары мен орыс жұмысшыларының бір-бірін ұғынысуы, тар кезеңде бір-біріне батыл көмек

беруі — екі халықтың достық қатынасының өсе түсуін суреттеудегі сәтті қадамдар болып табылады. Бұл эпизодтар тарихи тағдыр негізінде қалыптаса бастаған осы достықтың жарқын келешегінде, алып қуатын да айқын аңғарта алатын дәрежеде.

Қазақ пен орыс жұмысшыларының арасындағы достықтың революциядан бұрынғы кездегі жайын суреттеуде Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романынан да өзінің көркемдік шешімін лайықты тапқан көптеген көріністі кездестіреміз. Революционер Елизавета Сергеевнаның іс-әрекетін баяндауға арналған бөлімдерде жазушы еңбекші бұқараның тілек-мүддесі жолында табанды күреске бет алған өршіл жастың аяулы бейнесін жасайды. Елизавета қазақ жұмысшыларының тағдырын орыс жұмысшыларының тағдырынан бөліп қарамай, бір тұрғыда таныған, оларды саяси санасының өсе түсуіне жол ашқан табанды күрескер бейнесінде суреттеледі. Байжан, Бұланбай тәрізді адамдардың бойынан Елизавета жалпы қазақ халқының бойындағы қарапайымдылық пен адамгершілікті, зор күш пен жігерлілікті, ұлы орыс халқына деген адал сүйіспеншілікті көре біледі, бұл тамаша қасиеттердің үлкен келешегінде сезінеді. Романдағы Шило қарт өмір сырын өз тәжірибесі негізінде танып шыныққан адам. Оның қазақ жұмысшыларымен достық ниетте болып, олармен тығыз қарым-қатынас жасауы да, революционерлерге тілектестік білдіріп, күрес идеясына батыл ойысуы да өзінің адамдық ерекшеліктерімен шебер ұштасып жатады.

Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романы да қазақ жұмысшыларының өмірін суреттеуге арналған. Бірақ, мұнда ескі Қарағанды емес, Советтік Қарағандының алып қуатпен өркендеуі көрсетіледі. Жазушы Қарағанды тресіне Донбастан Шербаков бастап келген орыс жұмысшыларының Қарағандыны еліміздегі ірі бассейндер қатарына жеткізудегі еңбегін терең суреттейді. Шербаковтың қазақ жұмысшыларына деген сүйіспеншілігі. Мейраммен қарым-қатынасы, жұмыста алғырлығы — оның ақылы әрекетіне сай, үлкен істің адамы екендігін танытады. Ол бастаған орыс жұмысшыларының жан сүйсінерлік істері мен зор адамгершілік қасиеттерін ұтымды суреттеудің нәтижесінде жазушы Коммунистік партия мен ұлы орыс халқының Қазақстан экономикасының қарыштап дамуына тамаша қамқорлық жасаумен келгенін ұтымды дәлелдейді.

Орыс және қазақ шаруаларының арасындағы достық қатынасты суреттеуде С. Мұқановтың «Сырдария» романындағы Анатолий Кондратьевич Полевой мен Сырбайдың образдары жазушының үлкен жетістіктерінің бірінен саналады. Сырбай мен Полевой арасындағы достық өмір тағдыры негізінде қалыптасып, дамыған халықтар достығының шынайы көріністерін бейнелейді. Полевой

ұзақ жылдар бойы Сырдарияның бойында тұрған қазақтардың тілі мен әдет-ғұрыптарын ғана біліп қоймайды, сол жергілікті халықтың жақсылығын да, арманын да бөліседі. Соның нәтижесінде ол өзен алабын суландыру, канал қазу, егін даласын кеңейту тәрізді тұрғылықты елдің қажетін жанымен түсініп, өз ісіндей көреді, осы жолда бүкіл шеберлігі мен мүмкіншілігін сарп етеді. Байжан Қызылордадағы қызметке келгенде Полевой оны Гүлнардың келешек жолдасы деп қана жақсы көрмейді, су шаруашылығының білімді маманы деп те сүйеді, өз ісін дамытушы, алға апарушы деп қуанады. Полевой — еңбекте шыңдалып өскен жан, озат тәжірибенің адамы. Ол өзгенің де пікірі мен тәжірибесін лайықты түсіне және бағалай біледі. Бұл ретте оның Сырбаймен жақындығы, сырластығы шығармада екі кейіпкердің сезімі мен іс-әрекетінің орынды астасқан беттерінен саналады. Жазушы Полевойдың образдық ерекшеліктерін толық та тартымды аша түсудің нәтижесінде оны жергілікті елдің «Анатоль — сушы» деп атап кеткендігінің табиғи екендігін шебер дәлелдейді. Полевой романда тек еңбек адамы ретінде ғана емес, жақсы әке, ақылды қарт, шебер тәрбиеші ретінде де оқушының есінде қалады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халықтарының мызғымас бірлігі бұрынғыдан да нығайып, шыныға түсті. Гитлерлік фашизмді талқандауда еліміздегі халықтар достығы шешуші факторлардың бірі болды. Осы тамаша шындық қазақ жазушыларының көптеген шығармаларында кең де байыпты суреттеліп келеді. Ғ Мүсірепов «Қазақ солдатты» романында негізгі кейіпкері Қайырғали Сарталиевтің майдандас достарының неше алуан жарқын бейнелерін жасады. Бұрын бірін-бірі танымайтын жауынгерлер Владимир Толстов, Петр Ушаков, Семен Зонин, Василий Гришин, Самед Абдуллаев, Қайырғали Сарталиев майданның алдыңғы шебінде жүріп, шынайы достасады. Әр ұлттың, әртүрлі мінез-құлықтың адамдары Отанның қасиетті жерін басқыншылардан тазарту жолында туыстас үлкен семьяның озық дәстүрлері негізінде өсіп тәрбиеленгендіктерін білдіреді. Жазушы әр кейіпкерін ұлттық, дүниетанушылық ерекшеліктері жағынан даралап көрсетеді. Негізгі мәселенің суреттелуі барысында жеке образдар өздерінің биік адамгершілік қасиеттерін оқушыға еркін танытады. Олардың қайсысы да совет адамдарына тән адал патриоттық сезімін айрықша қадірлейтіндіктерімен көрінеді.

Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романындағы совет жауынгерлерінің жарқын бейнелері әдебиетімізге қосылған елеулі үлес болып табылады. Жазушы қазақ жауынгерлерімен қоян-қолтық ынтымақтасып, майдан өмірінің ащы-тұщысын адал көңілмен бірге татысқан орыс ұлдары — генерал Панфиловтың, полк штабының бастығы Купциановтың, сержант Добрушкиннің, Кусков

пен Зелениннің образдарын жасауда орыс адамдарының бейнесін көрсетудегі әдебиетіміздің озық дәстүріне айнала бастаған жақсы салтты едәуір өрістете түсті. Қазақ жауынгерлерінің немесе орыс, яки украин жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық ерлік істері соңғы он-он бес жылдың ішінде әдебиетімізде айрықша мол суреттеліп келеді. Мұның өзі кейде ақын, жазушыларымыздың көркемдік шеберліктерінің жетіспеуі салдарынан кейіпкерлердің бір-біріне ұқсас күйде шығуын да байқатып жүр. Алайда Т. Ахтановтың романындағы орыс адамдарының бейнелері мұндай кемшіліктерден аулақ. Әрине, жазушының кейбір жеке кейіпкерлерінің бірен-саран жетімсіздік жақтары болуы мүмкін. Бірақ, тұтас алғанда, автор орыс адамдарының таңдаулы өкілдерінің қимыл-әрекеттерінен жалпы орыс халқының бойындағы адалдықты, ақ жарқын мінезділікті, өзге туысқан халықтарға деген сүйіспеншілікті, жауына мейірімсіздікті, өжет ерлікті шебер көрсетеді.

Соңғы жылдарда елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі бүкіл совет халқының, оның ішінде, әсіресе, жастарымыздың алдындағы аса ірі де абройлы міндеттердің бірі болды. Коммунистік партияның әкелік қамқорлығы мен сара басшылығының нәтижесінде тыңды игеру мәселесін еліміздің патриот ұлдары мен қыздары еңбектегі жойқын ерлікпен жүзеге асырып келеді. Совет жастарының бұл алып еңбегі бүкіл Отанымызды қуанышқа бөлеп отыр. Ел өміріндегі осы үлкен оқиға жазушыларымыздың қаламынан талай соны шығармалардың тууына да жағдай жасады. Бұл ретте С. Мұқановтың, М. Иманжановтың, Т. Нұртазиннің тыңды игеру тақырыбына арнап жазған очерк, әңгімелерін атауға болады. Олардың шығармаларынан еңбек майданында табысқан бақытты жастардың берік достығы мен еңбектегі ерлігін тартымды да нанымды суреттеген көріністерді көп кездестіреміз.

Қазақ совет прозасында халықтар достығы тақырыбының суреттелу жайын сөз еткенде, осы айтылып өткен құбылыстарды байқауға болады. Олардың қайсысы да елімізде айрықша салтанат етіп отырған ұлы достықтың бірде ірі, бірде кіші белгілерін бейнелеу арқылы негізгі бір арнаға келіп тоғысып, бірін-бірі толықтыра түседі. Ол арна халықтар достығының күннен-күнге, жылдан-жылға нығая, дами түсу арнасы болып табылады.

Лениндік ұлт саясатының нәтижесінде туып, үнемі нығая түсумен келе жатқан совет халықтарының бұл ұлы достығы қазақ жазушыларының алдағы уақыттарда да зор шабытпен суреттеуге тиіс түбірлі тақырыптарының бірі болып табылады. Бүгінгі өскелең өміріміздің даму қарқынынан туып отырған бұл абыройлы талапқа жазушыларымыздың лайықты іспен жауап бере алатыны сөзсіз.

1962.

ШЫНДЫҚ ШЕЖІРЕСІ

Роман деп те, тарих деп те, зерттеу деп те кесіп айту қиын осы бір кітапты тұтас оқып шыққанында одан романға тән қат-қабат терең суреттеулер мен неше алуан адамдар тағдырын, тарихқа тән ақиқат шындық оқиғаларды, зерттеуге тән үлкен байыптылық пен әділдікті көріп таң қаласың, таңырқайсың, әдебиетіміздің сонау таң сәрісінде осындай сан қасиеттерді бойына жинаған кесек туындының туғанына қайран қаласың, қуанасың. Сөйтіп, қайта-қайта оқисың, ақынмен бірге өзің де сол күрес күндерінің, жана мен ескінің, өлім мен өмірдің шайқасында, жан алысып, жан беріскен алыс-арпалыстарында жүргендей боласың, өшпес, ұмытылмас күндердің күрес күйлері құлағына келеді, күресшіл ерлердің, азамат ұлдарының не үшін, кім үшін күресіп, неліктен жан қиғанын жүрегіңмен түсініп, жаныңмен ұғынғандай боласың. Міне, бұл кітап революционер ақын, жазушы, драматург Сәкен Сейфуллиннің әйгілі «Тар жол, тайғақ кешу» романы еді.

«Тар жол, тайғақ кешу» романы Ұлы Октябрьдің перзенті боп саналатын қазақ совет әдебиетінің алғашқы кесек те көркем төлбасыларының екеуі болса, бірі. Октябрьдің таң-тамаша мәні мен маңызы, сол ұлы мақсат жолында төгілген қандар мен құрбан болған жандар, олардың ерлік істері, Октябрь әкелген ұланғайыр жаңалықтар мен өзгерістер т. т. тұңғыш рет зор көлемді, кең жоспарлы шығармалар жүзінде қазақ оқушысына осы күрделі туынды арқылы жетіп, толығымен баяндалды, өз дәрежесінде түсіндірілді десек, ешбір асыра айтқандық болмайды. «Тар жол, тайғақ кешу» романы ұлы күндерден кейін іле-шала, оның ізі суымай жазылған шын мәніндегі күрес шежіресі есепті аса бағалы, құнды еңбек. Осы жағынан алғанда, ол әдебиетімізде кейін мол өріс алған Октябрь тақырыбының, музыка тілімен айтқанда, алғашқы сәтті увертюрасы тәрізді, адам, қоғам өміріндегі ұлы өзгерістерді тұңғыш зор дауыспен паш еткен кесек туынды екені даусыз.

Октябрьден кейінгі жылдарда қазақ оқушыларының алғаш сүйіп оқып, сүйсіне қабылдаған үлкен шығармасы қайсы дегенде де алдымен «Тар жол, тайғақ кешу» ауызға түседі. Мінеки, сол сүйікті туынды арада ширек ғасырға жуық уақыт өткен соң өзінің қадірмен оқушы қауымымен тағы да табысып отыр (Сәкен Сейфуллин (Садуақас). «Тар жол, тайғақ кешу», үшінші басылуы. 1960 ж.)¹.

«Тар жол, тайғақ кешу» сияқты кесек реалистік туындының 20 жылдардың алғашқы кезеңінде жазылып, журнал беттерінде жа-

¹ Мақала бұрынырақта жазылғанмен, бүгінгі күннің рухын да дәл береді — Ред. алжасы.

рық көруі (1927 жылы жеке кітап болып басылып шықты) жалаң әдеби факт ретінде алып қарағанның өзінде аса елеулі оқиға еді. Ескі дүниеге біржолата қарғыс айтып, оның енді келмеске кеткендігін суреттеген, жаңа дүниенің алғашқы өсу, өзгеру қадамдарын баяндаған мұндай шыншыл шығарманың дүниеге келуі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендеуіне Ұлы Октябрь әкелген бостандықты, қамқорлықты іс жүзінде дәлелдейді. Жаңа мазмұнды әдебиетіміздің сан салада, алуан түрлі жанрда өріс алып, өрлей түсуіне, кесек туындылар жасауына осы тұстан бастап айқын жағдай жасалған еді. «Тар жол, тайғақ кешу» — соның бастапқы үлкен де сәтті жемістерінің бірі.

Бұл қазақ прозасындағы кесек те күрделі көркем шығарманың басы болумен қатар, әдебиетімізде бұрын көрінбеген тың сала — мемуарлық шығарма жанрының тұңғышы, алғашқы тәжірибесі еді. Өзінің осы ерекшелігіне байланысты кезінде әділ де, ағат та сын көрген «Тар жол, тайғақ кешу» әдебиет пен мәдениеттің қазіргі дәрежеде өз жанры, өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан қаралып, бағалануға тиіс. Мұның өзі оқушы жұртшылыққа бұл кітаптың бүкіл баға жетпес сырларын, озық қасиеттерін танытумен қатар, әдебиетіміздің даму процесінде алған және алдағы уақытта да алатын лайықты орнын белгілеуге нақты жәрдемін тигізеді.

«Тар жол, тайғақ кешу» — тарихи-хроникалық ерекшелігі басым мемуарлық шығарма. Бұл жағынан алғанда ол ұлы күрес күндерінің тарихына байланысты кезінде қағаз бетіне түспеген және оқиғаға қатысқан адамдардың бірсыпырасы сол жолда құрбан боп кеткен қайталанбас істер мен әрекеттер жайында теңдесі жоқ құнды деректер береді, аса бағалы қазынаның жиынтығы есепті көзге түседі. Бұл — осы кітаптың үлкен бір ерекшелігі. Екінші жағынан, жазушы мұнда өзі көрген немесе өзі шындығына көзі жеткен оқиғалардың бір жердегі даму жолын ғана емес, бүкіл Қазақстандағы, атап айтқанда, оның батысы мен шығысы, терістігі мен оңтүстігіндегі оқиғаларды түгелге жуық қамту арқылы және олардың сол кезге тән аса негізгілерін таңдап, сұрыптап алып суреттеу арқылы 1916—19 жылдар арасында жалпы қазақ қоғамына ортақ болған өмір көрінісін, үлкен шындықты оқушының көз алдына елестетеді. Демек, автор өзі қамтып отырған тарихи кезенді кең жоспарда алып, типтік жағдайларда, типтік оқиғалар негізінде суреттейді. Бұл «Тар жол, тайғақ кешудің» көркемдік құндылығын білдіретін бір үлкен ерекшелігі боп табылады.

Сондықтан «Тар жол, тайғақ кешуді» шағын мемуарлық шығарма ретінде қарастырмай, бұл терминнің толық мәніндегі еңбек есебінен тануымыз, бағалауымыз айрықша қажет. Оның арналған тақырыбы да, суреттеу ерекшелігі де, тақырыбын қамтуы да осыны талап етеді. Пролетариаттың данышпан суреткері М. Горькийдің

мемуарлық трилогиясының аса озық қасиеті — жазушының өз өмірі, өзі көргендері арқылы бүкіл қоғамдық шындықты жеткізе суреттеу ерекшелігінде еді. «Тар жол, тайғақ кешу» романының да сәтті жақтарының бірі белгілі мөлшерде мемуарлық шығармаға қойылмақ осы үлкен талапты толық жүзеге асыра алғандығында ма деп ойлаймыз.

«Тар жол, тайғақ кешу» — қазақ әдебиеті тарихында жалынды революционердің неше алуан қайталанбас бейнелерін жасаған ерлік шежіресі, елдік шежіресі. Шығарманың негізгі кейіпкері Сәкен өзінің революционер достарының нақ ортасында суреттеледі. Сәкен де, оның төңірегіндегі өзге революционерлер де халық бақыты, еңбекшілердің жарқын болашағы жолында жан-аямай күрес жолына шығады, қандай қиыншылыққа да төзеді, жеке басын құрбан етуге де илікпей, именбей барады. Шығарманы тұтас оқып шыққанда, революция жолында таңғажайып ерліктер жасаған сан алуан күрес саңлақтарының өлмес те өшпес бейнелері бүкіл адамдық ізгі қасиеттерімен көз алдына келеді, «сенің бақытың жолында қан төктім, жанымды құрбан еттім, әділетсіздікке аянбай, айбынбай қарсы тұрдым», — деп құлағыңа сыбырлап, көңіліңе сыр күйғандай болады. Бүгінгі оқушы өзінің азат та бақытты өмірімен солардың әрқайсысына өзін қарыздар адамдай сезінеді, оның аты мен ісінің алдында тағзым етуді өзінің борышындай түсінеді.

Романда бір не бірер көріністер арқылы ғана көрінетін революционерлердің өзі ұлы күрес жолына шын берілгендік қасиетімен, асыл адамдық аяулы бейнесімен оқушының жүрек түкпірінен берік орын алады. Бір ғана мысал келтірейік: «Атбасарда 1918 жылы Совдепте болып, ел арасында жасырынып жүрген фельдшер Майкөтұлын «Алаш—орда» адамдары ұстап абақтыға қамапты. Түрмеде аз ғана ұстап «Кәр қылғыш» (ақтар) әскеріне тал түсте атқызыпты. Жұрттың көзінше қанішер сұмдардың «кәр қылғыш» солдаттары атуға айдап бара жатқан Әділбектің соңынан самсап телміріп қарап тұрған жұрттың көзінше баласы жылап жүгіріпті: Әділбек баласымен қоштасуға бұрылып тұра қалыпты. Солдаттар баланы да атуға мылтықтарын кезеп тұра қалыпты... Әділбек қолын бір-ақ сілтеп жүре беріпті. Жүз адым жерге барған соң, Әділбектерді жұрттың көзінше атып, қанға бояп жусатып салыпты». Осы бір үзіндіде қаншалықты ауыр сурет бар. Бұл неткен ерлік. Неткен қайыспас патриоттық сезім.

Жауының алдында, қарсы қарап тұрған ажалдың алдында мұндай ерлікті ердің ері, елдің ері ғана жасай алады. Әділбек—соның бірі. Сондықтан да ол кім үшін, не үшін өлерін азамат ұлдарша түсініп, осы жолда илікпей өз өмірін құрбан етеді. Революционерлер өмірінің Ақмола, Омбы түрмелері мен атаман Анненков-

тың азап вагонында өткен тоғыз айы осындай аянышты сезім суреттеріне толы.

Шығармада күрес әрекеттері кеңінен баяндалатын революционер ұлдардың көрнекті өкілі ретінде — Сәкеннің бейнесіне арнай тоқталу қажет. Ол кітаптың алғашқы беттерінен-ақ жаны да, ары да таза, әділдікті жақтаушы, сүюші, еңбекші бұқараның тілектесі бейнесінде көрінеді. Жастайынан көріп өскен бейнетті өмір өр мінезді Сәкенді әділдік пен адамгершілік жолындағы күреске баулиды, адамнан, адамдық ар-ұяттан малды артық көретін қазақ байлары мен билеріне, әкімдері мен пасық молдаларына жиіркенішін күшейтеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, тасқындаған халық күші өмір сырын, әлеуметтік істерді тани білуге жетерлік қабілеті мен білімі бар Сәкенді таптық күрестің алдыңғы шебіне тартады. Ол осы кезден бастап табанды ер бейнесінде көрініп, әділетсіздікке қарсы ашынып атқа мінген қазақ жігіттеріне лайықты ақыл-кеңес береді, орынсыз қан төкпей, алып күш-жігерді тиісті орнына жұмсауды үйретеді.

Сұрапыл күрес күндерінде революционер ақын еңбекші халық үшін ең тиімді өкімет деп совет өкіметін таниды, өзге қуыршақ өкіметтердің жергілікті жерде құрылуына батыл қарсы тұрады. Совет өкіметінің таптық, әлеуметтік сыпатын қалың бұқара арасында кеңінен насихаттайды, қазақ ауылында жаңа өмірді орнатуға бар қайрат-күшін жұмсайды. Сәкен құрамына енген Ақмоладағы совет өкіметі өзінің өмір сүрген алғашқы күнінен-ақ еңбекші көпшілікке революцияның ұлы жеңістерін әкеле бастайды, қазақ әйелдерінің қолдарын теңдікке жеткізеді, бұрын тиісті еңбегін ала алмай келген кедей-жалшылардың ақы-пұлын әпереді т. б.

Аталған шығармада бастан-аяқ көрінетін негізгі өзге бір кейіпкер — еңбекші бұқара халық. Патша үкіметі мен жергілікті әкімдердің екі жақты қанауына ұшыраған қазақ кедейлерінің аянышты өмірін жазушы сәтті штрихтер арқылы шебер суреттейді. Соның нәтижесінде олардың 1916 жылы патшаға қарсы көтерілуі кітапта табиғи заңдылығымен, өзіндік эволюциясымен көрінеді. Ату мен асуды, қорлық пен зорлықты, мазақ пен басынуды көп көрген қазақ еңбекшілері 1916 жылдан бастап үстем тап пен билеушілерге күшпен қарсы тұрудан өзге жол таба алмады дейді романның идеялық түйіні. Қолчак пен Алашорда тұсында еңбекші бұқараның революция жауларына деген таптық сана-сезімі мейлінше күшейе түседі, совет өкіметінің орнауын аңсай күтеді, оған барынша жағдай жасайды. Сәкен қашып жүріп ел аралаған кездерінде еңбекші бұқараның ішінен жаны да, ары да таза, тұла бойы қайрат пен күшке толы азаматтарды көптеп кездестіреді. Мұның өзі Сәкенге рух, жігер берумен қатар, революцияның жеңісіне, совет өкіметінің орнауына қазақ даласында берік, қолайлы негіз

жасалып жатқанын танытады. Жазушы еңбекші бұқара өміріндегі осы бір аса маңызды әлеуметтік құбылысты мейлінше айқын, шебер бейнелейді.

Революцияның Қазақстандағы жауларын жеріне жеткізе әшке-релеуде, олардың түпкі кертартпалық мақсаты неде екенін көрсетуде және сол мақсатты іске асыру жолында қандай айуандық қимыл-әрекеттерге дейін баруын суреттеуде аталған шығармамен терезі тең түсер еңбек тарих саласында да, әдебиет саласында да кемде-кем-ақ болар. «Тар жол, тайғақ кешу» бұл жағынан алғанда өзі суреттеген тарихи кезенді тарихшының сол кездегі зерттеуінен де, жазушының сол тұстағы көркем туындысынан да артық танытады. «Тар жол, тайғақ кешуді» оқыған адам Алашорда мен Колчак жендеттері, сұрқиялары жөнінде мейлінше айқын, мейлінше жүйелі түсінік ала алады, олардың аз да болса үстемдік еткен дәуірі қазақ қоғамының тарихындағы ең бір ауыр да азапты кезең екенін таниды, революция жеңісінің орасан көп қиындықты ерлікпен, төзімділікпен бастан кешірудің нәтижесінде түскенін тарихи оқиғалар негізінде танып біледі. Жазушы тап жауларын, Қазақстандағы идеологиялық күресті кең жоспарда суреттейді. Революцияның жауларын шындық қалпында мейлінше күшті де қауіпті етіп көрсетеді, ал оларды келмес дүниеге біржолата шығарып салған шындалған революциялық күшті олардан да артық суреттейді. Соның нәтижесінде кең байтақ Россияның үлкен бір ауданы — Қазақстанда адамзат тарихындағы жаңа қоғамның тууы өзіндік табиғи даму жолымен — ескінің қанша таласса да жеңілуімен, жаңаның қандай қиындық кездесе де жеңіп, орныға түсуімен көрінеді. Бұл ретте шығармада революционер Сәкеннің ғана аузынан шыға алатын талай шындық көріністер, жанды картиналар аз кездеспейді. Олардың қайсысы да кітаптың дәуір шындығы, заман шындығы тұрғысынан жазылғандығын айқындай, нақтылай түседі.

«Тар жол, тайғақ кешу» ұлы оқиғалардың ізі әлі суымаған, тап жауларына қарсы күрестің әлі тоқтамаған кезінде ілі-шала жазылғаны белгілі. Мұның өзі кезінде кітаптың идеялық, актуалдық құнын ерекше арттыра түскен көріністердің бірі ретінде танылды. Автордың «сөзді шеберлеп, түзетіп, тізіп отыруға уақыт жоқ», — деген сөзін де осы ретте түсінуіміз қажет. Ол кездегі күрестің, тұтас алғанда, революцияның жеңісін баянды ету үшін, жаңа мазмұн үшін жүргізілгені мәлім. Бұл шығарманың идеялық мазмұнына көп көңіл бөлініп, түр жағынан кей ретте екінші жоспарға қалдырылу себебін осы тұрғыда бағалауымыз керек. Сондай-ақ ол кезде қазақ прозасының жаңа ғана туа бастағанын да ескермеске болмайды.

«Тар жол, тайғақ кешуде» адам сезімін, табиғат көріністерін

баяндауға байланысты тамаша суреттер аз кездеспейді. Жазушы оқиғаны өз атынан баяндай отырып, сол кезеңге тән өмір шындығын дәл көрсете алатын әралуан жәйттерді шебер суреттей де, лайықты қамти да алған. Бұлардың қайсысын да кітаптың көркемдік құнын танытатын ерекшеліктері қатарында бағалауымыз қажет. Алайда, шығармада қазақ прозасының жастығынан, жазушы тәжірибесінің әлі аздығынан туған қайталаулар да, кейде жалаң баяндаулар да жоқ емес.

Сөйтіп, бұл — уақыт сынынан мүдірмей өткен шығарма. Бұдан қырық жылдай бұрын жазылған еңбекте бірін-саран мәселенің бүгінгі тұрғыдан қарағанда сәл өзгеше баяндалуы, не теріс көрсетілуі ықтимал жағдай. Бұл заңды да. Алайда, «Тар жол, тайғақ кешудің» маңызын ондай жекелеген көріністер төмендете алмақ емес. Біздіңше, оның өшпес құндылығы мынада: «Тар жол, тайғақ кешу» — адамзаттың ғасырлар бойы аңсап келген әділдік пен теңдік заманының тууына арналған және осы жолда төгілген қан мен тер арқылы жазылған шығарма. Кітаппен жақсы таныс адам оның белгілі бір тарихи дәуірдің баға жетпес шежіресі екендігін және осы шежіренің революционер Сәкеннің жүрек қанымен жазылғанын жаза баспай танып, айрықша бағалайды. Мұның өзі «Тар жол, тайғақ кешу» — қазақ совет әдебиетінің тарихындағы күрделі оқиға ғана емес, халқымыздың азаматтық тарихындағы жарқын ескерткіштердің бірі деген сөз.

1960.

ӨРЕН ЖҮЙРІК АҚЫН

Әдебиет әлеміне Ұлы Октябрьмен бірге келіп, жаңа заманға лайық жаңа әдебиетті аяғынан тік тұрғызып, кемелдендіре түсуде орасан зор еңбек етіп, сан салалы творчестволық ерлік жасаған аса көрнекті ақындарымыздың бірі — Ілияс Жансүгіров.

Ақындық өнерге тумысынан бейім қазақ сияқты халықта «ақындыққа таласы жоқ» адамды кездестіру өте қиын. Осындай бүкіл халықтық өнер дәрежесіндегі үлкен сайыста ақынның ақыны ғана ауызға алынады, көзге түседі, жүйріктің жүйрігі ғана озып шығып, барша көптің құрметіне бөленеді. Ілияс — қазақ совет поэзиясының алғашқы жиырма жылдық тарихында осындай биік дәрежеге көтеріліп, бүкіл халықтың сүйіктісі болған ақын.

Ілияс — ақын боп туған адам. Болашақ үлкен дарынның бұл дарқан таланты оның жас кезінде-ақ айқын белгі бере бастады, құрбы-құрдастары мен замандастарына әзіл-қалжың түрінде айтқан кіші-гірім өлеңдері, айтыс машықтары, экспромт тапқартары — Ілиястың поэзиядағы алғашқы тәжірибелері, күш сынауы, алдағы

күнге дайындығы сипатты нәрселер еді. Бірақ олар кезінде қағаз бетіне түсіп, сақталмады. Ал оның ақындық талантының тез есейіп, ертерек қанат жаюына семьяда алған тәрбиесінің де пайдасы аз болған жоқ. Әкесі Жансүгірдің ауыз әдебиетіне құмарлығы, оларды көптеп жинап, ауыл адамдарына ұзақ кештер бойы айтуы мұны да қанаттандыра түсті, көркемдік поэзия туралы ой дүниесін тәрбиелеп, жетілдіре берді. Бұл айтылғандардың қайсысы да Ілиястың өз орнының поэзияда екенін ерте танып, сол жолға жастайынан-ақ тайсалмай бел шеше кірісуіне жол ашты, жағдай жасады. Ақынның алғашқы шығармаларының бірінен саналатын «Әншіге» деген өлеңдеріндегі мына бір жолдар да оның осы өнерге өзгеше құмартып, оған бүкіл жанымен, сезімімен кіріскендігінің айғағы еді.

Ой салар, ойын түртер, жыбыршытар,
Елітер, екілентер, елбіретер.
Толғантар, толғақ салар, толықсытар,
Аспанға ащы даусың шыркап, қалқып.

Жансүгіровтың ақындық талантының тез есейіп, жедел ер жетуі, мазмұн жағынан байып, құлашын кеңге жаюы Ұлы Октябрь таңынан басталады. Бұл кезге дейін бірде ауыл өмірінің көріксіз көріністерін, бірде сұрғылт өмірге байланысты рухани жүдеушілікті жеңіл-желпі жырлап келген ол 1917—18 жылдардан бастап өзінің айнымас тақырыбы мен өмір поэзиясын табады. Дала өміріне Ұлы Октябрь әкелген өзгерістер, қазақ ауылының жаңа өмірді, жаңа тұрмысты қуана қарсы алушылығы оның творчествосына тың сипат, жаңаша мазмұн береді. Ал, ақын өз тарапынан оларды жалықпай, зор шабытпен жырлайды.

Жер жүзі пролетариатының данышпан көсемі Ленин туралы, Компартия туралы Ілияс талай жалынды, нөсер жырлар туғызды. Оның осы тақырыпта жазған «Ленин өлді», «Ленин тірі», «Мавзолей», «Ортақшыл партияға» деген өлеңдері қазақ поэзиясының жиырмамыншы жылдардағы елеулі табыстары болып саналады. Ленинизмнің мәңгі салтанат құрмағын ол әр уақытта да зор жігер, үлкен күшпен жырлады. «Өмірде өлмес адам бар, ол кім? Ленин, ол басшың. Өлместей ісін қалдырған», — деді ақын.

Ілияс революциядан кейін жаңарған жаңа ауылдың жайдары өмірін айрықша қуанышты сезіммен бейнелейді. Бұл мәселе — оның творчествосындағы бай тақырыптардың бірі. Қазақ жұртының өз алдына республика болып, қалыпты елдер қатарына келуі, еңбекшілерінің адал еңбекпен айналысуы, қанаушылықтың жойылуы, надандықтың серпілуі, өнердің өрге басуы ақын шығармаларында Ұлы Октябрь революциясының қазақ даласына әкелген ұлы жеңістері ретінде суреттеледі. Сондықтан да ол «Нұрландырған

Октябрь, Қазақстан елі бұл», — деп шаттанады. Ақын ауылмен бірге, сол ауыл адамының да өскенін, өзгергенін, ірі істерге қол ұсына бастағанын көреді және оларға зор қуаныш сезімімен қарайды. «Бүгінгі дала» деген өлеңінде:

Қимешектер кітап оқып,
Малма тымақ мылтық алды.
Жалба шекпен жауға аттанды,
Жер түрлентіп, ел шаттанды,—

деп мақтаныш етеді. Бұл шумақтан ақынның бұрын мәдениеті мешеу елдің аз жылдың ішінде қабырғалы елдердің қатарына ұмтылу әрекетіне қаншалықты сезіммен қарағанын және оны өзінше көре білгенін байқау қиын емес. «Жаңа тұрмыс» деген өлеңінде Ілияс ұйымдасқан еңбекшіл ауылдың бақытқа, молшылыққа бөленген азат еңбегін, қуанышты өмірін суреттейді. Мұндай ауылды басқаларға үлгі етіп көрсетеді. Шығарманың идеялық қорытындысы «Тек көбейсін осындай, еңбекке бел буынған» еңбек ауылы деп түйіндейді.

Жаңарған ауылдан жаңа адамның көрінуі ақынды әр уақытта да рухтандырып отырады. «Тракторшыға» деген өлеңіндегі «Түйе мінген талпақ мұрным, міндің бүгін машина», — деген сөздерінен оның мал шаруашылығынан өнерге, техникаға батыл ауысып, оны меңгере бастаған қазақ жасына аса сүйіспеншілікпен қарағаны айқын байқалады. Бір сөзбен айтқанда Ілияс өзгерген ауылды да, оның өңі кірген тұрмысын да, өскен адамын да зор шабытпен жырлады, олардың өнегелі істері мен өрен келешегі туралы соны ойлар мен поэтикалық түйіндерге, сұлу көріністерге толы бағалы шығармалар жасады.

Ұлы Октябрьдің перзенті — қазақ совет әдебиетінің 20—30 жылдардағы негізгі тақырыптарының бірі — әйел теңдігі мәселесі болғаны мәлім. Мұның өзі заңды да құбылыс еді. Ғасырлар бойы езгіде, қорлықта, барымтада, сатуда болып келген қазақ әйелдерін тек совет өкіметі ғана адамдыққа, ерлермен тең праволыққа жеткізді. Сондықтан қоғам өміріндегі мұндай аса ірі оқиғаның ақын, жазушыларымызға ой салмауы, оларға әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді. Ілияс бұл тақырыпты тұжырымды, тартымды жырлаған ақындардың бірінен саналады. Ол 1921 жылы жазған «Некешілдер» деген өлеңінде бас бостандығы үшін әрекет етіп, өзін дін иелерінің зұлымдығынан сақтап қалған қазақ қызының бейнесін жасаса, 1928 жылғы «Қазақ қызы» деген шығармасында сана жағынан да, жігер жағынан да өскен, өмірді өз бетімен тани, бағалай білуге жеткен жаңа дәуірдегі қазақ қызының өзіндік тұлғасын суреттеді. Ақын осы кейіпкерінің аузына «Жаңа тұрмысты, жас жұртты жасаушының біріміз» — деген сөзді салу арқылы

оның жаңа қоғамдық өмірде алып отырған орнын шебер және ұтымды бейнелейді.

Ілияс Қазақстанда мәдениет революциясын жүзеге асыру барысында да қажырлы еңбек етті. Халық ағарту мәселесін өз кезеңінің аса негізгі мәселелерінің бірі ретінде таныды. Оның «Алдымда жойқын майдан бар, ағарту елді — майданым» — деуі сол үлкен тұжырымның, уақыт талабына лайық үн қосқандықтың нәтижесі еді. Ақын халық ағарту мәселесіне өзі белсене араласумен бірге, өзгелерді де осы іске әрдайым шақырып отырды. «Саналы жастарға» деген өлеңінде ол «Жас қанжары — жүректегі жігері, өнер, оқу — жастың қару жарағы», — деп жаңа заманның жастар алдына қойып отырған үлкен міндеттерін ұтымды көрсете алды. 1925 жылы жазылған «Оқимын» деген өлең — Ілияс творчествосындағы елеулі белестің бірінен саналады. Мұнда ақын оқудың әлеуметтік мәнін, жаңаша мазмұнын, бұрынғы «оқулардан» өзгешелігін асқан шеберлікпен бейнелейді. Өлеңнің кейіпкері де — жаңа адам. Ол оқығанда өзінің кім болатындығын айқын сезінеді. Өйткені, советтік дәуір оған осындай зор мүмкіндік береді. Сондықтан да ол «Заманыма ұл болам», «Ауылыма ай, күн болам», — деп батыл айтады. Ілиястың халық ағарту тақырыбына жазған шығармалары өзінің идеялық және көркемдік ерекшеліктерін әлі күнге сақтап келеді.

Өндіріс, техника тақырыбы оның әркез сүйіп жырлаған саласы болды. 1926 жылы Москвада жүріп жазған «Заводта» деген өлеңінде ақын орталықтағы заводтардың алып қимылдарын көріп, «Бәрінде де жан-жақты, осындай оттар толады» деп оптимистік қорытынды жасаса, көп ұзамай-ақ, 1929 жылы «Жаңа дала» деген өлеңінде «Мыс толғатып, жез туып, Қазақстанда болды аймақ», — деп кескін-кейпі мүлде өзгерген, алтын мен күмісті, көмір мен темірді, мыс пен жезді мың тонналап алып отырған индустриялы өлкені — өнерлі, өнегелі елді зор сүйіспеншілікпен мақтаныш ете жырлады. Бұрын меңіреу жатқан қазақ жерінен Турксиб темір жолының салынуы Ілиясты айрықша қуанышқа бөледі. Оның «Отарба» деген толғауы сол үлкен қуаныштың сыртқа шыққан көрінісі еді. Турксиб жолын ол:

Айдалам, арқам ауылым,
Алатау, жапан қызыл құм.
Ортаңнан өтеді отарба.
Отарбаның үнінен,
Босанар түйе жүгінен,
Тоқталар жүрген ат арба,—

деп қарсы алды. Ақын поездың келуінен қазақ еңбекшілерінің жаңа өмір қырын, жарқын болашаққа жол тартқан бағыт-бағдарын көріп қуанды.

Ілияс лирикасының бір алуаны табиғат көріністерін суреттеуге арналған. Оның «Күз», «Қыс», «Жаз», «Көктемде», «Мезгіл суреттері» деген өлеңдері тақырыбын терең бейнелеуі жағынан ақындық шеберліктің тамаша үлгісі сияқты шығармалар. Ол жылдың қай мезгілін суреттесе де, сұлу көрініс жасайды. Осы жағынан алғанда оларды Абайдың жыл мезгілдері туралы жазған әйгілі шығармаларының жалғасы ретінде тануымызға болады. Ілиястың табиғат жайындағы лирикасының бір алуаны туған өлкенің әдемі көріністерін бейнелеуге арналған. «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» өлеңдері оның өскен жерін қаншалықты сезіммен сүюшілігін танытып қана қоймайды, сол тамаша өлкенің бүкіл асыл қасиеттері мен байлығын да терең білетін ақындық байқағыштығының айғағы тәрізді.

Ақындық дүниесі соншалықты өрісті Ілияс халықаралық тақырыпта да қалам тартты. Париж коммунасы туралы («Коммуна») өлеңінде ол социализм идеясының жеңімпаздығы, біртұтастығы туралы поэзиялық үлкен қорытынды жасады. Оның 1929 жылы жазған «Гималай» атты әйгілі толғауы көркемдік күшімен де, идеялық мазмұнымен де аса бағалы шығарма. Мұнда Азия халықтарының жаппай оянуы, өз бостандықтарын жеңіп алу жолына таяу келгендігі зор шабытпен жырланып, олардың жарқын келешегіне айрықша үміт сезімі білдірілген. Ақынның бұл саладағы жырлары орыс поэзиясындағы М. А. Горький, В. Маяковский, Н. Тихонов дәстүрлері негізінде туған сәтті еңбектер болуымен қатар, әдебиетімізді тақырып жағынан молайтып, әлеуметтік ауқымын өсіріп, құлашын кеңге жая, өрбіте түсті.

Ілияс творчествосында саяси, әлеуметтік, махаббат, пейзаждық лирикамен қатар, сатиралық лирика да едәуір орын алады. Оның мұндағы негізгі кейіпкерлері — бұрынғы үстем таптың өкілдері, еңбекші бұқараның қас дұшпандары, әділдік пен адал еңбектің жаулары, мансапқорлар мен атқамінерлер. Автор ескінің етегіне жармасып, жаңалыққа барынша бөгет жасағысы келгендерді өлтіре сынайды, олардың бейшаралық, азғындық бейнелерін жасайды. Ақынның «Бейсембек болыс», «Елге шыққан... ов не айтады», «Боранбай не ойлап жүр», «Ықшылбай», «Жолсыз салық», «Белсенділерге» деген өлеңдері оның ұнамсыз образ жасаудағы өзіндік стилін айқын танытумен қатар, жиырмасыншы жылдардағы қазақ ауылының кейбір шындық көріністерін білдірген ерекше маңызы бар шығармалар болып саналады.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды біреу-ақ. Ілияс лирикалары тақырыбы жағынан аса бай, көркемдігі де өте жоғары. Ол өзінің лирикалық шығармаларымен қоғам өміріндегі бүкіл үлкенді-кішілі мәселенің қайсысына да дер уақытында үн қосып,

партия мен халықтың талап-тілектеріне сай бар талантымен қызмет етті.

Ілияс поэзиядағы аса күрделі және қиын сала — поэма жанрында да жемісті еңбек етті. Оның поэмалары тақырыбы жағынан екі үлкен арнадан құралады. Бірі — советтік өмір тақырыбы да, екіншісі — халықтың ертедегі ауыр және азапты тіршілігінің жайы. І. Жансүгіровтың советтік тақырыпта жазған поэмалары «Қәнпеске», «Мәйек», «Жаңа туған» т. б. Бұл шығармалардың қайсысында да жаңа заманның алып қуатпен алға басудағы әртүрлі істері баяндалады. «Қәнпеске» поэмасында ол бір кездегі сұрқия қанаушы — Мұқанның советтік дәуірде бүкіл келешегінің кесілгенін суреттесе, «Мәйекте» жаңарған ауылдың ұйымдасқан күші мен қуанышқа бөленген еңбегін жырлады, техникамен қаруланған, үлкен өнерге құлаш сермеген ауылды бейнелейді. «Жаңа туған» поэмасы да осы сыйпаттағы шығарма. Бұлардың қайсысы да өз кезеңінің шындық өмірін әр салада және байыпты көрсететін өзіндік маңызы бар құнды еңбектер.

Ақынның толғау түрінде жазған «Дала» поэмасында қазақ халқының өткен өмірі мен революциядан кейінгі жаңарған тұрмысы тарих куәсі — шалдың пікірлері негізінде әділ бағаланады, халыққа бақыт әкелген Октябрь мен Компартияның тарихи ролі суреттеледі. «Дала» поэмасы қазақ әдебиетінің жиырмасыншы жылдардың соңғы кезіндегі үлкен табысы болып есептеледі. Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер» тәрізді әйгілі поэмалары тұтас алғанда бір негізгі мәселені кеңінен суреттеуге арналған. Ол — қанаушылық, теңсіздік үстем болған қоғамда тамаша өнердің де, сол өнер иесі адамның да трагедиялық халге ұшырау мәселесі. Айталық, «Күй» поэмасындағы асқан қобызшы Молықбайдың зарлы өмірі, «Күйшідегі» асқан талант иесі күйші жігіттің Кенесары әулетінің қанды уысында азап шегуі халықтың музыка саласындағы тамаша өнерінің кезінде қандай дәрежеде болғанын сыршылдықпен, шыншылдықпен танытады. Туған халқын да, оның асыл мәдени мұрасын да беріле сүйген ақын өткен заманның бұл ащы шындығын үлкен күйінішпен жырлады. Аталған поэмалардың көркемдік ерекшеліктерімен қатар, эмоциялық күші де соншалықты әсерлі, тартымды.

І. Жансүгіровтың көп еңбек етіп, үлкен із қалдырған творчестволық бай саласының бірі — поэма жанрындағы аударма. Дарынды ақын өзінің төл шығармаларын жасаумен бірге, орыстың классикалық және совет әдебиетінен, сондай-ақ Батыс Еуропа әдебиетінен көптеген шығармалар аударып, қазақ оқушыларын дүние жүзі мәдениетінің бағалы қазынасымен таныстыруға жемісті еңбек етті. Атап айтқанда ол Пушкиннің әйгілі «Евгений Онегин» романынан бастап, Лермонтовтың, Некрасовтың, Горькийдің, Маяков-

скийдің, Д. Бедныйдың, В. Гюгоның аса тандаулы шығармаларын аударды. Жеке аудармаларының жетістік, кемшілігі өз алдына мәселе. Тұтас алғанда әдебиетіміздегі аударма өнерінің 20—30 жылдардағы дәрежесіне қарағанда, Ілияс аудармалары өзіндік орны мен үлкен салмағы бар бағалы еңбектер.

Ілияс әдебиет майданында жиырма жылға жуық қажымай еңбек еткен творчестволық кезеңінде бір ғана поэзия жанрында көрініп қоймай, проза және драматургия саласында да белгілі шығармалар қалдырды. Оның қаламынан туған «Жолдастар» атты романы мен «Турксиб», «Кек», «Исатай—Махамбет» пьесалары өз тұсында елеулі маңызы болған шығармалардың қатарынан саналады.

Енді Ілиястың «Құлагер» поэмасы туралы бірер сөз. Оның бұл поэмасын арнайы сөз етуіміздің өзіндік себептері бар. «Құлагер»— адам сезімін жақсы ән, тәтті күймен білдірген өнер иесінің өмірін бейнелеуде жанаша көзқарас, озық эстетикалық принцип, өзгеше ақындық мұрат тұрғысынан жазылған көлемді де көркем шығарма. Әрі әнші, әрі сері, әрі ақын өміріне, оның Құлагер атының оқиғасына байланысты жазылған шығарманы тек осылайша ғана түсініп, бағалауға тиіспіз. Өйткені, Ақанның ақындығы да, әншілігі де, серілігі де Құлагермен тікелей сабақтас. Құлагер — оның өмірінің жартысы, жарқын жағы. Сондықтан Құлагер трагедиясы — Ақан трагедиясы, әнші трагедиясы, жалпы өнер иесі трагедиясы боп табылмақ. Әдебиетіміздің тарихында осындай мән-маңызы бар кесек туындыға арнайы тоқтап, оның кейбір қадір-қасиеттерін аша өтуді мақұл көрдік.

Туғаннан мал көріп өскен қазақ баласының жылқыны білмейтіні де, оны айрықша жақсы көріп, қадірлемейтіні де жоқ. Жылқының «Ер қанаты — ат» деген асқақ абырой, сенімге ие болуы да осыдан. Әсіресе, жақсы жылқы қазақ жұртының қай кезде де аңсаған арманы мен шексіз қуанышының тууына себепші боп, оның әсемдік пен сұлулықты тануының да негізгі бір көзі, өлшемі ретінде қызмет еткен. Қазақ ұғымындағы осындай аса сүйікті, адамға жақын «ердің құны, қыздың пұлы» болып кеткен сәйгүліктердің бірі — Ақанның атақты Құлагері. Бұл туралы ел аузындағы аңыздың өзі әрбір қазақтың ой әлемінде ең сүйікті аттың өшпес бейнесін жасады. Оны, әрине, кез келген адам ойша көз алдына келтіре алса да, сыртқа сөз арқылы шығара алмауы мүмкін, тіпті солай болуға тиіс те еді. Өйткені, екінің бірі өрен жүйрік ақын немесе тілінен балы тамған шешен емес.

Ілияс «Құлагер» поэмасын жазарда өзінің алдында осындай аса жауапты сынның тұрғанын, сөз жоқ, сезінген болуға тиіс. Өйткені, өз талантының күшіне ғана сенген ақын болмаса, әр адамның

көкірегінде бұрыннан ұялаған мұдай аяулы да нәзік бейнені қайта жаңғыртуға екінің бірі бара бермесе керек.

«Құлагер» поэмасы сырт қарағанда тек Құлагер өліміне арналған шығарма сияқты көрінгенмен, тереңірек үңілсек, оның әлеуметтік мәнінің әлдеқайда әрегіректе — таптық, қоғамдық сипатта жатқанын көреміз. Құлагер оқиғасы сол терең мазмұнды ашу үшін алынған кілт ролін атқаратын тәрізді. Басқаша айтқанда, Құлагер оқиғасын поэмада түр деп танысақ, поэманың мазмұны — өткен ғасырдағы қазақ қоғамының негізгі қайшылықтарының бірі — бостандық, еркіндік аңсаған ақындық өнердің аянышты тағдыры болып табылады. Поэманың реалистік күші де, әлеуметтік өткірлігі де осы өзекті тақырыпты шебер де әсерлі жеткізумен көрінеді. Ақынның өзі де оны оқушыға былайша аңғартады:

Таба алмай тыныштықты туған елде,
Кете алмай бір жолата бөтен жерге,
Тартқанда жалғыздықтан жаны қорлық,
Төсеген талай ерлер оққа кеуде.

Осылай дей келіп, ақынның Пушкин мен Лермонтовтың тағдырларын сөз етуі, сөйтіп, Ақанға ауысуы оның тақырыпты анықтау, ашу талабына айқын меңзейді. Осылайша ол «Сұм заман өткір жанды қор ғып баққан», «Ол заман ерге — тұсау, зорға — думан» деген үлкен ой түйінін көркем образдар арқылы дәлелдеуге кіріседі. Демек, ол Ақан трагедиясы арқылы жалпы сол заманға тән ақын трагедиясын жасамақ болады. Оның «Тұсында сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған», — деуі де сол негізгі ойды дәлелдеуге мол мүмкіндік береді.

Сөйтіп, «Құлагер» поэмасы өткен заманның қоғамдық қайшылықтарын бейнелеуге арналған және сол мақсатына толық жеткен әлеуметтік мәні өте терең шығарма. Поэмадағы Ақан, Құлагер оқиғаларының баяндалу, шешілу жайларын сөз ету — Ілиястың ақындық шеберлігін тану, бағалау тұрғысындағы мәселелер болып табылады. Ал, бұл мәселелердің неғұрлым шебер суреттелгендігі автордың шығармадағы негізгі тақырыпты соғұрлым мол қарпып, көркем бейнелегендігінің көрінісі екені күмәнсіз. Басқаша айтқанда, олар ақынның шығарманың түрі мен мазмұнын бір-біріне шебер үндестіре алғандығының куәсі есепті.

Ақын трагедиясының әлеуметтік бесігі болған қазақ қауымының өмірі былайша бейнеленген:

Хан қабан — халық құлағын бұрап тұрған,
Бүйі би билеп-төстеп сұрап тұрған.
Қор қылып ақ алмасты отқа салып,
Жүз-жүз жар теңін таппай жылап тұрған...

Осы қоғамдық орта Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан өнер иесі, сері Ақанды өмірден шеттетеді. Соның нәтижесінде оның «Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ, онысы астындағы жалғыз аты» болады. Өз ырқына көнбеген Ақанды қатыгез, қатал орта бұл күйден де айырып, ақырында қаңғытып жібереді. Илиястың суреттеуінде Ақан тек сұлулықты ғана сүйші ақын емес, әрекетті қоғам қайраткері де боп көрінеді. «Жер мұңын, елдің шерін өлең қылып, Ақан да жанның бірі жаны ауырған», — дегенде автор кейіпкерінің қоғамдық өмірден ығыстырылуының негізгі себебін, оның бостандық сүйгіш, озық ойлы, асқақ адамдық тұлғасын көрсеткісі келгені сөзсіз. Сөйтіп, бұл арада да ол негізгі тақырыбын оқушының есіне сала өтеді. Поэманың соңында «Жігіттің бір күндегі Көкшетауы» — Ақанның өмір аздырған меңіреу, аянышты бейнесін көреміз. Ол өлгенше Арқаны кезіп, «Құлагер» деп аңыраумен өтеді. Оның бұл әнін қостағы жылқышы, жер-ошақ басындағы жас бала, күзеттегі қыз-келіншек, Арқадағы жел, жайлаудағы қалың ел жаттап, өз әні етіп жібереді.

Автор Ақанның осындай ауыр тағдырын егілте суреттей отырып қазақ қоғамында ертеде етек алған, феодалдық ескі салт — ас беру әдетін өткір сықақ етеді. Ол асқа жиылған адамдардың өзін суреттеу арқылы-ақ бұл жиынның сыры мен сипатын, мәні мен мақсатын сипаттайды. Ақын асқа «Әр жердің бұқалары, өгіздері, қызыл көз, саба құрсақ семіздері» келді, сондай-ақ атаққұмар, даңғойлар да аз емес — «Жерлерден жарты ай жүріп, келгендер бар, келіпті пәленше де дегізгелі», — дейді. Автордың «Жалғыз-ақ бұл жиында малшылар жоқ» деген бір ауыз сөзінің өзі астың таптық сипатын өз-өзінен аңғартқандай. «Етті тау, қымызды көл» етіп, «Екі айдай Ерейменді ет сасытқан» дала жуандарының осындай бір салтынан ұлы Абай айтқан «Еңбек жоқ, харекет жоқ», қимыл көрінеді. Автордың мақсаты да сол еңбексіздікті, жат қылықты аяусыз, жиренішті түрде көрсету болған.

Ақын осы асқа байланысты көріністерде феодалдық өмірде әдетке айналып, талай жетім-жесірлер мен жарлы-жақыбайларға зиянын тигізген рушылдық, надандық, ескіліктен туған керітартпа әдет-салтты екі жағдайда өткір әжуалайды. Олардың бірі балуандар күресіне, екіншісі ат жарысына байланысты. Ру таласы мен бәйге үшін, дәлірек айтқанда, мал үшін талас поэмада Қара балуан мен Жақып балуанның бір-бірін өлім халіне дейін жеткізеді. Қара балуанның жығылып, дене азабын тартуы өзге ешкімнің де жанын ауыртпайды, керісінше оны «ру абыройын» төккені үшін жазғырумен болады. Сондай-ақ, Жақыптың да адамдығы мен күресте жеңіп бәйге алғандығы «ру намысын» қорғағандығы боп көрінеді. Ақын бұларды «Бәйгені ас етіндей жұлқылап жүр, біреудің жіліншігін малға сатып», — деп сықақтайды. Сөйтіп, ол қа-

зақтың ескі өмір салтындағы осы бір ерсі көріністі байыпты, көркем суреттеу арқылы, бұл ойынның барысында елдің билеп-төстеушілерінің мінез-құлқына лайық қатыгез, тағылық сипатқа жету ерекшелігін шебер де нәзік сипаттайды.

Ал, ат шабыс жайына келсек, мұнда да сол асқа жиналған дала билеушілерінің ойы мен түйсігі, арманы мен тілегі өздерінің өмір салтынан онша қашық емес. Жүйрік атты да олар өзге бай, мырзалардың алдында байлығын, салтанатын асыру үшін, атақ-абыройды өз қолынан шығармас үшін, асып кетсе руының намысы үшін ұстамақ болады. Бұл жағынан алғанда поэмадағы Батыраш қазақ билеушілерінің бүкіл ерекшеліктерін өз бойына жинақтаған. Аты бәйгеден келмеу деген ол үшін өліммен тең қорлық болып саналады. Сондықтан ол бұл жолда қандай арамза істен де тартынбайды. Ақын Батыраш пен оның қара ниет істері арқылы, міне, қазақ елінің билеушілері осылар, олар дала тұрмысындағы бүкіл қызықты да, бар жақсы нәрсені де өз қолында ғана ұстағысы келеді, мұны «құдай» үкімі, «құран» сөзіндей түсінеді дейді.

Ақанның жүйрік атты тануы, бағалауы Батырашқа мүлдем қарама-қарсы сипатта. Ол Құлагердің бойынан өзінің жан рақатының сарқылмас азығын, сұлулық пен әсемдіктің көзін табады. Сондықтан да оны адамдай құрметтейді, сүйеді. Құлагер арқылы ол өзіне де, өзгеге де олжа түсіруден гөрі, сол аттың бүкіл өнерімен өз өмірін ләззаттандыра түспек. Оның негізгі мақсаты, міне, осы. Бірақ, дала тұрмысында үстем болып тұрған Батыраш түсінігі, Батыраш көзқарасы өз дегенін істемей қоймайды. Ол өз ырықна қайшы келген Ақанның нәзік ойын мазақ етеді, ақырында оны күшпен талқандайды. Батыраштарға қарсы тұру, әрине, жалғыз оның қолынан келмек емес. Ақан трагедиясының өз кезені үшін табиғи екендігін осы сияқты негізгі көзқарастар алшақтығынан да аңғарамыз.

Сөйтіп, ақын Батыраш пен Ақан бейнелері арқылы дала тұрмысындағы нәзік, сұлу құбылыстардың бірі — жүйрік аттың да теңсіздік үстем қоғамда бір-біріне қайшы екі түрлі мақсатқа қызмет еткенін асқан шеберлікпен дәлелдеген. Бұл — көп суреткерлердің көзіне іліге, тіліне орала бермейтін құбылыс. Ілияс оны Ақан аңызы негізінде ала отырып, оған элеуметтік үлкен мән береді, өмірдегі елеулі қайшылықтардың бетін ашу үшін поэзиялық ұтымды түйін ретінде пайдаланады.

Поэмадағы ат сыншысы Күренбай бір рет көрінсе де, оқушының ойында мол әсер қалдыратын бейне. Оның жүйрік ат жөніндегі бүкіл түсінігі халықтың ұзақ тәжірибесінің нәтижесі. Ол басқа да әрекеттерімен поэмада сол халықтың өкілі ретінде көрінеді. Оның Ақанның атын да, өзін де тани және қадірлей білуі, сондай-

ақ бәйгеге ат қосар кезінде оған тілектестік білдіруі де сол халық атынан көрінуінің нәтижесі.

Поэманың композициялық құрылысында айтарлықтай өзгешелік байқалмайды. Автор бастапқы шумақтарында оқушының ойына ең алдымен ел аузындағы Ақан туралы аңызды салады да, шығармасының кейінгі бөлімдерінде лирикалық шегініс арқылы «Қайыңды көлеңкелеп отырған сол қара шалдың» бастан кешірген оқиғаларына ауысады. Поэманың бұлайша басталуының өзі дәл осы арада тым орынды сияқты. Өйткені, поэманың материалы оқушыға бұрыннан азды-көпті таныс. Сондықтан оқушының ертеден құлағы қанық оқиғасын алдымен есіне түсіре отырып, кейін оның негізгі сырын баяндау өте ұтымды шыққан.

Поэмада романтикалық және лирикалық көріністер алмасып келіп отырады. Ақынның Көкшетауды, Оқжетпесті, Ерейменді, осылар арқылы жалпы қазақ даласын толғана суреттеуі дала табиғатының өзіндік бай романтикасын оқушының көз алдына әкеледі. Оның Көкшетауды суреттеуін табиғаттың осы бір әсем көрінісінің өзіне лайық пейзаждық портреті деп атауға болады. Поэманың басталуындағы:

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім,
Арқада Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім.
Жөнкенің жоғарғы ала басында өстім,
Ақ гаухар Ақтастының тасында өстім,
Аспанда ақиығы шаңқылдаған,
Күздардың құламалы астында өстім

деген тәрізді шумақтар ақынның өз елінің бай табиғатын тани, сүйе білуімен қатар, сол үлкен сезімін асқақ стильде жеткізу шеберлігін де білдіреді. Поэмадағы романтикалық сарын көбінесе табиғат құбылыстарын суреттеуге байланысты көрінеді. Шығарма сонымен қатар терең лирикалық сезімге құрылған. Бұл, әсіресе, Құлагердің бәйгеге жөнелтілуі кезінен басталады. Ақан Құлагер мен Баланы аттандырып тұрып: «Аңырап мен сендерден қалдым жалғыз, Алла өзің аман келтір екі ермекті», — дейді. Ақанның бәйге алдындағы осы бір сөзінен оның ой дүниесіндегі бүкіл қорқыныш, сүйініш, толғану, тебірену шытырмандарын әсерлі сезінесің. Поэмада көп ретте лирикалық баяндаулардың өзі трагедиялық монологтармен астасып жатады. Мысалы, Ақанның Құлагер өлімі үстінде күңіреніп жоқтауы, Құлагердің басы мен жетім ұлды артына бөктеріп алып, жолшыбай елге соқпай жапан далада сарнап зарлауы т. б. Бұл бөлімдердің қайсысы да терең сезімге құрылған.

Поэмада Ілиястың ақындық шеберлігін нақты танытатын көріністердің бірі — Құлагерге берілген сипаттама. Ол — Абайдың

әйгілі «Аттың сыны» өлеңімен үндес және соның дәстүрі негізінде туған өте көркем сурет. Ілияс бұл портретті жасау арқылы жүйрік аттың бүкіл үздік қасиеттерін білу ерекшелігімен қатар, әрбір сөзге поэзиялық күш-қуат, ерекше әрлі де әсерлі сипат береді, сөйтіп, оны өз құдіретіне шебер «көндіруі» жағынан Абайдың ақындық өнерін еске түсіреді және одан творчестволық тұрғыда үйренгенін білдіреді. Поэманың ат шабысқа арналған бөлімі өзінің көркемдік қасиеттерімен ұмытылмастай есте қалады. Қазақ өміріндегі бұл бір романтикалық құбылысты ақын өзіне лайық қайталанбас бедермен суреттейді.

Әдетте психологиялық өзгерістерді жеткізуден гөрі, көзге көрінетін затты суреттеудің әлде қайда нақты және жеңілдірек екені мәлім. Алайда, Ілияс үшін мұның бәрі бір. Мысалы, Ақан әнін ол:

Арқаның жүйрігіндей ән салады,
Өрге айдап, барып-барып жалтарады.
Гүйіліп түлкі көрген қырандайын,
Қылмыңдап қос қанатын қомданады,—

деп суреттейді. Мұнда да Ілиястың Абай сияқты «Көңілге түрлі ой салатын» өрен әншінің сирек кездесетін өнерін асқан шеберлікпен жеткізуін, соның нәтижесінде оқушының көз алдына әнші—Ақанды келтіре алушылық құдіретін көреміз. Поэманың әнді суреттеуге арналған алғашқы бөлімдерінде тамылжып құйылған, асқақтап шарықтаған нәзік, әсем әннің үні естілсе, бұл үн Құлагер өлімінен кейін кенет мұң мен зардың, қайғы мен қасіреттің зарланған үніне айналады. Бұлардың қайсысын да тебіренбей оқу мүмкін емес. Сөйтіп, ақын қай кезде де оқушысын өз ырқына көндіріп, баурап алып отырады.

Бұл айтылғандардың бәрі де Ілиястың ақындық шеберлігінің тым пәрменді, өрісті екендігін танытатын жәйттер. Поэмада автордың өзіндік сөз қолдану өнеріне байланысты да көп ерекшеліктерді байқауға болады (Мысалы, «Бір үйде бәйбішелер бауырсақтай», «Келіншек — жас жауқазын сарымсақтай», «Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай» т. б.). Олар — қазақ ұғымы үшін жатықтығымен қатар, құлаққа бір түрлі сүйкімді, жылы естілетін жаңа тенеулер, айшықты сөз кестесі.

Поэма қазақ елінің өткен қоғамдағы этнографиялық өмірінен де мол дерек береді. Бұл салада мамандардың көңіл аударатын мәселелері аз кездеспейді.

Тұтас алғанда Ілиястың «Құлагер» поэмасы — автордың ақындық қуатының бүкіл озық ерекшеліктерін өз бойынан көрсете алатын үздік шығарма. Одан ақынның өзіндік жаңашылдығын да, Абайдан және халықтың ауыз әдебиетінен үйренушілігін де нақты анықтауға болады. Бұларды арнайы зерттеу — алдағы уақыттың

міндеті. Сөйтіп, «Құлагерді» — отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясының, тіпті жалпы қазақ әдебиетінің идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да өсіп, кемелденгендігінің айғағы есепті кезендік шығарма деп бағалау артық болмайды.

Қоғамдық өмірдің ірі қайраткері, асқан дарын иесі Ілияс Жансүгіровтың творчестволық мұрасын аз сөзбен бағалағанда, ол — халқының мәңгі қадірлеп, ардақтауына, мақтаныш етуіне лайық, кесек поэзиялық мұра қалдырған ер тұлғалы нағыз азамат ақын.

1962.

АНА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Ана... Шіркін ана... Қандай қасиетті сөз. Қаншама жүрек тебіренерлік жылылық, қандай тұнғыық терең мағына бар осы бір жалғыз ауыз сөзде? Жер бетінде қанша адам болса, дүниеде бұған дейін қанша жан өтсе, солардың әрқайсысы «ана» дегенде, осы бір құдіретті сөзге әркім өзінше бір жаңа, тың мағына бергендей ғой. Әр адам бұл сөзге өзгеге ұқсамас өзіндік махаббатын, бар сезімін бере айтпай ма? Дүниедегі күштінің күштісі — ана боп, сезімдердің қайнар бұлағы, шығар көзі — ана боп сан суреткерлер суреттегенде де осы бір сөздің ескірмей, әр адамға өзінше әсерін тигізіп, әркімге өз анасындай ұғынылуы да оның осы ұлы құдіретімен байланысты болар.

Заманымыздың көрнекті сөз шебері Шыңғыс Айтматовтың «Құс жолы» повесі осы мәңгілік тақырыбына арналған. «Жақсы да жаттық жоқ» деген қазақтың бір жақсы мақалы бар. Жанға сусын беретін жақсы шығарманы, жақсы жазушыны оқушы қай елде, қай тілде болса да тауып оқиды. Әйтседе өзге тілде жазылған құнды шығарманың өз тіліне аударылуы бір сен үшін емес, бүкіл оқушы қауым үшін, жалпы мәдениет үшін аса игілікті іс. Осы тұрғыдан алғанда, Лениндік сыйлықтың лауреаты Шыңғыс Айтматовтың «Құс жолы» атты жаңа повесінің қазақ тіліне аударылу фактісі — өте ұнамды құбылыс.

Осыған орай айырықша атап өтерлік бір жай — Шыңғыс Айтматов шығармаларының орыс тілінде жарияланғаннан кейін ілешала қазақ тіліне аударылып, жарық көруі. Қателеспесек, оның негізгі көркем туындылары түгел дерлік ана тілімізге аударылып, қазақ оқушысына жеткізіліп үлгерілуде және мұның өзі көбінесе шығарманың сиясы кеуіп кетпей тұрып дереу жүзеге асырылып жүр. Осы бір жалаң фактінің өзінен біз қазақ, қырғыз әдебиеттерінің күннен күнге өсіп келе жатқан әдеби байланысымен бірге, советтік семьядағы халықтардың өзара байланысын, ынтымақтастығын бейнелейтін үлкенірек нәрсені де көргендей боламыз.

Ш. Айтматов Ұлы Отан соғысы тақырыбына арнап бірнеше әңгіме, повесть жазды. Бұлардың ішінен «Жәмила» повесі дүние жүзіндегі озық оқушы қауымның жоғары бағасын алды. Жазушы осы үлкен тақырыпқа әр кез оралып, сол бір қайғы мен қасіретке толы кезеңді әр қырынан суреттеп, совет адамдарының өлмес те өшпес ерлік бейнесін жасап келеді. Оның «Құс жолы» повесі де осы саладағы елеулі еңбектерінің бірі.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына неше алуан шығармалар арналды. Совет халқының ерлігі мен елдігін баяндайтын ұланғайыр кесек туындылар жасалды. Әйтседе бұл тақырып көркем әдебиет саласында әлі күнге дейін ескірмей, актуалды қалпын қоймай келеді. Оның әр алуан себептері де бар. Олар өз алдына мәселе. Егер көркем шығарма Ұлы Отан соғысына арнала отырып, тақырыбын тиянақты көркемдік шешіміне жеткізе алса және сол арқылы алдағы уақытта соғыстың болмауын, баланың жетім, ананың жесір қалмауын үндесе, мұндай шығарманың актуалдығы да, маңызы да екі есе арта түспек. Ш. Айтматовтың «Құс жолы» повесі дәл осындай шығарма.

«Құс жолы» повесі ең алдымен түрі жағынан назар аударады. Мұнда әдеттегі шығармалардағыдай сюжет, оқиғаның басталуы мен аяқталуы жоқ. Повесть ананың әңгімесі түрінде баяндалады. Ананы жер-анамен салыстырады. Жер-ана бүкіл тарихтың, өмірдегі шындықтың куәсі ретінде көрінеді. Ана арқылы адамдық сезім, халық өмірінің шындығы бейнеленеді.

Ш. Айтматовтың «Құс жолы» повесінде заманымыздың асқан көркем сөз шебері М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесінен творчестволық үйренгендік байқалады. М. Шолохов соғыстың бүкіл ащы зардабын, қайғысы мен қасіретін бір адамның сезімі, бастан кешіргені арқылы терең суреттеген еді. «Құс жолы» повесінде де осындай тәсіл қолданылады. Бірақ, Ш. Айтматовтың адамы да, характері де, өмір сахнасы да басқаша. Көркемдік қолданыстары да өзгеше. Ш. Айтматов М. Шолоховтың адам басындағы трагедиялық халді шындық пен терең сезім арқылы суреттеуінен өзінше, өз шеберлігі тұрғысынан үйренген.

Шығарманың бүкіл арқауы — Толғанай ана. Соғыс өмірінің бар шындығы, ауыртпалығы мен азабы осы ана арқылы, оның ісі мен әрекеті, сезімі арқылы бейнеленеді. Жасы жер ортасынан асқан аяулы ана — Толғанайдың Қасым, Майсалбек, Жайнақ атты үш ұлы жауқазындай жаңа ғана ер жетіп, азаматтық қатарға енді іліге бастағанда сұрапыл соғыс басталып, сол соғыс үшеуін де өз ауқымына тартады, үшеуінің де бірдей жас өмірін қыршындай қияды, сөйтіп ананың үш ұлға артқан үміті үзіледі, олардың әрқайсысы сонау қырғыз қыстағынан алыстағы қанды қырғын арасында жарқ етіп сөнгендей болады, соғыс өртінен қызған қанды

қайранға қапыда тамған тамшыдай сіңіп, біржолата жоқ болады. Өзіндік қатыгез, қатал заңына ғана табынған соғыс мұнымен ғана тынбай, үш ұлдың әкесі — Сұбанқұлды да майдан өміріне тартып, мерт етеді. Сөйтіп, бас-аяғы бес-алты жанды семьяның төрт азаматы бірдей майданда ерлікпен қаза тауып, Толғанай ана жалғыз келіні — Алиманмен екеуі ғана қалады.

Біз қарадүрсін прозаға айналдырып баяндаған бір семья басындағы осы бір трагедиялық жағдай шығармада ана жүрегінің қанымен жазылғандай әсер қалдырады. Оқушы ана махаббатының күші мен құдіретін сезгендей болады. Ана қатал соғыстың қатыгез зардабын өз мойнында дүркін-дүркін тарта отырып, егіледі, бірақ, біржолата езіліп кетпейді. Өмір өзінің үстем заңын жүргізеді: ананы қайғыдан аршып, дамылсыз, толассыз, тіршілік әлеміне тартады. Сөйтіп, ана өлімге өмірмен жауап беру жолына түседі, өз еңбегімен аңсаған жеңіс күнін жақындата түсуге бел шешіп кіріседі. Осындай абзал қасиеттерімен ана халық бойындағы асыл қасиеттерді бейнелейді, қаншама қиындық көргенімен өмір мен жақсылық атаулының тоқтап, сарқылып қалмайтынына көзі жетеді.

Шығарманың соңғы беттерінде тағы да астық даласында жүрген Толғанай ананы көреміз. Бірақ, мұнда ол алғашқы беттердегідей Қасымның қасында емес, Алиманның сол ауылдағы бір қойшыдан тауып алған баласы Жанболаттың жанынан көрінеді. «Көшпелі тақтай үйдің сыртында шай іштік, — дейді көпті көрген ана. — Жаңа ғана жабылған ыстық нан екен. Жанболат үлкен кісіше нан турап, «Ал, әже» деді. Бір жапырағын алып тістегенімде Қасымның қолының иісіндей, комбайншының қарамай қолының иісі шыққан нан аузымда еріп сала берді. Ия, ия, нақ сондай — керосиннің, күннің, сабанның иісі шыққан нан екен. Көз жасыммен қоса талмап жұтып жібердім. «Нан өлмейді екен ғой!» дедім ішімнен. «Өмір өлмейді екен ғой, еңбек өлмейді екен ғой!» Міне, шығарманың бүкіл философиялық түйіні ана аузымен айтылған осы бір қарапайым да уытты сөздерде жатыр. Ана қиялы жүйрік. Ол үшін ет жүрегін елжірететін Қасым еңбегімен табылған нан да, бүгінгі сүйеніші — Жанболат еңбегімен табылған нан да бірдей. Туысы жағынан өзіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Жанболатты он үш, он төрт жыл бойы бауырына басып, қасына ертіп өсірген Толғанай ана енді сол Жанболаттан Қасым ісінің мұрагерін көргендей болады, оны да аналық мейірін төге сүйеді, өз өмірінің жалғасы деп біледі. Дарқан жер де осы ана тәрізді. Кім бел шешіп еңбек етсе, жер де соған мейірімді, соған құл. Бір кезде Қасымға ашқан жомарт байлығын, енді ол Жанболаттан аяп қалып жатқан жоқ.

Өткен соғыс сүйікті Отан мен қасиетті туған жерге, қылықты

жар мен қызығы көп балаға деген махаббаттың қатал сынға түскен кезі болды. Сол сыннан именбей, асқақ өткен жандар аз емес еді. Жазушы Ш. Айтматов адамдық қасиеті сондай жоғары адамдарға әркез өз творчествосының төрінен орын беріп келеді. Оның «Жәмила» повесіндегі Жәмила мен Даниярдың махаббаты сұрапыл соғыс езіп жібере алмаған, еңбек пен өмірдің өзі тұтандырып, өршіткен тәкаббар, шыншыл махаббат еді. Адам баласының басындағы осы бір тамаша қасиетке Ш. Айтматов «Құс жолы» повесінде тағы да оралған. Ана махаббатының сыры мен сыпатын Толғанай арқылы ашқан жазушы жар махаббатының құдіретін Алиман арқылы бейнеледі. Сөйтіп, ол бұл екі әйелді повесте екі түрлі махаббаттың жаршысы ретінде алып суреттеді.

Алиман шынайы жар махаббатының адамы. Егін орағы үстінде сәл қолы босағанда гүл теріп жүріп, сүйікті жары, комбайншы Қасымға балаша жүгіріп келетін Алиманның қысқа өміріндегі ең тәтті де қымбат сөзі — «Қасым» деген сөз. Қасым майданға аттанарда тірі өлік қалпында қалған ол өмір мен адамнан ізгілік пен жақсылықты ғана күтеді, келешектен күдер үзбейді. Махаббаттың құдіретті күші оның өмірге деген ынтызарлығын арттыра түседі. Толғанай ана қарсы болмаса да, ол өзгеше өмір құруға беттемейді. Сөйтіп жүргенде ол жүкті болып, Жанболатты дүниеге әкеледі де, өзі сол сәтте көз жұмады. Мінеки, өмір жолы соншама қысқа осы бір жанның бойындағы ең асыл қасиет — шынайы жар сүйу махаббаты осындай тағдырға душар болады. Оның өмірге құштарлығының көзі де сол ең күшті сезімінде еді. Алиманның мөлдір махаббатына оқушы да қалтқысыз сенеді. Өмірінің соңғы минутында Алиман: «Қасиетіңнен айналайын, енекем-ай! Саған о дүние, бұ дүниеде ризамын. Ұлыңның алдында мен ақпын, тазамын, күнәм жоқ. Қасымның көзі тірі болса, мен осы күйге душар болар ма едік. Ай-й-й, Қасым-ай. Мен де тірі жан емеспін бе, әйелмін ғой, әйелмін...» дейді. Шынайы жүрек әмірінен туған осы бір соңғы сөздерде арылудан гөрі, адалдық пен шындық айқынырақ байқалады. Мұны Толғанай ана да жанымен түсініп, келінінің ізгі адамгершілігін қадірлейді, жар махаббатының өшпейтіндігін мадақтайды, адам бойында сондай да асыл, күшті сезімнің болатынын зор қасиет тұтып, оған табынады.

Көркем шығарманың әр жанрына әртүрлі көркемдік талап қойылса да, олардың бәріне ортақ жайттар да аз емес. Белгілі бір ойды психологиялық жеке бір суреттеме арқылы қысқа да әдемі етіп жеткізу проза үшін де аса қажет шарт. Осы тұрғыдан қарағанда «Құс жолы» повесінде бірсыпыра ұтымды көріністердің кездесетінін айта өтуіміз қажет. «Бір сағаттан кейін, — деп жазады Майсалбек майданнан анасына жазған хатында. — Мен Отаным тапсырған міндетті орындауға кетемін, қайта оралмаймын.

Жаудың бекінген жеріне барып, оны талқан етіп, өзім де жоқ боламын. Отан үшін, халық үшін, жеңіс үшін, дүниедегі бар жақсылық үшін...

Бұл менің ақырғы хатым, қолыма соңғы рет қалам алуым, ақырғы сөзім. Апа, мың бір апа десем де, сенің қадіріңді тауыса алармын ба, түсін: бұл жай ғана өле салу емес, бұл жай ғана жан қию да емес, бұл өмір үшін өлім...

Мені жоқтама, апа. Артында тұқым-теберегі қалған жоқ деме. Жер бетінде бұдан былай соғыс болмаса, жаңа туған сәбидің уілдегені — сол мен, бой жеткен қыздардың жәудіреген көздері — сол мен, бұтақта көктеген жапырақ — сол мен, далада жайқалған егін — сол мен, мұғалімдердің балаларға үйреткен бірінші «А» әрпі — сол мен, осының бәрі мен, сен де мен деп жүргейсің, апа!»

Осы бір психологиялық көрініс соншалықты көркем де ықшам және автор ойын оқушыға тұп-тура жеткізіп тұр. Соның нәтижесінде, қысқа көріністің өзінен өмірді мейлінше сүйген және сол сүйгені үшін өлімге именбей барғалы тұрған өр азаматтың тәкаббар тұлғасын көргендей боласың.

Шығармада аз көрінсе де абзал қасиеттерімен оқушының есінде қалатын біраз кейіпкерлер бар. Олар өз өмірінің бақытын адал еңбектен тапқан қарапайым, тұйық жандар: Қасым, Сұбанқұл, өнер мен білім іздеп алыста оқуда жүрген, кейін майданда да ерлік жасаған Майсалбек, сауыққой, ақ жарқын Жайнақ, тағы басқалар. Жазушы бір семья адамдарының басынан әралуан ізгі мінез-құлықтарды ұтымды көрсетіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін орынды даралай түскен. Жақсы туындының азды-көпті олқы соғып жататын жері де болмай тұрмайды. Шабытпен баяндалып келе жатқан уытты, тартымды шығарманың аракідік қарқынын баяулатып, қарадүрсін баяндауға ауысып кететін жері де жоқ емес. Бірақ, мұндай аздаған жетімсіздіктер повестің тұтас бағалылығына ешбір нұқсан келтірмейді.

«Құс жолы» повесі — Шыңғыс Айтматовтың творчестволық жана табысы.

Талантты жазушының бұл жаңа шығармасын аударып жариялап «Жұлдыз» журналы игілікті іс істеген. Мұның өзі журналдың интернационалдық бетін танытумен қатар, оқушысына да интернационалдық тәрбие беретіні сөзсіз. Аударма да біркелкі сәтті шыққан. Шығарманың аудармадағы атына байланысты аздаған дау айтуға болар еді. Түпнұсқада «Материнское поле» деп аталатын шығарманың аудармасында «Құс жолы» боп кетуі онша ұтып тұрған жоқ. Повесть жеке кітап боп шығатын болса, тақырыпты шығарманың рухына жақындатып қайтадан аударған жөн.

МАЗМҰНЫ

Байсалды зерттеуші (Ш. Қ. Сәтбаева)	3
Бірінші бөлім. ҰЛЫ АРНАЛАР	
Ленин және әдебиеттану ғылымы	7
Пушкин — мәңгілік құбылыс	16
Шевченко талантының қырлары	21
Горький тағлымы	31
Екінші бөлім. ҒАСЫРЛАР БЕЛ-БЕЛЕСІНДЕ	
XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы	43
Толғау жанры хақында	96
XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	122
Шөже Қаржаубайұлы	132
Ақмолла Мұхаммедьярұлы	148
Абайды қайталай оқығанда	162
Қуаты күшті нәрлі сөз	172
Ғұлама	180
Ұлы ағартушы	185
Қымбат мұра	195
Сұлтанмахмұт туралы сыр	210
Шәкәрімнің поэмалары	241
Үшінші бөлім. УАҚЫТ ЖҮГІН АРҚАЛАП	
Қазіргі прозадағы халықтар достығы тақырыбы	265
Шындық шежіресі	273
Өрен жүйрік ақын	278
Ана туралы аңыз	290

Сборник научных трудов

Анвар Джаксығалиевич Дербисалин

СЛОВО О ЛИТЕРАТУРЕ

Ответственный редактор член-корреспондент АН КазССР
Ш. К. Сатпаева

Алма-Ата, «Наука» Казахской ССР

*Утверждено к печати Ученым советом Института литературы
и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР*

Рецензенты: кандидаты филологических наук Б. Искаков
и Б. Абылкасымов

На казахском языке

Ғылыми еңбектерінің жинағы

Әнуар Жаксығалиұлы Дербісәлин

ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫСТАР

Жетекші редактор *Б. Асанбаев*
Көркемдеуші редакторы *В. Н. Афуксениди*
Суретшісі *В. М. Грущак*
Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*
Корректоры *С. Қаймолдина*

ИБ № 3585

Теруге 04.07.89 тапсырылды. Басылуға 29.11.89 қол қойылды. УГ09126.
Форматы 60×84¹/₁₆. Тип. қағ. № 1. Гарнитурасы әдебиеттік.
Басылымы күрделі. Шартты б. т. 17,20. Шартты бояу көлемі 17,20.
Есепке алынатын баспа табақ 17,57 (жылтыр қағазға желімделген).
Тиражы 1000. Заказы 183. Бағасы 3 с. 80 т.

Издательство «Наука» Казахской ССР
480100, Алма-Ата, ул. Пушкина, 111/113
Типография издательства «Наука» Казахской ССР
480021, Алма-Ата, ул. Шевченко, 28